

УДК 80/81

ББК 81.2

С 94

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің
тапсырысы бойынша
«Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Жауапты редактор (1968): Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор М.Балақаев

Жауапты шығарушы (2014): филология ғылымдарының докторы О.Жұбаева

Сыздықова Рәбиға

С94 Абай шығармаларының тілі. *Лексикасы мен грамматикасы: Көп-томдық шығармалар жинағы. ІРәбиға Сыздықова.* / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014.

ISBN 978-601-7317-88-1

Т. 1: – 384 бет.

ISBN 978-601-7317-89-8

Кітапта Абай шығармалары тілінің (өлеңдерінің де, «Қара сөздерінің» де) сөздік құрамы мен грамматикалық ерекшеліктері талданады. Қазақ тілінің Абай қолданған байырғы төл сөздерімен қатар ақын мұрасында кездесетін араб-парсы, орыс сөздері әңгіме болады. Ұлы қаламгер тіліндегі кейбір көне сөздермен бірге әдеби, тілімізге өзі қосқан немесе жандандырған жаңа сөздердің де сырсипаты танытылады. Қазіргі әдеби нормалармен салыстырғанда, Абайдың поэзиясының тілінде, әсіресе прозасында біршама ерекше болып көрінетін кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдер талданып, олардың мән-мәнісі, қолданылуына себеп-дәлелі көрсетіледі.

Кітаптағы негізгі мазмұнды ширата түсу мақсатында «Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар бөлімін осы томға қосуды орынды көрдік.

УДК 80/81

ББК 81.2

ISBN 978-601-7317-89-8 (Т.1)

ISBN 978-601-7317-88-1

© Сыздықова Р., 2014

© «Ел-шежіре» ҚҚ., 2014

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ



Абайдай алыпты тамаша тани да,
таныта да білген Мұхтар Әуезовтің
рухына арнаймын.

Автор

АЛҒЫ СӨЗ

Абайдың тілі – кең тақырып. Бұл тақырыпқа бір емес, әлденеше кітап арналуға тиіс. Өйткені жеке жазушының, оның ішінде қазіргі қазақ тілі сияқты үлкен мемлекеттік ұлттық жазба әдеби тілдің негізін салушы Абай тәрізді қаламгердің тілін бірнеше аспектіден зерттеп танып-білу қажет болады. Әдетте жеке жазушының (ақынның) тілі туралы әңгіме оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзгеде индивидуалдық ерекшеліктерін талдау болып келеді. Әсіресе поэзия жанрында жазған қаламгердің тілін тану деген сөзді оның поэтикалық тәсілдерін, ол тәсілдердің тілдегі көрінісін зерттеу деп танымыз. Бұлардың барлығы да «жазушының стилі» деген мәселеге барып саяды.

Абай – ең алдымен ақын. Демек, оның тілі поэзия тілінің әдеби-көркемдеу тәсілдеріне қарай талдануы қажет. Бұл жағынан қазір біздің қолымызда жақсы ғылыми еңбек бар, ол – проф. Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясы. Мұнда, автордың өзі айтқандай, Абайдың бүкіл тілі емес, соның бір-ақ жағы – поэзиясындағы әдеби көркемдеу тәсілдерінің көрінісі, яғни «поэтик тілі» талданады. Және зерттеуші бұларды жеке-дара алмай, Абайдың қазақ әдебиеті мен әдеби тіліндегі орнын айқындап, оның табыстары мен жаңалықтарын көрсете талдайды.

Екінші, Абай тілін тұтас алып, ондағы әдеби-көркемдеу тәсілдерінен өзге де жақтарындағы индивидуалдық және дәуірлік ерекшеліктерін зерттеуге болады.

Үшінші, Абай – әдеби тілдің проза жанрындағы бірқатар стильдердің ізін салған жазушы. Осы тұрғыдан Абай «Қара сөздерінің» тілін талдау арқылы қазіргі жазба әдеби тіліміздің сан салаға бөлінген стильдік тармақтарының даму барысын (алғашқы кезеңін) танып-білуге болады.

Төртінші, Абай тілінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымын талдау арқылы қазіргі жазба әдеби тіліміздің белгілі бір кезеңдегі сипатын тануға болады. Мұның өзін де статикалық және динамикалық тұрғылардан алып екі бөлек зерттеу объектісі етуге және болады.

Бесіншіден, поэзиялық дүниелердің синтаксистік құрылысы прозадан өзгеше келетіндігі мәлім. Ол ерекшелік, бір жағынан, ұйқас (рифма), буын саны (метрика), шумақтарға бөліну-бөлінбеу (строфа), синтаксистік тұтастық т.б. сияқты өлеңге тән шарттарға байланысты болса, екінші жағынан, әр ақынның өз стиліне тән өзгешеліктерінен құралады. Бұл да Абай тілін зерттеудің бір үлкен объектісі болмақ.

Абай тілін танып-білуде бұлардың барлығынан басқа сан алуан жеке мәселелерді алуға және болады.

Сөз жоқ, Абайдай жазушының тілін осы айтылған жақтардан түгел қамтып, бір еңбектің ішінде талдау мүмкін емес. Және осылардың баршасы бір-екі зерттеушінің үлесіне тиюі тағы шарт емес.

Біз бұл жұмысымызда Абай тілін жоғарыда көрсетілген аспектілердің бірінен ғана алып талдадық. Ол – ұлы қаламгер тілінің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысы. Алдын ала ескертеріміз – бұл жұмыс стилистикалық зерттеу емес, яғни жеке сөздер мен грамматикалық тұлғаларды Абайдың ақындық-жазушылық шеберлігіне ғана байланыстырып талдамаймыз. Негізгі мақсатымыз – тіл материалындағы Абайдың қаламына ғана тән ерекшеліктерді көрсету емес. Әзірге көздегеніміз – Абай сөздігін генетикалық (тектік) құрамына, сөздердің көне-жаңалығы мен тематикалық және мағыналық жіктелуіне қарай талдап, таныту. Сондай-ақ грамматиканың ең мәнді категорияларының бірі – сөз жасау құбылысы мен кейбір морфологиялық және синтаксистік тұлға-тәсілдердің жалпы Абай тұсындағы қазақ тіліндегі, оның ішінде Абай тіліндегі түр-сипатын, актив-пассивтігін, нормалануын көрсету. Сондықтан біздің бұл жұмысымыз бертіндегі дәуірді қамтитын тарихи лексикология мен тарихи грамматикаға жақын келетінін білдіреміз.

Зерттеу объектісі мен аспектісін бұлайша таңдауымыздың себебі мынада: Абай – дайын тұрған әдеби тілді пайдаланған қатардағы қаламгер емес. Абай – сол әдеби тілдің даму жолындағы жаңа дәуірін бастаушы, сапалық жаңа типінің іргетасын қалаушы адам. Екінші, Абай – лингвистикалық талдау үшін үлкен мәні бар екі салада – поэзия және проза түрінде жазған адам, оның үстіне, поэзиясында да, прозасында да бірнеше жанрдың белгілері бар мұраның иесі. Осының барлығынан Абай тілі өз тұсындағы қазақ жазба әдеби тілін белгілі бір шамада толығырақ көрсететін дәрежеде танылады. Сондықтан Абайдың шеберлік лабораториясына үнілмес бұрын, оның сөздік құрамы мен грамматикасын таза лингвистикалық тұрғыдан тіркеп, жүйелеп талдап шығу қажеттігі сезіледі. Бұл талдаудың материалдары мен нәтижелері, бір жағынан, қазіргі жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы – өзінің басталар тұсындағы – лексика-грамматикалық сипатын белгілі бір дәрежеде танып-білуге септігін тигізер болса, екінші жағынан, ұлы ақынның жазушылық шеберлігі мен өзіне тән стильдік тәсілдерін және оның қазақ әдеби тілі дамуындағы шоқтығы биік орнын танытуға арналатын «Абайдың тілі» деп аталуға тиісті әдеби-лингвистикалық зерттеу жұмысына дайындық болар деген мақсатты көздедік.

Осы кітабымыздағы негізгі мақсатымыз ұлы ақынның стильдік ерекшеліктерін таныту болмаса да, сөз жоқ, біз талдауымыздың әр тұсында, қажеттігі туған жерінде, бұл мәселеге соқпай кете алмадық. Бұл – жазушы тілін қай аспектіде қарасақта, ілесіп қалмай отыратын мәселе. Жеке грамматикалық тәсілдердің актив-пассивтігі, жеке сөздердің жаңа-көнелігі т.б., бір жағынан, тіл дамуының сол дәуірдегі жалпы дәрежесіне қатысты болса, екінші жағынан, кейбір тұстарда сөз етіп отырған жазушының өз қаламына, өзінің стильдік мотивтеріне байланысты болады. Сондықтан мүмкіндігінше объект етіп отырған материалдар аясында ұлы жазушының кейбір индивидуалдық ерекшеліктерін көрсетуге тура келді.

Абай тілін сөз еткенде, негізгі тұжырым – Абай – қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы деген қағида.

Бұл қағиданы белгілегендер – М. Әуезов, Қ.Жұмалиев, С. Мұқанов, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов т.б. сияқты әдебиет зерттеушілері мен Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кенесбаев, Н.Сауранбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев тәрізді тіл мамандары. Проф. Қ.Жұмалиевтің «Абай поэзиясының тілі» атты монографиясынан¹ басқа Абай шығармаларының тіліне арналған жеке көлемді еңбек жоқ болғанмен, жоғарғы аталған ғалымдар әр кезеңде, әр тұста Абайдың қазақ жазба әдеби тілі тарихындағы атқарған рөлі мен алған орны туралы сөз етіп келді. Бұл ғалымдардың кейбіреулері жеке мақалалар арнап², енді біреулері ұлы ақынның әдеби творчествосы туралы жазған үлкен монографияларының немесе басқа да еңбектерінің ішінде³ Абай қолданған жеке сөздер мен кейбір көркемдеу тәсілдерін және грамматика саласындағы бірқатар ерекшеліктерін жүйелі түрде болмаса да, аз-аздап талдап көрсетіп келді. Сондай-ақ соңғы жылдары

¹ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы, 1960. - 2-т.

² Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966; Кенесбаев С. Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - № 9; Сауранбаев Н. Роль Абая в развитии казахского литературного языка // Жизнь и творчество Абая. - Алма-Ата, 1954; Кенжебаев Б. Абай – қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін салушы // Ученые записки КазГУ. - Язык и литература. - 1955. - Т. 19 т.б.

³ Жансүгіров І. Абайдың сөз өрнегі // Әдебиет майданы. - 1934. 11-12-б.; Әуезов М. Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы // Әр жылдар ойлары. - Алматы, 1959; Мұқанов С. Абай Құнанбаев // Жарқын жұлдыздар. - Алматы, 1964; Жұмалиев Қ. Абай (Ибрагим) Құнанбаев. XVIII-XIX ғғ. қазақ әдебиеті. - Алматы, 1967; Сильченко М.С. Творческая биография Абая. - Алма-Ата, 1957; Әлімқұлов Т. Абай. Алматы, 1954; Сүйіншіәлиев Х. Абайдың кара сөздері. - Алматы, 1956; Исмаилов Е. Об особенностях поэтики Абая // Известия Каз ФАН ССР. - Серия языка и лит. - Алматы, 1945. - Вып. 1; Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959; Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі (Көпшілікке арналған лекцияның стенограммасы). - Алматы, 1949; Мұсабаев Г. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. - Алма-Ата, 1952; Кеңесбаев С., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). - Алматы, 1962; Мұсабаев Г. Современный казахский язык. Лексика. - Алма-Ата, 1959; Кенесбаев С. Развитие казахского литературного языка в советское время // М.О.Ауэзову. - Алма-Ата, 1959; Кенесбаев С. О казахском литературном языке // Очерки истории казахской советской литературы. - М., 1960; Балақаев М. Әдеби тілдің дамуы туралы бірер сөз // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1958. - №1; Балақаев М., Жанпейісов Е., Тоғанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. - Алматы, 1961; Қорабаев Т. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. - Алматы, 1966 т.б. (бұл тізім есте толық емес екенін ескертеміз, газет беттеріндегі мақалалар мен кейбір журнал беттеріндегі материалдарды бұл жерде түгел тізіп шығу мүмкін деп таппадық).

Абай тіліндегі кейбір жеке жайларға арналған мақалалар да шыға бастады⁴. Абай шығармаларының текстологиясы туралы жазылған Қ. Мұхаметхановтың еңбегі⁵ мен осы тақырыпты сөз еткен Ы.Дүйсенбаев пен З.Ахметовтің, Т.Әбдірахмановтың, Қ.Өмірәлиевтің, М. Сәрсекеевтің т.б. жеке мақалалары қаламгер тілін танып-білуде айтарлықтай үлес қосқанын білдіреміз.

Міне, осы көрсетілген еңбектер біздің бұл жұмысымыздың орындалуына тікелей жәрдемін тигізіп, ғылыми тірек-таяныш болды. Олардың бірқатарын басшылыққа алдық, енді бірсыпырасы қосымша материал беріп, ой салды, үшінші біреулерімен пікір сайыстырдық. Қысқасы, абайтану саласында оның тілі туралы өзімізден көп бұрын дұрыс айтылған негізгі пікір-тұжырымдар мен жалпы бағыт қазақ әдебиетінің ұлы классигінің тілін енді нақтылы түрде талдай бастауымызға жөн сілтеп, жол ашқанын баса айтамыз.

Талдауымыздың дені лексикология саласында болғандықтан және оны тарихи даму тұрғысынан қарағандықтан, бізге сан алуан лексикографиялық еңбектер зор көмегін тигізді. Олардың ішінде сөз етіп отырған дәуірде шыққан екі тілдік (қазақша-орысша, орысша-қазақша) сөздіктер көп материал берді. Сондай-ақ өткендегі әлеуметтік, экономикалық, саяси-праволық т.б. жағдайларға қатысты қолданылған кейбір терминдер мен зат атауларын білуде бізге тарих, экономика, право салаларынан жазылған ғылыми әдебиет көп мағлұмат

⁴ Балжанов Ш. Абай поэзиясында етістіктерді қолданудың стильдік ерекшеліктері // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - Филология мен өнер тану сериясы. - 1962. №3; Сулейменова Б. О русских словах в произведениях Абая // Известия АН КазССР. - Серия общественных наук. Алматы, 1964. - Вып. 4; Жанпейісов Е. Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтың тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. - 1962. - №11; Сыздықова Р. Абай шығармаларында -ар жұрнақты тұлғаның қолданылуы // Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 1959. - 1-т. Сыздықова Р. Абайдың қара сөздеріндегі -мақ аффиксті тұлға жайында // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - Филология мен өнер тану сериясы. - Алматы, 1959. - 1 шығуы; Сыздықова Р. Абайдың прозалық шығармаларындағы кейбір морфологиялық тұлғалардың сипаты // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. - Алматы, 1959. - №5; Сыздықова Р. Абай шығармаларындағы кейбір шылаулардың қызметі // Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. - Алматы, 1963. - 5-шығуы; Сыздықова Р. Абай тілінде күрделі ойдың берілуі // Қазақ тілі тарихы мәселелері. - Алматы, 1965; Нұрпейісов Р. Абай шығармаларының лексикасы туралы // Халық мұғалімі. - 1954. - № 6 т.б.

⁵ Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. - Алматы, 1959.

берді. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясын зерттеуде Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Т.Күлтелеев, Т.Тәжібаев, С.Зиманов, С.Толыбеков, Ф.М.Шахматов т.б. тәрізді өзге саладағы ғалымдардың еңбектерінде келтірілген қазақша атаулар өте құнды материалдар болып табылатындығына назар аудартамыз. Өйткені ол атаулардың көбін көркем әдебиет үлгілерінен таба алмаймыз, ал аталған ғылымдар саласынан өткен ғасырларда қазақша жазылған материалдар және аз. Сондықтан жоғарғы зерттеушілер келтірген қазақша жеке сөздердің тіл білімі үшін бағасы зор болмақ.

Абай тілін зерттеуде оның алдындағы, тұсындағы өзге қаламгерлер тілін, әсіресе, жаңа жазба әдеби тіліміздің негізін қалаушының бірі – Ыбырай Алтынсарин тілін қажетінше қоса талдап отырдық. Бұлардан келтірілген материалдар, көбінесе, 1962 жылы оқушы жұртшылығына ұсынылған «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты кітап бойынша берілді, сондықтан біз мысалдың документациясын тек автордың аты және осы кітаптың бетін білдіретін цифрмен ғана көрсеттік. Сондай-ақ өткен ғасырда шыққан хрестоматия, сөздік т.б. кітаптардың аттарын да қысқартып көрсеттік (қысқартулардың толық аты-жөндері кітап соңында берілді). Келтірілген фактілердің текстуалдық мәні және қай кезде хатқа түскен нұсқадан алынғандығының маңызы зор болғандықтан, көбінесе, сол нұсқалардың шыққан жылын көрсетіп отыруды жөн көрдік.

Абайдың өзінен келтірілген мысалдар оның 1957 жылғы екі томдық шығармалар жинағы бойынша алынды да, сілтемеде жақша ішіне томның нөмірі мен беті ғана көрсетілді. Онда кеткен текстуалдық ағаттықтарды (біздің талдауымыз үшін үлкен мәні барларын) жол-жолай көрсетіп отырдық. Ыбырай Алтынсариннен келтірілген фактілер, көбінесе, оның 1879 жылы өзі шығарған хрестоматиясынан алынды.

Кітап көлемін ұлғайтпау мақсатымен өлең тармақтарын прозадағыша бір-біріне жалғастырып қатар жаздық, тек әр тармақтың (өлең жолының) бас әріптен басталып жазылуын сақтадық.

Осы кітаптағы «Кейбір морфологиялық тұлғалардың қызметі» және «Кейбір морфологиялық тұлғалардың сыртқы формасы жағынан варианттылығы» деген екі тақырыпша (көлемі 1,5 баспа табақтан) біздің «Абай прозасы тілінің морфологиялық ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациямыздан алынып, ықшамдалып, кейбір өзгерістермен берілді.

Қорытынды пікірлеріміз бен тұжырымдарымыз әрбір тақырып, тарау сонында беріліп отырылды.

Кітап көлемі көтермегендіктен, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен жұмыста арнайы талданған жеке сөздер мен тұлғалардың тізімін бере алмадық.

Автор

**АБАЙ – ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ**

**Абай өмір сүрген дәуір мен орта
(кіріспе ретінде)**

Өз сөзімен айтсақ, «соқтықпалы, соқпақсыз» жерде, Құдай-берген Жұбанов тілімен айтсақ, «классик Рим емес, Сарыарқаның шөлінде үдере көшкен қайшылық өмірде» жазушылық құрған Абайдың заманы – ХІХ ғасырдың екінші жартысы – қазақ халқының тарихында өткен дәуірлермен салыстырғанда ерекше орын алған кезең болды. Бұл кезде Қазақстан жерінің түгелімен Ресейге қосылу кезеңі аяқталып, соның нәтижесінде және қазақ қоғамы дамуының объективті заңдылықтарына сай көптеген өзгеріс-жаңалықтар пайда болғаны мәлім. Ол өзгерістер қоғам құрылымында да, елдің экономикалық тұрмысында да, ел билеу жүйесінде де және мәдени-рухани өмірінде де орын алды. Кейбір әлеуметтік топтар тарих төрінен кетіп, жаңалары пайда болды. Қанаушы мен қаналушылардың жаңа түрлері дүниеге келді. Қазақ қауымының экономикасының тұрмысында егіншілік, сауда, ішінара өндіріс кәсібі тәрзіді құбылыстар жанданып, күшейді. Қазақ қоғамының орыс халқымен қарым-қатысы да жаңа сипатқа ие болды. Қазақстан жерінде қалалардың орнап, ұлғаюлары, орыс шаруаларының келіп қоныс тебулері екі халықтың еңбекші бұқарасының жүзбе-жүз көрісіп, араларында қарым-қатынас орнауына мүмкіндік берді.

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ даласында болған қоғамдық-саяси өзгерістер мен оқиғалар мұндағы адамдардың мәдени-рухани өмірін баяғы қалпында қалдыра алмады. Кең далаға қазақ тілі тарихында із қалдырған рухани, мәдениет факторлары келе бастады.

Мұның ішінде ең алдымен оқу-білімнің едәуір таралуын атауға тура келеді. Бұл оқу-білім екі сипатта болды: бірі – діни,

яғни мектептер мен медреселерде және ауыл молдаларында мұсылманша оқу, екіншісі – үкімет тарапынан ашылған школдар⁶ мен училищелерде және орыс мектептерінде азаматтық білім беру. Бұлардың қай-қайсының да саны аз болды және оларда оқығандар да көп болмады, дегенмен жыл сайын ұлғая түсіп отырды. Мысалы, Ішкі Ордада үкімет школдарында 1891/92 оқу жылында небары 160 қазақ баласы оқыса, 1898 жылы 573 бала оқыпты⁷. Азаматтық оқу-білім беру ісі Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарында едәуір жақсы жүргізілді. Мұнда тұңғыш ағартушы-демократ Ыбырай Алтынсариннің рөлі мен қызметі айрықша болды. Үкімет школдарының көпшілігінің жанында интернат болды (*Интернатта оқып жүр Талай қазақ баласы – Абай*). Бір кластық және екі кластық деп бөлінетін бұл школдар 5-6 жылдық программамен қазақша-орысша азаматтық жалпы білім беруді көздеген. Бұлар мұғалімдерді, хат жүргізушілерді, тілмаштарды және әкімшілік аппаратының кіші чиновниктерін даярлап шығаратын болған. Бұл мектептер де сан жағынан көп емес. Бүкіл Қазақстанда ХІХ ғасырдың ІІ жартысында небары 100 шақты орыс-қазақ школдары болып, оларда 4000-ға жуық бала оқыған⁸. Кейбір отаршылдық мақсат көздегенімен, бұл школдардың маңызы зор еді. Алғашқы қазақ ағартушылары мен интеллигенциясы осылардан тәрбиеленгендер және қазақ халқын орыс мәдениетімен, әдебиетімен, тілімен жақын таныстырған осы мектептер болды.

Қазақ халқының мәдени өмірінде зор маңызы болған екінші құбылыс – кітап басу ісінің айтарлықтай өсуі. Егер бүкіл ХІХ ғасыр бойына қазақ тілінде 70-80 кітап шыққан болса, олардың дені ғасырдың ІІ жартысында басылды⁹. Бұл кітаптардың көпшілігі көлемдері шағын, өздері араб әрпімен басылды. Әрине, бұлардың ішінде орыс шрифтісімен шығарған Ы.Алтынсариннің «Киргизская хрестоматиясы» мен орыс оқымыстыларының кітаптары оқшау тұрады. Араб

⁶ Мұсылманша діни білім беретін сол кездегі *мектеп* дегендерден ажырату үшін өткен ғасырдағы тіл тәжірибесінің үлгісімен біз де әдейі *школ* деп атап отырмыз. Ол туралы толығырақ «Лексика» бөлімінен 220-бетті қараңыз.

⁷ Тажигаев Т. Просвещение и школы Казахстана во II половине XIX в. - Алма-Ата, 1962.

⁸ Қазақ ССР тарихы. - Алматы, 1957. - 1-бөлім. - 451-б.

⁹ Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. - Алматы, 1964. - 25-б.

әрпімен қазақ тілінде шыққан кітаптардың бірсыпырасы ислам дінін уағыздайтын әдебиет болса, бірқатары азаматтық тақырыптағы әдебиет еді. Әсіресе, бұл кезде қазақтың ертеден келе жатқан бай ауыз әдебиеті үлгілерінің кітап болып баспа бетін көруі – қазақ халқының сол тұстағы мәдени дүниесіндегі мәнді оқиға еді. «Қамбар», «Алпамыс», «ҚызЖібек», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Ер Тарғын» тәрізді көлемді эпостардың, жеке ертегі, мақал-мәтелдердің баспа бетін көруіне Радлов, Березин, Ильминский, Алекторов, Васильев тәрізді орыс ғалымдары мен ағартушыларының еңбегі ерекше. Бұның қазақ тілі, оның ішінде әдеби тілі тағдырына тікелей әсері мен қатысы болды. Әрқайсысы қазақтың кең даласының әр бұрышында пайда болып, ауыздан ауызға көшіп сақталып келген бұл бай мұра қазақтың әдеби тілдік нормаларын тегіс таратуда, жалпыхалықтық нормаларға айналдыруда бұрыннан қандай қызмет атқарып келсе, енді кітап арқылы бұл маңызын күшейте түсті. Бұл кезеңде кейбір (Дулат, Шортанбай, Мұрат т.б.) қазақ ақындарының шығармалары жеке кітап болып шыға бастады.

Қазақ халқының мәдени өмірінде бұрын болмаған оқиға – ана тілінде баспасөздің, яғни газеттердің шығуы да осы дәуірде жүзеге асты. Қазақтың тұңғыш баспасөз органдары – «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газетінің» маңызы, орны, әсері айрықша. Сондай-ақ Орынборда шыққан «Тургайская газетаның», Омскідегі «Степной край», «Сельско-хозяйственный листок» дегендердің қазақша аудармалары да қазақ мәдениеті, әдебиеті, тілі тарихында орын алатын дүниелерден саналады. Алғашқы қазақ баспасөзінің патша үкіметінің ресми органдары болғанына қарамастан, бұларда бұйрық, жарлықтардан басқа көркем әдебиет пен ауыз әдебиеті үлгілері, орыс, шығыс әдебиеттерінен аудармалар басылып тұрды. Сондай-ақ қазақ корреспонденттерінің жергілікті жердегі халықтың қоғамдық, мәдени өміріне қатысты хабарлары жарияланып тұрды. Және бір жақсы нәрсе – тарихи-ғылыми еңбектерден үзінді аудармалар да басылды. Қысқасы, мысалы, «Дала уалаяты газеті» материалдары ресми және ресми емес екі топқа (рубрикаға) бөлінді де, алғашқысы – қазақ тіліндегі

сол кездегі рссми-кеңсе стилін, соңғысы – көркем әдебиет, ғылыми әдебиет және публицистикалық әдебиет стильдерін көрсетуде, жоқтарын жасап, қалыптастыруда айрықша рөл атқарды.

XIX ғасырдағы Қазақстанның мәдениет дүниесінде болған игілікті істің бірі – орыс ғалымдарының қазақ тілін зерттеп, солар бойынша еңбектер жариялауы. Олардың ішінде Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда шыққан «Материалы к изучению киргизского наречия» деп аталған еңбегі қазақ тілінің тұңғыш грамматикасы болып табылады. Бұл кітапта берілген қазақша-орысша сөздік те – сол тұстағы қазақ лексикасын регистрациялаған құнды материал. Одан кейінгі Радловтың, Мелиоранскийдің, Васильевтің, Алекторовтың қазақ тілі грамматикасын талдап жазған еңбектері де – құнды мұралар. Бұлар сол кездегі қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын өз кезеңіне сай дәрежеде бірқыдыру дұрыс суреттеп берді.

XIX ғасырдың II жартысында құрастырылып бастырылған әр алуан қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктер мәдениетіміз бен тіліміздің тарихындағы көңіл аударарлық істер болды.

Абай өмір сүрген тұс қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік күштердің арасындағы идеологиялық қайшылықтардың әрі қарай шиеленісе түскен кезеңі болды. Әлеуметтік ой-санада негізгі екі түрлі бағыт өмір сүрді: бірі – реакцияшыл-кертартпа, екіншісі – ағартушы-демократтық.

Реакцияшыл-кертартпа бағыттағылар бай-феодалдардың идеологиясын жақтап, көне феодалдық шаруашылық түрлері мен ел билеу системасын сақтауды қоштады. Сондықтан қазақ даласына келген күллі әлеуметтік-экономикалық жаңалықтарға қарсы шықты, бұл әрекеттері орыс мәдениетін жатырқау тенденциясын туғызды. Идеологиялық күрестері де ислам дініне иек артты. Қазақ арасына ислам дінін күшейтуге атсалысты. Бұл бағыттың өкілдері, негізінен, әдебиет қайраткерлері – ақындар болды. Олардың басты-бастылары: Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Дулат Бабатайұлы (1802-1874), Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906).

Үстем феодал табы идеологтарының келесі бір тобы жоғарғылардан біраз ерекше тұрды. Олардың кейбіреулері (Әубәкір т.б.) қазақ феодалдарының мүддесін көздей тұрса да, заман ағымын бағдарлап, Қазақстанның Россия қоластына кіру ісіндей жағымды сәттерді теріске шығармады, орысша білім-ғылым үйренуге де қарсы болмады. Сөйте тұра олар мұсылман дінін қазақ арасына жайып, нағыз уағыздаушылар болды. Олар халықты оқу-білімге шақырғанда, ең алдымен, дін оқуды еске тұтты. Бұл топтың ішінде айтарлықтай талантты ақындар да (Әубәкір Кердері) және бір алуан ақынсымақ молдалар да болды.

Сөз етіп отырған кезеңде сахна төріне шығып айқын көрінген демократиялық идеологияны жақтаушылар болды. Олар қазақ еңбекшілерінің мүддесін көздеп, азаматтық білім беруді, шаруашылықтың прогрессивтік түрлерін қолдануды (егіншілік пен отырықшылықты) қолдады. Орыс мәдениетіне иек артты. Кертартпа феодалдық идеологияға қарсы шықты. Бұл топтың ішінде Абай сияқты ірі ақын да, Шоқан Уәлиханов тәрізді ғалым да, Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушы-педагог та және қазақ интеллигенциясының өзге де өкілдері болды.

Осы екі бағыт бұлкездегі тіл мәдениетіне тікелей ықпалын тигізді: тіл практикасында да аралары ажыраған екі тенденция пайда болды. Демократтық-прогрессивтік идеологияны жақтаушылар қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен әдеби тілін (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет тілін) негіз етіп алды да, соны пайдаланды, әрі қарай дамытты. Феодалдық-патриархалдық бағыттағылардың да бірқатары (Дулат, Шортанбай, Мұрат т.б.) қазақ әдеби тілін қолданды, ал қалғандары ислам дініндегі күллі түркі халықтарына ортақ тіл деп тапқан «түркі» тілін, қазақ филологиясында «кітаби тіл» деп атанған тілді негіз етіп, оның таралуына, орнығуына әрекет жасады.

* * *

Міне, Абай заманындағы бұл айтылған саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және идеологиялық жайттар бірі тікелей, енді біреулері жанамалай қазақ тілінің сол тұстағы

күй-қалпы (статикасы) мен даму-қозғалысына (динамикасына) әсер етіп, астарласып жатты. Ол әсер әсіресе, лексика саласында күшті болды. Қоғам өмірінен шығып қалған қатынастар мен құбылыстар, әлеуметтік топтар өздерімен коса атауларын да ілестіре ала кетіп сахнадан түсіп жатса, жаңалары ондаған, тіпті жүздеген жаңа сөздерге дем берді, дүниеге келтірді. Бұл әсер мен астарластық жалғыз лексика саласында емес, тілдің жалпы даму бағытында, өзге тілдермен қарым-қатынасында да болды. Мысалы, кітап бастыру ісі кітаби тілдің де, халық тіліне негізделген жазба әдеби тілдің де дамуына күшті себепкер болды. Жаңа демократтық идеологияның туып дамуы халықтық негізді әдеби тілдің күш алуына ат салысты. Қазақ даласына келген азаматтық оқу-білім қазақ тілінде педагогикалық әдебиеттің пайда болуына, сол арқылы оқу-педагогикалық стильдің, шағын көркем проза стилінің жасала бастауына себепкер болды. Баспасөз қазақ тілінің публицистикалық стилінің алғашқы нышандарын көрсетті. Демократтық пікірдегі ойшылдардың прозасы (мысалы, Абайдың «Қара сөздері») ғылыми-публицистикалық стильдің пайда болуына әкелді.

Сөйтіп, заман қозғалысы тілді де қозғады. Бір-біріне қарама-қарсы екі идеологиялық күрес үстінде қазақтың жазба әдеби тілінің тағдыры тартысқа түсті. XIX ғасырдың II жартысындағы қоғамның әлеуметтік рухани өмірі «қазақтың жазба әдеби тілінің негізі жалпыхалықтық тіл белгілеріне сүйенуі керек пе, жоқ, әлденеше ғасыр бойы түркі халықтарына дәстүрлі болып келе жатқан кітаби тіл нормаларын алу керек пе?» деген өмірлік, саяси және идеологиялық астары бар үлкен мәселені күн тәртібіне қойды.

* * *

Абай қаламынан шыққан әдебиет дүниелерінің тілін жеке алып суреттемес бұрын, сол Абай тұсында, айналасында қазақ тілінде тағы да қандай әдебиеттер¹⁰ болды дегенді санап алуға тура келеді. Өйткені Абай шығармаларының тілі –

¹⁰ Әдетте, көбінесе *әдебиет* деген сөзді «көркем әдебиет» деп ұғатын жайымыз бар. Ал, шындығында, бұл термин – күллі жазылған дүниені білдіретін жалпы атау, көркем әдебиет – солардың бір түрі ғана. Біз де *әдебиет* сөзін осындай терминдік мәнде қолдандық.

автономиялық тіл емес. Оның қаншалықты ерекшелігі, тіпті артықшылығы болғанмен, ол өз заманындағы жалпыхалықтық тілмен, өзге әдебиеттер тілімен астарласып, тамырласып жатады. Сондықтан Абай лексикасын өз айналасынан оқшау жұлып алып талдау мүмкін емес. «Лингвистическое изучение литературных произведений немислимо вне контекста языка его времени. Индивидуальные новообразования и своеобразие как морфологического и синтаксического, так и лексико-фразеологического характера будут анализироваться, осмысляться с точки зрения литературной нормы данного времени»¹¹. Сондықтан Абай тілін әрі қарай талдауларымызда оның тұсындағы өзге әдебиеттерден ретіне қарай материалдар алынып, азды-көпті қоса қаралып отырылады.

Сөйтіп, қазақ қоғамында Абаймен тұстас, іргелес өмір сүрген әдебиет түрлерінің басты-бастылары, біздің топтауымызша, мыналар болды.

1. Халықтың ауыз әдебиеті шығармалары. Бұлардың басым көпшілігі бұрыннан келе жатқан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қобыланды» т.б. тәрізді ірі полотнолар мен әр алуан тұрмыс-салт өлеңдері, ертегілер т.т. Сонымен қатар XIX ғасырдың өзінде, тіпті II жартысында пайда болған кейбір тарихи жырлар («Бекет батыр» т.б.) мен лиро-эпостар («Айман-Шолпан» т.б.) да осы топқа кіреді.

2. Қазақтың тарихи көркем әдебиет үлгілерін әрі алып барған жеке ақындар шығармалары. Бұлар идеологиясы жағынан әр алуан. Халықтық демократиялық мүдделерді жырлаған және заман қайшылықтарын сынап, халыққа бүйрегі бұрған мотивтері күшті Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Жаяу Мұса, Ақан, Майлықожа, Нұрым, Арыстан, Орынбай, Кемпірбай т.т. тәрізді ақындар мен феодалдық-реакцияшыл идеологияны қостаған Шортанбай, Дулат, Мұрат, Нысанбай, Досқожа, Базар, Әубәкір, Кердері т.б. сияқты ақын-жыраулар.

3. Қазақ тіліндегі тұңғыш баспасөз орындары: «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогі» т.б.

¹¹ *Виноградов В.В.* О задачах истории русского литературного языка, преимущественно XVII-XIX вв. // Известия АН СССР. - ОЛЯ. - 1946. - Т. V. - Вып. 4. - С. 231.

4. **Қазақ ішінде жазылған кейбір ресми кеңсе қағаздары:** патша үкіметінің әкімшілік орындары мен жергілікті әкімдердің бұйрық-жарлықтары, арыздар, инструкциялар т.б.

5. **Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар.** «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ескендір», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Шахмаран», «Шәкір – Шәкірат» т.б.

6. **Ислам дінін уағыздап, оның пайғамбарлары мен әулиелерін дәріптейтін таза діни тақырыптағы шығармалар – қиссалар:** «Салсал», «Зарқұм», «Жұм-Жұма», «Кербаланың шөлінде» т.б.

7. **Ислам діні канондарының қазақша аудармалары:** «Исламның бес фарызы», «Қырық қадис».

8. **Христиан дінінің канондарын қазақша түсіндіріп уағыздайтын кітапшалар.** «Ақыл беретұғын кінеге» (1891), «Езги Иосиф» (1892), «Евангелие» (1891), «Құдайдың... үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың... өмірі» (1886) т.т.

9. **Азаматтық тақырыптарға, яғни медицина, ветеринария т.б. қатысты жазылған кітапшалар:** «Трахома деген жаман көз ауру», «Жамандату, койдұрғы турасында», «Қышыма турасында», «Егіншінің қызмет аты жайында» т.т.

10. **Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктер:** Русско- киргизский и киргизско-русский словарь. Сост. Иш-Мухамед Букин (1883), Киргизско-русский словарь (1897), Краткий русско-киргизский словарь (1893), Спутник русского человека в Средней Азии, заключающий в себе словари (1878), Материалы к изучению киргизского наречия Н.Ильминского. Словарь (1861) т.б.

11. **Қазақ тілі грамматикасын талдаған, бірақ орыс тілінде жазылған еңбектер, оқулықтар, олардың ішіндегі қазақша мысалдар, текстер:** Н.И.Ильминский Материалы к изучению киргизского (казахского) наречия (1861), А.Е.Алекторов К мудрости ступенька. Азбуки для учеников начальных русско-киргизских школ (1891), И.А.Алтынсарин Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку

(1871), М.Бекчурин Начальное руководство к изучению арабского, персидского и татарского языков с наречием бухарцев, башкир, киргизов и жителей Туркестана (1869), Н.Лаптев Грамматика киргиз-кайсацкого языка (1898), Н.Лаптев Материалы по казак-киргизскому языку (1900), П.М.Мелиоранский Краткая грамматика казак-киргизского языка. I и II части (1894, 1897), Н.Н.Пантусов Материалы по изучению киргиз-казахского наречия (1899-1904), Первоначальный учебник русского языка для киргизов (1893), М.Терентьев Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская (1875) т.б.

12. Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармалары.

Бұл әдебиеттер мазмұны мен мақсаты жағынан әр алуан болды: бірқатары қазақтың көркем әдебиет үлгілеріне жатса (ауыз әдебиеті нұсқалары, жеке ақындар өлеңдері, шығыс әдебиеті аудармалары, Ыбырайдың көркем шығармалары т.б.), бірсыпырасы оқу-ағарту мақсатымен пайда болды. Бір топ әдебиет публицистикалық жанрдың үлгісіне жатса (газеттер, көпшілікке арналған кітапшалар), енді бір тобы дінді уағыздауға (ислам дінін де, христиан дінін де) арналды. Бұлардың ішінде сөздіктер – бір алуан дүние.

Мазмұны мен мақсаты жағынан сан түрлі топқа бөлінгенмен, бұл көрсетілген әдебиеттер тілі жағынан екі үлкен топқа жинақталады:

Бірінші топқа қазақтың жалпыхалықтық тілін негіз еткен үлгілер кіреді. Бұған Абай, Ыбырайдан бастап, тарихи қазақ әдебиеті өкілдері – ақын-жыраулар (кертартпа идеологияны жақтаушылары да, жаңашыл-демократтары да) мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз тілі, әр алуан грамматикалар, қазақ-орыс школдарына арналған оқулықтар, сөздіктердегі қазақша материалдар, медицина, ветеринария тақырыптарына жазылған көпшілікқолды кітапшалар және христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады. Бұл топқа енген үлгілер, әрине, тазалығы мен көркемдігі жағынан біркелкі емес, бірқатары таза халық тілі негізінде болса, тұңғыш баспасөз бен шығыс әдебиетінен аударылған поэмалар тілінде және кейбір жеке ақындар тілінде кітаби тіл элементтері де болды.

Екінші топқа түркі халықтарының көпшілігінде бірнеше ғасыр бойы өмір сүріп келе жатқан ортаазиялық түркі әдеби тілі немесе шағатай тілі (қазақ филологиясында «кітаби тіл») атанған тіл нормаларын негіз еткен, дәлірек айтсақ, негіз етуге тырысқан үлгілер кіреді. Бұларға мұсылман (ислам) дінін уағыздайтын қиссалар, ислам діні тәртібін үйрететін аудармалар және қазақша жазылған ресми кеңсе қағаздары жатады.

Бұл әдебиеттердің халыққа тарату жолы екі түрлі болды. Басым көпшілігі әңгіме етіп отырған дәуірде кітап, газет шығару ісінің едәуір жанданғанына байланысты жазба түрде таралды. Көпшілігі араб графикасымен басылды. Сонымен қатар орыс графикасы да қолданылды. Ы.Алтынсарин «Хрестоматиясының» 1879 жылғысы, Васильев, Алекторов құрастырған оқулық-хрестоматиялар, Радлов, Ильминскийдің кітаптары, христиан діні миссионерлерінің кітапшалары орыс әрпін пайдаланды.

Көркем әдебиет үлгілерінен жазба түрде көбірек таралғаны ауыз әдебиеті үлгілері болды. Өткен ғасырдың I жартысынан бастап-ақ жиналып, жазылып алына бастаған фольклорлық мұраның көпшілігі XIX ғасырдың II жартысында жариялана бастады. Олар екі түрде: бірінші – жеке-жеке кітапша болып араб әрпімен шықты: «Ер Тарғын» (1862, 1876, 1879, 1881, 1898)¹², «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» (1878, 1879, 1890, 1894, 1896), «Қисса Қамбар» (1888, 1896), «Қисса Қыз Жібек» (1894, 1896, 1899, 1900), «Қисса Айман-Шолпан» (1896, 1901), «Қисса Алпамыс» (1899, 1901), «Пословицы, записанные со слов киргиз Тургайской области» (1892) т.б. Екінші – орыс ғалымдары мен ағартушылары, қазақ ағартушылары (Ы.Алтынсарин) құрастырған хрестоматияларда, үлгілерде және басқа кітаптарда (жинақтарда) жарияланды. Радлов В.В. «Образцы народной литературы. Т. III (Киргизское наречие). 1870; Березин И. Турецкая хрестоматия. Т. III. 1876. Васильев А.В. Образцы киргизской народной словесности. Вып. I. Киргизские сказки, 1898. Лютиш Я. Киргизская хрестоматия. 1883 т.б.).

¹² Әңгіме өткен ғасырдың II жартысындағы кітаптар болғандықтан, бұл жырлардың 1900 жылдан кейінгі басылғандарын көрсетпедік.

Көркем әдебиеттің жеке ақындар творчествосына қатыстылары да екі түрлі жарияланды. Бірен-сараны ғана жеке кітап болып ұсынылды: Дулаттың «Өсиетнамасы» (1880). Әубәкір Кердерінің «Әдебиет қазақиясы» (1905), Шортанбайдың «Қисса-и-Шортанбайы» (1890), Мұраттың «Үш қияны», «Балазары» т.б. Ал қалғандарының шығармалары қолжазба күйінде және ауызша жаттап алып айтып беру түрінде тарады. Ілгергі кезеңдерде Бұқар, Шал, Тәтіқара, Үмбетей, Жанкісі, Ақтамберді, Махамбет, Доскожа, Нысанбай, Жанұзақ, Шернияздардан бастап, біз сөз етіп отырған кезеңде жасаған Жанақ, Орынбай, Шөже, Арыстан, Кемпірбай, Сүйінбай және... Абай өлеңдері өз тұстарында баспа беттерін түгел көрген жоқ (тіпті қазірдің өзінде де бұлардың күллі творчествосы қағаз бетіне түсіп болды дей аламыз ба?).

Ауыз әдебиеті мұраларының да басымы ауызша түрде тарады.

Әсіресе, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, тұрмысалт өлеңдері бұрыннан да ауызша сақталып келді. Және сөз етіп отырған дәуірде де негізінен ауызша таралды. Олар түгіл үлкен-үлкен эпостық полотнолардың да әр алуан варианттары түгел баспа бетін көрмей, ауыздан ауызға жаттай отырып жеткізілді. Әдебиеттің ауызша сақталып, ауызша таратылуының олардың тіліне ететін әсері мен салдары елеулі болды.

Сондай-ақ әдебиеттің жазба түрлерінің де дамуы тілге ықпалын тигізді.

Міне, Абайды қоршаған әдебиет түрлері мен олардың тілдерінің жалпы сипаты осындай еді. Абайдың бұларға қарым-қатысы мен көзқарасы, әрине, біркелкі болған жоқ. Бірқатары, мысалы, жалпыхалықтық тілде жырланған бай ауыз әдебиеті үлгілерінің тілі ұлы жазушының нәр алған бұлағы болса, сол жалпыхалықтық тілде жырларын кейбір жеке ақындар тіліне Абайдың сынай қарағаны байқалады. Ал кітаби тіл үлгілеріне деген көзқарасы мен талғамы өз алдына бір бөлек (Бұлар жайында келесі тақырыптарда ашып айтылады).

Абай және қазақ әдеби тілі

Абайдың қазақ әдеби тілі даму тарихындағы алатын орны туралы қазіргі қоғамдық ой-пікірімізде негізгі бір тұжырымы бар, ол: «Абай – қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы» деген қағида. Тұжырым біреу болғанмен, оған жанама көптеген мәселеге қатысты көзқарастар мен пікірлер әрқилы. Солардың бірқатарын атап көрсетіп, күн тәртібіне ұсынамыз, енді бірсыпырасы жөнінде өз топшылауларымыз бен тұжырымдарымызды білдіреміз.

Ең алдымен, «әдеби тіл» және «жазба әдеби тіл» туралы ұғым- түсініктеріміз анық, айқын және бірдей емес. Бірқатар зерттеушілеріміз «Абай – қазақ жазба әдебиетінің атасы» дей отырып, оған дейін қазақтың әдеби тілі болған жоқ деген концепцияны ұсынады. Тіпті «Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде ең шоқтықтары биік Бұқар, Шортанбай, Дулаттардың тілі әдеби емес» деген тұжырымдар бар: «В языке Шортанбая, Бухар жырау и других мы видим, во-первых, некоторый оттенок жаргонной речи, во-вторых, необработанность. На этом основании мы не можем считать их произведения образцами подлинно литературного языка»¹³. Керісінше, М. Әуезов, С.Мұқанов, Қ. Жұмалиев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев т.б. сияқты ғалымдар Абайға дейінгі тарихта әзірге аты белгілі ақын-жыраулардың қазақ әдеби тіліндегі орнын жоғары бағалайды. Демек, қазақтың тілін әдеби дәрежеге көтеріп, әрі қарай дамытуда олар, идеологияларының қайшылықтарына карамастан, әрқайсысы белгілі рөл атқарып, үлес қосқандарын айтады. Және «сөздері бірі жамау, бірі құрау» деп сынай отырса да, бұл ақындар Абайға тіл жағынан, яғни көркемдеу шеберліктері жағынан әсер етпей қоймағаны да айтылады. М.Әуезов бұл ойды ашық білдіреді: «[Абай] хотя боролся против феодально-патриархальной идеологии таких поэтов, как Бухар, Шортанбай, Дулат, и высказывает о них кое-какие критические суждения, все же он не мог пройти мимо особенностей их литературного дарования»¹⁴. С.Мұқанов та бұларды: «өзінен бұрынғы

¹³ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959.

¹⁴ Ауэзов М. Вопросы казахского литературного языка // Дружба народов. - 1951. - № 6.

қазақ фольклорын идея жағынан да, көркемдік жағынан да, техника жағынан да тереңдете алмады», «мән-мақсаттары жадағай болды», – дей отырып, Абайға дейінгі қазақ ақындарының «екпіндеген жүйріктері», «талапты ақындар» деп бағалайды¹⁵. Қ. Жұмалиев Шортанбайды қазақ поэзиясына (тілі жағынан) пәлендей үлес қосты, байытты деп айта алмайтындығын, бұл жағынан Шортанбайдың Дулатқа тең келмейтіндігін айта отырып, Дулаттың қазақ әдеби тіліндегі орнын жоғары көтереді. «Дулат – өз кезіндегі әдебиеттің, оның поэтикалық тілінің дамуына елеулі еңбек сіңірген адам»¹⁶. «Абайға дейін де қазақ әдеби тілінің үлгілері болды» дегенді І.Кеңесбаев та айтады¹⁷.

Демек, «қазақтың халықтық тілінің әдеби нормалары Абайға дейін де болған» деген белгілі бір шамада пікірлер бар. Және бұл жердегі «әдеби» деген терминді зерттеушілердің көпшілігі қазақтың «жазба әдеби тілі» және «кітаби тіл» деген категориялардан бөлек алып пайдаланады. Көпшілік мамандар қазақтың жазба әдеби тілін Абай мен Ыбырайдан, тіпті кейбіреулер «Дала уалаяты газетінен»¹⁸ бастайды. Ал «кітаби тіл» деген мүлде өз алдына бөлек дүние деп қаралады, оны «шағатай тілі» деп аталатын ортаазиялық жазба әдеби тіл дәстүрімен астарласып жатқан тіл» деп табады. Сонда Абайға, Ыбырайға, тұңғыш баспасөзге дейінгі «қазақ әдеби тілі» дегенді қандай ұғымда түсінуіміз керек? Ауыз әдеби тілі ме (*жазба* дегеннің антонимі ретінде)? Ол күнде «ауыз әдебиеті тілі» және «ауызша әдеби тілі» деген ұғымдарды қалайша түсініп, қалайша атауымыз керек? Бұл мәселелерді ешкім осылайша тікелей қоймаса да, олар әр тұста, әр зерттеушіге өздері туралы білдіріп, еріксіз атау іздеттіріп қояды. Мысалы, әдебиеттану саласында Бұқардан бастап Абайға дейінгі 200-ге тарта қалам иесінің мұрасын ауыз әдебиетіне де, жазба әдебиетке де ашып жатқыза алмағандықтан, «тарихи әдебиет» деп те атап жүр. Ал сонда тілдері қай әдеби тіл типіне жатпақ? «Тарихи тіл» деген әдеби тіл категориясын ұсыну керек пе? Кейбір ғалымдар

¹⁵ Муқанов С. Жарқын жұлдыздар. - Алматы, 1964. - 277-278-б.

¹⁶ Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. - Алматы, 1967. - 85-б.

¹⁷ Кеңесбаев С. Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - № 9. - 125-б.

¹⁸ Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі. - Алматы, 1949. - 9-б.

Абайға дейінгі бір жарым-екі (сірә, одан да көбірек) ғасырлық қазақ әдебиеті уәкілдерінің кейбіреулерінің тілін жазба әдеби тіл элементтері бар үлгілер деп те табады. Мысалы, акад. І.Кеңесбаев: «Таким образом, до Абая имелись зачатки казахского литературного языка, которые нашли свое проявление... в трудах отдельных писателей зарождающейся письменной литературы (Махамбета Утемисова, И.Алтынсарина)»¹⁹, – деп жазады. Демек, Махамбетте жазба әдеби тіл элементтері болса, Шерниязда, Дулатта, Шортанбайда т.б. неге болмайды? «Ауыз әдебиеті дәстүрлерімен әлі де тығыз байланысты XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының творчествосында жазба әдебиет элементтері пайда бола бастайды» деген пікірді Ы.Дүйсенбаев та ашып айтады²⁰. Бірақ бірде-бір зерттеуші бұларды таза *жазба әдеби* тіл өкілдері деп атамайды: «бұларда жазба әдебиеттің нышандары, элементтері болды» деп қана өтеді.

Сөйтіп, зерттеушілердің көпшілігі Абайдың алдында поэзия жанрындағы қазақ көркем әдебиет дәстүрі болғанын мойындайды. Және бұл дәстүрді Абай көрмей, одан өз қажетін алмай өтпегенін де айтады. Абай творчествосын арнайы зерттеуші С. Мұқанов Абайдың қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, өзіне дейінгі және өзімен замандас ақындар шығармаларын жақсы білгендігін айта келіп: «Абайға жалпы қазақ поэзиясының игі ықпалы болғандығын жоққа шығара алмаймыз»²¹, – дейді.

Демек, Абайдың алдында қазақ әдеби тіл дәстүрі болды. Ол дәстүр негізінен көркем әдебиет саласында, оның ішінде поэзия жанрында дамыды. Негізі – қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінің нормалары болды. Бұл әдеби тіл дәстүрі басын ауыз әдебиетінен алып, онымен жарыса, жапсарласа отырып дамыған. Соңғы кездердегі іздену-зерттеулерге қарағанда, XV ғасырдан, қазақ халқының этникалық тұтастық болып құрылған кезінен басталған қазақ әдебиеті келесі ғасырлар бойына үзілмей келгенін байқаймыз. Әрине, тілдік талдауларда

¹⁹ Кеңесбаев І. Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - № 9. - 125-б.

²⁰ Дюсенбаев И. Т. Проблемы изучения истории казахской литературы дореволюционного периода. Автореф. докт. дисс. - Алма-Ата, 1966. - 9-б.

²¹ Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. - 286-б.

XV ғасырдағы Қазтуған жыраудан, Асанқайғыдан, бері қарай Доспамбет, Шалкиіз, Марқасқа, Жиёмбеттерден (XVI ғасыр), XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген деп тапқан Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Көтеш, Бұқар, Шалдардан²² қалған деп танитын мұралар бізді үлкен бір қиындыққа душар етеді. Ол – бұл мұралардың ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға көбінесе ауызша жеткендігінен тілдік құрылысы да бірте-бірте өзгеріп, сол хатқа түскен (ең әрісі XIX ғасырда)²³ кездегі түрге келгендігі. Тіпті өлеңнің мазмұны, идеясы сақталған күнде де, ішіндегі кейбір көне сөздер кейінгі ұрпақтарға түсінікті жаңа сөздермен, кейбір көне грамматикалық тұлға-тәсілдер кейінгілерімен ауыстырылып отырғаны даусыз. Сондықтан қазіргі Қазтуғандікі деп талдап жүрген толғау текстері тілі жағынан XV ғасырда дәл осындай болды деу өте қиын. Оның үстіне кейбір шығармалардың авторы кім екендігінің өзі күмәнді. Бір ғана мысал келтірейік. Зерттеуші М. Мағауин XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың 60-жылдарына дейін жасаған Шалкиіз жыраудың шығармасы деп мына тексті келтіреді:

Еділден шыққан сызашық
Біз көргенде, тебінгіге жетер-жетпес су еді,
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе, Тәңір етті!
Жарасына қыршын біткен тал еді,
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе, Тәңір етті!
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде,
Тең атаның ұлы едің,
Дәрежеңді артық етсе, Тәңір етті²⁴.

²² Мағауин М. М. Казахские акыны и жырау XV-XVIII вв. - Автореф. канд. дисс. - Алма-Ата, 1966.

²³ Аристов Н.А. XIX ғасырдың аяқ кезінде қазақтар арасында хатқа түсірілген өлең, аңыз әңгіме, эпостық жырлардың бар екенін айтады // Живая старина. - 1894. - Вып. III-IV. - 394-б.

²⁴ Мағауин М. Әдебиетіміздің тарихы әріде жатыр // Жұлдыз. - 1966. - № 1.

Мұны: «Шалкиіз өзінің әміршісі – Ноғай ордасының князі Темір биге ашуланып айтқаны еді», – дейді. Осы тексті (азын-аулақ өзгерісі бар) өзінің хрестоматиясына Ыбырай да кіргізеді. Ол бұл өлеңді: «бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі», – дейді («Киргизская хрестоматия». - 1879. - 70-б.). Осы тексті (тағы да азын-аулақ өзгерісімен) Т.Кәкішев «Махамбеттің жаңа жолдары» деп «Қазақ әдебиеті» газетінің 1956 жылғы 46-нөмірінде жариялады. Бұл тексті ол «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 7-8-нөмірінен алыпты. Мұнда Махамбет бұл сөздерді ашуланып Жәңгір ханға айтқан болып шығады. Біз текстология жайындағы бір мақаламызда ішіндегі *Еділ, құба тал (Жағасына біткен құба тал* – ал жоғары екеуінде *қыршын біткен тал)* деген жеке сөздеріне, өлең ұйқастыру тәсіліне, метрикалық ерекшелігіне және Тәңірден, Құдайдан көру сияқты тұжырымына қарап (Махамбеттің өзге өлеңдеріндегі: «*Тәңірім білер жігіттер, Ажалымыз қайдан-ды*», «Тандансақ тағы болар ма, *Тәңірдің салған бұл іске*», «Аман барда хан шаппай, *Тәңірі қылды не амал бар?»*) дегендерге назар аударып), бұл шумақ Махамбеттікі болып қалар деп шамалағанбыз²⁵.

Сөйтіп, бұл текст кімдікі, тіпті қай ғасырдікі? Тілі жағынан, әрине, бертіңгі, XIX ғасырдікі деуге болады, бірақ XV-XVI ғасырдан бізге ауызша жеткен өзге текстердің тілдік белгілері сақталған ба? Жоқ. Рас, XV-XVIII ғасыр ақын-жырауларының аузынан шыққан деген текстердің ішінде бір алуан бейтаныс сөздер бар, бұлар «көнөнің көзі», ілініп жүрген реликтілер (қалдықтар) болуы да әбден ықтимал, мүмкін, тіпті кейде осы сақталып қалған бірер көне сөзіне, тұлғасына қарап та текстің көнелігін, ертеректегі қазақ әдеби тілі үлгісіне жататындығын дәлелдеуге болар.

Дәл осы жерде, осы сәтте бізге ең қажеті – XV ғасырдан бері келе жатқан қазақ әдебиетінің текстері емес, сол әдебиеттің болған фактісі мен тілінің негізінен халықтық сөйлеу тілі болғанын білуіміз, яғни бізге қажеті – Абайдың алдында неше ғасыр бойы қазақтың тума әдебиетінің халықтық тіл негізінде өмір сүріп, дамып келгендігі. Бұл – Абайдың тіл тандауында шешуші рөл атқарған күштің бірі.

²⁵ Сыздықова Р. Текстология мәселелері // Жұлдыз. - 1965. - № 5.

Бұл әдебиеттің тілін біз «Абай, Ыбырайға дейінгі қазақ әдеби тілі» деп атадық. Әдеби деп атауға толық правомыз бар, өйткені бұл – барлық саласында да белгілі бір нормалары бар, ол нормалары көпке ортақ, дұрыс деп танылған, үлгілі тіл. Әрберден соң, әдеби тіл дегенді қазіргі білім дәрежемізден танытын анықтама²⁶ тұрғысынан алсақ та, қазақтың ертеректен келе жатқан, Абай, Ыбырайға дейінгі және олармен тұстас көркем поэзия тілін (жеке ақын-жыраулар творчествосының тілін) нағыз әдеби тіл категориясына әбден жатқызуға болады. Мұнда көркемдеу тәсілдерінің едәуір дәстүрлілігін былай қойғанда, лексика-фразеология саласындағы тұрақты нормаларды, грамматикалық тұлға-тәсілдердің басты-бастыларының стандартталып, біркелкі жүйеге түскенін көреміз. Фонетикалық құрылымы жағынан да өткендегі қазақ әдеби тілінде алшақтықтардан гөрі, бірдейлік басым, демек, жалпыға тәнділік сипаты күшті. Бұл жақтарынан алғанда, бұл тіл тек әдеби емес, тіпті жазба әдеби тіл категориясына да едәуір жуықтайды. Бірақ біз басы ертеректен (біздіңше, XVIII ғасырдан да көпбұрын) басталған қазақтың жеке ақын-жыраулары творчествосының тіліне шын мәніндегі «жазба әдеби тіл» деген терминді тели алмадық, өйткені осы күнгі танылып жүрген ұғым бойынша, жазба әдеби тіл болу үшін жазу дәстүрі, жазуы болуы қажет (О.Ахманова сөздігінің 532-бетін қараңыз). Ал бұл әдебиет негізінен жазу арқылы емес, ауызша таралып, ауызша формада қызмет еткені мәлім. Дегенмен біз бұл әдеби тілде жазба әдеби тіл элементтері басым дегенді баса көрсетеміз. Өйткені жазба әдеби тілдің белгісі тек жазба түрінде қызмет ететіндігі емес, оның жоғарыдағыдай нормалану, тұрақталу, стандартталу, көпшілікке ортақтану белгілері де жазба әдеби тілге тән болуы. Жазу – осы белгілерді дүниеге келтіретін, жүзеге асыратын құрал (форма). Ал ертедегі қазақ әдеби тілінің бұл белгілерді орнықтырған құралы формальдық жағынан өзгелеу болды: бұл мұралар кітап болып таралмады, ауызша «басылып» таралды, әрбір таратушыны (жырлаушы-

²⁶ Язык литературный (язык стандартный) – образцовый, нормализованный язык, нормы которого воспринимаются как правильные и общеобязательные и который противопоставляется диалектам и просторечию (Аханова О.С. Словарь лингвистических терминов. - М., 1966. - С.532).

ны) осы күнгі магнитофон лентасына ұқсатсақ та болар ма еді (кім біледі, келешекте әдеби мұралар кітап (жазу) арқылы емес, ленталар арқылы да таралып, өмір сүруі мүмкін). Демек, жазу – әдебиетті сақтап, таратудың сыртқы формасы. Ал ішкі мәні – әдебилігі, көпке ортақтығы, нормалылығы – қалай тараса да (кітап арқылы, ауызша немесе лента арқылы), табылатын болса, ол тіл – әдеби тіл. Және Абайға дейінгі қазақ әдеби тілінің жазба деген лауазымға «кұрық сала алатын», біздіңше, тағы бір себебі бар, ол – қолжазба түрінде (бізге олар жетпесе де) таралу белгісі. Бұл фактінің қазақ қоғамында, әсіресе, соңғы ғасырларда бар болғандығына ден қоюымыз қажет.

Қазақ ақындары шығармаларының өткенде (тіпті үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарына шейін) қолжазба түрде таралуы жайында түбегейлі әңгіме болмай келеді. Оған басты себептердің бірі – сол қолжазбалардың өздерінің көп сақталмауы. Бір жағынан, қағаз жинауға машықтанбай, салақтық жасап жойып жібергендіктерінен, екінші жағынан, қолжазбаларды сақтап, жинап отыратын мәдениет орталықтарының (кітапхана, архив т.б.) болмағандығынан, қазір біздің қолымызда өткен ғасырларда жазылған қолжазба дәптерлер көп емес. Дегенмен олардың бар екенін Мәшһүр Жүсіп дәптерлері (бірақ елге тарату мақсатымен емес, жинау мақсатымен жазылған), Мүрсейіт, Жандыбаев, Оразке дәптерлері (бұлар бертінде, үстіміздегі ғасырда жазылған), сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық кітапханасында жиналған бірқатар дәптерлер дәлелдейді. Ал әдеби тіліміздің тарихын зерттеу үшін мұндай дәптерлердің құны орасан зор болмақ. Сондықтан қазақ ақындары мұраларының өткен ғасырда жазылған қолжазбаларын (мейлі автограф болсын, мейлі өзгелер жазған болсын) жинап, зерттеу объектісіне айналдыру мәселесі кезекте тұр деп санаймыз.

Сөйтіп, өткенде, әсіресе, XIX ғасырдың соңғы ширегінде жеке ақындар үлгілерін қолжазба арқылы тарату дәстүрі болғаны хақ. Ақан серінің «Азғантай мен жазайын ақыл *дәптер*» (Ақан, 272) дегеніне және басқаларының да (Дулат, Шортанбай, Майлы) өлеңді *айтып шығардым* демей, *жаздым* деп келетіндігіне қарағанда, бұлар шығармаларын дәптерге

түсіріп, тіпті одан басқалары көшіріп, «ақыл дәптер» жасап таратқанға ұқсайды. Абай тарихын жете білген М.Әуезовтің жазғандарына қарағанда, ақын шығармалары да, әсіресе, «Қара сөздері» қолжазба түрінде кең таралған. Мысалы, Абайдың қызы болып, баурында өскен немересі – Уасиланың Абай туралы естелігінен мынадай қызық фактіні оқимыз: «Әлі есімде, бір күні біздің оқып отырған үйімізге әкем келді. Әдеттегідей бәріміз орындарымыздан тұрдық. Әкем айнала қарады да: «Отырындар!» – деді. Біз отырып жайласқан соң, молдаға қарап: «Балаларға мына бір кітапты әкелдім, осыны көшіріп көбейтіп, бала басына бір-бірден таратып бер. Бүгіннен бастап осы кітапты қоса оқыт!»– деді. Біз қуанып кеттік. Әкем үйден шыққан соң, молда әлгі кітапты алды да, бас жағын оқыды, кітап қолжазба екен. Біз ол кітапты көшіріп алып оқи бастадық... Кейіннен байқасам, сол кітап әкемнің «Ғақлия» атты қара сөзбен жазылған кітабы екен. Біздің молдадан бұл кітапты естіген басқа молдалар да келіп көшіртіп алып, өз шәкірттеріне оқытып жүрді»²⁷.

Әсіресе, XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген ақындардың өз тұсында баспа бетін көрмеген ұзақ-ұзақ шығармаларының бізге түгел жетуі, сөз жоқ, жазу арқылы болды. Ол жазу, әрине, тек қолжазба түрінде болғаны даусыз. Тіпті өздері жазып шығармай, импровизациямен ауызша туғандар да кейін жазылып алынып, кейбіреулері сол арқылы баспаға берілгені белгілі. Мысалы, атақты Біржан мен Сараның айтысы – о баста, ауызша қолма-қол туған дүниелер. XIX ғасырда жарық көрген бұл асыл мұра әуелі қолжазба түрінде ел ішіне тараған. Сол сияқты кең байтақ қазақ даласының қиыр батысын мекендеген Шернияз өлеңдерінің Шығыс аудандарға, Жетісуға мәлім болғандығына қарағанда, тек ауызша жатталып таралуы аздық ететін сияқты, әр өлкеге көптеп болмаса да, бір-екі қолжазба келіп, содан қалың елге ауызша тарап кетуі әбден қисынды.

Бұл да жазба әдеби тілдің дәл өзі демегенмен, оның элементі бар деп айтуға мүмкіндік беретін тәрізді. Сөйтіп, өзге түркі халықтарына (өзбек, ұйғыр, әзірбайжан, татар т.б.)

²⁷ Абай туралы есте қалғандар. Қолжазба. Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасының қолжазбалар қоры.

қарағанда, қазақтың әдеби тілі о бастан көркем поэзия саласына қызмет етіп, жалпыхалықтық қазақ тілі негізінде дамып келіп, жазба әдеби тілдің жаңа этапын бастаған Абай, Ыбырай тілдеріне ұласқан. Ол жол-жолай ортаазиялық әдеби тілмен де («түркімен» немесе «шағатаймен»), ауызекі сөйлеу тілімен де тағдырлас, замандас, үзеңгілес болып отырғанымен, өз шекарасын айқындап жеке дамыған. Сөз жоқ, үзеңгілестерінің ықпал-әсерін де алып отырған, әсіресе, халық ауыз әдебиеті тілін қайнар бұлағы, үлгі алар «ағасы» ретінде тұтқан, бірақ өз «паспортын» сақтаған. Сондықтан қазір «тарихи қазақ әдебиеті» немесе «авторы мәлім қазақ әдебиеті» я болмаса «Абайға дейінгі қазақ әдебиеті» деп жеке атау алып, оның тілі де ауызекі сөйлеу тіліне де, «кітаби тілге де», фольклор тіліне де, қазіргі жазба әдеби тіліне де жатқызылмай, өз алдына сөз болып келеді.

Міне, Абай тірек еткен, иек артқан, барын дамытып, жоғын толықтырған қазақ әдеби тілінің сыр-сипаты, атақ-лауазымы осындай болды.

Абай және «кітаби тіл»

Кейбір ғалымдар (І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев) Абай, Ыбырайды «қазақтың *жаңа* жазба әдеби тілінің негізін салушылар» деген тұжырымды ұсынғанда, *жаңа* сын есімін қолдануларынан «бұған дейін де қазақтың жазба әдеби тілі болды» дегенге меңзейтіні көрінеді. Абай мен Ыбырай тілдерінен өзге қазақтың ескі жазба әдеби тілі деп бірқатар тіл мамандары «өткен ғасырларда қазақтардың мәдени өмірінде қолданылған кітаби тіл» дегенді атайды²⁸. «Кітаби тіл» деген терминнің де ұғымы қазақ филологиясында күні бүгінге дейін анық-айқын мәнге ие болмай келеді. Біреулер құбыжық, жағымсыз, енді біреулер жағымды мағыналық реңктермен қолдануларының үстіне, бұл атаудың («кітаби тіл») қазақ филологиясындағы ұғымы мен жалпы лингвистикадағы орысша «книжный язык» дегеннің аудармасы ретіндегі ұғымы мүлде бір-бірінен бөлек екенін көрсетеміз.

²⁸ Мусабаев Г. Современный казахский язык. - Алма-Ата, 1959. - С. 107.

Жалпы тіл білімінде *кітаби сөз, кітаби лексика, кітаби конструкция* деп ойды дәл, анық беру үшін жазба әдебиетте қалыптасқан элементтерді атайды²⁹. Демек, бұл анықтамаға қарасақ, осы күнгі жазба тілімізде қолданылатын *көрініс тапты, екпінді қарқын, жұмыс алға басты, шетелдік қонақтарды жылы қабылдадық* тәрізді публицистикалық стильге тән, яғни газет-журналдар бетінде ғана табылатын сөздер мен тіркестерді «кітаби тіл элементтері», яғни «кітаби лексика», «кітаби фразалар» деп әбден атауымызға болар еді. Бірақ қазір бізде, қазақ лингвистикасында, бұл терминді осы күнгі (Абайдан бертінгі) әдеби тілімізге қатысты еркін қолдана алмайтын жайымыз бар. Ол – шатастырып алмау қаупіміз. Өйткені *кітаби* деген атрибут ХІХ ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазақ филологиясында жоғарыда көрсетілген өзіне тән жалпы ұғымнан басқа категорияны білдіретін мағынада қалыптасып кетті. Осы атауды ең алғашқы қолданған Радлов, Васильев сияқты орыс ғалымдарының, орысша айтқанда, «аяқ-қолы жеңіл болып», бұл терминмен бізде тек қана шағатай (ортаазиялық түркі әдеби тілі) тілін немесе өзге түркі тілдері (мысалы, татар т.б.) элементтері бар үлгілер тілін атайтын болып кетті. Алғашқы кезде орыс ориенталистері бұл сөзбен ХІХ ғасырда пайда болған: жаңа діни қисса-жырлардың тілін атаған. Мысалы, В.В.Радлов: «Произведения киргизской³⁰ литературы сами киргизы разделяют на два отдела, народные изречения (қара сөз) и книжные песни (кітап өлең)... Книжные песни получают свои названия от того, что певец... читает их по писаной книге. Сочинители таких книжных песен – муллы, киргизские грамотеи»³¹, – деп жазады. Кейіннен, біздің кезімізде «кітаби

²⁹ О. С. Ахманованың сөздігінде бұған мынадай түсініктеме берілген: «Книжный– характерный для литературной письменной речи (свойственный письменной литературной речи) и отличающийся большим педантизмом и обстоятельностью вследствие необходимости обеспечить точность выражения без обращения к контексту ситуации». (Словарь лингвистических терминов. - М., 1966. - С. 198).

³⁰ Өткен ғасырдағы қазақ халқы, әдебиеті, тілі туралы жазылған әдебиеттерде *қыргыз* сөзінің *қазақ* дегеннің орнына қолданылғандығы көпшілікке аян болғандықтан, әрдайым ескертіп отырмадық.

³¹ Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Киргизское наречие. - Ч.І. - СПб., 1870. - С. XVIII.

тіл» деген атауды бірнеше ұғымда қолдандық. А.Н.Самойлович ұсынған термин бойынша «ислам дәуіріндегі ортаазиялық ортақ әдеби түркі тілі»³², Еуропа ғалымдарынша, «шағатай тілі» деген таза әдеби тілді әңгімелегенде де кейде «кітаби тіл» терминін пайдаланамыз. Сонымен қатар осы тілдің бір стилі ретінде ертеден Орта Азия түркі халықтарында қалыптасқан эпистолярлық-ресми әдебиеттің тілін де «кітаби тіл» деп атаймыз. Және таза шағатай тілінде емес, сол тіл мен татар, қазақ тілдерінің элементтерін араластырып жазған, «қазақ тілінде» деп ұсынылған әр алуан жанрдағы нұсқалардың, яғни діни қисса-дастандар, ислам канондарының аудармасы т.б. үлгілердің тілін де «кітаби тіл» деп жүрміз. Сөйтіп, үш бөлек категорияны бір атаумен білдіріп жүрген жайымыз бар. Тағы бір күнгірт жайт – осы үшеуінің қайсысы «қазақтың бұрынғы (Абайға дейінгі) жазба әдеби тілін танытады?» деген мәселе. Қазіргі отандық түркологияда орта ғасырлардан келе жатқан ортаазиялық түркі әдеби тілін (шағатай тілін) көне өзбек әдеби тілі деп тану тенденциясы басым. Ал Ғ.Мұсабаев мұны көне қазақ жазба әдеби тілі деп те таныды: «Поднепосредственным влиянием древнетюркского языка сложился так называемый чагатайский (древнеузбекский) письменный язык на основе арабской графики. Указанный чагатайский язык у тюркских народностей Средней Азии позже был литературным языком. Этот язык несколько отличается от казахского языка, но он был в общем понятен для носителей многих тюркских языков, в том числе и казахов. По этой причине этот книжный язык до XX в. существовал в обращении и в Казахстане»³³. Ал қалған ғалымдардың көпшілігі қазақ даласында өмір сүрген бұрынғы жазба әдеби тілге қазақша жырланған діни қисса-дастандар мен кейбір діни тақырыпты аударма дүниелер тілін жатқызады³⁴.

Қазақтың хан-сұлтандары мен кіші әкімшілік иелерінің XVIII-XIX ғасырларда орыс администрациясына және бір-

³² *Самойлович А.Н.* К истории литературного среднеазиатского турецкого языка // Мир-Али-Шир. Сборник к 500-летию со дня рождения. - Л., 1928. - С. 21.

³³ *Мусабаев Г.* Об изучении истории казахского языка... // Вестник АН КазССР. - 1951. - № 9. - С. 82.

³⁴ *Кеңесбаев І.* Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - № 9. - 124-б.

біріне ресми түрде жазысқан әр алуан қағаздарының (прошение, донесение, письмо, уведомление т.т.) тілін де кейбір зерттеушілер не жазба әдеби тіл үлгісі деп немесе соның бір стилі деп табады. Сөйтіп, бұл екі-үш мәселенің басын ашып алуға тура келеді. Ең алдымен, таза шағатай тілінде жазылған әдебиет өткен ғасырда, қазақ даласында да таралғанын, оны мұсылманша сауаты барлардың түсініп пайдалана алғандығын мойындай отырып, бірақ бұл тіл дәл біз әңгіме етіп отырған кезеңде қаз-қалпында тұрып, қазақ жазба әдеби тілінің қызметін де толық атқарды деп тануға, біздіңше, болмайтын тәрізді. Сөз жоқ, бұл жазба әдеби тіл өзінің бастапқы дәуірлерінде (XV-XVI ғасырларда) жеке этникалық единица (халық) ретінде құрала бастаған көптеген түркі халықтарына, оның ішінде қазақ халқына да тән болғанын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ кейінгі ғасырларда сан түрлі тарихи факторларға орай, жазба әдеби тіл кейбір түркі халықтарында үзілмей дамып, тіпті, көркем әдебиетке ықпалын тигізіп, қызмет сферасын кеңейткен де, енді біреулерінде, оның ішінде қазақ өмірінде, хат-хабар, кеңсе қағаздарының мүддесін өтейтін тар аяда қалып қойғанға ұқсайды. Қазақша көркем әдебиет тілі әуел бастан-ақ бұл жазба әдеби тілден бөлек дамыған да, ғасыр өткен сайын қазақ халқының ұлттық белгілерін айырып көрсете түсетін сипатта болған. Қазақ қоғамы дамуының әртүрлі жағдайларына байланысты кейінгі ғасырларда әдеби тіліміздің көркем әдебиеттен өзге стильдері, әсіресе, публицистика, ғылыми баяндау тәрізді прозалық стильдері дамымағаны көрінеді. Көркем әдебиеттің өзі негізінен ауызша таралу, ауызша сақталу сипатында өрбігендіктен, қазақ өміріндегі жазба әдеби тіл мен көркем әдеби тіл бірі стандартталып, нормаларын сақтап, екіншісі ғасыр өткен сайын халықтың ауызекі сөйлеу тілі нормаларына қарай икемделіп, өзгеріп, екеуі екі бөлек тармақтар сипатына ие болғаны байқалады. Жазба әдеби тіл – хат жазу (күні кешеге дейін қазақ тілінде жеке адамдарға жазылатын хаттардың «қадірлі уа құрметті, өзгеден артық көруші пәленшеге түгеншеден дұғай сәлем» деген сияқты штамп кіріспеден басталғандығы бәрімізге аян),

билеуші органдардың ресми документтері (хаттар, арыздар, мәлімдемелер, бұйрық-жарлықтар т.т.) тәрізді жазу үлгілеріне қызмет ететін прозалық-эпистолярлық стиль болып кеткен де, көркем әдебиет – халықтық әдеби тіл стилін танытатын тармаққа айналған. Ал XIX ғасырдың орта тұсынан бастап, тағы да қазақ қоғамының тарихи даму факторларына байланысты жазба әдеби тіл мұқтажы күшейеді. Ол тілді екі жерден іздеу керек болады: не бұрыннан қолданылып келе жатқан, бірақ қазақ мәдениетінде қызмет сферасы бұ кезде тарылған ортаазиялық жазба әдеби тілді пайдаланып, соны жандандыру немесе жаңа жазба әдеби тілдің іргетасын қалау.

«Тіл құрылысы» (языковое строительство) деп аталатын іс-әрекетке әлеуметтік күштердің саналы түрде араласуы тек кеңес тұсында ғана болғандығы тағы мәлім. Сондықтан XIX ғасырдағы қазақ қоғамы жазба әдеби тіл формасын қазіргідей тәртіппен келісе отырып іздеп тауып, қолайлысын ресми түрде қабылдау сияқты актілерді жүргізе алмаған. Сол себептен стихиялы түрде түркі халықтарына ортақ болып келе жатқан бұрынғы жазу дәстүрін көркем әдебиеттің тек эпистолярлық жанрында емес, өзге жанрларда да пайдалану әрекеті басталады. Бірақ бұл *пайдалану* деген сөзді *қолдану* деп, яғни «ортаазиялық жазба әдеби нормаларын бұлжытпай түгелімен қолдану» деп түсінуге болмайды. Зерттеуші Ә.Құрышжанов атап көрсеткендей, шағатай тілі, яғни ортаазиялық түркі жазба тілі мен қазақ даласында қолданылған кітаби тіл деген – бір категория емес³⁵. Қазақ жазуы шағатай тілін өзінше «сындырып» пайдаланды. Сондықтан шағатай тілінің лексикалық, грамматикалық нормалары бір үлгілерде мол, екіншілерінде аз немесе біреулерінде лексикалық белгілері басым, енді біреулерінде грамматикалық сипаты да едәуір білінген болып келеді. Мысалы, ресми документтерде лексика жағынан да, грамматика жағынан да ескі жазба әдеби тіл дәстүрі қатанырақ сақталған. Сондықтан бұларда қазақтың халық тіліне жат араб- парсы сөздерімен қатар өзге түркі (оғуз) тілдік сөздер де,

³⁵ Құрышжанов Ә. «Кітаби тіл» материалдарынан // Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері. - Алматы, 1960. - 2-шығ. - 73-б.

ләкин, уа, һәм, каю, ки (кім) тәрізді шылаулар да, етістіктердің III жағына көптік жалғауын қосу (*бармадылар*) тәрізді морфологиялық тәсілдер де, *ки, қию, диу* дәнекерлерімен құрылған сөйлем конструкциялары да кездеседі. Бұл «шағатайлық» белгілер кітаби тілде жазылған проза жанрының біразында ұшырасып отырады. Тіпті, кітаби тілде шығарылмаған, XIX ғасырда хатқа түскен халық жырларының кара сөз үзіктерінде бірен-саран кітаби грамматикалық тәсілдер енгізіліп жіберілгенін көреміз. Мысалы, «Қисса Қамбардың» 1888 жылғы Қазанда басылғанында: Күндерде бір күн Мақтым хан ноғайлының билеріне ұрысты: менің патша *уа һәм* күйеу болғаным қалай... «Қисса Алпамыштың» 1901 жылғы басысында: Байбөрінің Құлтай деген немере ағасы бар екен. Ол *һәм* перзентке зар екен. Байбөрі *һәм* Құлтай... Шыныбай деген бір *ұғыл* қалыпты. Алқисса ... қалмақтарының белі сынып, хүкіміне көніп *тұрдылар*.

Әрине, бұл – кітаби тілдің өзі емес, тигізген «салқыны». Сондай-ақ діни тақырыпта жырланған қисса-дастандарда кітаби тілдік сипат негізінен лексикасында болды. Бұларды о баста қазақтар *кітап өлең* деп атағанда олардың тіліне қарап емес, кітаптан оқылатындығына қарай атағаны сөзсіз, бірақ кейін қазақ халқының өз жырлары кітап болып шыққанда, екеуінің арасындағы тематикалық та, тілдік те, көркемдік те айырмасы қарапайым оқушының өзіне сезіліп тұрғаны және даусыз, сондықтан *кітаби өлең, кітаби ақын* дегендер жаңа діни мазмұнды, тілі өзгешелеу дүниелерге телініп, күні бүгінге дейін термин болып қалғанын көреміз.

Жазба әдеби тілдің өзі емес, оның жеке нормалары осылайша әр үлгіде әрқилы қолданылуына және кейде тәртіпсіз, жүйесіз қолданылуына қарай, оның үстіне бұл үлгілердің көпшілігінің мазмұны (діни) мен көркемдік дәрежесінің төмендігіне қарай қазақ даласындағы кітаби тілді жаргон қатарына жатқызатын пікірлер де жоқ емес. Бұл тұжырымды басы С.Е.Малов болып, көптеген ғалымдар білдіреді: «Книги, в редком случае появляющиеся до революции и считавшиеся написанными на казахском языке, на самом деле

были написаны на татарском языке с некоторым смешением этого языка с элементами казахского³⁶; или они писались на том книжном мусульманско-тюркском жаргоне, которым пользовались ученые без различия национальности: и татары, и башкиры, и казахи, и киргизы... Да и по содержанию эти редкие книжки были слишком специальные и однообразны. Религия и религиозная мораль – вот все их содержание. Язык этих книжек и книг был полон арабских и персидских слов, был полон татаризмов и чагатаизмов, т.е. элементов среднеазиатского тюркского, да узбекского языка»³⁷.

Діни қисса-дастандардың тілі жаргондық тіл («испорченный или смешанный язык») дегенді Ғ. Мұсабаев пен С.Аманжолов та айтады³⁸. Ә.Құрышжанов «қоспа тіл» деген терминді ұсынады³⁹, өйткені оның талдаулары М.Қалтаев шығармалары тәрізді үлгілердің тілі не таза қазақша, не таза кітаби емес, негізі қазақша, бірақ кітаби тіл элементтері араласқан деген пікірді дәлелдейді.

Қысқасы, осындай әр алуан, кейде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер кітаби тілдің әр жанрда, тіпті бір жанрдың ішіндегі әр нұсқада әртүрлі дәреже-сипатта және әртүрлі шеберлік-қисында бой көрсеткенін байқатады. Сондықтан бірқатары, мысалы, М. Қалтаев, Н.Наушабаев, Шәді төре, Әубәкір Кердері, Ақмолда тәрізді ақындар тілі «әдеби қоспа тіл» тәрізді болып, енді бірқатары, мысалы, Кашафуддиннің «қазақ

³⁶ С.Е.Маловтың татар тілінде жазылған деп отырғандары С.Мұқанов көрсеткендей, Кашафуддиндердің «Бастайын кітабімни хамди илән; Яраткан аллага айтмәк мінән» («Мақұлат». - Қазан, 1897) дегендер немесе Қ.Жұмалиев көрсеткендей, «Балалар әуел ашап болғаш, уақытыменен тамақ тойғаш, кітабларды қолына алғаш оқур сабақ яхшылап» («Қисса әдебі бала». - Қазан, 1895) деген сияқтылар болу керек. Шынында, бұлар – не таза қазақ тілінде, не таза татар тілінде, не таза кітаби тілде жазылған үлгілер емес. Татар молдалары мен жазушысымақтары қазақ оқушы жұртшылығына «қазақша» ұсынған «туындылары». Бұлар жөнінде зерттеуші С.Мұқанов («Жарқын жұлдыздар», 288-293-б.), Қ.Жұмалиев («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі», 170-174-б.) дәлелді мысалдарымен көрсетіп, өте жақсы айтып өткен.

³⁷ Малов С.К. К истории казахского языка // Известия АН СССР. - 1941. - № 3. - С. 99-100.

³⁸ Мұсабаев Ғ. Об изучении истории казахского языка... // Вестник АН КазССР. - 1951. - № 9. - С. 83-84; Аманжолов С.А. Қазақтың әдеби тілі. - Алматы, 1949. - 211-б.; Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1962. - 175-б.

³⁹ Құрышжанов Ә. «Кітаби тіл» материалдарынан // Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері. - Алматы, 1960. - 2-шығ. - 73-б.

тіліндегі» кітаптары бұзылған, шұбарланған жаргон болып, «Салсал», «Кербаланың шөлінде», «Сейітбаттал» т.б. касталық (діни) әдеби стиль т.б. болып көрінеді. Біздіңше, шындығында да солай тануымыз керек. «Кітаби тілде жазылды» деген үлгілердің, біріншіден, бәрі бірдей құбыжық еместігін, екіншіден, бұлардың ішінде іске татымайтын не әдеби, не тілдік құны жоқ, тілі жаргондық сипаттан аса алмағандарының да бар екендігін мойындасақ керек. Ал бұлардың дәл қайсылары қай топқа жататынын осы үлгілердің бәрінің тіліне жан-жақты лингвистикалық талдау жасап барып айырып, орындарын көрсету – келешектегі міндеттеріміздің бірі. Бірақ ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ мәдени дүниесінде өмір сүрген кітаби тілдік үлгілердің қайсысын қандай сипатта (әдеби ме, жаргон ба); қандай дәрежеде (жеке тілдік пе, әлде оның бір стилі ме?), қандай құрамда (қай жанрларға жатады?) екендіктерін әзірге жете айырып тани алмасақ та, бізге қазір екі нәрсе даусыз аян: бірі – қазақ мәдени дүниесінде осы кітаби тілге жататын жазу нұсқаларының болған фактісі, екінші – осы нұсқаларды біріктіретін, бір-біріне жақындастыратын белгілердің болу фактісі. Ол белгілер қандай? Біздіңше, мынадай:

1) лексикалық белгісі, яғни кітаби тілдік үлгілердің құрамында қазақ тіліндегілерге қарағанда, араб-парсы сөздері сан жағынан әлдеқайда көп болып келуі және халық тіліне еңбеген бейтаныс шығыс сөздерінің болуы.

Бұл сөздер тематикалық сипаты жағынан діни лексика да, діни емес те болып келеді, бірақ кітаби тілде жазылған қазақша шығармалардың көпшілігінің діни мазмұнына лайық, араб-парсылық сөз қабаты да, көбінесе, дінге қатыстылардан тұрады. Осы салада бір алуан абстракт ұғым атаулары да шығыс сөздері арқылы берілгені байқалады. Араб- парсы сөздерінен басқа оғуз тілдеріне тән және татар тіліне жататын жеке сөздердің ұшырасуы жазылған үлгінің кітаби тілдік сипатын танытатын белгінің бірі болады (осы тұрғыдан жоғарыдағы С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев және басқалары көрсеткен татарша нұсқаларды да кітаби тілдік жазбалар тобына қосып жіберіп жүрміз).

2) Грамматикалық белгісі. Оған қазақтың жалпы халықтың тіліне тән емес кейбір морфологиялық тұлғалардың актив қолданылуы жатады. Мысалы, өткен шақ есімшенің анықтауыштық қызметте көбінесе **-мыш** жұрнағы арқылы жасалуы, етістіктің III жағының **-дүр** формантын, көпшелікте **-лар** жалғауын тіркеуі; *бірлән, уа, һәм* тәрізді өзге тілдік шылаулардың қолданылуы; кейде (өте сирек) құрмалас сөйлемнің *ки (кім)* конструкциялы болып келуі т.б.

3) Орфографиялық белгісі. Бұл – қазақ сөздерінің сингармониялық заңға байланысты фонетикалық варианттарын ескермей, жалғау-жұрнақтарды бір-ақ вариантта жазу (*атлар, қазлар, балалар, атны, қазны, баланы, атлық, қазлық, балалықт.т.*); сөз басындағы **ж**-ның орнына **й** жазу (*йас, йахшы, иігірма*); сөз ортасына **ғ** әрпін қосып жазу (*йігірма, ұғлы, ұруғы – руы* т.т.), араб-парсы сөздерін оригиналдағыша жазу. Соңғының салдарынан қазақ тіліне еніп, бұрыннан «қазақыланып» кеткен кейбір сөздерді қайтадан «арабыландырып», «парсыландырып» жазу дәстүрі пайда бола бастаған: *зақыл, гадет, гамал, хүкім*. Және осы норманың салдарынан қазақ тіліне тән емес **ф, х** әріптері жиі жазылатын болған⁴⁰ (соның әсерінен болу керек Мүрсейітте *партия, доктор* деген орыс сөздері *фартия, дохтыр* түрінде жазылған).

Бұл орфографиялық тәртіп – тек кітаби тілдік үлгілер ғана емес, өткен ғасырдағы араб жазуымен берілген қазақ жазбаларының көпшілігіне тән болған норма. Емленің бұл нормасын біз шартты түрде «шағатайша-татарша орфограмма» деп атауды ұсынған болатынбыз⁴¹. Қалай атасақ та осылайша жазу өткен ғасырдағы жалғыз қазақ тілі емес, көптеген түркі тілдерін ортақтастыратын тәсіл – норма болғаны аян. Соның нәтижесінде ортаазиялық түркі тілінде жазылған кейбір нұсқаларды әр халық уәкілі өз тілінің фонетикалық құрылымына сәйкестендіріп оқитын дәстүр де пайда болған⁴².

⁴⁰ Кітаби тілге тән дыбыстық, орфографиялық ерекшеліктер туралы Ө.Құрышжановтың аталған мақаласында кең түрде, өте жақсы көрсетілген (75-88-беттерді қараңыз).

⁴¹ *Сыздықова Р.* XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. - Алматы, 1963. - 5-шығуы. - 22-б.

⁴² *Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ.* Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1962. - 176-б.

Шағатайша-татарша емле нормасы араб жазулы қазақ кітаптарының көпшілігіне тән болғандығынан тек кітаби тіл үлгілері емес, қазақтың төл ауыз әдебиеті үлгілерінің де өткен ғасырдағы баспалары осы ережемен жазылған. Сондықтан эпостың жырларда «иігірмеде яшы бар, ялғыз туған башы бар» деп жазып «жиырмада жасы бар, жалғыз туғанбасы бар» деп оқуға тура келген. Дегенмен бұл норманың күллі қазақ орфографиясына ортақ шарттылығынан гөрі, дәстүрлік, «кітабилық» сипаты басым болғанын осы жазу нормасының кей үлгілерде сақталмай бұзылып отырғандығы көрсетеді. Мысалы, «Дала уалаяты» газетінде ресми бөлімде берілген жарлық-бұйрық, үндеулерде көбінесе шағатайша-татарша жазу нормасы сақталған да, жай корреспонденцияларда, әсіресе, қазақ әдебиеті үлгілерінде, мысалы, «Жиренше шешен һәм Алдар көсе» (1889, №5) немесе Еңлік-Кебек туралы әңгімеде (1892, №29) сингармонизм заңы да сақталған, сөз басындағы **ж** әрпі де өз орнында. Сондай-ақ бұл емле нормасын орыс ориенталистері жинап бастырған үлгілерде, әсіресе, орыс графикасымен берілгендерінде мүлде қабылдамаған. Ал Абай текстеріне келсек, ең алдымен, автордың өзінің қалай таңбалағанын айтуға мүмкіндігіміз жоқтығы белгілі, өйткені Абайдың автографтары жоқ. Мүрсейіт дәптеріндегі орфографиялық тәртіп мынадай:

1) қазақ сөздері, негізінен, қазақша жазылған, яғни мүмкіндігінше үндестік заңына лайық қосымшалар құбылып отырады (қатаң-ұяндықтарынан басқасы).

2) Сөз басындағы **ж** әрпі **м**-мен алмастырылмайды (*йігірма* деген бір сөзден басқасында).

3) Қазақтың халықтық тіліне енген араб-парсы сөздері «қазақы» түрінде жазылады: *өмір* (*ғұмыр* емес), *ақыл* (*ғақыл* емес), *дос* (*дост* емес), *айла* (*һайла* емес), *есеп* және *хисап* (*һесап* емес), *әдет* (*гадет* емес), *диқан* (*дехкан* емес) т.т. Мүрсейіт дәптерлерінде кейбір шығыс сөздері бастан-аяқ бір тұлғада, осы күнгіден өзгеше жазылады. Олар: осы күнгі *әр*, *еш* сөздері әрдайым *һәр*, *һеш* түрінде келеді. Бұлар жалғыз Мүрсейіт емес, күллі арабша жазуда осылай таңбаланып келген. Осы күнгі *Құдай*, *қызмет*, *құрмет*, *хайуан*, *пайда*, *молда*,

Алла – Алда, жапырақ, парыз, қапа, қате, шапқат, нәпсі, тарап тәрізді жазып жүрген сөздеріміз Мүрсейіт қолжазбасында (1905 жылғы) әрдайым *Хұдай, хызмет, хұрмет, хайуан, файда, шафкат, нәфсі, тараф, жафырақ, фарыз, қафа, хате, молла, Алла* түрінде жазылған. Бұл сөздердің кейбіреулерінің орфограммалары әлі күнге дейін тұрақталмағанын, екі-үш түрде таңбаланып жүргенін мойындаймыз: *шапқат – шафкат – шафхат, Алла – Алда, молла – молда, хайуан – қайуан; қате, құрмет, бақыт* сөздерін біраз уақытқа дейін *хате, хұрмет, бахыт* деп те жазып келдік.

4) Кейбір араб-парсы сөздері екі түрлі таңбаланады. Ол көбінесе стильдік мотивте орындалған. Мысалы, «Қара сөздерінің» көпшілігі мен өлеңдерінде *сипат, есеп* түрінде жазылған болса, діни тақырыптыларында *сифат, хисап* түрінде жазылған. Сол сияқты 38-сөзінде сөз басында жорнына **й** жазу (*язылмыш, йырақ, яхсылық*), тіпті үндестік заңын бұзып, шағатайша жазу да бар. Олардың көбі Абай шығармаларының біздің заманымыздағы басылуларында да көрсетіліп беріліп жүр. Мысалы, 1957 жылғы екі томдықта *перзентлерім* (II, 194), *адам ұғлы* (II, 194), *гибрәтлендік* (II, 211) т.т., ал басым көпшілігі Мүрсейіт дәптерлеріндегіден өзгертіліп, қазіргі орфографияға түсіріліп «түзетілген». Бұл – әрине, принциптік емес: түзетсек, күллісін түзетуіміз керек, жоғарыдағыдай әр жерде «шағатайша-татарша» жазылғандарын қалдырар болсақ, барлық жерде де қалдыру керек. Сірә, Абайдың ғылыми немесе академиялық баспаларында, жазушы шығармаларының стильдік классификациясын дұрыс көрсету үшін, орфографиялық ерекшеліктерді мүмкіндігінше дұрыс берген жөн.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, қазақтың жазу дүниесінде қолданылған кітаби тіл дегеннің осы көрсетілгендей белгісипаттары болды да, бұл белгілер әр алуан дәрежеде кітаби емес қазақ әдеби тіліне де әсеретіп, із қалдырып отырды.

* * *

XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда кітаби тіл дегеннің жанданып етек алуына бірнеше фактор әсеретті. Әсіресе, бұған діни әдебиеттің дамуы үлкен себепкер болды. Өйткені шағатай тілі біз сөз етіп отырған кезеңде түркі

тілдерінде жазылған мұсылманша теологиялық әдебиеттің ресми тіліне айналған болатын. Кітаби тілді С.Маловтың мұсылманша діни жаргон деуі де осыдан болар.

Екінші үлкен фактор, біздіңше, мынада: ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ тілінде әдебиеттің публицистика, педагогика (мұсылманша оқуға қатысты), ғылыми баяндау тәрізді өзге жанрларының пайда болуы прозалық стильдерді өмірге әкелді. Бұл жағынан да ортаазиялық жазба әдеби тілге ен салудың қисыны бар, өйткені шағатай тілінде проза түріндегі тарихтың, дидактикалық және ғылыми әдебиет ХV ғасырдан бастап-ақ дамыған болатын: «Проза (на чагатайском языке) применяется в ХV в. преимущественно историками, используется в литературе дидактической и научной или полунаучной»⁴³. Тұңғыш баспасөз – «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» т.б. таза шағатай тілінде жазылмағанымен, осы тілге тән көптеген элементтерден аман бола алмағандығының басты себебі осыдан деп табамыз. Ортаазиялық жазба әдебиет тілінің бірнеше ғасырлық дәстүрі ХІХ ғасыр түгіл, ХХ ғасырдың басындағы қазақша публицистика стилінде (мысалы, қазақша тілі жағынан ең күшті «Айқап» журналын қараңыз) ізін қалдырғаны да осыдан. Яғни шағатай тілінде прозалық стильдердің қалыптасып дамуы тек баспасөздегі публицистика емес, жаңа жазба әдеби тіл принципін ұсынған Абай тәрізді жазушының да публицистикасына («Қара сөздерінің» кейбіреулеріне) әсер еткенін көреміз. Бірақ Абайдың кітаби тіл дәстүрін пайдалануында өзге қазақша кітаби тілдегі әдебиеттерден принциптік айырмашылығы бар. Ол – Абайдың публицистикасын өз ішінен тематикалық жағынан жанрларға бөлуі, яғни діни тақырыпты шығармаларына өз алдына тілдік стиль беруі. Кітаби тіл элементтері Абайдың бүкіл прозасына тән емес дегенді баса айтамыз. Және басым көпшілігіне тән емес, Абай «Қара сөздерінің» дені – қазақтың жаңа жазба әдеби тілінде жазылған публицистика. Ал 38, 12, 13-сөздер деп аталатын шығармаларында автор ислам дінінің ғибадаты, иманы, «сифатлары» т.т. туралы әңгіме қозғайды да бұларды «кітаби тілдік» стильде жазады, тіпті бір қарағанда, қазақша

⁴³ Бертельс Е. Э. Навои. - М.-Л., 1948. - С. 40.

кітаби тілде жазған деуге де болады. Және әдейі жазған. Сонда Абай «кітаби тіл» дегенді діни әдебиет жанрына ғана телиді де өз алдына әдеби тіл ретінде емес, стиль ретінде пайдаланады. «Кітаби тіл» Абай үшін – құбыжық емес, құрал, сонымен қатар ол – әрі «қарсыласы». Өйткені кітаби тіл ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ мәдениет дүниесінде едәуір етек алған құбылыс болды, қазақ жазба әдеби тіл формасына претенденттердің бірі болды. Тек проза саласы емес, діни тақырыпты қисса-дастандар арқылы поэзия тіліне де (демек, тұтас әдеби тілге) «ауыз сала» бастаған тіл болды. Кітаби тіл нормаларының бірі – араб-парсы лексикасын молынан енгізу белгісі діни қисса-дастандарда ғана емес, қазақтың көркем әдеби тіл уәкілдерінің тілдерінде де орын ала бастағаны байқалады. Кітаби тілге ашықтан-ашық бүйректері бұрған Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев сияқты ақындарды былай қойғанда, нағыз «қазақы», белді ақын Шортанбайдан бастап Ақан серіге дейінгі қаламгерлердің бірқатарында лексика жағынан кітаби тілдік белгі-нышан барын көреміз. Шортанбайдағы мол кездесетін арабизм-фарсизмдер (жалпыхалықтық тілге енбегендері) көбінесе діни тақырыпқа байланысты болса, Ақан серіде ғашықтық лирикасы тәрізді дінге қатыссыз жанрда да қолданылған. Мысалы, Ақан серінің:

Қолға алдым хат жазуға қалам, сия.

Сарби зат мұқтан шаһи Гүлнәсия.

Шараптың шашыраған жәуһарындай

Көңлімнің *заһарына* салдың ұя.

Кәстәрен секілденген *пәнде мақбұб*

Пәндені бұрам деген көне *зия*.

Тағы да хат жазамын *сын* мен *зи*-дан,

Тағырыпың кейін емес *әліп*, *би*-ден.

О. Р. З. Д. Л. айна кәрім

Көңлімнің іңкәрсі – *дал* мен *мим*, мон...⁴⁴–

деген шумақтарында курсивпен көрсетілген шығыс сөздерін былай қойғанда, әріптерге бағыштап өлең құру тәсілінің өзі шығыс әдебиетінің, оның ішінде кітаби тілде жазғандардың да тікелей әсері, ізі екені көрініп тұр.

⁴⁴ XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. - Алматы, 1962. - 250-б.

Кітаби тіл Абайдың өзін де бір шарпып алғанын білеміз. Бала кезінде, ақындығы балаң кезінде өзінің бойын кернеген талантқа қай әдеби тілді қолдану керектігін санамен де, тәжірибемен де таңдап білерлік дәрежеге жетпей тұрған кезінде Абай да кітаби тілді қолданып көрді. Әрине, бұл жерде шешуші фактор – тілдегі ізденісі емес, әдеби творчестводағы ізденісі, яғни шығыс әдебиетінен, классикалық әдебиеттен күш, тірек іздеуі, бірақ осы ізденіс еріксіз тілді де іздеткен. Тапқаны – шағатай тілі. Бірақ ең күшті Абай танушылар айтқандай, бұл тапқанынан тез айнып, өзге арнаға – өз ақындық арнасына түседі. Соған орай шағатай тілінен де бас тартады. Әрине, әуелі тілден емес, шығыстан іздеген творчестволық әдістен, мазмұннан бас тартады, ал бұл – тілін де өзгертеді. Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын тіл мамандарының ішіндегі тұңғыш рет бұдан 30 жылдан астам бұрын соншама зор білімдарлықпен, нақтылы талдау жасап сөз еткен проф. Құдайберген Жұбанов ұлы қаламгердің ең маңызды еңбегі, «еленбей келе жатқан ерекшелігі» деп алдымен осы жайды айтады. Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Татария сияқты елдердің ХІХ ғасырдағы ең күшті қалам иелері (Мақтымқули, Бабич, Маржани, Насири т.б.) шығармаларын таза өз халықтарының тілінде жаза алмай, «араб-парсы сөздерін көп енгізген бүйреткі тілде» жазғанын дәлелдей келіп, проф. Қ.Жұбанов Абайдың барлығынан озат шығуы «таза халық тілімен жазып тұрып, ол жазғанын классик әдебиет үлгісінен шығарғандығында» деп түйеді⁴⁵.

Шынында да, бұл – ескермейтін ерекшелік емес. Өйткені Абай тұсындағы қазақ өмірінде кітаби тілдің формальдық та (діни әдебиеттің күшеюімен байланысты), материалдық та (жалпы кітап, газет шығару ісінің жандануымен байланысты) күш ала бастаған және Қ.Жұмалиев айтқандай, «шағатайшылау, парсышылаудың үстіне татаршылау келіп қосылған» болатын. Мұны сол кездің өзінде-ақ басы ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов болып, қазақпен орыстың демократтық бағыттағы интеллигенттері сезіп, қауіптерін білдіріп, орысшылап айтқанда, тревога көтерді. Ы.Алтынсарин қазақ тілінде жазылған бірде-бір кітап жоқ, балалардың оқып жүргені татарша кітаби тілде жазылғандар, олардың тілі қазақтың қалың

⁴⁵ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы, 1966. -286-296-бб.

жұртшылығына түсініксіз дегенді өзінің «Хрестоматиясының» алғы сөзінде де, Н.И. Ильминский т.б. жазған хаттарында да⁴⁶ ашып айтты. Тіпті бұл кезде орыс ғалымдары (Н.И.Ильминский, А. В. Васильев, В.В.Радлов) «отатаривание киргизского (казахского) языка» деген атауды шығарады. Сірә, қазақ жазба тілінің татаршылануы (отатаривание, татаризация) деген ұғымның ішіне екі-үш нәрсе кіретін болу керек, бірі – қазақ тілінде деп ұсынған кітапшалардың көбінің авторы татар молдалары, татар діндарлары болғандығына, екінші – «татар» деген терминнің өзі өткенде *түркі* деген жалпы атаудың да дублеті ретінде жиі қолданылғанына байланысты болар (мысалы, Шоқанның *тюркский* дегеннің орнына көбінесе *татар* деп жазғаны мәлім). Сонда *татаршылау* дегеннің бір ұғымы түркіше кітабишылау, яғни кітаби тілдің элементтерін, нормаларын пайдаланып жазу дегенді де білдіргенге ұқсайды. Үшінші – қазақ тілінің татаршылануы дегенді Н.И.Ильминский, А.В.Васильев тәрізді орыс ғалым-ағартушылары айтқанда, олардың миссионерлік мақсат-талабынан туған «құлаққағыс» та жоқ емес сияқты болып көрінуі мүмкін. Өйткені ХІХ ғасырдың ІІ жартысында патша үкіметінің отаршылдық саясаты майданында қазақ даласына ислам дінінің күш алып, етек жаюына қарсы күресуі – Қазақстан үшін Орта Азия хандықтарының, тіпті одан әрі Англия-Түркияның саясат-әрекеттеріне қарсы күресуінің бір бұтағы болып табылды. Ал ислам дінін қазақ жеріне о бастан, ІІ Екатерина заманынан жайып, таратушылар Еділ татарларынан шыққан молдалар мен діндарлар болды. Азын-аулақ болса да, оқу-ағарту ісі де татар молдаларының қолында болды. Осылардың барлығы қазақтардың рухани дүниесіне, мәдениетіне, тіліне татар уәкілдері арқылы пантюркистік идея мен ислам діні бойлап еніп, қазақ тілін ұлттық сипатынан айыратындай қауіп барын сездірді. Бұл қауіптің бетін қайтаруда жалғыз патша үкіметінің отарлау саясатының мүддесі емес, қазақ халқының өзінің ұлттық, халықтық мүддесі бар екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан да жоғарғы орыс ғалымдары болсын (тіпті олардың ішінде «миссионер» лауазымды Н.И.Ильминский сияқтылар да), Шоқан, Ыбырайлар болсын, осы соңғы мүддені

⁴⁶ *Алтынсарин И.* Киргизская хрестоматия. - Оренбург, 1879 және *Алынсарин Б.* Таңдамалы шығармалары. - Алматы, 1956.

көздегендері хақ. Әсіресе, бұл мәселені үлкен әлеуметтік пікір таласына айналдырып көтерген «Дала уалаяты газеті» болды. Газет өзінің шығып тұрған жылдарында редакция атынан да, жеке қазақ интеллигенттері атынан да қазақ жазба әдеби тілінің тағдыры, беталысы туралы мәселе көтеріп, тіпті диспут ашып, қазақтың жазба тілі халықтың тіліне негізделіп дамуын қоштайды. «Дала уалаяты газетінің» 1886 жылы 42-нөмірінде Бөкен Адықов дегеннің: «көпшілікке арналған азаматтық мазмұнды кітаптар («популярные книжки общепользнего содержания») таза қазақ, тілінде жазылуы керек, ал осы күні шығып жатқандары қазақ бұқарасына түсініксіз түрік-татар тілдерінде», – дегеніне Абдолла Чуланов деген қарсылық білдіреді, ол таза пантюристтік платформаны ұстап: «Қазақ, татар халықтарының арасында еш айырма жоқ, өйткені дініміз бір, жазуымыз бір», – дейді. Осы соңғы пікірге газет редакциясы қарсы пікір айтып, «діннің, жазудың бірлігі халықтардың біреу екендігін танытпайды, қазақ халқы өз тарихы, өз тілі, тұрмыс-тіршілігінде өзіне тән ұлттық ерекшелігі бар өз алдына халық» деген концепцияны білдіреді («Дала уалаяты газеті». - 1889. - №2). Газеттегі Ы.Алтынсариннің ағартушылық системасы жайында ұйымдастырылған айтыста да осы пікірлер айналасында сөз болады. Ыбырайдың шәкірттері мен ізбасарлары бұл диспутты «Оренбургский листоктың» 1884 жылғы 15-нөмірінде қорытындылап, онда Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениеті тарихындағы орнын жоғары бағалап, оны «қазақтың Ломоносовы» дей келіп: «тілі халықтық, әрі айқын, әрі дұрыс, әрбір қазаққа түсінікті», – деп қорытындылайды⁴⁷. «Дала уалаяты газеті» бұдан он жыл кейін де, 1894 жылғы бір санында А.Құрманбаевтың «Қазақ тілі турасынан» деген мақаласы арқылы қазақ тілі, кітаби-татар тілі және Ыбырайдың қазақ жазба әдеби тілінің негізін салудағы рөлі туралы бұл концепциясын тағы білдіреді. «Салсал», «Зарқұм» сияқтыларды «жырсымақтар» деп, олардың тілі «Алтынсарин тілімен салыстырғанда, қазақ тілін келемеш еткен сияқты, өйткені жартылай қазақша, жартылай татарша», – деп ашық жазады⁴⁸.

⁴⁷ Сулейменов В. Проблема изучения научно-педагогического и литературного наследия Алтынсарина // Вестник АН КазССР. - 1967. - № 1. - С. 22-23.

⁴⁸ Әбілқасымов Б. Ыбырай Алтынсарин «Дала уалаяты газетінде» // Қазақ ССР ҒА хабарлары. - Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 1967. - № 1. - 83-б.

Жалғыз «Дала уалаяты газеті» және «Оренбургский листок» емес, «Түркістан уалаяты газеті» де қазақ тіліне жанасты материалдарды басып, кейбір қазақ ақындарының араб, өзбек, татар сөздерімен шұбарланған өлеңдерін сынайды⁴⁹. Соған қарағанда, жалпы қазақ баспасөзі қазақ жазба әдеби тілінің негізі, оның әрі қарай дамуы мәселесінде жалпы халықтың ұлттық тіл негізін қуаттаған бағытты ұсынған.

Міне, осындай қазақ жазба әдеби тілі туралы әлеумет назарын аударып жатқан мақалаларды Абай көрмей, оқымай отырмағаны мәлім. Бірақ, әрине, Абай шағатай тілінен бет бұрып, қазақтың халықтық тілін қалағанда, жоғарғы газеттердің тілек-талабын орындайын деп, солардан біліп-танып, соларға құлақ асып істеген әрекеті емес. Тіл жөніндегі өзі ұстаған бағыт-бағдарға Абай мүмкін жоғарғы қоғамдық ой-пікірге қатыссыз да келген болар еді. Бірақ Абайды да, Ыбырайды да, олардың алдында Шоканды да, одан кейін адал ниетті орыс ғалымдарын да, баспасөз бетінде пікірлерін білдірген озат ойлы қазақ интеллигенттерін де – барлығын да қазақ жазба әдебиетінің негізі мен тағдыры, бары мен барысы туралы бір платформаға әкелген – сол тұстағы қазақ қоғамының даму жағдайларына байланысты факторлар және осы аталған қаламгерлер мен қайраткерлердің озат, прогресшіл және демократтық бағыттағы дүниетанымы мен программалары.

Сөйтіп, Абай кітаби тілді байқап көрді, әрине, оған: байқайын деп әдейі барған жоқ. Абайды шағатайшылатқан – творчестволық жолының бір этапы. Әдебиет қақпасын қағар шақта ақындық қуатына шағатай әдебиетінен нәр-күш іздеген Абай шағатай ақындарынша араб-парсының ғаруз өлшеуін байқап көрген. Абай проф. Қ.Жұбановтың сөзімен айтсақ, «13-19 жастарында шағатай әдебиетінің творчестволық дәстүрін жалтыратып тағынып, кейін келе не мистикалық, диуаналық сарын-бағытынан, не өлең өлшеуінен, не араб-парсымен шұбарланған тілінен сүйсінерлік, сүйенерлік қасиет таба алмай, ол әдебиетпен оты өрелі жанбай, тастап кеткен». «Ендігі тарихтық дәуренде, қауым тіршілігі жаңаша, басқаша боп өзгеріп құрылу керек дейтін Абай... енді халыққа басқа-

⁴⁹ *Субханбердина У.* Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі жөнінде // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - Филология мен өнертану сериясы. - 1961. - № 3. - 71-б.

ша әдебиет керек деп тапса» (М.Әуезов), сонысына орай тілдік негізі де өзгереді, яғни шағатайдан басқаша тіл керектігін сезінеді. Бұл жерде де Абай әуелі тілді (форманы) емес, творчестволық бағытын (мазмұнды) өзгертеді. Мазмұн түрге әсер етеді. Абайдың *«Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз, Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз»* дегені – Әріп пен Көкпайды сынаған үй ішілік, ошақ басылық сөздері емес, программалық тезісі: Әзірет Әліні айтпауы – ислам дінін уағыздаған мазмұнды жырламағаны, осыдан барып творчествосының негізгі тақырыбы діни болмағандықтан, «алтын иек қыз» тәрізді шағатай әдебиетінің сөз саптауын қолданбағаны. Ал дінді, ислам дінін сөз ете қалса, бірер өлеңінде болсын, 38, 13-сөз тәрізді прозалық шығармаларында болсын кітаби тілдің кейбір нормаларына (әсіресе лексикалық нормасына) еркін жүгінетіні – тағы да мазмұн мен түрдің қабысуы. Абайдың тұтас тұл бойына тән принцип – мазмұн мен түр гармониясы барлық жерде де бірінші скрипкада ойнайды. Жаңа творчестволық бағыт, жаңа тенденцияға көшкен Абай енді сол творчествосының формасы үшін қазақтың өз дәуіріндегі халықтың тілін таңдайды.

Абай – жаңа жазба әдеби тілдің негізін салушы

Сөйтіп, Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шындалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа этапын бастайды. Бұл этап – бір жағынан, көненің жалғасы болса, екінші жағынан, жаңаның – осы күнгі қазақ әдеби тілінің бастамасы, алғашқы кезеңі.

Абай творчествосының тілі бұрынғы қазақ әдеби тілінің жаңа этапы болып саналуға бірнеше дәлел фактор бар. Олар, негізінен, тілдің даму процесіндегі принциптер мен бағытқа байланысты. Ең алдымен, Абай мен Ыбырай бұрынғы өмір сүріп келген қазақ әдеби тілінің қоғам өмірінде әрі қарай қызмет етудегі азаматтық правосын принципті түрде бекітті. Әрі қарайғы қоғамда «кітаби тіл» нормалары емес, бұрыннан да едәуір бел алып келген қазақ әдеби тіл нормалары негіз болуын анық, айқын түрде көрсетті. Бұл ретте «кітаби тіл»

қарама-қарсысында тұрды, сондықтан да бұл бұрынғы шағын салада болса да қызмет етіп келген жазба әдеби тіл «кітаби тілден» ажырап, жаңа жазба деген атрибутке ие болады. Содан соң бұлар осы тілдің қоғамдық қызмет аясын кеңітуге жаңа бағыт сілтеді; бұл әдеби тіл енді тек көркем әдебиет қана емес, оқу-педагогика саласына да, ғылыми-публицистикаға да – қысқасы, қазақ қоғамының күллі азаматтық рухани мұқтажына қызмет етуге тиісті түрде дамуы қажет екенін күн тәртібіне қойды. Үшіншіден, тілдің нормалары мен көркем әдебиетті (әсіресе поэзияны) дамыту принциптерінде көптеген жаңа тенденция ұсынды. Бұл жаңа этап деп аталуына басты себептердің бірі болады. Ол тенденциялар мен жаңалықтардың бірқатарын біз Абай тілінің лексикасы мен грамматикасын талдау үстінде көрсетеміз.

Әрине, Абай қазақ әдеби тілін жаңа сатыға (этапқа) көтергенде бұрынғы принцип-бағыттардың күллісін жоққа шығарған жоқ, керісінше, ең басты, өмірлік белгілерін сақтап, оларды әрі қарай ұстады. Бұл принцип-белгілердің негізгілері, біздіңше, мыналар тәрізді:

а) ауызекі сөйлеу тілін әрдайым негіз етіп ұстау. Әдеби тілдің сөздік байлығы осы принцип бойынша құралатындықтан, ол дәуірден дәуірге, ғасырдан ғасырға ауызекі сөйлеу нормасына орай өзгеріп отырған. Қазіргі бізге осы күнгідей болып жеткенімен, XV ғасырдағы Қазтуғанның тілінің лексикалық құрамы өз дәуіріне сай болғаны даусыз. Ал әдеби тілдік дәстүр үзілмей келе жатса да, XIX ғасырдағы, мысалы, Шортанбайдың сөз байлығы XV ғасырдан айтарлықтай өзгеше, өз тұсына лайық болғаны тағы даусыз. Бұл принципті ауыз әдебиеті де ұстаған. Ертеректе пайда болған «Қозы Көрпеш» немесе «Қамбар» сияқты жырларды XIX ғасыр жыршысы айтып бергенде, соңғы өз тұсының сөйлеу нормасына тән лексикалық единицаларды сыналап болса да енгізіп отырады. Сол себептен бұларда тіпті *пәдносы* мен әйгілі *шай-самаурында*, сондай-ақ *пәуеске-тарантастар* да, тіпті *минет* (минут) тәрізді сөздер де кездеседі. Бұл – жырды жеткізушінің беталды кеткен әрекеті емес, жоғарғы принцип-нормадан туған заңдылық. Ал XIX ғасырдың өзінде пайда болған «Айман-Шолпан» сияқты жырларда өз заманының жалпыхалықтық сөйлеу тілінің лексикалық байлығы тіпті мол көрінеді. Ертеде өткен ақын-

жыраулардың мұралары бізге дейін ауызша жеткізушілердің лабораториясынан өткенде өзгеріп отырғандығы тек шала жаттау, ұмытып қалу тәрізді ауызша «жазудың» субъективтік себептеріне ғана байланысты емес деп ойлаймыз. Мұнда жалпы заманына қарай лайықталып отыру сияқты әдеби дәстүр-принциптің де ізі болуы мүмкін.

Сөйтіп, Абайға дейінгі қазақ әдеби тілінің басты бір даму принципі – ауызекі сөйлеу тәжірибемен әрқашан тамырын үзбей, бірге жылжып отыруы.

ә) Осыған қарама-қарсы жалғастылық принципі. Белгілі бір кезеңде жасалған образдар, теңеулер, метафоралар т.б. көркемдеу элементтері үзілмей сақталып, келесі буындарда қайталап келіп, стандарттануы осы принцип бойынша жүзеге асады. Бұл принцип ауыз әдеби тілі мен жеке авторлар тілінің арасында да, әр дәуір ақындарының өз араларында да сақталған. Сондықтан фольклорлық жырлардың *буырқанып, бұрсанып, мұздай темір құрсанып*-тары, *Күнікейдей көріктіңді, Тінікейдей тектіңді*-лері, *туырлығын тілгілеп, керегесін кескілеп*-тері Махамбет тәрізді күшті ақындарда қайталап келулерінің бір себебі Абайға дейінгі қазақ көркем әдеби тілінің осы көрсетілген принципінен туған заңдылық деп ойлаймыз. Сондай-ақ Дулат сияқты ақындық құдіреті ерекше биік қаламгер творчествосындағы әлденеше ондаған тармақтардың шартты бағыныңқылы компонентпен құрылуы (кей жаманға мал *бітсе*, не сөйлерін білмейді...) немесе тұтас үлкен бір толғауы *анаған тең, мынаған тең* деген формада құрылуы – жалғастылық принципінің жемісі, өйткені осы тәсіл алдындағыларда да болған. Біз бұл жерде тақырып, идея жалғастылығын айтып отырған жоқпыз, тілдік, көркемдік тәсіл-тұлғалардың жалғастылығын сөз етіп отырмыз.

М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Қ.Жұбановтар көрсеткен Абайға дейінгі қазақ поэзиясындағы осал белгілердің бірі – артық сөзділік (көп сөзділік) те, біздіңше, осы жалғастылық принципіне байланысты тәрізді.

Жалғастылық принципінің әдеби тәсілдерді шындай түсуде, әдеби нормаларды тұрақтандыруда үлкен рөл атқаратыны және мәлім.

Біз бұл жерде Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің белгілерін, жақсы-жаман сипаттарын емес, ұстанған бағыт-принциптерін сөз етіп отырмыз. Қазақ әдеби тіл дәстүрінің осы екі негізгі принципі Абайды осы әдеби тілге үнілтіп, оның уәкілдерін танып білуге себепкер болған.

Абайтанушылардың жазғандарына қарағанда, Абай қазақ ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Жетісу ақындарын жақсы білген. Біле отырып, тілдеріне зер салған, зер сала отырып, өзіне қажетін алған. Тегі, Абайдың дәл алдында қазақтың халықтық тілін көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда пайдалану жағынан осал мектеп болмаған дегенді баса айтамыз. Солардың ішінен біз Дулатты атаймыз. Дулат пен Абайдың идеологиялық бағыттары қарама-қайшы, творчестволарының тематикасы да бірдей емес. «Сөздері бірі құрау, бірі жамау» деген баға алғандардың бірі бола тұрса да, Дулат ақындық шеберлігі жағынан өзіне дейінгі және замандас ақындардан әлдеқайда жоғары екені көрінеді. *Тіршілік пен өлімнің Ұзақ дауы шешілген. Артына қаран үңіліп, Қайран талай жыл кетті; Мөңіреп жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай; Саудагер сарттай қайтты өмір, Құмар ойнап ұтылған* т.т. осы сияқты образдарды Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде Дулаттан ғана кездестіреміз. *Ойдың құтысы, жырдан алқа тағу* тәрізді семантикасы алшақ сөздерді тіркестіру тәсілінің алғашқы нышандарын да Дулаттан таба аламыз. Әрине, бұл саланы сан жағынан да, сапа (түр, мазмұн) жағынан да Абаймен салыстыруға болмайды, Абайда бұл тәрізді образдар – система болып келсе, Дулатта әр тұстан қылаң етіп бір көрінетін сирек дүние. Сол сияқты Дулаттың: *Қыс болса тапшы қызылдан, Жаз болса шола жұтымнан; Дүние – жемтік, мен – төбет* тәрізді тармақтарында «Бұлт ала, жер шола» деген мақалдағы *тапшы, шала* сөздерін ет пен ақтың метафоралы атаулары *қызыл, жұтым* деген сөздермен тіркестіру немесе адамды төбетке, дүние, тіршілікті сол төбет кеміретін жемтікке теңеу – соны, тың дүниелер.

Дулаттың:

Көргеннің көзі тойғандай,
Топты ортадан ойғандай.
Сәулетіңнің сағымы
Бұтағына шынардың

Күнді әкеп іліп қойғандай,
Сәндісің, жаным, сәндісің! –

деген алты жолдық шағын арнауы – ескі мен жаңа образдардың синтезі: алдыңғы екі тармақ – бұрыннан келе жатқан шаблон, соңғыларында қазақ әдебиетінде бұрын қолданылмаған ассоциация: қыз көркінің қол жетпес алыс сәулесін (сағымын) биікке (шынар – ең биік заттық ұғым) іліп қою – тек күшті ақындық қиялдан шығарып, тілдік тәсіл-тұлғаларды шебер колдана білудің жемісі.

Дулатта өзге ақындарда көп кездеспейтін *бошалаң, тантық, баяпыр, жолан, тарпаң, жырғалаң, жобалаң, топырыш-топас, көрнек (ке шығу), (ит) ырғын, ылат, дегдар, сымбыл, сұғыну, абыз* т.б. сияқты сөздердің қолданылуы ақынның қазақ лексикасын, оның ішінде архаизмдерін де, жергілікті ерекшеліктерді де мол әрі еркін пайдалана білгенін танытады, өйткені осы сөздердің көпшілігі мағынасы контексте ашылатын айқын, әсерлі образдар жасайды. Мысалы: *Бәйбіше тантық, байы арам, Бозбаласы – бошалаң* (салыстыр, Абайда: Қисыны жоқ қышқырған неткен *тантық*) немесе: *Ел билерлік ісің жоқ, Дегдар емес, будансың* т.т.

Осылардың барлығы сөзімтал Абайға көрінбей, қағыста қалмаған болу керек, өйткені, біріншіден, Дулат – территория жағынан Абайға ең жақын жерде өмір сүріп өткен ақын, екіншіден, жоғарыда айтқандай, Дулат Абайдың өзіне дейінгі ақындардың ішінде тілі жағынан өзгелерден шоқтығы биік, бір табан ілгері тұрғаны⁵⁰.

Әрине, Абай тіл жағынан жалғыз Дулат емес, өзгелеріне де көп үңіліп, олқылықтарына қарап, оларды қайталамауға, жетістіктеріне қарап, оларды әрі қарай дамытуға ұмтылған. Мысалы, грамматикалық тұлғалардан Абайда өте активтенген келер шақтық есімше, ықшамдалған ашық рай (*барман, келмен*), тіпті **-мақ** жұрнақты тұлға тәрізділер – ауыз әдебиеті тілі мен қазақ ақындары қолданған тәсілдер; баяндауышты өткен шақтық көсемше тұлғасымен беруді де Абай шығарған емес: «Алпамыс батыр» жырындағы Байшұбардың шабы-

⁵⁰ Дулаттың ақындығы мен тіліне бұндай бағаны бірінші берген – Қ.Жұмалиев пен Ы.Дүйсенбаев. Қ.Жұмалиев Дулаттың көркемдік ерекшеліктерін «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген студенттерге арналған оқулығында (Алматы, 1967) арнайы талдап көрсетеді (80-85-бб.).

сын суреттеген өлеңнен бастап, бұл тәсіл қазақ ақындарының бірқатарында кездесіп отырады. Мысалы, Дулаттағы:

Өкпешілін қайтейін,
Тарпаң тайдай қылтылдап!
Пәтуасын қайтейін,
Тазы ит қуған қояндай,
Қаққанша қабақ бұлтылдап.
Келемеж қылып біреуді
Сыртынан күліп шылтылдап.
Бетпе-бет келсе сөз таппай
Самайы терлеп мыңқылдап... –

тәрізді жолдарға синтаксистік көрінісі жағынан Абайдың «Жаздыгүн шілде болғанда» өлеңінің өңкей көсемшеге аяқталған тармақтары немесе «Оспанға» деген өлеңінің 19 жолының құрылысы өте ұқсас келеді. Сөйтіп, Абай осы тәрізді бұрыннан бар дәстүр-тәсілдерді жоққа шығармай, керісінше, оларды әрі қарай жаңа сапада, жаңа мақсатта дамытуды принцип еткен.

* * *

Абайдың жаңа жазба әдеби тіл этапын бастауда ұстаған бағыт-принциптерінің ішінде және бір көңіл аударатын жайт бар. Ол – тілдің қоғамдық қызметін Абайдың дұрыс түсінуі. Абай дәуірі – қазақ қоғамының әр алуан саяси, әлеуметтік, мәдени және экономикалық жаңа қатынастарға түскен дәуірі. Ендігі қазақ қоғамының мәдени талабын жалғыз көркем әдебиет қанағаттандыра алмақ емес. Қазақ даласына азаматтық оқу ұрығы шашырап себілген екен, енді оның қажетін өтейтін оқу-педагогикалық әдебиет керектігі күн тәртібіне қойылады. Баспасөздің пайда болуы қоғамдық-публицистикалық әдебиет жанрын талап етеді. Әр алуан ғылыми немесе жартылай ғылыми (әзірше көпшілікке арналған) шығармалар ғылыми, публицистика әдебиетіне лайық тіл болуын алға қояды. Сөйтіп, тілдің қоғамдық қызметі әлдеқайда кеңиді. Оның үстіне елдің саяси құрылысында демократизация болмаса да, қоғам дамуының объективтік күштері идеологияда демократтық тенденцияларды туғызып, халық мүддесін көздейтін талап-тілек, іс-әрекеттер пайда болады. Соның бірі – оқу-жазуға, білім-ғылымға енді ат төбеліндей азғана үстем тап пен дін өкілдерін емес, бұқара халықты тарту идеясы болды. Ыбырай «Кел, ба-

лалар, оқылық» деп жар салып, мектептер ашу үшін бар күш-жігерін жұмсаса, Абай: «Балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңды оқыт», – десе, әрине, бұларын Абайдың өз сөзімен айтсақ, «жалпақ жұртқа» арнап айтқаны. Демек, осы талап-мақсаттарды өтейтін тұтас бір тіл керек. Және ол тіл азғана оқығандарға түсінікті емес, қазақ қоғамын құрайтын «жалпақ жұртқа» – қалың бұқараға да әрі түсінікті, әрі қолайлы болуы керек.

Міне, осы қызметті енді бұрыннан келе жатқан ортаазиялық жазба әдеби тіл (кітаби тіл) атқара алмайтыны сезіледі. Себебі, біріншіден, ол қазақтың ауызекі сөйлеу тілі нормаларынан алшақтап кеткен, екіншіден, қазақ жазу тәжірибесінде белгілі бір жанрларды (діни және эпистолярлық әдебиетті) ғана қамтитындай қызмет аясы тарылған. Осы жайды, осы сырды Ыбырай да, Абай да өте жақсы түсінген. Сондықтан олар қазақ қоғамының мәдени-рухани дүниесінің әрі қарай даму процесінде ең қолайлы тіл, сан салалы жазба әдебиет тілі деп қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі нормасына негізделген әдеби тіл формасын қалайды. Бұл қалауларын өздерінің творчествосында білдіреді. Ыбырай осы тілде оқу-ағарту мүддесін көздейтін әдебиет жанрын жасайды. Ыбырайдың әңгімелері мен оқу құралдары («Руководство к обучению киргиз...») – жалпыхалықтық тілге негізделген қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің көркем проза мен педагогикалық стилінің алғашқы үлгілері. Абайдың да өз творчествосының жанрлық аясын кеңітіп, «Қара сөздерін» жазуы – құр ермектің әктісі емес. Құдіреті күшті ақын «ендігі ойына келгенін ақ қағаз, қара сиямен» өлең түрінде де жаза бере алса керек еді, бірақ ол 1890 жылдардан бастап, Мұхтар Әуезов айтқандай, «әр заманда бағасы жойылмайтын, бір үлкен қымбат қазына боп табылатын» жаңа жанрды – прозамен жазылған публицистика мен ғылыми әдебиет жанрын жасайды. Тіл функциясының кеңеюге тиісті екенін түсініп қана қоймайды, іс жүзінде кеңейтуге өзі қатысады. Өлеңдері сияқты, бұл жанр да, қазақтың жалпыхалықтық тілі негізінде жазылған. Сөйтіп, тіл мәселесінс ұлттық, халықтық мүддеден қарауы, тілдің келешек қоғам үшін атқаратын рөлін дұрыс түсінуі Абай мен Ыбырайға жалпыхалықтық тілді тандауға мүмкіндік берген.

Жазба әдеби тілдің жаңа бағытта дамуына тікелей қатысты тағы бір мәселе бар. Ол – Абайдың орыс тіліне қатынасы.

Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінің, соған негізделген көркем әдеби тілінің бұрыннан келе жатқан принциптерінің бірі – әртүрлі қарым-қатынас нәтижесінде тіл тәжірибесіне шеттілдік сөздерді қабылдап, тіл мұқтаждарын өтейтіндерін тұрақтандыру, әдеби айналымға түсіру болатын. Осы ретпен лексикамызға өте ертеден-ақ парсы, монғол, одан кейін араб, орыс тілі сөздері енгені мәлім.

Абай осы принципті жаңа сапамен әрі қарай дамытады. Жаңа сапа дегеніміздің мәнісі мынау: тікелей саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатысқа түскен орыс халқының тілінен жеке сөздерді қабылдау – Абайға дейін де бар тәсіл. Бірақ бұл қабылдау біржақты: сырттай. Қазақта жоқ ұғымның (көбінесе нақтылы заттың) атауын қолдан жасап, қазақшаламай-ақ немесе шығыс тілдерінен балама іздемей-ақ, орысша түрін қабылдап келді. Бұған ел билеуге, саудаға т.б. қатысты сөздер жатады. Және әдеби тіл бұларды ауызекі сөйлеу тілінен алды. Абай мен Ыбырай бастаған жазба әдеби тілдің бұл жөнінде түбірлі, сапалық айырмасы болды. Олар русизмдерді қазақтың ауызекі сөйлеу тілімен қатар тікелей орыс жазба әдеби тілінен де алды. Бұл – жазба әдеби тілдің бір белгісі. Бұған Абай мен Ыбырайдың тікелей көркем аудармамен айналысқандары ғана емес, жалпы орыс тілін білгендіктері, орыс тіліндегі әдебиетті оқи алғандықтары үлкен рөл атқарған. Сондықтан да *такт; единица, ноль, трагедия, счет, коренной* тәрізді соны сөздер Абайдың аударма емес, төл шығармаларында кездеседі. Бұл – бір. Және бұл – орыс тілінен қазақ тіліне сандық, сырттай әсері. Екінші – іштей, семантикалық әсері және басталған. Абайдың көптеген жаңа теңеулері, метафоралары, эпитеттері орыс тілінің моделімен (мағына жағынан) жасалғандығын проф. Қ.Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» атты еңбегінде өте жақсы көрсетіп талдаған. *Күңгірт көңіл, ұлыған ой, өкінді жол* тәрізді семантикасы жағынан бір-біріне жуыспайтын сөздерді тіркестіріп жаңа образ жасауда сыртқы материал қазақтың халықтық тілі болғанмен, бұлайша тіркестіру принципі орыс әдебиеті ықпалымен дамыған.

Абай өлеңдерінің тіліндегі негізгі ойға қатысы жоқ артық сөздердің болмауы, аз сөзбен бар ойды білдіру сияқты негізгі ақындық шеберлігі де орыс әдеби тілі принципімен ұштасып жатқан тәрізді.

Сөйтіп, Абайдың (және Ыбырайдың) орыс тілі ықпалына қатынасында бұрынғы қазақ әдеби тілінде де, ауызекі сөйлеу тілінде де жоқ тенденция-бағыттар бар. Ол – орыс тілін қазақ әдеби тілінің дамуында негізгі әсер-үлгі алатын тіл деп тану. *Кептерше сүйінісу, бір сағаттан бір сағат, еркекке мүйіз шығу* т.б. тәрізді калькалар да осы әсер-ықпалға жатады. Екінші тенденция – лексикалық единицаларды, калькаларды тікелей орыстың жазба әдебиетінен алу, бұл әрекет жалғыз аударма арқылы емес, орыс әдебиетімен танысу (оқу) арқылы да жүзеге асатынын Абай өз творчествосында, өз тілінде көрсетті.

* * *

Қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасы қаланған тұсын сөз еткенде, осы жайға тікелей қатысты тағы бір мәселеге тоқталмай кетуге болмайтын тәрізді. Ол – диалектілік ерекшеліктер мәселесі. Қазақ филологиясында қазіргі әдеби тіліміздің тірек диалектісі болды ма, жоқ па, болса – қай диалекті негіз болды? деген сияқты сұрақтар Абай, Ыбырай тілдерін, жалпы ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдеби тілін сөз еткен тұста ара-тұра қойылып, бір-біріне қарама-қайшы екі пікір-тұжырым тудырып отыр. Бірі – қазіргі жазба әдеби тілімізге белгілі бір диалект ұйтқы болған жоқ, өйткені осы күнгі жазба әдеби тіліміздің іргетасы қаланған дәуірден – ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан едәуір бұрын-ақ қазақтың жалпыхалықтық тілінде, оның ішінде, көркем әдеби тілінде межелері айқын ажыратылған диалектілік бөліністер жоқ болатын (жойылып кеткен), сондықтан қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің негізін қалаған нұсқалар тілі – белгілі бір аймаққа тән диалектінің үлгісі емес, қазақ даласының күллі түкпіріне тегіс тараған тұтас әдеби тіл үлгісі дегенді қоштайды. Абай мұраларын зерттеп танушылардың басым көпшілігі (Әуезов М., Жұмалиев Қ., Кеңесбаев І., Сауранбаев Н., Мұсабаев Ғ., Балақаев М. т.б.) осы пікірді ұсынады. Ал екінші пікірді айтушылар (Аманжолов С.) Абай қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісінде жазды, сондықтан қазіргі әдеби тіліміздің негізі осы аталған диалект дегенді ұсынады. Бұл тұжырым бойынша, «солтүстік-

шығыс диалектісі» деп аталуға тиісті қазақ диалектісіндегі жергілікті ерекшеліктердің баршасы әдеби нормаға жатады, сондықтан Абай шығармалары тіліндегі кейбір жеке сөздер қазіргі әдеби пайдамызға жарамай қалған болса, оның себебін бұл сөздердің солтүстік-шығыс диалектісіне жатпағандығынан іздеуіміз керек болады⁵¹. Бұған қарағанда, екі түрлі мәселеге назар аударып, фактілер іздестіруге мәжбүр боламыз. Бірі – Абай тіліндегі сөздердің күллісі қазірде әдеби норма ма, яғни бұл күнде Абай өлкесіне тән жергілікті ерекшелік болып табылатын жеке сөздер Абай тілінде ұшыраса ма екен, екіншісі – Абай өзге «диалектілерге», яғни өзге, шалғай өлкелерге тән элементтерді пайдаланды ма екен?

Абай туып-өскен, жазушылық құрған өлке – Семей облысының қазіргі Абай, бұрынғы Шыңғыстау ауданы. Бұл Қазақстан жерін диалектілік ерекшеліктерге қарай шамалап бөлгенде шығыс өлкесіне жатады.

Қазіргі әдеби тіліміздің нормасымен салыстырғанда, бұл өлкеде де жергілікті ерекшеліктер бар. Және олар арнаулы зерттеулерге қарағанда, сан жағынан да, сипаты жағынан өзге аймақтардағыдан кем емес⁵².

Диалектологтардың қазіргі кезде Абай туып-өскен аудандарға және жалпы шығыс аймаққа тән деп атап жүрген лексикалық ерекшеліктерінің бірқатарын Абай текстерінен табамыз. Мысалы, диалектолог-мамандар Семей өлкесінде *кердең* сөзі «паң, менмен, дандайсыған» деген мағынада жергілікті ерекшелік ретінде кездеседі деп көрсетеді⁵³. Осы сөзді Абай

⁵¹ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959. - С. 182-221.

⁵² Ж. Болатов Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы // Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясы. Алматы, 1960. - 2-шығ.

⁵³ Осы жерде және әрі қарай мынадай сөз мынадай өлкелерге тән деген мағлұматты жылма-жыл арнайы экспедицияларға шығып жинаған мамандардың (Аманжолов С. Болатов Ж., Сарыбаев С., Досқараев Ж. т.б.) жарияланған материалдары бойынша келтірдік. Ол материалдар: Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959; Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1960. - 2-шығ.; Болатов Ж. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1962. - 4-шығ.; Болатов Ж. Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы // туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. Алматы, 1960. - 3-шығ.; Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - II

жиі қолданады. Сірә, бұл сөздің жалпы «паң» дегеннен гөрі (жарасымды, орынды пандық та болады ғой!), «дандайсыған, менмен» деген мағыналары басым болуы керек. Абай бұл сөзді, көбінесе, жағымсыз қылықтардың қосағында қолданады. *Күлкішіл, кердең наданның* (I, 88). *Керенау, кердең, бір керім* (I, 76). *Кердең мойын кесілсе* (I, 42). Дегенмен «паң, өр» мағынасында да жоқ емес: Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, Менмен, *кердең*, қайғысыз ер көңілімен (I, 234). Бұл сөз Семей, Шығыс Қазақстан аудандарының көпшілігінде бар. Әдеби тіл нормасындағы *кердең-кердең басу, кердеңдеу* сөздерінің осы *кердеңмен* түбірлестігі даусыз.

Бастау сөзінің «бұлақ, қайнар, судың басы» деген мағынасының таралу өрісі кеңдеу. Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы, Жамбыл облыстарында қолданылатын бұл сөз де Абайда бар: Бас қоймай ма *бастауға* (I, 219).

Жолгасу («жолығу, кездесу») етістігін диалектологтар Таулы Алтай, Қошағаш, Шығыс Қазақстан аудандары қазақтарының тіліне тән деп табады. Бұлармен шектес Шығыс Қазақстан, одан Семей өлкелеріне де бұл тұлға жат болмағанға ұқсайды. Абай *жолығу* вариантымен қатар *жолгасу* тұлғасын да қолданады (және соңғысы көбірек): Астыртын барып *жолгасқан* (I, 64). Және ұқсар тар төсекте *жолгасқанға* (I, 23). Ұрланып қаштық, *Жолгастық*, Шуластық (I, 129). Демек, Абайдың күшті текстологы Қ. Мұхаметхановтың: «1954 жылғы баспада *Астыртын барып жолығысқан* деп берілуі дұрыс емес, қолжазбадағы *жолгасқан* деген варианты түпнұсқаға сай келе ме дейміз»⁵⁴, –деген пікірі қисынды екені дәлелденеді.

Абай, Шұбартау аудандарының⁵⁵ тұрғындары бұл күнде *қасынысып жүру* (*қасыну*) етістігін «тату жүру» мағынасында қолданатын көрінеді. Шынында да бұл тұлға дәл осы мағынасында осы аймаққа тән диалектизм екені даусыз. Басқа

бөлім. - Алматы, 1955; *Сарыбаев Ш.* Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер // Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 1959. т.б.

⁵⁴ *Мұхаметханов Қ.* Абай шығармаларының текстологиясы жайында. - Алматы, 1959. - 42-б.

⁵⁵ Талданылған сөздердің қолданылатын аудандарын бұлайша дәл атап көрсеткенімізде, тек осы екі-үш ауданға ғана тән деп түсінбеу керек. Біз бұл аудан аттарын бір экспедицияның маршрутына байланысты жазылған мақала атауына қарай алдық. Әйтпесе бұл тәрізді диалектизмдердің қолданылу өрісі әлдеқайда кеңірек екені даусыз.

аудандарда (Қошағаш) қарама-қарсы мағынада, яғни «қастасу, қастаса бастау» деген ұғымда жұмсалады. Осы тұлға алдыңғы мағынада Абайда бар: Қалжыңдамақ, *қасынбақ*, ыржаңдамақ (I, 35). Бұл жердегі *қасынбақ* тұлғасы әдеби нормаға тән «қасыну» (өз денесін қасу) мағынасында емес, жоғарыдағыдай «тату жүру, жұғысу» ұғымында.

Кұлмеңдеу, *кұлмең қағу* етістігін де мамандар шығыс говорларына жатқызады. Өткендегі өзге өлке ақындарынан әзірше кездестірмеген бұл сөзді Абайдан табамыз: *Кұлмең қағып* қасқып (I, 84). *Кұлмеңдеп* келер көздері (I, 131).

Біздің ізденуіміз бойынша, Абайдың екі диалектизмді аударма шығармасында шебер пайдаланғанын көрсетеміз. Біреуі – *далаң* сөзі. «Евгений Онегиндегі» атакты Ленский сөзінде: *А я – быть может, гробницы Сойду в тайнственную сень* деген жолдарды: *Табытқа салып алып әлде мені Анарар сырын білмес бір далаңға* (II, 87) деп аударады. Осындағы орысша *сень гробницы* дегендер *далаңға апарылған табыт* сөздерімен білдірілген. Орыс тіліндегі *сень* деген сөздің өзі – поэзия тіліне тән кітаби көне сөз. Орыс тілі түсіндірме сөздігіне жүгінсек: *Сень* I. Покров (книжн. поэт, устар.) перен. В образных поэт. выражениях – место (какое-н. или чего-н.). Могильная сень. Родная сень. 2. Навес, полог в алтаре над престолом (церк.). Под сенью (книжн.). – перен. 1) под защитой, под покровительством, 2) как бы под покровом, 3) возле, вблизи и как бы под покровом (Толковый словарь русского языка под ред. Ушакова Д.Н. - М., 1940. - Т. IV. - С. 150). Пушкиннің Ленский аузына салып тұрған *сень* сөзі де 1-мағынада, әсіресе оның ауыспалы мағынасында (салыстыр: *могильная сень – гробницы сень*) қолданылған. *Сень* сөзін қазіргі екі тілдік сөздіктеріміз «пана, қорғаушы, *под сенью деревьев* – ағаштардың панасында, *под сенью* закона перен. – заң қорғанышында (?)», – деп беріпті (Русско-казахский словарь. - М., 1954. - С. 731). Мұнда *сень* сөзінің 1 *покров* мағынасы мен 2 ауыспалы мағынасы ғана берілген. Ал *место* мағынасы аударылмаған. Осы мағынаны Абай *далаң*⁵⁶ сөзімен берген.

⁵⁶ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дала» – жазықтық, иесіз жатқан жер делініпті де, оған Абайдың жоғарғы жолы мысал ретінде келтіріліпті. Түсіндірме дұрыс емес, бұл жерде *дала* сөзінің мағынасы берілген.

Абай Семей, Алматы өңірінде «кіре берістегі бөлме, ауыз үй» мағынасында қолданылатын *далаң* сөзін алған болу керек те, мағынасын жаңғыртып, «таинственное место гробницы» деген қазақ түсінігі үшін мүлде жат та жаңа ұғымды білдірерлік жаңа сөз ретінде ұсынса керек. *Далаң* сөзін *бөлме* деген сөздің мағынасында М.Әуезов те қолданады («Абай жолы», II, 41).

Екінші диалектизм – *балаң*. Қазіргі әдеби тілімізде соңғы кездерде *балаң* сөзі «жас, толыспаған, шикі» деген мағынада қолданылып жүр. Ал бұл тұлға Таулы Алтай, Қосағаш қазақтары тілінде «бос, болбыр, нашар адам» мағынасында қолданылады екен. Семей өлкесінен жиналған диалектологиялық материалдардың ішінен *балаң* сөзін кездестірмедік, дегенмен Қосағаш өлкесі Шығыс Қазақстанмен ұштасып жатқанын ескерсек, бұл сөздің Абай өмір сүрген аймақта да қолданылатындығын немесе бұрынырақ қолданылғандығын аңғарамыз. Абай Лермонтовтың «Бородиносынан» *Да, были люди в наше время, Не то, что нынешнее племя. Богатыри – не вы!»* (Лермонтов, I, 14) «деген тармақтарды» *Ондағы біздің адамдар Сендердей емес – балаңдар!* (II, 70) деп аударады. Бұл жердегі *балаң* сөзі – «ондағы біздің адамдар»-ға қатысты емес, *сендер* дегеннің эпитеті. Және мұндағы *балаң* сөзі қазіргі біздің қолданып жүрген «жас, толыспаған» деген мағынада емес, «нашар, бос, болбыр, батыр емес, яғни «богатыри!» дегенге қарама-қарсы түсінікте. Сөйтіп, жергілікті халық тіліндегі *балаң* сөзін Абай орынды да дәл пайдаланғанға ұқсайды.

Диалектолог Ж.Болатов Абай, Шұбартау аудандарында қазіргі кезде *қораздану* етістігі бар болғанмен, *қораз* деген сөз жоқ екенін, оның орнына *әтеш* сөзі қолданылатынын айтады. Абай текстерінен де дәл осы картинаны көреміз: *қораздану* етістігі бар. Кұсы да, иесі де *қоразданар* (II, 23), *қораз* есімі жоқ, оның орнында *әтеш* сөзі қолданылған: Сен біраз *әтеш* үнін үйрен депті (II, 127).

Абайда кездесетін *ақ шомшы* сөзі (кейде *ақшом* вариантында), сірә, өткенде шығыс өлкелерде қолданылған болу керек. Өйткені *шом* сөзі әр жерде әртүрлі мағына береді. Сыр бойында қамыстың бір бумасын білдіреді. Ұлытауда *шом* – қоршау, қора, ал шығыста *шом* – жазы, түйенің жазысы⁵⁷. Бұрын

⁵⁷ Досқараев Ж., Досмамбетов К. Қазалы ауданындағы жергілікті халықтың тіліндегі диалектілік ерекшеліктер // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - 1962. - №1. - 16-б.

егіншілікпен айналысатын аудандардан астық сатып алып, оны шом артқан түйе керуенімен тасып, қазақ арасына әкеліп сататын адамдарды *ақшомшы* деп атаған⁵⁸. Бұл сөз астық таситын көлік атынан (*шом артқан түйе* > *шом* > *шомшы*) ауысып, кимыл иесін де, керуен атын да білдірген тәрізді. Салыстыр, Абайда: Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен, Астында *ақшомшы* жүр, ол – бір керуен (I, 71). Зерттеуші диалектологтар *ақшом* сөзімен қазіргі абайлық, шұбартаулықтар (әрине, тек осы екі аудандағылар емес болар) ұзақ жолға жүрген керуенді атайды деп көрсетеді.

Күләпара да – қазақ арасына тегіс тараған киім атауы емес (өзге облыстарда *далбай*, *жалбағай* т.б. аталады). Ол – қысы қатты, жауын-шашыны мол орталық және шығыс аймақтарда боранда не жауында тымақтың сыртынан киетін баскиім. Абай бұл сөзді этнографиялық суреттеме өлеңіне («Ойланып ойға жеттім жүз жылғы өткен») кіргізіп, жүз жылғы өткен киім ішінде санағанымсн, *күләпара* – Абайдың өз тұсында да, тіпті, қазірде де бар сөз.

Жарияланған материалдарға қарағанда, *дарқан* сөзі Алматы өңірінде «ұста» мағынасында қолданылатын жергілікті ерекшелік ретінде кездеседі⁵⁹. Абай тексіндегі *дарқан* да дәл осы ұғымда: Үшінші, «*дарқансың* ғой, өнерлісің ғой, шырағым» немесе «ағеке, нең кетеді осы ғанамды істеп бер», – дегенде... (II, 189). Бұл сөйлем қолөнер туралы жазған 33-сөзінде.

Сондай-ақ Абайдың: «Боламын деп жүргенде *болат* қайтып, Жалын сөніп, жас жүзін басады өзім (I, 218)» деген жолдарындағы *болат* сөзі де – біздіңше, әдеби тілдегі металл атауы емес, Шығыс Қазақстан⁶⁰ аймағындағы «көздің нұры, қарашығы» деген ұғым беретін жергілікті сөз болар дейміз.

Күсу егістігі де бұрын қазақ даласында тегіс қолданылмағанға ұқсайды. Өткен ғасырдағы батыс, солтүстік ақындарының ешқайсысынан бұл сөзді кездестірмейміз. «Безу, күдер үзу, қашу» мағынасындағы *күсу* сөзін Абай өте жиі пайдаланған:

⁵⁸ Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней четверти XIX в. и нач. XX в. - Алма-Ата, 1963. - С. 247.

⁵⁹ *Дарқан* сөзінің «ұста» мағынасында қолданылуы, әрине, тек жалғыз Алматы емес, оған жалғас Шығыс Қазақстан, Семей аймақтарында да болуы керек не өткенде болған болу керек. Біз Алматыны ғана атағанда жарияланған материалға (*Досқараев Ж.* Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. - II бөлім. - Алматы, 1955. - 41-б.) қарадық.

⁶⁰ Бұл да сонда.

«Ойға тоймас қызықты қиялдан күс» (I, 239). «Жалмауыздай жалаңдап, Ар-ұяттан күсінпін» (I, 250). «Қайтіп суып жалғаннан күсе аламыз» (I, 217). Сондай-ақ: *малдан күсу* (I, 272), *жаннан күсу* (I, 281). Осыған сүйеніп, Қ. Мұхаметхановтың Абай жолдарына: «Көрмей тұрып *күсемін* Темір көзді сарайды» деп текстологиялық түзету ұсынуы⁶¹ өте дәлелді. Бұл етістік Дулатта да бар: «Елім десе елеріп, Жаннан мүлде *күткен* ер» (76).

Бұл қатарға тағы да 5-10 сөз қосып мысалдар санын өсіре түсуге болар еді. Қысқасы, бұдан біз қазірдің өзінде таралу аумағы тар жергілікті кейбір сөздердің Абай текстерінде орын алған фактісін көреміз. Сондай-ақ біз қазіргі кезде Қазақстанның шығысынан басқа аймақтарға тән деп тауып жүрген диалектизмдердің де Абай тілінде кездесетіндігін байқаймыз. Мысалы, Абайда *жалаңқая* сөзі бар: «*Жалаңқая* жат мінез жау атады» (I, 28). Мағынасы әйтеуір бір жағымсыз қылықты білдіру болу керек. Түркияда тұратын қазақтар тілін зерттеуші Ә. Нұрмағамбетов бұл сөзді ол тұрғындар «сұркия, сұм, жалдап» мағынасында қолданады дейді. *Жалаңқая* сөзі көрші қарақалпақ тілінде «өсекші, жалдап» дегенді білдіреді. Бұл сөздің өткенде таралу шегі кеңірек болғанға ұқсайды. Өйткені осы сөзді «сұм, сұркия, жалдап» деген ұғымда Абай өзі жасамағаны аян.

Шыныны батыс тұрғындарынша *шөлмек* деп атау Абайда мақал ішінде кездеседі: «Мың күн сынбас, бір күні сынар *шөлмек*» (I, 26).

Абайдағы образды сөздердің бірі – *желқабыз*. «Сырты абыз бар, *желқабыз* бар, Алты ауыз бар – Өзге жоқ» (I, 152). Біздің лексикологтар Абайдың осы сөйлеміндегі *желқабыз*-ды *жеңіл (!) қаңбақ* деп түсіндірулері түсініксіз. Бұл сөздің екінші бір жерде келген мағынасын «жүйрік ат» деп анықтайды (ҚТТС, I, 223).

Желқабыз сөзі қазірде Алматы, Талдықорған төңірегінде «желдену, іші кебу» деген ұғымды білдіретін диалектизм ретінде де көрсетіліп жүр. Осы сөздің әйтеуір «желдену, іші кебу, ұлғаю, ісу» мағыналары бары сезіледі. Қырғыз тілінде (солтүстік говорларында) *желқабыз* босанған әйелге салқын тигендегі аурудың аты, *құрғақ желқабыз* – жалпы ісік ау-

⁶¹ Мұхаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. - Алматы, 1959. - 29-30-б.

руының аты (Киргизско-русский словарь. - С. 244). Абай бұл сөзді қайдан, қай мағынада алған? Сірә, біздіңше, *желқабыз* сөзінің Алматы, Талдықорғандықтар қолданатын «желдену, іші кебу» мағынасын Абай ауыстырып, «іші шерге толған» деген ұғымда айтып тұрған тәрізді. Өйткені өлең Оспанды жоктауға арналған, алты шумақты (*алты ауыз бар*). Біз келтірген шумақтың алдыңғы үш тармағы: Жұрт тынымсыз, Бәрі ұғымсыз, Енді оларға сөз де жоқ (1, 152) болып келеді де әрі қарай өзі, өзінің осы шығармасы туралы: «Сырты абыз бар, *Желқабыз* бар, Алты ауыз бар – өзге жоқ» болып аяқталады.

Демек, бұл жердегі *желқабыз* – «жеңіл қаңбақ» та емес, «іші кеуіп, желденген» де емес, «бос кеуде, көпірме» де емес (Абай әсте өзіне-өзі мұндай баға бермесе керек), «іші қайғы-шерге толған адам», яғни Оспандай інісі өліп, іші қайғыға толып, бірақ сырттай оны білдірмей абызға (оқыған, білген, әр нәрсені аңғарған адамға) ұқсаған өзін және осы күйін білдірген алты шумақты өлеңі (*алты ауыз бар*) барын айтып отыр.

Бұл деген сөз осы күні Абай өлкесінде «мата, кездеме» дегеннің диалектілік варианты болғанмен, Абай оны өзге өлкелердегідей «ақша, баға» ұғымында жұмсайды: «*Бұл үшін қызықпассың сен де бір ер*»(I, 265). «*Бұл құрап, киім түзеп, қарны тойған*» (I, 270). «*Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр*» (I, 174). «*Антұрған көп бұл емес*»(I, 146). «*Осы күнде мына бір істің пұлы бар екен деп* (II, 219)». Абай *бұл* сөзінің осы мағынасынан туған әдеби нормадағы *бұлдау* («қымбат, бағалы нәрсеге есептеу») сөзін де қолданған: «*Біреудің малын бұлдан қарызға алады*» (II, 189). *Бұл* сөзін осы мағынада Дулат та жиі қолданған: «*Тәтті менен дәмдіні Қолында бұлы бар жейді*» (99). Абай, керісінше, матаны *кездеме* деп атайды (II, 157).

Сөйтіп, бәріміз әзірге түгендей алмасак та (өйткені бұл – тек Абай лексикасын түгел сүзіп шығуға ғана байланысты емес, өзге өлке ерекшеліктерінің түгел жиналуына да қатысты жай), Абай шығармаларының тілінде қазіргі кезде Қазақстанның өзге аймақтарына тән деп табылып жүрген бір алуан сөздерді кездестіреміз. Бұл топтың ішінде бірнеше сөзді біз әдейі кіргізбедік. Қолымыздағы материалдарға қарап, диалектілік сипатына күмәнданатын жайымыз бар. Мысалы, *нәсте* (нәрсе)

тұлғасы солтүстік-батыс аудандарға тән деп регистрацияланса да, оны біз қазірде де, өткенде де көп өлкеден табамыз. Абайда екі варианты да бар.

Қас (қаса) сөзі – «өте, аса» мағынасында Жамбыл, Талдықорған облыстарының ерекшелігі деп көрсетілгенмен, бұл сөздің де әсіресе өткендегі қолданылу шегі өте үлкен. Абай бұл сөзді буын санына қарай *қас*, *қаса* деп екі вариантта жиі қолданған. «*Қас* маңғаз малға бөккен кісімісініп» (I, 35), «*Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға*» (I, 23). Ильминский бұлсөздің өткен ғасырда батыста болғанын көрсетеді, *қас*, *қаса* – чистый, настоящий (170). «Кілең, ылғи» мағынасындағы *кіл* сөзін де диалектизм деп санау қиын. Бұл да – батыста да, шығыста да, солтүстікте де, ортада да (Қызылорда) бұрында, қазір де қолданылатын сөз. Бұлардың диалектілік сипаты кейін пайда болып, Абай тұсында олар жалпыхалықтық сипатта болулары да мүмкін.

Абай тіліндегі кейбір сөздердің жергілікті ерекшелікке қатысты болар-ау деген фонетикалық оформлениесі мынадай: Абайда *найзағай* емес, *нажағай* (әдеби нормамызда алдыңғысын қуаттап жүрміз).⁶² Өткен ғасырда батыс аймағында *найзағай* варианты болған (Ильминский, 123). Абайда *адал* сөзі қазіргі басылуларында осылайша жазылып жүргенмен, өзінде *алал* түрінде қолданылған, оны Мүрсейіт дәптерлері көрсетеді, Мүрсейітте барлық жерде де *алал* деп жазылған. *Илану* етістігі Абайда *инану* тұлғасында келеді.

д ~ л дыбыстарының алмасуына Абайда *Тұңлікбай* сөзі (*Тұңлікбайдың* қатыны атың Шәріп (I, 16) ғана бар. Қалған жағдайда *маңдай*, *өңді*, *таңдай* т.б. ж дыбысымен келген сөздердің бірқатары Абайда жуан тәрізді. Мысалы, *жана* (осы күнгі *және*). *Жана* вариантының жуандығын ұйқасқа қарап топшылаймыз. Мысалы, *шылдахана – байқап қара* сөздерімен *шулап жана* болып ұйқастырылған (I, 69). Біздіңше, бұл шылау өткенде және қазіргі ауызекі сөйлеу нормамызда көбінесе жуан вариантта қолданылғанға ұқсайды. Жалғыз Абайда емес, өзге ақындар мен ауыз әдебиеті үлгілерінде бұл сөз жуан сөздермен ұйқас құрайды.

⁶² Досқараев Ж. Диалектілік ерекшеліктерді жинау жұмысының программасы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. - Алматы, 1962. - 4- шығ. - 12-б.

м ~ б дыбыстарының алмасуына келгенде, Абайда **м** дыбысты варианты басым (*мұндай* – бұндай емес, *мұнда* – бұнда емес), мұны бізден бұрынғылар да аңғарып көрсеткен⁶³.

Грамматикалық тұлға-тәсілдердің ішінен Абайда жиі қолданылған тұлғалардың бірі **-мақ** жұрнақты қимыл есімі мен **-у** жұрнақты тұлғаның барыс жалғауында тұрып, *керек* сөзімен тіркесуін (*болуға керек*), бір жағынан, жергілікті ерекшелікпен ұштастыруға болмас па екен деп ойлаймыз. Кейбір зерттеулерге қарағанда, бұл грамматикалық тәсілдер қазірде оңтүстік-шығыс өлкесінде едәуір актив қолданылады⁶⁴. Оның үстіне бұларды жалғыз Абай емес, оның төңірегіндегілер тілінен де жиі кездестіреміз. М.Әуезов тіліндегі **-мақ** тұлғасын кейбір зерттеушілер Абай тілінің әсерінен іздейді⁶⁵. Біздіңше, бұл ретте Абайдың да, М.Әуезовтің де ортақ бұлағы сол өңірдегі жалпыхалықтық қолданыс ерекшелігі болмас па екен деп ойлаймыз. Бірақ бұл – тұжырымымыз емес, топшылауымыз ғана. Өйткені, егер **-мақ** жұрнақты тұлғаны қазіргі кездегі шығыс, оңтүстік өлке тұрғындары актив қолданатын болса, ол әдеби тілдің (Абай және оның мектебіндегілердің) сөйлеу тіліне кейіннен еткен әсері болуы да ықтимал немесе бір кезде қазақ тілінде актив тәсіл болған **-мақ** тұлғасының Абай тілінде (жергілікті ерекшелікке байланыссыз) стильдік мақсатпен жанданған болуы да мүмкін. Сондықтан біз Абайдағы бұл грамматикалық амалдарды қайткенде де диалектілік құбылыстарға қатысты деп үзілді-кесілді алмаймыз.

Сөйтіп, Абай тілінде қазіргі әдеби нормамызбен салыстырғанда өзі туып-өскен ортасы – шығыс өлкесіне де, Қазақстанның өзге аймақтарына да тән бір алуан жергілікті ерекшеліктер бар екені даусыз. Абай тілінде диалектизмдер бар дегенді проф. С.Аманжолов та айтты. Бірақ ол осы күнгі әдеби тіліміздің негізі солтүстік-шығыс диалектісі болғандықтан, сол диалектіде жазған Абай тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің

⁶³ *Досқараев Ж.* Байғанин ауданында тұратын казактардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. - Алматы, 1960. - 2-шығуы. - 14-б.

⁶⁴ *Болатов Ж.* Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. - Алматы, 1958. - 1-шығ. - 180-б.

⁶⁵ *Жанпейісов Е.* Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - 1962. - №11.

көпшілігі әдеби тіліміздің нормасы болып кетті дегенді айтты⁶⁶. Ал біздің талдауымызша, яғни жоғарғы талданған фактілерге қарағанда: 1) Абайда жалғыз солүстік-шығыс говорларына ғана тән емес, өзге, тіпті алшақ жатқан өлкелерге де тән кейбір ерекшеліктер бар; 2) Абай тіліндегі диалектизмдер мен жергілікті фонетикалық ерекшеліктердің барлығы бірдей бұл күнде әдеби нормаға жатпайды.

Осы екі тұжырымның айналасында тағы біраз сұрақтар мен пікірлер туады.

Ең алдымен, Абайда немесе сол өлкеде жасаған басқа қаламгерлерде осы күнгі өзге аймақтарға тән жергілікті ерекшеліктер қайдан жүрген? Біздіңше, екі себебі бар. Бірі – бұл күнде белгілі бір аудандарда тұйықталып тұрақталған кейбір диалектизмдер өткен ғасырда әлдеқайда кеңірек аумақта қолданылған тәрізді. Мысалы, Абайда кездесетін, бұл күнде өзге аймақтарға тән *әшкере* («жария»мағынасында), *шалма* тәрізді өзге тілдік сөздер Абай тұсында не одан да ілгерірек қазақ даласының көп жерінде қолданылған болу керек. Бұлардың қазіргі *жария*, *сәлде* деген варианттары әдеби норма болып соңғы кездерде қалыптасқан да алдыңғы дублеттері әр жерде диалектизм ретінде сақталған болар. Бірқатар диалектизмдер (*там*, *жалаңқая*) бұрынырақ оңтүстік-шығыс-солтүстік аудандарға тегіс жайылған түрі бар. *Бұл*, *там* тәрізді сөздер Абай тұсында екі-үш мағынада қолданылған да, кейіннен әрқайсысы әр өлкеге тән болып қалыптасқан.

Екінші себеп – қазақтың мол ауыз әдебиетін, өз өлкесі мен оңтүстік, орталық Қазақстанды мекен еткен ақын-жырауларды жақсы білген Абай олардың кейбір сөздерін жатсынбай қолданған деп табамыз. Олардың бірқатарының диалектизм екенін (яғни біздердің кейін диалектизм деп табатынымызды) Абай, әрине, білген де емес! Мысалы, Абай тіліндегі батысқа тән *шөлмек*, орталық, солтүстік Қазақстанға тән *шола* («ала, біркелкі емес»), Батысқа, Қызылорда, Маңғыстау өлкелеріне тән *азар* («реніш, өкпе») сөздері өзі қолданған, талдаған мақал-мәтелдермен келген: «бұлт ала, жер *шола*», «Мың күн сынбас,

⁶⁶ *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959. - С.182.

бір күні сынар *шөлмек*», «Ағайынның *азары* болса, да, безері болмайды».

Абайдың өзі өскен өлкеге ғана тән бірқатар диалектизмді қолданғанының бірнеше себептері бар. *Балаң* (бос, болбыр, нашар), *кердең* тәрізді сөздерді дәл образ жасау үшін пайдаланған (әрине, бұлардың диалектизм екенін біліп әдейі қолданбағаны аян). *Ақшомшы*, *күләпара*, *күлдәрі* тәрізді этнографиялық тарихи диалектизмдерді Абайдың пайдаланбасқа шарасы жоқ. Бұл заттардың атауы Абай өлкесінде тек осылайша аталады, бұлардың бірқатары басқа өлкелерде атымен жоқ. Бола қалған күнде де олардың атаулары ортақ бір нормаға әлі түспеген. Сондықтан Абай ғана емес, өткен ғасырлардағы қазақ қаламгерлері тілінде өз дәуіріне, өз өлкесіне тән киім-кешек, құрал-жабдық, қару-жарақ т.б. аттарын білдіретін жергілікті сөздер, яғни этнографиялық диалектизмдер болуға тиісті. Бұл құбылысты біз Абайға дейінгі және Абай тұсындағы (өзіндегі) қазақ әдеби тілінің ерекше сипатының бірі деп табамыз, яғни мұндай диалектизмдер әдеби тілдің сыртындағы емес, ішіндегі элементтерге жатады демекпіз.

Бастау (бұлақ), *кетік* (орын, рет), *қағушы* (аңшы) деген зат есімдер мен *жолғасу* (кездесу), *қасыну* (тату болу), *күлмеңдеу* (күлімдеу), *күсу* (безу) тәрізді етістік диалектизмдерді Абай өзіне таныс, өз жерінде қолданылатын сөздер болғандықтан пайдаланған. Бір ерекшелігі – Абай бұлардың барлығының дерлік осы күнгі әдеби вариантын да (*бұлақ*, *рет*, *орын*, *аңшы*, *кездесу*, *тату*, *күлімдеу*, *безу*) қолданған. Бұл топтың саны өзгелеріне қарағанда, едәуір болып шығады (өйткені әзір біз айқындай алмаған бір алуан сөздеріміз және бар). Міне, осылардың көпшілігі – қазіргі лексикалық нормамызда жоқ (немесе пассив) сөздер. Демек, «Абай тіліндегі солтүстік-шығыс говорларына тән диалектизмдер қазір әдеби тілге сіңісіп кетті» деген тұжырымға сын көзімен қарауға тура келеді. Осыған орай, ірі жазушылар (ақындар) тілінде қолданылған сөздер мен тәсілдердің бәрі әдеби нормаға жата бермейді деген пікірімізді және айтамыз. Тіпті қазіргі жазба әдеби тіліміздің негізін қалаған Абайдың тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің бірқатары қазіргі лексикалық нормамызға түгел тән емес.

Және олар әдеби нормаға «солтүстік-шығыс диалектісіне» жатпайтындықтан сыймай отырған жоқ, керісінше, сол Абай өскен өлкеге де («солтүстік-шығыс диалектісіне де») тән болғандықтан, яғни олардың әдеби дублеттері Абайдың өзінде де, тұсында да бар болғандықтан, жергілікті ерекшелік ретінде келіп, әдеби лексика қорына кіре алмай отыр.

Абай тілінде өз өлкесіне тән жергілікті сөздер бар болғанымен, ол бір ғана территориялық диалектіде жазды деген пікірді біз де қуаттамаймыз. Өйткені Абай тілінің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық нормаларының негізгі-негізгілері тек қана солтүстік-шығыс емес, Қазақстанның барлық өлкесіне ортақ екендігін мойындамасқа шарамыз жоқ. Ал оңтүстік немесе батыс өлкелерде осы күнгі әдеби нормаға жатпайтын ерекшеліктер қанша болса, ондай ерекшеліктер (жеке сөздер де, фонетика-грамматикалық ауытқушылықтар да) солтүстік-шығыс өлкелерде сан жағынан кем кездеспейтіндігін соңғы жылдардағы диалектологиялық экспедициялардың материалдары көрсетіп отыр. Сөйтіп, Абай дәуірінің өзінде-ақ қазақ тілінің фонетика-грамматикалық және кейбір лексикалық нормалары жалпыхалықтық, ортақтық сипатқа ие болғанын, ал ішінара ауытқушылықтар өткен ғасырда да, тіпті жалпыхалықтық әдеби нормаларымыз тұрақталып, қалыптасқан қазіргі кезеңде де бар екенін көреміз. Бұл ауытқушылықтар Абайдың өзінде де болуы оның тілінің көркемдігі мен әдебилігін әсте кеміте алмайды, өйткені олар, біріншіден, қай қаламгерде болмасын сан жағынан өте шағын, екіншіден, көпшілік диалектизмдер (*кердең, жалаңқая, желқабыз* т.б.) – сөздің экспрессивтік реңкін пайдалану үшін әдеби нормамызға ену (тіпті еніп те кеткен) потенциясы күшті сөздер.

Қорыта келгенде, Абай – қазақтың сапалық жаңа типтегі жазба әдеби тілінің негізін салушы. Бұл тіл – қазіргі жазба әдеби тіліміздің бастамасы. Демек, дәлірек тұжырымдасақ, Абай тілі – қазақтың қазіргі ұлттық жазба әдеби тілінің басы. Бірақ Абай осы тілдің негізін салудағы принцип-бағыттары мен тәжірибесінде жалғыз болған жоқ. Абайдың қатарында, уақыт жағынан сол алдында, территория жағынан Қазақстанның екінші қиырында, қызметі жағынан әдебиеттің өзге саласында тұрған екінші адам – Ыбырай Алтынсарин.

Қазақ қоғамының, оның мәдени-рухани дүниесінің әрі қарайғы мүддесіне қызмет ету қабілеті бар деп қазақтың жалпыхалықтық өз тілін, оның көркем әдебиет жанрында ғана дамыған әдеби тілін тану және дамыту – Ыбырайдың да негізгі принципі. Осы принципті алғашқы баспасөзді ұйымдастырушы озат ойлы интеллигенттер мен орыс ғалымдары да ұстаған. Бірақ принцип бірдей болғанмен, бұл принцип бойынша қызмет ету, еңбек сіңіру, яғни осы принцип-бағытты іс жүзінс асыру бірдей дәрежеде болмағаны мәлім. Бұл жерде Абайдың шоқтығы биіктен көрінеді. Абай – жаңа жазба әдеби тілдің негізін қалаушы ғана емес, дамытушы, тұрақтандырушы және сол дамыту, нормаландыру ісінде үлгі көрсетіп бағыт сілтеуші. Сондықтан Абайға дейін, оның тұсында қазақтың халықтық әдеби тілінде, ескі жазба тілінде лексика, грамматика және көркемдеу салаларының сыры мен сипаты, бары мен байлығы, барысы мен бағыты қандай болды, оған Абай не қосты, не алды, қалай өңдеді, қайтіп қырнады, қысқасы, Абай тілі қалайша әрі жазба, әрі әдеби, әрі өте көркемдік дәрежеде болып табылады деген мәселелерге бір емес, әлденеше монография арналуға тиіс екені даусыз. Біздің бұл зерттеуіміз сол көп зерттелмек дүниелердің бір ғана бөлімі – Абай негізін салған жаңа жазба әдеби тіліміздің XIX ғасырдың II жартысындағы лексикалық құрамы мен грамматикалық сипатын танытуға арналады.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

Зерттеу объектіміз туралы (кішкене кіріспе)

Абай творчествосының дені – поэзия. Демек, ақын лексикасын сөз еткелі отырмыз (әрине, «Қара сөздерді» қалдырып кетпесіміз белгілі). Жалпы ақын лексикасын – поэзия тілінің сөздік құрамын негізгі үлкен екі тұрғыдан зерттеуге болады. Өлеңмен жазылған шығармада жеке сөздер мен сөз тіркестері белгілі бір көркемдеу міндетін атқарып тұрады: біреулері эпитет болып, бір затты (нәрсені, адамды) анықтап, суреттеп, бейнелеп тұрса, енді біреулері оны басқа бір нәрсеге теңеп тұрады. Сондай-ақ сөздер әсірелеу, мағына ауыстыру т.т. сияқты поэтикалық сан алуан тәсілдерге қажетті материал болып келеді. Бұл – лексика топтарын көркемдеу қызметін атқаруына, яғни поэзия мүддесін өтеуіне қарай талдау болады. Атап айтсақ, белгілі бір ақын өлеңдеріндегі эпитет, теңеу, тропа, фигура т.б. тауып көрсету болады. Мұны қазақ филологиясында поэтикалық, кейде поэтик тіл деп атап жүрміз. Бұл – бір. Екінші тұрғыдан келсек, поэзия лексикасын лингвистикалық жағынан талдау бар, яғни жалпы белгілі бір тілдің лексикалық құрамы сияқты, белгілі бір ақын шығармаларының сөздік құрамын да сөздердің тілдік тегіне қарай (төл сөздер немесе өзге тілдерден енген кірме сөздер), актив-пассивтігіне қарай (архаизмдер, неологизмдер және сол кездегі актив сөздер), әлеуметтік-диалектілік құрамына қарай (жалпыхалықтық сөздер, диалектизмдер, кәсіби сөздер мен терминология, жаргондық сөздер) ажыратып зерттеуге болады. А.И.Ефимовтың ұсынуы бойынша, көркем шығарма лексикасын классификациялаудың ең бір ұтымды, қажет түрі – семантикалық-стилистік принципті қолдану. Көптеген сөздердің «стильдік паспорты» болады. Жазушы (ақын) өз творчествосында ең алдымен сөздің

мағыналық (семантикалық) көлемі мен стильдік өзгешелігін пайдаланады.

Сөздік құрамның дамуына әсер ететін факторлар – қоғамның әлеуметтік құрылысының өзгеруі, өндірістің, мәдениеттің, ғылымның дамуы болып табылады. Атап айтсақ, әлеуметтік құрылыстағы өзгерістер қоғамдық-публицистикалық сипаттағы сөздер тобын өзгертеді, ғылым дамыса – ғылыми терминология туып дамиды, өндіріс дамуы – кәсіби техникалық сөздер сериясын молайтады. Қысқасы, жазушы (ақын) тіліндегі осы көрсетілген лексикалық топтар мен серияларды таңдап алып, талдау қажеттігі туады⁶⁷.

Біз Абай тілі лексикасын талдаудың қажеттілігіне, бір жағынан, соңғы айтылғандарды нысана етсек, екіншіден, қазақ әдеби тілі тарихында Абай тілінің алатын орны мен рөліне қарай туатын өзгешеліктерді де ескердік.

Ең алдымен, Абай шығармаларының сөздік байлығын тегіне қарай талдау өте қажет деп табамыз. Әрине, барлық кезеңдегі барша жазушының сөздік құрамын генетикалық принциппен талдау қажеттігі жоқ екенін зерттеушілер дұрыс көрсетеді. Мысалы, қазіргі жазушылардың, айталық, Горький шығармаларының тіліндегі сөздерді мынасы гректікі, мынасы латындікі, мыналар немістен т.т. деп талдау объектісі етудің қажеттігі қанша?⁶⁸ Сол сияқты, бізде де қазіргі замандас жазушыларымыздың (немесе ақындарымыздың) біреуінің сөздік құрамын мына тобы араб-парсынікі, мыналары – орыс тілінен, мыналары – грек, латыннан, аналары ағылшыннан т.т. деп талдап зерттеудің қажеттігі болмас еді, өйткені қазіргі жазушыларымыз осы күнгі жазба әдеби тіл нормасын пайдаланады және бұл қабаттар қазіргі қаламгерлердің барлығына тән. Осы күнгі әдеби тіліміздің бүкіл лексикасының генетикалық қабаты аян болғандықтан, оны қайталап, жазушы басы сайын түгендеудің қажеті жоқ. Ал Абай, Ыбырайларға келетін болсақ, бұл мәселеге басқаша қарау қажет. Абай – осы күнгі әдеби тіліміздің негізін қалаушы болса, яғни ең тұңғыш нормасы, бастамасы болса, сол бастаманың сөздік байлығының

⁶⁷ *Ефимов А.Н.* О языке художественных произведений. - М., 1954. - 124-б.

⁶⁸ Сонда. - 121-б.

генетикалық құрамы қандай дегенді білу аса қажет. Мұны білу үшін логика заңы бойынша Абай лексикасының тектік (генетикалық) құрамын талдап, зерттеу керек. Қазақ жазба әдеби тілі лексикасының ХІХ ғасырдағы, әсіресе ІІ жартысындағы, генетикалық қабатын айқындаудың тағы бір маңызы – сол кездегі қазақша кітаби тіл проблемасына байланысты туады. Бұл – принциптік мәселе. Және бұл фактіні құр тізіп қана қоймай, осы талдаудан мүмкіндігінше «Қазақ тілі сөздігінің тектік құрамы жағынан Абайға дейінгі сипаты нендей еді?», «Абай қай қабатты негіз етті?», «Абайда араб-парсы немесе орыс сөздері қабаты қандай?» деген сияқты жайттарды анықтау қажеттігі туады.

Сондай-ақ Абай лексикасын ондағы сөздердің көне, жаңалығына қарай талдап суреттеудің де қажеттігін көреміз. Осы талдау арқылы Абай тұсындағы жалпыхалықтық әдеби тілде заманына орай қандай сөздердің қолданудан шығып қалғанын немесе шыға бастағанын табу мүмкіндігі туады. Ксрісінше, Абайдағы жаңа сөздерге қарап, сол кездегі жалпыхалықтық нормада қандай элементтердің болғанын және Абайдың өзі тілге қандай сөздер қосқанын табамыз.

Абай шығармаларының сөздік құрамын қоғам құрылысына, әкімшілік пен заң системасына, сауда-саттық пен оқу-ағартуға т.б. қарай жіктеп, талдау арқылы ақынның өз басының сөздік байлығын ғана емес, өткен ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ халқының бүкіл әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени өмірінің тілдегі көрінісін табамыз. Оның үстіне Абайдың бұл қорды қалай екшеп пайдаланғанын танимыз.

Осындай классификациялап талдауымыздың барлығы – Абай шығармаларының идеялық-тематикалық мазмұнымен тікелей қабысып жатуға тиісті жайттар. Оның үстіне Абай лексикасын жоғарыда көрсетілген тарамдарға бөліп танығанымызда жазушының өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктерін де айқындап отыруға тиіспіз. Бірақ бұл кітаптағы негізгі мақсатымыз – Абайдың стильдік ерекшелігін тану емес, керісінше, көбінесе ұлы жазушы тіліндегі жалпылама қолданылатын, яғни барлық стильге де қатысты сөздерге анализ жасау.

Сөйтіп, ең алдымен, Абай шығармалары сөздігінің генетикалық (тілдік) құрамын араб-парсы сөздері, орыс сөздері және төл сөздерге бөліп әңгіме етеміз. Әрі қарай төл сөздердің өзін актив, пассив топтарға (архаизм, неологизм) бөліп қарастырамыз. Ең соңында Абай шығармалары тілінің лексикасына (негізінен, төл сөздер қабатына) тематикалық классификация жасаймыз, яғни оларды ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірінің тілде ізін қалдырған елеулі салаларына қарай жіктейміз.

Абай шығармалары сөздігінің тілдік қабаттары

Абай лексикасын генетикалық тұрғыдан талдағанда, негізінен, үш қабаттан тұрады деп табамыз. Олар: қазақтың төл сөздері (яғни түркі тілдік), араб-парсы сөздері, орыс сөздері. Бірқатар зерттеушілер қазақ, қырғыз тілдерінің сөздік құрамын тілдік тегі жағынан талдағанда, төртінші қабатты – монғол сөздерін атайды⁶⁹. Бертінгі дәуірлердегі жеке қаламгердің тілін әңгімелегенде, біздіңше, бұл қабатты арнайы бөліп шығармаса да болатын тәрізді. Өйткені бұл тілдердегі монғол элементтері, түркі-монғол туыстығы теориясын былай қойғанда және осы күнгі әрбір түркі тілінің өз алдына жеке бөлініп кеткен дәуірлерінде енген деп есептегеннің өзінде, олар – негізінен қазақ, қырғыз тілдеріне ерте дәуірлерде енгендер. Абай дәуірі тәрізді күні кешегі ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ тілі құрамындағы, оның ішінде жеке ақын-жазушылар тіліндегі монғол сөздері – тілге әбден сіңісіп кеткендер. Көптеген араб, әсіресе, парсы сөздері тәрізді, монғол сөздерінің де тектік белгісі не фонетикалық, не семантикалық жағынан төл элементтерден ажыратылмайтын дәрежеге жеткен. Сондықтан кейбір лексикологтарымыз монғол тілдерінен енді деп есептеп жүрген *аян*, *баян*, *байсал*, *қарыз*, *кедергі*, *келеке*, *тұлға*, *соны*, *сонырқау*⁷⁰ сөздері Абай текстерінде бар бола тұрса да,

⁶⁹ Юнусалиев Б. М. Киргизская лексикология. - Ч. I. - Фрунзе, 1959. - С.209-219.

⁷⁰ «Көне қырғыз тілдері (қырғыз, алтай тілдері мен хакас, тува, шор тілдерінің негізі болған диалектілер) тобындағы *сонун* сөзі монғолдың «жаңалық, жаңа хабар, газета, жаңа, қызықты» мағыналарын беретін *сонин* сөзінен алынған, – дей келіп, Б.Юнусалиев, – осы түбірден жасалған *сонурқа* сөзі қырғыз, алтай, монғол,

біз оларды өз алдына қабат етіп шығармадық. Өзге өлкелерге қарағанда, Абай туып-өскен жер монғолдарға бір табан жақын тұрғанмен, бұл күнде немесе Абай тұсында монғол тілінен қазақ тіліне немесе оның шығыс говорларына жүйелі түрде ауыс-түйіс болып жатқан лексикалық қабатты аңғармаймыз.

Араб-парсы сөздері

Сөйтіп, Абай сөздігіндегі шығыс тілдері элементтері дегенде, араб пен парсы тілдерін көздейміз де, көп ретте ол екеуін бөлек-бөлек қарамай, араб-парсы немесе шығыс тілдері деп атап отырамыз.

Абай тілінде орын алған араб-парсы сөздерін бірнеше тұрғыдан қарап талдауға болады, яғни оларды біз:

1. жалпыхалықтық тілге енген уақытына қарай,
2. қамтитын тақырыбына қарай,
3. қолданылатын әдебиет жанрына қарай,
4. қолданылу мақсатына қарай,
5. фонетикалық-грамматикалық тұлғалануына қарай,
6. жалпыхалықтық және жазба әдеби тілге енуіне (сіңісуіне) қарай,
7. лексика-грамматикалық сипатына қарай (жеке сөз, тіркес немесе сөйлем) талдаймыз.

Бұл классификацияны шартты түрде өзіміз жасап отырмыз. Көрсетілген топтардың кейбіреулері (1, 2, 3, 5, 6) жалпы тілге қатысты болса, енді біреулері (2, 4, 7) жеке жазушы тілін зерттеуден туып отыр. Абай лексикасындағы араб-парсы қатары түгелімен неологизмдер емес екені аян. Олардың *едәуір* бөлігі қазақтың жалпыхалықтық тіліне сіңісіп, қалыптасып, ертеден қолданылып келе жатқандар. Н.К.Дмитриевтің түркі тілдерін арабыланған (арабизованные) және арабыланбаған

бурят-монғол тілдерінде бар да, өзге түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де жоқ», – дейді (Аталған еңбек. 214-215-б.). *Сонурқа* сөзінің қырғыз тіліндегі беретін мағынасы «интересоваться, удивляться, поражаться, увлекаться, считать что-либо необычным» (Сонда, 215-б.). Бұл осы мағынада қазіргі қазақ тілінде де бар екендігін «Түсіндірме сөздік» те, Абай тілі де көрсетеді. Абайдың: «Тойған есек шөпті оттап маңайдағы, *Сонырқап* шатқа кетті қай-қайдағы» (II, 127) дегеніндегі *сонырқау* етістігі «увлекаться» ұғымын береді. Сондай-ақ *соны* түбірін де Абай пайдаланған: *Соныға* малды жайып күзетіндер (I, 74).

(неарабизованные) деп екіге бөлгені бойынша⁷¹ қарасақ, біздіңше, қазақ тілі алғашқы топқа әбден жатады. Өйткені ислам діні етек жайған ХІХ ғасырда ғана емес, одан да көп бұрын қазақ тілі сөздік құрамында қыруар шығыс сөздері болғаны аян. Әсіресе тұрмыс-шаруашылыққа қатысты парсы сөздері ену мерзімі жағынан барлығынан да бұрынғы, әріректегі топ тәрізді. Мұндай тілдік құбылыстан дәлел ретінде Б.Юнусалиев иранизмдердің ішінде түркі сөздеріне тән жұрнақтарды жалғаған түрлерінің кездесетіндігін келтіреді. Мысалы, осы пікірдің авторы келтірген қырғыз тіліндегі *демiк* (*дем + iк*), *қассын* (*қас + сы + н*), *шексин* (*шек + си + н*)⁷² сөздерінің аналогияларын қазақ тілінен де табуға болады: *демiгу* (*дем + iк*), батыс говорларындағы *жаныгу* (*жан + ық*), *зораю* (*зор + ай*) дәлелін біз әбден қоштаймыз. Екіншіден, проф. С.Д. Асфандияров өте бір қызық пікір айтқан-ды. Ол кісі: «Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы мен Әмудария, Сырдарияның төменгі жақтарын мекендеген массагеттер, сірә, иран тілдес көшпелі тайпалар болған болулары керек, олармен іргелес отырып, тығыз қарым-қатынаста болған Қазақстанның солтүстігі мен шығысын жайлаған түркі-монғол тайпалары иран сөздерін сол тұстан бастап тіліне енгізген болар», – дейді. Өз сөзімен айтсақ: «В современном казахском языке наблюдается наиболее большого количества персидских слов, совершенно ассимилировавшихся и, по-видимому, проникших в язык в очень далекое время»⁷³.

Қазақ тіліндегі парсы қабатының белгілі бір тобының, әсіресе тұрмыс-шаруашылыққа қатысты сөздердің қазақша (түркіше) дублеттерінің қазірде болмауы да бұлардың өте ертеден сіңісіп, өзге параллельдерді тілден ығыстырғандықтарының үшінші дәлелі тәрізді.

Сөйтіп, қайткенде де, Абай лексикасындағы парсы-ирандық *дұшпан*, *дос*, *кедей*, *дүние*, *баға*, *пайда*, *жан*, *сауда*, *саудагер*, *базар*, *пұл* (*бұл*), *тар азы*, *дерт*, *шаруа*, *өнер*, *зиян* тәрізді

⁷¹ Дмитриев Н.К. Арабские элементы в башкирском языке // Записки Коллегии востоковедов. - Т. V. - 1930. - С. 119.

⁷² Юнусалиев Б.М. Көрсетілген кітап. - 222-б.

⁷³ Введение исторического и библиографического характера // Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под редакцией проф. С.Д. Асфандиярова и проф. П.А.Кунтс. - Алма-Ата, - М., 1935. - С.11.

зат есімдер, *арзан, майда, таза, зор* тәрізді сын есімдер – әбден сіңісіп, қазақтың төл сөзі болып кеткендер. Олар – жалпыхалықтық нормадағы сөздер, яғни қазақтың кең байтақ даласына тегіс тараған, барлық жерде түсінікті және көбінесе барлық жерде бірдей мағынада (мағынасы кейін екіге бөлінген *пұл* тәрізді бірен-сараны болмаса) қолданылып келе жатқан лексемалар. Оған дәлел – бұларды Абайға дейінгі ақын-жыраулар текстерінен де, кейбіреулері XIX ғасырда жырланғанына немесе жазылып алынғанына қарамастан, о бастағы негізін сақтаған ауыз әдебиет үлгілерінен де молынан кездестіреміз.

Сондай-ақ Абайға дейінгі қазақ тіліндегі араб қабатының бірсыпырасы – жалпыхалықтық тілге ертеректе еніп, қалыптасып, сіңісіп кеткендер. Олардың өзін жалпылап екі топқа бөлуге болады: ислам дініне қатыстылары және дінге қатыссыздары. Бұл екі топтың қай-қайсысы да XIX ғасырға дейін-ақ қазақ лексикасында айтарлықтай орын алғанын зерттеуші лексикологтар көрсетеді.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысында, орта тұсында жасаған қазақ ақын-жырауларының тілінен және ауыз әдебиеті үлгілерінен дінге қатысты бірқатар араб сөздерін табамыз. Мысалы, Бұқар жырауда: *пұсырман, қыдыр, арсы-күрсі, қыбла, сәлде, ахрет, Алла, молда, иман, мешіт, кебе, намаз, фани*; тақырыбы діннен мүлде қашық жауынгер ақын Махамбетте: *фәни, құрбан, садаға, Алла, ақы*; оның үлгісін әрі жалғастырушы Шерниязда: *молда, дұға, аруақ, құрбан* т.б. сөздерді ұшыратамыз.

Аса ынталы мұсылмандар болмаса да, қазақтардың сөйлеу тәжірибесіне ислам дінінің әр алуан ритуалдарына (*намаз, ораза, дұға, қайыр, садақа, құрбан*) қатысты сөздер, дін иелерінің аттары (*молда, сопы* т.б.) және басқалары ерте кезден бастап-ақ кіре бастағаны көрінеді. Ал дінге қатыссыз сөздерден көбінесе абстракт ұғым атаулары да Абайға дейінгі нұсқаларда едәуір бары байқалады. *Дәулет, бақ, несібе, несіп, уағада, уәде, пейіл, айбат, арам, адал, амал, құрмет, ар, абырой, сабыр, әлем, ажал, уақыт, мезгіл, мақұл, мысал, өмір* т.б. сияқты көптеген сөздер халық тілінде актив қолданылғандығын XVIII-XIX ғасыр қазақ ақындарының шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілері көрсетеді.

XVIII ғасырда, әсіресе оның II жартысына дейінгі кезеңдерде қазақ тіліне енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін Абай өз шығармаларында: өлеңдерінде де, прозасында да актив пайдаланған.

Абай кейбір өлеңдерінде және «Қара сөздерінде» теология тақырыптарын әңгіме етеді. Соған орай ислам дініне қатысты сөздердің ең алдымен халық тіліне бұрыннан енгендерін қолданады. *Бейіс, бенде, иман, ахирет, аят, әруақ, тәубе, пәни, Алла, молда, сопы* тәрізді арабизм-фарсизмдерді Абай жалпыхалықтық тілден алғаны хақ. Және бұларды тек дін жайын сөз еткен жерлерде емес, орайы келгенде өзге азаматтық тақырыптар ішінде де қолданады. Ислам діні атауларын бірер жерде басқа дінге қатысты ұғымдар үшін де қолданады. Мысалы, орыс тілінен аудармаларында христиан дініндегі *монах* дегенді *сопы* деп алады: Ол монастырь – *сопылар* тұрар жері (II, 150). Тегі, бұл жерде сол кездің қазақ оқушысы үшін бірнеше бейтаныс орыс сөздерін қатар келтіруден қашып, мүмкіндігінше мағынасы жуық сөзді пайдаланған. Бірақ мұндай факт көп емес. Абай қазақта жоқ орыс тілінен келген ұғым атауларын қазақшалап немесе арабша-парсышалап беруге тырыспаған.

Бұрыннан жалпыхалықтық тілде қалыптасқан шығыс сөздерінен сан жағынан Абайда көбірек пайдаланылғаны – дінге қатысы жоқ атаулар. *Дәулет, амал, қадір, құрмет, бақ, күмән, ар, абырой, пейіл, несін, уақыт, мезгіл, қаһар, шара, хал, зейін, ақыл, дәурен, айбат, даңқ* тәрізді абстракт ұғым атаулары мен сын-сипатты білдіретін *момын, арам, адал, мәлім, риза, әділ, мақұл, залым, бекер* сияқты шығыс сөздерін, сондай-ақ оқу-мәдениет саласына қатысты *хат, қалам, сия, көлем* (сөз), *ғалым ~ әлім, ғылым* сөздерін де, *бейбақ, байғұс, пақыр, мейман, дұшпан, дос, әйел, зайып, данышпан, әскер, қызметкер* тәрізді адамды әр алуан жақтан білдіретін сөздерді де Абай еркін және актив қолданған. Бұл көрсетілген сөздер түгелімен дерлік Бұқар, Шал, Махамбет, Шернияз⁷⁴ ақындарда да, Абай

⁷⁴ Бұл фактілер осы төрт ақынның «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» атты 1962 жылғы жинақта жарияланған текстерінен алынды. Біз бұл төртеуін алғанда, Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің өкілдері тек осылар ғана

тұстастарында да мол кездеседі. Демек, бұлар – Абайға дейінгі кезеңдерде-ақ халық тіліне сіңген, жалпылама қолданыста жүрген, қазақ тіліндік болып кеткен сөздер.

Абайдағы абстракт ұғым атауларының бірсыпырасы осы көрсетілгендей, бұрыннан қалыптасқан шығыс сөздері: *ар, абырой, мейір, нала, парыз, нәпсі, қаһар, қиял, құдірет, дәурен* т.б. Абстракт атаулардың біразы өзгелердегі тәрізді, Абайда да **-лық, -шылық** жұрнақтары арқылы тілге сіңіскен араб-парсы түбірлерінен жасалған: *зұлымдық, қапалық, тәкаппаршылық, адамдық, адамшылық, мейірбандық, әділеттік, әділетсіздік* т.т.

Абай тіліндегі жалпыхалықтық қолданыстан алынған шығыс сөздерінің 2-3 белгісін көрсетуге тура келеді. Ең алдымен, қазақ тіліне Абайға дейін қалыптасып, орын тепкен араб-парсы түбірлері Абайдан бұрын да, Абайдың өзінде де қазақ тілі жұрнақтары арқылы жаңа сөздер жасайды. Мысалы, бұрыннан бар *адалдық, арамдық, әділдік, адамдық, достық, дұшпандық, қорлық, зорлық* тәрізді есімдер де, Абай текстерінде активтенген немесе жаңадан жасалған *асықтық ~ ғашықтық, арлылық, мейірбандылық, рақымдылық, қапашылық, Құдайшылық* т.б.-ның түбірі – жоғарыда көрсетілген сіңісті, түсінікті сөздер.

Тілге ертеректен енген шығыс сөздерінің грамматикалық және тұрақты тіркес жасау қабілетін Абай жақсы пайдаланады. *Баға қылу* («бағалау, жоғары көтеру»: Маманды рулы елге *баға қылған* – «Айман-Шолпан», 1957), *бәс кесу* (Сексен байталға *бәс кесіп* – «Қыз Жібек», 1963. 43), *пейілі тарылу, сәлемге келу, ары төгілу, шайтан сөзі, пейілінен табу, насихат сөз, ғашық оты* – *ашық оты, уағдадан жылысу, уағдада тұру, қаза келу, кәр қылу* т.б. тәрізді тіркестер Бұқардан бастап ХІХ ғасыр ақындарында, фольклорлық үлгілерде актив қолданылған. Абай осылармен қатар араб-парсы сөздерін қатыстырып бірнеше жаңа фразеологиялық және грамматикалық тіркестер жасайды. Мысалы, *ғашықтық жарасы* (бұрынғы *ғашық оты ~ ашық оты* дегеннің үлгісімен), *Хаққа мүлгу, қалың қайрат табу, ғылым оқу, ғылым бағу, ғылым іздеу* тәрізді тіркестер

деп есептеуден, әрине, мүлде аулақпыз. Бұларды мысал үшін ғана таңдап, материал жинадық, Абайға дейінгі күллі ақын-жыраулар сөздігін сүзіп шығуға әзірге мүмкіндігіміз болмады.

жасап, оларды өте жиі қолданады: *Ғылым таппай* мақтанба (I, 44). Сол малды сарып қылып *ғылым табу* керек (II, 168). *...Ғылым тапқандардың* жолына... (II, 164). Бұл – «білімді болу, оқу» мағынасындағы тіркес. «Білім алу, оқу» мағынасындағы *ғылым оқу* да осындай: *Ғылым оқып ой таппай* (I, 58). *Ғылым оқып* білгенше (I, 182). Бұрыннан қазақ тіліне сипатты *ел бағу, балаларды бағу* дегендердің қатарына Абай *ғылым бағу, дін бағу, ғылым іздеу* деген жаңа тіркестер қосады: *Ғылымды іздеп*, Дүниені көздеп (I, 92). Терең ой, терең *ғылым іздемейді* (I, 67). Соңғы тіркес – еркін грамматикалық тіркес, әр компонент – өз мағынасын беріп тұрғанмен, *ғылым* сөзінің тіркесу аясын кеңітіп көрсететін фактілердің бірі.

Үшіншіден және ең негізгісі, қазақ лексикасына орныққан кейбір шығыс сөздері көп мағыналық сипатқа ие болады. Бұл белгі әсіресе Абайда күшті сезіледі, Абай бір алуан араб-парсы сөздеріне үстеме мағына немесе семантикалық реңк береді. Мысалы, *қызмет* сөзі – қазақ тілінде Абайға дейін-ақ 2-3 мағынаны білдіре бастаған сөз. Біреулерге ілтипат көрсетіп, белгілі бір міндет атқаруды *қызмет, қызмет істеу, қызметінде болу, қызмет қылу, қызмет шегу* тәрізді тіркестермен білдірген: *Қызметін* қайын жұрттың көрді дейді («Қыз Жібек», 1963. 23). *Қызмет шегіп* жүгірді Кел-мембет ердің жолында («Қамбар», 1957. 67). Екі қолын қусырып Үлкенге *қызмет қылады* (Дулат, 61). *Қызмет ету* (істеу, қылу) тіркесі «біреуге жұмыс істеу» (көбінесе тәуелді түрде) мағынасын да білдірген: Бай кедейді көрмейді... *Қызметін* бір күн қылмаса, Майлы сорпа бермейді (Шортанбай, 156). Абайда *қызмет* сөзінің осы мағыналары да кеңінен қолданылған. Әбдірахманның әйелі Мағыштың аузына: Тым болмаса *қызмет қып*, Өткізбедім қасымнан (I, 190) деген сөзді салғанда, *қызмет* сөзі «міндет», «күту, «бағып-қағу» мағынасында келсе, байларға *қызмет қыл* (I, 52) деген тәрізді жерлерде күнкөріс үшін жұмыс істеу мағынасын береді. Бұл екеуімен қатар Абай *қызмет* сөзін 3-мағынада пайдаланады: ол – *қызмет* сөзінің «әскери және әкімшілік орын» деген ұғымы, орысша «служба» мағынасы: Баламды медресеге біл деп бердім, *Қызмет қылсын*, шен алсын деп

бермедім (I, 25) дегенінде *қызмет қылу*—«патша үкіметінің әкімшілік органында жұмыс істеу» дегенді білдіреді. Сондай-ақ: ...*Қызметке*, болыстық, билікке таласу (II, 159) дегендегі *қызмет* – жергілікті әкімшілік орны. Кей жерлерде жазушы *оязға қызметету* немесе *военный қызмет* деп осы сөздің мағынасын тіпті айқын береді: *Военный қызмет* іздеме Оқалы киім киюге (I, 52). *Қызмет қылма оязға* Жанбай жатып сөнуге (I, 52).

Бұл сөздің жеке адамдардың арасындағы қарым-қатынасын білдіретін тар мағынадан адамдар мен үкімет арасындағы қарым-қатынасты белгілеуге көшуі – Абайда (және ішінара өзгелерде) кейбір сөздерді көп мағыналы ету фактісінен туған.

Сондай-ақ *өнер* деген қалыптасқан арабизмді Абай бірнеше ұғымда жұмсайды. *Өнер* сөзі қазірде «искусство» мағынасында тұрақталған. Ал Абайда ең алдымен бұл сөз «кәсіп, профессия, қызмет» ұғымын береді: Оқудан шыға ұстады ата *өнерін* (I, 271). Осының алдында: *Кәсібін* күннен-күнге Тәңірі оңғарған (I, 270) деген жол бар. Бұл жердегі *өнер* – «кәсіп». Арабша *харекет* сөзі де осы екеуіне синоним болып келеді: Атаның *харекетін* ұстай алды (I, 271). Хош, қорықты елің, Қорқытқан сенің *өнерің* қайсы айтып бер (I, 91) дегеніндегі *өнер* – «іс-әрекет, қызмет». Қылып жүрген *өнері харекеті* – *әрекет* (I, 60) деген жолдардағы *өнер, харекет, әрекет* деген үш арабизм – өте бір қызық келтірілген семантикалық шоғыр. Үшеуі де бір-біріне синоним болып түседі, дәл осы жерде *өнер* мен *харекет* сөздері жалпы «кәсіп, іс-әрекет» дегенді, ал *әрекет* варианты «жағымсыз іс-әрекет» дегенді білдіріп тұр. Бұл – Абайдың халық тіліне енген шығыс сөздерін көп мағыналы етіп қолдануының өте бір сипатты фактісі. *Өнер* сөзінің таза «кәсіп, іс-әрекет» мағынасында келтірілгеніне: Қажеке, молдеке аталмақ үшін *өнер* қылып едіңдер (I, 191) деген сөйлемі де мысал болады. О дүниеге барғанда Құдай тағаланың алдында жауап беретін қажы, молда, сопы, жомарт, шейіттердің бұл дүниеде істеген істерін Абай *өнер қылдыңдар* дегенінде, әрине, *өнер* сөзі қазіргідей «көркем өнер (искусство)» ұғымында емес, тіпті жағымсыз іс-әрекет мағынасында. *Өнерсіз* шатылған Кісіге сән бе екен (I, 215) дегендегі *өнер* де –

«кәсіп, қызмет, еңбек ету» мағынасындағы сөз. Сонымен қатар *өнер* арабизмінің Абайдағы тағы бір мағынасы осы күнгідей «шеберлік» («искусство»): Гомердің бейітшілігі, Софоклдің трагедия жазатындығы, Зевскистің суретшілігі туралы айтып келіп: Онан басқа *өнерлері* әшкере болған жандар дегенінде бұл жердегі *өнер* нағыз искусство, шеберлікті білдіреді. Абай *орыстың өнерлері* (II, 158) деген қолданыста бұл сөзбен «шеберлік» ұғымын да, «кәсіп» ұғымын да қоса беретін тәрізді, өйткені әрі қарай: *Үлкен байлар да* (демек, әр алуан кәсіппен байығандар), *үлкен молдалар да* (демек, оқығандар), *ептілік, қырмызылық, сыпайылық* (демек, бұл үшеуі – искусство – шеберлік түрлері) *бәрі соларда* (I, 158) деген сөйлем бар. *Өнерге* салды бұл аңыратып (II, 127) – мұнда да *өнер* – искусство. *Өнер* сөзін «жалпы шеберлік» немесе «жалпы кәсіп» мағыналарында қолданған Абай «ремесло», яғни «белгілі бір қол шеберлігін кәсіп ету» деген ұғымды *қолөнер* деп айырып береді: Егерде мал керек болса, *қолөнер* үйренбек керек. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан *қолөнерлі* – қазақтың әулиесі сол (II, 188). Сірә, осы мағынадағы қазіргі *қолөнер* деген сөзіміздің түп төркіні Абай кезеңінен (мүмкін, тіпті Абайдың өзінен) алынған болса керек.

Абай тұсындағы және оған дейінгі әдеби тілде *өнер* сөзінің «шеберлік» мағынасы басымырақ болған. Біздің қолымыздағы әзірге жиналған мысалдар осыны көрсетеді. «*Өнер* алды – қызыл тіл» деген мақалдан бастап, ауыз әдебиет үлгілеріндегі: Шығады әртүрлі *өнер* Айман жастан («Айман-Шолпан», 1957, 29); Мәлім болды батырға Ақылмен *өнер* іс етіп («Қамбар», 1957. 50) деген жолдарда және Ильминскийдің *өнербет* (искусный) деп көрсетуіне карағанда, *өнер* сөзі «шеберлік» мағынасымен ұштасады.

Сөйтіп, Абай *өнер* сөзінің де мағынасын көбейтеді және осы мағыналарда қолданылуын активтендіреді. *Қызмет* пен *өнер* сөздерінің қатарына *харекет*, *амал* сөздерін де қосуға болады. Абай *харекет* арабизмін *әрекет* вариантынан бөліп алып, «еңбек, кәсіп, жұмыс» мағынасында жұмсайды. *Амал* сөзі Абай текстерінде «тәсіл» және «айла» деген екі жақын семантикаға

ие. Сөйтіп, тілге бұрыннан сіңген шығыс сөздерінің үшінші белгісі полисемантизм болса, оның активтену тенденциясы Абайда күшті сезіледі.

Хат, сурет сөздері де осындай көп мағынаға ие болған. *Хат* Абайда: 1) «адамдар арасында жазылатын хабар» («письмо»); 2) жалпы «жазу»; 3) *хат тану* тіркесінде «сауат ашу, сауатты болу» мағыналарында жұмсалған. Мұның үшеуі де жалпыхалықтық тілде бұрыннан бар болғанмен, оның әр мағынасында айқындалып, нормалануы Абайдың үлесіне тиеді. Мысалы, *хат* сөзінің осы күнгі «почтовое отправление – письмо» мағынасы қазақша ресми-эпистолярлық қағаздар тілінде *мәктәбә, күтәпту, кітап* және *хат* түрінде 3-4 сөзбен берілген⁷⁵. Ал халық тілінде алғашқы кезде *хат* сөзінің «жалпы жазылған нәрсе, жазу» мағынасы басым болған. Мысалы: Неке қияр *хат* берсін («Қыз Жібек», 1963. 31). Жақсының аты өлмейді, Әлімнің *хаты* (демек, жазғаны) өлмейді (Бұқар, 48). Шежіре туған адамның Көкірегі сызған *хатпен* тең (Дулат, 56). Абай бірінші рет Татьянаның, Онегиннің хаттары деп (Таңғажайып бұл қалай *хат*, Мағынасы алыс, өзі жас – II, 77; *Хатыңнан* жақсы ұғындым сөздің бәрін – II, 80) бұл сөздің мағынасын айқын бір білдірсе, Алматыда ауырып жатқан Әбдірахманға өз атынан, Кәкітай атынан жазғандарын *хат* деп атап (Зар *хатым* – бұл *хатым* – I, 168; Мен жазайын сізге *хат* – II, 169), осы сөздің қазіргі мағынасын тұрақтандыра, беркіте түседі.

Осы топқа қосылатын *сурет* сөзі өткен ғасырдағы жалпыхалықтық тіл тәжірибесінде, сірә, көбінесе «бейне, кейіп» мағынасында жұмсалғанға ұқсайды. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Сансызбайдың кескін-келбеті Төлегенге ұқсайтынын: Төлегеннің *суретін* бойына қалай қаптаған (1963, 36) деп жырлайды. *Сурет* сөзінің қазіргідей салынған бейне (рисунок, картина, написанная художником) ұғымын бірінші қолданған Абай: Шайтанның *суретіне* есіктегі Бірқатар көзін салып қарап тұрды (11, 151). Бұл – Лермонтовтың: «...рассматривал дьявола, изображенного на овятых воротах» («Вадим», IV, 184) деген сөйлемінің аудармасы. Сондай-ақ әке кәсібін

⁷⁵ Материалы по истории Казахской ССР. - Т. IV. - М.-Л., 1940.

ұстаған Әзім «қағазға өрнек жасап, *сурет* ояды» да, «харекетім *суретші*, бояушылық» (II, 271), – дейді. Абайда осы *суретші* деген туынды сөз «сурет салатын художник» мағынасында. Абай *сурет* сөзін екінші мағынада және қолданады. Бұл да – бұрынқазак әдеби тілінде болмаған мағынасы. Ол белгілі бір табиғат құбылысының, іс-әрекеттің, қимылдың т.б. суреті, орысша «картина» дегенге сай келеді. Бүркіт салу тәрізді қызықты аңшылық картинасын көз алдына келтіріп айтып-айтып келіп (осы күнгіше айтсақ: суреттеп беріп), соңында: «Ұқпасың үстірт қарап бұлғақтасаң, *Суретін* көре алмассың көп бақпасаң» (I, 23), – дейді. Бұл сияқты «тұтас бір қимыл-әрекеттің суреті» дегенді Абайдан бұрынғы ешкімнен кездестірмейміз. Осы күнгі *суреттеу* («сипаттау, баяндау, жан-жақты көрсетіп беру») сөзінің түбірі осы Абайдағы жаңа мағынасынан шыққаны байқалады.

Қазірде архаизмдер тобына кеткен бірқатар шығыс сөздері Абай тұсындағы халық тілінде актив элементтер болды. Олардың дені – ислам дініне қатысты *аят, күпірлік, ахирет, пәни* (жалған), *құбыла, тағзым, сопы, имам, хазірет* т.б. және діни ритуалдардың атаулары болып келеді. Солардың бірі – Құдайдың бірнеше атауы: қазақтың исламға дейінгі жалпы түріктік *Тәңрі*-сі бар ма, парсының *Құдайы*-ы, арабтың *Алла-сы, Құдіреті*-сі, *Жаббар*-ы, *Расул*-ы бар ма – барлығыда бұл кезде актив сөздер. Абай да оларды жатсынбай, синонимдік қатар түзеп пайдаланады. Бір жерінде: *Тәңрі* қосқан жар едің сен (II, 85, салыстыр: халық тіліндегі *Құдай қосқан* қосағым) деп келсе, екінші жерде: Оған *Құдай тағала* айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп (II, 177) дейді. Үшінші жерде: *Алла* деген сөз жеңіл, *Аллаға* ауыз – жол емес (I, 214) деп арабша атауын жиі қолданады.

Сөйтіп, Абай лексикасындағы шығыс сөздерінің елеулі тобы – тілде шеттігі сезілместей болып ертеректе еніп сіңіскен, қалыптасып орныққан лексемалар. Абай оларды шет көрмей, жалпыхалықтық қордан алып пайдаланған. Бұлардың қазақ тілінде етене болғандарының тағы бір белгісі – олар кез келген қаламгерде, ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі және еркін, кейде

тіпті кейбіреулері мағына үстеп қолданыла беруі. Сан жағынан, бұлар – Абайда да жиі қолданылған сөздер⁷⁶.

Тілге ену мерзімі жағынан қарағанда, араб-парсы сөздерінің екінші тобы тағы бар. Олар – XIX ғасырдың ішінде, әсіресе II жартысында еніп қолданыла бастаған немесе бұрыннан бар болса да, осы кезеңде әртүрлі факторларға байланысты активтене бастаған сөздер. Әрине, бұларды осы кезеңдікі деп әзірге ешбір айна-қатесіз кесіп айту қиын, өйткені жоғарыда айттық, бұл жұмыс, бір жағынан, XIX ғасырға дейінгі үлгілердің лексикасын түгел регистрацияға алып, анықтауға байланысты болса, екінші жағынан, бұл үлгілер көбінесе хатқа түспей, ауызша жеткендіктен, соңғы жеткізушілер өз тұсындағы нормаларды қосып жіберіп шатастыратыны және бар. Дегенмен жеке әрбір сөзге таласпай, жалпы алғанда, өткен ғасырда актив қолданылған бір топ араб-парсы сөздерінің бары факт екенін батыл айта аламыз.

Жоғарыда, кіріспеде атадық, Абай тұсында қазақ даласында оқу-ағарту, кітап шығару сияқты құбылыстар бұрынғыға қарағанда едәуір жанданды. Оның ішінде мұсылманша оқу Орта Азия түркі халықтарының жазу дүниесіне тән элементтерді активтендірді. Бұрынғы ақын-жырауларда *қалам, қағаз, сия, кітап, дәуіт, медіресе, шәкірт* тәрізді таза оқу процесіндік зат, адам атаулары некен-саяқ ұшырасса, XIX ғасырдың II жартысындағыларда әлдеқайда жиі қолданылған. Мысалы, Дулат пен Шортанбайда бұл саладан *сызған хат, кітап, ғарап, парсы* (әңгіме тіл, оқу жайында), *кітаптың тәмам болуы, медресе, мешіт, мұфти, мәселе кітап* тәрізді сөздер болса, олардан кейінгі Ақан сері, Біржан, Майлыкожа, Шәңгерей, тіпті Сүйінбай, Шөжелерде осы сөздердің көбін кездестіреміз. *Ғалым ~ әлім, ілім ~ ғылым, сауат, насихат, нақлихат, мағына, өсиет, бәйіт, гибрат ~ ыбырат* деген арабизм-фарсизмдер де осы кездегі ақындарда, тіпті ауыз әдебиеті үлгілерінде

⁷⁶ Қазақ тілін статистикалық тұрғыдан зерттеу ісінің қауырт қолға алынғанының нәтижесінде, математиктер мен лингвист ғалымдар лексикалық құбылыстарды зерттеу объектісі етіп отыр. Солардың бірі – математик Қ.Бектаевтың баспаға ұсынбақшы өте қажет еңбегі – «Абай тілінің жиілік сөздігі» («Частотный словарь Абая»). Біздіңше, бұл сөздік Абай лексикасына байланысты бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретіні анық. Соның ішінде кірме сөздердің қолданылу жиілігін де осы сөздіктен дәл білуге болады.

жиі қолданыла бастағаны байқалады. Әрине, бұлардың актив қолданылуы барлық қаламгерлерде бірдей емес. Дегенмен ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ ақындарының көбі (кітаби ақындар өз алдына) мұсылманша сауатты болған. Сондықтан: *Мәселе кітап шығардым. Кейінгі қалған пендеге* деген Шортанбайда болсын; *Кітап сөзін жатқа алып, мағынасын оның білген ақынды ғана ақын деу керек* деп өткен немесе: *Тәмам болды кітабым* деп кітап шығарған Дулатта болсын; *Азырақ сөзді жазамын Сауатым осы болған соң* деген Майлықожада болсын, *Азгантай мен жазайын ақыл дәптер* деп өткен Ақан серіде болсын; *«Алла яр» жаздым, аға, Көлборсыдан* деп келген Шәңгерейде болсын – осылардың қай-қайсысында да жоғарыдағыдай ғылым-білімге қатысты шығыс сөздерінің жиі кездесуі олардың сауатты болғандықтарына және бұлтұста оқу-ағарту ісінің едәуір жанданғанына тікелей байланысты.

Оқу-ағарту, мәдениет саласындағы кейбір арабизм-фарсизмдердің активтене түскенін олардың ауыз әдебиеті үлгілері тіліне енгені де дәлелдейді. О бастағы негізгі нұсқасы (сюжеті т.б.) сақталғанмен, хатқа түскен кезеңінде үлкен «редакциялардан» өткен эпостық жырларға да *хат, мәслихат, кітап* сияқты сөздер қосылған: Молдалар басы қосылса, *Мәселе кітап* оқыр-ды («Қыз Жібек», 1963. 78). Отырған *мәслихат* қып ақсақалдар (Сонда. 72). Ал біз талдап отырған дәуірде туған «Айман-Шолпан» сияқты жырда сол кезде ене бастаған арабизмдер тіпті мол: *Хал мүшкіл* жаздыруға *қалам хатқа* («Айман-Шолпан», 1957, 23). *Үкімге* біздің айтқан көнсін дейді (Сонда, 17). Ішінде *әптиектің сабақ* бар ды (Сонда, 22). Омбының *хат* жазайын орысына (Сонда, 30).

Абай заманында біраз араб-парсы сөздерінің жоғының еніп, барының активтене бастауына сол тұстағы кітаби тілдің жандануы да әсерін тигізгені сөзсіз. Кітаби тілде жырланған қисса-дастандар, біздіңше, біраз шығыс сөздерін сол кездегі ауызекі сөйлеу тіліне де, қазақ әдеби тіліне де енгізіп, орнықтырып кеткені сезіледі. Сондай-ақ шығыстың атақты классиктерінің шығармаларын қазақша еркін аударып жырлаған үлгілер көптеген діни емес мағынадағы арабизмдер мен фарсизмдерді енгізіп, жалпыхалықтық және әдеби сөздік

байлығына қосқанын атаймыз. Мысалы, осы екі түрлі әдеби нұсқалар біз әңгіме етіп отырған кезеңде *бәйіт, дастан, қысса, наме, дүлдүл, жамал, ділда, лағыл, гауһар-жауһар, гажайып, шәрбат, расул, сахаба, сүндет, махшар, перзент, пір, парыз* т.б. тәрізді сөздерді әкелген деп ойлаймыз. Және бұлардың бірқатары қазіргі әдеби нормамызда көнерген, пассив элементтер болғанымен, өткен ғасырдың II жартысында, әсіресе жазба нұсқалар тілінде, едәуір актив сөздерболған.

Абай тіліндегі оқу-білім, ғылым, мәдениетке қатысты араб-парсы сөздері «Оқу-ағартуға байланысты сөздер» және «Жаңа сөздер» деген параграфтарда толық талданады.

Абай тұсында активтене бастаған шығыс сөздерінің ішінде тек оқу-мәдениетке қатысты сөздер емес, соңғы көрсетілген кітаби тіл мен шығыс классиктері әдебиетінің еркін аудармалары арқылы ене бастаған өзге сөздер де орын алады. Жазба әдебиет түрлерінің арабша атаулары *бейіт, қысса, намә* деген сөзді Абай сирек болса да пайдаланған: Бұл жазған сүнғатым, Көңіл ашар бір *намә* (I, 168). Сондай-ақ діни ұғымдарға қатысты *күпір, асы* (Аллаға *асы*, бейіске қашқын болып – II, 152), *сурет* сөздері, діни ұғымдарға қатыссыз *перзент, дүлдүл, шәрбат, кесапат, тағзым* сөздері кездеседі. Бұлардың бір ерекшелігі – өте сирек қолданылғандығы.

Діни тақырыпты жырлайтын кітаби қиссалар арқылы халық тіліне кіре бастаған *перзент, перизат, дүлдүл* тәрізді сөздерді Абай қиссалардағыдай тура мағынасында емес, көбінесе ауыспалы мағынада жұмсайды. Бұл – принципті айырмашылық. Мысалы, «бала» мағынасы ресми-эпистолярлық стильде де, кітаби тілде де, көбінесе, *перзент* сөзімен берілген. Мысалы, Нұралыханның 1785 жылы барон О.А. Игельстромға жазған хатында өзінің балалары туралы: «...Өзіміздің ғизатлу *фарзантларымызны* иібәріп» – «чтобы я послал своих дорогих детей...» деп жаздыртады⁷⁷. Сондай-ақ қисса-жырлардың көбі «төрт түлігі сай болғанмен, бір перзентке зар» болған ата-ананың бала сұрап әулиелерге жалбарына тындарынан басталады. Бұл бастамалар да – «Баяғы өткен заманда, Дін-мұсылман аманда» сияқты ислам дінінің салқынымен жазылған үгіт-

⁷⁷ Материалы по истории Казахской ССР. - Т. IV. - М.-Л., 1940.

кіріспелер. Сондықтан *бала, ұл* емес, *перзент*. Оның үстіне *перзент* сөзінде поэтикалық стиль элементінің сипаты да жоқ емес. Ал Абай оны «бала, ұл» ұғымында қолданбайды, *перзент* Абайда ауыспалы мағынада образ жасау үшін (Кавказдай құзда туған *перзенттенмін* – II, 115) немесе: *Уа, жүрегімнің қуаты – перзентлерім* (II, 194) тәрізді ауыспалы мәндегі қаратпа ретінде қолданылған. Сол сияқты Абайдың *перизаты* да – перінің қызы емес, кәдімгі Татьяна Ларина! Бұл сөзді Онегин айтады: *Ол – перизат, ойла, өзің біл, Не болады болса қор* (II, 77). Абайдың *айдаһары*да адамзат, жан-жануарды жұтып жатқан жыланмен қатар (поэмасында), ол – Терек өзенінің толқыны! *Насихат* сөзінде – Абай тілінде «дүр жауһар аузынан сөз шығарып, пайғамбардың сахабаға айтатын насихаты» (мысалы, «Салсалдағыдай» киік етін жегім келіп отыр деген, аппетитін білдіретін жай ғана сөзі) емес, осы күндегідей көпшілікке айтылатын «үгіт сөзі»: Жігерлен, сілкін, қайраттан, беркін деп *насихат бергенде* (I, 89). Осы ақылды кім үйренеді, *насихатты* кім тыңдайды (II, 165). *Насихат* сөзі жалғыз Абайда емес, өзгелерде де соңғы мағынада қалыптаса бастаған. Мысалы, Шортанбайда: *Насихат* шашып кетейін Азғана сөзді артыма (151); Бір *насихат* айтайын, Тыңда мұны, балалар (156), Майлықожада: Ақын-жыршы тоқталмаса, *Насихат-үлгі* сөз бермей (200). Дулатта: *Насихатты* тындамас (61) т.т.

XIX ғасырдағы қазақша діни әдебиетте кездесетін араб-парсы сөздерінің біразын Абай осылайша ауыспалы жаңа мағынада қолданады да, қалған басым көпшілігін тіліне әдейі жуытпайды. Өзі айтқандай «Әзірет Әлі, айдаһарсыз» жазған Абай діни қиссалардың тақырыбын да, стилін де, лексикасын да қабылдамағанын тілінен тануға болады. Қисса-дастандардағы *қырық шілтен, ғайып ерен, Баба түкті шапты Әзіз, сахаба, жәбірәйіл, фарман* тәрізді «жүрдек» сөздер Абайда жоқ, барлары (мысалы, *сахаба* – бір рет) өте сирек немесе көбінесе ауыспалы мағынада (мысалы, *кәтір*) қолданылған.

Оның есесіне Абай бір алуан шығыс сөздерін жиі пайдаланып, оларды қазақ тіліне енгізу әрекетін жасаған. Мысалы, *хикмет* сөзін Абай 22 рет қолданыпты, бұл сөздің араб тілінде үш түрлі мағынасы бар: 1) мудрость; 2) мудрое изречение, по-

словица; 3) знание медицины, врачевание⁷⁸. Бұл сөзді Абай бірінші мағынасын сақтап, өте жиі қолданған. Абайда *хикмет* контекске қарай түп тілдегідей «ақыл, даналық» дегенді білдіреді⁷⁹. Орысша оқу керек, *хикмет* те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор (II, 179). ...Басынан біліп істеген *хикметімен* болса... (II, 181). ...Адамды Жаратушы артық *хикмет* иесі... (II, 181).

Бұл сөз өлеңдерінде де қолданылған: Іштегі кірді қашырса, Адамның *хикмет* кеудесі (I, 132). Біздіңше, мұнда да «керемет, ғажайып, сыр» дегеннен гөрі, «дана, ақылды» деген мағынаға жуық келетін тәрізді.

Сол сияқты *гибрат*, *ганибет*, *сұхбат*, *пара* («бөлік» мағынасында), *әдді*, *еждиһат*, *серменде*, *ғайбат*, *ғафил*, *әзелде*, *дағуа* сөздерін Абай жатсынбай қолдануға ұсынған лексемалар қатарына қосамыз. Оған бір-екі себебіміз бар. Біріншіден, бұл сөздер Абайда шығыс сөздері толы прозасында ғана емес, поэзия тілінде де қолданылған және бірнеше реттен әртүрлі шығармасында қайталап келеді. Екіншіден, бұл сөздердің кейбіреулерінен туынды тұлғалар жасайды: *сұхбаттасу*, *сұхбаттастық*, *ғайыпты*, *ғаділдік*, *гибраттану*.

Үшіншіден, кейбіреулері белгілі бір қазақ сөздерімен тіркесте қалыптасқан: *сенімі жоқ серменде*, *бірдейлік дағуасы*, *ғафилдік көп өткізу* т.т. Төртіншіден, бұлар Абайдан өзге авторларда да сирек болса да қолданыла бастаған. Ал бұл қасиеттер – шет сөздің тілге ену (немесе ене бастау) фактісін танытатын белгілер⁸⁰. Бұл сөздердің кейбіреулерін таныстырып өтейік. *Сұхбат* 1) сообщество; 2) общение; дружба; 3) приятели) сөзін Абай ссім түрінде келтіргенде «сырласу, әңгімелесу» мағынасында емес, біздіңше, оригиналдағы екінші мағынасында, «жолдастық» деген мәнде пайдаланған тәрізді: Арзан, жалған күлмейтін шын күлерлік Ер табылса, жарайды

⁷⁸ Осы жерде және әрі қарай араб-парсы сөздерінің орысша баламалары екі тілдік сөздіктерден алынды.

⁷⁹ Абай шығармаларын бастырушылар (1957 жылғы басылуында) бұл сөзге бір жерде «өнер-білім» деп, келесі жерде «керемет, ғажайып, сыр, ақыл» деп түсінік береді. Біздіңше, бұл сөйлемдердің бәрінде *хикмет* «даналық, ақыл, ақылдылық» деген ұғымдар береді.

⁸⁰ *Сорокин Ю. С.* Развитие словарного состава русского литературного языка в 30-90-е годы XIX в. - М.- Л., 1965.

қылса *сұхбат* (I, 38). Жолдастық, *сұхбаттастық* – бір үлкен іс (I, 39), ал етістік түрінде (*сұхбатмасу*) келтіргенде бірінші мағынасын («сообщество») алғанға ұқсайды, өйткені жәдігой шал бұл сөзді баланы бірлесіп бір іс істеуге шақырғанда айтады: Сырлассақ, *сұхбаттассақ* аулақ артық (I, 273).

Фибрат (поучение, назидание; урок, смысл) сөзін «үлгі, өнеге» мағынасында Абай өте жиі пайдаланған. Бұл сөзді ара-тұра Абайдың тұстастары да қолдана бастаған: Майлы ақынның өзіне, *Ыбырат* берер сөзіне (Майлықожа, 192).

Парсының «бөлік» мағынасындағы *пара* сөзін жалғыз Абай емес, өткен ғасырдағы сауатты ақындардың бірқатары актив пайдаланған: Бұл жұрттың сөз танымас бір *парасы* (I, 66). Бір *паражанды* малды ғып, Бір *паражанды* малсыз ғып... (Дулат, 68). *Әсте* фарсизмі де осындай. Абайда бұл сөз өте активтенген, ол өзгелерде де жоқ емес. Арабша *әуел* (*де*) сөзімен параллель, сол мағынада парсының *әзел* (*де*) сөзін Абай да, біренсаран өзгелер де жарастыра қолданады. *Ғанибет*, *ғайбат* сөздері де бірте-бірте ене бастаған белгісін Абаймен қатар өзге нұсқалардан кездесуі көрсетеді. Мысалы, Адамға ол да болса бір *ғанибет* («Қыз Жібек», 1963).

Арабша *хәддү* 1) предел, край, конец; 2) граница, рубеж; 3) лезвие, острие; 4) заповедь; постановление, статья мусульманского права, устанавливающая наказание) сөзін *әдді*, *үдда*, *үде* варианттарында 1,2 және 4-мағыналарында жұмсайды. Деді: «*Әддіңді* білсеңші» (II, 141). *Әддін* білмес шіркінді Құдай әбден қарғады (II, 128). Сыпайылық, шеберліктің *үдесінен* шығарлық қисыны бар (II, 183).

Бұларды, әрине, Абай, тектен-тек көңілі түсіп кетіп ала салмағаны байқалады. Мысалы, *ғибрат* сөзі жай «үлгі, өнеге» емес, осы күнгі «сабақ болу – сабақ алу (сделать себе урок)» мағынасы үшін алынған. Қазіргі *сабақ болу – сабақ алу* тіркестері калька жолымен кейінгі кезеңдерде (совет дәуірінде) пайда болған. Ал *ғибрат*, *әдді*, *сұхбат* тәрізді арабизмдер синонимдік қатар үшін стильдік мақсатпен алынған. Мысалы, Ақылы бар кісіні *Айбаттайды*, *даттайды* (I, 59) дегенде соңғы екі сөз – бір-біріне синоним.

Біз бұларды шартты түрде тілге жартылай енген арабизм,

фарсизмдер деп атаймыз, өйткені бұлар қазіргі нормамызға келіп ұласпаса да, Абай шығармалары арқылы қалың оқушы жұртшылыққа таныс болған, тіпті кейбіреулері (*сұхбатмасу, ганибет, еждиһат, гайбатмау*) – біршама орын тепкен сөздер.

Абай шығармаларында, әсіресе, өлеңдерінде аса жиі болмаса да, қолданылған кейбір шығыс сөздері сол кездегі жалпыхалықтық тілге де енбеген, кейін де қалыптаспаған элементтер болып табылады. Бірақ бұлар – мүлде бейтаныс та емес, контекстке қарай мағынасын еркін түсінуге болатын, ара-тұра Абайдың өзге тұтастары да пайдаланған сөздер. Оларға *сипат* («саулық» мағынасындағы – Әбіштің *сиқатын* беркітсең кеудеге – I, 168), *Сиқатын* қалқама, Бере гөр, я Рахим – I, 171), *мизан, уәзін* («өлшеуіш»), *гадауат* («дұшпандық»), *гиззат* («қадір, сый»), *дәрқұман* («күдік, күдікті»), *тағлым* («үйрету») > *тағрып* («түсіндіру, білдіру»), *баһра* («пайда, үлес»), *уәрд* («әдет, машық»), *тағат* («құлшылық ету»), *һәмише* («үнемі, ылғи») сөздерін жатқызамыз. Қазақ тіліне енген көптеген араб-парсы сөздері сияқты, Абай бұл көрсетілген сөздердің де төркін тіліндегі бірнеше мағынасының біреуін ғана алады. Мысалы, *сиқат* сөзі арабша, негізінен екі түрлі мәндегі сөз: 1) здоровье; 2) истинность, правильность, достоверность, правдивость. Абай осының 1-мағынасында ғана жұмсайды. *Тағлим* сөзінің түп төркініндегі төрт түрлі мағынасының «1) учение, обучение; 2) образование; 3) тренировка; 4) доктрина» біреуі, біріншісі алынған. Сол сияқты араб тілінде 5 мағыналы *мизан* сөзінің «мерило» деген 2-мағынасын, *гиззат* сөзінің арабша «слава, дороговизна» деген мағыналарын емес, «честь, достоинство» деген мағынасын алып жұмсаған. Сірә, осы жерде көңіл аударар бір жай – ол Абай шығармаларының басылуларында шығыс сөздеріне берілген түсініктердің кейбіреулерінің дәл еместігі. Әрине, бұл жұмыс – әрі араб, парсы тілдерін жақсы білетін, оның үстіне Абай сөздігін әдейі зерттеуші мамандарға жүктелетін міндет. Сөз жоқ, бұрынғы комментаторлар қалың оқушы жұртшылыққа бейтаныс көптеген арабизм, фарсизмдерді дұрыс түсіндірген, ал кейбіреулерін әлі де қайта қарау керек тәрізді. Мысалы, *дағуа* сөзі 1954, 1957 жылғы басылуларында *талас, тартыс, айтыс* деп түсіндірілген. Ал

араб тілінде бұл сөз «1) приглашение; 2) призыв; 3) распространение; 4) агитация; пропаганда; 5) призвание, назначение; 6) юридическое дело» деген мағыналарды береді. Бұлардың ешбірі де «талас, тартыс, айтыс» деген ұғымға жуықтамайды. Әрине, некен-саяқ сәттерде араб-парсы сөздерінің төркін тілінде жоқ мағынада қолданылып, қалыптасып кететіні болады, дегенмен дәл Абай текстінде *дағуа* сөзі оригинал тіліндегі 6 мағынасының біреуінде, сірә, 5-мәнінде («призвание, назначение») пайдаланылғанға ұқсайды. Әрине, бұл – кесіміміз емес, жобалауымыз. Сол сияқты жоғарыда талданған *хикмет* сөзі осы іспеттес, бұл сөз кітапта түсіндірілгендей, «керемет, ғажайып, сыр, ақыл» емес, сірә, түп төркініндегі 1-мағынасында («даналық») жұмсалған болу керек. Немесе *сұхбат* сөзі кітаптағы көрсетілген «оңаша отырыс» емес, «жолдастық» мағынасында екенін де жоғарыда айттық.

Араб, парсы тілдерінің маманы болмағандығымыздан, біз бұл кітапта Абай лексикасындағы арабизм, фарсизмдерге түгел, жан-жақты талдау жасай алмағандығымызды ескертеміз. Тегі, бұл – мамандар тарапынан арнайы, өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе.

Сиқат, мизан, уәзін, гиззат, тағрип, нәмише, баһра тәрізді сөздерді алдыңғы топқа қоса алмадық, өйткені бұлар, біріншіден, Абайдың өзінде өте сирек (1-2 ретпен ғана) қолданылса, екіншіден, қолданылу мотивтері өзгешелеу, яғни бұлар (*гиззат-құрмет* сияқты бірен-сараны болмаса) синонимдік қатар құрамайды не бұрын жоқ ұғымдарды білдірмейді. Бұлардың барлығының дерлік қазақша немесе бұрыннан тілге сіңген арабша-парсыша дублеттері бар. Көпшілігі стильдік мақсатпен Абайдың «діни» өлеңдері мен баласының науқасынан қауіптеніп, Алласына жалбарынып медет тілеген өлеңдерінде қолданылған. Мысалы, бір ғана «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын өлеңінде халықтық тілге енген, танық сөздерді былай қойғанда, шала танық немесе мүлде түсініксіз шығыс сөздерінің саны – 13-14. Әбдірахман сырқаттанып жатқанда, «Дұғамның қуатын Жіберме өңгеге» деп Алланың рахматына сыйынып жазған кішігірім (5 шумақ) өлеңінде 16-17 араб-парсы сөзі бар, олардың ішінде бұрыннан

таныс *Алла, жар, дұға, Құдай, сипат, бенде, шапқат, рәушан, хат, рақат* сияқтылар да, *рахмат, рахит, жұлме, сиқат, сұңғат, наме* тәрізді бейтаныс немесе шала таныс сөздер де бар.

Абай шығармаларында кездесетін шығыс сөздерінің келесі тобы – қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тіліне де, әдеби тіліне де не бұрын, не кейін енбеген, мүлде түсініксіз элементтер. Бұлардың өлеңдері мен прозасында кездесу пропорциясы да әртүрлі. Олардың қолданылу мақсаттары да алдыңғы талдаған топтардан өзгеше.

Қазақ тіліне енбеген араб-парсы сөздері, негізінен, Абайдың прозалық шығармаларында. Онда да барлығында емес, тақырыпқа орай белгілі бір «Қара сөздерінде». Шығыс элементтерінің шығарма тақырыбы мен мазмұнына қарай аз немесе көбірек қолданылуы – жалғыз Абай емес, қазақ қаламгерлерінің тілінде өте ертеден келе жатқан ерекшелік. Мысалы, XVIII ғасыр жырауы Бұқардың өзінде қазақтың өз қоғамындағы руаралық қарым-қатынас туралы жырланған «Керей, қайда барасың» атты өлеңінде арабизм-фарсизмдер мүлде жоқ, керісінше, мұсылман дінін феодализм қоғамының тірегі көріп, соны уағыздап айтқан «Ей, айташы, Алланы айт» деген шығармасында жалпыхалықтық тілге енгендерінен басқа, таза діни ұғымдарға қатысты *шадияр, мұсқап, кәләм, наушаруан, арсы, күрсі, лаухы, он сегіз мың әлем, нәубат, кебе (кәһаба)* сияқты сөздер «тұнып» тұр. Немесе Шортанбайдың азаматтық тақырыптағы көп өлеңдеріндегі арабизм-фарсизмдердің сипаты жалпыхалықтық болса, «Көп жалғыздың саясы», «Ей, мұһмин, құлшылық қылсаң нетеді?», «Бұл дүниеде пайда жоқ, Өлгеніңше дін сақта» деп арыздасқан өлердегі сөзінде араб-парсы сөздері айтарлықтай мол.

Ал дін тақырыбын арнайы сөз етпеген Махамбет, Шернияз, Шөже, Сүйінбай т.б. сияқты ақындардағы шығыс сөздері «көпшілік қолдылар». Бұларда діни ұғымдарға қатысты немесе өзгеде мағыналарды беретін, бірақ бейтаныс араб-парсы сөздері өте сирек. Әдеби нормасында қалыптасқан осы заң (принцип) Абайда да сақталған. Абай поэзиясының басымы таза азаматтық тақырыптарды қамтиды. Сондықтан

ганибет, махрум, сұхбаттасу, үдде тәрізді он шақты өзі қалап активтендірген сөздер болмаса, қалған арабизм-фарсизмдер – таза халықтық элементтер, яғни оларды Абай жалпыхалықтық нормадан алып, еркін пайдаланған.

Абайдың поэзия тілінің лексикасында халықтық емес шығыс элементтері (жеке сөздер мен фразалар) екі түрлі өлеңдерінде кездеседі: бірі – ортаазиялық түркі әдеби тіліне еліктеп жазған «Иүзі раушан, көзі гәуһар», «Фзули, Шәмси, Сәйхали», «Әлифдек ай йүзіңе ғибрат еттім» деген үш өлеңінде. Екінші – таза Алланы әңгімелейтін «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген екі өлеңі де Әбдірахман ауырып жатқанда жазған бір өлеңінде.

Біз сөз еткелі отырған араб-парсы сөздері Абайдың осы өлеңдерінде ғана молынан кездеседі. Мұның себебі де түсінікті. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «кітапшалап жазған», Құдайберген Жұбановтың сөзімен айтсақ, «шағатай қармағына ілінген» (екеуі де бір ұғымда) дәуіріндегі балаң Абайдың үш өлеңінде шығыс сөздері молынан кездесуі заңды да, орынды да. Өйткені ортаазиялық түркі әдеби тілінің лексикалық нормасы. Бұл тілде араб-парсы сөздерінің молынан пайдалануын қалайды, сондықтан Абай да бұл норманы бұзбайды. Ал ислам діні тақырыбын арнайы әңгіме еткен өлеңдері мен «Әбіштің сиқатын Бере гөр, я Рахим», – деп Аллаға жалбарынған тілек-дұғасында шығыс сөздерінің мол келуі тақырыптың «дирижерлік» етуіне байланысты. Алланы әңгіме етсе, оның «өз» тілі – араб тілінің жат сөздерінс жол береді, «я Рахим» деп Алладан медет сұраса, тағы да сол Аллаға «түсінікті» араб сөздерін келтіреді. Бұл – Абайда түр (тіл) мен мазмұнның бірлестігі. «Осындай іш пен сырт біте қайнап қосылған Абайда шағатайдың іші болып, сырты болмауы немесе сырты болып, іші болмауы мүмкін де емес. Ондай диссонансты Абай гармониясы көтермейді»⁸¹. Бұл пікір тек шағатайша жазылған үш өлеңіне емес, соңғы қазақша жазылған діни циклдегі өлеңдеріне де қатысты.

Прозалық шығармаларына келсек, олардың да басым көпшілігі азаматтық тақырыптарға арналған. Бұлардың тіліндегі араб-парсы элементтері қазақ тіліне әбден енген, мағыналары

⁸¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966. - 292-б.

калың көпшілікке түсінікті сөздер. Ал «Жүрегінің қуаты – перзентлеріне» арналған атақты 38-сөзі мен қазақ оқушыларына «иман деген – Алла тәбарака уаталағаның... жарлығына мойын ұсынып, инанмақ» екенін баяндаған 13-сөзінде қазақ тіліне енбеген, қарапайым оқушыға түсініксіз шығыс элементтері мол келтірілген. Қалғандарында бұл тәрізді бірді-екілі ғана сөз, кейде фраза қолданылған. Сөйтіп, жоғарыда айтылған тематикалық принципті Абай айқындап, белгілі бір стильдік тәсілге айналдырады.

Ислам дініне қатысты ой-пікірін айтуға Абай сол діннің ресми тілі – араб тіліне иек артады. Діни ұғымдардың араб тілінде қалыптасқан терминдері мен өзге сөздерін қазақшаламай, сол күйінде пайдаланады. Бұларға мына тәрізді сөздер жатады: *саниғ* (делающий, производящий⁸²), *салахият* (пригодность, целесообразность), *сәмиғ* (слушающий), *табиб* (идуший вслед, последователь), *тариқат* 1) путь; 2) способ, *тахмин* («оценка, догадка»), *тақриб* (приближение), *ғұрұр* (высокомерие, гордость), *хасил* (результат, получивший), *сидық* (правдивость, правда), *табдил* (замена, перемена), *тәфтиш* (осмотр, обследование), *тәслим* (уступка, признание), *ниһаят* (конец, предел), *мұлахаза* (наблюдение), *мағрифат* (знание, познание), *мағишат* (жизнь), *исбат* (доказывание), *ихрар* (признание) т.б. тәрізді абстрактік ұғымдарды беретін сөздер. Бұлардың ішінде *истинжа* (обмывание), *рукуә* (коленипоклонение), *таһарат* (омовение), *мәслих* (помазание) т.б. тәрізді ислам діні ритуалдарын атайтын есімдер де бар. Сын, сапа ұғымдарын беретін араб сөздері де бар: *жаһил* (неуч, невежественный), *мүбәдә* (вечный), *аррахман* (милосердный), *батил* (ложный), *мағмұр* (возделанный), *мункар* (порицательный), *муафик* (приемлемый), *латиф* (милый, нежный) т.б.

Сонымен қатар Абай бұл шығармаларында және бірер жерде басқаларында арабша тіркестер мен сөйлемдерді қолданады. Мысалы, *Алла табарака уа тағала* (Аллах благословенный и всевышний), *саллалаһу ғалайһи уәссәллам* (благославляет

⁸² Біз бұл жерлерде сөздің араб тіліндегі барлық мағынасын емес, Абай қолданған мағынасын ғана көрсеттік. Және арабша-орысша сөздіктен алынғандықтан, оқушы жұртшылыққа қазақшаға аудармасак та, түсінікті болар деп, анықтамасын орысша келтірдік.

его Бог и приветствует), *иман тақлиди* (традиционная вера), *жәлиб мәнфағат* (принесение пользы), *уәфқы мұзаррат* (согласно вреду).

Кәсіби, жибли, шаһари, әзәли, әдәби, инсаният, мумканат, ләмәкән (мекенсіз) тәрізді парсыша, арабша тұлғаланған сын есімдерді де проза текстерінде кездестіреміз.

Түсініксіз (яғни тілге енбеген) араб түбірлеріне қазақша жұрнақтар жалғап, *махкемлемек, шәріксіз, ғарипсыз, ниһаятсыз, хірслану, ғұрұрлық, мағмұрлық, хүсідшілік, нәфрәтлі* тәрізді, 5-10 туынды сөз жасау фактісі Абайдың прозасында бар болғанмен, бұл – жүйелі актив құбылыс емес. Және бұлардың басымы 38-сөзде.

Абайдың прозалық шығармаларының тіліне есім, етістіктер ғана емес, *һәмма* есімдігі мен *һәм, уа, ләкин* тәрізді шылау сөздер де қолданылған және бұлар да 38, 13-сөздердің текстерінде көбірек кездеседі. Парсы тіліне тән *һәм* шылауы ыңғайлас жалғаулық ретінде қазақша *және* сөзіне синоним болып едәуір актив қолданылған: Ол – наданның наданы *һәм* өзі адам емес (II, 176). Бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды *һәм* өзі өспейді, қуат таппайды (II, 164). Мал, мақтан, ғиззат-құрмет адамды өзі іздеп тапса, адамдықты бұзбайды *һәм* көрік болады (II, 195). Бұл сөздің қызмет аясы едәуір кеңіп, қайталама шылаудың да орнына жұмсалады: Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында *һәм* ғадаләт, *һәм* махаббат бар (II, 199). *һәм* ақыл, *һәм* қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады (II, 218).) *һәм*шылауы тек 38-сөзде емес, өзге«Сөздерде» де едәуір жиі кездеседі. *Және, һәм* шылауларының арабша дублеті *уа* сөзі де Абай прозасының тілінде бірсыпыра мол пайдаланылған және ол көбінесе *уа һәм, уа және, уа ләкин* түрінде өзге шылаулармен тіркесте келіп, қазақша *және де, бірақ та* дегендердің синонимі ретінде жұмсалған: *Уа ләкин* адам баласы талапты я талапсыз болсын... (II, 218). *Уа және* назначение қылғанда, тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса... (II, 157). Арабтың *ләкин* шылауын да Абай қазақша *бірақ* дегеннің орнына жұмсағанын тек қана прозасының тілінен көреміз: *Ләкин* өз дәулетінен артық киінбегі, не киімі артық болмаса да, көңліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі (II, 182).

Бұл үшеуі де тек Абай прозасының тілінде емес, қазақтың жазба әдеби тілінде күні кешеге, тіпті осы ғасырдың 30-жылдарына шейін орын алып келді. Мысалы, өткендегі баспасөз тілі мен алғашқы әр алуан прозалық үлгілер тілінен *һәм, уа, ләкин* шылаулары бірқыдыру еркін пайдаланылғаны байқалады. Тіпті мұның ықпалы ауыз әдебиеті нұсқаларына да тигенін өткен ғасырда жарияланған эпостардың қара сөзді текстерінен көруге болады: Байбөрінің Құлтай деген немере ағасы бар екен. Ол *һәм* перзентке зар екен («Қисса Алпамыш», 1901). Бұл батыр Қараноғайдың хан, халқыменен татуласып табысты да, Жанарыстан үш тараған деген тауды барып жайлады *һәм* қыстады («Ер Тарғын», 1898). Әсіресе, бұл үшеуінің ішінде *һәм* шылауын өткен ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдеби тіліне енген норма деп есептеуге болады. Өткендегі баспасөз және өзгеде прозалық нұсқаларды (мысалы, көркем проза жанрындағы алғашқы аудармалар – «Капитан қызы» т. б.) былай қойғанда, бұл шылау *әм* түрінде «қазақыланып», поэзия тіліне де ене бастағанын атаймыз. Абай бұл тұлғаны өлеңдерінде де жатсынбай қолданады: Сөйлесе сөзі әдепті *әм* мағыналы (I, 24). Өткен күнге өкінбен, *Әм* үміт жоқ алдымда (II, 99). *Әм* жабықтым, *әм* жалықтым, Сүйеу болар қай жігіт (II, 71). Тығылмай *әм* сүрінбей жүрдек көсем (I, 48).

Парсы тіліндік *һәм* шылауы қазақ жазба әдеби тілінде осы ғасырдың 20-30-жылдарына шейін едәуір актив қолданылып келіп, кейінгі кезендерде нормадан ығыстырылғаны байқалады. Ал кітаби тіл нормаларының бірі *уа, ләкин* шылаулары бұған қарағанда әлдеқайда солғындау пайдаланылған. Өткен ғасырдағы проза жанрында, оның ішінде Абай «Қара сөздерінде» қолданылғанымен, кейін бұлардың қазақша дублеттері тұрақталған.

Сөйтіп, Абай қазақ әдеби тіліне бұрында, кейін де сіңіспеген бір алуан араб сөздерін, тіркестерін және жеке сөйлемдерін стильдік мақсатпен пайдаланған. Ешбір мотивсіз (әсіресе өлеңдерінде) пайдаланылған бірен-саран бейтаныс арабизмдер де кездеседі. Мысалы, поэмаларында *ас, тағам, арақ, ша-рап* деген қазақша баламалары бола тұрса да, *нығмат, хамір*

сөздері қолданылған: Арақ-жеміс әртүрлі *нығмат* дайын (I, 174). Миуадан тартқан *хамір* ас артында (I, 274). Бұл жерде не жоғарыдағыдай белгілі бір тақырыпқа, әдеби жанрға байланысты стильдік мақсат көзделіп тұрған жоқ, не буын саны, ұйқас тәрізді өлең шарттарына бола алынбаған. Сол сияқты таза қазақша жазылған «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын тамаша шығарманың текстінде: Жамандық көрсең *нефрәтлі*, Жақсылық көрсең *ғибрәтлі* (I, 44) деп шағатайша «киінген» (-ты-ның орнына -лы жұрнағын жалғанған) бейтаныс араб сөздерінің (ең болмағанда *нәфрәт* деген біреуінің) бары – факт. Бұл сипатты құбылыс өте сирек. Өйткені бұл қатарға *баһра*, *сұхбат*, *ғанибет*, *ғайбат*, *үддә* тәрізді арабизмдерді жатқыза алмаймыз, оларды Абай әдеби тілде қалыптастыру мақсатымен қолданғанын жоғарыда айттық. Өлеңдеріндегі қалған бейтаныс араб-парсы сөздері стильдік мақсатпен пайдаланылғандығын және көрсеттік. Сондықтан Абайдың *хамір*, *нығмат*, *нәфрәт* тәрізді сөздерді себеп-мақсатсыз қолдануын әсте құптауға да, дамытуға да болмайды. Бірақ бұл құбылыс жалғыз Абай емес, тіпті Бұқарлардан бастап, әсіресе XIX ғасырдың өн бойындағы қазақ ақындарының барлығында кездеседі. Әсіресе, мұсылманша сауаты барларында тілге енбеген араб-парсы сөздері Абайдан жиі болмаса, кем ұшырамайды. Мысалы, Бұқар текстеріндегі *һәммәтлі*, *һәммәтсіз*, Шортанбайдағы *кәмірһе* типтес сөздерді барлығынан таба аламыз.

Керісінше, Абайдың шығыс сөздерін пайдаланудағы ерекше сипаты қалың оқушыға бағыштаған шығармаларында (өлеңдері болсын, «Қара сөздері» болсын) бейтаныс, жат араб-парсы сөздерін қолданбау принципін ұстаған деп батыл айта аламыз. Өйткені Абай сияқты араб лексикасын едәуір білген, теологиялық, философиялық шығармаларды араб, шағатай тілдерінде еркін оқыған жазушы мұндай принципті ұстанбаса, халыққа жат, бірақ өзіне түсінікті шығыс элементтерін малынан қолданған болар еді. Ал жоғарғы көрсеткен бірді-екілі фактілер екі томдық еңбектің ішінде мұхит суынан бөлінген тамшыдай дәрежеде.

Ең соңғы мәселе шығыс сөздерінің фонетикалық тұлғалануы жайында.

Қазақтың жалпыхалықтық тіліне ертеректен енген араб-парсы сөздері қазақ фонетикасына сәйкестелініп, дыбыстық тұлғасы едәуір өзгеріп қалыптасқаны мәлім. Қазақ тіліне жат дыбыстарды қалдырып кету немесе өзге дыбыспен ауыстыру сияқты жүйелі заңдылықтардың бар екенін Л.Рүстемов дұрыс, жақсы көрсеткен⁸³. Жалпыхалықтық сөйлеу нормасында шығыс сөздері осылайша «қазақыланып» өзгерген вариантта қалыптасқандықтан, халықтық қорды пайдаланған қазақ ауыз әдебиеті мен ақындары, негізінен, сол өзгерген түрлерін қолданған. Мысалы, *өмір, ақыл, азап, арам, адал, әлем, әдет, айып, пейіш, пенде, мейір* т.т. Әрине, бұл заңдылықтар бойынша да барлық жерде түгел бір ғана вариантта қалыптаспағаны тағы түсінікті. Қазақстанның әр өлкесіне тән фонетикалық ерекшелік шығыс сөздерінің жергілікті жерде дыбысталу түріне тікелей әсерін тигізгені байқалады. Мысалы, о бастан оңтүстік аудандарда *пейіш, нұл, палуан, пенде (пәнде, пәндә)* болса, Орталық, Шығыс, Батыс өлкелерде *бейіш ~ бейіс, бенде, балуан, бұл* түрінде қалыптасқандықтан, XIX ғасырда басылып шыққан немесе жазылып алынған үлгілерде бұл сөздерді екі-үш вариантта кездестіреміз. Мүрсейіт дәптерлерінде өз өлкесіне тән дыбысты вариантында *бейіс, бенде*⁸⁴, *бұл*. Сондай-ақ арабша *алал* – (разрешенный, законный) сөзі бір өлкелерде *адал*, екінші бір жерлерде *алал* түрінде қалыптасқанын Абай текстері де көрсетеді. Әрине, Абайдың өз автографтары қалмағандықтан, кейде жеке сөздердің орфограммасын сөз ету қиын. Дегенмен Абай текстерін бізге жазып жеткізген өз ауылдасы (Мүрсейіт Бікеұлы) болғандықтан, бұл сөздің оның дәптерлерінде *алал* түрінде жазылуын автордың да қолданысы деп есептейміз⁸⁵. Және Абаймен территориялас Дулатта да

⁸³ Рүстемов Л. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. - Алматы, 1962.

⁸⁴ Абайдың осы күнгі кітаптарында бірде *бенде*, бірде *пенде* болып жазылуын автор текстінің дәл көшірмесі дей алмаймыз. Біздіңше және Мүрсейіт дәптерлері бойынша, Абай *бенде* (кейде ұқсас үшін *бәнде*) түрлерін қолданған.

⁸⁵ Абай шығармаларын соңғы бастырып шығарушылар осы күнгі әдеби нормаға жақындату мақсатымен істеген болу керек, барлық жерде *алал*-ды *адал* деп беріпті.

алал варианты жазылған. Абай осы күні *мақсат* тұлғасында нормаланған сөзді *мақсұт* түрінде қолданғанын Мүрсейіт дәптерлері көрсетеді. Ал *абырой* сөзін де Мүрсейіт тек *абұйыр* вариантында жазған. Дегенмен кейбір араб-парсы сөздерінің Абай тұсында бір өлкенің өзінде, тіпті бір жазушының (ақынның) өзінде бір вариантқа түсіп қалыптасып болмағанын Абай текстері де, өзге нұсқалар да көрсетеді. Мысалы: *жиһан – жаһан, кәдік – күдік, жауһар – гәуһар, гашық – асық, кәріп – қарып – қаріп* т.т.

Мұның үстіне Абай кезеңінде араб-парсы сөздерінің фонетикалық көп варианттылығы одан әрі көбейе түскені байқалады. Бұрыннан халық тіліне сіңіп, бір вариантта қалыптасқан сөздердің өзі бұл тұста екінші вариантқа ие болады. *Өмір – гұмыр, ақыл – гақыл, айып – гайып, әділ – гаділ, әдет – гадет, араб – гарап, адал – алал – халал, арыз – гарыз, зая – зайығ – зайғы, мейман – меһман, мейір – меһир, байымдау – пайымдау – байымдау, арам – харам, мысал – мисал, қате – қата – хате* дегендердің екінші сыңарлары – XIX ғасырдың II жартысының жемістері. Бұған себеп болған фактілердің бірі қазақ даласында кітап шығару ісінің күшеюі болды. Қазақ тілінің сингармонизм заңының сақталмайтындығы (*атлар, бізлерні* т.б.), басы артық әліп таңбасының дауыстыдан басталған сөздерде косақтала жүретіні немесе қазақ сөзі басындағы **ж** дыбысын **й**-мен беру т.б. сияқты, араб-парсы сөздерін бұзбай, өз тіліндегінше жазу дағдысы да XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы 20-жылындағы араб графикасын пайдаланған қазақ жазуының бір дәстүрі (ережесі) болатын. Осы ережені, әсіресе, кітаби тіл үлгілері қатаң сақтайтын. Ал таза қазақ тіліндегі нұсқаларға келгенде бұл тәртіп көбінесе бұзылып, қазақша жазылатын. Дегенмен реті келген жерде ауыз әдебиеті үлгілерінің өзін «Сөйле десең *бізлерге*, не айтайын *сізлерге*⁸⁶, деп жазып жіберу кітап ба-

⁸⁶ Бұл мәселе жөнінде біз бұрынырақ жарияланған бір-екі мақаламызда толығырақ айтқан болатынбыз: Вопросы развития казахского правописания // Вопросы казахской филологии. - Алма-Ата, 1964; XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. - 5-шығ. - Алматы, 1963.

стыру ісінде үйреншікті құбылыс болды. Соның салдарынан қазақ ақындарының өткен ғасырда шыққан кітаптарында *ғақыл, гадет, ғұмыр, гаділ* т.т. орын алды. Мысалы, Шортанбай мен Дулат мұсылманша қанша сауатты болғандарымен, бұл сөздері ғасырлар бойы қазақша қалыптасқан түрлерін өзгертіп, арабша не парсыша айтпаған (жырламаған) болар деп ойлаймыз. Ал оларда: *Кісі ғайыбын* көрмейді (Дулат, 61). *Ғақылы* болса жарайды (Сонда, 59). Аузыңа *харам* салмандар (Шортанбай, 152). *Ғазан* үшін бермейсің (Сонда, 143), сондай-ақ, *ғұмыр, ғалам, ғақыл* варианттарын көреміз⁸⁷.

Абай, сірә, азаматтық шығармаларының автографтарында қазақыланған кірме сөздерді бұзбай сол халықтың қолдану нормасында жазған болу керек деп топшылаймыз. Оған бірінші айғағымыз – Мүрсейіт дәптерлері. Сол кездегі жазу тәртібін жақсы білген молда Мүрсейіт Абайдың қазақша айтылған арабизм-фарсизмдерін өз бетімен «түзетіп», кітаби тіл нормасына келтіруге батылы бармаған. Екінші айғағымыз – кейбір ұйқастар. *Ғашық* сөзінің халықтық *ашық – асық* формасын Абайдың жарыстыра қолданғанына буын саны куә болады. Айталық, алдындағы сөз дауысты дыбысқа аяқталып тұрса, екі дауыстыны қосып жіберіп, буын санын дәл шығару үшін *асық* вариантын алады: Сорл(ы) *асық* сағынса да, сарғайса да (11 буын). Немесе жіңішке *хәл* сөзінің Абай қазақша *қал* (қазіргі орфографиямыз бойынша *хал*) вариантын қолданғанын мына шумақтың ұйқасы танытатын тәрізді:

Кейбіреу тыңдар үйден *шыққанынша*,
Кейбіреу қояр көңіл *ұққанынша*.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз *қалынша* (I, 38).

Бұл жерде жіңішке *хәлінше* варианты тіпті үйлеспеген болар еді. Сондай-ақ *әрекет* пен *берекет* (*баракат* емес – I,60), *аспан* (*асман* емес) – *басқан* – *жарысқан* (I, 71), *мәлім* – *әлім*

⁸⁷ Дулаттың осы күнгі жарияланып жүрген шығармаларының, соның ішінде біз пайдаланған кітаптағы (XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. - Алматы, 1962) өлеңдерінің текстологиялық негізі оның 1880 жылы Қазанда басылған «Өсиетнаме» атты кітабы, сондай-ақ Шортанбай мұрасы да бізге 1880 жылдан бастап «Қисса Шортанбай» «Шортанбайдың Балазары» деген атпен Қазанда бірнеше рет басылған кітаптары арқылы жетіп, текст солар бойынша басылып жүр.

(I, 90) т.б. ұйқастар осындай араб-парсы сөздерінің қазақша тұлғаланған варианттарын танытады.

Сөйтіп, Абай қалың көпшілікке арнап, әр алуан азаматтық тақырыпқа жазған өлеңдерінде шығыстан кірген сөздердің қазақ фонетикасына сәйкестелген, «қазақы» варианттарын қолданған. Оларды да, көбінесе, бір вариантта алған. Ал екі вариантта келгендері, негізінен, екі түрлі қызмет атқарады. Мысалы, *харекет* – *әрекет* варианттарының екеуін екі лексикалық единица ретінде алғанын бұрын да бірқатар мамандар байқаған болатын, біз де көрсеттік. *Фадигет* пен *әділет* те осы типтес: екеуінің мағынасы өте жақын болғанмен, біреуін атрибуттық, біреуін заттық ұғымды білдіретін екі сөз (демек, біреуі жаңа сөз деп танылуы керек) етіп қолданады: *Фаділетті* жүректің *Әділетін* бұзыппын (I, 250). *Хакім* – *әкім*, *қайла* – *айла*, *ғашық* – *асық* дублеттері де топқа кіреді. Мысалы, *ғашық* сөзі, көбінесе, сүйіскен жастар арасындағы сезімді атауға қолданылса, оның қазақшаланған *асық* вариантын «көңлі жарқын, жақсы көрген адам» ұғымында пайдаланады, салыстыр: Сенетін досым да жоқ, *асығым* да: Біздің доспыз, *асықпыз* дегеніміз (I, 56). Сенен артық жан жоқ деп *ғашық* болдым (I, 98). Бірақ *асық*– *ғашық* тұлғаларын әрдайым осылайша дифференциациялап отырмай, бірінің орнына екіншісін қолдана беретін де кездері бар. Мысалы, буын саны асып кететін жағдайда, алдындағы сөздің аяғындағы дауысты дыбыспен қосып жіберу үшін *асық* сөзін алады: Сорл(ы) *асық* сарғайса да, сағынса да (I, 110). Ал Абай өлеңдерінде *замана* – *заман*, *қаса* – *қас*, *Құдай* – *Құда* – *Хұда* – *Құдая* варианттарын жарыстыра әдейі қолданады. Бұл сөздер ұйқас және өлең өлшемі қажеттерін өтеу үшін бірде бір буыны артық, бірде кем келе береді.

Асықсаң да, шырағым,
Саған деген *Құданың*
Жазылған қандай жарлығы
Есіткен жоқ *құлағың* (I, 125).

Ұқсайды *қаса* сұлу шомылғанға (I, 23). *Қас* надан нені ұға алсын (I, 119), *Әркімді заман* сүйремең, *Заманды* қай жан билемек? *Заманға* жаман күйлемек, *Замана* оны илемек (I, 243) деген төрт тармақта буын саны үшін үш рет *заман* тұлғасы келсе,

бір рет *замана* варианты алынған. Біз мысалды бір-бірден ғана келтірдік, ал Абайда бұлар көп және белгілі бір жүйе болып келеді. Бұл тәсіл – Абайға дейінгі қазақ поэзиясына да тән болатын, бірақ оны жандандырып, актив пайдаланған қаламгер – Абай. Жалғыз кірме сөздердің фонетикалық варианттары емес, өзге де тұлғалық варианттарды (мысалы, **-тұғын** – **-тың**, *менен* – *мен*, *дағы* – *да*) параллель пайдалану – қазақ поэзиясының күні бүгінге дейін келе жатқан тәсіл-нормаларының бірі.

Міне, Абайдың өлең шығармаларының тіліндегі араб-парсы кірме сөздерінің фонетикалық тұлғалануы осындай. Прозалық шығармаларына келетін болсақ, мұнда шығыс сөздерінің орфограммасы айқын ажыратылған екі топқа бөлінеді. Қарапайым көпшілік оқушыларға арналған азаматтық тақырыпты «Қара сөздерінде» халық тіліне енген арабизм-фарсизмдерді, сірә, автор өлеңдердегідей қазақша берген де, олардың 38, 13-сөздерінде пайдаланылғандарын түп төркінінше жазған болу керек. Мүмкін, бұл емледе молда Мүрсейіттің қаламының ізі де бар болар. Өйткені ол «Қара сөздердің» тексін алғашқы автографтан ешбір әрпін бұзбастан дәлме-дәл көшірмегені, яғни мазмұнына нұқсан келтірмесе де, кей жерде жеке сөздерді, кейде тұтас тіркестерді тастап кетіп жазғанын біз 1905, 1910 жылғы екі дәптерін салыстырып таптық. Тіпті кей кезде ол бір дәптерінде *йәне*, *өзләрі*, *дост* деп шағатайша-парсыша жазып жіберсе, екінші дәптерінде *және*, *өздері*, *дос* деп, қазақша жазады. Сондықтан болу керек, 38-сөзде *сифат*, *раст*, *хариф*, *гадалат*, *хисаплемек*, *гүмірі*, *хисап* т.б. сөздерін осы көрсетілген вариантында жазған. Бірақ бұлардың өзі де біркелкі емес, *сипат* екі дәптерінде де бір жерлерде *сифат*, өзге жерлерде *сипат*, *раст*пен *дост* варианттары да сондай. Екі дәптерінде де біркелкі қатаң сақталған орфограмма *неш* бен *һәр* және *хисап*. Бұлардың бірқатары соңғы (1954, 1957) басылуларда бірде Мүрсейіттің өзге дәптеріне сүйеніп, бірде мүлде негізсіз қазіргі емлемізге салынған. 38-сөз жалғыз шығыс сөздерінің таңбалануында емес, жалпы орфографиясы бойынша да өзге шығармалардан оқшау тұрған дүние екенін атаймыз. Дегенмен қайткен күнде де Абайдың теологиялық тақырыптарды әңгімелеген шығарма-

ларында араб-парсы элементтерінің оригиналдағы айтылу, жазылу нормаларын сақтау тенденциясының бары хақ. Бұл – Абай творчествосының тематикалық сипатынан туған ерекшеліктердің тағы біреуі.

Абай лексикасындағы араб-парсы сөздерін әңгімелегенде және бір көзге түсетін фактіні айтуға тура келеді. Ол – синонимдік мәнді қос сөз жасау мәселесі. Абайда да, өзгелерде де араб-парсы сөздері өзімен мағыналас қазақ сөзімен, кейде тіпті арабтың не парсының өз тұлғалары бір-бірімен қатар келіп, плеонастық қос сөздер жасайды. Мысалы, Абайда: *күш-қуат, әл-қуат, гиззат-құрмет, абұйыр-ар, ар-абұйыр, өң-шырай* т.б. Проф. Б.Юнусалиев екі синоним сөзді қатар қолдану – жазба әдебиетке өзге тілдік элементтердің жаңа ене бастаған кезінде болатын әдіс деп санайды. Сондықтан да ол қырғыз тіліндегі *соо-саламат, аман-эсан, сый-сипат, урмат-сый, күч-кубат* тәрізді қос сөздерге қарап араб элементтерінің қырғыз лексикасына кейінгі кезде енгенін дәлелдейді⁸⁸.

Жалпы тұтас тіл тұрғысынан алғанда, бұл пікірі дұрыс та болар. Өйткені мағыналас сөздерді қосарлау – сөз мағынасын түсіндірудің бір әдісі. *Сый-құрмет, күш-қуат, мұң-мұқтаж* дегендерде бірі түркі, бірі шығыс сөзі болып, бірін-бірі түсіндіріп, дәлірек айтсақ, түркі сөзі кірме сөздің мағынасын ашып беріп тұр.

Әрине, Абай лексикасындағы *күш-қуат, әл-қуат, ынсап-ұят, ар-намыс, сейіл-серуен, гүл-бәйшешек, әуре-сарсаң, жержиһан* т.б. тәрізді қос сөздердің бір сыңары араб элементі екендігіне қарап, оларды Абай тұсында енген дей алмаймыз. Оларды Абай жалпыхалықтық қолданыстан алған. Сонымен қатар Абайда *дос-жар, ар-абұйыр, сәлем-сауқат* сияқты екі компонент де өзге тілдік қос сөздер де бар. Олар да – бұрыннан қалыптасқандар. Тегі, бұл іспеттес *гиззат-құрмет, дос-асық* тәрізді бірен-саран ғана болмаса, Абайда араб-парсы сөздерінен өзі жасаған жаңа қос сөздер өте сирек.

Абай лексикасындағы араб-парсы элементтерінің қазақ әдеби тіліне қатысына келсек, бір тілден екінші тілге сөздің енуі (немесе кірме сөз – заимствованное слово) туралы

⁸⁸ Юнусалиев Б. М. Аталған еңбек. - 227-б.

мәселеге тоқтауға тура келеді. Әдетте жазба нұсқаларда кездесетін шет тілдік сөздердің күллісі сол тілге енген (кірген) лексикалық единица болып табылмайтыны аян. Сөз кірме болып саналуы үшін оның белгілі бір белгілері, межелері болулары тиіс. Айталық, дәстүрлі критерийлер – кірме сөздің қабылдаған тілдің фонетикалық және грамматикалық жүйесіне сәйкестенуі, жаңа сөз жасау мен фраза құрауда актив болуы, ауыспалы мағынаға ие болу қабілеті т.т.⁸⁹ Бұлардан басқа да белгілер кірме сөздің ену дәрежесін танытады. Айталық, шет тілдік сөздің семантикалық жағынан сіңісуі, олардың тілдегі бұрынғы бар сөздерден мағына жағынан дифференциялануы және тілде әрдайым қолданылуы, сондай-ақ белгілі бір стильдік сфераға жатпайтын сөз болса, оның әдеби тілдің әр алуан жанрында қолданыла беру қабілеті, ал термин болса, терминологияның сол саласында тұрақты түрде пайдаланылуы тәрізді қасиеттері ол сөзді кірме элемент ретінде танытады.

Бұл шарттардың тұрғысынан келсек, Абайдағы кірме сөздердің ішінде тілге енбеген немесе еруге тиісті емес тобы бар. Бұл топ өз ішінен тағы ажыратылады. Қазақ әдеби тіліне енбеген арабизм-фарсизмдердің үлкен бір бөлегі – ислам діні тақырыбына қатысты ұғым, қимыл, зат атаулары. Бұлардың қазақ тіліне ене алмау себебі тіпті де діни сөздер болғандығында емес, біздіңше, негізгі себебі қазақ тілінде теологиялық тақырыпты проза жанрының дамымағандығында. Дін мәселелерін дәл Абайша философиялық сипатта қазақша ғылыми проза тілімен әңгіме еткендер өте аз⁹⁰. Бұл – бір. Екіншіден, бұл іспеттес араб элементтері жеке сөздер емес, тұтас не грамматикалық тіркес, не сөйлем болып келеді. Текст ішіне өзге тілден енгізілген тіркестер, фразалар, сөйлемдер

⁸⁹ Сорокин Ю.С. Развитие словарного состава русского литературного языка. 30-90-е годы XIX в. -М.- Л., 1965.

⁹⁰ Ыбырай Алтынсарин қаламынан шықты деп жүрген «Шарифат-ул-ислам». Мұсылманшылық тұтқасы (Қазан, 1884) тақырыбы ислам дінінің негіздерін баяндау болса да, не стиль жағынан, не лексикасы жағынан Абайдың 38-сөздерінен бөлек тұрады. Ең алдымен, ол қарапайым оқушыға бағышталған, сондықтан қазақтың өз тілімен баяндауды көздеген де, осы кітаптың өз ішінде айтқандай, «ғараб тілін әркімге білмек һәм қиын, һәм көп қара халыққа мүмкін де емес» болғандықтан, араб-парсының бейтаныс сөздерін көп қолданбау тенденциясын ұстаған. Ал Абайдың 13, 38-сөздері «ғараб, фарсы» тілдерін кәміл білетіндерге бағышталған да онда «ғараб лұғаты» мол орын алған.

сол текст жазылған тілдің лексикалық жүйесіне енген болып саналмайды⁹¹, өйткені бұларды пайдаландырған – тілдік себептер емес, ситуация, тематика тәрізді өзге факторлар. Бұл элементтер дәл осы түрлерінде өзге текстерде, өзге ситуацияда және өзге тақырыпты әдебиетте қолданылмайды. Бұл – Абай қаламының өзіне ғана тән тұстастарының ешбірінде мұндай айқын, жүйелі сипатта қолданылмаған тәсіл. Біздіңше, бұл – әрине, құптарлықтай амал емес, өйткені қай жанрда болса да, ортақ әдеби тіл нормаларын пайдалану – ұлттық дамыған жазба әдеби тілдің шарты. Ал Абай тұсындағы қазақ жазба әдеби тілі бүгінгідей кемеліне келіп қалған нақ өзі емес, басы, бастамасы болғаны аян. Сондықтан да бұл – жазба әдеби тіліміздің даму жолындағы сапалық айырмашылықтардың бірі деп есептейміз.

Ал Абай тілінде шығыстық кірме сөздердің екінші үлкен тобы – қазақ тіліне нағыз енген (заимствованные) сөздер. Олар – өлеңдерінде де, прозасында да, азаматтық тақырыпты әңгімелеу үстінде де, діни мазмұнды шығармаларында да қолданылғандар. Сөйтіп, бұларды Абай қазақтың жалпы әдеби тілінің лексикалық байлығы, нормасы ретінде ұсынған. «Чем шире возможности его употребления в речи, в различных ее жанрах, тем больше оснований считать его словом общелитературного языка»⁹².

Қазақ әдеби тіліне енген араб-парсы сөздері: а) жаңа затты (немесе құбылысты), көбінесе абстракт ұғымды атайды; б) тілдегі сөздің өзгеше семантикалық оттоногы бар дублетін құрайды.

Бұлардың басым көпшілігін Абай жалпыхалықтық тіл қолданысынан алған, өзі ұсынған шығыс сөздері аса көп емес. Бұдан екі тұжырым шығарып айтуға болады: 1) Абай қазақ әдеби тілінің лексикалық нормасында бұрыннан енген, қалыптасқан араб-парсы сөздерінің мол қорының болуын құптаған; 2) шығыс тілдерін қазақ лексикасын байытатын бірден-бір, жалғыз және ең басты көзі деп есептемеген. Абайдың бұл тен-

⁹¹ Ғ.Мұсабаев бұларды варваризмдер қатарына қосады. *Кеңесбаев Г., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі.* - Алматы, 1962. - 158-б.

⁹² *Крысин Л.П. К определению терминов «заимствование» и «заимствованное слово» // Сб. Развитие лексики современного русского языка.* - М., 1965. - С.115.

денциясына тікелей әсер еткен – сол кездегі қазақша кітаби тіл нормасынан қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің іргесін аулақтату әрекеті, яғни «шағатай сөз құрылысы, араб-парсы, татар тілі, қысқасы, әр алуан тіл, сөз, сөйлемдермен қазақтың әдеби тілі шұбарланып, бұл салтқа айнала бастаған кезде, Абайдың әдебиет майданына шығып, қазақ тілін бұзушыларға қарсы ашқан күресі»⁹³.

Сан жағынан араб-парсы элементтері Абайда да аз емес (проф. Қ.Жұмалиев 374 сөз дейді, сірә, бұл есепке едәуір сөздер кірмей қалған болар, Абайда шығыс сөздері бұдан көбірек). Бірақ кітаби тілде жазылған үлгілер мен Абайдың бұларды қолдану принциптерінде үлкен айырмашылық бар. Абай араб-парсы элементтерін Нұржан Наушабаевша «парсы, ғараб ұлғатын ғалімдік дариясынан қанып ішкендіктен»⁹⁴ келтірмейді, яғни «шығармаларын айшықтап, оригинал (кітаби) сипат беру үшін қолданбайды»⁹⁵. Абайдың принципі:

1) бұрыннан еніп, халықтың тіл тәжірибесінде қалыптасқан шығыс тілдері сөздерін жатсынбау, керісінше, байлық санап, активтендіру, поэтикалық тіл айналымына қатыстыру, мағыналарын не тарылтып айқындау, не кеңітіп, полисемияға ие ету;

2) араб-парсы сөздері арқылы синонимдік қатар түзеу, семантикалық үстеме отеноктар беру;

3) стильдік мақсат-мотивтерді өтеу.

Араб пен парсы сөздерінің пропорциясына келгенде, Абайда араб элементтері әлдеқайда басым. Оның себебін проф. Н.Сауранбаев араб сөздерінің иран, шағатай әдебиеттерінде көп қолданылғандығынан деп дәлелдейді⁹⁶. Біз мұның үстіне тағы бірер себебін көрсетеміз. Абайдағы шет тілдік (шығыс тілдерін айтамыз) элементтерді прозасында, оның ішінде, әсіресе 13, 38-сөз деп аталатындарында молынан қолданылғанын жоғарыда айттық. Ал бұларда ислам діні сөз болады. Ислам дінінің ресмиде, іс жүзіндегі де тілі – араб тілі. Абай терминдер мен жеке сөздерді, фразалар мен

⁹³ Жұмалиев Қ. Аталған еңбек. - 174-б.

⁹⁴ Сонда. - 170-б.

⁹⁵ Сауранбаев Н.Т. Аталған мақала. - 182-б.

⁹⁶ Сонда. - 182-б.

сөйлемдерді араб тілінен келтіреді⁹⁷. Әсіресе «бейтаныс араб сөздері шоғырланып келтірілген өлеңдері де – тағы да исламның Алласы туралы жазғандары. Демек, осы жайт араб элементтерінің арасалмағын арттырып жіберген. Екінші, біздің бір жорамалымыз және бар. Мұхтар Әуезов айтқандай, кейбір зерттеушілерде Абай мұсылманша оқығандықтан, араб-парсы тілін түгел білген боп суреттеледі. Ал Мұханның өзі: «Анығында, 5-6 жыл мұсылманша оқығанмен, ол кездегі шабан оқытудың шалағай методикасын еске алғанда, Абай арабтың классик поэзиясын түгел ұғарлық дәрежеге жетті деу асыра сөйлеу болады», – дейді⁹⁸. Абайды тамаша танушының бұл пікіріне ден қоя отырып, біз дегенмен Абай араб тілін едәуір меңгерген болар деген ойға келе береміз. Өйткені арабша айтарлықтай білмейтін адамға 13, 38-сөздеріндегі тұтас фразаларды, сөйлемдерді, жеке сөздерді арабша келтіру оңайға түспес еді, өйткені оларды автор цитата ретінде алмай, қазақша тексте жымдастыра, ой желісін бұзбай киноластыра қолданады. Тсгі, Абай табиғатынан полиглоттық қасиеті болған жан деп ойлаймыз. Бұл ойға келтірстін жайт – Абайдың орышадан аударғандарының тілі, тіпті лексикасы. Орыс тіліндегі шығарманың әрбір сөзінің жалпы лексикалық, номинативтік, нейтралдық мағынасын ғана емес, поэтикалық, образдық нәзік мағынасын, сырын ғажап аңғарып, оны аудармасында тап басып, дәл беру қанша айтқанмен сол шет тілді шала-пұла білген ақыннан шыға қоймас. Екі ай оқып орышаны кейін өз бетімен сонша меңгерген адам 5-6 жыл оқыған араб тілін кейін тағы да өзінің табиғи қабілетімен игеріп кете алмас па!

Абайдағы арабизм-фарсизмдердің жартысынан көбі прозалық шығармаларында қолданылғандығын жоғарыда айттық, оның ішінде әсіресе қазақ лексикасына енбеген бейтаныс

⁹⁷ Абай шығармаларының соңғы баспаларында (мысалы, 1957 жылғыда) текст ішіндегі түсініксіз болар-ау деген сөздерге бет соңындағы сілтемеде түсініктер берілген. Бірақ ол сөздің қай тілден екені көрсетілмейді. Біздіңше, Абайдың келесі баспаларында бейтаныс сөздің фонетикалық тегін көрсетсе және тіпті төркін тіліндегі орфографиясын қоса берсе дейміз. Әсіресе бұл ұсыныс-тілек Абай тәрізді классиктің академиялық, ең болмаса ғылыми баспасы үшін өте қисынды ғой дейміз.

⁹⁸ *Әуезов М. Абай Құнанбайұлы // Әр жылдар ойлары. - Алматы, 1959. - 74-б.*

элементтер дүниетану, дін, искусство, этика туралы жазған «Сөздерінде» өте-мөте мол. Кейбір зерттеушілер Абайдың осы тақырыптарға жазған шығармаларына шығыс әлеміне белгілі «Өсиетнама» («Қабуснама») кітабы, шығыс ғұламаларының еңбектері, әсіресе олардың ішінде иран ғалымы Ғуламаһи Дауани (XV ғасыр) еңбектері тікелей әсер еткен, олармен мазмұндас келіп, тікелей байланысып жатады дейді⁹⁹. Дауани парсы тілінде жазған. Зерттеуші М.Мырзахметов Абай бұл ғалымның еңбектерімен 1880, 1881 жылғы Калькуттада, 1881 жылы Мадраста, 1891 жылы Лондонда басылған кітаптарының бірін оқып танысқан болу керек дейді¹⁰⁰. Демек, Абай парсы тіліндегі жазғандарды да оқи алғандығы ғой! Әлде ол Дауаниді Навои тәрізді түркі (шағатай) тілінде жазған авторлар арқылы білді ме екен? Екі болжамның екеуінде де Абай дін, философия, этика туралы жазғандарында оның Дауанимен мазмұндастығын құптасақ, араб элементтерін мол қолдануға мәжбүр болады. Өйткені шағатай тілі мен парсы әдеби тілінде діни және ғылыми лексика негізінен араб тілінен алынғандығы белгілі.

Сөйтіп, Абайдың барлық поэзиялық мұрасында шығыстың орны орыс классик поэзиясының орнынан әлдеқайда аз болса да, тұтас тілінде, оның лексикасында, керісінше, араб-парсы тілдерінің пропорциясы орыс тілінен әлдеқайда жоғары. Оған басты себеп – Абай тілінің негізгі қайнар көзі жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен өзіне дейінгі қазақ көркем әдеби тілінің лексикалық құрамы (нормасы) болса, екінші фактор – кейбір шығармаларының тақырыптық сипаты.

Міне, Абай тіліндегі араб және парсы элементтерінің (сөзі, тіркесі, сөйлемі) сыр-сипаты, түр-тұлғасы біздіңше, осындай.

⁹⁹ Сағди Ғ. Науаи һәм Абай // Қазақ ССР Ғалым академиясының Орталық кітапханасы. Қолжазбалар фондысы; *Мырзахметов М.* Абайдың ақындық кітапханасынан // Тіл және әдебиет мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілер мақалаларының жинағы. - Алматы, 1965.

¹⁰⁰ *Мырзахметов М.* Аталған мақала. - 148-б.

Орыс сөздері (русизмдер)

Абай лексикасындағы русизмдер туралы едәуір жазылды. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, Ш.Са-рыбаев т.б. бірқатар зерттеушілер Абайдың әдеби творчество-сына, оның қазақ тілі тарихындағы атқарған рөліне арнаған жұмыстарында Абай тілінде орыс тілі элементтерінің бар екенін атап, кей жерлерде санына дейін көрсетіп кетеді. Абай шығармаларындағы орыс сөздері туралы арнаулы ғылыми мақала да бар¹⁰¹.

XIX ғасырдағы қазақ тілінің генетикалық қабаттарының ішінде орыс элементтерін талдау шығыс тілі элементтеріне карағанда, бірқыдыру оңайырақ түседі. Өйткені, ең алдымен, қазақтың жалпыхалықтық тілі мен әдеби тіліне орыс сөздерінің көзге түсерліктей дәрежеде ене бастауы – кейінгі дәуірлердің жемісі, екіншіден, бұл кезде олар сан жағынан әлі көп емес. Сондықтан Абайдың орыс сөздерін пайдалануы жайында бұған дейін айтылып келген пікірлер мен азды-көпті талдауларды әрі дұрыс, әрі едәуір толық деп табамыз. Әрине, бұлардағы кейбір жеке жайттар мен тұжырымдарға келіспейтін сәттеріміз де бар.

Абай тіліндегі орыс тілінен алынған элементтерді де, шығыс сөздері сияқты, олардың тілге ену мезгілі, қолданылған мақсаты, сіңу (ену) дәрежесі, қолданылу жиілігі жақтарынан алып қарастырамыз.

Абай текстеріндегі русизмдерді «паспортындағы» «тір-келу» мезгіліне қарай: 1) өзіне дейінгі кезеңдерде енгендер; 2) Абай тұсында, яғни XIX ғасырдың II жартысынан бастап енгендер деп бір топтасақ, «иесінің» «паспортына» қарай: 1) жалпыхалықтық қолданыстағылар; 2) Абайдың өзі ғана қолданғандар деп тағы топтаймыз.

XIX ғасырдың II жартысына дейін қазақтың әдеби тіліне енген орыс тілі сөздері аса көп емес. Енгендері – Россия мен сауда-саттыққа байланысты ұғым, зат аттары, әкімшілік-ел басқаруға қатысты кейбір сөздер және күнделікті тұрмыс

¹⁰¹ Сулейменова Б. О русских словах в произведениях Абая // Известия АН КазССР. - Серия общ.наук. - 1964. - Вып. 4.

пен шаруашылыққа байланысты жеке сөздер болатын. Бұлар, сірә, халықтың ауызекі сөйлеу тілінде әдеби тілге қарағанда бірқыдыру көбірек болуы сөзсіз, өйткені өткендегі қазақ әдеби тіліне, негізінен, поэзия жанры жататындықтан, онда тұрмыс-шаруашылық атаулары көп орын алмағаны белгілі. Сондықтан Абай шығармаларында өз дәуіріне дейін енгендерден шамалы-ақ сөздерді атай аламыз. Олар: *старшын, болыс, сияз, шар, партия, ояз, шен, майыр, орыс, солдат, расход, закон, сот* (мүмкін, *содия*), *шіркеу, кірес, барқыт, самаурын, норм, пар* т.б. Бұлардың бірқатарының Абайға дейінгі әдеби тіл мен жалпы халықтың сөйлеу тілінде қолданылғандығын көрсетуге болады. Мысалы, *солдат* сөзі Исатай-Махамбет көтерілісі тұсынан және одан да әрі патша үкіметінің Қазақстанды отарлау процесінде әскери күш көрсеткен алғашқы тұстарынан бастап-ақ белгілі бола бастаған. Мысалы, Махамбет Жәңгір хан туралы: «Патшадан *солдат* алдырып» (117) дейді. Бұл жерде *солдат* – «орыс армиясының жауынгері» деген мағынада. Кейінірек, эпостық жырларда бұл сөз «жалпы (кімдікі болса да) жауынгер, әскер» деген кеңірек ұғымда жұмсалатын болған. Мысалы, «Қамбар» жырында: Жеті жүз *солдатты* алдына салып айдады (1957, 34). «Қыз Жібекте»: Келе жатқан *солдатты* (1963, 29). Бұл мағына, сірә, ХІХ ғасырдың ІІ жартысының жемісі болу керек. Өйткені бұл кезең – қазақ даласы орыс армиясын, яғни *солдаттарын* көбірек көріп, әбден танық болған кез. Демек, *солдат* сөзі де әбден орнығып, енді мағынасын кеңейтуге бет алғаны. Абай бұл сөзді «Қара сөздерінде» қолданады. Барлық жерде ол – «орыс армиясының адамы (жауынгері)» мағынасында. Абай бұл түбірден *солдаттық* деген неологизм де жасайды. Орыс империясының правосы қазақ қоғамында 1812 жылғы Уставтан кейін-ақ күшін жүргізе бастағаны белгілі. Соған орай *закон, сот* сөздері сирек болса да әдеби тілге ене бастаған. Әкімшілікке қатысты сөздердің ішінде *шен* сөзі, сірә, ең алғашқы кіргендерінің бірі болар. Өйткені Россия патшасының өзге халықтарды бағындыруда қолданған тәсілінің бірі – сол халықтың үстем тап уәкілдерін *шен*, сыйлық беріп, өзіне қаратып алу болғаны мәлім. Сондықтан қазақ даласына *шен* сөзі отарлау актісімен

бірге келген. Тіпті ол *шен-шекпен* түрінде қос сөз компоненті болып та үлгерген. Ал әйгілі *самауырын* (*шайымен* қоса) және мата аттары (Абайда олардан *барқыт* қана қолданылған) да – ертеден, орыс саудасымен қоса келген элементтер.

Русизмдер деп танып жүрген *пар* және *порым* деген екі сөз назар аудартады, зерттеуші Б. Сүлейменова: «Латынның *forma* сөзі «сыртқы түр» мағынасында қазақ тілінде Абайға дейін қалыптасып орныққан сөз», – дей келіп, оның эпос жырларында актив қолданылғанына мысалдар келтіреді¹⁰². Шынында да, біздің қолымызда да бұл сөзге қазақтың эпостық шығармаларынан жиналған көптеген мысал бар. Бәрінде де «адамның сыртқы пішіні, бет-әлпеті» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз тек эпостық жырларда емес, XIX ғасыр ақындарының барлығында түгел бар. *Порым* сөзі енді «адамның бет-бейнесі, түр-әлпеті» деген мағынадан кеңейіп, өзге жансыз заттардың да «түрі, пішіні» дегенді де білдіре бастайды. Мысалы, Біржан ұрланған шідері туралы: «*Форымын шідерімнің сұрасаңыз, Сап күмістен балағы, алтын тиек (185)*», – дейді. Бірақ көбінесе адамның, оның ішінде де әйелдің түр-әлпеті деген ұғымда қолданылған: *Пормына* төңкерілген жайдым қанат (Ақан, 252). Ішінде осыншаның *формың* артық, Жаратқан Құдай артық жалғыз сәулем (Біржан, 186).

Абайда бұл сөздің мағынасы одан әрі кеңейтіліп, бірде «қалып, күй» мағынасында (Онегин туралы: Кейде паң, кейде көнгіш, орныменен, Кейде елеусіз, кейде ынтық *формыменен* – II, 72), бірде «сырты жалтыр, алдамшы» деген ауыспалы мағынадағы *мишура* сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Еш қызыққа арманым жоқ, Бәрі де бар *формының* (II, 86) – А мне, Онегин, пышность эта, Постылой жизни *мишури* (Пушкин, V, 189). Мұнда да бәрі бір «қалып, сыртқы түр» ұғымы бар. Сөйтіп, бұл екі жерде де *порым* сөзі жырлардағыдай немесе өзге ақындардағыдай адамның бет-бейнесі емес, «жалпы жүріс-тұрыс, қылығының сыртқы түрі, қалпы, күйі» деген мағынада қолданылған.

Бізді таңырқататын нәрсе – «сыртқы пішін, бет-әлпет» мағынасын беретін өзге де көптеген варианттар (*әлпет, сипат, түр,*

¹⁰² Сүлейменова Б. Көрсетілген мақала. - 60-б.

пишін, келбет, сымбат т.т.) тұрғанда және орыс тілінен сөз ену процесінің әлі солғын (пассив) кезінде елден ерекше жалғыз *форма* русизмінің қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тіліне еніп, соншама актив қолданылуы. Мұнда бір сыр бар тәрізді. Парсы-орыс сөздіктерінен *форм* сөзін («форма» мағынасында) кездестіреміз. Бірақ бізге белгісізі – осы сөз парсы тіліне Еуропа тілдерінен кейін енген бе, жоқ, индоевропалық элемент ретінде әуелден бар ма? Егер бұл сөз парсы тілінде ертеден бар сөз болса, қазақ тілі *кедей, пайда, зор, айна* сөздері тәрізді, *порм* сөзін де ертеректе парсы тілінен алған жоқ па екен?

Пар сөзі де – осы тәрізді ертеде актив қолданылып келе жатқан русизм. Бұл да эпостық жырларда да, ақындарда да мол кездеседі. Мағынасы екі түрлі: бірі және көбінесе ұшырайтыны «тең», «бірдей» деген ұғымда: Табылмас Кіші жүзде Маманға *пар* («Айман-Шолпан», 1957. 12). *Пар* келмеген еш әнші тіпті маман (Біржан, 189). *Пар* сөзі тіпті қазақша *тең* деген таза синонимімен қатар келіп, плеонастық тіркес құрап та қолданылған: Мұнда жоқ сенің *тең парың* («Қыз Жібек», 1963. 110). Бұл мысалдардағы *пар* сөзі орысша *пара* сөзінің көнерген «человек, подходящий другому, могущий составить с ним что-нибудь целое, общее» (устар.)¹⁰³ деген мағынасынан алынған. Екінші мағынасы *пар жегу* тіркесінде келіп, «қос ат жегу» дегенді (орысша *пара* сөзінің «запряжие в две лошади» деген ұғымы) білдіреді: *Парды* жетіп жорғаға («Қамбар», 1957, 54). *Пар* сөзінің бұл мағынасы әуелі татар, башқұрт тілдеріне, одан өткен ғасырдың II жартысында (біздіңше, одан да бұрынырақ) қазақ тіліне енген деген пікір бар¹⁰⁴. *Пар* сөзінің соңғы мағынада жұмсалуды, шынында да, өткен ғасырдың соңғы жартысында активтенген болуы керек, өйткені арбаға ат жегу салтының өзі қазақ тұрмысында одан бұрын көп қолданылмаған. Ал алғашқы мағынасы бұдан көп бұрын енген болар, өйткені *пар келу, тең пары* деген тіркестер құрап, ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі қолданылуы жаңадан енген элементтің сипатына сыйыңқырамайды.

¹⁰³ Толковый словарь русского языка. Под редакцией Д.Н.Ушакова. - Т. III. - С. 38.

¹⁰⁴ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966. - 159-б. (Б.Сүлейменованың *пар* сөзіне жасаған этимологиясы).

Абай да бұл сөзді *тең, шақ* сөздерінің таза синонимі ретінде қатар пайдаланған. Салыстыр, Онегиннің хатының бір жерінде: «Жарамайды бекер алдау, *Теңің* емес мен сенің (II, 77)», – десе, екінші бір шумағында: «Сен тоты құс бақта жүрген, Қай жеріммен *пар* келем (II, 78)», – дейді. «Ескендір» поэмасында «тоқтау көрмей өскен жан» менмен патша өзі туралы: «*Шақ* келер маған жан жоқ наныңыздар (I, 260)», – дейді.

Халықтың аты ретіндегі *орыс* сөзі – әрине, барлығынан бұрын, ең бірінші болып енген русизм. Абай тұсында және Абайдың өзінде *орыс* сөзі халықтың атауымен бірге, «патша үкіметі қойған жоғарғы әкімдер» дегенді де білдірген.

Бұлардың көпшілігінің қазақ әдеби тілінде, яғни көркем әдебиетінде актив қолданылуын біз Абай тұсында, яғни XIX ғасырдың II жартысында болған деп табамыз. *Болыс, ояз, сияз, кандидат, шар* сөздері – қазақ елін билеудің 1866-1867 жылдардағы жаңа системасына қатысты активтене түскен атаулар. Сондай-ақ *партия* – сол ел билеудің жаңа тәртібінің нәтижесінде етек алған жаңа қарым-қатынастың аты. Бұл сөз Абай тұсында осы күнгі саяси ұйымның атауы мағынасында емес, одан тар мәнде қолданылған. Яғни бұл сөз қазақ лексикасында алғашқы пайда болған кезінде «бір-бірімен әкімшілікке таласқан қазақ феодалдарының өзіне жақтастардан жиған тобы» деген мағынаны білдірген: Өз басын осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп *партия* жинағандар... (II, 160). Барымта мен *партия* бәрі мастық жұрт құмар (I, 141). Кейде бұл ұғымды Абай қазақша *топ* деген сөзбен де берген. Салыстыр: *Партия жиып*, мал сойса (I, 149), *Топ жиып* ең бір бөлек (I, 147). *Партия* атауын Абай жиі қолданған. Жазушы бұл түбірден *партияласу* деген етістік те жасаған: Әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, *партияластық* (II, 159). Бұдан *партиялас болу* деген тіркес те жасалады: Қай көп бергенге *партиялас боламын деп...* (I, 169).

Шіркеу мен *кірес* болса, олар да – қазақ жеріне қалалар орнағаннан кейін, христиан діні үйлері салынғаннан кейін ғана жиірек қолданылған зат атаулары. Ал Қазақстанда көпшілік қалалардың орнауы, олардың шіркеуі т.б. көпшілікке арналған ғимараттар салынатындай дәрежеде ұлғайып, күшеюі, тағы да

XIX ғасырдың II жартысына тура келеді. Әрине, бұл сөздер 1850 жылдан әрі қарай қазақ тілінде ешбір қолданылған емес деген үзілді-кесілді тұжырымнан аулақпыз. Мүмкін, Россиямен шектес аудандарда немесе қаласы, шіркеуі ең ерте пайда болған маңайларда сөйлеу тілінде *шіркеу* де, *кіресте*, *поп* та т.б. христиан дініне қатысты орыс сөздері түсінікті болған болуы да мүмкін. Бірақ әңгіме бірді-екілі құбылыс туралы емес, бұл сөздердің әдеби тілде қолданылуы жайында.

Абай текстерінде қолданылған орыс сөздері екі түрлі каналмен келген. Бірі – Абайдың тұсындағы қазақтың жалпыхалықтық тілі (ауызекі сөйлеу тілі де, көркем әдеби тілі де), екіншісі – орыстың өз тілі. Абайдың жалпыхалықтық қолданыстан алып пайдаланған сөздерінің көпшілігі әкімшілік, заң, шаруашылық, сауда салаларына қатыстылар: *болыс*, *кандидат*, *ояз*, *сияз*, *сот*, *шар*, *старшын*, *майыр*, *шен*, *партия*, *бодан*, *расход*, *законшік*, *кір*, *лапке*, *барқыт*, *самауырын*, *пәтер*, *сома*, *бакалшік*, *кәтелешке*, *закон*, *мәліш* (*мелочь*), *аршонок*, *барабан*, *зауыт*, *мәшине*. Бұл сөздердің бірқатары (*кандидат*, *партия*, *кәтелешке*, *мәліш сауда*, *аршонок*) Абайдан өзге ақындарда және ауыз әдебиеті үлгілерінде өте сирек кездеседі немесе тіпті кездеспейді, соған қарамастан, біз бұлардың барлығын Абай тұсындағы қазақтың жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тілінің қорына жатқызамыз. Сөйтіп, алдыңғы *болыс*, *ояздардан* бастап, соңғы *кәтелешке*, *мәліш*-терге дейінгі русизмдерді Абай заманында қазақтың жалпыхалықтық тіліне енген сөздер деп есептейміз. Бұған осы сөздердің бірнеше белгісі дәлел болады.

Ең алдымен, бұлардың барлығы дерлік – нақтылы зат атаулары, ал бұл заттар – сол кездегі қазақтың әлеуметтік және экономикалық күнделікті өмірінде берік орын тепкен нәрселер. Бұл – бір. Екінші белгісі – қазақ тілінің фонетикалық табиғатына сай ыңғайласқан. Бұл жөнінде қазақ тіл білімінде көп айтылды, сондықтан қай сөздің қалайша фонетикалық өзгеріске түскенін көрсетіп жатпадық. Жалғыз-ақ ескеретін нәрсе – бұлардың кейбіреулерінің біз сөз етіп отырған кезеңде фонетикалық екі-үш вариантының болғаны. Үшінші белгісі – бұлардың бірқатары қазақ тілі жұрнақтарын жалғап, жаңа

сөздер жасай бастаған. Мысалы, *болыс* сөзінен **-ты** аффиксі арқылы әкімшіліктің осы звеносының жинақтаушы абстракт атауы пайда болған. *Законсыз, соттау, партиялас, партияласу, шенді* (шекпен), *бодандық, сомалау* тәрізді туынды сөздер бұл тұста Абайда да, өзгелерде де қолданылған.

Бірақ кейбіреулерінің (*партияласу, законсыз, сомалау*) активтенуі, сірә, Абайдың үлесіне тиетін сияқты. Бұл сөздердің қазақтың жалпыхалықтық тәжірибесіне сіңгендігінің төртінші белгісі – кейбіреулері әр алуан тіркестер құрай бастағандығы: *бодам қылу – бодам болу, шар салу, партия жию, шенді шекпен – шен-шекпен, би мен болыс, басы сотқа айналу, закон сұрау, законмен жөн сұрау*.

Бесінші және басты белгісі – олардың әдеби тілге еніп, оның әртүрлі үлгілерінде актив қолданыла бастауы. Жоғарғы көрсетілген сөздер (олар Абайда барлары) және солар типтес өзге де көптеген русизмдер ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы жеке қаламгерлермен қатар осы тұста хатқа түскен ауыз әдебиеті үлгілерінде, оның ішінде эпостық жырларда ба-тыл және жиі енгізілген. Ең алдымен, ең жиі кездесетін – М.С.Сильченко айтқандай, «пресловутые» *шай* мен *самаурын*. Бұл сөздер, не екеуінің біреуі айтылмаған жыр жоқ: Ішкендерін сұрасаң, Шекер менен *шай* болған («Қамбар», 1957, 8). Мың түйеге жүк тағы да Қант пенен *шайы* бар («Қыз Жібек», 1963, 50). *Шай*, қантпен тоғыз нарға тоқаш артып («Айман-Шолпан», 1957, 9) т. б. Сірә, алғашқы кезде бұл екі сөз қосақтала бір-бірінің мағынасын анықтай қолданылғаны да байқалады. Мысалы, «Қамбарда»: *Шай-самаурын* іше кет (1957, 14).

Екінші орында, біздің байқауымызша, *пәуеске, тройке, қамыт, доға, шиделке, пар жегу* тәрізді әр алуан арбалы транспорт түріне байланысты сөздер тұрады. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы: Көк *пәуеске* күймесін. Үш қара жорға атты *тройкеге* жетіп. Немесе: *Пәуескелі* күймемен *Парлатып* жорға жектіріп т. т. «Қамбардағы»: «Алтыннан *қамыт-доғасы, Шиделкесі* күмістен» дегендер – сөз жоқ, өткен ғасырдың кірмелері.

Россия саудасының қазақ даласында, әсіресе, барлар, байлар ортасында жандануымен байланысты орыс тілі арқылы

келген *бірлиант*, *атлас* тәрізді асыл бұйым, *кіреует*, *поднос*, тіпті *бөтелке* тәрізді жеңіл өнеркәсіп продукциясының аттары эпостық полотнолар тілінен орын алды. Тіпті *жанарал*, *кінәз*, *майыр* («Қамбар», 1957, 34) терминдері де батырлар жырындағы мың сан жандардың бірі болып аталып кетеді. Осылардың көпшілігі, әрине, соңғы кезде, XIX ғасырда енген сөздер бола тұрса да, бұлардың бірден ауыз әдебиеті үлгілерінде орын алуы қазақтың жалпыхалықтық тілінің дамуындағы белгілі бір бағытты көрсетеді. Яғни өткен ғасырлардың өзінде-ақ, әсіресе Абай тұсында, қазақ лексикасының орыс сөздері арқылы толысу тенденциясы берік орын алғаны көрінеді.

Бұл тенденцияны әрі қарай дамытқан Абай мен Ыбырай екені айтылып келе жатыр. Әрине, әрі қарай дамыту деген ұғым тек сан жағынан молайту ғана емес. Ал сан жағынан алғанның өзінде Абайда өзге әдеби үлгілерде кездеспейтін (демек, негізінен, жалпыхалықтық қолданыста жоқ немесе өте сирек) бір топ орыс сөздері бар. Олар: *адвокат*, *доктор*, *губернатор*, *начальник*, *визит*, *монастырь*, *ладан*, *штык*, *картечь*, *такт*, *номер*, *химия*, *трагедия*, *единица*, *ноль*, *образование*, *назначение*, *посредник*, *жеребе*, *прошение*, *дознание*, *прямота* (занимайся *прямотой*), *укра*, *фабрик*, *электр*, *миллион*, *румке*, *стакан* деген зат есімдер, *уезный*, *военный*, *здоровомыслящий*, *уголовный*, *виноват* деген сын есімдер, *гуляйттау*, *пошел*, *занимайся* (прямотой) деген етістіктер.

Бұлардың өздерін бірнеше топқа бөліп талдауға тура келеді. Өйткені бұлар қолданылу мақсаттары, орыс тіліндегі морфологиялық сипаты, тексте кездесу жиілігі, стильдік белгілері жағынан біркелкі емес. Бұлардың ішіндегі *адвокат*, *жребий* (жеребе), *визит*, *монастырь*, *ладан*, *штык*, *картечь*, *химия*, *трагедия*, *фабрик*, *электр*, *миллион*, *номер* деген зат есімдерді қазақ тіліндегі бар сөздермен беру мүмкіншілігі жоқ болғандықтан алып пайдаланған. Бұл заттардың барлығы да – қазақ өмірінде болмаған нәрселер. Мысалы, қазақ білетін өзінің бұрынғы әдет-ғұрып правосында адвокаттық функция да, ондай заң адамы да болмаған, сондай-ақ ауру адамды емдеп жүрген дәрігердің әрбір келгеніне ақшалай гонорар төлеу дегенді естіп-біліп көрмеген қазақ қауымында «визит» ұғымы

да болған жоқ. Қазақтың өткендегі әскери арсеналында *штык* пен *картечь* қарулары да болмағаны аян. *Электр, фабрика* дегендер де сол кездегі Қазақстан жеріне келмеген нәрселер, ал *завод (зауыт)* сөзінің жайы бөлекше; бұл атау – қазақ халқына өткен ғасырда едәуір таныс болып қалған сөз, өйткені Абай кезеңінде Қазақстан жерінде ірілі-ұсақты, көбінесе мастерской типті өндіріс орындары жұмыс істеген, олардың көбін орыс тілінің өзінде *завод* деп атаған. *Миллион* санын бұрынғы қазақ қауымы білмейді, *мың* және монғолдан келген *түмен* (он мың) сөздері – нақтылы ең үлкен санды атайтын сөздер. Одан әрі қарай «өте көп, есепсіз көп» мағынасында *сан* сөзі қолданылады. Демек, осындай қазақ қоғамы үшін бейтаныс, тың нәрселердің атауларын Абай аудармай немесе бірнеше сөзбен суреттеп, аналитикалық тәсілге жүгінбей, я болмаса араб-парсы, татар, шағатай тілдерінен олардың баламасын іздемей, орысша атауларын – орыс сөздерін пайдаланады. 1812 жылғы Россияның Отан соғысын суреттейтін «Бородиноны» аударғанда, сол кезде орыс армиясы қолданған қару-жарақ атауларын қазақшалап, *сұр жебе, қорамсақ, қозы жауырын оқ* деп берудің ешбір қисыны да, дұрыстығы да жоқ екенін Абай жақсы сезінген, сондықтан *штык, картечьтердің* қазақ қауымына өзірше түсініксіз болса да орысша атауларын енгізген. Христиан дініне қатысты сөздерді де мүмкіндігінше аудармай беру мақсатымен *монастырь, ладан, крест, шіркеу* дегендерді алады.

Ноль, единица деген цифр атауларын қазақшаламағаны дұрыс, өйткені екеуі де – цифрлық өлшем ретінде қазақта болмаған ұғымдар. *Единица* сөзіне Абайдың соңғы басылуларында «жалғыз, дара» деген түсінік беріліпті. Дәл емес. Бұл жердегі единица – «жалғыз, дара» деген сандық ұғымның емес, сол санның графикалық таңбасының атауы, яғни цифр аты болып тұр (егер «жалғыз, дара» деген ұғымдар керек болса, ақын қазақша осы сөздердің өзін-ақ қолдана салмай ма?). *Ноль* да солай. Қазірде *ноль* сөзін қабылдап, *единица* деген цифр – «атын кейде *бір* деп, кейде *бірлік цифр* деп алып жүрміз, өйткені *цифр* деген түсіндіруші компоненті таныс. Ал *цифр* сөзі тілде әлі жоқ, *бірлік* сөзінің «ортақтық, ынтымақтық» ұғымы басым

кезде, Абай *единица* сөзін *бір* деп те, *бірлік* деп те, *бірлік цифр* деп те ала алмағаны түсінікті.

Трагедия тәрізді әдебиет терминін де аудармай тілге енгізеді де, жазушы оның мәнін түсіндіріп бсруді мойнына алады: ...Софоклгс *трагедиясы* себепті, яғни біреудің сипатына түспектік... (II, 181).

Ал бір топ русизмдердің Абай тіліне ену мотиві бұл көрсетілгеннен басқаша. Олар – қазақша баламасы бола тұрса да, орысша қолданылған *образование, назначение, дознание, посредник, прошение* деген туынды зат есімдер. Бұлар – орысша оқу-білім және орыс империясы енгізген сот-әкімшілік системасына тікелей қатысты сөздер. Абай бұл ұғымдардың орысша «иісін» сақтау үшін әдейі қолданған. Яғни «оқу-білім» ұғымы қазақша сөзбен берілгенде, көбінесе мұсылманша оқу, білімді ислам дінінің негізінде алу, тіпті демократтанғанда «құлшылық қыларлық, түркі танырлық оқу» деген ассоциация беретінін білген Абай прозалық шығармаларында орыс тілінде сауаттанып, орысша азаматтық білім алуды бір жерлерінде *орыстың ғылымы, орысша оқу* десе, енді бір жерде тура орысша *образование* деп алады. Бұл – орыс мектебінде, орыс тілінде және азаматтық мазмұндағы оқу екенін айырып, ашып көрсету мақсатымен алынған русизм.

Қазақ қоғамы *военный губернатор* мен *уездной начальниктің* өздерін білгенмен, о бастан екеуін де өздерінше атап қалыптастырған болатын: алғашқысы *генерал* (~ *жанарал* ~ *жандарал*), екіншісі *ояз* деп аталды. Абай жаңаша ел билеу мен заң-сот істерінің ыңғайсыз, сәтсіз жақтарын көрсетіп, қалайша жақсартуға болатыны жайындағы өз пікірін білдірген 3-сөзінде бұл саладағы әкімшілік инстанцияларын, заң-сот істерінің жеке актілерін өзгелермен шатастырмай, тура білдіру үшін қалыптасқан қазақшасын емес, *военный губернатор, уездной начальник, дознание, посредник* деп орысша атауларын әдейі алады. Тіпті бұл жерде әкімшілік орындары мен адамдарын мүлде дәл беру мақсатының күштілігі сонша, оларды білдіретін сөздерді жеке емес, тіпті анықтауыш тіркесімен (*военный губернатор, уездной начальник*) алады.

Абайда өте жиі қолданылған қазақша неологизмдердің бірі – *арыз* сөзі. Ол – жоғарғы әкімшілік орындарға, орыс сотына жазбаша түрде айтылған шағымды білдіретін жаңа мағынаға ие болған сөз. Бұл сөз осы мағынада жалпыхалықтық тілде қалыптасқан. Бұларды сол кездегі орыс тілінде *прошение* деп атаған. Абай *арыз* сөзін актив пайдалана отырып, «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде дәл осы ұғымды *прошение* сөзімен білдіреді. Мұнысы осы русизм арқылы, біріншіден, жазылатын арызының орыс тілінде болатындығын білдіргісі келсе, екіншіден, мұның қазақ даласындағы орыс патшасының сот-әкімшілік орындарына берілетін арыз екендігін баса көрсету мақсаты болып шығады.

Абай қолданған *назначение, образование, прошение, посредник, счет* тәрізді орыс сөздерінің кейіннен тілде тұрақтамай, тек Абай текстерінде сақталған себебі, біздіңше, мыналарда. *Прошение, счет* сөздері Абайдың «Интернатта оқып жүр» деген шығармасында ғана кездеседі. Бұл өлеңде тек осы екі сөз емес, *интернат, судья, адвокат* сияқты қазақ тіліне Абайдан бұрын енді-енді ене бастаған орыс сөздері де, *здоровомыслищий, военный, көрөнной, оязной* деген орысша тұлғадағы сын есімдер де, тіпті *занимайся прямою* тәрізді сөйлем-фраза да шоғырланған.

Арнайы зерттеулерге қарағанда, бұл өлең – орыс тілін білетін, сол интернатта оқып жүрген шәкірттерге бағышталған және Салтыков-Щедриннің сатиралық формуласының тікелей әсері тиген шығарма¹⁰⁵. Демек, бұлардың барлығы да – стилистік неологизмдер, яғни стильдік мақсатпен (яғни белгілі бір оқушыларға арнап) келтірілген «бір қолданар» кірме сөздер.

Бұлар тәрізді сол кездегі не жалпыхалықтық сөйлеу тілінде, не жазба әдеби тілде қолданылмай, жазушының контекске қарай әдейі пайдаланған жаңа сөздерін (мейлі ол тілге қай тәсілмен енгізілсе де) тіл білімінде «окказионалдық неологизмдер» деп те жүр. Абай тілінің бір ерекшелігі стилистік немесе окказионалдық кірме сөздер мен фразалардың едәуір

¹⁰⁵ *Перельгин Л.М.* Об истоках стихотворения Абая «Обучаются в интернате» // Ученые записки Семипалатинского пединститута им. Н.К.Крупской. - 1957. - Вып. 2. С. 150-151.

екендігінде. Бұған тек орыс тілі емес, шығыс (араб-парсы) тілдері элементтері де жатады. Абайдың әсіресе прозалық шығармаларында, олардың ішінде де тілі, стилі, адресаты жағынан оқшауланып шығатын кейбір «Қара сөздерінде» сол контексте ғана келтірілген, белгілі бір мақсатпен алынған «бір қолданар» араб-парсы сөздері де көп.

Здравомыслящий болу, занимайся прямою, счёты дұрыс келу, виноват деген русизмдердің қолданылу мотиві үшінші түрлі. Мұнда қазақша баламасының жоқтығынан туған мұқтаждықта емес, жоғарыдағыдай, дәл атау да емес, біздіңше, орыс тілін білетін орысша оқып жүрген қазақ жастарының өздеріне түсінікті тілде сөйлеу мақсаты көзделген.

Шығармасын иман деген не екені туралы жөнді білмейтін молда-ишандарға бағыштаса немесе «адам ұғлының мінездері» туралы шығыс философиясын, теологиясын білетін, түсінетін «жүрегінің қуаты, перзенттеріне» арнаса, соларға танық стильде, араб-парсы сөздерін, сөйлемдерін келтіріп, кітапшалап жазғаны тәрізді, «интернатта орысша оқып жүрген талай қазақ баласына» да орысшалап кою, орыстың жеке зат атаулары түгіл, *виноват, занимайся прямою, здравомыслящий* деп етістік, сын есімдерін қазақ сөйлеміне қиюластырып келтіру – Абайдың жазушылық мәнеріне тән тәсілдердің бірі деп табымыз.

Пошел [дереу күнәкар] мен [көгалды қуып] *гуляйттан* деген русизмдердің сатиралық бояу үшін қолданылғанын бізден бұрынғы зерттеушілер дұрыс көрсетіп өткен болатын¹⁰⁶. Тегі, бұл екі сөз және *білетке* деген өте тұрпайы русизм (Б... байы – ақша Ер жақсысын таңдамас – I, 145) – Абай тұсындағы қазақтың сөйлеу тілінде қолданылған элементтер болар. Өйткені аралас-құралас отырған екі халықтың бір-бірінен күнделікті тұрмыста ауызекі түрде сөз ауысуда, ең алдымен, қарапайым атаулар мен тұрпайы сөздер енетін фактісі байқалады. Әрине, мұндай тұрпайы сөздерді қолдануын мақтай алмасақ та, олардың Абай текстерінде келуі салақтықтан, жауапсыздықтан немесе сөз таба алмаған дәрменсіздіктен

¹⁰⁶ Сүлейменова Б. Аталған мақала. - 61-б. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы, 1960. - 179-б.

емес, белгілі бір мотивпен пайдаланғандығы байқалады. Проф. Құдайберген Жұбанов ең бірінші болып, бұдан 30 жыл бұрын дәл көрсеткендей, «суретті ойдағыдай күшейтіп жіберетін болса, Абай [сөздің] ондай-мұндай ерсілігіне, әдепке шеттігіне де қарамайды»¹⁰⁷. Сөйтіп, *пошел, гуляйттау, билетке* сөздері – образ үшін қолданылған стильдік русизмдер.

Абай текстеріндегі орысша сын есімдер (көбі толық, біреуі қысқа –*виноват*) туралы Б.Сүлейменова аталған мақаласында тұңғыш рет тоқталып, арнайы сөз етеді. Зерттеуші көптеген фактілер келтіріп, орысша тұлғаланған сын есімдердің қолданылуын «Абай тұсындағы қазақ жазба әдеби тілінің нормасы» деп табады. Әрине, қазіргі нормамызбен өлшегенде, орыс сын есімдері (яғни морфологиялық тұлғасы орысша) көзге шыққан сүйелдей болып көрініп, Абайдың әдемі қазақша тілін «шұбарлап» кететін «дақтардай» сезіледі. Бірақ мұндай «дақтар» – жазба әдеби тілдің даму барысында болуға тиісті, орынды, заңды «бейнормалар». Көптеген тәсіл-принциптер енді құрыла бастаған ұлттық жазба әдеби тіл көптеген салалардан іздену процесін басынан кешіреді. Бұл іздену өз ресурстарын реттеп пайдалануда да, өзге тілдермен қарым-қатынасында да жүріп жатады. Орыс тілі элементтері молынан және принципалды түрде ене бастаған қазақ жазба әдеби тілі ХІХ ғасырдың ІІ жартысында бірден қазіргі норма-дәстүрге ие бола алмағаны түсінікті. Орыс тіліндегі сын есімдерді берудің қазіргі нормасы талай баспалдақтан өтіп келгенін көреміз: орысша тұлғасы да қолданылды (өткен ғасырда және ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін), нөлдік морфема (яғни түбірдің өзі) тәсілі де ұсынылды (30-жылдарда: *абсолют* шама, *популяр* кітап, *буржуаз* идеология), қазақ тілі жұрнақтарын жалғаудың неше түрлі варианттарын (*социалды* Қазақстан, *буржуазияшыл* идеология)¹⁰⁸ басынан өткізді. Бұл баспалдақтың көбі тіліміздің совет дәуіріндегі дамуына жатады. Сөйтіп, қашан да орыс тілі сын есімдерін қазақша дұрыс беру оңайға түспеген.

¹⁰⁷ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966. - 301-б.

¹⁰⁸ Қараңыз: Принципы терминологии казахского литературного языка, принимаемые Государственной терминологической комиссией // Жұбанов Қ. Аталған кітап. - 284-б.

Және бұл факт – жалғыз қазақ тілі емес, өзге тілдердің де даму тарихында болып өткен оқиға.

Қазақ тілінде орыс тіліндегі сын есімдік тұлғасын сақтап пайдаланған сөздер екі топқа бөлінеді: бірі – орысша тұтас штамптар құрамында, екіншісі – қазақ сөзіне анықтауыш болып жеке қолданылғандары. Абайда да осындай. *Военный губернатор, уездной начальник, Енисейская губерния, Минусинский уезд* дегендердгі сын есімдер штамптардың компоненттері ретінде келген. Бұларды, әрине, араб әрпімен жазғанда, әрі родтық, числолық белгілерін сақтауды көздемегендіктен, орфограммасы дәл орысшасындай болып шықпағаны белгілі: *Енисейски губірне, оязной начальник* т.б. Абайда тек осылар ғана болса, мұны біз сын есімдерді беру тәсілінің бірі деп таппаған болар едік (мұндай штамптар қазіргі тілімізде де бар: «*Красный Октябрь*» колхозы дегендер немесе *СССР, ТАСС, КПСС* дегендер – орыс тілінің штамптары). Бірақ Абай, өз тұсындағы газеттер және өзге де авторлар тәрізді, орысша сын есімдерді қазақ сөздерімен тіркестіріп те қолданады: *самородный сары алтын, уголовный іс, военный қызмет*. Әрине, бұлар – сан жағынан көп емес, бірақ әйтеуір бар тәсіл. Абай бұл тәсілге өте сақтықпен қарайды да негізгі, бірден-бір әдіс ретінде ұсынбайды. Әсіресе, орысшадан аударған шығармаларының тілінде бұл оңай тәсілге мүлде бармайды. Мысалы, Лермонтовтың «*Не верь себе, мечтатель молодой*» деген өлеңіндегі:

Поверь: для них смешон твой плач и твой укор,
С своим напевом заученным,
Как разрумяненный трагический актер,
Махающий мечом картонным (Лермонтов, Т. 37), –

деген шумақты:

Күлкі бол май, қой, жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кімге айтты? (II, 95), –

деп жалпы ойды аударарды. Көп сәтте оригиналды нақпа-нақ беріп отыратын Абай бұл жерде *трагический актер, картонный меч* дегендерді мүлде тастап кетеді. Әрине, оның жалғыз

себебі *трагический, картонный* деген сын есімдерді бергісі келмегендігінен емес, дегенмен бұл жолдарды дәлме-дәл аударып, *трагический ойыншы, картонный қылыш* деп берсе, біз бәрібір жазғыра алмаған болар едік. Өйткені *самородный алтын, военный қызмет, здоровыслящий адам* дегендерден бұлардың не артық-кемдігі бар? Бірақ Абай бұған бармаған. Жалпы, Абайдағы русизмдер аудармаларында мүлде аз да, керісінше, төл шығармаларында мол кездеседі. Сырт қарағанда, бұл факт парадокс болып көрінсе де, ол – автордың кірме сөздерді пайдалану мақсаттары мен принциптерінен туған заңды құбылыс.

Абай шығармаларында кездесетін орыс тілі элементтерінің соңғы тобы – штамп қыстырмалар. Арабша тұтас тіркестер мен сөйлемдерді қолданғаны сияқты. Абай прозасының тілінде орысша атауларды тіркес күйінде келтіреді. Олар: 43-сөзіндегі *подвижный элемент, сила притягательная однородного және впечатлительность сердца* (II, 217) дегендер. Мұндай абстрактік ұғым аттарын орысша штамп түрінде алып, әрі қарай сөздердің емес, ұғымның мәнісін қазақшалап түсіндіреді. Бұл да – қазақ әдеби тілінде бұрын-соңды болмаған жаңа тәсіл. Философиялық ұғымдардың атауын осы жерде (43-сөзде) орысша беруі – осы шығармасын жазу үстінде пайдаланған (оқыған) әдебиетінің орыс тілінде екендігін танытады. Және бұл жерде автор осы атауларды (терминдерді) қазақшалауға ұмтылмайды, өйткені көздеген мақсаты – ол ұғымдардың атын емес, затын білдіру. Әрине, бұларды өзінше дәл, дұрыс қазақшалап берген болса, нұр үстіне нұр болған болар еді, бірақ оған, біздіңше, екі нәрсе кедергі жасаған. Бірі – қазақшалаудың қиындығы, яғни философиялық, ғылыми терминдердің ол кезде жоқтығы және оларды жасау тәжірибесінің әлі де әлсіз, дамымаған күйде екендігі, екінші – авторда осы ұғымдарды бұзбай, бұрмаламай, шатастырмай дәл атау ниетінің болуы. Қазірде мұндай ниетпен өзге тілдік материалдарды пайдалансақ не қазақша атауын, не сол өзге тілдік дублетін – екеуінің біреуін жақша ішіне алып көрсетіп қояр едік. Абайда, әрине, бұл тәсіл жоқ. Бірер жерде ғана жақша ішіне алмаса да (мүмкін, алып та жазуға болатын

шығар, өйткені Абай текстеріндегі барлық тыныс белгілерін қойған өзіміз ғой), орыс сөзінің қазақша дублетін атап береді. Мысалы: Оған *дознание – тергеу* шығарады (II, 160). Мүмкін *бұлар-ұят, гиззат-құрмет* тәрізді бірін-бірі түсіндіретін қос сөз ретінде де келтірілгені болар, онда араларына сызықша емес, дефис қойып жазу керек болар еді. Бірақ бұл амалды Абай сирек қолданған.

Шет сөздерді енгізуде бұрыннан тілдің қолданып келген тәсілдерінің бірі мағыналас сөздерді қосарлауды (бейтаныс сөз+таныс сөз) Абай орыс сөздеріне келгенде пайдаланбайды. Бұл – жалғыз Абай емес, жалпыхалықтық тілге де тән. Мұның себептері мен заңдылықтарын ашу – қазақ лексикологтарының алдағы міндеттерінің бірі. Біз әзірге фактінің өзін ғана констатациялаймыз. Дегенмен Абай стилінің бір ерекшелігі жаңадан өзі кіргізіп отырған орыс сөздерін реті келген жерде контекске қарай түсіндіріп отыруды көздейді. Мысалы, ол кездегі қазақ қауымы шіркеуді білсе де, монастырьдың не екенін білмейтін, сондықтан және оригиналдағы сөйлем бойынша: «*Ол монастырь – сопылар тұрар жері* (II, 150)», – деп бергенде, қазақ оқушысына *монастырь* сөзінің мағынасы түсінікті болып шығады. Сондай-ақ: *Ладан деген иісті май тұтатып* (II, 150), *Штык, қылыш қайрасып* (II, 70).

Дегенмен орыс сөздерін қолдануда Абайдың алдында екі қайшылық көлденең тартылған: бірі – орыстың ғылымын үйрен, бар малыңды жұмсасаң да, балаңды орысша оқыт деп кеткен Абай қазақ тілінде алатын орыс сөздерінің перспективалық орнын, рөлін жақсы түсініп, кей ретте оларды дәлмедәл баламасы жоқ жерде аудармай, суреттеме тәсілге жүгірмей немесе құлаққа таныс шығыс тілдері қорынан балама іздемей, орысша беру тенденциясын ұстаған, екінші – қазақтың қалың бұқарасының әлі де орыс мәдениеті мен оқуын жете білмейтіндігінен, олар көптеген орыс сөздерін түсінбейді-ау деген қаупі пен қамқорлығы болған. Бұл дилемма – Абай мойнына түскен жүк. Біріншісі – Абай текстеріне біздің есебіміз бойынша 90-ға жуық орысша лексикалық единицаны (жалқы есімдерді қоспағанда) пайдалануға мүмкіндік берсе, екінші қайшылық – әлі де көп ретте ат басын тежеп, орайы келгенде «қазақшалап» жіберуге мәжбүр еткен.

Жоғарыда айттық, Абайдың орыс тілінен аударған шығармаларында русизмдер сан жағынан көп емес. Оның бір себебі – ұлы ақынның орыс қаламгерлері шығармаларының ішкі мазмұнын жақсы түсініп, оны қазақша беруде қазақтың өзінің мол сөз байлығын орынды пайдалана білгені болса, екінші себебі – бірқатар реттерде қазақ ұғымында жоқ зат-құбылыстардың аттарын аударып бергендігінде. Мысалы, орыс тіліндегі *черт*, *демон*, *дьявол* дегендердің бәрін *шайтан* деп алады: Мұңлы *шайтан* – Құдайдың қуған жаны (II, 118) – Печальный *демон*, дух изгнания (Лермонтов, II, 136). *Шайтанның* суретіне есіктегі бірқатар көзін салып қарап тұрды (II, 151) – ... Рассматривал *дьявола*, изображенного на святых воротах (Лермонтов, IV, 184). «*Демонның* мұсылманшылық ұғымындағы орайы *әзәзіл* сөзі бола тұрса да, оның жаманаттылығын күшейту үшін *шайтан* деп алған»¹⁰⁹. Ал қазірде бізде бұл сөзді аудармай *демон* деп жүрміз. Абай өстіп не мұсылман діні ұғымы бойынша *әзәзіл* деп дол аудармасын алмаған немесе қазіргі біздерше *демон* деп грекше- орысшасын алмаған.

«Вадим» поэмасында орыстың *монах* дегенін де *сопы* деп береді: *Сопылар*, қызметкерлер басылған жоқ (II, 150) – *Монахи* и служки ходили взад и вперед... (Лермонтов, IV, 183). Лермонтовтың: «Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей! Вот *арфа* золотая (Лермонтов, I, 11)» деген жолдарын бір сөзінен өзгесін соншама дәл: «Көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын! Алтынды *домбыраңмен* келші жақын (II, 92)» деп аударарды. Мұндағы аударманың түпнұсқаға жақындығы сондай, тіпті сөйлемнің синтаксистік құрылысы да сақталған. Мысалы, араларына қаратпа сөз (*певец*) салып, екі рет қайталаған *скорей* сөзі *бол, бол, ақын* түрінде Бұлжытпай беріледі. *Душа* (моя) *мрачна* дегенді дәл беру үшін *көңілім* (менің) *қараңғы* деген қазақ құлағына тосаң тіркес жасалады. Ал бірақ осындай дәлдік бере отыра, Абай *арфа* сөзін алмайды. Ол инструментті қазақ білмейді. Сөйтіп, оны *домбыра* деп аударуға мәжбүр болады. Осы тәрізді *полукафтанье* де *беишент* болып (II, 152) кетеді. «Бородинодағы» *квартир*, *командир*, *мундир* сөздерін алмай-

¹⁰⁹ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. - Алматы, 1959. - 164-б.

ды, алдыңғы екеуі мүлдем қалдырылып кетеді де, *мундир* сөзін *киім* деп береді: Жыртпасаң жаудың *киімін*, Біз нетеміз штыкті (II, 70) – Чужие изорвать *мундиры* о русские штыки (Лермонтов, I, 14). Демек, осы күні әдеби тілімізге енген бұл тәрізді сөздерді Абайдың ала алмауының басты себебі – олардың қалың көпшілікке түсініксіз болу қаупі. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтсақ, «өз тұсындағы оқушыларының шама-шарқымен, дін санасы, ұғым-нанымдарымен есептескені»¹¹⁰.

Сөйтіп, орыс тілі элементтерін пайдалануға келгенде, Абай осындай дилеммаға тап болып, көбінесе саналы түрде бұл қайшылықты шешудің амалын іздегені байқалады. Жоғарыдағы *демон*, *арфа*, *монах*, *мундир* т.б. сөздерді тіліне енгізбегенде, ең алдымен, бұлардың сол контекстегі мағыналары оларды өзге (қазақша) сөзбен немесе тіпті суреттеме жолмен бергенде, айтылмақ ойды бұрмалап, өзгертіп жіберетіндей қауіп жоқтығын пайдаланады, екіншіден, семантикасы жағынан ең жақын түсетін қазақша (не тілге енген араб-парсыша) адекваттарының барын пайдаланады. Мысалы, христиан дініндегі монахтардың діни қызметтегі орны, өміртіршіліктерінің сыр-сипаты мұсылман дініндегі сопыларға жуық келетінін пайдаланады. Немесе алдыңғы тармақтағы *пеvec* сөзін *ақын* деп алғаннан кейін қазақ ақындарының көбінесе қолында болатын сүйемел серігі – *домбыра* сөзінің семантикасы музыкалық бейтаныс аспап *арфаны* білдіруге қолданылады.

Қорыта келгенде, бір жағынан, заман ағымына, қоғам өміріне орай қазақ тілі тағдыры енді орыс тілімен астарласа, жанаса дамуының қажеттігін сезіну, білу, оны жүзеге асыру, екінші жағынан, сол кездегі қазақтың қалың бұқарасының білім-ұғым дәрежесімен санасу – жазба әдеби тіліміздің XIX ғасырдың II жартысында дамуының совет дәуіріндегіден ажыратылатын айырма белгілерінің бірі.

* * *

Тіл білімінде кірме элементтерді структуралық пішіні жағынан үш түрге болу бар: 1) шет тілдің сөзін де (форма-

¹¹⁰ Сонда.

сын), мағынасын да алу: 2) өзінде бар мағынаны шет тілдің сөзімен беру; 3) шет тілдік мағынаны өз (ана) тілінің сөзімен беру (яғни калькалау – калькирование)¹¹¹. Бұл классификация бойынша, Абай тілінде кірме сөздердің алдыңғы екі түрі бар екенін жоғарыдағы талдаудан көреміз. Ал үшінші түрі – шет тілдік мағынаның калька жолымен қазақшаланып берілуіне біраз тоқталуға болады.

Өткен ғасырда жалпыхалықтық тілде де, жазба әдеби тілде де орыс тілінен калька жолымен жеке сөз жасау процесі жоққа тән. *Қараңғы үй (темница)* тәрізді некен-саяқ сөздер болмаса, калькаланған жеке лексикалық единицалар әлі жоқ. Абайда да солай. Оның орнына Абайда калька арқылы жасалған грамматикалық тіркестер өте-мөте көзге түседі. Мысалы, орысша *светило надежды* дегеннен *үміттің нұры, стих унылый – жабырқаңқы жазған сөз, рассудок холодный – суық ақыл, предписать законы – бұйрық жазу, шевелить ум – ойды қозғау, мрачная душа – қараңғы көңіл* т.б. Бұлардың бәрі – аударма өлеңдеріндегі калька тіркестер. Бұл тәсілдің Абайда активтенгені сонша – осылардың моделімен төл шығармалары тілінде семантикалық жаңа тіркестер жасайды, яғни *талаптың тұлпары, ұрпиген жүрек, қулық сауу* тәрізді мағыналары жағынан тіркесуге тиісті емес единицаларды тіркестіреді¹¹².

Бұл калька-тіркестер кейін өріс алған лексикалық калькалардың (*темір жол, алғы сөз, бес жылдық* т.т.) жол ашарлары іспетті. Және оны бастаған Абай деп батыл көрсете аламыз.

* * *

Сөйтіп, Абай лексикасында русизмдердің қолданылуы – қазақ жазба әдеби тілінің даму жолындағы «азаматтық паспорт» алған тенденциялардың бірі. Бұл тенденция Абайдан бұрын жалпыхалықтық тілдің өзінде басталған болатын. Оны Абайға дейінгі қалам иелері де жатсынбай қабылдап,

¹¹¹ Крысин П.П. К определению терминов «заимствование» и заимствованное слово // Развитие лексики современного русского языка. - М., 1965. - С.105.

¹¹² Мұндай тіркестердің Абай тілінде активтенуінде тек орыс тілі ғана емес, Абайға дейінгі қазақ әдеби тілінің де үлесі бар екенін айтамыз (50-бетті қараңыз).

шығармаларында орыс элементтеріне орын бергені көрінеді. XIX ғасырда, көбінесе II жартысында хатқа түскен ауыз әдебиеті үлгілерінде де орыс сөздерінің едәуір кездесуі осыны танытады.

Бірақ XIX ғасырдағы қазақ ақындары мен Абайдың (және оның шәкірттері мен Ыбырайдың) орыс сөздерін тілдеріне енгізіп пайдалануында принципиалды бір айырмашылық бар. Өте аз болса да, шығармаларында русизмдер кездесетін Дулат, Шортанбайлардан бастап, Абаймен тұстас Шөже, Сүйінбай, Біржан, Ақан, Майлықожа, Әсет т.б. ақындар орыс сөздерін қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілінен алып пайдаланды. Сондықтан бұларда көбінесе тек халық тіліне сіңген элементтер ғана кездеседі (Ақан сері сияқты ақындардағы халық тіліне кірмеген *фамильный шай, серебро, поклон, именной, секретный, хорошенько, сватья, скажи* тәрізді варваризм-русизмдердің жөні де, сипаты да, қолданылу мақсаты да мүлде басқаша). Ал Абай мен Ыбырай русизмдерді халықтық қордан да, тікелей орыстың өз тілінен де алып енгізген. Демек, Ыбырай, Абай және тұңғыш баспасөз органдарынан бастап орыс тілінен сөз алудың жаңа арнасы (каналы) салынады. Және Абайда бұл каналдың өз ішінен кейбір принцип-тәсілдері белгіленеді. Олар, біздіңше, мыналар:

1. Орыс сөздерін өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне енген жаңа құбылыстарды, заттарды, ұғымдарды бұрынғылармен шатастырмай, айырып атау мақсатымен пайдалану. Мысалы, Россия империясының правосын қалған екі праводан (қазақтың әдет-ғұрып заңы мен мұсылманның шарифатынан) ажыратып атау үшін Абай саналы түрде қолданған *закон, сот, судья, адвокат, дознание, посредник, кәтелешке* сөздері.

2. Әзірге қазақ қауымына бейтаныс болса да, аударуға немесе суреттеп түсіндіруге болмайтын ұғым, зат, құбылыс атауларын орысша алу принципі. Мысалы: *электр, фабрик, миллион, единица, ноль, номер, итык, картель, подвижный элемент, впечатлительность сердца* т.б.

3. Орыс сөздерін образ жасау, мысқылдау, адресанттарға бағыштау т.б. тәрізді стильдік мақсатта пайдалану. Мысалы:

гуляйттау, пошел дереу, расход, здравомыслящий, занимайся прямой т.б. сөздерінің қолданысы.

4. Орыс тілінің сапалық әсерін қабылдау. Мысалы, сөздердің тіркесу қабілетін кеңейту (*ой көзі, қараңғы көңіл*) мен бірен-саран семантикалық калькалар т.б.

Міне, Абай тілінде орыс тілінің алған орны, атқарған рөлі, тигізген әсері, біздіңше, осындай.

Қазақтың төл сөздері

Абай өз творчествосында қазақтың жалпыхалықтық тілін негіз етті деген қағиданы айтуға себеп болатын күшті фактінің бірі – оның сөздік құрамының басымы, дені, негізгі ядросы қазақтың байырғы төл сөздері болуы.

Біз бұл жұмыста Абай шығармаларында қолданылған қазақ сөздерін лексикология қарастыратын категориялардың барлығына қарай талдамадық. Ұлы ақынның тіліне негіз болған қазақ сөздері көне, жаңа (пассив, актив) болып келеді (қазіргі нормадан алғанда емес, Абай тұсындағы қазақ әдеби тілі нормасымен салыстырғандағы көнемен жаңа элементтерді айтамыз), соны қарастырмақпыз. Сондай-ақ жалпыхалықтық қордағы төл сөздерді әдеби айналымға салып, бірқатарының мағынасын кеңейту немесе тарылту, бірсыпырасын термин немесе тұрақты атау ретінде нормаландыру процесі Абай тілінен орын алады, мұны талдамақпыз. Бұл жайттарды біз «Абай шығармалары тіліндегі көне сөздер», «Жаңа сөздер» және «Абай лексикасындағы сөздердің тематикалық сериялары» деген тақырыптарға бөліп қарастырдық. Ескерте кететін жай – бұларда тақырыптың кеңдігіне орай (өйткені жаңа, көне элементтер тек төл сөздер арасында емес, кірме сөздер ішінде де болатыны мәлім), осы категорияларға қатысты өзге тілдік сөздер де жол- жөнекей талданып отырылды.

Қазақтың төл сөздерін әңгімелегенде бұл айтылған топтарға кірмейтін тағы бір сала бар, ол – белгілі бір территориялық аумақта қолданылатын жергілікті сөздер. Жоғарыда, I тарауда айттық, Абай тілінде осы күнгі нормамен салыстырғанда да, өткен ғасыр нормасымен алғанда да белгілі бір шағын

өлкеде қолданылған бір алуан сөздер бар. Олардың қолданылу мотивтері мен таралу аумағы жайындағы пікірлеріміз бен кейбіреулерінің жеке-жеке талдауын ілгеріде, I тарауда, бердік.

Абай шығармалары тіліндегі көне сөздер (архаизмдер мен историзмдер)

Абай лексикасындағы көне сөздерді (архаизмдер мен историзмдерді) әңгіме еткенде, объектіге екі шамадан қарау керек. Бірі – Абайдың өз тұсында-ақ көнерген немесе көнере, пассивтене бастаған сөздер тобы, екінші – қазіргі нормадан қарағанда, көнерген болып есептелінетін сөздер. Біз назарымызды алғашқы топқа ғана аудардық.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шындалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлер үлгілерін жақсы біліп, солардың тілін сарқа пайдаланған ұлы жазушы өз лексиконына қазақ тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында көнерген немесе көнере бастаған сөздерді де шебер енгізген.

Архаизм, историзмдердің бір тобын Абай қазақтың өткен тарихын баяндауда әдейі келтіреді. Мысалы, жүз жыл бұрынғы қазақтың киімі туралы этнографиялық суреттеме өлеңінде *жейде, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, кісе, шақпақ, дэндәку, күләпара, пыстан* тәрізді қазірде, ал бірқатары тіпті Абай заманында қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек пен өзге аксессуарлардың аттарын береді. *Жейде* сөзі диалектизм ретінде қазірде де көптеген аудандарда «еркектің көйлегі» деген мағынада қолданылғанымен, өткен ғасырдың өзінде-ақ бұл вариантты *көйлек* сөзі ығыстыра бастағанға ұқсайды. Өйткені Абай шығармасындағы шалдардың өзі көйлекті болып келеді (Ақ *көйлекті*, таяқты Ақсақал шығар бір шеттен – 1, 50). *Жейде* сөзі Абай тұсында көйлектің (ерлер көйлегінің) көне фасонды түрін білдіріп, сол мағынада қолданудан ығыстырыла бастағанын өзге материалдан да байқаймыз. Мысалы, Ильминский *жейдені* сол кезде (1861 жылы) тек қарттар киетін ескі үлгіде тігілген көйлек деп

көрсетеді: «*жейде* – рубаха старинного киргизского покроя. Это бязевый халат с воротом шалью, на правой стороне завязывается шнурами. Теперь носят только старики» (133). Соған қарағанда, *жейде* бір кезде бүкіл қазақ даласында түгел түсінікті болып, белгілі бір үлгіде тігілген ерлер көйлегін білдіріп, жалпыхалықтық тілде тегіс қолданылған көне сөз болуы керек.

Сондай-ақ Абай қазақтың өткен ғасырлардағы заң системасын әңгіме еткен 3-сөзінде *жарғы* (*Жеті жарғы*) терминін, Лермонтовтан аударған «Тұтқындағы батыр» өлеңінде *тас дулыға*, *тас сауыт*, *шарайна* архаизмдерін, ертегі поэмаларында *хан*, *уәзір* историзмдерін қолданады. Бұлайша өткен тарихты баяндау үстінде көне сөздерді көп қолданған шығармасы – «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы». Мұнда Абай *абыз*, *аламандық*, *хан*, *жылыс* (жылан жылы жылыс болады), *тоғыс* (қой жылы зеңгер тоғыс болады), *ұлыс*, *бұлан*, *ұран-сүрен*, *наурыздама* сөздерін атайды. Бұлардың кейбіреулерін мақал-мәтелдер құрамында, кейбір сөздерін баяндау үстінде өз атынан (автордың сөзі ретінде) келтіреді. Бұлардың барлығы да Абай тұсында қазақ тілінде ескірген (*аламан*, *абыз*, *жылыс*, *тоғыс*, *бұлан*) немесе ескіре бастаған (*хан*, *уәзір*, *ұран-сүрен*) сөздер. Мысалы, *аламан* – жауынгерлік дәуірлерде, яғни XIX ғасырдың I жартысына дейін актив болып келген сөздердің бірі. Ол батырлар жыры тәрізді фольклор мұралары мен жауынгер ақын Махамбетте жиі кездеседі: *Аламанға* жел беріп Аса жұртты меңгердік (111). Қазақ тілінде *аламан* сөзі ертеде атқа мінген көпшілік сарбаздар, қол, отряд және «жалпы қара құрым көпшілік» мағынасын берген. Өткен ғасырдағы сөздіктер де осылай көрсетеді: «кир. чернь отряд наездников, толпа народа» (Будагов, 1, 79); «*Аламан* – отряд наездников, толпа народа» (Ильминский, 51). 1878, 1897 жылғы сөздіктер де жоғарғы екі сөздіктегі жазылғанды қайталайды. Демек, сірә, *аламан* тұлғасының өзге түркі (түрікмен, әзірбайжан) тілдеріндегідей «тонаушы, талаушы» мағынасы қазақ тілінде барлық жерде бірдей болмаған. Диалектологтар керсеткендей, *аламан* сөзінің осы күнгі Гурьев, Маңғыстау қазақтарының қолданысындағы

«сарбаз, қол» мағынасымен қатар, «шапқыншы» ұғымын да беруі осы аймақтарға көрші түрікмен тілінен ауысқан деп табамыз. Және бұл сөздің Будагов, Ильминскийлер көрсеткен «қара халық, көпшілік» ұғымы да – кейін пайда болған ауыспалы мағынасы. О баста «атқа мінгендер тобы, отряд» дегенді білдіріп, тек жорық, жаугершілік сөз болған тұста қолданылған. Абай да осы мағынада келтіреді. Абайда бұл сөз *аламандық* деген туынды тұлғада келеді де, «жорық, жаугершілік» дегенді білдіреді: Шыңғыс *аламандыққа* аттанып, әскер тартып шыққанда, әскерінің көбі татар екен дейді (II, 223). Бұл жердегі әңгіме – Шыңғыстың ел шауып, тонауы туралы емес, жалпы жорықтары жөнінде. Абай заманында-ақ бұл сөз өте сирек қолданылған. Абай тұстастарынан Шәңгерей сияқты бірен-саран ақындарда ғана ұшырасады.

Бұлан – ертерек кездерде Қазақстан территориясында болған бұғы тектес ірі аңның аты. Бұл да Абайдан бұрын өткен ақындар мен ауыз әдебиетінде (тіпті оларда да көнерген сөз ретінде) жиі қолданылған. *Бұландай* ерді кескен күн (Махамбет, 1962. 13). Қара *бұланның* терісі Етік қылар күн қайда (107). Дулатта: Бозда жүрген *бұландай*, Үйде тұрмас ойқастап (69). *Бұланта* ерген шешекке аунар, доңызға ерген балшыққа аунар (Мақал). *Бұлан*, сірә, ертеде Қазақстан территориясында болып, соңғы ғасырларда жойылып кеткенге ұқсайды. Л.Будагов алтай тіліндегі *бұлан* сөзін *лось* деп көрсетіпті (Будагов, I, 289). Проф. С.Асфандияров жариялаған материалдарда бұлан туралы Ақсақ Темірдің тарихшысы Шарафеддин Язды «Зафарнамэ» деген кітабында былайша жазып қалдырғаны берілген: «Между другими животными они нашли в степи вид антилопы, гораздо больше буйвола, которых они до сих пор не видали и которых монголы называли «кандагай», в то время как обитатели этих степей называют их буланами»¹¹³.

Дулыга, сауыт, шарайна сөздерінің архаистік сипаты өткен ғасырдан басталады, өйткені XIX ғасырдың II жартысында феодалдық дәуірдегі қару-жарақ, құрал-саймандардың ұрыс-соғыста қолданудан шыға бастағаны мәлім.

Архаизмдердің бұл тәрізді өткен өмірден елес беру үшін

¹¹³ Прошлое Казахстана в источниках и материалах. - М., 1935. - С. 78.

қолданылғандарынан басқа тобы Абай творчествосының өн бойында кездеседі. Олардың қолданылуының әр алуан себептері бар. Ең алдымен, Абай тілінде қазірде актив қолданудан шығып қалған немесе сол кездегі мағынасы өзгерген бірсыпыра лексемалар мен тұлғалар бар. Олар: *абыз, алаш, қол, дұр, қар, қарындас, дат айту, қынаменде, шөңшік, талай, ашкере, ұлық, (ұлы), арық (арыған), түзік (түзу)* т.б.

Абыз сөзінің о бастағы мағынасын Абайдың өзі түсіндіріп береді: «...[қазақтың арғы ата-бабалары] бұрыннан бақсы-балгерге инанып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп жете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісісі болса, оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз» демек, әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен (II, 222).

Абыз сөзінің осы мағынасын Будагов та көрсетеді: «Қазан татарлары тілінде – ученый, сведущий, образованный (названия духовного лица – I, 4). Будагов бұл сөзді арабша *хафиз* сөзінен алынған деп талдайды. Сірә, бұл сөз көне түркі сөзі болу керек»¹¹⁴. Абайдың этимологиясы да осыны көрсетеді, *абыз* сөзі түркі руларында ислам діні енгенге дейін оқыған адамды білдірген болса, арабша *хафиз*-ден шықпағаны. Бұл сөз Абай тұсында, тіпті одан көп бұрын-ақ актив қордан шығып қалғанға ұқсайды, өйткені кейінгі дәуірлердегі «оқыған, хат таныған адам» деген ұғым не *молда*, не *оқымыс*, не *ғұлама* дегендер тәрізді сөздермен білдірілетін болған. Дегенмен *абыз* архаизмін Абай да, кейбір тұстастары да (мысалы, Дулатта: *Абыз* демей не дейміз, Шалы орнынан тұрған соң – 61) ара-тұра қолданып, оған көбінесе ауыспалы мағына береді. Абайдың: Кейбірі пірге қол берген Іші – залым, сырты – *абыз* (I, 149); Сырты *абыз*бар, Желқабыз бар (I, 152) деген тармақтарында *абыз* сөзін сыртынан қарағанда «өзгеден бір табан жоғары оқыған, жағымды адам» деген мәнде жұмсаған.

Алаш сөзі де – әріден келе жатқан көне сөздердің бірі. Өзге түркі тілдерінде жоқ бұл түбір қазақ тілінде Абай тұсына дейін «қазақ елі, қазақ, халқы, қазақ жұрты» мағынасында қолданылып келген. Сондықтан да болу керек, өткен ғасырдағы

¹¹⁴ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966. - 18-б.

қазақ сөздіктерінің кейбіреулері бұл атауды *қазақ* деген этнонимнің синонимі деп көрсетеді: *алаш* – собственно имя родоначальника всех киргизов, а потому они носят общее название *алаш* (кроме *қазақ*) (Киргизско-русский словарь, 1897). Өткен ғасыр регистраторларының барлығы да *алаш* сөзін «бүкіл қазақ халқы, қазақ» дегендердің тепе-тең параллелі деп таныған: 1878 жылғы А.Старчевскийдің материалында: *алаш* – весь киргизский народ, поколение («Спутник...»); 1883 жылғы И.Букиннің сөздігінде: *алаш* – киргизское происхождение; Л.Будагов сөздігінде (аладж) – весь народ киргизский (I, 78) деп берілген. *Алаш* сөзі «бүкіл қазақ халқы» деген ұғыммен барабар деген тұжырымды Бабурнамә материалдарына сүйеніп Абай да айтады. Ол *алаш* деген сөздің этимологиясын Алаша хан атынан, ал хан есімінің өзін қалмақша *алашын* (*шач*) – «жан алушы» деген сөзден (өйткені Алаша ханның шын аты Ахмет дейді) шығарады (II, 224). Осы мәліметті Сәкен Сейфуллин де бере келіп, бірақ «*алаш* сөзі ноғайлы заманынан, яғни қазақ атанған рулар қазақ болмай жүргенде қолданылған сөз», – дейді. Оған дәлел ретінде «ноғай, қазақ бәріміз бір алаштың баласымыз», «алты алаштың баласы» деген мақал-идиомдардың бар екенін келтіреді. Сонымен қатар С. Сейфуллин бұл сөздің «жат, бөтен, жау» мағынасында қолданылғанын айтады, тіпті соңғы мағына *алаш* сөзінің «өзінің шын мәнісі», яғни алғашқы мағынасы дегенді де білдіреді¹¹⁵. Бұл сөздің төркінін әдейі зерттеушілердің бірі – А.Махмутов жоғарғы біз келтірген мағлұматтарды түгелімен бере отырып, бұл сөздің монғол тіліндегі *алач* – «қанішер» сөзімен де мағына жағынан жақындығын айтады да, бірақ бұл сөз түркі тілдеріне тән ал етістік түбірінен есім жасайтын жұрнақ (-ш) арқылы туған болу керек дейді¹¹⁶. Біздің қазіргі мақсатымыз бұл сөздің төркініне, яғни түбірі қай тілдік, морфологиялық құрамы қандай дегендерге назар аудармай, осы сөздің қазақ тілінде біз әңгіме еткен дәуірде, оның ішінде Абайда «қолданылған-қолданылмағанын және қолданылса, қай мағынада болғанын талдау. Қайткен күнде де *алаш* – қазақ тілінде өте ертеден келе жатқан сөз.

¹¹⁵ Сейфуллин С. Шығармалары. - Алматы, 1964. - VI т. - 21-24-б.

¹¹⁶ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966.

Және оның мағынасы да бірте-бірте өзгеріп отырған. О баста *алаш* сөзінің мағынасы жалпы «ел, халық» деген ұғым болуы мүмкін. Мысалы, жоғарыда С. Сейфуллин келтірген *ноғай, қазақ бәріміз бір алаштың баласымыз* немесе қазақ фольклоры мен ақындарында кездесетін *он сан алаш, алты алаш* дегендерге қарағанда *алаш* сөзі о баста белгілі бір тайпа, әйтеуір ірі этникалық құрам дегенді білдірсе керек (*алты алаш, он сан алаш* дегендерді соңғы кездің жемісі – *жетіру* дегендермен салыстыр). Кейінірек келе, «этникалық тұтастық» (яғни халық, ұлт) деген жалпы атауды білдіретін *алаш* сөзі сол тұтастық болып құрылған *қазақ* деген конкретті атаумен параллель жүргені байқалады, осыған қарағанда, өткендегі сөздіктердің *алаш* сөзі «жалпы қазақ халқы» деген сөз деп аударуларында негіз бар тәрізді. XVIII ғасырдағы Бұқар, XIX ғасырдың I жартысындағы Махамбет, Шернияздарда қолданылған *алаш* сөзі «қазақ елі, бүкіл (*он сан, алты сан*) қазақ елі» деген мағынада келеді. Бұқар Абылайға: «*Он сан алаш* баласын Аузыңа Құдай қаратып» (30) дегенінде Абылайдың қазақтың үш жүзінің басын біріктіріп билеу әрекетін білдіріп отыр, ал «қазақтың үш жүзі» деген ұғым – «бүкіл қазақ елі, халқы» деген сөз. Махамбеттің «*Алты сан алаш* ат бөліп Тізгінін берсе қолыма» немесе Шернияздың «Баласын *алты алаштың* шырқ иіріп» дегендері де осымен аналогиялас.

Алаш пен *қазақ* сөздерінің дублеттік қызметін кейінірек, XIX ғасырдың II жартысында жасаған ақындардан да кездестіреміз. Майлықожа бір жерінде «*Алаштың, білдік, дулат, ағасы екен*» десе, сол өлеңнің келесі бір жолында: «Шілдедегі дариядай кептің, *қазақ*» (198) дейді.

Алаш сөзінің ссмантикалық өзгерісінде енді «қазақ елі, қазақ халқы, қазақ» деген тар ұғымнан «жалпы ел, халық, көпшілік, қауым» деген абстракт ұғым атына көшуі де өткен ғасырлар үлгілерінен табылады. Шернияздың «Исатай ел еркесі, ел серкесі, Бір мен емес, *алашқа* жайылым еді» (132); «*Алаштан* таңдап жүріп қыз айттыр деп» (131) дегендерінде *алаш* сөзінің «қазақ» дегеннен гөрі, «ел», «халық» мағынасы басым. Немесе «Қамбар» жырындағы: «Бұл хабарды Әзімбай *Алашқа* тегіс

жүргізді» («Қамбар», 1857, 39) дегендегі *алаш* сөзі «ел, қауым, көпшілік» мәнінде. Бұл – *алаш* сөзінің екінші мағынасы. Үшінші мағынасы – антитезалық семантика – «ел»-ге қарама-қарсы «жау, жат» ұғымы. Өткен ғасырлар үлгілері бұл мағынасын да көрсетеді. Бұқардың: «Өзіңмен туған туысқан *Алаштан* бетер жат болар» (41) дегенінде, С.Сейфуллин келтірген: «Е-е, мен сенің ағайының емес, *алашың ба* едім», немесе «*алашың* туысқандай болсын» (VI, 285) деген мәтелдерден *алаш* сөзінің үшінші мағынасын аңғарамыз.

Көне *алаш* сөзін Абай да қолданады. Оны 2-3 жерде «ел, халық, көпшілік» деген екінші мағынасынан шығарып, «жақын, туыс» ұғымында жұмсайды:

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа,
Аларында шара жоқ алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе *алашқа* (I, 197), –

дегенінде де *алаш* «жақыны» деген ұғымды беретін тәрізді, өйткені әңгіме – мал жию үшін барша айла-әрекетін жұмсап жағымпазданып «еңбегін сатпай, арын сататын» пысық адамдар туралы. Олар – тойғанынан қалғанын бүкіл елге, халыққа беретіндей мықтылар емес, жай пысықтар. Сондықтан мұндағы Абайдың *алаш* деп отырғаны сол «малға достардың» жақыны. Ал «Сыйымсыз болды *алашқа*, Барымтасын тыя алмай» (I, 65) дегенінде *алаш* – «ел іші, жұрт» мағынасында пайдаланылған. Осының алдында: «Бұралқылар сандалды, *Жуандарға* сыя алмай» деген жолдар бар. Сонда *жуандар* мен *алаш* сөздері бірі үстем топты, екіншісі ел ішін білдіретіні анығырақ байқалады.

Алаш Абайда «жат» мағынасында сирек кездеседі: «*Алашқа* іші жау боп, сырты күлмек, Жақынын тіріде андып, өлсе өкірмек» (I, 27) дегенінде *алаш* сөзі «ел, жақын» дегенге қарама-қарсы «жат» дегенді білдіреді. Бұл жердегі *алаш* келесі тармақтағы *жақын* сөзінің антонимі іспеттес.

Сөйтіп, *алаш* сөзі Абай тұсының өзінде-ақ бұрынғы әдебиетте қолданылған «бүкіл қазақ халқы, қазақ елі» және «жау, жат» деген ұғымдарын ескіртіп, ауыспалы мағынада – «халық, ел,

жұрт» ұғымында қолданылатын, онда да сирек ұшырасатын архаизм тобына жататын элементке айналған. Өткен ғасырдағы әдеби норма *алаш* вариантын біраз ығыстырып, *қазақ халқы, ел, халық* сөздерін активтендіре бастағаны байқалады. Абай бұл сөзді «қазақ, бүкіл қазақ халқы» деген мәнде жұмсамайды, онда бұрынғыдай *он сан, алты сан, алты* эпитеттері де жоқ. Бұл сөзді ақын «ел-жұрт, ел, жақын, көпшілік» деген ауыспалы мәнде сол сөздердің синонимі ретінде кәдеге асырады.

Қарындас сөзінің о бастағы «ағайын, туысқан» мағынасы – өткен ғасырда қазақ тілінде жоғала бастаған құбылыс, оның орнын соңғы сөздер ығыстыра бастайды да, *қарындас* варианты осы күнгі «ер адамның жасы кіші әйел жынысты туысқаны» деген ұғымды жиірек білдіреді. Бұл сөздің «ағайын, туысқан» мағынасы мәтел-мақалдарда сақталған. Мысалы, «Ауру – астан, дау –*қарындастан*»¹¹⁷, салыстыр: «*Ағайын* бар болсаң, көре алмайды, жоқ болсаң, бере алмайды»; «*Қарындасың* жоқ болса, жауда қалар жалғызбас». XVIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға» қатысты шыққан атақты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінде *қарындас пен қара орман қалғаннан соң* деген тармақ бар. Осының алды-артында *ел-жұрт* (Айрылған *ел-жұрттан* жаман екен) және *бауыр* (*Бауырынан* айрылған жаман екен) деген сөздер бар. Үшеуі – бір-біріне синоним.

Бұл сөздің көнерек мағынасы тек ауыз әдебиеті үлгілерінде емес, XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарында да кездеседі. Мысалы, Махамбеттегі: «Қаумалаған *қарындас* Қазақта бар да менде жоқ» дегенінде әңгіме – әйел жынысты бірге туған туыстар емес, өйткені Махамбет өзі бастаған көтеріліс ісі үшін әйел туыстарын емес, өзін қостайтын қалың ағайын туыстарын жоқтап отыр.

¹¹⁷ Бұл мақалды В.В. Радлов «болезнь происходит от пищи, тязба от брата» деп аударды (Радлов, II, 1. - С. 173). Бұл жердегі *қарындас* – іні (не аға) емес, туысқан, ағайын. В.В.Радлов, сірә, *қарындас* сөзінің көне түркі тілдері мен өзге кейбір түркі тілінде «брат» мағынасын беретініне (Малов С.Е. Пам. др. письм., 412) қарап аударған болуы керек. Қазақ тілінде бұл көне сөз алғашқы конкретті (аға не іні) мағынасынан «туысқан, ағайын» (аға+іні?) деген жалпы мағынаны білдіруге көшкен. Дегенмен *туысқанның* синонимі – *ағайын* сөзінің өзін *аға + іні* деген сөздерден біріккен деп танысақ (Қаз. тіл. этимол. сөздігі, 19), *қарындас* сөзінің қазақша *ағайын* мағынасы да *брат* дегеннен онша ұзап кетпегенін байқаймыз.

Абай *қарындас* сөзінің көнерген мағынасын 2-3 жерде қолданып, бұл атауды *туысқан, ағайын* сөздерінің синонимі ретінде келтіреді: *Қарындас* кара жерге тыға алмай жүр... (I, 34). Осы қуаныш бәрі де қазақ *қарындастың* ортасында (II, 180). Салыстыр: «*Ағайын* жоқ нәрседен етер бұртын» (I, 31) немесе: «*Әркімде-ақ бар ғой туысқан*» (I, 63).

Біздіңше, *дүр* сөзі де көне тұлғалардың бірі болу керек. Бұл сөз адамға байланысты ғана айтылады. Ол ауыз әдебиеті үлгілері мен өткен ғасырдағы қазақ ақындарында едәуір кездеседі. Сүйегі асыл *дүр* еді («Қамбар», 1957, 38). Шешен жігіт *дүрмен* тең (Шал, 53). Ақылы асқан *дүр* болар (Шортанбай, 146). Жолықпай *дүр* ақынға жүр екенсің (Кемпірбай). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөзді «атақты, зор, әйгілі» деп түсіндіріпті (I т. 177). Сірә, о баста бұл сөз зат есім болғанға ұқсайды. Мағынасы – «зор нәрсе, үлкен зат > асыл адам» дегенге келеді. Оған: Шешен жігіт *дүрмен* тең, Сүйегі асыл *дүр* еді дегендердегі мағынасы дәл келеді (сірә, *дүрдию*: ерні *дүрдию*, *дүрдік* ерін етістігі де осы түбірден пайда болуы мүмкін). Кейін келе, оның заттық мағынасы күнгірттеніп, «үлкен, зор», одан кейінгі «әйгілі, атақты» деген атрибуттық мәнге ие болып, сын есім қызметінде жұмсалып кеткені байқалады.

Дүр сөзі, біздіңше, бұрын белгілі бір аудандарда ғана қолданылған диалектілік ерекшелікке жатпайды. Мұны Қазақстанның әртүрлі аймақтарында жасаған ақындардың бәрінен кездестіреміз. Ал қазіргі кезде *дүр* сөзі Жамбыл, Семей аймақтарында «ғұлама, дін оқуын меңгерген адам», Түркістан қазақтарында «үлкен, зор» мағыналарында қолданылатын болса, бұлардың барлығында да бұл сөздің о бастағы «үлкен, зор > әйгілі, атақты» деген ұғымдары бар. Жергілікті қолданыста бұл ұғымның бөлшектену актісі кейінгі кездерде болған құбылыс болар деп ойлаймыз. Абай бұл сөзді түбір күйінде емес, *дүрдей*, *дүрсү* деген туынды тұлғаларда қолданады. «Ішім толған у мен өрт, сыртым *дүрдей*» (I, 223) дегенде, *дүр* сөзінің зат есімдік мәнінен сын есім жасайды, мағынасы «зор нәрседей (адамдай)», тіпті дәлденкіресек, «мықты адамдай» дегенді білдіреді. «Кейбіреуі *дүрсін* жүр» (I, 149) дегенде де

дәл осы мағынадағы *дүр* есімімен туынды етістік жасаған.

Талай да – көне сөз, қазірде де сирек, онда да көбінесе көркем әдебиетте қолданылады. Бұл сөз «тағдыр, пешене», бұлардан «бақ, несібе, маңдайға жазылған, пешенеден болған бақыт» деген ұғымды білдірген. *Талай* сөзі әсіресе ауыз әдебиеті жырларында көбірек кездеседі: «*Талайсыз* болған жеңгемді» («Қыз Жібек», 1963. 37). Мұнда *талайсыз* сөзі – «бақытсыз, бағы ашылмаған» деген мәнде. Ал «Қалмақтан болды талайым» (Сонда, 32) дегенде *талай* – «тағдыр, пешене» мағынасында. Осы көне сөзді Абай да синонимдік қатар түзеп, шебер қолданады. Татьяна хатында өзі туралы: «*Талайсыз*¹¹⁸, *бақсыз мен сорлы (II, 74)*», – дейді.

Талай сөзінің көнелену процесінде ол өзіне синонимдес *бақ* тәрізді сөздермен қатар қолданыла келіп, кейін бірте-бірте шыға бастағанға ұқсайды. *Бақ-талай* қос сөз тұлғасы өткен ғасыр ақындарында кездеседі: Ер жігіт сынамай ма *бақ-талайын* (Біржан, 188), Абайда да: *талайсыз, бақсыз*.

Алқау – көне сөз. Көне түркі жазба ескерткіштерінде: *алқа(у)* – благославлять, святить (Малов. Пам. др. письм., 357). Бұл сөз – қазақ тілінде де ертеректе қолданылғанымен, кейін *жарылқау, қолдау, демеу* сөздерімен ауыстырылып ұмыт болған (немесе бола бастаған) тұлға. Абай: «Қарғағанын жер қылмақ, *алқағанын* зор қылмақ» немесе: «Анттасын *алқайды* Сен тентек демеске» (I, 158) дегендерінде *алқау* сөзін «көңілі ауып қолдау, демеу, жарылқау» деген көне мағынасын сақтап қолданған. Мүмкін, Абайдың бұл сөзді жандандыруына оның осы өңірде жергілікті ерекшелік ретінде сақталғаны да¹¹⁹ әсер еткен болар.

Жалбару сөзі – қазірде де, Абай тұсында да сирек қолданылатын, тіл тәжірибесінен шығып қалған тұлға. Абай оны:

¹¹⁸ Бұл тұлғаны Абай шығармаларының соңғы басылуларында *талапсыз* деп берген. Қ.Мұхаметхановтың өте дұрыс танығанындай, бұл сөз *талайсыз* түрінде болуы қажет. Абайдың 1909 жылғы тұңғыш басылуында да осылай (Мұхаметханов Қ. Абай шығармаларының тестологиясы жөнінде. - Алматы, 1957. - 48-б.).

¹¹⁹ Семей, Ақсуат, Көкпекті аудандарында *алқағаны-ай* тұлғасы «алғыс айтқаны-ай, разы болғаны-ай» мағынасында жұмсалады. Болатов Ж. Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. - Алматы, 1960. - 3-шығ.

«Өңкей жынды байқамай айтыппыз деп, Құлдық ұрып, Бұларға көп *жалбарды*» (I, 269) деген сөйлеммен келтіреді. С.Е.Малов *jalbar-* (жалбару) – «умолять» деген сөздің көне жазба ескерткіштерінде бар екенін көрсетеді. Тіпті ертеде «просьба, мольба» мағынасында *жалбармақ* (*jalbarmaq*) тұлғасының болғанын білдіреді (Малов. Пам. др. тюрк. письм., 383). *Ялбар* (*jalbar*) сөзі шығыс түркі тілдері мен көне ұйғыр тілінде «просить, умолять» деген мағынада қолданылатынын В.В.Радлов көрсетеді (Радлов, III, I, 187, 188). Қырғыз тілінде қазірде де *жалбар* тұлғасы қолданылады (Кир.-русс. сл. 22). Демек, бұл түбір бір кезде қазақ тілінде де осы мәнде жұмсалғанын сөз қазынасын тере білген ұлы жазушы қолданысынан білеміз.

Сарнау сөзі қазіргі әдеби нормамызда түсіндірме сөздікте көрсетілгендей, «адамның қатты ауырғанда, қиналғанда шығаратын үні, зарлау» (ҚТТС, II, 247) болса, о бастағы түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ семантикасы – «өлең айту», ал шағатай тілінде «бір нәрсені өлеңмен білдіру, баяндау» дегенді білдірген (Будагов, I, 612, 613). Шығыс түркі тілдерінде *сарын* – өлең, халық өлеңі (Сонда). Қазақ тілінде бір кезде *сарна(у)* етістігінің «бір нәрсені өлеңмен баяндау» мағынасы болғаны байқалады. Мысалы: Сыпыра сынды сұм жырау Тұрады да толғайды. Толғайды да *сарнайды*, *Сарнайды* да жырлайды (С. Сейфуллин, VI, 312). Абай да өзінің өзгеге көңілі тойса да, өлең шығаруға тоймайтынын, оны қоя алмайтынын, бірақ жұрттың «жүрегімен тыңдамай, құлағымен қармайтынын» айта келіп: «Соны көріп соларға қайтіп қана *сарнарсың*» (I, 120) деп бітіреді. Бұл жердегі *сарнау* – адамның дауыстауы емес, таза көне мағынасындағы «өлең шығару, өлеңмен бір нәрсені айту». *Сарнау* сөзінің көне мағынасын Абай эмоциялық реңк қосып, стильдік мотивте қолданған.

Абайда бірді-екілі ғана жерде қолданылған *ашау*, *қышқыру* деген екі сөз бар. Кейбір зерттеушілер бұларды татар тілінің элементтері, Абай оларды стильдік мақсатпен қолданған дегенді айтады¹²⁰. Біздіңше, бұл екеуі де – қазақ тілі үшін архаизмдер. *Ашау* етістігін Абай екі жерде келтіреді; бірі аударма

¹²⁰ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы, 1948. - 58-б.

мысалда: Ең семізін ілейін Қызыққылып *ашарға* (II, 128). Проф. Қ.Жұмалиев дәл осы жердегі *ашарға* тұлғасы мақтаншақтықты білдіру үшін әдейі өзге тілден алып қолданылған дейді. Бұл пікірге ден қоюға да болар еді, бірақ екіншіжерде, прозасында, Абай бұл сөзді тағы пайдаланады: *Ашан-ішуге* малдың тапшылығы да... (II, 179). Бұл жердегі *ашан* сөзіне ешқандай экспрессивтік-эмоционалдық өңнің қажеті жоқ, сондықтан ол енді ешбір стильдік мақсатпен қолданылып тұрған жоқ. Соған қарағанда, *ашау* сөзі бірқатар түркі тілдерінде «тамақ жеу, тамақтану» мағынасын білдіретіні сияқты, ертеде қазақ тілінде де осы мәнде қолданылып келген болу керек. Абайда ол реликт (қалдық) ретінде көрінеді. *Қышқыру* сөзін де біз осы іспетте дейміз. Абай мұны да 2-3 жерде келтіреді: Қисыны жоқ *қышқырған* неткен тантық (II, 132). Атшабар келсе *қышқырып* (I, 75). В.В.Радлов «кричать, звать, бранить» деген мағынада *қышқыру* етістігін қолданатын тілдердің ішінде қазақ тілін де көрсетеді (Радлов, II, 1, 632). Бұл сөз Ыбырай хрестоматиясындағы материалда да бар: Алатаудай атаға Ұл *қышқырса* керек-ті (Алтынсарин, 1879, 98). *Қораздың қышқыруы* деген тіркесте қазіргі жазушыларымыз (мысалы, М.Әуезов) да қолданады. Осыларға қарағанда, *қышқыру* – архаизм. Қазірде қолданудан шығып қалған.

Ауыз әдебиетінің ірілі-уақты үлгілерінің көбінде және тұрақты тіркес құрамдарында *қырым* сөзі жиі кездеседі: «Ерден туған *қырымға* қарайды, иттен туған жырымға қарайды» (Мақал), қызы – *қырымға*, ұлы – ұрымға (фраза). Бұл сөздің қазақ тіліндегі ертедегі мағынасы «алыс жер» болғанға ұқсайды (Бұл сөз Қырым деген, ұрым – Рум деген географиялық атаулардан шығуы да мүмкін, бірақ бұл – жорамалымыз ғана). Эпостардың бірінде: «*Қырымнан* қиын дау келсе» деген тармақ кездеседі. Бұл жерде әңгіме – алыстан > алыс елден > өзге халықтардан келетін дау туралы. *Қырым* сөзін Катанов *даль* деп аударады. Жоғарғы келтірілген мәтелді ол «Рожденный от хороших людей, смотрит в *даль*, а рожденный от собаки – на жырым (ремень, который привязывается к седлу) (Катанов, 88)», – дейді. Кейіннен *қырым* сөзінің мағынасы тарылып, горизонттық кеңістікті (алыстықты) білдіруге ауысқан болар,

өйткені XIX ғасыр үлгілерінде құспен (қыранмен) байланысты айтылады. Жоғарғы мақалдың өзін Шортанбай: «Текті құс қарар қырымға, ит айналар жырымға» (142) деп жаңғыртады. Біржанның Сарамен айтысында, «Қырымға қарайтұғын қыран құспын» дегенінде де құспен тіркестірген. Абай да бұл сөзді горизонт (аспан) кеңістігіндегі алыстық ұғымында қолданады: *Қыранша* қарап *қырымға* (I, 204). Бүркітші туралы өлеңінде: Томағасын тартқанда бір *қырымнан*, Қыран құс көзі көріп самғағанда (I, 22). Сөйтіп, *қырым* сөзін кейбір сөздіктеріміз қазіргі қазақ тілінің лексикалық нормасы қатарында бергенмен (бұл сөз де, өзге ондаған көне сөздер сияқты, «Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ескілігін көрсететін ешбір белгісіз кіргізіліпті), біз оны Абай тілінде қолданылған көне элементтердің бірі деп табамыз.

Абай *қол*, *қар*, *ет* тәрізді сөздердің қолданудан қалып бара жатқан көне мағыналарын да пайдаланады. *Қол* сөзінің «әскер» мағынасында қолданылуы қазақ тілінде өте ертеден келе жатқаны мәлім. Ауыз әдебиетіндегі жаугершілік тақырыптарды жырлайтын эпостарда және XIX ғасырдың I жартысында-ақ (мүмкін одан да бұрынырақ) *қол* сөзі *әскер*, *шерік* сөздерімен қатарласа қолданыла бастайды. Мысалы, Махамбетте: *Ауыр әскер қол* ертіп (116). *Ауыр әскер қол* тұрды (116). Дулатта: Ағайының көп болса, Ұлы *шерік қолмен* тең (55). Әрине, тіпті соңғы кезге дейін *қол* сөзінің жеке тұрып қолданылуы да жоқ емес. Дулатта: Бет бұрып тізгін тартқан жоқ, Жаудың мың *қол* санынан (дұрысы – *мың сан қолынан*). Сондай-ақ *әскер*, *шерік* сөздері де параллель түсіп, *қол* сөзін бірте-бірте ығыстыра бастайды. Мысалы, Махамбетте *әскер* сөзі көбірек келеді: *Әскерім* кетіп қасымнан (115). *Әскерімді* таратып, он бір күнге қаратып (116). Абай «әскер» мағынасындағы *қол* сөзін өткен өмірді суреттейтін шығармаларында ғана қолданады. Мысалы, «Ескендір» поэмасында: Ескендір *қолына* айтты: «Бұл неткен су?» (I, 260). Жарлық шашты, *қол* жүрді суды өрлей (I, 201). Сонымен қатар осы поэмада *әскер* сөзі *қол* сөзімен тепе-тең дублет болып келеді (сан жағынан *әскер* сөзі көбірек). Сол *әскер* суды өрлеп талай жүрді (I, 261). Сұмдықпен *әскер*

жиып қаруланды (I, 259). Есепсіз *әскер* ертіп жарақтанып (I, 260). Абайдың *қол* сөзін архаизмге шығарғаны сонша, ол тіпті Шыңғыс заманындағы армияны да *әскер* деп атайды: Шыңғыс аламандыққа аттанып, *әскер* тартып шыққанда, *әскерінің* көбі татар екен дейді (II, 223).

Ет сөзінің қазақ тіліндегі көне мағынасы кейбір түркі тілдері сияқты «дене» дегенді білдіреді¹²¹. Салыстыр: «Жар-жардың» бір вариантында: Өкең берген қамқа тон *етіңе* қайтіп сыяды? Абай *ет* сөзін бірнеше жерде «дене» мағынасында қолданады: *Ет* ауырмас бейнетке (I, 133). Еңбекпен *етті* ауыртпай (I, 131).

Абай бірнеше сөздің көне тұлғасын қолданады. Олар *ұлық*, *түзік*, *арық*, *тұғры*, *ұғыл*. Бұл архаистік формалар – Абайда өзге түркі тілдерінің немесе кітаби тілдің әсері емес, ұлы қаламгердің тілдік реликттерді қолдануы деп қараймыз. Абай бұлардың ішінде *ұлық* тұлғасын жиі қолданған: Сыйласа елің *ұлықтап* (I, 148). *Ұлық* Құдай (II, 183). Ол Құдайдың *ұлықтығына* іңкәрім жоқ (II, 183). *Ұлы*-мен параллель көне *ұлық* тұлғасы қазақ тілінде мақал-мәтелдерде сақталғаны белгілі: *Ұлық* болсаң, кішік бол (бұл жердегі *ұлық* XIX ғасырдың II жартысымен XX ғасырдың басындағы қазақтар үшін «бастық, әкім» мағынасында ассоциация беруі де ықтимал, бірақ, шындығында, бұл *ұлық* – *ұлы* сөзінің көне варианты). *Ұлық* (сондай-ақ *кішік*) түбірінен жасалған етістік те (*ұлықтау*, *кішіктеу*) мақал-мәтел, фразаларда сақталған: Өзін өзі *ұлықтаған* кіші болар, Өзін өзі *кішіктеген* ұлық болар. – Возвышающий себя унижится, унижающий себя возвысится (Катанов, 26). Жылмандаған *кішік* боп (С. Сейфуллин, VI, 277).

Дәл осылайша *түзік* сөзі де Абайда тілдік қалдықтар қатарынан орын алады: Тамам жұртқа бұзық болма, *түзік* бол деп жарлық шашып (II, 184). *Түзу* сөзінің архаистік тұлғасын Абай тұлғалық параллелизм (*бұзық–түзік*) жасау үшін пайдаланған.

Арып-ашу, *арып-талу* қос сөздерінің компоненті болып келетін *ары* етістігімен түбірлес *арық* есімі де – қазақ тілі үшін

¹²¹ Сарыбаев Ш. Етпетінен [сөзінің этимологиясы] // Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1965. - 75-б.

көне форма. Абай бірер жерде бұны да жатсынбайды: Мен – қажыған *арықпын*, Қатын-бала қонағы (I, 140). Бұл жердегі *арық* – осы күнгі нормалы «дененің жүдеген қалпы» (орысша «худой») деген мағынада емес, «қажыған, шаршаған» мәнінде. Бұл күнде *ару* етістігі «қажу» мағынасында қолданыла беретін болғанмен, «қажыған, шаршаған» ұғымындағы одан жасалған *арық* сын есімі қолданылмайды. Абайда бұл тұлға өзіне семантикалас *қажу* сөзімен синонимдік қатар түзеп тұр.

Абай кезеңінде *ұл* түрінде қолданылатын сөздің *ұғыл* варианты қазақ тілі үшін көнелігі болмаса, жаттығы жоқ екендігі ХІХ ғасырдың он бойындағы әдеби нұсқалар да, ауыз әдебиеті үлгілері де, Абай лексикасы да көрсетеді. Әрине, *ұл*-мен салыстырғанда, *ұғыл* тұлғасы әлдеқайда кем кездеседі. Дегенмен кейде стилистік мақсат көзделіп, бұл лексеманың архаистік түрі де пайдаға асып жатады. Абайда бұл сөз өлеңінде де, қара сөзінде де бар: Буынсыз тілің, Буулы сөзің Әсерлі адам *ұғылына*. Кісінің сөзін ұққыш-ақ өзің Қисығын түзеп *тұғырға* (1, 242). Мұнда көне тұлғалар ұйқас жасауға қатынасып тұр.

Сөйтіп, Абай сыртқы тұлғасы жағынан көне сөздердің бәрін белгілі бір мотивпен қолданады: олар не морфологиялық, не семантикалық параллелизм, не ұйқас құрау үшін қолданылған. Бұл тәсілді Абай өзінен бұрынғы үлгілерден, әсіресе ауыз әдебиетінен алған. Мысалы, «Қыз Жібек» жырында: Көргендей жол бейнетін жүзің *сарық* (~сары) (1963, 104). Базарбай сексен жасқа келген шақта, Тауыпты кіші қатын бір *ұғылды* (1963, 50). «Қарабек батыр» жырында: Бүгін біз жете алмаймыз, атың *арық* («Батырлар жыры», 117). Бұл жердегі *арық* – «арыған, шаршаған» мағынасында. Шал ақында: *Түзік* айтқан мақұлың (58).

Сөйтіп, біз бұл талдауларымызда Абай лексикасында ұшырасатын күллі архаизмдерді түгендеп шығуды мақсат етпей, ұлы қаламгердің тіл қазынасының бір бұлағы ретінде – көнерген сөздерді де пайдаланған фактісін көрсетуді көздедік. Абай архаизмдердің бір тобын синонимика қатарын түзу үшін қолданса (мысалы, *қарындас* ~ *ағайын* ~ *туысқан*; *таллай* ~ *бақ*, *алаш* ~ *ел* ~ *жақын* т.б.), енді бірсыпырасын образ

үшін келтірген (мысалы, *қышқыру* – қатты айғайлау, мәнсіз айғайлау образын баса көрсетеді немесе *сарнау*). Сондай-ақ жазушы қаламына архаизмдердің ілінуінің басты бір мақсаты – өткендегі өмірді дәл суреттеу үшін қолдану болса, Абайдағы көне сөздердің көпшілігі осы ретте келтірілген (ескі киім-кешек, құрал-сайман, салт, мейрам т.б. атаулары мен *дат* тәрізді сөздер).

Сонымен, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақтың жазба әдебиетінде, оның ішінде Абай тілінде көне сөздердің қолданылуына байланысты мынадай қысқаша қорытындылар жасауға болады:

1. Бұл кезеңде қазақ даласына келген жаңалықтардың, өзгерістердің қарқыны мен аумағы айтарлықтай күшті болды да, көптеген ескілікті тез ығыстырып, тез ұмыттыра бастады. Мысалы, ел билеудің бұрынғы хандық кезіндегі институттары түгіл, 1822 жылғы реформамен келген аға сұлтандық тәрізді тәртіптері де келмеске кетіп, орнын жаңалары басты. Соған орай тілден де күні кеше актив қолданылған кейбір неологизмдер (*аға сұлтан*) мен жалпылама сөздер (*хан, уәзір, жасауыл*) историзмдерге тез айналды. Күні кеше, бір ғасырға жетер-жетпес бұрын Бұқар: «Абылай ханның қасында» (29) деп жырлағанда, Махамбет Жәңгірге «Хан емессің қасқырсың» (109) немесе «Ханнан кегім ала алмай» (111) дегенінде, *хан* сөзі өзінің тура мағынасында, өз дәуірінің шындығын суреттейтін актив сөздердің бірі ретінде қолданылып тұрса, XIX ғасырдың II жартысында *хан* енді не өткенді суреттейтін, не ауыспалы мағынада қолданылатын историзмге айналады. Дегенмен қазіргіге қарағанда, бұл историзмдер – Абай тұсында әлі де ізі суымаған, жиірек қолданылатын элементтер. Мысалы, Абай шалға барған жас қыздың халін суреттеу үшін жай шалды не бай шалды, не болыс, не би шалды атамайды. Тұрыпты *хан* қолында бір сұлу қыз деп, *ханды* атайды. Сүйінбай ресми титулы болмаса да, Тезек төрені *хан Тезек* (кейде, тіпті, *патша Тезек*) деп атайды. *Хан, сұлтан, құл, күң, қарашы* сияқты историзмдер біз сөз етіп отырған дәуірде ауыспалы мағынаға оңай және тез ие болатынын байқаймыз. Бұл тәрізді көне

сөздер қатысқан мақал-мәтел, фразалар да XIX ғасырдың II жартысындағы жалпыхалықтық сөйлеу тілінде әлі де мол және актив қолданылатындығы әдеби тілдің бұл сөздерді әлі лексикалық қазынадан шығарып тастамауына себепкер болған тәрізді.

2. XIX ғасырдың II жартысындағы әдеби тілде бірқатар көнерген сөздердің сақталуы, біздіңше, көркем әдебиеттің басым жанры – поэзия болғандығында. *Қарындас, алаш, талай, ұлық, ұғыл, түзік* тәрізді сөздермен тұлғалар поэзия тіліне қажет синонимдер қатарын түзейді: *қарындас ~ туысқан ~ ел ~ жұрт, алаш ~ халық ~ жұрт, талай ~ бақ ~ пешене, ұлық ~ ұлы, ұғыл ~ ұл, түзук ~ түзу*. Ал синонимдер – поэзия тілінде образ үшін де, экспрессивтік бояу үшін де, ұйқас үшін де қажет бұйымдар.

3. Бірқатар көне сөздер XIX ғасыр әдеби тілінде ауыз әдебиеті үлгілерінің әсерімен сақталған. Ескі қару-жарақ аттары мен *қол, аламан* сияқты сөздердің қолданылуы қазақ халқының әр алуан сыртқы жаулармен күресін бейнелейтін батырлар жырларына байланысты. Ауыз әдебиетінің өзге де мұраларынан жазба әдебиетке *қар* (әйел), *дат* (дат тақсыр), *алдияр, қырым* (қызы қырымға) т.б. архаизмдер көшкен. Қазақтың жазба әдеби тілінің, оның ішінде, көркем әдебиет стилінің қайнар бұлағының бастысы ауыз әдебиеті екені сөздіктің архаизмдер тобынан да байқалады, фольклор үлгілеріндегі көне сөздер әр алуан мақсатпен жазба көркем әдебиет тілінде, оның ішінде Абай тілінде, қазіргіге қарағанда молдау да, жиірек те қолданылған.

Абай шығармалары тіліндегі жаңа сөздер (неологизмдер)

Белгілі бір жазушы лексикасындағы неологизмдер мен сол жазушы өмір сүрген дәуірдегі жалпыхалықтық тілдегі жаңа сөздер бір-бірімен ұштасып жатқанмен, сан жағынан да, сипаты жағынан да бірдей болуы мүмкін де емес, шарт та емес. Өйткені жеке қаламгерлер тілінде жаңа сөздердің бірқатары стилистік мақсатпен жасалады да тек сол жазушы сөздігіне тән болады. Ондай индивидуалдық неологизмдер әдеби тілдің актив қорына енбей де қалуы мүмкін. Сондықтан Р.А.Будагов көркем әдебиеттегі жаңа сөздерді тілдік неологизмдер (языковые), стилистік (стилистические) неологизмдер деп екіге болуге болады деген пікірді айтады¹²². Тілдік немесе лексикалық¹²³ неологизмдер – қоғамдық қатынастардың, техника мен шаруашылықтың, ғылым мен мәдениеттің өзгерістері мен дамуына байланысты жалпы әдеби тіл нормасына енген жаңа сөздер. Жазушы тілінде белгілі бір мөлшерде бұл сипаттағы неологизмдердің бірқатары қамтылады. Бірақ, біздіңше, қаламгер сөздігіндегі лексикалық неологизмдерді қолдану принципі (сипаты) мен соның мөлшері (көп-аздығы) әр дәуірде және әр жазушыда әрқилы болады. Бұл ретте Абайдың орны айрықша. Абай – заманын жан-жағынан алып сөз еткен жазушы. Сондықтан ол, бір жағынан, өз дәуіріндегі қазақ қоғамына енген жаңалықты, соған орай тіліне енген жаңа сөздерді өз тұсындағы жалпыхалықтық қазынадан алып қолданса, екінші жағынан, сол қазынаға біраз жаңа сөзді өзі жасап берді. Бұл типтегі жаңа сөздердің бірқатары – жалғыз Абай тілінде емес, оның тұтастарында да (көркем әдебиет уәкілдерінде де, өзге стильдерде де) қолданылып, орын тепкендер. Ал бірсыпырасы – тек Абай тілінде кездесетін, Абай жасаған жаңалықтар. Бірақ бұлар да – эмоционалдық экспрессивтік мотивте жасалған индивидуалдық неологизмдер емес, өз заманының заттық және рухани дүниесіне

¹²² Будагов Р.А. Очерки по языкознанию. - М., 1953. - С. 62.

¹²³ Біз бұл типтегі неологизмдерді лексикалық деп атағанды жөн көреміз.

қатысты жаңа сөздер. Мысалы, Абай творчествосында философиялық толғанулар мен талдаулар бар. Ұлы жазушы өлеңдерінде де, қара сөзбен жазылған трактаттарында да көптеген абстрактік ұғымдарды әңгімелейді және қазақ тілінде тұңғыш рет сөз етеді. Демек, осы ұғымдардың бірқатарының атауларын Абайдың өзі ұсынуға тура келді. Абай лексикасына жалпы әдеби тіл мұқтажына қажет бірсыпыра жаңа сөздерді енгіздірген екінші маңызды фактор – оның аударма шығармалары, Пушкин, Лермонтов, Крылов т.б. қаламынан туған дүниелерді аудару үстінде Абай орыс тіліндегі бір алуан сөздерді дәл беру үшін қазақша жаңа тұлғалар мен тіркестер жасайды.

Абай тіліндегі жаңалықтарды, әсіресе жаңа атауларды танып зерттеудің үлкен бір қиыншылығы бар. Жалғыз Абай емес, жалпы жеке қаламгерлердің қайсысы қай сөзді енгізгенін тап басып көрсету – қиын да күрделі іс. Мысалы, *стুষеваться* деген етістікті Достоевский тілге мен енгіздім деп жүрсе, бұл сөздің одан бұрынғыларда да бар екендігі кейіннен айқындалды¹²⁴. Белгілі бір сөздердің қай кезеңде, қай жазушы арқылы (немесе қай стильде) енгенін шамалап болса да анықтау үшін сол дәуірлер мен әр дәуірдегі барлық қаламгер (ұлы-кішісі түгел) тілінің сөздік байлығы зерттеліп, айқындалған болуы керек

Ал Абай неологизмдерін түгендеуде бізге ыңғайсыз тиетін жағдай – Абайдың алдындағы, тұсындағы үлгілердің тілдік байлығы зерттеліп талданған емес. Олардың лексикасында қай сөздің бар-жоғы түгенделмек түгіл, жалпы сипаты зерттеліп суреттелген емес. Біз, сөз жоқ, Абай тілін талдау үстінде ұлы ақынның алдындағылары мен замандастарының тілін де әр тақырыпқа байланысты қарастырып отырдық. Бірақ ол ізденулеріміз түгел де, арнайы да бола алмайтыны анық. Сондықтан көп ретте кейбір сөздер тек Абай текстерінде кездесе де, оларды дәл Абай жаңалығы деп кесіп-пішуден тартынған жайымыз бар. Мысалы, *дүрсү* (кейбіреуі *дүрсін* жүр

¹²⁴ Будагов Р.Л. Көрсетілген еңбек. - С. 61.

– I, 149)¹²⁵, *өкімет* (*өкіметпен* қолына тартып алды – I, 259)¹²⁶, *саудайы*, *саудырсыз*, *серменде*, *шонтаю* т.б. сөздер әзірге Абайдан өзгелерде табылмағандығына қарамастан, Абайдың не өзге тілдерден алып, не көне сөздерді жандандырып енгізген жаңалығы дей алмадық.

Жоғарыда көрсетілгендей, Абай неологизмдерінің екінші тобы – өз қаламына тән, стилистік мақсаттан туған жаңа сөздер. Енді осы екі топты өз фактілерімен талдайық.

Абай неологизмдерін талдамас бұрын ескерте кететін тағы бір жай – біз бұл кітапта тек лексикалық единицаларды сөз етеміз. Яғни жаңа фразеологиялық тіркестер енген жоқ.

Лексикологтар неологизмдер жасайтын бірнеше тәсілдің мынадай негізгі түрлерін атайды: 1) бұрынғы сөздің жаңа мағынада қолданылуы; 2) аффикстер жалғануы; 3) сөздердің бірігуі; 4) өзге тілдерден ауысуы; 5) калькалау¹²⁷. Жаңадан сөз жасау процесінде, мысалы, орыс тілінде мағына жаңғырту (модернизация значения), сөздерді қосақтау (словосложение) және суффиксация, префиксация тәсіл-амалдарынан өзге субстантивтендіру, бір сөз табынан екіншісіне көшіру, терминдеу тәрізді жолдардың да бар екені айтылады¹²⁸. Бізге қазір қажеті неологизмдер жасаудың тіл-тілде қандай жолдары бар екендігін айқындау емес екені түсінікті. Сондықтан Абай шығармалары тіліндегі қазақтың төл сөздерінен жасалған жаңа элементтерді жоғарғы амал-тәсіл түрлерін ескеріп, негізінен үш салаға бөліп қарамақпыз: а) жұрнақ арқылы; б) мағына жаңғыру арқылы; в) субстантивтенду арқылы жасалғандар.

¹²⁵ Бұл тұлғаны проф. Қ. Жұмалиев Абайдағы неологизмдердің бірі деп табады («Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» 197-б.): *дүр* деген архаизмге **а**-л деген жұрнақтар жалғанып жаңа эпитет жасалған дейді. Абайдың ұқсату мағынасын беретін **-сы** аффиксін (*адамсу*, *батырсу*) актив пайдаланғанына қарағанда, проф. Қ. Жұмалиевтің бұл тұжырымының қисыны да бар. Бірақ біз бұл туынды тұлғаны қайткенде де тек Абайда ғана бар неологизмдер қатарына әзірше кіргізбедік, өйткені бұл тұлғаның түбірі (*дүр*) өзге ақындарда өте жиі қолданылған, сондай-ақ **-сы** жұрнағы да сирек кездеспейді, демек, *дүрсу* сөзі Абайдан бұрынғыларда да болуы мүмкін деп ойлаймыз.

¹²⁶ Бұл тұлға (*өкімет*) Абай шығармаларының 1909, 1939, 1957 жылғы баспаларында осылай берілгенмен, Мүрсейіт дәптерлерінде және қалған баспаларында *өкімдікпен* деген тұлғада берілген, сондықтан бұл іспеттес текстологиялық алалығы бар (разнотчение) сөздерді де неологизмдер қатарында талдаудан бой тарттық.

¹²⁷ *Мұсабаев Г.* Современный казахский язык. - Алма-Ата, 1959. - С. 94.

¹²⁸ *Ефимов А. И.* О языке художественных произведений. - М., 1954. - С. 225.

Жұрнақ жалғау арқылы жасалған неологизмдер.

Төл сөздерден лексикалық неологизмдерді жасауда Абайдың ең актив қолданған тәсілі – жұрнақ жалғау. Және бұл жердегі тәсіл біреу болғанмен, аффикстер де, түбір морфемалар да және осы тәсілмен жана сөз жасау мотивтері де әлденешеу болып келеді. Ең алдымен, жұрнақтар арқылы Абай жасаған жаңа сөздердің үлкен тобын абстракт ұғымдағы есімдер құрайды. Жалпы Абай текстерінде айрықша көзге түсетін нәрсе – абстракт атаулардың молдығы. Оның себебі бар. Абай творчествосы сан тақырыпты, алуан мазмұнды болып келсе, солардың біреуі – философиялық сипат. Абай толғанады. Бір кезек адамның, әсіресе замандастарының әрқилы қасиет-мінездерін сөз етіп ойға шомады. Енді бірде болмыс пен рух, адам табиғаты мен Құдай тағала тәрізді ұғымдарды жеке бір шығармасының тақырыбы етеді. Бұл толғаныстар өлендерінде де бар, ал прозасында тіпті басым. Демек, ойшыл Абай дерексіз ұғымдарды өз алдына объект етіп не жырласа, не «Қара сөздерінде» әңгімелесе, сол ұғымдар атауы молынан қолданылуы қажет. Ал Абайдан бұрын таза қазақ тілінде дәл осындай философиялық, психологиялық трактат, этюдтар жоқ болатын. Пушкин сөзімен айтсақ, ол кезде қазақтың «метафизикалық тілі» жоқ-ты. Сондықтан Абайға бұл кыруар ұғымдардың атауларын өзі жасауына немесе өзге тілден алуына я болмаса тілде бұрыннан барларын активтендіруге тура келді.

Абайда **-лық** жұрнағы арқылы абстракт ұғымды білдіретін туынды зат есімдер жасау тәсілі ерекше көзге түседі. Мысалы, *ашуланшақтық, өтірікшілік, салғырттық, күлкішілдік, ықтиярсыздық, беріктік* тәрізді атаулардың **-лық** жұрнағынсыз түрлері қазақ тілінде жиі қолданылатын, бірақ бұлардан абстракт есімдер жасау потенциясы болғанмен, ол есімдер көп қолданылмайтын. Айталық, Абай *беріктік* сөзін «твердость духа» деген дерексіз есім атауына айналдырады. Бұрын немесе Абай тұстарында *мінезі берік* немесе тіпті біреудің *мінезінің беріктігі* (қаттылығы деген мәнде) тәрізді тіркестер қолданылғанымен, *беріктік* сөзін Абай тәрізді абстракттік категория атауына айналдыру жоқ болатын. Сондай-

ақ адамның көңіл-күйін білдіретін мағынадағы *суықтық* сөзі Абай жаңалығы: Жанында *суықтық* бар бір жасырын (II, 104). *Тегіндік* сөзі де – аударма үстінде туған Абайдың неологизмі: Айтшы, аға, нағып жеңілдік, Мәскеуде емес *тегіндік* (II, 70) – Скажи-ка, дядя, ведь *не даром* Москва спаленная пожаром... (Лермонтов, I, 14).

Абайдың 15-сөзіндегі өзі объект етіп әңгімелейтін *қызықпақтық*, *құмарлық* деген категориялардың осы атауларын да автор өзі жасаған. Үшінші – әрбір нәрсеге *қызықпақтық*. Ол өзі бойға *құмарлық* пайда қылатұғын нәрсе екен (II, 172). Мұндағы *құмарлық* сөзі тұлға жағынан бұрыннан да бар болуы әбден ықтимал, бірақ бұрынғы *құмарлық* – әйел мен еркектің бір-біріне деген сезімін ғана білдірсе, Абай әңгімелеп отырған *құмарлық* – жалпы бір нәрсеге ұмтылу, талпыну мағынасын беретін сөз. Әрбір *құмарлық* өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсе... (II, 172). Осы жердегі *әрбір құмарлық*, *әртүрлі нәрсеге құмарлық* дегеніне қарағанда, автор бұл сөзге жаңа ұғымды сыйғызып, жаңа сөз жасап тұр. Сірә да, **-лық** жұрнағы арқылы жаңа сөз жасауда сын есім түбірін актив пайдалану Абай қаламына тән нәрсе. Өзгелерде, әсіресе, жалпыхалықтық тілде, *жақсылық*, *жамандық*, *үлкендік*, *кішілік*, *жомарттық*, *сараңдық* тәрізді ертеден қалыптасқан сөздер болмаса, сын есім түбірлерінен **-лық** арқылы туынды сөз жасау дәл Абайдағыдай дәрежеде емес.

Ақынның өте жиі қолданған сөздерінің бірі – *салғырттық* тұлғасы да, жоғарғы *суықтық*, *құмарлық* сөздері де осы іспеттес.

Абай **-лық** жұрнағы арқылы жаңа абстракт есім жасауда бұл тәсілдің өзіне дейінгі тіл практикасында көп қолданылмаған түрін пайдаланады. Ол – әр алуан жұрнақтар арқылы жасалған туынды сөздерге **-лық** аффиксін тіркеу. Бұлардың ішінде **-лы**, **-сыз** жұрнақты туынды түбірлерден **-лық** арқылы жасалған дерексіз ұғым атаулары ерекше көзге түседі: *тоқтаулылық*, *байлаулылық*, *арлылық*, *намыстылық*, *естілік*, *білімділік*, *қайратсыздық*, *ақылсыздық*, *талапсыздық*, *тиянақсыздық*, *қайғысыздық*, *ассыздық*, *сусыздық* т.б. Бұлардың көбі – Абайдың өзі жасаған неологизмдер, әсіресе *тоқтаулылық*,

байлаулылық, арлылық, намыстылық тәрізді туындылар Абайдан өзге қаламгерлерден табылмайды. Бұл есімдердің түбірі – адам баласына тән қасиеттерді білдіретін сөздер. Солардың бар (**-лы** арқылы) немесе жоқтығына (**-сыз** арқылы) қарай абстракт ұғымды білдіру Абай тақырыбына үндеседі.

-лы, -сыз жұрнақтарынан басқалары арқылы жасалған туынды түбірлерге де **-лық** аффиксін тіркеп, абстракт ұғым атын білдіру – Абайда жүйелі тәсіл. Бұлардың ішінде *қорғалауықтық* (Жүз кісіге *қорғалауықтығынан* жалынып... II, 176), *күлкішілдік* (Арылмас әдет болды *күлкішілдік* – I, 56), *жеңсікқойлық* (Көп жүрмес, *жеңсікқойлық* әлі-ақ тозар – I, 39), *өрішілдік* (*Өрішілдікпен* лағнетке болған душар – II, 118) деген туынды сөздер – Абай неологизмдері немесе Абай активтендірген атаулар.

Туынды түбірлерден жасалған абстракт атаулардың Абай тіліне ғана тән тағы бір тобы бар. Олар – **-мақ** жұрнақты тұлғаға **-лық** жалғануы арқылы пайда болғандар. Біреудің сипатына *түспектік* (II, 181). Үшінші – әрбір нәрсеге *қызықпақтық* (II, 172). Бұл модельмен жасалған абстракт атаулар Абайдың 38-сөзінде молырақ кездеседі: Мұның *табылмақтығына* себептер... (II, 194). Сонан соң ғана Алла тағаланы *танымақтық*, өзін *танымақтық*, *дүниені танымақтық*... (II, 195). Бұл жердегі *танымақтық* – «познание» деген философиялық терминнің баламасы.

Абай тіліндегі абстракт есімдердің бірқатары – **-у** жұрнағы арқылы жасалғандар. **-у** тұлғалы тұйық етістіктің субстантивтенуі – ертеден бар құбылыс және субстантивтенгендерінің бірсыпырасы абстракт ұғым атауын білдіруі де Абай тұсындағы қазақ тілі нормасына жат болмағаны байқалады. Абайдағы *тілеу* (*Тілеуді* кесіп Құдайым, Зарлатып қойды артынан – I, 190. Мұның *тілек* варианты да бар), *алдау* (Баяғы қулық бір *алдау* – I, 93) тәрізді атаулар сол кездегі халықтық тілде орныққан сөздер болса, *алығу, өлшеу, ұмыту* сияқты сөздерді Абай өзі абстракт ұғым атауына айналдырады: Пәндеде бір іс бар *жалығу* деген (II, 175). Бұл сөйлемдегі *жалығу* сөзін жазушы, сірә, «разочарование» деген ұғымның атауы ретінде алып, 20-сөзінде, осы *жалығу* категориясының

өзін талдайды: Тамақтан да, ойыннан да, күлкіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл аз ба, көп пе жалығады. Оның үшін [оның себебі] бәрінің айыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суи бастайды... Бірақ осы *жалығу* деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады (II, 175).

Ұмыту сөзін ақын аударма өлеңінде қолданады: Ұйқы, тыныштық, *ұмыту* – бер дегенім (II, 117). Бұл жердегі *ұмыту* – орысша *забвенье (забыться)* дегеннің баламасы. *Өлшеу* сөзі де тілде бұрыннан қолданылып келе жатса да (*өлшеусіз ризық, өлшеулі дүние* т.т.), атау күйінде тұрып, абстракт термин дәрежесіне көтерілуі Абай тіліне ғана тән. Әрбір жақсы нәрсенің *өлшеуі* бар, *өлшеуінен* асса – жарамайды. *Өлшеуін* білмек – бір үлкен керек іс (II, 217). Бұл жердегі *өлшеу* – «предел» мағынасындағы философиялық категория атауы.

Өмір сүрудің мән-мазмұны туралы жаңа философиялық толғану болып табылатын 34-сөзінде Абай жоғарғы модельмен бірнеше абстракт ұғым атауларын жасайды: ...Дүниеде жүргенде *туысың (тууың – рождение), өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда сұралуың бәрі бірдей...* (II, 190). *Жұрттану, адамтану* тәрізді күрделі сөздерді Абай ғылыми атау дәрежесінде қолданады.

Бірақ -у тұлғалы есімдерді абстракт ұғым атауына айналдырып қолдану -**лық** жұрнақты тұлғаға қарағанда әлдеқайда сирек. Кейде тіпті бұл мағынадағы -у жұрнақты тұлғаның орнына -**мақ** жұрнақты тұлғалардың дублет етіп қолдану фактісі бар: Адамзатқа не керек: *Сүймек, сезбек, кейімек, Харекет қылмақ, жүгірмек, Ақылмен ойлап сөйлемек* (1,243). *Білмекке құмарлық* (I, 144). *Ишек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мәнсап іздемек, айла-лы болмақ*, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар (II, 218). Әрбір мақұлыққа Құдай тағала бір қалыпта *тұрмақты* берген жоқ (II, 175). *Өлмектен* басқа дауа жоқ Алланын салған дертіне (I, 192). -**лық** арқылы Абай қаламынан туған жаңа элементтердің бір тобы – лексикаланған тіркестер.

Қазіргі құлағымызға әбден сіңіскен *тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, қызба бастық, тән саулық* (қазіргі *денсаулықтың* дублеті), *әсем салдық, көрсе қызарлық, күлкі тоқтық, өнер жоқтық, есі барлық, қолы тарлық* сияқты тіркестерді осындай жүйелі тобымен алғашқы рет тек Абай тілінен табамыз. Мұнда жазушы **-лық** жұрнағын *қызба бас, көрсе қызар, әсем сал* тәрізді бір мағына беретін лексикаланған фразалық тіркестерге жалғаған және *тамағы тоқ, жұмысы жоқ* (осылардың моделімен, бәлкім, Абайдың өзі тіркестірген *күлкісі тоқ, өнері жоқ*), *тәні сау* тәрізді предикаттық құрамдарға, яғни сөйлем іспеттес атрибутивтік тіркестерге жалғаған. Соңғы тәсілде тілдің ішкі үнемдеу заңы бойынша бірінші компоненттің тәуелдік формасы түсіп теқалады: *күлкі + сі тоқ+тық > күлкі тоқтық; тән + ісау+лық >тән саулық*; түсірілмей де жасалады: *тамағ+ы тоқтық, ес + і барлық, қол+ы тарлық* т.б.

Туынды түбірлерден **-лық** жұрнағы арқылы жаңа тұлға жасаудың Абайда жүйелі амалға айналғандығы сонша, ол тек туынды сын есімдерді ғана емес, есімше тұлғаларын да пайдаланады. *Зор болғандық, адам жаулағандық, арызы жеткендік, сыйы өткендік* дегендер – Абай неологизмдері. Даусыз Абай қаламынан туған жұрнақты неологизмнің бірі – *өз басындық* тіркесі. Бұл – «дербес, тәуелсіз, өзін-өзі билеушілік» (орысша самостоятельный) дегеннің баламасы: Единица нөлсіз-ақ *Өз басындық* болар сол (I, 95).

Абайдағы жаңа сөздерді туғызған жұрнақтардың ішінде екінші орында **-сы** жұрнағы тұрады. Бұл – есім немесе есімше тұлғалардан туынды етістік жасайтын жұрнақ. Қазақ тілі морфологиясын зерттеушілер **-сы** аффиксі сөйлеуші өзін кімге, неге теңеп, балап айтумен немесе бір нәрсені істеген немесе істемеген етіп көрсетумен байланысты есімше тұлғасындағы етістіктерге және зат есімдерге қосылып, туынды түбір етістік (*білгенсі, жазғансы, барсы, кісімсі*) жасайды, ал **-сын/-сін** күрделі аффиксі туынды түбір етістіктердің сөйлеуші бірдеңені өзіне «қомсынуын» немесе «көпсінуін» білдіретін түрін (*азсын, көпсін, қызықсын*) жасайды деп жазады¹²⁹. Бұл қызметтегі **-сы** жұрнағының беретін мағынасы – сөйлеушінің

¹²⁹ Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды түбір етістіктер. - Алматы, 1959. - 66-б.

өзін бір нәрсеге, біреуге жай ғана теңеп, балауы емес, соның үстіне ұқсауға тырысу және көлгірсу, бағалау семантикасы бар **-сы** аффиксімен жасалған етістіктердің бұл мағынасын Э.В.Севортян ашып, анық көрсеткен: «...Значение уподобления в глаголе (типа *мүсәпірсі*- «прикидываются беспомощным», *санраусы*- «притворяются глухим») приобретает более конкретную семантику подражания и притворства (курсив біздікі – Р.С.)... Другой конкретизацией семантики уподобительности, а возможно, и развитием предыдущего значения является значение оценки, передаваемое словами «считать за», «рассматривать в качестве», «выдавать за...» «Приведем примеры: ...казах.: *құдайсы*- «ставить себя выше других», «важничать», кирг. *баатырсы*- «считать себя богатырем», «изображать из себя героя», «стремиться показать себя храбрым»¹³⁰...

Мамандар **-сы (-сы + н)** аффиксінің беретін өзге де мағыналары бар екенін көрсетеді. Бірақ бізге қажеті – осы айтылған мағынасы. Өйткені бұл жұрнақ арқылы Абай жасаған сөздердің барлығы дерлік жоғарғы Э.В.Севортян көрсеткен мағынаны білдіреді: Еш нәрсе *көрмегенсіп* бұртақтаған (I, 24). Еңбегі жоқ *еркесіп*, Бір шолақпен *серкесіп* (I, 59). Айтшы-айтшылап жалынар, Ұққыш *жансып* шабынар (I, 86). Малға бөге қалған *кісімсіп* (II, 189). Араз кісі болғансып (I, 62). *Қайраттысып*, *қамқорсып* (I, 80).

Абай бұл ретте тек зат есім түбірлерін емес (*серкесу*, *еркесу*, *жансу*, *кісімсу*, *тәңірсу*), сонымен қатар сын есім, оның ішінде туынды тұлғаларды да пайдаланады. *Қайраттысу*, *қалжыңшылсу*, *жарамсақсу* тәрізді сөздер – тек Абай текстеріндегі жаңалықтар. *Салғыртсу*, *әсемсу* сөздері – бұрыннан тілде бар бола қалған күнде де Абай неше рет қайталап қолданып, активтендірген туындылар. Талданып отырған жұрнақпен жаңа тұлға жасауда Абайдың жиі пайдаланған материалы – тіркестер. Жоғарыда көрсеткен **-лық** жұрнағы тәрізді, **-сы** жұрнағын да Абай *қалжың бас*, *жер тәңірі* сияқты тұрақты тіркестерге де жалғайды: *Жер тәңірісіп* кермағыз (I,149). *Қалжың бассып* өткізген қайран дәурен (I, 37).

¹³⁰ Севортян Э. В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. - М., 1962. - С. 302-304.

Сондай-ақ грамматикалық тіркестерге де жалғайды. Мұндайда көмекші етістік қызметінде келген есімше тұлғалы тіркестер мен алдында анықтауыштары бар есім тіркестер негіз болады: ...Қайғылы кісі болғансығаны (II, 162). Араз кісі болғансып (I, 62). Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған (I, 24). ...Бір міні жоқ бендесіп. Сөзі қылжаң еркесіп (I, 154). Еңбегі жоқ еркесіп (I, 59). Жанын құрбан жолына қылған жансып (II, 72). Соңғы мысалдарда *бендесу*, *еркесу*, *жансу* сөздері – жеке сөз неологизмдер емес, тіркес неологизмдер.

-сы форманты мен **-сын** форманты негізі бір (**-сы > сы + н**) болғанмен, бертінгі дәуірлерде кейбір сәттерде бір-бірінен алшақ кеткен фактілері бар. Кейбір сөздерге **-сы** емес, **-сын** варианты ғана жалғанып қолданылатыны мәлім. Мысалы, қазіргі нормамыз бойынша *бәлсіну*, *сәнсіну*, *керексіну*, *мазатсыну*, *көпсіну*, *азсыну* тұлғаларында қолданылулары орынды. Ал Абай *сәнсу*, *бәлсу*, *әсемсу*, *мазатсу*, *керексу* деп **-сы** вариантын жалғайды. *Бәлсіну*, *сәнсіну*, *керексіну*-лер – бұрыннан тілде бар тұлғалар, ал *бәлсу*, *сәнсу* т.б. осы типтегі туындылар Абай неологизмдері болып табылады. Абайдың бұл соңғы амалды жүйелі түрде қолдануының мотивтері бар. Ең басты себеп – жазушының **-сы** жұрнағын актив аффикске айналдыруында. Сондықтан бұрыннан **-сы** вариантымен қалыптасқан түрлері тұрса да, Абай *сән*, *әсем*, *бәл*, *керек* түбірлеріне **-сы** вариантын жалғап, оларды жаңа сөз етеді де, жаңа топқа косады. Екінші – жазушы **-сы** жұрнағына беретін эмоциялық реңкті («притворяться, прикидываться, выдавать себя за») **-сын** тұлғалы түрі бере алмайтындай, дәл шықпайтындай көргенге ұқсайды. Шынында да, *Ел керексіп*, *Сөзге емексіп*. Не болады мақтаның (I, 114) дегендегі *ел керексу* тіркесінің экспрессивтік бояуы бұрыннан потенциалды *елді керексіну* (*ағайынды керек ету – керексіну*) деген тіркестен өзгеше екендігі анық. Сірә, ұлы қаламгер **-сын** жұрнағының беретін мағынасында ұқсау, балау, теңеу мәні (значение уподобления – «считать за...» «рассматривать как...» басымырақ екендігін, ал «ұқсамаса да ұқсап бағу» (значение подражания, притворства) мағынасы әлдеқайда солғын, тіпті Э.В.Ссвортян дұрыс көрсеткендей, қазіргі тілдерде дамымай қалған¹³¹ мағына

¹³¹ Ссвортян Э. В. Аталған еңбек. - 308-б.

екендігін интуитивті түрде сезгенге ұқсайды. Әрине, Абай **-сын** жұрнақты сөзді мүлде қолданбаған деуге болмайды (мысалы, *Аз білгенін көпсінсе, Көп қазаққа еңсінсе* – I, 51).

-сы жұрнағын активтендіріп, осы жұрнақ арқылы едәуір жаңа сөздер жасау себебін біз Абай шығармаларының мазмұнынан, дәлірек айтсақ, Абайдың өзінің дүние тану, қоғам тану жөніндегі көзқарасынан іздейміз. «Соқтықпалы, соқпақсыз» заманындағы «сөзуар, білгіш, законшік, көргіштер», «қу старшын, аш билер», «малдан басқа мұны жоқтар», «Тобықты молькқан пысықтар» туралы әңгіме еткен жазушы солардың бойындағы ең жағымсыз қылықтың бірі – өтірік көлгіреу, ақынның өз сөзімен айтсақ, «іші залым, сырты абыздыққа» салыну болатын. Білмесе де білгенситін, «мұрнын қисайта тарта тұрып» әсемсіп, сәнситін, «елін мығымдап ұстай алмаса да», өтірік қайраттысып, қамқорситындар, «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң бола тұрып» «бір міні жоқ бендеситіндер», қысқасы, осындай «сөзі мен ісі бөлінгендердің» іс-әрекет, сыр-сипатын дәл басып суреттеу үшін Абайға **-сы** жұрнағы бірден-бір қажет оңтайлы элемент болып шыққан. Сөйтіп, **-сы** жұрнағы арқылы жаңа сөздерді жасау бір жағынан стильдік мотивпен ұштасқан.

Абай адамның қасиет-белгісін, кәсіп-өнерін білдіретін **-шыл, -шы** аффикстері арқылы бірқатар жаңа сөз жасап қолданады. *Ойшыл* сөзінің бұрыннан да некен-саяқ кездесу мүмкіндігі бар болғанмен, Абайда ол – белгілі бір ұғымды білдіріп, жиі қолданылған тұлға. Бұл туынды сөз Абайда екі түрлі ұғымды береді: бірі – «ойлаушы, толғанушы», орысша «мыслитель» дегенді білдіруі. Мысалы, «*Ойшылдың* мен де санды бірімін деп, Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп» (I, 56) дегенінде өмір, қоғам туралы толғанған, ойланған өзі туралы айтып отыр. Екінші бір жерде – аудармасында ақын осы сөзді орысша «мечтатель» дегеннің баламасы ретінде келтіреді: Өзіңе сенбе, жас *ойшыл* III, 94) – Не верь, не верь себе, *мечтатель* молодой (Лермонтов, 36). Әрине, *мечтатель* дегенде де «ойлаушы» деген ұғым бар. Демек, Абай «ой ойлаушы, толғанушы (мыслитель)» мағынасын беру үшін *ойшыл* неологизмін жасайды да екінші бір кезегі келген жерде оны соған жақын *мечтатель* мағынасына ауыстырады.

«Мыслитель» деген ұғымның өзі де – Абай тұсындағы қазақ қоғамы үшін бірқыдыру соны нәрсе. Әрине, қазақ қауымында бұрыннан да ойшылдардың (мыслительдердің) болғаны сөзсіз, бірақ олар ақын, би, қоғам қайраткерлері тәрізді өзге де «ойлаушылардан» ажырап, өз алдына категория ретінде бөлініп аталмағанға ұқсайды. Сондықтан осы ұғымды беретін сөздің (айталық, Абайдағы *ойшыл*¹³²) қайсысы болса да неологизм болып табылмақ.

Шыншыл туындысы да, біздіңше, *ойшылмен* аналогиялас. Бұл тұлғасын есім ретінде (*шыншыл адам*) бұрында да бар болуы мүмкін. Бірақ бұл сөзді «өмір, адамзат қасиеті туралы шындықты (болмысты) айтатын философ» деген мағынада қолдануды тек Абайдан кездестіреміз. Ол «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын шығармасында оқу-білім, ғылым, ақыл туралы шындықты айтып-айтып келіп: «Мұны жазған білген құл Ғұламаһи Дауани Солай депті ол *шыншыл* (I, 46)», – деп аяқтайды. Бұл жердегі *шыншыл* – қазіргі тілімізше терминдеп айтсақ: «реалист», «реализмді жақтаушы», тіпті болмаса, «шындықты айтатын ғалым» дегеннің баламасы. Абай бұл тұлғаның «шындықты сүйетін» деген қарапайым атрибуттық мағынасын да қолданған. Онегин Татьянаға жазғанында: «Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін... Айтыпты *шыншыл* тілің бар іңкәрін» (II, 80) дегендегі *шыншыл* сөзінен жаңалық мән жоғарыдағыдай сезілмейді.

С.Мұқанов өзінің Абай туралы монографиясында жұрнақ жалғау арқылы Абай жасаған неологизмдер деп *сонырқау*, *ізерлеу*, *ырықтау* сөздерін атайды¹³³. Сірә, *сонырқау* сөзі халық тілінде бұрыннан бар, бірақ сирек қолданылатын лексема болса керек. Өйткені бұл сөз көршілес қырғыз тілінде де бар, түбірі – *соны* («жаңа, тың» деген мағынада). Бұл–монғол сөзі, монғолша *сонун* – «жаңалық хабар, жаңа, қызықты», *сонирха* – «қызықтау», қырғызша *сонурка* – «қызық көру, әуестену, таңырқау»¹³⁴. *Сонырқа* сөзі де «бір нәрсені қызықтау, тамаша-

¹³² Қазіргі сөздіктеріміз *мыслитель*-ді *ойшы* деп беріпті (қара: Русско-казахский словарь. - М., 1954). Біздіңше, Абай варианты әлдеқайда ұтымды. Сондықтан да болар, қазірде қолданыста әр алуан әдебиетте көбінесе *ойшыл* тұлғасы жиірек пайдаланылады.

¹³³ Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. - 320-б.

¹³⁴ Юнусалиев Б. Киргизская лексикология. - Ч. I. - Фрунзе, 1959. - С. 214-215.

лау» мағынасында (Абайда да осы мағынада) тек қырғыз, алтай, тува, хакас тілдерінеғана емес, бір кезде қазақ тіліне еніп, бірақ әрі қарай активтенбей қалған сөз болуы керек. Сондықтан біз бұл сөзді Абай неологизмі дей алмадық. *Ізер* сөзіне келсек, бұл да Абай қаламынан туған жаңа дүниеден гөрі, ұмыт бола бастаған көне бұйымға көбірек ұқсайды. Өйткені есімнен етістік тудыратын **-ар/-ер** жұрнағы Абай кезеңінен әлдеқайда көп бұрын-ақ өнімсіз, пассив, көне жұрнаққа айналған болатын, бірақ қазақ тілінде де *жаңару, көгеру, ескіру, өңгеру* тәрізді ондаған етістіктерді жасаған, тілде бар көрсеткіш екені мәлім. Сондықтан жоғарғы сөздер сияқты *ізер* сөзі де бір кезде *ізде* сөзінің орнында немесе онымен қатар қолданылған болуы мүмкін, келе-келе *ізер* варианты ығыстырылып, тіпті ол өзіндегі **-ер** жұрнағының дублеті **-ле** жұрнағын үстемелеп жалғап, қызметтес екі жұрнақты қатарынан қабылдаған сөз болуы мүмкін. Абай бұл етістікті өзі жасауы мүмкін емес, оған бірінші себеп – **-ар** тәрізді өте ескі, пассив жұрнақты Абай қолдана алмайды, өйткені қай қаламгер болмасын жаңа сөздер жасауда өз заманындағы тірі, актив жұрнақтарды пайдаланады. Екіншіден, егер Абай жасаса, *ізерлеу* емес, *ізер* тұлғасы болу керек еді, өйткені *із + де* дегеннің аналогиясы *із + ер* болуы керек. Сөйтіп, *ізерлеу* сөзі де халықтың тіл қорында сақталған сирек бұйым болса керек. Ал *ырықтау* етістігі, мүмкін, Абайдың қолы болар, бірақ Абай есімнен жаңа етістік жасауға онша құштар болмағанын байқаймыз.

Мағына жаңғырту арқылы жасалған неологизмдер. XIX ғасырдың II жартысында қазақ қоғамында әкімшілікке, шаруашылыққа, білім-ғылымға байланысты көптеген жаңа ұғымдар пайда болғаны мәлім. Сол жаңа ұғымдардың тілдегі көрінісін білдіруде Абай тәрізді алып қаламгер де қатысты. Бұл салада жалпыхалықтық тілдің өз тәжірибесінде өзге тәсілдерден гөрі сөз мағынасын жаңғырту тәсілі жиірек пайдаланылғаны байқалады. Ескі қоғамдық қатынастарға, бұрынғы әлеуметтік топтар атауларына, шаруашылыққа, күнделікті тұрмысқа қатысты байырғы сөздердің мағынасының үстіне тағы бір жаңа ұғым қосып жасалған жаңа сөздер бір алуан. Мысалы, *би, төре, ұлық* сөздері бұрынғы ұғымдарды да,

жаңа әлеуметтік топтарды да білдіретін болды. *Сайлау* деген байырғы сөз де қазақ даласында бұрын-соңғы болмаған ел билеу процесіндегі жаңа актінің атауына айналды. *Арыз, іс* (заң термині) және *жұмыс, тергеу* сөздерінің бұрынғы мағыналары жаңғырып, жалпыхалықтық тілде де, Абайда да жаңа юристік ұғымдардың атауларын қоса білдіретін болған. *Орын* сөзінің бұрынғы мағынасының үстіне ел билеу системасындағы «әкімшілік орны» деген жаңа мағына қосылған. Абайда: *орынға сайлану*.

Абай жаңа сөздер жасауда, негізінен, аффиксация тәсілін қолданғанмен, өз тұсындағы жалпы халықтың тіл нормасына айналған – мағына жаңғырту амалын да жат көрмейді. *Бірлік* сөзі бұрын «ынтымақтық, бірігушілік» деген ұғымдарды ғана білдіріп келсе, Абай оған «Құдайдың жалғыздығы, біреу екендігі» деген философия терминінің мағынасын үстейді. *Барлық* та осы сияқты: бұрын зат есім ретінде келгенде «байлық, молшылық» дегенді, сын есім ретінде «бүкіл, күллі» дегенді білдірсе, Абай бұл сөзді бір нәрсенің (айталық, Құдайдың) бар екендігін білдіру үшін де жұмсайды, яғни «Құдайды бар деп тану» деген теологиялық мағына үстейді¹³⁵: Алланы *бар* дедік, *бір* дедік... Бұл *бірлік, барлық*... (II, 197). Алла тағаланың *бірлігіне*... (II, 195). Әрине, бұл сөздердің бұрынғы мағынасы жойылып кетпейді, олар да актив қолданылады. Мысалы, *Бірлік* қандай елде болады? (II, 163). *Бірлік* – ат ортақ, ас ортақ... (II, 163).

Үлкендік сөзі де осы тәрізді. Физикалық дененің көлемін білдіретін дерексіз ұғым атауынан (*үйдің үлкендігі, таудың үлкендігі* т.т.) Бұл сөз Абай тілінде «сөз бағасын сезіну» тәрізді адамның ішкі моральдық қасиетін білдіретін абстракт ұғым атауына айналады.

Сұрау етістігі бұрын біреуден бір нәрсе жайын білу үшін сұрау және біреуден бір нәрсені (затты, бұйымды) сұрап алу тәрізді мағыналарда ғана жұмсалса, Абай бұл сөзге үшінші жаңа қызмет үстейді. Ол – заң-сот ісіне қатысты процестің

¹³⁵ Бір қызығы осы мәндегі *бірлік, барлық* сөздерін Ыбырайдан да таптық: Мұның бәрі де жалғыз теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың *барлығына, бірлігіне*... дәлел болса керек («Шарифат-ул-ислам», 1884). Бұған карағанда, *барлық, бірлік* сөздері Абай мен Ыбырай қолданған абстракттік ұғымда тілде орын алғаны байқалады.

атауын білдіру. Орынға сайланып қойылған жаңа билер немесе орыс империясының судьялары енді жауапкерлердің ақ-қарасын білу үшін тексеру жұмысын жүргізетін болады. Оны даугерден де, жауапкерден де, куәлардан да іс-қылмыс жайын сұрап білу арқылы орындайтын болады. Осыдан *сұрау* етістігі юристік акт атауына айналып, жаңа сөз қатарына енеді. Сірә, Абай тұсындағы халық тілінде бұл ұғымда *тергеу* сөзі жиірек қолданылған болу керек. Ал Абай, кейде екеуін де қатар келтіріп, *сұрау* сөзін *тергеудің* дублеті ретінде пайдаланады: ...*Тергеуі, сұрауы* барлығына қарамаса (II, 161). Қарсылық күнде қылған телі-тентек, Жаза тартып ешбірі *сұралмай* жүр (I, 34).

Абайдың біраз жаңа сөздерді қолдануына аударма ісінің себепкер болғанын байқаймыз. Мұнда ол өзге тәсілдермен қоса мағына жаңғыртуды да пайдаланған. Мысалы, *бастық* сөзін ел билеу системасындағы басшы, әкім ғана емес (бұл мағынасының өзі XIX ғасырда ғана кіре бастаған жаңа мағына болатын), дін басшыларын да білдіретін жаңа сөз ретінде алады: Мешітіне *бастықтың* келер жолын дайын қылып... (II, 150). – Плитам, вѣдущим от кельи *архимандрита* в храм (Лермонтов, IV, 183). Әрине, христиан дінінің *архимандрит* лауазымын орысша берсе, Абай тұсындағы оқырмандар түгіл, қазіргілер де түсінбес еді. Оны мұсылман дін иелерінің лауазымдарымен атауға және болмайды. Сондықтан Абай бұрыннан бар *бастық* сөзіне тағы бір жаңа қызмет артып, мағынасын жаңғыртады.

Абайдағы сөз мағынасын жаңғырту амалымен пайда болған жаңа сөздер екі топқа бөлінеді: бірі – жалпыхалықтық тілдегі неологизмдер (*би, ұлық, сайлау, арыз, іс* т.б.). Оларды жазушы көркем әдебиетте тұрақтандырып, активтендіріп әдеби нормаға айналдырады. Бұл неологизмдердің көбі бір саладағы белгілі бір ұғымды білдіретін терминдік дәрежеге дейін көтеріледі. Екінші тобы – Абайдың өзі жасаған неологизмдер. Мұнда Абай қазақтың жалпылама өз сөздерін де (*бастық, бірлік, барлық, сұрау, үлкендік*), бірен-саран диалектизмдерді де (*далақ*) пайдаланады. Бұл екеуінің ішінде ең мол пайдаға жарағаны – қазақтың жалпылама сөздері.

Субстантивтендіру арқылы жасалған сөздер. Өзге сөз таптарының, әсіресе сын есім мен есімше тұлғаларының зат есімдік мағынаға ие болып (заттанып, субстантивтеніп) қолданылу тәсілі қазақ тілінде әсіресе бұрынғы поэзия мен мақал-мәтел, нақыл сөз үлгілерінде кеңінен қолданылып келгені мәлім.

Абай бұл құбылысты өте актив пайдаланған.

Әдетте қазақ тілінде *жақсы, жаман, үлкен, кіші, тентек, бұзақысын* есімдері субстантивтенуге бейім тұрып, олар мақал-мәтелдерде де, жалпы тілде де жиі қолданылатын. Бұл қатардағы сын есімдер адам қылығын көрсететіндер, сондықтан белгісі арқылы затты атау – тіл-тілдің көпшілігіне тән заңдылық. Осы тәсілді Абай да пайдаланып *жақсы, жаман* (*Жақсыға* біткен ағайын – I, 63; *Жамандар* қыла алмай жүр адал еңбек – I, 26), *зор, надан* (Өзі *зордың* болады ығы да зор – I, 41), *тентек, сұлу* (*Сұлуы* бұл заманның тек жатпаған – I, 24); *үлкен, кіші* (кейде *жасы кіші, жасы үлкен* вариантында) сияқты сөздерді замандастарының өзін атау үшін жұмсайды. Ауыспалы мағынада жұмсап, *қызыл, қиқым, тасыр, арам* тәрізді адамның қылығын көрсетпейтін сын есімдерге де заттық ұғым береді. *Салақ, олақ, ойнасшы, керім, кербез. Жыртаң-тыртаң қызылдан* шығады ерек (I, 39). Бас-басына би болған өңкей *қиқым* (I, 31). Бұл сөзді *тасыр* ұқпас, талапты ұғар (I, 96). Оларға жөн *арамның* сөзін ұқпақ (I, 35).

Абай **-ған** жұрнақты есімше тұлғаларды да жиі субстантивтендіреді: Қайрат пен ақыл жол табар *қашқанға* да *қуғанға* (I, 163). Жас қартаймақ, жоқ тумак, *туған* өлмек (I, 26). *Адасқанның* алды – жөн, арты – соқпақ (I, 35), *Оқыған* білер әр сөзді (I, 83). Бір ғылымнан басқаның Кеселі көп *асқанға* (I, 85). Үйтіп *асқан* жолығар Кешікпей-ақ *тосқанға* (I, 85). *Білгенге* маржан, *білмеске* арзан (I, 88) т.б.

Өткен шақтық есімшенің субстантивтену арқылы зат есім категориясына ауысқандарының жалпыхалықтық тілде ертеден келе жатқандарынан *антұрған, туысқан, туған* тәрізді сөздерді Абай жиі қолданады.

Абай әсіресе **-лы, -сыз** жұрнақтары арқылы жасалған туынды есімдердің адамға қатыстыларын өлеңдерінің тексінде

үнемі дерлік субстантивтендіріп қолданады, яғни бұлардан соң *адам, кісі, әйел, еркек, қыз, жігіт* тәрізді адамды атайтын сөздерді тіркестірмейді: *Ақылды* қара қылды қырыққа бөлмек (I, 27). *Ақылсыз* шынға сенбей, жоққа сенбек (I, 26). Ақымақ көп, *ақылды* аз (I, 45). *Естілер* де ісіне қуанбай жүр (I, 33). *Сыртқыларға* сыр бермей (I, 79). *Малдының* малын көре алмай (I, 64). *Өнерсіздің* қылығы өле көрмек (I, 26). *Ынсапсызға* не керек (I, 51).

Абай *білімді, таланты* сөздерін поэзиясында сын есім қызметінде кемде-кем келтіреді де, үнемі дерлік заттандырып жұмсайды: *Білімдіден* аяман сөздің майын (I, 203). *Білімділер* сөз айтса, Бәйгі атындай аңқылдап (I, 50). Ақсақалдың, әкенің, *білімдінің* (I, 27). *Білімдіден* шыққан сөз *Талантыға* болсын кез (I, 86). Бұл сөзді тасыр ұқпас, *таланты* ұғар (I, 96).

Абай тілінде субстантивтеніп келетін *күшті, әлсіз* сөздері мен *жуан, жуас, ауқатты* тәрізді халық тілінде де зат есім қызметінде жиі жұмсалып, қоғамдағы әлеуметтік топтарды атайтын, таза субстантивтерге айнала бастағандар: *Күшті* жықпақ, бай жеңбек әуел бастан (I, 32). *Күштілерім* сөз айтса (I, 79). *Әлсіздің сөзін салғыртсып* (I, 79).

Ал **-лы, -сыз** жұрнақтары арқылы жасалған сын есімдер адамның қасиет-белгісін білдірмей, өзге нәрселерге қатысты болса, оларды субстантивтендіру тәсілі Абайда жоққа тән. Бұл сын есімдер өз қызметтерінде жұмсалады да өздері қатысты зат есімдермен тіркесіп келеді: *айлалы тұлкі, әдепті сөз, ажымсыз саусақ, саналы жан, қызды ауыл, орынсыз ыржың, берекелі ел* т.б. Сондай-ақ **-лы, -сыз** жұрнақты туынды сын есімдер күрделі болып келгенде адамға қатысты болса да, көбінесе субстантивтенбейді: *Көкірегі сезімді, тілі орамды жастар* (I, 96). Өлеңі бар *өнерлі* інім (I, 96) т. б. Бірақ *Көкірегі сөзімді, көңілі ойлыға* Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда? (I, 23) тәрізді бірен-саран жағдайда Абай күрделі сын есімдерді де субстантивтендіріп қолданады.

Сөйтіп, Абай туынды сын есімдерді субстантивтендіруде өз дәуіріндегі тілдік нормаға сүйенеді: бұлардың адамның сын-белгісін көрсететіндері және жалаң түрлері ғана зат есім қызметінде келеді.

Жалғыз **-лы, -сыз** жұрнақтары емес, Абайда өзге жұрнақтармен де жасалған туынды сын есімдер (*еріншек, сұрамсақ, мақтаншақ, күпілдек, шуылдақ, елірме* т.б.) адамға қатысты жағдайда зат есім орнына жұмсала береді: Көп *шуылдақ* не табар, Билемесе бір кемел (I, 94) *Сұрамсақтар* нәпсісін тыя алмай жүр (I, 34). Әбілет басқан *елерме* (I, 86). Осы ретте *аларман* туындысын субстантивтендіруі қызғылықты. Келер шақ есімшеге **-ман** жұрнағы жалғанып, әлі орындалмаған, бірақ жүзеге асырылуы мүлде таяп қалған іс-әрекетті білдіреді. Абай бұл тұлғаның осы қызметін пайдаланып, біреуден бірдеңе (мал, мүлік, ас т.т.) алу үшін бар әрекетін, ынта-жігерін салып жүрген қоғам топтарын *аларман* сөзімен атайды да, әрі қарай сол алуға құлшынған адамдарды – *алармандарды (бай, жарлы, би мен болыс, елубасы, «жалаңқая жат мінез жау», сұм-сұрқия, қысқасы, «жүз қарата дайын тұрған екі жүз аларманды») санамалап өтеді* (I, 28).

Адамнан өзге жанды-жансыз заттарды немесе абстракт ұғымдарды атау үшін субстантивация тәсілін пайдалану онша өнімді емес, дегенмен бірқыдыру бұл да орын алған. «Ауырдың үсті, жеңілдің асты» деген фразаның моделімен: Қайдан ғана біледі *Ауыр* менен *жеңілдің* Арасымен өтерді (I, 62) деп *ауыр, жеңіл* сөздерін заттық мағынада жұмсайды. *Өткірдің* жүзі (I, 88); *Тағыны* жетіп қайырған (I, 88), *Онын* алып *тоқсаннан* дәме қылып (I, 32) дегендерде субстантивтеніп тұрған сөздер – адам емес, *пышақ, аң, мал* тәрізді өзге заттарды білдіреді.

Адамға қатыссыз ұғымдар үшін Абай етістіктің септелетін тұлғаларын едәуір актив пайдаланады. Мұнда келер шақ есімшеден басқа **-мақ** жұрнақты тұлға көзге түседі. Не қылса надандар *алмақты ойлар* (I, 266). Қиянатшыл *болмақты* естен кеткіз (I, 38). Екі *күймек* бір жанға әділет пе? (I, 223). Ең болмаса білмеді сый *бермекті* (I, 262) т.т.

Сөйтіп, Абай сын есімдерді, есімшенің **-ған, -ар** жұрнақты түрлерін, **-мақ** жұрнақты тұлғаны, сан есімдерді, тіпті кейде еліктеуіш-бейнелеуіш сөздерді субстантивтендіріп, зат есім қызметінде жұмсайды. Бірақ бұл құбылыс Абай тілінде бастан-аяқ бірдей, біркелкі емес. Өзге сөз таптарын зат есім орнында жұмсау Абайдың өлеңдерінде күшті болса, прозасын-

да ондай емес. «Қара сөздерінде» көп жағдайда адамды сипаттайтын сын есім, есімшелерден соң *адам, кісі* сөздерін келтіріп отырады да, заттық мағына осы сөздерге түседі. Мұнда тіпті халық тіліне кәнігі *жақсы, жаман* деген субстантивтердің өзі көбінесе *жаман кісі* (...әрбір *жаман кісінің* қылығына күлсең – II, 162), *жақсы адам* (...әрбір *жақсы адамның* жақсылық тапқанына... II, 162) тіркесінде келіп, өзінің сын есімдік қызметін атқарады. Мүмкін, бұл жерде Абай *жақсы, жаман* сын есімдерінің жалпы адам туралы емес, біреуінің үстем тап өкілдерін (*ел жақсысы, жақсы менен жайсаңдар*), екіншісінің жоқ-жұқа, кедейлерді атау оттеногы барлығынан, оларды жалпы адам туралы әңгімесінде заттандырып қолданудан сақтануы да ықтимал. Бірақ өлеңдеріндегі *жақсы, жаман* деген субстантивтер көбінесе қоғамдағы таптар атауын емес, жалпы адамдар туралы қолданылған. Сондай-ақ өлеңінде: *Ақылды* қара қылды қырыққа бөлмек (I, 27). Прозасында: *Ақылды* кісімен *ақылсыз кісінің*, менің білуімше, бір белгілі паркын көрдім (II, 171). Өлеңінде: *Есерлер* жас қатынды тұтады екен (I, 199). Прозасында: Сонда есті адам орынды іске қызығып... *есер кісі* орнын таппай... (II, 171) т.т.

Абай прозасында сын есім, есімше және басқа тұлғаларды зат есім орнында қолдану мүлдем жоқ та емес. Мысалы: һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір *қайратсыз, қорқақ* мақтаншақ келеді; әрбір *мақтаншақ, қорқақ* ақылсыз, надан келеді; әрбір *ақылсыз, надан* арсыз келеді; әрбір *арсыз* жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады (II, 159). Мұнда жазушы ең алғашқы сын есімді (*жалқау*) өз қызметінде жұмсайды. Келесі сөйлемдерінің бастауышы етіп алдындағы сөйлемнің баяндауышы болып тұрған сын есімдерді алады, ол үшін бұл сын есімдерді зат есім қызметінде жұмсайды. Сондықтан дұрыс қойылған тыныс белгісіне қарап және жазушы ойына қатты зер салып оқымаса, бұл сөйлемді бірден түсіну де қиынға соғады. Қатар тұрған 3-4 сын есімнің қайсысы өз қызметінде, қайсысы зат есім орнында екенін айыру қажет. Мысалы, әрбір *мақтаншақ, қорқақ* ақылсыз надан келеді дегенде алдыңғы

екі сын есімнің субстантивтеніп, бірыңғай бастауыш болып тұрғанын алдындағы сөйлемнің баяндауышына қарап қана айыруға тура келеді.

Проза тілінде жалпыхалықтық қолданыста әбден қалыптасқан, тіпті есімдік сипатынан айырыла бастаған *антұрған, жүзі күйгір, қарасуық, туысқан* тәрізді субстантивтер болмаса, қалған кез келген реттерде сөзді зат есім орнында қолдану әрқашан сәтті шықпай, стильдік ыңғайсыздыққа әкеп соғады. Мысалы, Абайдағы: «Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, *Ақыл айтармыз* деп сайланды» деген сөйлемде *ақыл айтармыз* тіркесін екі түрлі түсінуге болады: бірі – келер шақ етістік мағынасында, яғни «ақылды әлі айтқан жоқпыз, келешекте айтатын болармыз» деген қимылдық ұғымда, екіншісі – «ақыл айтар адам», яғни белгілі бір шаққа қатысы жоқ, жалпы ақыл айтатын адам деген заттық ұғымда. Біздіңше, бұл сөйлемдегі *айтар* тұлғасы – субстантивтенген есімше. Өйткені осыған ұқсас қолданыстар Абайда бірнеше жерде кездеседі. Осы шығарманың ішінде: Бізді не қыласың, ана *сөзді ұғарлықтарға* айт дейді деген сөйлемді оқимыз. Мұндағы *ұғарлықтарға* деген тұлға да – субстантивтенген туынды сын есім: *сөзді ұғарлық (ұғатын) адамдарға айт* дегеннің орнына қолданылған. Сондықтан бұл сөздің осы сөйлемді түсінуді ептеп қиындатқаны болмаса, не диалектілік, не көнелік немесе тағы басқаша жаттығы жоқ¹³⁶70. Келер шақтық есімше тұлғасынан **-лық** жұрнағын жалғап, туынды сын есім жасау – Абайда өнімді тәсіл: *қуанарлық қыз* (I, 85), *сыйласарлық кісі* (I, 185), *сөзді ұғарлық жан* (I, 106), Өлейін деп өлмейді *өлерлік жан* (I, 234), *ой саларлық ағайын* (1, 37), *мал табарлық қуат* (II, 168), *білерлік ғылым, ұғарлық ақыл* (11, 168), *ұяларлық нәрсе* (II, 181), *ақыл айтарлық кісі* (II, 213), *жатқа мақтанарлық мақтан* (II, 176) т.т. Соңғы мысалдардың барлығында да

¹³⁶ Проф. С.Аманжолов осы сөйлемдегі бұл тұлғаны қазірде қолданылмайтын сөздер тобына қосады да оның себебін қазақ тілінің солтүстік-шығыс диалектінде бұл тұлғаның қолданылмайтындығынан іздейді (*Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959. - С. 221*). Біздіңше, *ұғарлықтар* деп қазірде қолданылмайтындығының ешбір диалектология мәселесіне қатысы жоқ, Ол басқа өлкелерде де қолданылмайды. Тек Абайда кездестіреміз. Бірақ оқшау тұрған дүние ретінде емес, сөзді субстантивтендіру тәсілінің актив пайдаланылуы тәрізді жалпы Абай тіліне тән құбылыс қатарында тануымыз керек.

-ар+лық жұрнақты туынды сын есім өз қызметінде келіп тұр. Енді осы сын есімдерді де зат есім орнына жұмсағанына жоғарыда *ұғарлықтарға* дегеннен басқа да мысал келтіруге болады: «Маған да біреу *жалынарлыққа* жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп (II, 189) немесе: Жұмсалады түзеліп жеткен, енді елді *түзерлігі-ақ* қалған (II, 165) т.б. сөйлемдерде де әңгіме етіп отырған сын есім тұлғасы субстантивтеніп тұр.

Өзге сөз таптарының, әсіресе семантикасы жағынан адамның сыр-сипатын білдіруге жақын тұрғандарының субстантивтеніп, зат есім орнында қолданылуы мақал-мәтелдерге, афоризмдерге, поэзия тіліне тән екендігін Абайдың шығармалары да дәлелдейді: Абайдың өлеңдерінде бұл тәсіл өте жиі қолданылса, прозасында әлдеқайда бәсең. Бірақ проза тілінде де заттанған сын есімдердің, есімшелердің кездесуі – біздіңше, Абайдың поэзиялық тілінің әсері. Абай «Қара сөздерінің» синтаксистік құрылысы сияқты, кейбір лексикалық, морфологиялық құрылымында (оформлениесінде) да оның өлең тілінің ізі (әсері) сезіледі.

* * *

Өзге сөз таптарын, тұлғаларды субстантивтендіріп қолдануда Абайдың өзгелерден окшау тұратын индивидуалдық бір ерекшелігі бар. Абай тұтас төл сөз ретінде келетін грамматикалық тіркестер мен жеке сөйлемдерді, кейде жеке сөздерді объект етіп алады да оларды заттандырып, зат есімше септеп, тәуелдеп қолданады: «*Мен қалай?*»-ға салынбай, Жылы жүзбен жайнасын (I, 133). Сондай ерді «Ала бер»-ді Табар енді біздің ел! (I, 151). Әуел сонан есітесің «*Ат үстінен көтер*»-ді (I, 62). Елдің байын еліртіп «*жау мұнда*»-лап (I, 67). «*Ой Тәңір-ай*»-шыл кер есек (I, 87). «*Ала бер*»-ден, «*Келе гөр*»-ден, Бір күн басын бұрды ма (I, 151). «Мені»-мен «*менікі*»-нің айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес (I, 178). Сөз айттым «*Әзірет Әлі, айдаһар*»-сыз, Мұнда жоқ «*алтын иек, сары ала қыз*» (I, 96).

Бұлардың бірқатарында біреудің қылығын, мінезін сипаттайтын етістік, одағайлар объекті болған. Мысалы, дарқан, қолсыз мырза інісі Оспанның осы қасиетін оның аузынан

шықты деген *ала бер, келе гөр* сөздерімен бейнелеп, осы етістіктерді субстантивтендіреді. «*Өй, Тәңір-ай*», «*жау мұнда*» деген өзге адамдардың сөздері де объекті болып, образды субстантивтер жасап тұр. Ал «*Әзірет Әлі, айдаһар, алтын иек сары ала қыздар*» – сол кездегі ислам діні пайғамбарлары мен сахабаларын дәріптейтін киссалардың объектілері.

Белгілі бір грамматикалық единицаларды (тіркестер, сөйлемдер) объект етіп алып, зат есім орнында қолдану – ауыз әдебиеті тілінде де, Абайға дейінгі не тұстас өзге қаламгерлерде де өрістемеген тәсіл. Абай бұл тәсілді тек өлеңдерінде емес, прозасында да қолданады: *Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан...* (II, 159).

Бұны әуелде ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыс деп ойлаймыз. Объекті (төл сөз) мен автор сөзінің ортасындағы *де* дәнекері түсіріліп айтылуы – тілдегі үнемдеу принципінің бірі. Абай осы амалды әдеби тілге норма етіп енгізеді. Әсіресе поэзияда *да* дәнекерінсіз объектінің өзін тікелей заттандыру, бір жағынан, айтылған ойға белгілі бір эмоциялық реңк беріп тұрады. Бұлар – әрине, лексикалық неологизмдер емес, сондықтан жеке жана сөздер деп танылмайды.

Белгілі бір жазушы тіліндегі субстантивтену арқылы пайда болған жана сөздерді талдағанда мәселеге екі-үш тұрғыдан қарау керек тәрізді. Ең алдымен, жазушының өзі қолданған субстантивтер болады. Бірақ олардың бәрі кейін жалпыхалықтық тілде зат есім категориясына ауысып, таза субстантив сөздер болып шықпайды. Екінші – жазушы өз тұсында жалпыхалықтық тілге енген субстантивтік неологизмдерді пайдаланады. Мысалы, Абай тіліндегі *пысық, қу, атқамінер, атарман* сөздері – осындай заттық ұғым беріп кеткенсын есім, есімше тұлғалар. Бұлар – таза субстантивтенген сөздер. Абай оларды халық тілінен, өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінен алып пайдаланған.

Абай тілінде зат есім орнына қолданылған сөздер таза тілдік неологизмдер қатарына қосылмайды. Бұлардың ішінде әлеуметтік топтарды жинақтап, дәл атаған *аларман* тұлғасын және заттық ұғымда өте жиі қолданылғанына қарай *білімді, талапты* деген сын есімдерді ғана зат есім категориясына айнала түскен деп санауға болар.

Сөйтіп, Абай шығармалары тіліндегі негізі төл сөзден болған неологизмдер, көбінесе үш түрлі тәсілмен жасалған. Олардың ішінде басты, өнімді тәсіл – жұрнақ арқылы жаңа сөз жасау. Бұл амалмен Абай көбінесе жаңа абстракт ұғымдардың атауын жасаған. Жаңа абстрактік атаулар әсіресе прозасының тілінде көптеп енгізілген. Ұқсату, балау мәндегі **-сы** жұрнақты сөздерді саны мен қолданылу жиілігі жағынан Абай лексикасының индивидуалдық ерекшеліктерінің біріне жатқызуға болады. Бұл ерекшелік Абай шығармаларының тематикасы мен мазмұнынан туған.

Сөз мағынасын жаңғырту аса өнімді тәсіл болмаса да, Абай лексикасына ондаған жаңа сөздің қосылуына себепкер болған.

Жаңа сөз енгізудің өзге тәсілдері Абай тілінде өріс алмаған. Екі түбірді біріктіру арқылы жаңа сөз жасау қазақ тілінде бар тәсіл болғанмен, бұл амалмен Абайдың өзі жасаған неологизмдерді жеке топқа бөліп талдай алмадық, өйткені Абай тіліндегі *атқа мінгендер*, *елубасы*, *атишабар* тәрізді неологизмдер – Абайдың өзінің емес, заманының туындылары. Сірә, бұл сөздер, о баста халықтың сөйлеу тілінде пайда болып, әдеби тілге халық тілінен алынған болу керек. Өйткені оларды XIX ғасырдың II жартысындағы ақындардың, баспасөздің, сөздіктердің, Ыбырайдың, Абайдың – барлығының тілінен қатар кездестіреміз. Өзгелерден әзірге ұшыратпаған *тілхат* (Көңіл аулап сөз айтар Арадағы *тілхатым* – I, 20), *қолөнер* (*қолөнер* үйренбек керек – II, 188: адал еңбегін сатқан *қолөнерлі* – II, 189), *тәнсаулық* (Бермей ме Алласы *Тәнсаулық* қалқам – I, 165) тәрізді бірді-екілі сөзді де тап басып Абай неологизмдері деуден тартынып отырмыз. Осыларға қарап, Абай екі түбірді қатар қолданып, бір ұғымды білдіру тәсілін көп пайдаланбаған деп табамыз.

Қандай тәсілмен жасалса да, Абай шығармалары лексикасында тілдік те, стилистік те неологизмдердің айтарлықтай пайда болуына бірнеше факт себеп болған. Басты себеп – Абай шығармаларының тақырыбы мен мазмұны. Абай сөз еткен жаңа объектілер жаңа атауларды қажет етті. Өмір мен дүние құбылыстарына өзінше қарап, толғану кейбір әрекет-қимылдарды жанаша тануға, демек, етістіктердің жаңа тұлға-

ларын жасауға (*қайраттысу, әсемсу, сәнсу, қалжыңшылысу, серкесу*) мәжбүр етті. Лексикасына жаңа сөздерді қосуға екінші себеп болған – аударма ісі. Оның ішінде орыс поэзиясынан аударған шығармалары едәуір жаңа ұғымдарды, демек, жаңа сөздерді алып келді. Үшінші себеп – проза жанрын жасауы. Абай прозасы – ғылыми, публицистикалық стильдердің үлгісі болғандықтан, осы стильдерге қажет кейбір ғылыми атауларды (дінге, философияға, психологияға қатысты абстракт ұғым аттарын) енгізу қажеттігі туды. Абайдың стилистік неологизмдерді молынан пайдаланған саласы – «Қара сөздері».

Абай лексикасындағы сөздердің тематикалық сериялары

Қоғам өмірімен етене қабысқан тіл – сөйлеу тәжірибесі, оның лексикасы сол қоғамның тыныс-тіршілігіне орай әр алуан тематикалық серияларға бөлініп, бірқатарының мағыналары өзгеріп, енді бірсыпырасы тұрақталып, терминделіп жатады. Қысқасы, лексиканың белгілі бір топтары сол қоғамның сол дәуірдегі мазмұн-мәнін көрсететіндей дәрежеде қызмет етеді. «Бұл процеске жалпы халықтың сөйлеу тәжірибесімен қоса, қалам қайраткерлері де, өзге жазу үлгілері де қатысады. Әсіресе сөздердің терминделуі, активтенуі, мағына жаңғыртуы, мағына айқындауы тәрізді құбылыстарға Абай сияқты ірі-ірі жазушылар тілі тікелей араласады.

Сондықтан біз Абай лексикасындағы кейбір сөз топтарын бірнеше серияға бөліп талдамақпыз. Олар: 1) қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік системасына; 2) сот-заң істеріне; 3) сауда-саттыққа; 4) азаматтық сипаттағы оқу-ағарту мен ғылым-білімге қатысты лексика топтары.

Әрине, белгілі бір тілдің немесе жеке бір жазушының сөздік құрамы тақырыбы жағынан тек осы төрт серияға ғана бөлінбейтіндігі белгілі. Біз материалымыздың ыңғайына қарай осы төртеуін ғана алдық, яғни өткен ғасырдағы қазақтың жалпыхалықтық тілінің болсын, көркем әдеби тілінің болсын лексикалық байлығына айтарлықтай өзгерістер енгізіп, ізін салған салалардың (тематикалардың) ең бастылары – осылар. Бұларды талдағанда негізгі назарымызды сол өзгеріс-

жаңалықтарға аударамыз, сондықтан осы серияларға жататын күллі сөздерді тіркеп шығу міндетін алмаймыз. Оның өзінде де Абай шығармаларының тектінде барларын ғана талдаймыз.

Осы талдаулар арқылы жоғарғы аталған төрт саладан бірқатар сөздердің мағыналарындағы өзгерістерді, бірсыпырасының тіл тәжірибесінен шыға бастау немесе активтеніп, тұрақтана бастауын, едәуір сөздердің терминге айналу процесін көрсетуді көздедік. Және бұл құбылыстардың тек Абай тіліндегі емес, сол тұстағы жалпы қазақ әдеби тіліндегі күй-қалпы мен сыр-сипатын суреттеуді ойладық. Сондықтан бұдан бұрын сөз болған кейбір объектілер (сөздер) енді басқа тұрғыдан тағы да кездесуі мүмкін.

Қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік системасына қатысты сөздер

XIX ғасырдың II жартысында қазақ даласында қоғам құрылымы (структурасы) өзгергенін жоғарыда айтып өттік. Сөз етіп отырған дәуірде хандықөкімет билігі мүлде жойылған болатын. Сондықтан бұл кезеңде хандыққа байланысты сөздер лексикадан орын алғанмен, не өткен дәуірлерді суреттеу үшін немесе образ жасау үшін қолданылып, көнерген элементтерге айнала бастайды. Абайда *хан* сөзі «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихты баяндайтын шығармасы мен сюжеті өткен тарихтан (ертегі-аңыздардан) алынған өлең-поэмаларында кездеседі.

Қазақ қоғамындағы құлдық институт өткен ғасырдың 50-жылдарында ғана жойылған болатын, құлдар тәуелді шаруалар тобына қосылған-ды»¹³⁷. Сондықтан бұл кезде құлдыққа қатысты жеке сөздер (*құл*, *күң* және олардың дублеттері) мен сөз тіркестері тілде әлі де актив қолданылғанын көреміз. Бұрыннан келе жатқан мақал-мәтелдермен¹³⁸ қатар, *құл*,

¹³⁷ Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. - М., 1957. - С. 145; Зиманов С. Общественный строй казахов I пол. XIX в. - Алма-Ата, 1958. - С. 267-273.

¹³⁸ Бұл институттың қоғам тарихында белгілі орын алғанын соның ізі болып тілде сақталып қалған қыруар фразалар мен мақал-мәтелдерден көреміз: Аталы құл – кожалы құл; құла арғымақ мінсе де, құлдың аты – құл-ды, құба шекпен кесе де, ұлдың аты – ұл-ды; жібекті сақтай алмасаң жүн болады, қызды асырай алмасаң күң болады; құл табан; құлақ кесті құл т.т.

күң сөздерін өздерінің тура мағынасында Абай тілінен де, тұстастарынан да табамыз: ...Біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз (II, 159). Азат басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл (II, 129). Айраншы шешен күң деп естуші едім, Түпсіз құл емес пе едің бауыры тақыр (Шөже, 124). Болмаса өнер бойында қораш құл боп өтсем деп (Дулат, 77).

Дегенмен бұл кезде оның ішінде Абайда құл (күң) сөзінің бұрыннан келе жатқан «пенде, адам» деген ауыспалы мағынада қолданылуы басымырақ: Мұны жазған білген құл Ғұламаһи Дауани (I, 46). Бермеген құлга қайтесің, Жұлынарлық ерікті (I, 186). Осы ретте Құдайдың құлы, Алланың сүйген құлы деген тіркестер де қолданылады: ...Алланың сүйген құлының бірі боласың (II, 193).

Талдап отырған дәуірде құлдар саяси право (азаттық) алғанмен, экономикалық тұрмыс жағынан ең бір тәуелді, әлеуметтік топ болып қала бергендіктен, құл, күң, құлдық сөздерінің «жалшы, есіктегі қызметші» мағынасы пайда болып, қатар жүргенге ұқсайды. Мұны біз өткен ғасырдың II жартысындағы сөздіктерден аңғарамыз. 1878 жылғы сөздікте: күң – *служанка, рабыня* (другой нации), құлдық – *рабство, слуга, преданность* (Спутник... 1878) деп аударылған. Ал 1883, 1897, 1900 жылғы сөздіктерде бұл сөздер енбей қалған (сірә, актив қолданылудан шығып қалған элементтер деп танылған болу керек).

Хан немесе сұлтан тұқымы қазақша көбінесе *төре* деп аталған. Ақсүйек категориясына жататын бұл әлеуметтік топ өткен ғасырдың I жартысында-ақ өздерінің бұрынғы саяси билігі мен әлеуметтік салмағын заң жүзінде де, іс жүзінде де жоғалтқан болатын. Бірақ төре семьяларына (ұрпақтарына) жататын адамдар өмір сүріп келе жатқандықтан, олардың атаулары да өзгермей, *төре* деп қала бергенін көреміз. Абайда: Қазақтың *төре* нәсілдері біз татармыз деп айтысады (II, 221). Онан соңғы біздің ханымыз, *төреміз* – бәрі де Жошы нәсілінен бола келген (II, 224). Бұл мағынадағы *төре* сөзінің дублеті *ақ сүйек* тіркесі. Айырмасы: *ақ сүйек* – белгілі бір әлеуметтік топтың жалпы аты тәрізді де *төре* – сол топтың жеке уәкілдеріне берілген титул есепті. *Төре* сөзінің *ақ сүйек*

терминімен мағыналас екенін *ақ сүйек – қарасүйек, төре – қара* деген параллельдердің қолданылуынан да аңғаруға болады. Ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін: *Қара мен төре* таласып, формына қарасып («Қамбар», 1957. 40) немесе: *Төре* емеспін, *қарамын* деген сөйлемдерге қарағанда *төре* терминінің антоним формасы *қара* сөзі екенін аңғарамыз. Бұл жердегі *қара* – «халық, бұқара» мағынасында емес, тек қара «нәсілі төре емес, ақ сүйек емес» деген мағынада. *Төре* сөзінің бұл – 1-мағынасы. Бұл мағынаны 1900 жылғы Лаптевтің сөздігі айқын білдіреді: *төре – сын хана или султана, не вступивший или не выбравший еще в какою-нибудь должность, и вообще потомки прежних ханов, которые у нас титулуются солтанами.*

Абай заманында бұл сөздің басқа да мағыналары болған.

Төре сөзі патша үкіметінің әкімшілік және әскери мекемелерінің қызметкерлерін атауға пайдаланылған. Абайда осы мәнде жұмсайды. Баласы Әбдірахман туралы өлеңінде ақын: *Төре* болдың, бас болдың –Көкірегінді кермедің (I, 184). Түрленіп *төре* болдым деп, Есерленіп шатпаған (I, 185) дейді. Мұндағы *төре* – үкіметтің әскери мекемесінде қызмет етуші адам.

Ыбырай *төре* сөзін «чиновник, служащий» мағынасында да, «господин» мағынасында да қолданады: ...Бір *төре* өзінің баласымен бақшаға барып... (Алтынсарин, 1879. 5). Бір күн ұста мырзаға айтты: «*Төрем*, қарап тұрғанша шеге соғуды үйренсеңші» (Сонда, 36). Демек, *төре* сөзінің «ел билеуші әкім, чиновник» деген екінші жаңа мағынасының үстіне осыдан шыққан үшінші мағынасы және пайда болған. Ол орыстың «барин, господин» деген сөздерінің баламасы ретінде қолданылуы. Мұны да өткен ғасыр сөздіктері регистрациялаған: *төре – боярин, султан, господин* (Букин, 1883); *төре – барин, господин, офицер* (Лаптев, 1900). Ал *төре* сөзінің төртінші және бұрыннан келе жатқан мағынасы – билік, бидің шешімі, кесімі».

Абай *төре* сөзін «хан тұқымы» және орыс администрациясының чиновнигі, әкім мағыналарында қолдана отырып, оны бір нәрсенің «ең үлкені, жақсысы» деген ауыспалы мағынасында да келтіреді: *Құс төресі* біздерге Сіз боларсыз бір күні (II, 136).

Билеуші топқа жататын феодалдардың белгілі бір әкімшілікті атқаратындарының атауы болған *аға сұлтан* сөзі өткен ғасырдың II жартысында актив қордан шыға бастағаны байқалады, өйткені 1822 жылғы устав бойынша енгізілген *аға сұлтан* лауазымы 1867 -1868 жылғы реформа бойынша жойылғаны мәлім. Абай *сұлтан* сөзін ауыспалы мағынадағы («әмірші, басшы») *төре*-нің синонимі ретінде бірер жерде қолданған: (Адам баласын Құдай тағала мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге қайуанға *сұлтан* қылғандығына дәлел емес пе (II, 183).

Қазақ қоғамындағы басты феодал табының атауы – *бай*. Бұл да – сөз етіп отырған дәуірде көп мағыналы сөз. Бір нәрсеге молдықты, барлықты білдіретін сын есімдік мәні мен «әйелдің күйеуі» деген мағынасын былай қойғанда, *бай* сөзі – бұл кезде актив әлеуметтік термин. Бұрынғыша қоғамдағы үстем феодал тапты, қазақ экономикасының негізгі байлықтары – мал мен жердің иесін білдіретін атау. Бірақ бұл кезде *бай* – тек мал (және жер) иесі емес, сонымен қатар саудамен, ақша капиталымен, тіпті кейбіреулері өнеркәсіп иелігімен айналыса бастағандар. Демек, бұл кезеңде көркем әдебиетте, әсіресе Абай тілінде *бай* сөзінің әлеуметтік тапты білдіретін терминдік мәні айқындала түседі де қарама-қарсы тап атауы – *кедей (жарлы)* сөзімен қатарласа қолданылады: *Бай кедейді көрмейді* (Шортанбай, 156). Біреу *бай* болса, біреу *кедей* болса (II, 184).

Қоғам құрылымындағы үлкен өзгерістер еңбекші шаруалар табында болды. Қазақстанның экономикасында болған өзгерістерге сай, еңбекші бұқараны қараудың жаңа түрлері пайда болды. Бұрын қазақ қоғамында болмаған жалдама еңбек тәрізді түрлері бірте-бірте көріне бастады. Шаруалар өз ішінен айқын дифференциациялана бастады. Осыған сай бір таптың өз ішінде дараланып көріне бастаған жеке топтарының әрқайсысының өзінше аталу қажеттігі туды. Енді бұрынғыдай барлығын да *кедей* және *жарлы* сөздерімен атай салуды тіл практикасы азсынғаны байқалады. Сондықтан XIX ғасырдың II жартысындағы шаруалардың *кедей, жарлы* деген атауларымен қатар, *шаруа, қоңсы, жатақ, жалшы* деген

айырым атаулары қолданылып, олардың өзі терминдік мән алады. Бұлардың барлығы да – эрине, бұрыннан (ең кемінде ХІХ ғасырдың басынан бастап) қазақ лексикасында бар сөздер, бірақ олардың лексикалық мағынасы әрқашан бірдей болған емес. Шаруалардың бір бөлегі соншама кедейленіп, экономикалық күйі жағынан өз дербестігін жояды, яғни көшер көлік, сауар мал, сатар қарасы мүлде болмағандықтан, байларға толық экономикалық тәуелді топқа айналады. Міне, осылар тілде *қоңсы* деген атауға ие болады¹³⁹. Ал бұрынырақ бұл іспеттес жағдайдағы топ қазақ тілінде *байғұс* деп аталғаны байқалады. Осы ретте *байғұс (қоңсы)* пен *қарашы* категориялары аналогиялас: *қарашы*¹⁴⁰ – ханды қоршаған, соның шаруасын шаруалап, қызметін еткен, экономикалық жағынан басы бос қоғамдық топ (саяси-праволық және экономикалық жағынан толық тәуелділер – құлдар ғой).

Өткен ғасырлардағы қазақ қоғамы тарихын зерттеуші ма-ман С.Толыбеков: «Харашы... дворовые люди у ханов, которые вербовались ханами из «хара калык» – простонародья... Словами «хан» и «харашы» в те отдаленные времена обобщенно называли представителей двух крайних антагонистических социальных групп в казахском обществе, которые находились между собой в отношениях господства и подчинения, эксплуататоров и эксплуатируемых», – деп көрсетеді¹⁴¹. Сондықтан да *қарашы* сөзі *хан* сөзімен қатар жүреді (бұл сөз хандық дәуірдегі әдебиетпен мақал-мәтелдерде молырақ сақталған): «*Хан* – қазық, *қарашы* – азық», «*Хан* қасында *қарашың* болса, *қара* жерден *кемең* жүрер», «*Ханды* Құдай алайын десе, *қарашысымен* қас болар», «*Ханның* ісі *қарашыға* да түседі» деген мақалдардан *қарашы* сөзінің жоғарғы мағынасын

¹³⁹ Орыс тіліндегі ғылыми әдебиетте бұларды *байғуши* деп атайды.

¹⁴⁰ Тарихтық әдебиетте бұл сөздің түп төркіні «қара көбейту, қара болу» немесе «қараша үй» деген екі мағынаның біреуімен байланысты болу керек деген жорамал бар. Бірінші этимологияға жүгінсек, бұл сөз таптық жіктелу мағынасын бермей, «компаньон», «сообщник» дегенді білдіреді де екінші этимологияны қостасақ, *қараша үй* монғолдардың «курені» тәрізді экономикалық-әлеуметтік жағынан тәуелді жақтың атауын білдіреді дегенді оқимыз. Толыбеков С. О некоторых вопросах экономики дореволюционного кочевого аула казахов // Вестник АН КазССР. - 1951. - № 8. - С. 70-71.

¹⁴¹ Толыбеков С. Е. Көрсетілген мақала. - 71-б.

айқын тануға болады. Ал қарашылардың құлдардай емес, бас бостандығы өзінде екенін Бұқардың «Уақытыңыз толғанда, *Қарашың* қашар қасыңнан» (Бұқар, 46), Махамбеттің «Жайқоныстан айрылып Біз бір қаңғып жүрген *қарашы*» (Махамбет, 112) деген жолдарынан көреміз. Өткен ғасырдағы қазақ лексикасын регистрациялаушылар бұл сөзді «подвластный, подданный» деп түсіндіреді (Ильминский, 172; Кирг.-русск. сл. 1897). Бұл, әрине, дәл емес; белгілі бір хандықтың, патшалықтың қоластындағылардың баршасы *қарашы* деп аталмаған (сірә, бұл ұғымды ертеректе *байтақ*, кейіннен *жұрт*, *ел*, ал орыс патшалығына қараған соң *бодан* сөздері берген болу керек), олардың ішінде тікелей хан үйінің шаруасын атқарып, көшқонына ортақтасып жүретін «подданныйлар» ғана қарашылар болса керек. Кейінірек феодалдық қоғам топтары айқындалып, оның ішінде ең басты билеуші тап – байлар экономикалық жағынан хан үйлерінен кем түспейтін дәрежеде күшейген кезде, енді байлардың да айналасында *қарашы* тәрізді әлеуметтік топтар пайда болады. Міне, осылар бір кезде, ертеректе, *байғұс* деп те аталса керек. Салыстыр: «Өтермеден кетер ме, Жарлы менен *байғұстар*» (Бұқар, 41), «Бай кісі мен *байғұсты*, Бәрін бірдей тең көрген» (Тұрмыс-салт өлеңі). *Байғұс* сөзінің бұл мағынасы «Ханның ісі *қарашыға* түсер, байдың ісі *байғұсқа* түсер» (Катанов, 15) деген мақалдан тіпті айқын байқалады. *Байғұс* сөзінің осы мағынасы Абайда да бірер жерде анық берілген: «Бай *байғұсым* десін деп» (I, 50). Бірақ көпшілік жағдайда Абай тілінде және оның тұтастарында *байғұс* сөзі аяушылық, кекетушілік реңкі бар «бейшара, мүсәпір» деген сөздердің синонимі ретінде келеді: Бағанағы *байғұс* шал (I, 50). Тиянақсыз, байлаусыз *байғұс* қылпың (I, 31).

Байғұс сөзінің *қоңсы* сөзімен синонимдік қызметі өткен ғасырда жойыла қоймағанын сол кездегі сөздіктерден де байқаймыз. Әрине, XIX ғасырдағы қазақ сөздіктерінде бұл тәрізді терминдік мәндегі сөздердің мағынасы дәл және түбегейлеп ашып көрсетілмеген, сондықтан *байғұс* сөзін «бедняк, бедный, бедняжка (с оттенком сожаления и участия), несчастный» деп аударады (қазіргі әдеби нормамызда *байғұс* сөзінің соңғы «бедняжка, несчастный» мағыналары қалыптасып орныққан да, «бедняк, бедный» ұғымдары жойылған).

Абай тұсында *байғұс* атауымен параллель *қоңсы* атауы жиі қолданылып, алдыңғы сөзді бірте-бірте ығыстыра бастайды да (оған «бедняжка, несчастный» деген мағыналарды қалдырады да) өзі әлеуметтік термин ретінде қалыптасуға бет алады. *Қоңсы* сөзін Ильминский «человек, живущий в чьем ауле под покровительством» (183) деп көрсетсе, А.Старчевский де осыны қайталап береді («Спутник...» 1878), 1897 жылғы қазақшарысыша сөздік айқындақырап: *қоңсы – рабочее семейство, расположившееся около богатого, которому работает* деп береді. Қоңсылардың өткен ғасырда әсіресе әлеуметтік сипаты айқындалып, өздері қаналушы бұқара ішіндегі белгілі бір топқа айналғанын және олардың басы бос, яғни өзі қызмет етіп жүрген байынан көшіп кетіп қала алатынын, бірақ шаруашылық жағынан тәуелді екенін ауыз әдебиеті де, сол кездегі көркем әдебиет те, оның ішінде Абай тілі де көрсетеді: «Байдың бағы таярда, Қасынан *қоңсы* қозғалар» (Базар, 249); «Отты түртсең, өшірерсің, *Қоңсыны* кеулесең, көшірерсің» (Мақал); «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, Жаман кісіге мал бітсе, жанына *қоңсы* қондырмас» (Мақал). Тегі, бұл мысалдардың барлығында да *қоңсы* сөзі *көшу*, *қону* сөздерімен бірге қолданылғанына қарағанда, қоңсылардың алдымен өзі тәуелді үйімен бір ауыл құрап, қоныстас болып, соны сағалау (яғни өзінде жоқ көш-қон көлік пен сауар малды сол байдан алу) сипаты көзге түседі. Тарихшы-экономист мамандардың айтуына қарағанда, о баста *қоңсы* деп, қонысы, яғни жайылымы мен көші-қоны ортақ қауымдарды атаған. Және ол қоңсылардың (компоненттердің) экономикалық жағынан біреуі екіншісіне тәуелді болуы шарт емес болған. Қоңсының шаруашылық жағынан байға қарама-қарсы топқа айналуы кейіннен, қоғамның таптық жіктелуі күшейіп, шаруалардың кедейлене түсу процесіне байланысты пайда болған¹⁴².

Ат баймен бірге көшіп-қонбай, бірақ белгілі бір маусымда (кейде тіпті жыл бойына) соның қызметін атқаратын әлеуметтік топ – қоңсылардан өзгешеленіп, басқаша аталады. Шаруасы жағынан дербестігі жойылмаған (яғни жалғыз-жарым болса да сауар малы, бірер көлігі бар), бірақ қоңсылар

¹⁴² Сонда, 72-6.

тәрізді, кедейленіп, күнкөрістің қосымша түрлерін іздестіре бастаған кедейлер (жарлылар) тобы¹⁴³ айқындалып, қоғам құрылымына кіреді. Қазақ байлары шаруашылығында жалдама еңбек категориясының пайда болуымен байланысты туған бұл жаңа әлеуметтік топтың тілдегі атауы *жалшы* сөзі болды. *Жалшы* неологизмі – жалпы атау. Байға жалданып, оның жұмысын белгілі бір маусымда ғана атқаруға немесе жыл бойына тұрақтанып жалдануына қарай және де атқаратын жұмыс сипатына орай жалшылардың өзі *малай*, *қызметші*, *бақташы*, *орақшы*, *науқанишы* т.б. деп атала бастайды. Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, ауыл шаруашылығындағы бұл жалдама жұмысшылар тобы өткен ғасырдың I жартысында әлі мардымсыз түрде болғанмен, II жартысында етек алып, сол тұстағы Қазақстан экономикасын сипаттайтын ерекшеліктердің біріне айналады¹⁴⁴.

Қоғамның экономикалық өміріндегі бұл жаңалықтар әдеби тілде, оның ішінде Абай тілінде көрінбей қалмады. *Жалшы* сөзі Абайда ең алдымен жалпы атау ретінде қолданылған: «... Біріміз *жалшы*, біріміз қош алушымыз» (II, 159); «Бай ұлына *жалшы* ұлы жалынышты» (I, 72); «Байда мейір, *жалшы*да бейіл де жоқ» (I, 73). Бұл сөйлемдердегі *жалшы* сөзіне қарап, жалданып күн көрушілердің нақтылы қай түрі туралы әңгіме болып отырғанын аңғару қиын, мұндағы *жалшы* – әйтеуір жалдама еңбек адамы, экономикалық тәуелді топ, каналушы шаруа. Абай *жалшы* сөзін аударма шығармаларында *слуга* деген жалданушы топтың нақтылы бір түрін атау үшін де пайдаланған: «Бір *жалшы* келді есікке қалт-құлт етіп» (II, 154) – *Слуги* вышли с фонарями (Лермонтов, IV, 87). «Қошеметтің жөні деп қос *жалшысы*» (II, 153) – *Слуги* подхватили шутку (Лермонтов, IV, 186). Бірақ *слуга* сөзінің баламасы ретіндегі *жалшы* сөзі – тұрақты норма емес, бұл мағынада Абайда *малай*, *қызметші кісі* сөздеріде пайдаланылған: «Екі *малай* артынан ертіп алған» (II, 152) – Двое *слуг* следовали за ним (Лермонтов, IV, 185). «Боласың ба *қызметші* менің *кісім*» (II, 153) – Хочешь ли быть *моим слугою* (Лермонтов, IV, 186). Үй ішінің

¹⁴³ Зиманов С. Общественный строй казахов I пол. XIX в. - Алма-Ата, 1958. - С. 287-251.

¹⁴⁴ Бекмаханов Е. Көрсетілген еңбек. - 184-б.

жинап-жуу тәрізді ұсақ-түйек жұмыстарын атқарушы жалшыны (*лакей, служитель, слуга*) *малай, қызметші* деп атау тенденциясы, ал қора-қопсы немесе басқа да сыртқы шаруаларды атқарушы жалшыны (*работник*) *жұмыскер* деп атау тенденциясы басталғаны байқалады. Бірақ сол кездегі сөздіктерде, Ыбырай шығармаларында, тіпті Абайда да бұлар әлі орныкпай, бірінің орнына бірі беріліп немесе параллель көрсетілгеніне қарағанда, жалшының жеке түрлерінің атаулары Абай тұсында әлі нақтыланып, дараланып нормаланбаған деп табамыз. Мысалы, И.Букин сөздігінде *лакей – қызметші, шоры; работник – жұмыскер, малай; қызметші – лакей, служитель* деп берілген. Ыбырай *слуга* ұғымын *жұмыскер* сөзімен береді: Бай *жұмыскеріне* ұрсып тұр екен (Алтынсарин, 1879. 47). Сонда қазы ыза болып, ұшып тұрып, *жұмыскерлерін* шақырып бұйырды (Сонда. 43). Букин сөздігінде жалдама еңбек етушінің бір түрі *поденщик* дегеннің *күндікші* деген атауының көрсетілуі өте қызғылықты. Ең алдымен, өткен ғасырдағы әлеуметтік лексика саласында калька арқылы жаңа сөз жасау тәсілінің туа бастағанын танытса, екіншіден, *күндікші* сөзінің халық тілінде қолданылғанын білдіреді (бірақ сол тұстағы көркем әдебиет тілінде, оның ішінде Абай тілінде де, бұл термин кездеспейді).

Жалшы зат есімімен қатар, *жал* түбірінен туған *жалдау, жалға жүру* сөздері де осы тұста, әсіресе, Абай тілінде активтенеді: Егер онысы *жалға жүргеніңде* жаныңды қинап, еңбекпенен мал тап деген сөз болса... (II, 185). *Жалға жүр*, жат жерге кет, мал тауып кел (I, 174).

Қазақ қауымының әлеуметтік структурасында әңгіме етіп отырған кезеңде бой көрсеткен топтың бірі – жатақтар. *Жатақ* сөзі – XIX ғасырдың өн бойына бір ғана мағынаны тапжылмастан білдіріп келген сөз емес. *Жатақ* деп аталған қоғамдық категорияның әлеуметтік күйінің (мәні, болмысы) өзгеріп отырғанына орай, *жатақ* сөзінің де мағынасы құбылып отырған. О баста (кейін де) сірә, *жатақ* деп көш-кон көлігі жоқ болғандықтан, коллективпен бірге жайлауға шыға алмай, қыстауда қалып қойған кедейлер тобы аталса керек: Кедейің қайтіп күн көрер, Жаз *жатақта* жатқаны (Шортанбай, 156). Ал XIX ғасырдың I жартысында *жатақ* деген сөз қала-селолы

жерлердің маңынан қоныс теуіп, отырықшыланған шаруалар тобын білдіре бастайды¹⁴⁵. ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ қоғамының таптық дифференциациясы күшеюіне байланысты *жатақтардың* әлеуметтік өңі өзгереді, яғни «өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша *жатақтар* – жаңа-жаңа пайда бола бастаған ауыл шаруашылық пролетариаты. Тіпті кейіннен өнеркәсіп пролетариатының бір бөлегі осы *жатақтар* арасынан шығады»¹⁴⁶. Дегенмен *жатақ* сөзі Абай тұсында тек ең соңғы көрсетілген мағынада ғана қолданылады деп кесіп айтуға болмайды. Сөз жоқ, *жатақтың* басым, негізгі ұғымы «қалалар мен орыс поселкелерінің маңындағы әр алуан кәсіппен айналысқан отырықшы қазақтар» дегенді білдіреді. Сондықтан да болу керек, А. Старчевский *жатақ* сөзін *оседлый киргиз* деп аударады («Спутник»... 1878). Кейбір зерттеушілерге қарағанда, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында тек жоқ-жұқа кедейлер емес, кейбір ауқатты шаруалар да қала-село маңынан тұрақты қоныс теуіп, өз шаруасын базар қажетіне өтеуге лайықтап жүргізе бастайды. Олардың бірқатары әр алуан кәсіппен, кейбіреулері егіншілікпен, үшінші біреулері саудамен айналысып, енді жатақтардың өз ішінен таптық жіктелу басталады. Жатақтардың ең көп өрбіген жері Семей облысы болады. Сөйтіп, *жатақ* сөзінің о бастағы көшуге көлігі болмай, қыстауда «жатып» қалған ең сорлы кедей деген мағынасы ғасырдың соңына қарай айтарлықтай өзгереді¹⁴⁷. Ал Абайдың «Зекет жиып, егін сап, Тойдырып ғаріп, *жатақты*» (І, 186) дегендерінен де *жатақ* сөзінің егіншілік кәсібімен айналысқан отырықшы топ деген мағынасы аңғарылады.

Еңбекші бұқараның жоғарғы көрсетілген топтардан өзге бір бөлігі және болды. Олар – экономикалық жағынан байға толық тәуелді емес, бірер болса да көшер көлік, сауар малы барлар. Оларды тілде *шаруа, кедей, кедей шаруа* деп атаған.

Абай бұл топты көбінесе *кедей* деп береді: *Кедейдің* өзі жүрер малды бағып (І, 72). Қоғамның әлеуметтік топтарын санап өтетін 8-сөзінде *болыс, би, бай, ұры-залым, сұм, сұрқия, кедей* дегендерді атайды да осы соңғы терминнің образды

¹⁴⁵ Зиманов С. Көрсетілген еңбек. - 251-б.

¹⁴⁶ Бекмаханов Е. Көрсетілген еңбек. - 187-188-б.

¹⁴⁷ Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане поел. четв. ХІХ и начала ХХ в. - Алма-Ата, 1963. - 159-163.

дублеті ретінде *қой жүнді қоңыршалар* деген тіркесті келтіреді (II, 166). Әрине, *қоңырша* сөзі әлеуметтік термин боп орныққан жоқ (және Абай оны термин ретінде қалыптастыру мақсатымен қолданған емес). Абайдың *кедей* деп отырғандарының бәрі – қой жүнді қоңыршалар емес, титығы құрып, жалшылыққа кетуге аз-ақжетпей жүргендер. Мысалы, Барында баймын деп мақтанады. Жоғында баяғыда мал бітіп еді деп мақтанады. *Кедей* болған соң, тағы қайыршылыққа түседі (II, 168).

Шаруа сөзінің *кедей*-дің дублеті ретінде қолданылуы Абайда сирек болса да бар. *Шаруаның* біреуі екеу болып, жаңа жолмен көбейіп дәулст өнер (1,123). Бірақ бұл жердегі *шаруа* сөзін *кедей* деген терминнен гөрі «шаруа баққан адам» деген жалпылама ұғымда деп те түсінуге болады. *Шаруа* вариантының бұл мағынасы мына сөйлемде тіпті айқын: Қайын бардық, Қатын алдық, Енші тиді азғана. *Шаруа* атандық, Енді ойландық, Қала берді бозбала (I, 130). *Шаруа* сөзі Абайда әлеуметтік топ, тап атауы ретіндегі терминдік мағынадан гөрі, *шаруа қылу*, *шаруаға үйрену* тәрізді тіркестерде келіп немесе жеке тұрып, «күн көріс кәсібі, жұмыс» деген мағыналарда жиі қолданылған: Оралып ешбір *шаруа* оңалмай жүр (I, 34); *Шаруаға* қыры жоқ (I, 59); Сыпайы жүр де *шаруа ойла* (I, 240); Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді, *шаруа да қылар еді* (II, 169). *Еш шаруа*, өнерге үйрене алмай (II, 213). Бұл кезде *шаруа* сөзінің «кәсіп», «жұмыс» ұғымында жұмсалуы жалғыз Абайда емес, өзгелерде де басым болғанын байқаймыз. Мысалы, Дулатта *шаруа жию*, *шаруа істеу* тіркесі жиі кездеседі.

Кедей мен *жарлы* деген екі сөздің бұл тұста тағы бір қызметі болған. Ол – қоғамдағы қарама-қарсы екі таптың біреуінің, атап айтсақ, қаналушы таптың жалпы атауын білдіретін қызметі. XIX ғасырдың II жартысында хатқа түскен ауыз әдебиетті үлгілерінде бұл варианттар қатар жүреді. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында біресе *кедей*, біресе *жарлы* деп таза дублет ретінде қолданылған. Бас герой – Қамбарды *кедей* деп те, *жарлы* деп те атай береді. Жалаң аяқ *жарлының* жүргені бізге жақындап. Қамбар ойлайды: «Мені *жарлы* деп шақырмады»; «*Кедейсің* деген кісіге қылмайды батыр намысты. Ақ бетім менің солды ма, *Кедейдің* соры болды ма?» т.б.

Өткен ғасырдың өн бойындағы қазақ ақындарының шығармаларында да бұл екі сөз бірінің орнына бірі талғаусыз қолданыла береді: Қу таяқты *кедейге* Дәулет бітпес деменіз (Бұқар, 34); *Жарлыны* жарлы деменіз, *Жарлы* байға тең келіп (Бұқар, 33); *Жарлы, кедей*, жоқ, жатау (жұтау, жадау?), Қайтіп күнін көреді (Дулат, 67); Күтімсіз сол кезекте *кедей* болсаң (Шал, 52). Дегенмен ғасырдың аяқ кезінде бұл екі сөзді ажыратып, біреуін тұрақты атау (термин) ретінде қалыптастыру тенденциясы болғаны байқалады. Мысалы, сол тұстағы сөздіктердің алғашқыларында (А.Старчевский, И.Букиндерде) *кедейді* де, *жарлыны* да «бедный, бедняк, нищий, скудный» деп көрсетсе, 1897 жылғы сөздікте *кедей* – *бедняк* және *бедный*; *жарлы* – *бедный* деп, біреуін зат есім (атау), біреуін сын есімге бағыштау әрекеті бар. Ал Ыбырай *кедей* сөзін көбірек алады: ... Бұлотыз үйлі *кедейді* (Алтынсарин, 1879, 37). Абай да көбінесе *кедей* сөзін қолданады: ...Қайта *кедейдің* балаларын орысқа қорлап берді (II, 179); *Кедей* көп болса, ақысы кем болар еді... (II, 159); Білім-ғылым *кедейге* керегі жоқтай-ақ (II, 166). Абайдағы *кедей* сөзінің қоғамдағы қарама-қарсы екі таптың біреуінің атауы ретінде қолданылатындығы *бай* сөзімен қатар жүрген жерлерінде айқынырақ көрінеді: *Бай* малын бағып, *кедей* жоғын іздеп... (II, 169).

Абайда *кедей* сөзінің үшінші қызметі және бар. Ақын бұл сөзді «нищий» дегеннің баламасы ретінде де пайдаланады: Қуды кет деп *кедейді* әлгі тұрған (II, 153) – Оттолкнув *нищих* (Лермонтов, 185); Жаман үйде жалғыз шал, Өзі *кедей* күңіренді (II, 124); Дорбаға *кедей* жабысты (II, 125). Бұл соңғы екі мысал Крыловтың «Бедный богач» деген баснясынан аударған өлеңінде. Сірә, бұл мысалдың «*Жарлы бай*» деген атын автор қойған емес, ол – кейінгілердің қолы. Абайдың өзі қойса, осында қолданған *кедей*, *байғұс*, *сорлы*, *жазған* деген синонимдердің бірін келтірген болар еді, қайтер еді? Тегі, Абай *жарлы* сөзін таптың атау ретінде де, «нищий» мағынасында да сирек пайдаланған. Соған қарағанда Абайда параллель келе жатқан екі сөздің бірін атау (зат есім) ретінде қалыптастыру принципі болғанын аңғарамыз.

Әлеуметтік лексикаға жататын сөздердің бірі – қоғам мүше-

лерінің жалпы атауы болмақ. Қазіргі әдеби нормамызда бұл ұғымда *халық* деген сөз терминделіп қалыптасты. Ал өткен ғасырда бұл мағынада бірнеше сөз қатар қолданылған: *халық, жұрт, астана жұрт, қара халық, қара жұрт, қара қазақ, бұқара, бенде, әлеумет, алаш, ел*. Әрине, бұлардың барлығы – бір-біріне тепе-тең дублеттер емес: әрқайсысының мағыналық реңктері, тіпті стильдік қолданысы және актив-пассивтігі жағынан өз орны болған. *Қара, қара халық, қара жұрт, қара қазақ* атаулары – еңбекші бұқараны, қоғамның көпшілігін билеуші, ақсүйек азшылықтан айырып көрсету үшін қолданылған сөздер. Н.Ильминский *қара қазақ* дегенге параллель етіп *қара сүйек* деген тіркесті береді де оларды «простой киргиз (не солтанского происхождения)» деп аударарды (Ильминский, 171). Абай 3-4 жерде *қара халық, қара жұрт* деген тіркестерді «бұқара, масса» деген ұғымда қолданады (II, 169, 211).

Жұрт сөзі де бірнеше мағынада жұмсалған. Өткен ғасырдағы сөздіктерде «*жұрт* – страна, государство, царство, владение, жительство, отечество; стойбище, стан, лагерь; народ, толпа, много людей; место, где стоит аул» («Спутник...» 1878) деп, негізінен, бұл сөздің төрт түрлі мағынада қолданатындығы көрсетілген. Сірә, өткен ғасырдың соңғы кезінде бұл сөздің «халық, бұқара, масса» деген ұғымы басым (актив) болғаны байқалады. 1897 жылғы сөздік *жұрт* сөзін «народ (в целом составе его или часть), толпа, много людей» деп қана түсіндіреді. Ал бұрынырақ бұл сөз «страна, владение, ханство, господство» деген ұғымда да қолданылған. Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілеріндегі (жырлардағы) «Арыстаным, жөнінді айт, Қайсы *жұрттан* келесің» деген жолдарда *жұрт* – соңғы көрсетілген мағынада қолданылған. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақтың хан, би, старшиналары атынан патша үкіметінің әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан хат, арыз, донесение т.б. документтерінде, яғни ресми-кеңсе және эпистолярлық стильде *йұрт* сөзі «территориялық тұтастық ретінде біріккен адамдар қауымы» мағынасында жұмсалған: *қырғыз-қазақ йұрты, Руссия йұрты, Орал йұртындағы башқұртлар* (уральские башкиры), *күллі йұртымызның жасағатлары* (общины всего

нашего жұрта) т.т. Сондықтан да осы документтердің орысша аудармасында бұл сөз өзгертілмей, *жұрт* деп алынған да, оған мынадай түсініктеме берілген: «*жұрт* – страна, территория, на которой живет одна семья (усадыба) или род, или народ, но без акцента на последнего (т.е. на население, народ), обозначающего термином «ель» (иль, эль)¹⁴⁸. Сірә, *жұрт* сөзі бұл мағынада кейіннен шыққан *хандық*, *патшалық* тәрізді туынды атаулардың орнында жұмсалған. Салыстыр: XVIII ғасырдың документтерінде *Кіші жүз жұрты* түрінде кездесетін тіркес қазірде *Кіші жүз хандығы* (ордасы) деп қолданылады, сондай-ақ *Россия йұрты* – *Россия патшалығы* (империясы) т.т.

Абай *жұрт* сөзін «ел, территориялық-әкімшілікке топталған ел, халық, ұлт» ұғымында жұмсайды. Сондықтан да Абайда *жұрт* сөзі *ел*, *қазақ*, *халық* сөздерімен параллель, солардың дублеті ретінде жүреді: Қалың *елім*, *қазағым*, қайран *жұртым* (I, 31). Аңдығаны өз *елі...* (I, 113). Осы *жұрт* па тапқаның (I, 114). *Жұртым* деуге арлымын: Өзге *жұрттан* ұялып (I, 140).

Сонымен қатар Абай *жұрт* сөзін «жалпы адамдар, көпшілік» деген мағынада да жиі қолданған.

Өткен ғасырдың II жартысында арабтың *халық* деген сөзі актив қолданыла бастайды. Бұл тек «қазақ халқы» (*алаш* сияқты) немесе тек «территориялық тұтастық» (*жұрт* сияқты) дегенді емес, жалпы адамдар қоғамы (народ) деген кең ұғымды білдіретін атау ретінде жұмсалады. Абайда: «Қажымас дос *халықта* жоқ» (I, 108); «...Өзіне қараған *халыққа* есептеп жүріпті» (II, 221). *Халық* сөзінің этникалық тұтастық, ұлттық единица (осы күнгі *қазақ халқы*, *өзбек халқы* деген тәрізді) мағынасында жұмсалуды, біздің байқауымызша, Абай тұсында және Абайдың өзінде де әлі әлсіз. Абай көбінесе әрбір ұлттық қауымды сол ұлттың атымен атайды да *халқы* дегенді тіркестірмейді: Біздің *қазақтың* жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені (II, 170). *Қазақты* жақсы көрем бе, жек көрем бе? (II, 166). *Ноғайға* қарасам, солдаттыққа да шыдайды (II, 158). *Орысқа* айтар сөз де жоқ... (II, 159).

Дегенмен *халық* сөзін «ұлт, этникалық единица» ұғымында қолдану нышандары да жоқ емес. Мысалы, Абайдың: «...бізден

¹⁴⁸ Материалы по истории Казахской ССР. - М.-Л., 1940. - Т. IV. - С. 481.

басқа *халықтың* бәрі антұрған екен, ең тәуір *халық* біз екенбіз», – деп» (II, 158) деген сөйлемінде *халық* сөзі соңғы мағынада жұмсалған, өйткені алдында орыс, өзбек, татар халықтары туралы сөз етеді.

Әрине, бұл кезде *халық* сөзі жалпы «народ» мағынасында әбден қалыптасып, тұрақталған емес: бұл ұғымда *алеумет*, *бұқара* сөздері де қатар қолданылған (бұл сөздер қазіргі әдеби тілімізде де бар, бірақ олар осы күнде *халық* сөзінің дублеттері емес, әрқайсысы – стильдік қолданысы мен мағыналық реңкі бар лексемалар).

Абай тұсындағы қоғам структурасын сипаттайтын лексикалық элементтердің ішінде Россия қоғамы категорияларының да қазақ тіліндегі атаулары кездесе бастайды. Россия империясындағы жер тапшылығынан орыс шаруаларының атамекенінен қозғалып, ұлан-байтақ Қазақстан территориясынан қоныс тебулері Абай тұсынан көп бұрын басталған болатын. Сондықтан орыс шаруаларын да өзгелерден айырып атау қажеттігі туады. Бұл, әсіресе, переселенецтер қозғалысының аса бір күшейген шағы – өткен ғасырдың II жартысында айрықша сөз етіледі. Орыс шаруаларының орысша атаулары *крестьян* және *мужик* сөздерін қазақша атаудың сол кезде бірнеше варианты болды. Ең көбірек қолданылғаны (әсіресе солтүстік-батыс өлкелерінде) *қара шекпен* тіркесі болған. Бұл атау, әсіресе, сөздіктер мен баспасөз тілінде көбірек кездеседі. Сонымен қатар *мұжық* сөзі қолданылған. Бұл Ыбырай тілінде және өзге ақындарда, бірен-саран сөздікте осы күйінде берілген. Бір жарлы *мужик* (Алтынсарин, 1879, 40). *Мужик* пен жасауыл (Сонда. 11). *Мужик* – мұжық, қара шекпен (И. Букин, 1883). Түргендегі *мұжықтың* аты едім-ай (Сүйінбай, 178).

Абайда *қара шекпен* атауы текст ішінде кездеспейді. Ал И.А.Крыловтың «Крестьянин в беде» атты мысалының атын «Қазаға ұшыраған қара шекпен» деп қоюы Абайдың қолы емес тәрізді, өйткені Абай, сірә, өлеңге ат қою дегенді машықтамағаны белгілі, екіншіден, мұнда аудармашы *крестьянин* туралы емес, *бай* туралы (тіпті, ол – жалпы бай да емес, купец, лавка ұстаған саудагер бай) туралы айтады:

«Қорасына бір *байдың* түнде кірді ұрылар»; «Қайғысыз жатып, қарны тоқ» (қай *крестьяниннің* қайғысы жоқ, қарны тоқ болып еді!); «Ұйқысы қанып тұрды *бай*» (II, 122).

Тегі, Абай тұсында қазақ даласында орыс *крестьянині* де, оның атауы да болғанмен, ақын шығармаларында бұл атау (немесе атаулар) кездеспейді, ол Абайдың бұл сөздерді жатырқауы емес, жалпы тақырыпқа орай тіліне оралмағандығы деп тану керек.

Қазақ қоғамында бұрын бейтаныс категорияны атау процесінде *крестьянин*) варианты алу да жоқ емес: Бара-бар *крестьянға* тең болмадық (Ақан сері).

Ал орыс қоғамына тән *помещик, дворянин, рабочий, фабрикант (капиталист)* тәрізді әлеуметтік тап, топ атаулары не олардың қазақша баламалары Абай тілінен орын алмаған. *Помещик, фабрикант* дегендерді жалпы бір атаумен *бай* деп алады: Лермонтовтың «Вадим» атты шығармасының аудармасында Палицын деген *дворянинді* Абай *бай* деп береді: «*Палицын бай* есікке келіп еді» (II, 152) – русского *дворянина...* *Палицына* (Лермонтов, IV, 185); «Әрбір *бай* жалдап жатыр жүз кедейді» (II, 116). Осының алдындағы: «Бақша, зауыт, жайларды қылдым талқан» дегенге қарағанда, бұл жердегі *бай* – өндіріс иесі (*фабрикант, капиталист*) немесе помещик. Бұл жердегі *кедей* де – *рабочий* мағынасында қолданылған атау. Сірә, Абай тілінің өзінде де, тіпті жалпы Абай тұсындағы қазақ әдебиетінде де орыс қоғамын құрайтын әлеуметтік категорияларды қазақша дифференциациялап атау қажеттігі туа қоймағанға ұқсайды.

* * *

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамы өміріндегі елеулі тарихи фактілердің бірі – ел билеу-әкімшілік саласындағы жаңалық, өзгерістер.

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірін шығармаларының тақырыбы еткен ұлы ақын Абай тіл тәжірибесіндегі бұл саладағы сөздерді молынан қолданды.

Ең кіші әкімшілік единицасы ауыл басындағы старшиналар мен болыстық управлениенің басындағы болыстарды сайлау-

ға он үйден, елу үйден бір адам уәкіл болады. Осылар *он басы*, *елу басы* деп аталды. Бұлар – бұрынғы *ру басы*, *ел басы*, *топ басы* деген атаулардың моделімен жасалған терминдер. Салыстыр: Ол заманда *ел басы*, *топ басы* деген кісілер болады екен (II, 211). *Елу басы*, *он басы* деген тіркестер әкімшілік саладағы терминге айналып, тұрақталады: *Елу басы* шар салып, леп берем деп [алады] (I, 28). Ендігі байға мал бітпес, *Елу басы*, *он басы* (Шортанбай, 157).

Одан кейінгі әкім – *ауылдық старшиналар*. Бұның атауына қазақтар орысша *старшын* деген сөзді қалдырады. *Старшын* термині – қазақ даласында ертеректен келе жатқан сөз. *Старшина* звеносы XVIII ғасырдың соңы мен 1822 жылғы ел билеу реформасында бар болатын. Яғни бұл – патша үкіметінің қазақ жерін отарлау системасымен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан атау. Мысалы, Сырым Датов өзінің 1790 жылы II Екатеринаға жазған донесениесін: «...Байұлы руының баш *старшинасы* һәм тархан Сырым батыр Дад ұғлындан табиғна ғарыз намә» деп атайды. Дегенмен *старшын* сөзінің көркем әдебиет пен жалпы жазба әдебиетте активтенуі XIX ғасырдың орта тұсынан былай қарай деп шамалауға тура келеді. Өйткені Бұқар, Шал, Тәтіқара, Ақтамберді, Махамбет, Шернияз, Алмажан т.б. сияқты XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX ғасырдың I жартысында жасаған ақындар тілінде бұл сөз кездеспейді (әрине, бұл құбылыс осы ақын-жыраулардың жырлаған тақырыптары мен бізге жеткен шығармаларының көлеміне де байланысты). Абай мен оның тұтастарында, әсіресе қоғам өмірін сөз еткен Шортанбай, Дулат ақындарда *старшын* сөзі термин ретінде қалыптасып, *болыс*, *би*, *ояз* сөздерімен қатар қолданылады: *Қу старшын, аш билер* (I, 64). *Старшын, биді жиғыздым* (I, 79). *Старшина* бас бір *би...* (II, 161). *Старшын, болыс* қояды Қайдағы асыл задасын (Дулат, 70).

Болыс және *кандидат - кәнделат* сөздері де – терминдік сипатқа ие болып, әкімшілік лексикасынан берік орын тепкен лексемалар. *Кандидат* сөзінің Абай тұсындағы мағынасы – болыстың орынбасары және жай орынбасар емес, орынға таласушы адам лауазымы.

Болыс сөзінің сіңіскендігі сонша, одан *болыстық*, *болыстас* тәрізді туынды түбірлер де жасалып қолданыла бастаған: ...Қызметке, *болыстық билікке* таластық (II, 159). *Болыс* сөзі территориялық-әкімшілік единица – *волость* дегеннің де, *волостное управление* дегеннің де, *волостной управитель* дегеннің де мағынасын берген. Сондықтан «Кісісін бір *болыстың* біреу сабап» (Біржан, 185) дегендегі *болыс* сөзі – территориялық-әкімшілік бөліністің атауы. «Үш жылға *болыс* сайланады» (II, 160) дегендегі *болыс* – лауазым аты.

Болыс пен *старшина* лауазымдарына (әкімшілік инстанциясына) қатысты өткен ғасырда активтенген сөздердің қатарына *сайлау*, *шар*, *тас*, *атишабар*, *поштабай*, *бесір*, *хатшы* сөздері жатады. *Сайлау*, *сайлану* сөздері бұрын «іріктеліп, өзгелерден бөлініп шығу» деген ұғымды білдіретін қимыл атауы (етістік) ғана болса (салыстыр: *Сайланып* шыға қапсыз тобыңызбен – «Қыз Жібек»), енді процесс, акт атауына айналып, терминделеді. Бұл термин осы күнге дейін жетіп, сол мағынасында қолданылып отыр. *Сайлау* әктісіне байланысты *орынға сайлану*, *үш жылға сайлану* тәрізді фразалар пайда болады (II, 165, 160). *Тас*, *шар* сөздері – дублет, екеуінің қолданылуы бірдей: *тасқа салу* ~ *шарға салу* – баллотировать, *тасқа түсу* ~ *шарға түсу* – баллотироваться, *тас салу* ~ *шар салу* – баллотировка, *сайлаудың тасы* – балл. *Тас*, *шар* сөздері – сайлау ритуалында қолданылатын нәрсенің (*шардың*) атынан алынған атаулар. *Поштабай* (Майлықожада: *поштасы*) сөзі мен *атишабар*, *шабарман* сөздері де – дублеттер. *Болыстың* елмен немесе басқа да әкімшілік орындарымен жүргізетін әмір-жарлық, хат-хабар т.б. таситын «вестовой», *шабарман* қызметіндегі адам. Ол да – өзінше «әкім». *Поштабай*-ды орысша «почтовой»-дан алынған деп жүрміз. Ал бұл сөзден гөрі қазақ әдеби тілінде осы «лауазымда» *шабарман*, *атишабар* варианттары жиірек қолданылған. Абай да *атишабар* түрін қолданған: *Атишабар* келді лепілдеп (I, 79). Бұл – қазақ тілінде бұрыннан (хандар заманынан) бар сөз, ол *шабар* түрінде де келеді: Келмембет деген *шабары* («Қамбар», 1957. 10). *Шабарман* варианты кейін XIX ғасырда пайда болған немесе осы тұста активтенген деп топшылаймыз. Өйткені осы тұста пайда

болған *атарман* компоненті қатарласа, *атарман-шабарман* болып қолданылады. Және бұл тұлғаларда жек көру, кекету мағыналары бар. Өткен ғасырдағы болыстың атшабарлары тек хабар тасушы миссиясын емес, болыстың әмір-жарлығын орындатушы болып, полицейлік те қызмет атқарған. Бұл қызметті ақырып-жекіріп, ұрып-соғып атқаруларына қарай халық *атарман-шабарман* деп атап кетсе керек-ті.

Әкімшіліктің жоғарғы инстанцияларында патша үкіметінің адамдары – орыстар отырғаны мәлім. Олардың атаулары *ояз*, *жанарал* – *жандарал*, *майыр*, *төре*, *әкім* және... *орыс*. *Ояз* сөзі жоғарғы *болыс* сөзі сияқты, әкімшілік звеноның атауын да, оның басындағы адамның лауазымын да білдірген: «*Ояз* келсе қайтер ең?» (I, 75); «*Ояз* шықты, сияз бар» (I, 79). Ал *майыр* (*майор*) сөзі *жанарал* (*генерал*) сөзіне дублет болу керек, бірақ өткен ғасырдағы қазақ әдеби тілінде *майыр* варианты жиірек қолданылғанын байқаймыз: Тек *майырдың* күлгені керек деп... (II, 179). *Майырдың* алса бұйрығын Ел пысығы жортады (Дулат, 94).

Бұлар – орыс әкімдерінің конкретті атаулары. Бұлардың сонымен қатар жалпылама атаулары да пайда болған. *Ұлық* сөзі – орыстан болған жалпы «ел басы, начальник» дегеннің баламасы, *әкім* – «жалпы начальник», *төре* – «чиновник» дегендерге балама ретінде қолданылған. Абай *ұлық* сөзін «власть» ұғымымен де ұштастырады, бұл жалпы халық тіліндегі *ұлық* сөзінің жоғарғы «өкімет иесі» деген ассоциациясынан туса керек: *Ұлыққа* қошеметшіл құл сықылды, Қатерге аяқ баспас, көрмей артын (II, 103) – Перед опасностью позорно-малодушные и перед властью презренные рабы (Лермонтов, I, 32).

«Начальник» ұғымын *әкім* сөзімен білдіру де бар: Абырой кетті *әкімнен* (Шортанбай). Бұл, әсіресе, сөздіктерде көрінеді. Осы мағынада *бастық* сөзі де енді-енді қолданыла бастаған (1878, 1897 жылғы сөздіктерде).

Патша үкіметі әкімшілік звеносында жоғары тұрғандарын (орыс адамдарынан болған ұлықтарды) немесе жалпы әкімшілік орынның өзін Абайда да, басқаларда да *орыс* деп атау бар: *Орыс* сияз қылдырса; *Орыссыз* жерде топ болса (I, 64). Шелтірейтіп *орысың* Шенді шекпен жапқанға (I, 84). *Орыс*

айтты: «Өзіне ерік берем», – деп (I, 29). *Орыста* қалар жаласы (I, 51).

Ел билеудің жаңа системасына лайық туған жаңа элеуметтік категориялардың атаулары *атқамінер* мен *пысық* сөздері субстантивтеніп, актив қолданылады. *Атқамінерлер* деп жергілікті әкімшілік органдарын сайлауына қажетті үгіт ісіне қатысушы адамды атаған¹⁴⁹. Атқамінерлердің функциясы – жалғыз бұл емес. Өткен ғасырдағы атқамінерлерді сол кездің өзінде-ақ А. Диваев былайша дәл сипаттайды: «Этот своеобразный тип киргизского общественного деятеля новейшей формации выступает на сцену в жизни туземца в 4-х различных видах: как агитатор при выборах туземной администрации, как посредник между выборщиками и народом в хлопотах по возврату затрат на выборы, как пособник сбора податей и, наконец, как интриган при смещении туземной администрации»¹⁵⁰.

Енді бірқатар зерттеушілер бұл сөздің мағынасын (яғни атқамінерлердің элеуметтік сипатын) бұдан да кеңірек етіп көрсетеді: «Казахский народ всех лиц, занимающих должности волостных управителей, судей аульных старшин, волостных писарей, переводчиков, пятидесятников, лиц, ранее занимавших эти должности, а также всех тех, кто так или иначе принимал активное участие в политической жизни населения, в то время называл аткаминерами»¹⁵¹. Демек, *атқамінер* сөзінің беретін мағынасы да оның осы көрсетілген қызметтерінен шығады. *Атқамінер* сөзін Абай да, оның тұстастары да көркем әдебиетте молынан пайдаланған. Көркем әдебиетте қолданылған *атқамінер* атауының мағынасы, көбінесе, А. Диваев көрсеткендей, элеуметтік топты білдіреді. Өткен ғасырда бұл сөзбен болыс, би, писарь т.б. – қысқасы, әкімшілік орнындағы адамдарды атаудан гөрі, соларға қызмет ететін элеуметтік топты атағаны сезіледі. Бұл ретте *атқамінер* мен *пысық* сөздері бір-біріне дублет болып түседі: «Ендігі *атқа мінгендер* Күнде ертеңге талмайды» (I, 64); «*Атқамінер* ауыл-

¹⁴⁹ Сулейменов Б. Аграрный вопрос... - Алма-Ата, 1963. - С. 89.

¹⁵⁰ «Окраина». - 1894. - № 66. В. Сулейменовтың жоғарыда аталған мақаласы бойынша келтірілді.

¹⁵¹ Толыбеков С. Е. Общественно-экономический строй казахов в XVIII-XIX вв. - Алма-Ата, 1959. - С. 319.

да Итше ілініп, ылықты» (Дулат, 75); «Ауылдың *атқамінері* – Жемтікке қонған күшіген» (Дулат, 94). Ал *пысық* деген категория мен оның атауының Абай заманында туғанын ақынның өзі айтады: *Пысық* деген ат шықты... *Пысық* кім деп сұрасаң (I, 59). *Пысықтар* шалқайды, Таласып теңдеске (I, 159). *Пысық* – жағымсыз топтың атауы. *Пысық* атауы, біздіңше, *атқамінер* сөзімен мағыналас. *Пысық* сөзі мен *қу* сөзі де қатар қолданылады: «*Қу, пысық*» деген ат қайда? (I, 160). Майырдың алса бұйрығын Ел *пысығы* жортады (Дулат, 94).

XIX ғасырдағы қазақ лексикасының әкімшілікке қатысты тобында *патша* сөзі жиі қолданылғаны байқалады. Бұл сөз қазақ тілінде бұрыннан да бар болатын. Әсіресе XVIII ғасырда Қазақ жерінің Россияға бағына бастауымен байланысты Россия үкіметінің монархы – *царь*-ды қазақша *патша* деп атау қалыптасады. Абай *патша* сөзін көбінесе екі мағынада қолданады. Бірі – орыс патшасы емес, жалпы монарх, ел билеуші мәнінде: Бақпен асқан *патшадан* Мыймен асқан қара артық (II, 194). Халық билеген *патшалар*, Уақыты жетсе – құлайды (I, 188). Екіншісі – бір нәрсенің ең биігі, зоры, үлкені мағынасында. Өлең – сөздің *патшасы* (I, 66). *Патша Құдай* сыйындым (I, 42). Абайда орыс патшасына тікелей арнап атау жоқ. Ал Абайдан бұрынырақ та, тұстас та, кейінірек те жасаған қазақ ақындарының көбінен орыс патшасына тікелей атау кездеседі. Тіпті *ақ патша*, *патшамыз* деген тіркестер мен арнаулы атаулар да пайда болғаны байқалады. Мысалы, Шерниязда: «Қылған ол *ақ патшамен* алыс-беріс» (129); Ақан серіде: «Тартылып қай жараға ем болмадық, Қалайша *патшамызға* дем болмадық» (259). Сонымен қатар *патша* сөзі өткендегі ақындарда Абайдағы сияқты «жалпы ел билеуші» деген ауыспалы мағынада да қолданылған: «Хан Тезек, батыр Тезек, *патша* Тезек» (Сүйінбай, 179). Бұл жерде титулды атап отырса, ақын біреуін-ақ қолданар еді. Мұндағы *хан* да, *батыр* да, *патша* да – «ел билеуші» деген ауыспалы мағынада пайдаланылған атаулар.

Абай тілінде кездеспегенмен, бұл тұстағы жалпыхалықтық тілде әкімшілікке қатысты *мөр* (печать), *бесір* (писарь, писец), *санат* (сенат: Және де сегіз *санат* – алыскыя – Ақан сері, 258),

медаль (Алтын медаль, шар айна, белдік алдық – Шөже, 121), *махкеме* – *мекеме* (уездное, губернское управление), *ыштат* (перечет кибиток на трехлетие, выбор должностных лиц из киргизов) сөздері қолданылған. Бұлар сол кездегі сөздіктерден және бірен-саран көркем әдебиет пен баспасөзден орын алған.

Сот-заң істеріне қатысты сөздер

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ даласындағы заң, сот құрылысы сол тұстағы саяси-әкімшілік жағдайға тікелей сәйкесті болғаны мәлім. Мамандардың зерттеулеріне қарағанда, бұл кезде Қазақстанда үш түрлі заң правосы қатарласа өмір сүрген: бірі – қазақтың байырғы әдет-ғұрпына негізделген право (уголовное, обычное право), екіншісі – Россия үкіметінің бүкіл империялық правосы, үшіншісі – ислам дінінің заң правосы – шарифат¹⁵². Әрине, бұл үшеуінің арасалмағы мен халық өміріне сіңісу тарихы (ертелі-кештігі) бірдей болған жоқ. Қазақтың өз заңы күнделікті тұрмыстағы қылмысты істерді қарауға қолданылса, Россия правосы мемлекеттік мәндегі қылмыстарды тексерді, ал ислам дініне және кейбір неке-семья қатынастарына байланысты қылмысты істерді шарифат бойынша тексерді¹⁵³. Осыларға орай Абай заманында қазақ тілінде осы үш правоның үшеуінің де терминдері, сөздері қатар қолданылды.

Бұлардың ішінде әріден келе жатқан қазақ өмірінде жиірек қолданылғаны – қазақтың өз заңы (әдет-ғұрып) болды. Көзін әріден – қазақ қоғамының тапқа жіктеле бастаған дәуірлерінен алып, ұзақ замандар бойы феодалдық қоғамның қондырмасы ретінде қызмет етіп келе жатқан бұл право XIX ғасырдың II жартысында күшін жоймаған болатын. Сондықтан бұл тұстағы қазақ әдеби тіліндегі заңға қатысты лексика тобының қомақтысы осы правоның түрлі институттары мен ұғымдарына байланыстылары болды.

¹⁵² *Культелеев Т.М.* Уголовное обычное право казахов. - Алма-Ата, 1955. - С. 101, 121, 152; Юридическая наука и образование в Казахской ССР за 30 лет и наши задачи // *Известия АН КазССР.* - Серия юрид. - 1948. - Вып.1. - С. 3.

¹⁵³ Сонда. - 83-б.

Ең алдымен, осы правоның қазақша атауы жайында. Орыстың ғылыми әдебиетінде бұл право «обычное право казахов» (дәлірегі: «уголовное обычное право казахов») немесе «адат»деп аталып келеді. Ал қазақша бұл ұғымның бір сөзбен аталатын тұрақты термині болмаған. *Әдет, қазақтың ескі әдеті, әдет-ғұрпы, жол* деген сөздердің таза юриспруденциялық термин еместігін заң мамандары да атайды¹⁵⁴. *Әдет, әдет-ғұрып* сөздері тек заңға байланысты емес, жалпы салт-санадағы, әлеуметтік өмірдегі, адам баласы қылығындағы дәстүрге айналған нормаларды білдіреді. Т.М.Құлтөлеев бұрын қазақ тілінде *заң* сөзінің де қолданылғанын, ол сөздің «обычное право» деген ұғымды дәлірек беретінін айтады. Бірақ юристік ұғымдарды өте нәзік түсінген бұл тамаша зерттеуші *заң* сөзі қазақ қоғамының өзіне тән ертеден келе жатқан «обычное право» ғана емес, орыс империясының праволық ережелері – законды да білдіргенін көрсетеді¹⁵⁵. Шынында да, XIX ғасырда және одан әрі де *заң* сөзі «обычное право» дегенді ғана атайтын термин ретінде қолданылмаған. Абай: «От жақпаған үйінің сұры қашып, Ыстан қорыққан қазақтың құрсын *заңы* (I, 71) дегенде *заң* сөзін тұрмыстағы *дәстүр, әдет* деген сөздердің синонимі ретінде ғана пайдаланған. Дегенмен *заң* сөзін «обычное право» деген ұғымда қолдану да жоқ емес: Шығарған төре билеп *заң,өнеге*. Жоқ жұмыс шарифатта ол немене (Әсет, 347). Сірә, бұлайша атау (*заң, өнеге*) қазақтың «обычное правосын» *шарифат* (мұсылманның правосы) ұғымынан ажырату үшін керек болған болар.

Қазақтың әдет-ғұрып правосы – өте ертеден келе жатқан институт. Бірақ ол еш жерде жазылып, хатқа түсірілмей, ұрпақтан ұрпаққа ауызша тараған да оның ережелері «билер сөздері» деп аталатын шешендік сөздер, мақалдар мен мәтелдер түрінде сақталып келген. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, Тәуке хан (1680-1718) осы ережелерді жинаттырып, атақты «Жеті жарғы» деп аталатын кодексін жасаттырған. Абай да осыны айтады: [Әрбір билікке сайланған кісі]... Әз Тәуке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кеңес болғанда «*Жеті жарғысын*» білмек керек (II, 161).

¹⁵⁴ Құлтөлеев Т.М. Көрсетілген еңбек. - 85-б.

¹⁵⁵ Сонда. - 85-б.

Абай заманында қоса өмір сүрген мұсылман правосы *шариғат* деп аталған. Бұл право қазақтың өз заңына да, орыстың заңына да шатастырылмай қолданылған. Абайдағы: Балам *закон* білді деп, Қуанар ата-анасы, ойында жоқ олардың *Шариғатқа* шаласы (I, 51) деуіне қарағанда, екі түрлі правоның араларын ашып атаған. Ал үшінші право – орыс империясының қылмыстық заңы ол кезде қазақ әдеби тілінде *закон* деп аталған. Мұны Абай да правоның қалған екі түрінен ажырату үшін *закон* деп атайды.

Енді заң саласындағы басты-басты ұғымдарды білдіретін жеке сөздерді талдалық.

Би сөзі – XIX ғасырдың II жартысында нақтылы заң термині. Бұл сөздің терминдік мәні ертеректен келе жатса керек. Бірақ ол – әр кезеңде әртүрлі мәнге ие болып келген сөздердің бірі. *Би* сөзінің Абай тұсындағы білдіретін негізгі мағынасы – әрбір болыстыққа сайланып қойылған заң жүргізуші адам, яғни Абай сөзімен айтсақ, «әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлану» (II, 161).

Би сөзінің бұл жаңа лауазымды білдіретін мағынасы өткен ғасырдан басталады. Патша үкіметінің реформалары бойынша, енді қазақ даласында билер сайланып қойылатын және олардың кандидатурасын патша администрациясы бекітетін болған. Бұлар, шындығында, патша үкіметінің бұрынғы қазақ билерін ығыстырып, олардың орнына қазақ арасынан алып қойған тіл алғыш чиновниктері есепті болған¹⁵⁶.

Сөйтіп, *би* сөзі бұл кезде патша администрациясы тарапынан сайланып қойылатын ресми әкімшілік лауазымның атауы ретінде қалыптаса бастайды. Ал оның бұрынғы мағынасы да қолданылудан қалмай, жарыса жүреді. Қазақтың Россияға қосылғанға дейінгі феодалдық қоғамында *би* – тек үкім шығарушы емес, жергілікті әкімшілік органның қызметін атқарушы да, ауыл ақсақалының рөлін атқарушы да болған¹⁵⁷. Ертеректегі қазақ қауымында *би* атағына ие болатындар ресми түрде сайланбай, халықтың бірте-бірте осылайша тануымен

¹⁵⁶ Фукс С. Некоторые моменты истории казахского права и «Описание киргизских обычаев» д Андре // Известия АН КазССР. - Серия юридическая. - 1948. - № 1. - С. 88.

¹⁵⁷ Құттелеев Т.М. Көрсетілген еңбек. - 62-б.

болған¹⁵⁸. Көптеген зерттеушілердің еңбектеріне қарағанда, *би* атану үшін қазақтың ата-баба әдет-ғұрып правосын, ғасырлар бойғы қоғам дәстүрін жақсы білетін, әрі тапқыр, әрі шешен адам болуы қажет болған. Яғни бұл правоның статъялары мақалдар мен билер сөздері (шешендік сөздер) түрінде ауызша өмір сүріп келе жатқандықтан, *би* атанған адам осы правоны меңгеру үшін, сол мақалдар мен нақылдарды жақсы білумен қатар, өзі де жазылмаған статъялардың жаңа редакциясын жасай алатындай дәрежеде тілді, оның әдеби-көркемдеу тәсілдерін жақсы меңгеруі қажет болған. Істің ақ-қарасын тексеріп, үкім айту үшін, заң статъялары есепті мақалдарды, өзінен бұрынғы билер шумақтарын дәлелге келтіріп отырулары және шарт болған. Сондықтан да Абайдың:

Биде тақпақ, мақал бар байқап қара (I, 69).

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,

Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап (I, 66).

Ескі бише отырман бос мақалдап (I, 67), –

деген жолдарында ақын өз тұсының билері емес, реформаларға (1822, 1867-68 ж.) дейінгі қазақ билерін атап тұр. Осыған орай, бұрынғы *би* атауының ішінде «шешен, тапқыр, ақылгөй, ел басшысы» деген мағыналар да болғаны байқалады. Оны Абайдың өзі де айтып кетеді: «Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, *билік* оларда болады екен» (II, 211). Сөйтіп, бұрын *би* деп жалғыз заң адамын емес, жалпы ақылгөй адамды да атайтын болған. Бертін келе билер ақылгөйліктен гөрі әкімшілік рөл атқара бастайды. Сөйтіп, Абай тұсына дейінгі кезеңдерде *би* сөзі әрі заң иесі мағынасында (іс тексеріп, үкім айтушы адам), әрі «ақылгөй, шешен, тапқыр, билеуші топ уәкілі, бай адам» деген мағыналарда жұмсалып келген.

Абай мен оның тұстарында *би* сөзінің бұл мағыналары да әлі қолданудан шығып қалмай, қатар жүргенін көреміз. Сөз жоқ, *би* терминінің бұрынғы мағыналары мен Абай тұсындағы

¹⁵⁸ Заң мамандары өте ертеректе *би* атағының атадан балаға тұқым қуалап көшетін де болғандығын, оның қазақша *шынжыр қатар* деп аталатындығын айтады. Бірақ қазақ жеріне патша үкіметінің жаңа ел билеу-сот системасын жүргізуінен көп бұрынақ бұл тәртіп жойылғандығына байланысты *шынжыр қатар* атауы да немесе осыған қатысты қолданылған басқа сөздер де лексикадан ертерек шығып қалғаны байқалады.

мағынасының арасында үлкен жақындық бар, айырмасы – XIX ғасырдың II жартысында бұл сөз терминдік сипат ала бастайды, яғни қазақтың әдет-ғұрпы бойынша үкім шығаратын ресми заң иесі атауын тек қана *би* сөзімен (*қазы, судья* сөздері емес) білдіреді де, бұл сөз енді *шешен, ақылгөй, кеңесші* сөздерінің синонимі ретінде қолданудан қала бастайды.

Керісінше, *би* термині бидің жаңа типімен қатар туған *болыс, старшын* сияқты әкімшілік лауазымдармен қоса қолданылады: *Қу, старшын, аш билер* Аз жүрегін жалғайды (I, 64). *Би* болған, *болыс* болған өнер емес (I, 253).

Абай тілінде *билік* сөзі, көбінесе, екі түрлі мағынада жұмсалған: бірі – қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша жүргізілетін заң ісінің жалпы атауы, екіншісі – бидің шығарған үкімі. Абай *билік* сөзін бірінші мағынада өте жиі қолданады: «Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдай берген болыстық пен *билік* елде жоқ» (II, 177); «Бұл *билік* деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді» (II, 161). *Билік* сөзінің осы ұғымына қарай Абай тұсында *билікке сайлану, билікке таласу* деген жаңа тіркестер пайда болған. *Билік* сөзінің бұл екеуінен басқа да мағыналары болған. Оның бірі – біз талдап отырған дәуірде, сірә, сирек қолданылған мағынасы: ол – бидің даугерден алатын ақысы, яғни бидің бітімімен даугерге қайтарылатын мал-мүліктің (айыптың) белгілі бір бөлігі биге, тағы бір бөлігі ханға берілетін болған, биге берілетіні *билік*, ханға берілетіні *хандық* деп аталған¹⁵⁹. Ханның өзі жойылғандықтан, оған тиісті гонорар атауы ретіндегі *хандық* сөзінің қолданылудан шығып қалғаны даусыз, ал осы мәндегі *билік* сөзін де біз XIX ғасырдың II жартысындағы көркем әдебиет тілінен де, Абай, Ыбырай тілдерінен де кездестіре алмадық. Соған қарағанда, не пассив қорға кеткен, не мүлде ұмыт болып шығып қалған болу керек.

Билік тұлғасының төртінші мағынасы өктемдік, билеп-төстеушілік». *Билік* сөзінің бұл мағынасын *үй ішінің (семьяның) билігі, қара басының билігі* деген тәрізді тар көлемдегі қожалыққа, иелікке байланысты айтылатындығынан да көреміз. *Би* сөзінің қазақ тілінде о бастағы мағынасы да осы тар көлемдегі үстемдік ету (распорядительная функ-

¹⁵⁹ Құттелеев Т.М. Көрсетілген еңбек. - С. 188.

ция) мәнінен шығып, бірте-бірте юристік (судебная функция) қызметін де білдіре бастаған деп табамыз. Махамбетте кездесетін «Жолдасқа *билік* бермедім» дегендегі *билік* сөзі соңғы мағынада жұмсалған.

Терминдік мәнде ертеден тұрақталған тіркестің бірі – *жан беру*. Қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша, егер би екі жақты бірдей тыңдап, өздігінен билік шығарарлық шешімге келе алмаса, істі жанмен шешуге мәжбүр болады, яғни жауапкердің ақтығына оның жақын туысы ант етуі, яғни «жан беруі» тиіс, жауапкердің ақтығына көзі жетпесе, өтірік жан бере алмайды, бас тартады, ол қылмысты мойындаумен барабар. *Жан беру* ритуалының бір ұшы шаманизммен жалғасып жатқанын тіркестегі сөздердің мағыналары да білдіріп тұр. Абай тұсында билік-сот ісінде жан беру тәрізді іс жүргізу әдісі жойылмаған болатын, бірақ бұрынғыдай емес, жауапкердің ақ-қарасына көзі жетпей-ақ жан бере салу бұл кезде әдетке айналып кеткенін Абайдың өзі-ақ айтып береді: *Жанын берсе* табылмас сөздің шыны (I, 161). Ал ертеректе істі жан алумен (жанмен) шешудің өзі сирек болған, өйткені әділ, күшті би ешкімді куәлікке тартпай-ақ, ақ-қараны өзі табуға тиісті болған, сондықтан «жаман би *жанға* салар» деген мақал шыққан. *Жан беру* фразасының синонимі *ант ету (ішу)* тәрізді тіркес Абай тұсында актив қолданыла бастайды. Кейде *ант ішіп*, *жан беру* түрінде қосарлана қолданылады: *Ант ішіп* күнде берген *жаны құрсын* (I, 29). Абайда *жан беру* дегеннен гөрі *ант ішу*, *анттасу* варианттары жиірек қолданылған. Абай тіпті осылардан *анттас* деген жаңа сөзді де қолданады: *Анттасын* алқайды Сен тентек демеске (I, 158). *Ант ішу*, *антқа салу*, *анттасу* сөздері жалғыз Абай емес, оның тұтастарының тілінде де кездеседі: Аз нәрсеге *ант ішіп*, Аруақты аттадым (Дулат, 87). *Ант ішу* тіркесінің *жан беру* тіркесіне синоним ретінде қолданылғандығын Дулаттың жоғарғы жолдары мен Абайдың «*Ант ішуді* кім ойлар дерт көрем деп» (I, 29) немесе «Нанымы жоқ, *анты* бар, Ел нұсқасы кетті ғой» (I, 65) деген тәрізді жолдары дәлелдейді.

Абаймен тұстас сөздіктер *ант* сөзін *жан* (беру) сөзінің синонимі деп көрсетеді де, орысшасын *присяга* деп береді,

сонымен қатар *жан (беру)* терминінің әлі де ескірмегенін, тіпті анттан гөрі *жан беру* вариантының тілде жиірек қолданылатынын және көрсетеді: *ант* (обыкновеннее *жан*) – присяга (Ильминский, 44), *ант* – присяга (чаще *жан*) (Кр. русск-кирг. сл. 1897).

Қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша қолданылып келген сөздердің бір тобы тексерілген істің нәтижесіне (жаза т.б.) қатыстылары. Олар: *айып, ат-тон айып, күн, тоғыз, барымта, дүре, салауат* т.б.

Айып сөзінің өзі – қазіргі күнде абстракт ұғымның атауы (*айыбы жоқ, айыбын мойнына алу, айып-шам* т. б.). Ал әдет-ғұрып правосы бойынша *айып* – тартатын жазаның, яғни конкретті ұғымның атауы. Сондықтан да *ат-тон айып, айып төлеу* түрінде қолданылады. Әрине, *айып* – дәл осы күнгі *штраф* дегенмен дәлме-дәл мағыналас емес, сонымен қатар «жаза, төлеу» (вознаграждение в пользу потерпевшего) деген мағыналарды да қамтитын термин. Демек, *айып* – жазаны заттай (малдай) тарту. Сондықтан да оның дифференциацияланған атаулары сан алуан *тоғыздар* (*бас тоғыз, орта тоғыз, аяқ тоғыз, үш тоғыз, тоқал тоғыз*) мен *айыптар* (*ат-тон ~ ат-шапан айып*) болып және бөлінеді. Жоғарыда айтылған гононар ретіндегі *билік пен хандық* сөздері, сондай-ақ *жасауыл ақы, жаушыға жіп кесер* тәрізді төлеулер де осы *айыптың* түрлері болған.

Абай тұсында да бидің шешімін айыппен өтеу (яғни мал, бұйыммен төлеу) практикасын кеңінен қолданылғаны мәлім (мамандар қазақтың әдет-ғұрып правосы 1917 жылға дейін қолданылып келгенін айтады). Демек, Абай тілінде бұлардың барлығы бірдей орын алмаса да, *айып* сөзінің дәл осы көрсетілген мағынада сол тұста жұмсалғандығын аңғарамыз. Абайда: *Ат-шапаннан кем көрмес, Біреу атын қойса «ку»* (I, 59). Өзгелерде: *Қонақасы бермесе, Ат-шапанға ілік боп* (Дулат, 88).

Сонымен қатар Абайдың «Кімі тентек, кімде *айып*» (I, 108) дегендеріне қарағанда, бұл сөздің терминдік мәнімен бірге, абстракттік мәні де (*күнә, кінә*-лармен мағыналас) ертеден келе жатқанға ұқсайды.

Қазақтың әдет-ғұрып правосына байланысты сөздің бірі – *барымта*. Этимологтардың талдауына қарағанда, монғол төркінді¹⁶⁰ бұл атау – қазақ тілінде өте ертеден келе жатқан сөз. Тәуке хан қазақтың әдет-ғұрып правосын жинақтаған кезде (XVIII ғасыр) *барымта* актісі – бидің шешімін күшпен орындатудың тәсілі болған. Ол кезде *барымта* сөзінде «ұрлық» мағынасы болмаған¹⁶¹. Кейін келе, әсіресе өткен ғасырдың Абай өмір сүрген тұсында барымта үстем таптардың зорлық көрсету, қиянат істеп, мал айдап әкету, тіпті мал ұрлау тәрізді озбырлық әрекетіне айналады. Сондықтан да *барымта*, *барымташы* сөздері Абай тілінде және тұстастарында, *ұрлық*, *ұры* сөздерімен қатаржүреді де көбінесе соңғы, сол өз заманындағы жағымсыз іс («талау, зорлықпен мал айдап әкету, ұрлау») мағынасын білдіреді: ...*Барымта* алалық, *ұрлық* қылалық десе... (II, 212). *Бұралқылар* сандалды, Жуандарға сыя алмай. Сыйымсыз болды алашқа, *Барымтасын* тыя алмай (I, 65). Батырдан *барымташы* туар даңғой (I, 96).

Кісі өлтірген айыпкерлерге берілетін жазаның бірі – «жанға жан, қанға қан» принципіндегі *қан жуар* Абай тұсынан көп бұрын-ақ, тіпті Тәуке заманының кезінде-ақ қазақ қоғамында қолданылудан қалып, оның орнын басқа актілер басқандықтан, бұл сөздің өзі де тіл нормасынан шығып қалғанға ұқсайды. Өйткені Абай, Ыбырайлардан да, өткен ғасырдың II жартысындағы қазақ көркем әдебиетінің өзге уәкілдері тілдерінен де *қан жуар* терминін кездестірмейміз.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа өткен ғасырдағы халық тілінде қазақтың әдет-ғұрып правосына қатысты *құн*, *дау*, *даугер*, *жүгініс*, *теңдік*, *бітім*, *төре (беру)*, *жаза*, *салауат*, *шағым* сөздері мен *керегеге таңу*, *сойыл айыбанасы* т.б. тәрізді тіркестер қолданылған. Бұлардың көпшілігі Абай шығармалары тілінде де жиі қолданылған. *Дау* сөзінің сол кездегі

¹⁶⁰ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966. - 56-б.

¹⁶¹ Өткен ғасырда қазақтың соты туралы жазған И.Ибрагимов: *барымта* сөзі тіпті «талау, тонау» мағынасын бермейді, ол айыпкерге бидің шешімін орындаудың шарасы деп келіп, өзінше *барымта* сөзін этимологиялайды: *бар* – есть, *барым* – мое есть, *барымта* – мне следуемое («Заметки о киргизском суде». - СПб., 1878. - С. 3.). *Барымта* сөзінің ғылыми этимологиясы жөнінде «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін» қараңыз.

мағынасын *тяжба, иск* деп Н.Ильминский дәл көрсеткен (120), ал *даугер – истец*. Абай мен оның тұтастарында *дау* сөзінің *дау-шар, дау-жанжал, жанжал-дау* тәрізді қос сөз компоненті болып келген түрі мен *дау даулау, дау ұру, дау сабау* (Абайда ғана) тіркестерін құраған түрлері бар: «Әуремін мен тыя, *Дауың мен шарыңды*» (I, 220); «Жап-жай отырып, *дауын сабап* отырады» (II, 192). *Біту, бітім, бітімші* сөздері де – юристік терминдердің көнелері, мағынасы «істі дауласушы екі жақты да ырза етіп шешу, яғни дауды тыю», Абайда бұлар жиі кездеседі: Ол билерге даугер адамдар карамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып... *біте берсе*, яки оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып, *жүгінсе*, сонда дау ұзамай *бітім* болар еді (II, 161).

Қазіргі әдеби тілімізде «бостандық, азаттық, теңелушілік» мағыналарын беретін *теңдік* сөзі өткенде мүлде басқаша мағынада жұмсалған. Бұл да заңға қатысты терминдік мәні бар сөздердің бірі болған. Бұрынырақ айып пен құнды даугердің кез келгені төлете алмайтын, ондайды *теңдік бермеу* деп, ал төлете қалған күнде оны *теңдік алу* деп атаған¹⁶². Махамбеттің: «*Теңдікті* малды бермедік, *Теңдіксіз* малға көнбедік» (111) дегеніндегі *теңдік* сөздері – осы мағынада. Өткен ғасырдың шағын сөздігінде (Н.Ильминскийдің 1861 ж. сөздігі) *теңдік* сөзін «равенство, беспристрастие, правосудие» деп (111) аударады. Бұл да жоғарғы пікірімізді растайды. Абайда бұл сөз осы мағынада бірер жерде ғана кездеседі: Алуға *теңдік* сенуге (I, 53).

Сөйтіп, қазақтың әдет-ғұрып правосы біраз шектелген түрінде, өзге екі правомен қатарласа өмір сүрген Абай заманында осы правоның бұрыннан келе жатқан көптеген тұрақты сөздері әдеби тілден, оның ішінде Абай тілінен орын алып, заман картинасын суреттеуге қолданылған. Олардың басым көпшілігі бұрынғы өз мағыналарымен қолданылса, бірқатары бұрынғыларының үстіне жаңа мағына үстеп немесе мағынасы кеңейіп не тарылып қолданылған (мысалы, *билік* сөзінің «гонорар, пошлина» мағынасы бірте-бірте қалып қойған не-

¹⁶² *Толыбеков С.Е.* Общественно-экономический строй казахов в XIX вв. - Алма-Ата, 1959. - С. 239.

месе *барымта* сөзі «ұрлық, зорлық акт» ұғымын жиірек бере бастаған т.т.).

Мамандар бұрынғы әдет-ғұрып правосы бойынша «мемлекеттік қылмыс» деген категорияның болмағанын, тіпті «қылмыс» (уголовное) пенен азаматтық сипаттағы «тәртіп бұзушылық» (гражданское правонарушение) екеуін екі бөлек айырудың өзі әлсіз болғандығын айтады. Сондықтан да бұрынырақ *қылмыс* сөзі қолданылмаған, тәртіп бұзудың қай-қайсысы да *жаман қылық, жаман іс* деп аталған дейді. Ал XIX ғасырдың II жартысында нағыз қылмыс пен әр алуан тәртіп бұзушылық қылмыстар ажыратыла түсіп, қауіпті қылмыстар (мемлекетке опасыздық жасау, яғни патша үкіметіне қарсы шығу, кісі өлтіру, жер өртеу, керуен тонау т.т.) әдет-ғұрып правосының компетенциясынан алынып, империялық соттың қарауына беріледі. Енді осыған лайық жаңа юристік категориялар мен іс-әрекет атаулары пайда болады. Ең алдымен, орыс империясы правосының атын өзге екі праводан айырып атау тенденциясы туады. Ол әсіресе Абай тілінде өте-мөте сезіледі. Абай бұл правоны орыстың өз сөзімен *закон* деп атайды: «Қисық болса *закон* бар, Судьяға беруге» (I, 53); «Балам *закон* білді деп» (I, 51); «Ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей *закон* болмаса, *законсыз* зорлығына көнбес едік» (II, 179).

Бұл правоны өткен ғасырда *заң* деп атау тенденциясы болғаны байқалады. Бірақ онда да *заң-закон* тәрізді плеонастық тәсілмен немесе *орыстың заңы* деген тәрізді эпитетпен қолданылады. Ал Абай барлық жерде де бұл правоны тек қана *закон* деп береді.

Заң сөзін Абай «тәртіп, дәстүр, әдет» деген мағынада жұмсайды: «Ыстан қорыққан қазақтың құрсын *заңы*» (I, 71); «Өз *заңымша* ұқсаттым» (I, 186).

Сөйтіп, негізінен, Абай Россия империясы правосының атауы ретінде *закон* сөзін тұрақты пайдаланып, нормаға айналдырады. Россия мемлекеті правосының атауын бұлайша айырып көрсету өзге қалам қайраткерлерінде де байқалады, бірақ бұл Абайдағыдай принципіалды сипатта емес: *закон сұрау* (Ақан сері), *законмен* жөн сұрамақ атақ болды (Майлы, 209).

Россия правосының конкретті іс-әрекетінің атауы ретінде *сот* сөзі де қазақ тіліне ХІХ ғасырда еніп, оның ІІ жартысында актив сөзге айналады. Одан Абайда *сотты адам* (ісі орыс законы бойынша тергеудегі адам), *басы сотқа ілігу* (айналу) тәрізді тіркестер пайда болады: ...Егер жалынбаса... тергеулі, *сотты адам* болып... басы қатерге түседі (ІІ, 160). Қатты қысым қысқан соң Басым *сотқа айналар* (І, 82).

Сотпен қатар *судья* сөзін Абай мен Ыбырай әдейі қолданады. Орыс правосы бойынша іс-тергеу жүргізуші адамды *би* деп те, *қазы* деп те атамай, тек қана *судья* деп атап көрсетеді: «Қисық болса закон бар, *Судьяға* беруге (І, 53); «1876 жылда мен *судьялық* орында тұрғанымда...» (Алтынсарин, 1879. 58).

Бұл күнде мүлде қолданылмайтын, орыстың өз тілінде де жоқ, бірақ Абай тілінде және тіпті Абай тұсында жиі қолданылған жаңа сөздердің бірі – *законшік*: Кейбіреуі *законшік*, Оңдырмасын, берсе арыз (І, 149); *Законшік*, көргіш (І, 91). *Законшік* сөзі Абайда «орыс империясы правосын пайдаланып, соған сүйеніп, басқаларды жазғыру, сотқа тартуға тырысушы адам» мағынасында және ол – әділдік іздеуші адам емес, керісінше, жағымсыз қылықты адам. Абай тұсында қазақтың әдет-ғұрып заңы ауыл арасы, ағайын арасы, кейде тіпті бір үйдің отбасының ұсақ-түйек «жаман қылықтарын» қарайтын право сипатында болды да оның кесетін жазасы да қылмыстың ұсақтығына орай, көп ретте пәлендей ауыр болмады. Сібір айдату, түрмеге жабу, мал-мүлкін конфискелеу тәрізді эффективті жазаларды тек орыс империясы правосы беретін болды. Ал нағыз жалақордың ең биік тілегі де – өштесіне осындай жазаларды тартқызу. Сондықтан ондай адамдар законды сағалап, үкімет, сот орындарына арыз жазу, куә болу әрекетімен шұғылданды. Міне, осындай жаңа типті даугерлерді бір сөзбен *законшік* деп атау пайда болады. Бұл тұлғаны Абай шығарды деу қиын, өйткені *законшік* сөзінің қазақтар арасында қолданылатындығын 1878 ж. қазақтың әдет-ғұрып заңы туралы кітапша жазған И.Ибрагимов те (Түркістан генерал-губернаторының жанында тілмаш болып қызмет атқарған зиялы башқұрт) көрсетеді: «Законщиком киргизы называют людей, пишущих прошения»¹⁶³.

¹⁶³ *Ибрагимов И.* Көрсетілген кітапша. 19-б.

Россия империясы правосының қазақ даласына әкелген жаңа атауларының бірі – *арыз* сөзі. Бұл – лексикалық құрамда бұрыннан бар сөздің мағына ауысуы арқылы пайда болған неологизм. *Арыз* – бұрын заң саласындағы терминдік дәрежеде емес, жалпы біреуге (заң орнына емес) «шағым, тілек, өтініш айту, мұңын шағу» мағынасындағы жай сөз болатын: «Қыз Жібектегі» Төлегеннің қалыңдық іздеп келуге әкесінен рұқсат сұрауы да, «Айман-Шолпан» жырындағы Айман қыздың Көтібарға: «Атың басын тарта тұр, ер Көтеке», – деп аулын шаппауын сұраған тілегі де, Қыз Назымның Қамбар батырға: «Мойныңды бері бұрсайшы, Біздің үйге түссейші», – деген құрбылық, ғашықтық өтініш-назы да – баршасы да *арыз* деп аталған: «Ақ Айман өлең айтып, *арыз* етті» («Айман-Шолпан», 1957. 18); «*Арызға* келді балаңыз, Рұқсат бата бер, ата» («Қыз Жібек», 1963. 96); «Сонда Назым сөйледі: «Қайрылмай қайда барасың? Хан сүйекті Қамбар-ау?»»; «*Арызыма* менің құлақ сал» («Қамбар», 1957. 51). XIX ғасырдың I жартысында жасаған ақын қыз Алмажан да әділет іздеп Жәңгір ханға мұңшерін шегуін *арызға келу* деп атайды: «*Арызға келген* жетімді» (Алмажан, 174).

Қазақ қоғамына кеңселі, қағазды орыс соты келгеннен кейін дау даулаудың жаңа тәртібі ретінде дауын жазбаша түрде түсіру енеді (бұрын қазақ правосы бойынша дау, өтініш, арыз айту да, ол дауды қарау, кесімін білдіру де ауызша жүргізілгені мәлім). Дау даулаудың жазбаша түрі енді *арыз* деп аталады да, юристік терминге айнала бастайды. Әрине, бұл сөздің бұрынғы мағынасы да бірден жоғалып кетпейді, бірақ жаңа ұғымы басымдық етіп, жиі қолданыла бастағаны байқалады. Және бұл сөз империялық сот орындарына әділет іздеп арыз берудің жалпы атауынан да гөрі, «жалақорлық арыз, өтірік арыз, қара арыз» деген ұғымды көбірек білдірген. Абайда кездесетін *арыз* сөзінің басым көпшілігі осы соңғы отенокпен қолданылған: «Беріп келсе бір *арыз бұтып-шатып*» (I, 32 «*Пысықтықтың* белгісі – *арыз беру*» (I, 41); «*Өтірік арыз* көп берсе» (I, 59); «Бұл күндегіге... *арыз* бере білу мақтан» (II, 215).

Ал *арыз құмар*, *арызшы* сөздері, сірә, жоғарғы *законшік* сөзінің синонимдері ретінде келеді. Бұрын *арыз* сөзі *арыз айту*,

арызға келу тіркестерімен ғана келсе, енді жаңадан *арыз беру* тіркесі пайда болады, өйткені арыздың өзі қағаз (зат) түрінде ұсынылатындықтан, заттық ұғыммен тіркесетін *беру* етістігі қолданылады. Осыдан *арыз беруші* деген жаңа заң термині де пайда болады.

Абайда *арыз* сөзін бұрынғы мағынасында қолдану да кездеседі, бірақ бұл соңғы жаңа мағынасына қарағанда өте сирек. Әбдірахман туралы циклдегі бір өлеңінде «Ата-ананың қызметін, Алған жардың қарызын Өтемей кеткен бейнетін, Қағазға жазған *арызын*» (I, 183) дегенінде *арыз* – заң термині емес, «қоштасу сөзі» деген мағынада. *Арыз* түбірінен туған *арыздасу* сөзінің қазақ тілінде өлер адамның тірілермен қоштасуы деген де ұғымы бұрыннан бар болатын.

Сот орнына берілетін шағым мағынасында *арыз* сөзінің синонимі ретінде Абайда ауыспалы мағынадағы *қағаз* сөзінің де қолданылғаны қызық жайт: «*Қағаз* берер қарманар» (I, 82); «*Өтірік берген қағаздың*» (I, 82); «*Өз қағазы өз көзін*» (I, 82).

Сірә, халықтың сөйлеу тілінде алғашқы кезде *арыз* тәрізді документтің атауы сол документ жазылатын заттың (қағаздың) атымен аталған болар, бұл – тілдің ішкі заңына сыйымды тәсіл. Келе-келе, әсіресе оқу-ағарту ісі де дами түсіп, *қағаз* сияқты сөз конкретті зат атауы ретінде тұрақтала бастауына байланысты, заңға қатысты жаңа ұғымды *арыз* сөзімен беру тенденциясы күш алғаны сезіледі.

Жаңа мағынадағы *арыз* сөзінің тағы бір дублеті *шағым* да – бұрыннан бар сөз, мағынасы біреуге (юристік орынға емес) екінші біреуден көрген жәбір-жапасын айтып, одан әділеттік тілеу. Сот орындарына берілетін арызда да дәл осындай мән болғандықтан, *шағым* сөзі *арыз* сөзімен параллель қолданылған. *Өтірік арыз* деген тәрізді *өтірік шағым* тіркесі түрінде келуі бұл екі сөздің дублеттер екенін аңғартады: *Өтірік шағым* толды ғой (I, 90).

Дублеттік қатар құрайтындардың бір тобы – *тергеу*, *сұрау* сөздері. Бұлар да – жаңа атаулар, алдыңғы екеуі – мағына жаңғыру арқылы байырғы сөздерден туған неологизмдер. Заң процесінің жаңа түріндегі актілердің біреуінің атауы – *тергеу*. Сірә, бұл сөздің бұрынғы мәнінде де бір нәрсенің дұрыс-

бұрысын, ақ-қарасын білу үшін істелінетін әрекетті атау отенегі бар болған. Енді бұл сөз нақтылы іс-әрекеттің, яғни сот жүргізу процесінің белгілі бір сатысының атын білдіруге бағышталады да осы қызметте тұрақтала бастайды, бірақ заң саласындағы кейбір атаулар тәрізді терминдік сипатқа жете алмай, *сұрау*, *дознание* тәрізді параллельдермен қосақтала, кейде бірін-бірі айқындап түсіндіріп қолданылған сипатта қалады: «...Назначение қылғанда, *тергеуі*, *сұрауы* барлығына қарамаса...» (II, 161); «Оған *дознание* – *тергеу* шығарады» (II, 160).

Сұрау сөзі Абайда «тергеу» мәнінде актив қолданылған: «Қарсылық күнде қылған телі-тентек. Жаза тартып, ешбірі *сұралмай* жүр» (I, 34); «Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, *сұрау беріңдер*» (II, 191). Бұл жердегі *сұрау беру* – «жауапқа тартылу, сот орнында тексерілу» мағынасындағы тіркес.

Іс сөзі де Абайда орысша *дело* деген заң терминінің орнына қолданыла бастағанын көреміз: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный *іс* көрсетіп, арыз береді» (II, 160); «Құтылам деп *ісінен*, Бәрін көріп кісіден Шығынға әбден батады» (I, 58).

Бұрынғы әдет-ғұрып правосы бойынша, жазықты адамды түрме, гауптвахтаға жабу немесе оған қоғамдық қызмет өтету деген болмайтын, сондықтан олардың атаулары да жоқ болатын. Ертегі, эпостарда кездесетін *зындан* сөзі – шығыс тілдері мен Шығыс сюжеттері арқылы келген атау, бұл Қазақстанның Орта Азия халықтарына шектес мұсылман правосы – шариғат күші жүріп тұрған оңтүстік аудандарында болмаса, қазақ жеріне іс жүзінде көп тарамаған тұтқын орны. Россия империялық сотымен қоса қазақ тіліне *түрме*, *кәтелешке*, *абақты*, *қараңғы үй* сөздері кірді. *Түрме*, *кәтелешке* – орыс сөздері болса, *абақты*, кейбір зерттеушілердің айтуынша, *гауптвахта* сөзінен, ал басқа бір мамандардың талдауы бойынша, *лабақ* деген түркі сөзінен¹⁶⁴ пайда болған. Қайткенде де бұл сөз – бұрын көп қолданылмайтын, кейін активтенген лексема. *Қараңғы үй* сөзі – орыс тіліндегі *темница* сөзінің калька жо-

¹⁶⁴ Сүлейменова Б. Лабақты//абақты // Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966.

лымен алынған түрі. Бұл сөз Абайдың Лермонтовтан аударған өлеңінде қолданылған: *Қараңғы үй терезесі* – тұтқын орны (II, 98) – Молча сижу под окошком *темницы* (Лермонтов, I, 51).

Қараңғы үй атауы өткен ғасырда Қазақстанның көп жерінде пайдаланылғаны байқалады. Батыс Қазақстанда өмір сүрген, өзі ұстауда, түрмеде болған Сары Батақов (1863-1895) деген ақында да *қараңғы үй* сөзі бар: «Ішінде *қараңғы үйдің* бұ да жатыр» (Сары, 339). Сөздіктер де *темницаны қараңғы үй* деп береді.

Түрме, абақты, қараңғы үй сөздері синонимдік қатар түзейді. *Түрмеге* қарағанда *абақты* сөзі көбірек кездеседі: «*Абақтыға* жатарсың» (Шортанбай, 163); «Он екі ай *абақтыда* жатқанымда» (Сары, 339).

Абай *кәтелешке* сөзін де келтіреді: *Кәтелешке* көбейді, Сөгіс естіп тозды ажар (I, 82). В.Дальдің көрсетуі бойынша, *каталажка* сөзі орыс тілінің шығыс (Сибирьді қоса) өлкелерінде «сибирка, блошница, каменный мешок, тюрьма, арестантская при полиции» (В.Даль, Толковый словарь, Т.II С. 96) деген мағынаны берген. Осы мағынада *каталажка* сөзі Семей өлкесінде (Сибирь) актив атау болғанға ұқсайды және ол нағыз үлкен түрменің өзінен гөрі, «арестантская камера при полиции» дегенді көбірек білдіргенін М.Әуезов те көрсетеді: «Он шақты күннен бері Абай Семейде *каталашкада* отыр. Үлкен абақтының өзі емес» («Абай жолы»).

Абақты, түрмелерді бейнелеп атау да Абайда жоқ емес: Көрмей тұрып күсемін *Темір көзді сарайды* (I, 82).

Қазақ даласына *түрме* ұғымы мен атаулары келгеннен кейін, оған қамалатын адамның атауы да, қамау әрекетінің атауы да келуге тиісті. *Тұтқын* сөзі бұрын соғыста қолға түскен қарсы жаудың адамын білдірсе, енді түрмеге түскен адамды білдіреді: «*Қараңғы үй терезесі* – *тұтқын* орны» (II, 98); «*Батыр ем, тұтқын болдым осы жайда*» (Сары, 339). *Тұтқынға алу* тіркесінің жаңа мағынасы – «түрмеге жабу». Оның дублеті – Абайда *ұстау* етістігі: «*Ұстаудағы* кісідей мезгілі бар» (I, 35). Осыған қарағанда қазіргі «түрмеге жабу» мағынасында *ұстау* сөзінің қалыптасуы өткен ғасырдан, Абай кезеңінен бастала-

ды. Өткен ғасырдағы сөздіктер «арест» ұғымын *ұстау*, «арестовать» етістігін *ұстауға түсіру*, «арестованный, задержанный» сын есімін *ұстаулы* деп береді.

Атылу, айдалу етістіктерінің де заң-сотқа қатысты нақтылы іс-әрекет атаулары ретінде қолданылуы өткен ғасырда пайда болды. Бұрынғы право бойынша, жер аудару (каторгіге айдау) немесе ату жазасына кесу дегендер болмағаны айтылды. Империя сотының үкімі бойынша, жазалыларды жер аудару, каторга жұмыстарына жіберу (айдау), атуға бұйыру фактілері басталады. Абайдың лексикасы бұл құбылысты да білдіреді: ...Азар болса *атылып* я осы үшін *айдалып* кетсем де көнгенім-ақ (II, 186).

XIX ғасырда патша үкіметінің каторга орындарының көбі Сибирьде болғаны мәлім. Сондықтан да қазақ тілінде әуелден-ақ *Сібірге айдау, жер Сібір* тіркестері пайда болған: *Сібірге* Исатайды *айдаған* бек (Шернияз, 129). Букин сөздігі *заточение, ссылка* дегенді *жер Сібір* деп береді. «Ссылка» ұғымын айдалатын территория атымен білдіру амалы жалғыз *жер Сібір* емес, *омбы* деген сөзден де көрінеді. Тағы да Букин сөздігінде «заточение, ссылканы» *омбы* деп те береді.

Куә, айғақ, қылмыс сөздері бұрыннан бар болғанмен, қазақ жеріне Россия империялық сотының келуіне байланысты жаңа терминдік мағынаға ие болып, жиі қолданыла бастайды. Ал бұрын әдет-ғұрып соты *куә, айғақ* дегендерге мән бермеген, өйткені бейтарап *куә* дегендер болмайды¹⁶⁵. Абай бұл сөздерді жаңа терминдік мағынасында жұмсайды: «Өз қағазы өз көзін Жоғалтуға жарайды. Тауып алып жалғанын, *Қылмысыңды* санайды» (I, 82); «Өтірік көрмегенін көрдік деуші *куәлар* да әлдеқашан дайындап қойылған» (II, 160). Бұлардың осы жаңа мағынасын сол тұстағы сөздіктер де тіркеген: *айғақ – свидетель, доказчик*. Кісінің мойнына бірнеше салмақ үшін *айғақ керек* – чтобы уличить, нужен свидетель (Ильминский, 38).

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамындағы үлкен қылмыстың бірі – мал ұрлау болғаны мәлім және бұл – жоқтықтан, мұқтаждықтан күнкөріс үшін жарлы-жақыбай

¹⁶⁵ Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях. Сост. И.И.Крафт. - Оренбург, 1898. - С. 100.

істеген қылмыс емес, барлар, байлар, белділер ұйымдастырып жүргізген әрекеттері болды. Мұны қоғам тіршілігіндегі ауыр қылмыстың бірі деп таныған Абай ұры (21 рет), ұрлық (19 рет), ұры-қары, ұры-бұзақы сөздерін тіпті жиі қолданған.

Сөйтіп, заң-сот системасының жаңа түрі Россия империялық правосы қазақ тіліне, оның жазба әдеби үлгісіне көптеген жаңа ұғымдар, демек, жаңа сөздер әкелді. Олардың бірқатары мағына ауысу арқылы бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздер (*арыз, қағаз, шағым, сұрау, тергеу, іс, ұстау, тұтқын*), бірсыпырасы орыс тіліне орай калька жолымен жасалған сөздер (*қараңғы үй, атылу, айдалу, жер аудару*), енді бір тобы орыс сөздері (*закон, түрме, кәтелешке, дознание, прошение, сот, судья*) болды. Бірқатар сөздер (*заң, куә, қылмыс*) активтенді.

* * *

Абай тұсында (және одан бұрын да) қазақ даласында болған правоның үшінші түрі – ислам дініне сүйенген шарифат заңы екенін жоғарыда айттық. Бұның күш-әрекеті алдыңғы екеуіндей Қазақстанның байтақ территориясына түгел жайылмаса да, оңтүстік аудандарда, Орта Азия халықтарымен шектес жерлерде айтарлықтай болғанын заң мамандары көрсетеді. Сондықтан өткен ғасырдағы қазақ әдеби тілінде шарифатқа қатысты сөздер де өмір сүрген. Олардың барлығы дерлік араб-парсы сөздері: Абайда бұл саладан *қазы, шарифат, күнә, талақ, әділет, адал, адалдық, арам, арамдық (харам)* сөздері бар.

Қазы сөзін Абай не қазақтың *би* сөзімен, не орысша *судья* мен шатастырмайды. Шарифат бойынша төрелік айтатындар – *қазылар*.

Ал заңға қатысты терминдік мағынасы жоқ «төреші, төрелік айтушы» деген жалпы мағынада ақын үш атаудың кез келгенін қолдана алатынын көрсетеді: «Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім, *Қазысы* оның – арым мен бір-ақ Құдай» (II, 110) – Как я любил, за что страдал – Тому *судья* лишь Бог да совесть (Лермонтов I, 26); «Рахымсыз *билеріңді* қарғамаймын» (II, 109) – *Судей* бесчувственных моих Не проклиная... (Лермонтов, II, 258); «Таразы да, *қазы* да өз бойында» (I, 27); «Сен аттың жөнсіз оқ, Тәңрі – *қазы*, Тас таразы, Тентекті Сұрамас деп қалма» (I, 102).

Қазы сөзі өткендегі қазақ тілінде «төреші», «төрелік айтушы» деген ауыспалы жалпы мағынада да қолданылғанын көреміз: «Ханекем, қазым да – сен, төрем де – сен» (Шернияз, 129); «Жақсы болған қазылар қара қылды қақ жарар» (Дулат, 63); «Қазы, болыс қойыпты Некесіз туған шатасын» (Шортанбай, 162); «Дау еткің келсе – қазыға жүр» (Алтынсарин, 1879-60).

Күнә сөзі – шариғатқа қатысты ұғымның атауы. Қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша, *жаман іс, жаман қылық, жазық* сөздерімен Россия заңына байланысты активтенген *қылмыс* сөзі осы *күнә* сөзімен синонимдес. Бір ұғымды білдіретін бұл үш түрлі сөздер тобы әр правоның өзінде қалыптасқан.

Талақ сөзі – қазақ тіліне шариғатпен қоса кірген элемент, ол *мен сенен талақ, талақ ету, талақ қағаз* түрінде қолданылған, бұл – шариғат заңы бойынша, жұбайлардың арасындағы некені бұзу. Абай бұл сөзді өз мағынасында емес, ауыспалы мәнде жұмсайды: *Талақ етіп* бұл ғаламды, Болды мәлім кеткенің (II, 85).

Сөйтіп, Абай шығармаларының сөздік құрамында өз дәуірінде қазақ қоғамында болған заң-сот (право) ісінің картинасын толық көрсететін лексика тобы бар. Бұл салада Абайда әр ұғымды дифференциациялап атау тенденциясы мен сөздерді терминдеу процесі болғаны байқалады.

Экономикалық қарым-қатынасқа қатысты сөздер

Қазақ қоғамындағы таптық қарым-қатынастардың әрі қарай шиеленісе түсуі және тауар-ақша қатынастарының пайда болуы феодалдық қанаудың жаңа түрлерін туғызады. Бұлардың көпшілігінің атаулары қазақ тілінде бұрыннан бар сөздер болғанмен, ол сөздердің білдіретін мағыналары өзгереді. Мысалы, *сауын*. Қазақтың бұрынғы феодалдық қоғамында *сауын айту* деген болған. Ол – той, ас, кейде шабуыл сияқты үлкен жиын ұйымдастыруға белгілі бір ру адамдары (ата балалары), ауылдастар болып, қымыз, сояр мал, тігер үй жағынан көмектесу дәстүрі (*сауын* сөзінің бұл мағынасы біз сөз етіп отырған дәуірде де мүлде жойылып кетпегені анық): «Кіші

жүз, Алшын-Жаппас, Шөмекейден Бір кісі өлген екен беріпті ас... Бір тұтқа Кіші жүзде бай еді деп, Шөмекей Маман байға *айтты сауын*» («Айман-Шолпан», 1963. 669). «[Көтібар] «Шабамын Маман байды жиылсын деп» Еліне барысымен *сауын айтты*» (Сонда. 677); «*Сауын айту* – объявить, чтобы готовили кумысу к свадебному пиру» (Ильминский, 153).

Өткен ғасырда (әсіресе екінші жартысында) *сауын* сөзі *сауу* етістігімен тіркесіп, мүлде басқаша мағынаны білдірген. *Сауын сауу* – каналудың жаңа түрі. Ол – әбден күйзелген кедей шаруаның байдан сүтін сауып, қорек ету үшін уақытша мал алып пайдалануы, оның есебін кедей байға тегін қызмет істеп өткеруге тиісті болған. Абай да *сауын сауу* тіркесін осы мәнде қолданады: Ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан *сауын сауып* отырмын ба... (II, 186).

Кедей байдан жүнін пайдалануға қой, күшін пайдалануға ат, өгіз тәрізді көлік малын уақытша алып, орнына тегін қызмет өтеу де *сауын сауу* тәрізді каналудың жаңа түрлері болған. Олар *жүн беру*, *ат майын беру* (*сұрау*) деп аталған. Соңғы тіркес *жылқы майы*, *көлік майы* деген вариантта да кездеседі. Өте бір қызық нәрсе, [малдың] *майын сату*, *майын сұрау*, *алу* деген мен [малдың] *басын сату* деген тіркес екеуі мүлде екі басқа мағынада қолданылған. Алдыңғысы «малды уақытша пайдалануға беру немесе алу», соңғысы – «сатып беру (немесе сатып алу)». *Аттың (жылқының) майын міну* (немесе *майын сұрап міну*) деген тіркес те жоғарыдағыға ұқсас: ол – біреуден бір жерге барып келуге уақытша көлік (көбінесе ат) сұрап міну, әрине, бұл да тегін емес, кейіннен қаруы қайтарылатын акт болмақ. Абай лексикасынан бұл тіркесті де табамыз: Біреуден бір жылқының *майын сұрап мініп*... (II, 214).

Қазақтардың шаруашылық тіршілігінде бұл кезде жиі қолданылған сөздердің бірі – *шығын*: «Кедейге салып *шығынды* Негізі байдың тояды» (Шортанбай, 157); «Оны-мұны жиғанын *Шығын* деп тілмаш алады» (Шортанбай, 156). *Шығын* сөзінің негізгі мағынасы – әкімшілікке таласу үстінде немесе басы сотты болып, содан ақталу процесінде, сондай-ақ (сірә, ертеректе) мал жоғалтқан адамның іздеу салу үстінде жұмсаған (шығарған) қаражатын білдіру. Абай *шығын* сөзін осы мәнде де

жұмсайды: Құтылам деп ісінен, Бәрін көріп кісіден, *Шығынға* әбден батады (I, 58). *Шығын* сөзінің осындай мағынасы барын Ильминский де көрсетеді, бірақ ол жалғыз ғана ситуациядағы мағынасын береді: *шығын* – расход, когда украдена лошадь, и хозяин, отыскивая ее лично или через других, входит в расход, то расход этот падает на вора, когда его откроют и уличат (149). Біздіңше, *шығын* сөзінің о бастағы, ертеректегі мағынасы осындай болған болуы керек. Әкімшілікке таласу немесе сот істеріне байланысты шығынды болу фактісі (және мағынасы) кейін, өткен ғасырдың екінші жартысынан былай қарай активтенген деп батыл көрсете аламыз.

Шығын сөзінің саудаға байланысты тағы бір жаңа мағынасы туады. Ол туралы «Сауда-саттыққа қатысты сөздер» атты параграфтан қараңыз.

Күнделікті тұрмысқа байланысты үй ішіне (ішіп-жеу, тамақ, мүлік т.б.) жұмсайтын қаражатты атау қазақта бұрын болмаған (тауар-ақша қатынасы жоқ жерде жұмсайтын қаражат-шығын да жоқ). Ал кейін бұйым, тамақ т.б. сатып алу, жұмысшы күшін жалдау тәрізді қатынастар туған кезде орысша «расход» ұғымы да ене бастағаны байқалады. Мұны әлдеқайда кең ұғымды *шығын* сөзімен шатастырмас үшін орысша *расхот* деп атау тенденциясы болған. Мысалы, Шерниязда: «Мойнында Исатайдың болып тұрды Ұстаған кысы-жазы *расхотым*» (131); «Исатайдың бір күнгі *расхотын* Ұстаймын деп құрысың, оңа алмайсың» (132). Абайда: «Қыстау керек, үй керек, Сән-салтанат, *расхот* көп» (II, 126) деп келеді.

Мемлекет тарапынан халыққа салық салу ісі малды, үйді (шаңырақты немесе түтінді) есепке алу тәрізді бұрын қазақ қауымында болмаған актілерді де туғызды. Тілде осыған қатысты да етістіктер мен есімдер пайда болды. Мысалы, Шортанбайда қолданылған *қағаздау, қағаздату* («*Қағаздатып* бұзауын Ноғайына қояды» – 156) сөздері халық тілінен алынған болуы керек. Бұл іс-әрекеттердің өзге де варианттары болуы сөзсіз, бірақ олар Абай лексикасында да, өзгелерде де орын алмағандықтан және біздің осы еңбектегі мақсатымыз – қазақ лексикасы тарихын түгел баяндау болмағандықтан, әзірге іздестіріп, тауып көрсете алмадық.

Өткен ғасырда қазақ еңбекшілерінің иығына түскен экономикалық салмақтың жаңа түрлерінің пайда болуына қарай *лау*, *үй тiгу* сөздерінің мағыналары өзгереді. Сайлау, съезд тәрізді әкімшілік шараларын өткізуге үкімет орындарының елден көлік пен киіз үйді алуын халық осылайша атап кеткен: *Лау* сұрап атыңды Тартып алып мінеді (Дулат, 66). Абай тілінде бұл атаулар да орын алған: Атшабар келді лепілдеп: «Ояз шықты сияз бар», «*Лау*» деп, «*үй*» деп дікілдеп (I, 79).

Лау сөзінің бұл кезде тағы бір мағынасы болған. Кедейдің байдан уақытша көлік алып, онымен жалданып, жүк, астық тасып күнелтуін *лау айдау* деп, әрекет иесін *лаушы* деп атаған¹⁶⁶.

Сауда-саттыққа қатысты сөздер

Абай лекеикасындағы әлеуметтік-экономикалық саланы қамтитын лексика тобына сауда-саттыққа байланысты сөздер жатады. Сауда қатынасы – Абай тұсындағы қазақ даласының экономикалық өміріндегі көрнекті құбылыстың бірі. Қазақтар үшін «сауда», «базар», «ақша», «баға», «тауар» тәрізді ұғымдар әлдеқашаннан танық болғанмен, бұларға қоса XIX ғасырдың II жартысында көптеген жаңа ұғымдар (демек, жаңа сөздер мен тіркестер) пайда болады. Әсіресе Россиямен XVII ғасырларда басталған сауда қатынасы XVIII ғасырдың II жартысында тіпті күшейеді¹⁶⁷. Алғашқы кездегі Россиямен жүргізілген сауда түрі – айырбас саудасы болуына байланысты *мұнанай* (меново́й двор), *айырбас* сөздері пайда болады. XIX ғасырдың орта тұсында-ақ айырбас сауда тауар айналымының өсуін қанағаттандыра алмайды, сондықтан жәрмеңке, базарларда жүргізілетін сауданың жаңа түрлері шығады. Сонымен қатар ауыл аралап, ұсақ галантерея тауарларымен сауда жасау ісі күшейеді. Оларды білдіретін жаңа сөз атаулар пайда болады¹⁶⁸. XIX ғасырдың II жартысында жәрмеңкелер мен бақал

¹⁶⁶ Шахматов В. Ф. О формах феодальной эксплуатации в Казахстане в XIX в. // Вестник АН КазССР. - 1951. - №11.

¹⁶⁷ Шахматов В. Ф. О развитии торговли и обмена в Казахстане в Первой пол. XIX в. // Известия АН КазССР. - Серия истории, экономики, философии и права. - Вып. 3. - 1956. - С. 47.

¹⁶⁸ Зиманов С. Политический строй ... - С. 50.

сауда түрлері де аздық етіп, енді дүкендер, лавкалар, көтерме складтар пайда болады.

Бұл кезде әсіресе *базар* сөзі активтенеді. Бұл сөз – қазақ тілінде өте әріден келе жатқан сөздердің бірі. Бұрынырақ *базар* сөзі қазақ тілінде «жиынды, думанды жер» деген мағынаны да берсе керек. Мысалы, Абайдағы: «Өткен соң *базар*, Қайтқан соң ажар, Не болады құр қожақ?» (I, 90); «Кешегі Оспан – Бір бөлек жан, Үйі – *базар*, түзі – той (I, 151); Дулаттағы: «Жүрген жері жақсының – Күнде *базар*, мереке (59); «Балалы үй – *базар*, баласыз үй – қу мазар» деген мәтелдегі *базар* сөзі «сауда орны» дегенді емес, «жиынды, тіпті думанды жер» деген ұғымды береді. Абай аударма өлеңінде «шумный пир людей» дегенді де *базар* деп береді: «Алып шықпа *базарға*, Асаудайын бұлқыntyп» (II, 94) – Не выходи тогда На *шумный пир* людей Со своей бешеной подругой (Лермонтов, I, 36).

Кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда, *базар* сөзінің бұл мағынасы – ауыспалы мағына. Сауда-саттық орны болатын базардың халық көп, у-шу болып жататыны мәлім. Осыдан у-шу, думанды жерді (үйді) мағына ауыстырып *базар* деп атаған¹⁶⁹. Бұлда ықтимал пікір. Дегенмен, *базар* сөзі қайткенде қазақ жеріне орыс саудасының келуінен көп бұрын кірген деп шамалаймыз. Демек, *базар* сөзін қазақтар орыс тілінен алмай, шығыс тілдерінен ертеректе алған болу керек (орыстардың өзінебұл сөз шығыс тілдерінен енген)¹⁷⁰. Сондықтан *базар* сөзінің «жиынды орын», одан мағынасы жылысып «думанды, көңілді орын» деген мағыналары (бұның өзі де алғашқы кезден-ақ ауыспалы болуы мүмкін) ұзақ уақыттар бойы қолданылып келіп, кейін XVII-XIX ғасырларда Қазақстанда Россия саудасының етек алуына байланысты, *базар* сөзі «сауда орны» деген ұғымда қайта активтенген болар дейміз. Біз талдап отырған кезеңде *базар* сөзінің негізгі басым мағынасы – «сауда жүргізетін жер, жиын»: «...Жылда егін піскен уақытта

¹⁶⁹ Мусабаев Г. Современный казахский язык. Лексика. - Алма-Ата, 1959.

¹⁷⁰ *Базар* сөзінің этимологиясын зерттеуші Н.Карашева оны парсы түбірінен өрбітеді: *баз* *парсыша* «қақпа», *ар* – *ар жағында*, *артында* деген дербес сөздерден құралған дегенді айтады. Бұған бұрын базардың орны қаланың сыртында, қақпа артында болғанын дәлелге келтіреді. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966. - 53-54-б.

манағы қорғанда жәрмеңке реуішті *базар* болады» (Алтынсарин, 1879. 38); «Сатып алған *базардан*» (Дулат, 60); «Бұл дүние жұртты алдаған бейне *базар*» (Ақан сері, 261). Абайдың: «*Базарға* қарап тұрсам әркім барар, Издегені не болса сол табылар. Біреу астық алады, біреу маржан, Әркімге бірдей нәрсе бермес *базар*» (I, 43) деген жолдарынан *базар* атауының сол кездегі басым мағынасын тануға болады.

Өткен ғасырдағы әдеби тілге *базар* сөзімен қағар *жәрмеңке* сөзі де кіреді. Бірақ бұл атау көркем әдебиетте *базар* сөзіндей актив қолданылмаған. Абайда да жоқ.

Жоғарыдағы айтылған ұсақ кезбе саудаға қатысты сөздер де Абай тілінен де, тұстастары тілінен де орын алған. Ел аралап жүргізген ұсақ сауда болғанын айттық. Сол кезде ұсақ сауданы жүргізетін агенттер Қазақстанның әр жерінде әртүрлі аталған. Олар: *арбашы* – арбамен жүріп, қазақ ауылдарын аралап, ұсақ-түйек бұйымдармен сауда жасаушы. Сара мен Біржанның айтысында Сара: «Бұлындай берекесіз *арбашының*»,– дейді. Оңтүстік өлкені (Сыр бойын) мекен еткен ақын Майлықожа: «*Аттерішіден* алғаны Айна-тарақ, рең боп» (213) деп жырлайды. Абай бұларды *бақалшиқ* деп атайды (II, 158): «Ол *бақалейшиқ* дегеннен алынғаны болу керек». Сірә, бұл саудагерлерді қазақша *бақалшы* деп атау да кең тараған болса керек. Өйткені *бақал* сөзі қазақ тіліне орысша *бакалея* дегеннен емес, араб, парсы тілдеріндегідей *бақалұл* – «овощ сатушы» деген сөзінен алынып, ертеректе енген сөз деп ойлаймыз. Бірақ қазақ тілінде бұл сөздің тума тілдердегі мағынасы жылысып, оның «бақша өнімдерін, овощ сатушы» (сөздің түбірінің өзі *бақал* – арабша өсімдік, көк шөп, овощ) деген о бастағы мағынасы «ұсақ нәрселерді сатушы» (шөп-салам, овощ – ірі тауар емес қой) дегенге ауысқан болу керек. *Бақал* сөзінің түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне шығыс тілдерінен ертеректе енген болу керек дегенді өзге зерттеушілер де (Ж.Болатов) айтады¹⁷¹.

Жылжымалы ұсақ сауданың жалпы атауы да тілден орын алуға тиісті. Зерттеушілер Абайдың *мәліш сауда* дегенін орысша «мелочь» («мелочная торговля» немесе «торговля мелоча-

¹⁷¹ Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. - Алматы, 1966. - 55-б.

ми») дегеннен алынған деп есептейді¹⁷². Абай «мал деп туып, бірақ оны еңбекпен терін сатып түздеп жимай, мәліш сауда сықылды күлкі сатып» жимақ болғандар туралы айтқанында, шынында да, ел кезіп, бір күн анаған, бір күн мынаған дос, жақын болғансып жүргендердің күйкі қылығын ауыл аралап, айна-тарақ сатушылардың ұсақ әрекетіне ұқсастырады. *Мәліш сауда* тіркесі осылайша ақынның өз салыстыруынан туған образды атау болуы да мүмкін, сондай-ақ оны өз тұсындағы сөйлеу тілінен алуы да мүмкін. Өйткені орыстар өсіретін құйрығы жоқ ұсақ қойларды қазақтар *мәліш* деп атайтын болған. Орысша *мелочь* сөзінен жаңа сөз тудырып алу – өткен ғасырдағы қазақ тіліндегі сөйлеу тәжірибесінде бар құбылыс. Сондықтан «мелочная торговля» дегенді де ауызекі сөйлеуде *мәліш сауда* деп «қазақшалай» салған болар деп жорамалдауымыз қисынсыз да болмас. Қайткенде де Абайдан өзгелерде кездеспейтін *мәліш сауда* тіркесі – қазақ даласында келген жаңа сауда операциясының біреуінің жалпы атауын білдіреді.

XIX ғасырда саудаға байланысты актив қолданылған сөздердің бірқатарының сол кездегі мағынасы осы күнгі мағынасынан біраз өзгеше. Мысалы, *саудагер* – қазіргі күнде саудамен пайда табушы, қоғамға жағымсыз қылықты адамның атауы, яғни орысша «спекулянт» дегеннің баламасы. Ал өткенде, әсіресе XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бас, орта кезінде *саудагер* – «саудамен шұғылданушы, соны кәсіп еткен адам», яғни «торговец». Өйткені сауданың өзі – бұл кезде қоғам үшін пайдалы кәсіптің бірі. Абай оны («сауда қылмақты») егін салмақ секілді шаруа (яғни кәсіп) деп қарайды (II, 222). Абайда *саудагер* сөзінің осы мағынада («торговец») қолданылғаны бар: «Жаңа бұлмен жамырап *саудагерлер*, Диханшылар жер жыртып, егін егер» (I, 123); «*Саудагер* тыныштық сауда қыла алмай жүр (I, 33)»; «Сарттық... *саудагерінің* жүрмеген жері жок» (II, 158).

Өткен ғасыр сөздіктері де бұл сөздің орысша баламасын «торговец» деп береді. Сонымен қатар XIX ғасырдың II жартысында-ақ бұл сөздің екінші мағынасы туа бастайды,

¹⁷² Сулейменова Б. О русских словах в произведениях Абая // Известия АН КазССР. - Серия общественных наук. - 1964. - Вып. 4. - С. 66.

яғни *саудагер* сөзі – тек сауда жасаушы емес, несиеге тауар беріп, өсім алатын «спекулянт, пайдақор, өсімқор, ростовщик» дегенді де білдіре бастайды. Абай бұл жаңа мағынасында да қолданады: «*Саудагер* қашты бұл елден, Несиесін жия алмай» (I, 64); «*Саудагер* несиесін жия келгенде...» (II, 172); «Әркімге-ақ тілеу қостық қой, Бәрі – алдамшы *саудагер*» (I, 235). *Саудагер* сөзінің алғашқы мағынасы бірте-бірте әлсіреп, қазірде соңғысы қалыптасқан.

Сондай-ақ *пұл* (*бұл*) сөзі Абай тілінде және осы тұстағы халық тілінде «ақша, байлық» мағынасында жиірек жұмсалған: «*Бұл* құрап, киім түзеп, қарны тойған» (I, 270); «*Бұл* үшін қызықпассың, сен де бір ер» (I, 265); «Өз *бұлыңмен* халің жоқ күнде тояр» (I, 174); «Тәтті менен дәмдіні Қолында *бұлы* бар жейді» (Дулат, 99). *Пұл* сөзінің «парық, баға, бағалылық» мағынасы да параллель қолданылады: «Мына бір істің *бұлы* бар екен деп» (II, 219). *Пұл* (*бұл*) сөзінің соңғы мағынасы бұрынырақтан бар болу керек, осы түбірден жасалған *бұлдау*, *бұлдану* сөздері – қазақ лексикасында ертеден қолданылып келе жатқан сөздер.

Базарлы жерге өз бетімен бара алмайтын ауыл адамдарынан үйір-үйірі не қора-қорасымен мал сатып алып, оны базар, жәрмеңкелерге үлкен кіріспен сататындар болған. Олар түскен ақшаға тауар әкеліп, оны тағы да пайдасымен ауыл арасына сатқан. Бірақ қазақ аулында ақша аз, сондықтан ол тауарды кедей-кепшік, жоқ-жұқаларға несиеге береді. Көктемде несиені өсімімен жинап алады. Сөйтіп, осы операцияның өзіне қатысты көптеген жаңа ұғымдар мен оларды білдіретін жаңа сөздер пайда болады. Олар: *алыпсатар*, *өсім*, *өсімқор*, *табыс*, *пайда*, *несие*, *қарыз*, *борыш* т.б. Сауданың осы айтылған сипатына қарай қазақ өміріне мықтап енген «процент» ұғымы Абай тұсында және Абайдың өзінде *өсім* сөзімен білдірілген: «*Өсімге* қол жайды, Тай алып серкешке» (I, 158); «...Тапқан малымның бір бөлімін *өсімге* беремін» (Алтынсарин, 1879, 34); «Екіге сатса біреуі, *Несиенің өсімі*» (Дулат, 101). *Несие* мен *қарыз* – дублет сөздер, екеуі де «заттай не ақшалай алатын (немесе беретін) борыш» дегенді білдіреді. Екеуі қатар қолданылған: «*Саудагер* қашты бұл елден, *Несиесін* жия ал-

май» (I, 64); «Бейне бір *несиеге* мал сатқандай» (Алтынсарин, 1879. 100). Дегенмен *несие* сөзінің саудаға (саудагерлерге) байланысты, ал *қарыз* сөзінің жалпы біреуден (көбінесе, әрине, барлардан, байлардан) уақытша ақша т.б. ала тұруға байланысты қолданылуы ажыратыла бастайды: «Бір тиын, қазақ, байдан *қарыз* алма» (Шортанбай, 150).

Табыс та – сауда саласында жаңа сөз, ол көбінесе Абайда кездеседі: «Сонымен *табысы* құралмай» (II, 189). Бұл жердегі *табыс* – саудамен мал жию, байлық құрау, кіріс. Бұл жердегі *табыс* сөзінің бір дублеті – *пайда*. *Шығын* сөзінің бұған карама-қарсы мағынасы да осы тұста жанданған, ол – сауда кәсібінен шеккен зиянды білдіру: «Алған пұлы жетпейді *шығынына*» (Майлы, 210).

Сату сөзінің семантикалық қозғалысы өте қызық. Алғашқы кезде бұл етістік «сату» дегенді де, «сатып алу» деген мәнді де білдірген. Біржанның «Бір атты *сатып міндім* елу беске» (188) немесе «Барында батып іш, жоғында *сатып іш*» деген мақалдағы *сатып* сөзі қазіргі нормамызда соңынан *алу* көмекшісін қажет етіп тұрады. Келе-келе *сату* етістігі осы күнгі мағынасында («продать») орнығады да «купить» әктісін білдіру үшін *алу* көмекшісімен тіркескен түрі қолданыла бастайды. Мұндай дифференциацияның алғашқы нышаны өткен ғасырдың екінші жартысында-ақ көріне бастайды. «Продать» ұғымы үшін *базарға ұстап сату, сатып кету* тәрізді тіркестер қолданыла бастайды. Мысалы, Абайда: «Кірмен өлшеп, базарға *ұстап сатпақ*» (II, 146).

Қазақ даласына келген сауда қатынасына байланысты жаңа тіркестер туады. *Пайда табу, пайда құру, зиян шегу, қала шығу* тәрізді тіркестер – XIX ғасырдың туындылары. Сонымен қатар қазақ тіліне тек сауда қатынастары мен операцияларына қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер ғана емес, сауда айналымына түскен күллі тауарлардың аттары да молынан енді. Олардың бірсыпырасы, мысалы, экспорттық тауар атаулары (яғни қазақтардың сатқан тауары – мал, жүн, қыл-қыбыр, тері-терсек) бұрыннан бар актив сөздер болса, қазақ даласы сатып алатын көптеген жаңа тауарлардың аттары енді пайда болады. Ол тауарлардың бірқатары өз аттарымен (яғни орысша атау-

ымен) келсе, енді бірқатарының атаулары қазақ топырағында жасалады. Бұлардың көбі Абай лексикасында көп орын алмағандықтан, біз осы жұмыста саудамен келген бұйым аттарын сөз етпедік.

Азаматтық сипаттағы оқу-ағарту мен ғылым-білімге қатысты сөздер Абай өмір сүріп, жазушылық құрған XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ тілі тарихында маңызды рөл атқарған мәдени факторлардың бірі – білім тарату ісі болды. Мұның өзі екі түрлі: діни және дүнияуи, яғни азаматтық (орысша светское, гражданское образование). Өткен ғасырдың соңғы ширегінде патша үкіметі Қазақстанда ислам дінінің таралуын біраз тежеді, соған байланысты діни оқу орындарының саны едәуір азайып, оның есесіне жаңа типтегі оқу орындары – бастауыш орыс-қазақ школдары ашыла бастады¹⁷³. Бұлар балаларға жалпы азаматтық білім негізін беретін болды. Абай сынды демократ-ағартушы азаматтық оқу-білім тақырыбын сөз етпей қалмағаны ақиқат. Сондықтан Абай лексикасынан азаматтық уклондағы оқу-ағартуға және жалпы білім-ғылымға байланысты көне-жаңа едәуір сөзді тауып, талдауға болады.

Ең алдымен, осы кезеңдегі оқу орнының атауына тоқталалық. Жоғарыда біз әдейі *мектеп*, *школ* деп екі терминді атадық. Бұл күндегі әдеби тілімізде алғашқы білім беретін оқу орнының бәрі *мектеп* деп аталады, ал өткен ғасырда (тіпті оның соңғы кезінде ғана) *мектеп* сөзі мұсылманша діни төменгі оқу орнының атауы болған. *Мектеп* – кейінгі кезде пайда болған атау. Шығыстағы мұсылман елдерінде алғашқы кезден бастап (X-XI ғасырлардан) көп уақытқа дейін күллі оқу орны (бастауыш та, жоғарғы да) *медресе* деп аталған. *Мектеп* деген атау Орта Азия мен татар халықтарында мүлде соңғы кездерде, балалар едәуір көптеп оқи бастаған кезде пайда болған, онда да бастауыш білім беретін орынды білдірген¹⁷⁴. *Мектеп* деген сөз әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басталар аралығында «жаңа әдіспен оқытатын» (жәдидше) бастауыш оқу орындары пайда болған кезде жиі қолданыла бастағанға ұқсайды. Сөз етіп отырған XIX ғасырдың II жартысында

¹⁷³ Тажимаев Т. Просвещение и школа Казахстана во второй половине XIX в. - Алма-Ата, 1962. - С. 33, 132.

¹⁷⁴ Сабитов Н. Мектеби и медресе у казахов. - Алма-Ата, 1950. - С. 5.

Қазақстанда мектеп те, медресе де (өздері де, атаулары да) болған. Мысалы, Семей облысында 1884 жылы – 10, 1888 жылы – 12, 1895 жылы – 17 мектеп пен медресе болыпты. Кейбір облыстарда, әсіресе сол кезде өзбек, татар халықтары тұрған өлкелерде (мысалы, Сырдария облысында) мектеп пен медресе саны әлдеқайда көп болған. Осыған қарағанда, *мектеп* деген сөз тілімізде өткен ғасырда «мұсылманша діни оқуға үйрететін бастауыш оқу орны» дегенді білдіруге тиісті сөз болғанымен, күнделікті сөйлеу тілінде, біздің байқауымызша, бұл атаудың өзі жиі қолданылмағанға ұқсайды. Әдетте сол кезде қазақ *баланы мектепте оқиды* (оқыды) деудің орнына *молдаға* (немесе *молдадан*) *оқиды* деген тіркесті жиірек қолданған. Ал Ыбырайда *мектеп* деген сөз мүлде жоқ, мұсылманша оқытатын (оның өзінде де молдасы «жазу да танымайтын надан») бастауыш орынды бір-ақ жерде *медресе* деп атапты: «Бір күндерде сол елге бір шын молда келіп, әлгі бала оқыған *медресеге* келіпті» (Алтынсарин, 1879. 52). Екінші бір жерде *университетті медресе* деп түсіндіреді: «1791 жылда өзім *университет* деген үлкен *медреседе* оқып жүрген жігіт күнімде...» (Сонда. 34). Осыларға қарағанда, Ыбырай тілінде *медресе* деген сөз жалпы «оқу орны» дегенді білдірген, ал оқу орнын *мектеп*, *медресе* деп ажырату болмаған. Дәл сондай-ақ *мектеп* деген сөз Абай тілінде де бір-ақ жерде кездеседі. Онда да қазақ жеріндегі мектеп туралы емес, Түркиядағы жаңа оқу орындары (*мектеп харбия*, *мектеп рүшидия*) жайында айтқан тұсында. Ал бастауыш дәрежеде діни сауат ашуды Абай да *молдаға оқу*, *молдаға беру*, *сабаққа беру* деп атайды: «*Оқытарсың молдаға оны*» (I, 127); «Соңынан *молдаға берген* болады» (II, 195). Ыбырай сияқты, Абай да жалпы мұсылманша оқу орнын – оның ішінде бастауышын да *медресе* деп атаған: «Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, *медресеге* беріп» (II, 214). Абай тек мұсылманша оқу орны емес, жалпы «оқу орны» деген ұғымда да *медресе* сөзін қолданған: «Баламды *медресеге* біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» (I, 25) дегенінде *медресе* – мұсылманша оқу орны емес, жалпы оқу орны, өйткені Абай балаларын (Әбдірахман, Мағауия, Гүлбаданды) орыс школдары-

на беріп оқытқаны белгілі. Жоғарыда айтылған, XIX ғасырда қазақ даласында пайда болған орыс-қазақ мектептері сол кезде *школ* деп аталған. Сөз жоқ, біреуі ислам дінінің канондарын үйрететін, біреуі орыс уклонды азаматтық білім беретін екі түрлі оқу орнын өмірде ажыратып атау қажеттілігі күшті болған. Сондықтан халық тілінде мұсылманша діни оқу орнын, тіпті оның жаңа әдіспен (жәдидше) оқытып, азаматтық білім негіздерін қоса үйрететін, кейбіреулерінде орысша да сауатын аштыратын жаңа типті түрлерін де *мектеп*, *медресе* (немесе көбінесе, *молдаға оқыту*) деп атап, үкімет тарапынан ашылған жаңа мектептерді (олардың өзінде де мұсылманша сауат ашу қоса жүргізілген) орысша атауынша *школ* деп атаған. Сондықтан революцияға дейінгі Қазақстандағы оқу-ағарту мәселесін сөз еткен орыс тіліндегі әдебиетте алғашқысын *мектебі*, соңғысын *школы* деп алып жүр. Ыбырай да жалпы оқу орны мен мұсылманша мектепті *медресе* деп атағанмен, өзі қызмет еткен жаңа типті орыс-қазақ мектептерін *школ* деп атайды («Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» дегеніндегі қазақшадан орысшаға аударуға ұсынған текстерін қараңыз). Бұлайша дифференциациялап атау қазіргі жазушыларымызда да бар (өткен ғасырдағы оқу орындарын сөз еткен жерлерінде). Мысалы, Мұхтар Әуезов «Абайдың өмірбаяны» деген еңбегінде былай деп жазады: «Абай екінші баласы – Әбдірахманды Семей қаласындағы уездік *школга* оқуға береді, артынан біраз жыл өткен соң, үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Гүлбаданды да әкеп орыс *школына* береді»¹⁷⁵. Жалпы *школ* атауы революцияға дейінгі тек орыс-қазақ мектептері емес, таза орыс мектептерінің де атауы болған. Мысалы, Сәбит Мұқанов Ботакөзді «орыс *школында* оқыды» дейді. Ботакөз оқыған мектеп – таза орыс мектебі. Ал Абай тілінде *школ* деген атау жоқ, мұндай жаңа оқу орнын Абай бір-ақ жерде *интернат* деп атайды. Үкімет ашқан орыс-қазақ мектептерінің көпшілігінің жанында интернат болған. Семей мен Ақмола облыстарындағы Мұндай мектептердің барлығы да 1890 жылдарға дейін *школа-интернат* болып келіп, 1890 жылдардан бастап төменгі сатыдағы ауыл шаруашылық

¹⁷⁵ Әуезов М. Абайдың өмірбаяны // Абай Құнанбаев. - Алматы, 1957. - II т. - 31-б.

мектептеріне айналдырылған¹⁷⁶. Соған қарағанда, Абай өмір сүрген өлкеде ХІХ ғасырда бұл оқу орындарының атауы ретінде *школ* дегеннен гөрі *интернат* сөзі жиірек қолданылған болу керек.

Бастауыштан кейін әрі қарай діни білім беретін оқуорны Орта Азия халықтарында да, Еділ бойы татарларында да және Қазақстанда да *медресе* деп аталған. Ал Абай *медресе* деп күллі дәрежелі (бастауыш, орта, жоғары) мұсылманша оқу ордасын атағанын жоғарыда айттық. Біздің байқауымызша, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ тілінде жалпы оқу орнын, оның ішінде бастауышын да *мектеп* дегеннен гөрі *медресе* деп жиірек атаған. Мысалы, сол тұстағы «Дала уалаяты газетінде» көбінесе *медресе* дегенді ұшыратамыз: «Қазақтар *медресені* бірте-бірте ашып жатыр» (1894, №33); «Бірлі-жарым қазақтар *медресе* ашайын десе, көңілдегі молла жоқ» (1896, №3) т.б.

Келесі бір көңіл аударатын термин – оқытатын адамның атауы. Бұл күнде мектепте оқытатын адамды білдіру үшін *мұғалім* (жалпы атақ) және *оқытушы* (жеке пәндердің мұғалімі деген нақты атақ) деген екі термин әдеби норма ретінде қалыптасқаны белгілі. Ал Абай тұсында, ең алдымен, мұсылманша бастауыш оқу ісін жүргізуші адам қазақтарда *молда* деп аталды. *Мектепте оқу* мен *молдаға оқу* деген тіркестердің семантикалық жағынан синонимдес болғаны да – осыдан. Абай мен Ыбырай да бұл типті оқытушыларды, яғни арабша хат танытатындарды *молда*¹⁷⁷ деп атаған, Ыбырайда: «Аңқау елге арамза *молда* тұрып, балаларға сабақ оқытыпты-мыс» (1879, 52); «Қалада бір зор білімді, оқымысты *молда* бар екен» (1870, 2). Абайда: «Оқытарсың *молдаға* оны» (І, 127); «Жазу жаздық, хат таныдық, Болдық азат *молдадан*» (І, 129).

Ал орыс-қазақ мектептерінің мұғалімдері ол кезде түрліше аталған: *ұстат* (*ұстаз*), *учитель*, *молла*, *үйретуші*. Ыбырай «Хрестоматиясында» бұларды қазақша *ұстат* деп атаған. Бұл – қазақ тілінде ертеден, кітаби тілден келе жатқан сөз. Ол ортаазиялық түркі әдеби тілінде «учитель» мағынасында

¹⁷⁶ Тәжибаев Т. Көрсетілген еңбек. - 35-б.

¹⁷⁷ Бұл сөздің тек «оқытушы» ұғымында емес, діни міндеттер мен ритуалдарды орындаушы адам атауы мағынасында да қатар қолданылғаны белгілі.

қолданылған сөз (қара: Хорезми. Мухаббат-наме. Издание текста, транскрипция, перевод и исследование Э.Н.Наджиба. - М., 1961. - С. 105, 164 және Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тefsиpа XII-XIII вв. - М., 1963. - С. 129, 332).

Абайда бұл сөз *ұстаттық* түрінде келеді. Сірә, өткенде бала тәрбиелеу, оқыту мағынасында *ұстаздық ету*, *ұстаттық қылу* деген тіркес қолданылғанға ұқсайды. Соңғысы Абай тілінде де бар: «*Ұстаттық қылған* жалықпас Үйретуден балаға» (I, 163). Бірақ Абайда «мектеп мұғалімі» мағынасындағы *ұстат*, *ұстаз* сөздері де (*ұстаз* сөзі Абайда жалпы «тәрбиеші, үйретуші» мағынасында келеді), қазақ тілінде сол тұста кіре бастаған *өшетіл* (учитель) сөзі де, орыс ағартушылары (А.Алекторов, А.Васильев) жасаған *үйретуші* сөзі де жоқ. Жалпы Абай тілінде үкімет мектептері мұғалімдерінің атауы жоқ. Бұл мектептерді арнайы сөз етпегеннен кейін жазушы оған қатысты көптеген сөздерді тілінде қолданбаған.

Бұл күндегі *оқушы* термині – жаңа туынды. Өткен ғасырда мектеп пен медреселерде оқитындар *шәкірт* деп аталған. Абайда *шәкірт* термині «оқушы» мағынасында жұмсалған: «Олардың *шәкірттерінің* көбі біраз ғараб-парсыдан тіл үйрснес...» (II, 205). *Шәкірт* сөзінің «тәрбиеленуші, үйренуші» мағынасы да «оқушы» мағынасына жуық: «*Шәкіртсіз* ғалым тұл» (II, 194). Бұл кезде орыс-қазақ шкoлдарының оқушылары да көбінесе *шәкірт* сөзімен берілген. Абайда: «Интернатта оқып жүр Талай қазақ баласы, Жаңа өспірім, көк өрім, Бейне қолдың саласы» дегенінен бөтен, бұндай мектеп оқушылары жайында сөз жоқ, демек, атауы да жоқ. Ал Ыбырай «Хрестоматиясында» оларды *оқудағы балалар* немесе тіпті *балалар* деп атайды, сірә, Ыбырай мектеп-медресе оқушыларымен шатастырмас үшін, *шәкірт* деген терминді өз мектептерінде оқитындарға әдейі қолданбаған сияқты (бірақ «Руководствосындағы» сөздікте *ученик* дегеннің баламасын *шәкірт* деп көрсеткен).

Оқу-ағарту саласында жиі қолданылатын сөздің бірі, сол процестің атауы – *оқу* сөзі. *Оқы* етістігі – байырғы сөз. Одан жасалған туынды зат есім – *оқу* сөзінің бұрынғы *намаз оқу*, *құран оқу* дегендерден басқа «мектепте оқу, білім

алу» мағынасында жиі қолданыла бастауы әуелі мұсылманша оқудың, кейін азаматтық білім берудің айтарлықтай жанданған уақытына тура келеді. Абайда бұл сөз «білім алу» мәнінде жиі қолданылған. Абайда ол *оқу оқып, оқу оқыту, орыстан оқу, орыс оқуы* сияқты тіркестермен де келеді.

Оқу, медресе сөздерін былай қойғанда, Абайда *білім, ғылым, ілім, ғалым, ғұлама, сурет* т.б. сөздері өте жиі қолданылған. Оның үстіне бұл сөздердің бірсыпырасын Абай бірнеше мағынада жұмсайды. Мысалы, *білім* сөзі өткен ғасырда осы күнгідей орысша «знание», «образование» деген ұғымдардың мағынасын білдірген. Бірақ оның сөздіктің актив қорына айнала бастаған кезі – өткен ғасырдың соңғы ширегі, атап айтқанда, Абай мен Ыбырай шығармаларының тілі. Өз творчествосының өзекті тақырыбының бірі – оқу-білім болған Абай *білім* сөзін өте жиі қолданған және одан *білімді, білімсіз, білімсіздік, білімділік* сияқты туынды сөздер мен *ғылым-білім, білім-ғылым* (Ыбырайда: *өнер-білім*) деген қос сөз тұлғаларын жасаған. Абай бірер жерде бұл ұғымды орысша атайды: «Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадерлі орысша *образование* алған кісі болсын...»; «Қызметқұмар қазақ балаларына орысша *образование* беруге ол да – пайдалы іс...» (II, 160). Бұл стилистік мақсатпен әдейі қолданылған сөз екенін жоғарыда айттық, әйтпесе ол барлық жерде де бұл ұғымды *білім, ғылым-білім*, кейде тіпті *ғылым* деген сөздермен беріп отырады.

Абайда *ғылым* сөзі көп жерде *білім* сөзінің синонимі ретінде (осы күнгідей «наука» мағынасында емес) алынған: «Хэтта қыздарды да ең болмаса мұсылман *ғылымына* жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе...» (II, 214); «...*Балаңа* орыстың *ғылымын* үйрет» (II, 180).

Абайда *ғылым табу, ғылым оқу, ғылым іздеу* деген тіркестер жиі қолданылған, автор оларды «білім алу» деген мағынада жұмсаған: «Сол малды сарып қылып *ғылым табу* керек» (II, 168); «*Ғылым таппай* мақтанба» (I, 44); «*Ғылым тапқандардың* жолына...» (II, 164); «*Ғылым оқыт* ой таппай» (I, 58); «*Ғылым іздеп, жатпаған*» (I, 185) т.б. Ал қалған жағдайларда *ғылым* сөзі, Абайда «наука» мәнінде қолданылған: «Химия *ғылымын*

білуші ем, үйретер ем» (I, 271); «*Ғылым* сөзін сөйлесер» (II, 157). Лермонтовтағы: Мы иссушили ум наукою бесплодной деген жолды «Пайдасыз *ғылымменен* ми кептірер» (II, 103) деп аударды.

Білім, *ғылым* деген екі сөз Абайдың өлендерінде де, прозасында да соншама жиі қолданылған; бұл – ұлы суреткер шығармаларының тікелей мазмұнына байланысты ерекшелік. Сөйтіп, *білім* мен *ғылым* сөздерінің терминдік мәнге ие болып, екіге ажырап дифференциациялануы – соңғы кездердің жемісі.

Абай жиі қолданған *ғалым* сөзі осы күнгідей «ученый» деген тар (бір) мағынадағы термин ретінде де, «білімді адам» деген жалпы мағынадағы сөз ретінде де қолданылады да соңғы ұғымда *надан* сөзінің антонимі ретінде келеді: «*Ғалымнан надан* артпас ұққанменен» (I, 252). Ал таза «ученый» мағынасын Ыбырай *әлім* сөзімен береді: «*Әлім кісі* (ученый человек)» (Алтынсарин, 1879, X). Бір *әлім* адам жапанда келе жатып...» (Сонда. 26). Кейде «білімді адам» деген мағынаны Ыбырай *оқымыс* деп те алады: «*Оқымыстың* байлығы күннен-күнге көп болар» (Сонда. XIII). Абай бұл екі сөздің екеуін де қолданбаған. Соңғы сөз (*оқымыс*), сірә, Қазақстанның батыс өлкесіне тән болған болу керек (кейін бұл сөзді *ученый* дегеннің баламасы ретінде проф. Құдайберген Жұбановтың еңбектерінен кездестірдік). Басқа ақындар бұл мағыналарда жоғарғы сөздерді көп қолданбаған: Дулатта *оқымалды*, *молда* (66) дегенді оқимыз. Абай жиі қолданған *хаким* (*хакім*) сөзі *ғалым* деген сөзден бөлек, «данышпан, дана адам» мағынасында келеді: «Әрбір *ғалым* – *хақим* емес, әрбір *хақим* – *ғалым*» (II, 205); «Аристотель *хакімге* патша келді» (I, 262). Бірақ *ғалым*, *хаким* сөздерінің мағынасы бір-біріне жуық екенін Абай өзі де айтады: «*Хаким*, *ғалым* – асылда бір сөз, бірақ ғарафта басқалардүр» (II, 204).

Оқу-ағарту процесіне қатысты сөздердің бірі – *сабақ*. Бұл – көп мағыналы сөз, бір мағынасы – мектептегі оқыту процесінің атауы; *сабақ* сөзінің осы мағынасы өткенде де болған. Абай да, Ыбырай да *сабақ* сөзін «оқу, оқыту» мағынасында жұмсайды: «[Баланы] *сабаққа* бергенде, молданың ең арзанын іздеп тауып алып...» (II, 167); Ыбырайда: «*Сабаққа* көңіл берсең басыларсың»; «...берген *сабақтарын* толық үйреніп, білуге ты-

рыс». Орыс ағартушылары да *урок* дегеннің аудармасын *сабақ* деп береді. Мектептердегі сабақтың бұрын қолданылған тағы бір атауы – *дәріс* Абай мен Ыбырайда жоқ.

Сабақ сөзін Абайдың ауыспалы жаңа мағынада қолдануын проф. Қ.Жұмалиев дәл тауып, өте жақсы талдаған¹⁷⁸. Абай «Онегиннің сипатында»: «Ел аулақта оңаша қолына алып, Көңліндегі *сабағын* айтып тынар» (II, 73) десе, осындағы *сабақ* – Пушкиннің «И после ей наедине Давать уроки в тишине» (V, 14) дегеніндегі *урок* сөзінің мағынасында. Бұл сабақтар, әрине, мектептегі сабақ емес, ауыспалы мағынада.

Жазу деген туынды сөз де осы кезеңде активтенген. Бұның XIX ғасырдағы мағынасы «письмо, написанная бумага, грамотность» (Ильминский, 128). Абайдың «*Жазу* жаздың, хат таныдың» (I, 129) дегенінде *жазу* сөзі – осы күнгідей тура мағынасында, яғни қағазға әріп таңбасын түсіру процесінің атауы. Сонымен қатар *жазу* сөзі – Абай тұсында, оның ішінде Абайдың өз тілінде творчестволық процесс аты, яғни «ақынның өлең, шығарма жазуы» дегенді білдіре бастайды: «Бір кісі емес *жазғаным*, жалпақ жұрт қой» (I, 43); «Мұны *жазған* кісінің...» (I, 45).

Заманына орай «сауат ашу» мағынасын білдіретін сөздердің активтенуі түсінікті. Бұл ұғымда Абайда *хат тану*, *түркі тану* тіркестері қолданылған (II, 179, 168). Өткендегі қазақ тілінде *хат* сөзінің «жазу, жазылған нәрсе, кітап» деген мағынасы болған: «Шежіре туған адамның көкірегі сызған *хатпен* тең» (Дулат, 56). *Хат* сөзінің «жазылған нәрсе» мағынасы Абайда да бар: «Толқынын жүрегіңнің *хаттай* таныр» (I, 39). Ал *түркі тану* дегеннің бірінші компоненті XIX ғасырларда көптеген түркі тілдеріне о баста ортақ болған, ортаазиялық әдеби тілдің атауы болған (*түркі*, ол орысша *тюрки* деп аталған), демек, *түркі тану* фразасы – сауаты ашылып, түркі тілінде жазылған әдебиетті оқи алатын дәрежеге жету процесінің атауы.

Қазақ даласына оқу-білімнің бұрынғыға қарағанда, жандана түскені *кітап* сөзін де жиі қолдандырған. Ол тек Абай, Ыбырайда емес, өзге ақындарда да мол кездеседі: «*Кітап* сөзін жатқа алса»; «*Кітаптан* көрген нақылың» (Дулат, 64,

¹⁷⁸ Жұмалиев Қ. Көрсетілген еңбек. - 191-б.

68); «*Мәселе кітап* шығардым Кейінгі қалған пендеге» (Шортанбай). *Кітаппен* қатар осыған жуық мағынада *ақыл дәптер* («Азғантай мен жазайын *Ақыл дәптер*» – Ақан, 272), *кінеге* («Жазуға үйрететұғын кінеге» – оқу құралының аты) сөздері де ара-тұра қолданылғаны байқалады. Ал Абайда тек қана *кітап* сөзі тұрақталған. *Кітап* сөзі жиі қолданыла бастаған соң, оның бетіндегі таңбалардың атауы да аталмай қалуы мүмкін емес, сондықтан арабтан алынған *қарып* (қазіргі нормада *әріп*) сөзін де табамыз: «Сөз *қарыпсыз*, дауыссыз болушы ма еді?» (II, 197); «*Қарыпсыз* біліп сондайды» (I, 162).

Абай тілінде оқу процесіне байланысты құрал-жабдықтардың бірқатарының атауы бар. Олар: *қалам*, *сия*, *қағаз* (ақ қағаз). *Қалам* ол кезде көбінесе осы күнгі қаламның да (ручка), қарындаштың да атауы болса керек, өйткені не Абайда, не Ыбырайда *қарындаш* сөзі кездеспейді. Әрине, Абай тұсында оқу-ағарту ісінің дамуы мен сипатына қарай оқу процесіне байланысты қазақ тілінде бірсыпыра құрал-жабдық атаулары болғаны сөзсіз. Бірақ Абайда бұлар түгел кездеспейді. Ақын оқу процесін арнайы сөз еткен емес, сондықтан оқу ісіне қатысты арнаулы құрал-жабдық пен жеке процестердің атаулары ұлы ақын тілінде орын алмауы түсінікті.

* * *

Сөйтіп, Абай өмір сүріп, жазушылық құрған кезеңі – XIX ғасырдың II жартысы қазақ қоғамы өмірінің сан саласын қамтыған тарихи өзгерістердің, жаңалықтардың, уақиғалардың дәуірі болды. Тілдің ең сезімтал, өзгерімпаз бөлігі – сөздік құрамы бұл фактіге қатыспай тұра алмағаны мәлім. Сондықтан XIX ғасырдың II бөлігіндегі қазақ тілі лексикасының күй-жайын сипаттайтын негізгі белгілер қоғамның сол кездегі саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне тікелей байланысты болып келеді. Бұл жағдай бізге Абай тұсындағы қазақ тілінің, Абайдың өзінің сөздік құрамын танып-білуде ондағы ең үлкен өзгеріс-жаңалықтарды қоғам өміріне байланыстыра іздеуге мәжбүр етеді.

Қоғамның әлеуметтік құрылымына, ел билеу мен сот-заң істеріне, шаруашылықтың жаңа түрлеріне байланысты сөздік

құрамда кейбір сөздердің пассивтеніп, кейбіреулерінің жаңадан еніп жатқан фактісі әуелі жалпы халықтың сөйлеу практикасында орын алса, қазақ әдеби тілі бұл картинаны ілесе көрсетіп отырған. Оның ішінде Абай лексикасы да осы жаңалық-өзгерістерді толық дерлік қамтыған. Абай бұл жөнінен жалпы-халықтық тәжірибені пайдаланған. Қолданыстан кете бастаған сөздер мен образдардан Абай да бойын аулақ салады. Тіпті өзінің кейбір тұтастарында әлі де актив пайдаланылып келе жатқан кейбір ескі әлеуметтік, экономикалық құбылыс атауларын (*байтақ, төлеңгіт* т.б.) Абай лексикасына енгізбейді, ал кейбіреулерін (*төре, сұлтан* т.б.) көбінесе ауыспалы немесе жаңадан үстелген мағынада жұмсайды. Бұл салада халық тіліне Абайдың әсіресе ден қойғаны – жаңа ұғым, зат, құбылыс, әрекет атаулары. Өмірдің қай саласынан болмасын жалпыхалықтық тіл мен өзіне дейінгі әдеби тілге енген немесе активтенген жаңа сөздер мен жаңа семантикалық мағыналарын Абай бірден қабылдайды. Сондықтан ел билеу саласындағы *болыс, ояз, атқамінер, сайлау, шар, нысық* дегендерден бастап, сот-заңға, саудаға, өзге де кәсіп түрлеріне, оқу-ағартуға қатысты ондаған жаңа сөз, жаңа тіркес, жаңа образ Абайдың өлеңдері мен прозасының тілінен табылады. Бұларды Абай қабылдаумен қоймай, оларды белгілі бір ұғымдарда тұрақтандыру (терминдеу), мағыналарын айқындай түсу сияқты қызмет атқарады. Мысалы, *кедей, жатақ, би* т.б. сөздерді Абай бір ғана ұғымда жұмсайды. Жалпыхалықтық қолданыста нышаны ғана бар тенденциялар Абайда әдеби нормаға айналдырылады. Мысалы, өткен ғасырда қазақ қоғамында үш түрлі право өмір сүрген болса, халық тілінде олардың әрқайсысына қатысты ұғым – лауазым, тәртіп т.б. атауларын ажыратып айту тенденциясы солғын түрде байқалса, Абай оны әрі қарай айқындап бекітеді, яғни өз тілінің тәжірибесінде бұл үш правоның үшеуін бөліп бөліп атайды (*шарият, закон, ата-баба жолы*), олардың әрқайсысына тән жеке ұғым аттары да араластырылмайды (*қазы, судья, би* т.б.). Сол сияқты халық тілінде, оқу-ағарту саласынан мұсылмандық діни оқуға қатысты ұғымдар мен жаңа азаматтық сипаттағы оқуға байланысты ұғымдарды айырып атау бағыты сезіледі. Жалпы халық тілінде оқу, жазу, кітап

шығару тәрізді құбылыстарға қатысты жаңа сөздер көбейе түскен болса, Абай бұл салада бірқатар лексемаларды өзі активтендіріп, қазақ әдеби тілінің сөздігін толықтырады. Мысалы, *ғылым, білім*, «кәсіп» мағынасындағы *өнер* сөздерінің жалаң өздері ғана емес, солар қатысып жасалған жаңа тіркестер Абай тілін бейнелейтін сипатты белгілердің бірі болып табылады.

Қысқасы, Абай лексикасы – XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілінің тематикалық серияларға қатысты саласының айнасы. Абай творчествосының дені поэзия болғанмен, оның жырлаған тақырыптарына орай, өлеңдер тілінің өзінде әлеуметтік терминология мен экономика, оқу-ағарту т. б. қатысты сөздер орын алған. Бұл салалардағы лексикалық топтарды мейлінше мол қамтуына Абайдың прозалық шығармалар жазуы да үлкен септігін тигізген. Өйткені көптеген заңсот саласына қатысты сөздер (ескілері бар, жаңалары бар) – Абайдың өлеңдерінде емес, «Қара сөздерінің» тексінде.

Тематикалық серияларға бөліп талдаған сөздеріміз жалпылама қолданылатын лексика тобына (общеупотребительная лексика) жатады. Сондықтан оларды жеке ақындар шығармаларынан да, баспасөз тілінен де, Абайдың «Қара сөздері» сияқты жаңа жанрда жазылған үлгілерден де, ауыз әдебиеті нұсқаларынан да кездестіреміз.

Осылардың ішінде Абай шығармалары қоғам құрылысына, оның мәдени-рухани дүниесіне байланысты тарамдалатын лексикалық топтардың өз тұсындағы күй-сипатын, өткендегісі мен болашағын танытатын ең бай, ең әдеби нормаланған үлгілер деп айта аламыз.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Бертіндегі жазу нұсқаларының, әсіресе жеке жазушы тілінің грамматикалық құрылысын сөз еткенде, классикалық грамматиканың тәртібімен бастан-аяқ барлық категорияларды суреттеп шығудың қажеттігі жоқ. Әдетте әңгіме «ерекшелік» болып түсетін грамматикалық тұлға-тәсілдер айналасында болады. Ол ерекшеліктердің өзі әдеби тілдің қазіргі нормасымен салыстырылып айқындалады.

XIX ғасырда жазылып алынған ауыз әдебиеті үлгілерінің (өлеңмен берілген эпостардан бастап, қара сөзбен айтылған қарапайым ертегі-аңыздарға шейін), сол кезде баспа бетін көрген жеке ақындар шығармаларының, екі тілдік сөздіктердің, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ баспасөзінің тілдеріне және қазақ тілі грамматикасы туралы өткен ғасырда орыс ғалымдары жазған ғылыми мағлұматтарға қарағанда, қазақ тілінің негізгі грамматикалық тұлға-тәсілдері қазіргі кездегіден көп ажыратылмайтын сипатта қалыптасып үлгергені көрінеді. Әсіресе, қазақ тіліндегі септеу, тәуелдеу, жіктеу жүйесі XIX ғасырдан да көп бұрын қазіргі нормада тұрақталған. Сондай-ақ етістік саласындағы біраз категориялар (шақ, етіс, жекеше-көпшелік т.б.) қазіргідей түрінде нормаланған. Әрине, бұдан ешбір айырма-өзгеріс жоқ деген тұжырым шығуы мүмкін емес. Мысалы, кейбір морфологиялық тәсілдің сыртқы тұлғалануы жағынан өзгешелеу болуы мүмкін: *бара-тұғын* ~ *баратын, менен* ~ *мен, дайын* ~ *дай* т.т. Немесе бір грамматикалық мағына бірнеше амалмен берілуі мүмкін, айталық, кимыл қажеттілігін (осы күнгі *бару керек* тұлғасы) бірнеше тұлғамен беру: *бармақ керек, бармаққа керек, барарға керек, барса керек, бару керек, баруға керек*. Сондай-ақ сөз тудыру саласында едәуір өзгешелік болады: қазірде актив жұрнақтар өткен ғасырда әлі бұл дәрежеге жетпеген болуы

мүмкін, немесе белгілі бір жұрнақтың тудыратын мағынасы осы күнгіден өзгеше болып келеді, мысалы, **-лық** жұрнағының осы күнгідей туынды сын есім жасау қызметі өткенде әлі актив емес. Сол сияқты ең үлкен әңгіме синтаксис саласында болмақшы. Оның ішінде де проза тілінің синтаксисі соңғы жүз жылдың ішінде едәуір айырма-өзгерістерге ие болды. Ол өзгерістерді туғызған себеп-факторлар да әр алуан. Сайып келгенде, барлығы да әдеби тілдің нормалану процесіне қатысты болғанмен, сол процесс жолында себепкер болған мотивтер түрліше болып келеді, оның ішінде ықшамдалу құбылысы да бар (*менен* > *мен*, *тұғын* > *тын*), дифференциация тенденциясы да бар (қазірде **-мақ** жұрнақты тұлғаның мақсатты келер шак үшін, **-у** жұрнақты тұлғаның қимыл есімі үшін ажыратылуы), өзге тілдердің әсері де (әсіресе синтаксистік құрылыста) себепкер болады т.т.

Сондықтан осылардың барлығы Абай тілінің грамматикалық құрылысын да сипаттап өтуді қажет етеді. Жоғарғы айтылған принциппен мұнда біз тек кейбір категорияларды ғана талдаймыз. Атап айтқанда:

1. сөз жасау тәсілдері (морфологиялық және синтаксистік);
2. кейбір морфологиялық тұлғалардың қызметі (**-мақ, -ар, -у, -са** жұрнақты етістік тұлғалары т. б.);
3. кейбір морфологиялық тұлғалардың варианттылығы (**- тұғын** ~ **- тын**, *менен* ~ *мен*, *дағы* ~ *да*, **- дайын** ~ **- дай** т.б.);
4. проза тілінің синтаксистік құрылысы: сөйлемдердегі сөздер тәртібі, құрмалас сөйлемдердің жасалуы;
5. өзге түркі тілдеріне тән морфологиялық тұлға-тәсілдер.

Бұларды талдауда көздейтін мақсаттарымыз – ең алдымен, әдеби тіліміздің даму барысының бір дәуіріндегі – XIX ғасырдың II жартысындағы – грамматикалық сипатын көрсету. Екіншіден, грамматикалық тұлға-тәсілдерді активтендіру, нормалау ісіндегі Абайдың қызметін таныту. Үшіншіден, грамматикалық тұлға-тәсілдердің қазақ поэзия тілі мен проза тілінде, соңғының әр алуан стильдеріне қарай дифференциациялану актісін айқындау.

Сөз жасау тәсілдері

Бұл жердегі талдау Абайдың өзі жасаған жаңа сөздер туралы емес (ол жөнінде «Жаңа сөздер» деген параграфты қараңыз), Абай тілінде кездесетін жалпы туынды сөздер жайында. Яғни Абайда кездесетін сөз тудырушы жұрнақтарды және синтаксистік амалдарды регистрациялап шығу мақсатын көздейміз. Талдау үстінде кейбір аффикстердің қызметтері ғана емес, олардың актив-пассивтігі, стильдік немесе басқа да мотивтерге орай пайдаланғандығы қоса сөз болып отырады.

Абайда бірінші орында сөз жасаудың морфологиялық тәсілі, яғни жұрнақ жалғау амалы тұрады. Екінші орында синтаксистік тәсілдерден сөзді қосарлау және тіркестіру жолдары келеді.

Абай тіліндегі ең өнімді жұрнақ **-лық** (**-лік, -дық, -дік, -тық, -тік**¹⁷⁹). **-лық** арқылы жасалатын сөздердің морфологиялық құрылымы біркелкі емес: ол негізгі түбір тұлғаға да (первичная основа), туынды тұлғаға да (вторичная основа) жалғанған. Әрине, ең көп ұшырасатыны – бұл жұрнақтың тікелей түбірге жалғануы: *адалдық, адамдық, азаматтық, азаттық, ақымақтық, аламандық, арамдық, байлық, балалық, балуандық, барлық, батырлық, беріктік, билік, болыстық, бірлік, ғалымдық, ғаріптік, ғашықтық, достық, дүниелік, дұшпандық, ездік, еркелік, жақсылық, жалғандық, жамандық, жастық, жомарттық, жоқтық, жүйріктік, жылмаңдық, жылылық, жігіттік, зарлық, зорлық, имандық, иттік, кәрілік, кедейлік, кердеңдік, кісілік, қарсылық, қастық, қаттылық, қомдық, қорлық, қулық, құдайлық, құмарлық, масқаралық, мастық, момындық, мырзалық, надандық, оңайлық, ортақтық, өрлік, паңдық, салғырттық, салдарлық, солдаттық, софылық, суықтық, тентектік, тоқтық, тірілік, шалқақтық, шеберлік, шешендік, хақтық, ұрлық, ұстаттық, үлкендік, ынтықтық* т.б.

-лық жұрнағы жалғанған түбірлер төл сөздер де, араб-парсы сөздері де (*ғашықтық, софылық, хақтық, растық*), орыс сөздері де (*солдаттық, болыстық*) болып келеді.

¹⁷⁹ Әрі қарай қай аффикстің болмасын фонетикалық варианттарын әрдайым тізіп отырмай, біреуін ғана аламыз.

Бұл жұрнақтың түбір сөзге жалғанғандағы беріп тұрған (Абай тілінде) мағыналары мен қызметтері мынадай:

1. Абстракт ұғымдарды, яғни құбылыс, күй, сапа атауларын, адам өмірінің кезеңдерін т.б. білдіретін зат есімдер жасайды: *адамдық, адалдық, байлық, кедейлік, балалық, жігіттік, кәрілік, достық, дұшпандық, иттік, қулық, құмарлық, надандық, растық, болыстық* (екі мағынада: бірі – әкімшілік инстанциясының жинақты-абстракт атауы, екіншісі – *болысу* етістігінен жасалған дерексіз ұғым аты). Бұл тәсіл және осы көрсетілген мысалдар қазақтың жалпыхалықтық тіліне тән, сондықтан оларды ауыз әдебиеті үлгілерінен де, өзге ақындардан да жиі кездестіреміз. Абайдың осы модельмен бірнеше жаңа сөз жасап, әдеби тілге қосқанын жоғарыда айттық. **-лық** жұрнақты модельді Абай әсіресе аударма шығармаларында актив пайдаланған: Жанында *суықтық* бар бір жасырын (II, 104) – И царствует в душе какой-то *холод* тайный (Лермонтов, I, 32). *Азаттық* пен *тыныштық* – көксегенім (II, 117) – Я ищу *свободы* и *покоя* (Лермонтов, I, 93). Кеудемде осы жүрек тұрған шақта, *Жақсылық* жоқ өзіме мен дәмәтер (II, 100) – Пока сердце в груди моей бьется, Не увидит *блаженства* оно (Лермонтов, I, 267). Келісімді тәтті *ой әм шеберлік* (II, 104) – *Мечты* поэзии, создания *искусства* (Лермонтов, I, 32). Жаның шошыр *өрлігі* жаннан бөлек, Кісіге балдан тәтті орны келген (II, 72) – Пугать *отчаяньем* готовым Приятной лестью забавлять (Пушкин, V, 13). Бұлардың барлығында да орыс тіліндегі түбір және туынды дерексіз есімдердің балама-сын **-лық** жұрнақты туынды сөздермен берген.

2. **-лық** жұрнағы арқылы жасалған сөздердің бір тобы н әр с е атауларынбілдіретін зат есімдер болып келеді: *ахиреттік* (кебін), *жарлық, қомдық, ішкілік*. Бірақ бұл типті туындылар Абайда көп емес және барларының өзі – халық тілінен алынғандар. Бұл үлгімен Абай өзі жаңа сөздер жасамаған. Бұл модельмен *оқулық, сөздік, орталық* (зат есім мағынасындағы) тәрізді көптеген жаңа сөздердің жасалуы соңғы екі-үш он жылдықтардың жемісі екені белгілі. Мысалы, *жарлық* – өте ертеден келе жатқан туынды сөз. Жалпы халық тілінде және Абай тілінде бұл сөз екі мағынада жұмсалған: а) хан, пат-

ша т. б. тәрізді өкімет иесінің бұйрығы, әмірі: «*Жарлықты* кешіктірмей тез беріңіз» (II, 134); «Хан *жарлығын* алмады» (Бұқар, 33); «Хан *жарлығын* қайтарма» («Қамбар», 1957. 20); ә) Құдайдың «бұйрығы», «кесімі», «жазғаны»: «*Жарлығы* күшті Иенің» («Қамбар», 1957. 53).

3. Қазіргідей аса актив болмаса да, **-лық** жұрнағының Абайда сын есім жасайтын сәттері бар: «*Ғашықтық* сөзге жүйрік әсіресе» (II, 72); «Құдайға *дұшпандық* іс емес пе?» (II, 186); «*Құдайлық* құдірет» (II, 184) т.б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған сын есімдер бұрыннан да бар болатын, бірақ, біріншіден, бұлар өте сирек, некен-саяқ кездесетін. Мысалы, біз ауыз әдебиеті үлгілері мен өткендегі ақындардан **-лық** жұрнақты сын есімнің мезгілдік шамаға қатысы жоқтарынан он шақтысын ғана таптық, олар: «Қорен атқан *тайлық* оқ» («Қыз Жібек», 1963. 45); «Мынау *жаулық* заманда» («Қамбар», 1957. 25); «*Төбінгілік* жүні жоқ» (Сонда. 47); «*Жаулық* жолын сүймеңіз» (Бұқар, 29). Екіншіден, бұлардың барлығы еркін тіркестен гөрі тұрақты тіркеске жақын. Үшіншіден, **-лық** жұрнағы арқылы жасалған сын есімдердің белгілі бір система құрайтындары (әрі жиірек қолданылатыны) сан есімдермен тіркескен мезгіл мәнді сөздерге (*ай, күн, жыл, түс*) жалғанып келуі: *қырық күндік* (~ күншілік) шөл, *бір жылдық* азық. Кейде мезгіл мәнді сөздер сан есімсіз жеке тұрып-ақ **-лық** жұрнақты сын есім болып келеді: *Күндік* жерден қарасын («Қыз Жібек», 1963. 117); «*Түстік* жол, жер – расстояние, которое можно проехать с утра до полудня» (Ильминский, 118); «*Түстік* өмірің болса, *күндік* мал жи» (Мақал). Абайда бұл типтес туындылар да бар: «*бес күндік* өмір» (II, 190), «*бір күндік* өмір» (II, 162).

Ал жоғарғы келтірілген *ғашықтық сөз, дұшпандық іс, Құдайлық құдірет* дегендер аз болса да, біріншіден, еркін тіркестер екенін танытады, екіншіден, **-лық** жұрнағының сын есім жасауда мезгілдік шаманы білдіру тәрізді нормадан асып, қызмет аясын кеңіте түскенін танытады. Сөйтіп, Абайдағы *ғашықтық сөз* дегендер осы күнгі туынды сын есімдердің өте активтенген түрлерінің алғашқы қарлығаштары (үлгілері) болып келеді.

Бұлар – **-лық** аффиксінің түбір сөзге тікелей жалғанған түрлері мен қызметтері. Қалған жағдайларда **-лық** жұрнағы ту-

ынды түбірлерге жалғанған, яғни өзге аффикстермен тіркесте келеді. Олар: **-шы+лық, -ар +лық, -ды+лық, -сыз + дық** қосындылары.

-шы+лық деген аффикстер тіркесі Абай текстерінде екі күйде кездеседі: бір ретте ол тұтас, екіге ажыратылмайтын жұрнақ болып келеді. Мысалы, *жаманшылық, таршылық, жалшылық, қоршылық, адамшылық, қапашылық, құлшылық, құдайшылық, наданшылық, хүсідшілік, күншілік, кемшілік, әурешілік, тіршілік, кеңшілік, бұзақшылық, әдемішілік* сөздеріндегі¹⁸⁰ **-шы** компонентін кәсіп не мамандық иелерін білдіретін жұрнақ деп табуға болмайды¹⁸¹. Ал Абай қолданған *суретшілік, қайыршылық, тіленшілік, бәйітшілік, койшылық* сөздеріндегі жұрнақтар құрамын кәсіп, мамандықты білдіретін **-шы** жұрнағы мен дерексіз ұғым атауын жасайтын **-лық** жұрнақтарының қосындысы деп ажыратуға болады.

Сөйтіп, **-шылық** жұрнағының екі түрінің екеуін де Абайдың аса актив пайдаланып, онымен жасалған мынадай мағыналарды білдіретін сөздерді қолданған:

1. Адамға тән қасиет, белгі, күй, қылықтардың атауы: *жаманшылық, өтірікшілік, адамшылық, құлшылық, наданшылық, күншілік, кемшілік, бұзықшылық, әдемішілік* т.б. Бұлжерде, **-шылық** аффиксі **-лық** аффиксінің дублеті тәрізді болып келеді. Абайда *жамандық – жаманшылық, қорлық – қоршылық, адалдық – адалшылық, құдайлық – құдайшылық* параллельдерін табамыз. Екі қатардың екеуі де абстракт тұғымдарды білдіреді. Айырмасы – бірінші қатары түбірдегі мағынаға қатысты жалпы абстракт ұғымды білдірсе (*жамандық*), екінші қатардағылар адамға тән қасиет, белгілердің абстракт атауын білдіреді: *жаманшылық* – адамның мінез-құлқындағы, жүріс-тұрысындағы, ойындағы жамандықтың атауы.

Белгілі бір күй, құбылыс атауы.

2. Бұлар Абайда сан жағынан көп емес. Олар: *кеңшілік, тіршілік, таршылық, жоқшылық, ашаршылық*, «алыс, қашық күй» мағынасындағы *жылшылық* («Екі көңіл арасы – жыл-

¹⁸⁰ Бұл тәрізді жұрнақтардың Абайда актив қолданылғандығын көрсету үшін мысалдарды мол келтірдік. Әрине, бұлар – әлі де түгел емес.

¹⁸¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1964. - 213-б.

шылық жер» – I, 200). Соңғысынан басқалары – жалпыхалықтық тілде бар сөздер. *Тірішілік* пен *тірлік* Абайда да, өзгелерде де – мағыналық айырмашылықтары жоқ тең дублеттер.

1) **-шы+ -лық** болып ажыратылатын түрімен жасалған сөздер адамның кәсібінің, мамандығының түрін білдіреді: *суретшілік, бәйітшілік, қойшылық* Абайда да, оның алдындағыларда да бұл жұрнақтар қосындысымен осы күнгі тіліміздегідей шаруашылық салаларын атау (*егіншілік, бақшашылық, шаруашылық*) фактісі жоқ.

Келесі күрделі (құранды) жұрнақтың бірі **-лы + лық** адамның ішкі қасиеттерін білдіретін дерексіз есімдерді жасайды: *тоқтаулылық, шыдамдылық, арлылық, намыстылық, табандылық, талаптылық, рахымдылық, мейірбандылық, байлаулылық, естілік. -лы+лық* жұрнағының морфологиялық құрамы айқын: біріншісі адамға белгілі бір қасиеттің тәндігін көрсетеді (*шыдам-ды*), екінші бөлігі сол қасиеттің абстракт атауын жасайды. Бұл Абайға дейін де актив тәсіл болғанмен, оны өнімді пайдалану жағынан Абай тілі ерекше көзге түседі. **-лы +лық** аффикстері арқылы Абай көптеген жаңа сөздер жасаған: *тоқтаулылық, байлаулылық, арлылық, намыстылық* тәрізді сөздер халық тілінде потенциалды болғанмен, Абайдан өзге нұсқалардан көп кездеспейді.

-лы+лық аффикстер қосындысының антонимі – **-сыз + дық** құрамасы. Бұл да активтенуі жағынан да, жаңа туындылар жасау жағынан да Абайда **-лы+лық** жұрнағымен қатар тұрады: *білімсіздік, талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, қайратсыздық, қайғысыздық, тиянақсыздық* т.т.

-лық жұрнағының бұлардан басқа есімше жұрнақтарымен (**-ар, -ған**) және етістіктің **-мақ** жұрнағымен қабаттаса қолданылғандары Абай тілінде орын алады. **-мақ+тық** тұлғалы сөздер **-мақ** жалғанған қимыл есімінен дерексіз ұғым атауын жасайды: *табылмақтық, танымақтық, айырмақтық, инанбақтық, сүймектік, қызықпақтық*. Бірақ бұларда өзбек тіліндегідей қимылдың орындалу мүмкіндігін білдіретін отенок¹⁸² жоқ. Бұл туынды сөз мағынасы жағынан **-мақ** не-

¹⁸² Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. - М.-Л., 1960. - С. 113.

месе **-у** жұрнақты және - **у+шы+лық** жұрнақты тұлғаларға сай келеді: *сүймектік ~ сүймек ~ сую ~ суюшілік*. **-мақ** пен **-у** жұрнақтарының өзі сөзге абстракциялық мән береді: *жүру* немесе *жүрмек* – жүру қимылының жалпы атауы (орысша *хождение* дегенді білдіреді). Мұның үстіне **-лық** жұрнағы тіркескенде абстракция одан әрі күшейеді. Абай осы күнгі **-у** жұрнақты қимыл есімінің орнына көбінесе **-мақ** жұрнақты тұлғаны қолданғандықтан, оның етістік негіздерінен дерексіз ұғымдағы есім жасауда **-мақ+тық** қосындысын жиі пайдалануы түсінікті болып шығады. Әсіресе бұл тәсіл оның прозасының тіліне тән. Қазірде **-мақ+тық** түріндегі аффикстер қосындысынан туынды сөз жасау – өнімді тәсіл емес.

Есімшенің **-ған** жұрнақты түріне **-лық** аффиксін жалғап жасалған тұлғалар да Абай текстеріне жат емес: *білгендік, үйден шықпағандық қылып, зор болғандық әсері, арызы жеткендік, сыйы өткендік, заман өзгергендікпен ескіріп, жан кеудеден шықпағандық, адам жауланғандық* т.б.

Қазіргі қазақ тілінің нормативтік-ғылыми грамматикаларында мұндай тұлғаның (**-ған+дық**) бар екендігі туралы ауызға да алынбайды, ал, шындығында, бұл – қазіргі нормамызда өнімді тәсіл болмаса да, тіл тәжірибесінде мүлде жоқ тұлға емес. Абай туынды сөздің бұл түрін өте актив қолданған, өткен шақтық есімшелерге **-лық** жұрнағын жалғау – есімшені субстантивтеудің, ал кей жерде адъективтеудің (*зор болғандық әсері*) грамматикалық тәсілі болып табылады.

Келер шақ есімшеге (**-ар** жұрнақты) **-лық** жұрнағын тіркеу арқылы, жасалған тұлғалардың қызметі мен мағынасы бұдан гөрі өзгеше: біріншіден **-ған+дық** тұлғасы **-ар + лық** тұлғасына қарағанда, Абайда сан жағынан сиректеу ұшырайды, ал **-ар+лық** жұрнақты сөздер өнімділігі (жиілігі) жағынан екінші орын алады, бірінші орынды, біздіңше, **-лық** жұрнағы тікелей түбір сөзге жалғанып жасалған туындылар алады. Екіншіден, **-ған+дық** тұлғасы, көбінесе, субстантивтенген есімдер (зат есім) болса, **-ар +лық** тұлғасы адъективтенген есімдер (сын есім) ретінде қолданылады: *сыйласарлық кісі, өлерлік жан, ұяларлық нәрсе, мақтанарлық орын, көндіретерлік күш, ұқтырарлық тіл* т.б. Бірақ **-лық** жалғанған

есімшенің екі түрі де өздерінің етістік белгісінен мүлде айырылып қалмайды, сондықтан көпшілігі өзге есімдерді белгілі бір септікте меңгеріп, солармен тіркесте қолданылады: *жатқа мақтанарлық* мақтан, *соғысқа жарарлық* кісі, *ата-ананы тұзақтан құтқарарлық* бала, *сөзді ұғарлық* жан, *еңбегіңді білерлік еш адам жок, қуанарлық* қыз емес жылтырауық таққанға.

Абайдағы **-ар+лық** жұрнақты сөздер семантикасы жағынан - **а+тын** жұрнақты ауыспалы шақтың есімше тұлғасына бірқыдыру жақын келеді: соғысқа *жарарлық* кісі – соғысқа *жарайтын* кісі; тұзақтан *құтқарарлық* бала – тұзақтан *құтқаратын* бала. Бұл сәйкестік әсіресе **-ар+лық** тұлғасы етістікпен тіркесіп келген жерлерде айқын сезіледі: ол бала сені *асырарлық* (~*асырайтын*) болып туа ма; баланың мал *табарлық* (~ *табатын*) болары т.б. Дегенмен **-ар+лық** тұлғасында адъективтену мағынасы күшті, сонымен қатар мұнда көрсетілген кимыл-сынды жүзеге асыру потенциясы (ұғымы) бар. Сондықтан автор сол кезде де, қазірде де өнімсіз бұл тәсілді осы оттеноктерді беру үшін әдейі қалап қолданғанға ұқсайды.

Некен-саяқ жағдайда Абай **-ар+лық** тұлғасын таза субстантив ретінде қолданып, зат есімдерше септік, көптік, тәуелдік жалғауларын жалғайды: [айтарыңды] ана сөзді *ұғарлықтарға* айт (II, 166), Маған да біреу *жалынарлыққа* жеткен екенмін (II, 189). Енді елді *түзерлігі-ақ* қалған (II, 165). Бұл қолданыстардың мотиві Абайдың сын есімдерді жиі субстантивтендіру әдетіне байланысты, бұл жерде **-ар+лық** тұлғасын Абай сын есім ретінде алып отыр. Келер шақ есімшенің болымсыз түрі де **-лық** жұрнағын жалғап келе береді (рас, бұл әлдеқайда сиректеу): *білместік, үміт үзбестік, ұмытпастық*.

Қазіргі тілімізде **-ар (-мақ)** жұрнақты келер шақтық есімшеден **-лық** арқылы жаңа тұлға жасау – нормалық өнімді тәсіл емес. **-лық** жұрнағы Абайда сын есім жасайтын **-шак, -кер, -ғыш, -қой** т.б. жұрнақтармен де қабаттасып келіп, адамға тән қасиеттің жалпы атауын білдіреді: *жеңсікқойлық, нанғыштық, сенгіштік, қорғалауықтық, күнәкарлық, мақтаншақтық, борышқорлық*.

Абай текстерінде бір компоненті **-лық** жұрнақты тұрақты тіркестер де жиі ұшырайды: *мал тапшылық, көрсе қызарлық, қолы тарлық, ит қорлық, әсем салдық, тән саулық, қызба бастық, күлкі тоқтық* т.б. Бұлар септік жалғаулы сөздерді меңгеріп тұрған етістікті (есімшелі) грамматикалық тіркестерден өзгеше, өйткені алдыңғылардың негізі – *көрсе қызар, қолы тар, әсем сал* тәрізді фразеологиялық единицалар.

Сөйтіп, **-лық** – Абай тілінде ең өнімді сөз тудырғыш аффикстердің бірі. Бұл құралмен жасалған сөздердің ішінде жалпыхалықтық тілде қолданылып келгендері де, Абай жасаған жаңалары да бар. Жаңалары – бірқатар абстрактесімдер мен сын есімдер.

-лы (-лі, -ды, -ді, -ты, -ті) жұрнағы. Бұл да – Абай тілінде туынды сын есім жасайтын өнімді аффикстердің бірі. Ол түбір сөзге де, туынды сөзге де жалғанған. Туынды сөздердің ішінде Абай текстерінде көбінесе **-ым, -ма, -у** жұрнақтыларына жалғанады: *сөзімді, өтімді, жетімді, орамды, тартымды, толымды, білімді, сүйкімді; соқтықпалы, елірмелі, буулы* (буынсыз тілің, *буулы* сөзің – I, 252).

-лы арқылы жасалған сөздердің бәрі түбірде (негізде) аталған заттың бар екендігін білдіреді.

Кей реттерде **-лы** жұрнағының жалғануы факультативті сипат алады (яғни жалғанбай да келе береді), өйткені біріншіден, **-лы** жұрнағының жалғанбағандығы мағынаға нұқсан келтірмейді, екіншіден, мағынасы әрі қызметі бірдей сөздер **-лы** жұрнағын жалғап та, жалғамай да қатар келе береді. Салыстыр:

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ (I, 47).

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті (I, 47).

Ойынды еті бөп-бөлек, *омыраулы,*

Тояттаған бүркіттей салқы төсті (I, 47).

Мұндағы *қоян жақ, бөкен қабақ* дегендер де, өзгелеріндей *қоян жақты, бөкен қабақты* түрінде келе алар еді. Сондай-ақ *қырлы мұрын – қыр мұрын* (1,24).

-лы жұрнағының сын есім түбірлеріне жалғануы қазіргі тілімізге тән емес. «Суффикс обладания **-лы, -ты** может присоединяться теперь только к именам существительным, а к прилагательным – лишь в случае образования антонимического

повтора, вроде ұзынды-қысқалы «имеющий и длинное и короткое», т.е. «все меры длины»¹⁸³. Сондықтан Абайда кездесетін қызықты (нәрсе, уақыт), қымбатты (шак), тынышты (ат) туындылары факультативтік құбылыстар болып табылады.

Абайдағы өзге де сын есімдер сияқты **-лы** жұрнақты туынды сын есімдер де сөйлем ішінде субстантивтеніп келеді.

Абайда **-лы** арқылы өзі жасаған жаңа сөздер аса көп емес. Біздіңше, өнерлі және қолөнерлі, сәулелі (кісі), жетімді (жеткілікті сөзінің дублеті), мінді (мінсіз-дің антонимі), кеселді (түйін, қылық) сөздерін ғана Абай өзі жасаған болар немесе кейбіреулерін активтендірген болар.

-сыз жұрнағы – **-лы** жұрнағының антонимі. Ол да көбінесе Абайда туынды түбірлерден **-ым**, **-у** жұрнақты сөздерге жалғанады: жарамсыз (қылық), болымсыз, толымсыз (жұрт), тынымсыз, ұғымсыз, тиымсыз, өлшеусіз, теңеусіз. Бұлардың барлығы да – халықтық тілдікі. **-сыз** жұрнағы фразеологиялық тіркестерге де жалғанған: «Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін» (I, 222); «Ала қолсыз мырза еді» (I, 194).

-шы (-ші) жұрнағы – қазіргідей Абай тұсында да өнімді аффикстердің бірі. Беретін мағыналары: адамның кәсібін, мамандығын білдіру. Абайда бұл мағынадағы сөздер көп емес: суретші, бояушы, тігінші, кестеші, бітімші, күтуші. Ал қалған жағдайда белгілі бір қасиет, жағдай, қылық, мінез иесін білдіреді: тыңдаушы, үйренуші, ыза болушы, сыншы, сынаушы, айтушы, өсекші, өтірікші, алдамшы, билеуші, өмірші, басшы, ойнасшы, арызшы, амалшы. Осы мысалдардан көрініп тұрғандай, **-шы** жұрнағы түбір сөздерге де, туынды сөздерге де жалғанған. **-шы** жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөздер Абайда көп емес. Суретші (сурет салатын өнерлі адам), сыншы (сын айтушы), амалшы (интриган), айтушы («ақын» мағынасында), тыңдаушы («оқушы» мағынасында), арызшы («арыз бергіш адам»), бастаушы сөздері Абай активтендірген сөздер болуы мүмкін, өйткені осы көрсетілген мағыналарда Абайға дейінгі не тұстас қаламгерлер тілі мен ауыз әдебиетінен кездестірмедік (сыншы сияқты сөздер бар, бірақ ол көбінесе «атты сынаушы» дегенді білдірген: «Хан Қореннің қолында

¹⁸³ Жубанов Х. Из истории порядка елов в предложении. - Алма-Ата, 1936. - С. 10.

Бір *сынышысы* бар еді» – «Қыз Жібек», 1963. 42). «Читатель» мағынасындағы *оқушы* сөзі де Абай тұсында туа бастағанға ұқсайды. Бұл сөзді Абайдан басқалардан да кездестіре бастаймыз. Мысалы, Ақанда: «*Оқушым* айтушыдан болсын зият». Бұл қатардан Абайда өте жиі қолданылған сөз – *алдамшы*: *алдамшы* өмір, *алдамшы* саудагер, *алдамшы* шайтан, *алдамшы* болу. Сірә, заманынан, замандастарынан үміті, арманы алданған ақын осы сөз арқылы өзінің айналасына (болмысқа) деген көзқарасын білдірген болуы керек.

-шыл (-шіл) жұрнағы адам мінезінің қасиетін, оның бір нәрсеге бейімділігін білдіреді. Бұл – Абайдың таңдап алып, өте жиі пайдаланған жұрнағы. **-шыл** жұрнағы жалғанған сөздерді, көбінесе, шындыққа сай жағымсыз мазмұндағы ұғымдарды (қасиет, белгі) білдіруге жұмсайды: *қиянатшыл, жікшіл, қошаметшіл, байбайшыл, өзімшіл, оразашыл, намазшыл*. Әрине, **-шыл** жұрнағын Абай әрдайым жағымсыз қасиетті атау үшін пайдаланбайды. Абайдағы *шынышыл, ойшыл* деген екі сөз жаңа ұғымдарды білдіретін неологизмдер екенін айттық; *шынышыл* – дана, шындықты айтушы, реалист; *ойшыл* – «мыслитель» және «мечтатель» дегендердің баламасы.

-ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) суффиксі. **-ма** жұрнағы Абай кезінде қазіргідей актив болмаған. Мысалы, Абайдың тұсындағы жалпыхалықтық тілде де, Абайдың өзінде де осы күнгі *шығарма, тапсырма, міндеттеме, мінездеме, сипаттама, қоспа* зат есімдері жоқ. Дегенмен Абайда бұл жұрнақты сөздер жоқ емес: *елірме, таңдама* (таңдалған зат, нәрсе, қазіргідей жазушының жинағы – кітабы емес), *қылт етпе*. Бұл тұлға Абайда сын есім мағынасында да жұмсалады: *бояма* күлкі, *елірме* күлкі.

-ым (-ім) жұрнағы арқылы жасалған туынды сөздерден Абай тілінде *бітім, білім, күтім, тыным, өсім, кесім, бағым* сөздері кездеседі. Бұлар процесс атауын немесе қимылдың нәтижесін білдіреді. Бұлардың ішінде Абай заманында туған бірен-саран неологизмдер де (*өсім*) бар. Қалғандары – халықтық тіл қорлары. Сірә, өткен ғасырда **-ым** жұрнағы әлдеқайда активтеу болғанға ұқсайды, етістіктен есім тудыратын **-ыс** тәрізді жұрнақтармен қызметі ажыратылмай, қатар

қолданылған сәттерін табамыз. Мысалы, «*Келімі* келген кермиық. *Туымына* әркім ден қойған» (Базар, 237, 242); «*Болымы* жоқ бозбала» (Майлы, 212); «Еспенбетке ұнады Ақбөртеңің *келімі*» (Дулат, 76); «Кәрілік пен мінезге Білсеңіз *бағым* болар ма?» (Шортанбай, 147). Бұл сөздердің біркатары казіргі әдеби тілімізде көп қолданылмайды.

-қыш (-кіш, -ғыш -гіш) жұрнақты сөздер Абайда белгілі бір әрекет-қимылды істеуге бейімді адамды білдіреді: қызметке *таласқыш*, ары кеткен *алдағыш*, уайым-қайғы *ойлағыш*, қулық *көргіш*, сұмдық *білгіш*. Және көбінесе бұлар жағымсыз іс-әрекетке бейімділерді атайды. Сондықтан **-ғыш** жұрнақты сөздердің көпшілігі Абайда өзге де мысқыл, әжуа сөздермен қатар қолданылған: «Кісімсіп белгілі *білгіш*, Біреуге сондай-ақ *күлгіш*» (I, 83); «*Құлықты көргіш*, *Сұмдықты білгіш*» (I, 90); «*Сөзуар, білгіш, Законшік, көргіш*» (I, 91); «Қозғау салып *қоздырғыш*» (I, 149); «*Ары кеткен алдағыш*» (I, 134).

Қимыл атауын білдіретін **-ыс** жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөздер Абайда жоққа тән. Абай қолданған *соқтығыс*, *ұрыс*, *соғыс* сөздері – жалпыхалықтық қолданыстағылар.

Өнімді **-дай (-дей, -тай, -тей; -дайын, -дейін)** жұрнағы өз қызметінде Абайда өте жиі кездеседі: *гүлдей*, *шоқпардай*, *инедейін*. **-қор, -кер, -паз, -кез, -қой, -дар, -ман** жұрнақтарымен жасалған сөздер де Абай тілінен орын алған: *құмарпаз*, *сезімпаз*, *өнерпаз*, *әсемпаз*, *жауапкер*, *намыскер*, *сәнқой*, *даңғой*, *хабардар*, *аларман*, *берермен*. Бұлар да – Абай туындылары емес. Көрсетілген жұрнақтармен келген сөздер өткен ғасырлардағы әдеби тілде сирек болса да, батыл қолданылғаны көрінеді. Бұлар ауыз әдебиетінде де ұшырасады. Мысалы, Бұқар жырау текстерінде *қызметкер*, *азаткер* сөздері, жырларда *хабардар*, *қызметкер*, *үміткер*, *намыскер* сөздері, мақалдарда *аларман*, *берермен* т. б. бар: «*Үміткер* болып барша тұр. *Хабардар* болып қарайын» («Қамбар», 1957. 40, 70); «Ақыр бір күн болармын Сол жігітке *қызметкер*» («Қыз Жібек», 1963. 76).

Өнімсіз көне **-сақ/-сек** жұрнағымен келген сөз Абайда 2-3 жерде қолданылған: *сұрамсақ*, *тілемсек*. Бұлар да – бұрыннан келе жатқан туындылар. Салыстыр: «Саудагер ажарын сатады, *сұрамсақ* назарын сатады» (мақал).

Өте сирек кездесетін **-дақ** /-дек (*жүрдек, жалпылдақ, тастақ*), **-шақ** /-шек (*ұялишақ*), **-шық** / **-шік** (*төменшік, тау-сыншық*), **-ғы** (*тұрғы*) жұрнақты сөздерді де Абай халық тілінен алып пайдаланған. Абай жаңа сөздер жасауда бұл жұрнақтарға көп жүгінбегені көрінеді.

Сөз жасайтын жұрнақтардың ішінде Абайда тағы да жиі кездесетіндерінің бірі – есімнен етістік тудыратын **-сы** аффиксі. Бұл жұрнақпен бұрыннан жасалған сөздерді Абай өте актив қолданады. Олар: *кісімсу, көрмегенсу, құдайсу, адамсу, қамқорсу, білмегенсу* т.б. Сонымен қатар Абай осы жұрнақпен өзі де біраз неологизмдер жасаған: *қалжыңбассу, қайраттысу* (бұл жөнінде толық түрде 127-129-беттерде айтылды).

Абайда *қарт* сөзі *қартаң* түрінде қолданылады. Сірә, бұл **-аң** жұрнағының Абай өлкесінде едәуір өнімді тәсіл екендігіне байланысты болу керек. Қазақстанның, Семей, Шығыс Қазақстан аймағында *мол* сөзі *молаң*¹⁸⁴, *жазық* сөзі *жазаң*, *қашық* сөзі *қашаң* (М. Әуезов тілінде) түрінде қолданылған фактілері бар.

Есімнен етістік туғызатын **-ла** (**-ле, -та, -те, -да, -де**) жұрнағының жалпы қазақ тілінде қай заманда да өте өнімді болғаны аян. Бұл жағынан Абай тілі де оқшауланбайды. Бұл жұрнақтың өткен ғасыр текстерінде қолданылуына тән бірер ерекшелігін атауға болады. Бірі – **-ла** жұрнағының жалғанатын түбірлерді таңдауда еркіндеу, кеңдеу болуы. Осы күнгі әдеби тілімізде бұл жұрнақпен тікелей етістік жасалмайтын кейбір есім түбірлері өткендегі қазақ тілінде кездесе береді. Мысалы, *тезге салу* деудің орнына *тездеу*, сондай-ақ *арлау, жарлау, орлау* т.б.: «Алдын қазып *орласа*; намысқа тиіп *арласа*»; «Алдын әкеп *жарласа*» (Майлы, 206). Бұл құбылыс Абайда да бар: *мін, жат* («бөгде адам») сөздеріне **-ла** жұрнағын тікелей тіркейді: «Жақының жалған *міндейді*» (I, 58). Қазірде бұл – *мінейді, мін тағады* түрінде нормаланған. «Қайырсыз ит деп *жаттайды*» (I, 59) – *жатқа санайды, жат көреді*. Әрине, бұл – аса өнімді емес, дегенмен халық тіліне тән еркіндіктің салдары¹⁸⁵ XIX ғасыр әдеби тілінде із қалдырған.

¹⁸⁴ Қазақ тілі тарихы мен диалектология мәселелері. - Алматы, 1960. - 3-шығ. - 82-б.

¹⁸⁵ Диалектологтарымыз жиған жергілікті ерекшеліктердің ішінде **-ла** жұрнағымен жасалған едәуір сөзді кездестіреміз. Демек, бұл құбылыс ауызекі тілде әлі күнге дейін бар екені байқалады.

Түркі тілдік емес **бей-** (**би-**), **на-**, **-и** тәрізді аффиксті сөздер де өткендегі қазақ тіліне, оның ішінде Абай тіліне жат емес, бірақ өнімді, мол да емес. Қазіргі нормадағыдай, өткенде де бұл қосымшалар жалғанған сөзімен қоса лексикалық тұтастық ішінде келген, сондықтан араб-парсы сөздерімен ғана айтылады да қазақтың төл сөздерінен туынды элементтер жасамайды. Осы күнгі лексикалық нормамызда құрамында осы аффикстер бар сөздердің өзі сан жағынан шектеліп, тұрақталғаны байқалады. Ал өткенде бұлардың аз-көп кездесуі авторға байланысты болған. Кейбір қаламгерлер, әсіресе оңтүстік өлкесін мекендеген Майлы, Базар тәрізді ақындар *бей-* префикстері бар шығыс сөздерін молырақ пайдаланған: «Бетеге мен жусаннан *бейқадір* қып» (Майлы, 211); «*Бейқайраттың* белгісі» (Сонда. 193). Ал Абай *бейхабар*, *бейшара*, *бейжай*, *бейғам* тәрізді халық тіліне сіңіскен сөздерді ғана пайдаланған да өзі жаңадан сөз жасамаған. **бей-** префиксінің қызметін қазақтың **-сыз** жұрнағы актив атқарған, сондықтан Абайда *бейқайрат*, *бейқадірлер* емес, *қайратсыз*, *қадірсіз* сөздері табылады. **-и** жұрнақты сөз Абай тілінде аса көп емес. Көбінесе «Қара сөздерінде», онда да кейде тіркес ішіндегі сөздерде кездеседі: *шаһари*, *кәсіби*, *жибли*, *арзуи*, *әдәби* (<*әдеп* + *и*), *әзәли* т.б.

Сөз жасаудың синтаксистік тәсілдері – сөздердің қосарлануы, бірігуі және тіркесуі біз әңгіме етіп отырған кезеңде, оның ішінде Абай тілінде – қазіргідей жүйелі амалдар, бірақ өнімділігі жағынан бірдей емес.

Абай қолданған қос сөздер тілдік тегі жағынан:

- а) екі компоненті де – түркі (немесе түркі-монғол) сөзі;
- б) бір компоненті – қазақ, екіншісі – араб-парсы сөзі;
- в) екі компоненті де шығыс сөздері болып келеді.

Екі сыңары да түркі элементтерінен жасалған қос сөздердің басым көпшілігі – жалпы халықтың тіл қазынасынан алынып қолданылғандар, олар – сол кездегі сөйлеу тілінде де, қазақ әдеби тілінде де, ауыз әдебиеті тілінде де кездесетіндер. Бұлар морфологиялық құрылымы жағынан қайталама түбірлерден (*айтып-айтпау*, *айтшы-айтшылау*, *ақырын-ақырын*), қарсы мәнді түбірлерден (*алыс-жақын*, *жатпай-тұрмай*, *күні-түні*, *оңды-солды*, *өлер-тірілер*, *ыстық-суық*), мәндес түбірлерден (*шаң-тозаң*, *күш-қуат*, *ар-ұят*, *ұры-қар*, *ұры-бәрі*, *уайым-*

қайғы, телі-тентек, құлын-тай, қат-қабат, күй-жай, кем-кетік, жоқ-жітік, сұм-сұрқия, сәлем-сауқат, дау-жанжал, бақсы-балгер) жасалған қос сөздер болып келеді. Сондай-ақ қазақ тілінде өнімді қолданылатын еліктеуіш қос сөздерді (*пыш-пыш, сап-сап, алаң-жұлаң, әні-шаны, бұрқ-сарқ, бұлк-бұлк* т.б.) Абай да еркін пайдаланған.

Бір сыңары шығыс сөздері болып келетін қос сөздер де Абайда кездеседі, бірақ олар да халықтың тіл қорынан (*дос-жар, жер-жиһан, сән-салтанат*) және сан жағынан өте шағын. Ал екі сыңары да араб-парсы элементтері болып келетін қос сөздер мұнан да аз *қарып-қасер, әділет-шапқат, гиззат-құрмет*).

Абай сөзді қосарлау арқылы жаңа лексикалық единицаларды жасауды басты, өнімді тәсілдердің бірі етіп алмаса да, кейбір зерттеушілер танығандай¹⁸⁶, мағыналары жуық кейбір сөздерді қатар қолданып, кейде қос сөз дәрежесіне келтіру тенденциясы бар. Мысалы, *ағайын-жұрт, ағайын-туған, ақыл-ой, арқа-басы, асап-ішу, әл-қуат, думан-сауық, дос-асық, жылай-жырлай, зар-нала, керенау-кердең, керім-кербез, қоңыр-күңгір, әділет-шапқат, гиззат-құрмет* тәрізді парларды Абай өзі тіркестірсе керек. Бұлар қос сөз категориясына өте жуық келеді, әрине, кейбіреулерінің араларына үтір қоюға да болады (солай жазылып та жүр: *керенау, кербез, бір керім* т.т.). Е.Жанпейісов дұрыс көрсеткендей, Абайдың сөзді қосарлап қолдану әрекеті Мұхтар Әуезовтен әлдеқайда аз, бірақ жалпы тенденциясы Абайдан басталатыны рас.

Қос сөздерді пайдалануда бір ерекшелік – өлең шартына байланысты қос сөз компоненттерінің арасына жалғаулық немесе басқа сөздер салып, ажыратып жіберу фактісі бар: «Қай мезгілде тойғыздың қатыны мен қалашын» (I, 21); «Әуремін мен тыя Дауың мен шарыңды» (I, 220); «Ұрыңнан асырдың сұм тілді қарыңды» (I, 220). Бұл тәсіл жалғыз Абайға емес, бүкіл қазақ поэзиясының тіліне тән. Мысалы: *Қаріп* пенен *қасірге* болдың қорған» (Шөже, 123); «Телі менен *тентекті* тыяр десе» (Сүйінбай). Әрине, бұл – Абай дәуіріне немесе Абайға тән норма емес, өлең тілінің шарттарына байланысты құбылыс.

¹⁸⁶ Жанпейісов Е. Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. - 1962. - № 11. - 42-43-б.

Жаңа сөз жасаудың синтаксистік тәсілінің бірі – түбірлерді біріктіруді Абай актив қолданбаса да, бұрыннан әдеби тіл мен ауызекі тілде бар біріккен тұлғаларды еркін пайдаланған. Абай қолданған *ақсақал, ақшомшы, жаманат* (осы күні бұл сөз бірде біріктіріліп, бірде бөлек жазылып жүр, бірақ табиғаты – біріккен сөз), *баспана, бозбала, бойкүйез, желбуаз, жаздыгүн, жарымес, желқабыз, көкжиек, көкөрай, күншығыс, қалжыңбас, қылжақбас* сияқты сөздер – ертеден бірігіп, лексикалық бір мағына иесіне айналғандар. Абай мүмкін *қолөнер* тәрізді біреу сөз болмаса (ол да жорамал), өздігінен жаңа біріккен сөздер жасамаған. Тегі, жалғыз, Абай емес, жалпы сол тұстағы қазақ әдеби тілінде бұл тәсіл актив қолданылмаған. *Атқамінер, елубасы, онбасы, атиабар* сияқты бес-он образды атау о баста жалпы халықтың сөйлеу тілінде пайда болған, әдеби тілге сөйлеу тәжірибесінен енген. Екі түбірді біріктіріп, жаңа мағыналы сөз жасау тенденциясы үстіміздегі ғасырдың 20-40-жылдарында активтенгені мәлім.

Кейбір морфологиялық тұлғалардың қызметі

-мақ жұрнақты тұлға

Абай тілінде ерекше көзге түсетін морфологиялық элемент – **-мақ (-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек)** жұрнағы. Бұл қолданылу жиілігі жағынан да, атқарған қызметі жағынан қазіргі нормалмен салыстырсақ та, Абайдың алды-артындағы немесе тұстас қаламгерлер тілімен салыстырсақ та, айрықша бөлініп көрінеді.

Абай тілін азды-көпті сөз еткен лингвистердің барлығы да оның прозасының грамматикалық ерекшеліктерін көрсетуге әрекет жасаса, ең алдымен, Абайдың **-мақ** тұлғалы етістікті жиі қолданғанын атайды да мұның себебін көбінесе шағатай тілінің әсерінен деп табады¹⁸⁷. **-мақ** жұрнағын зерттеуші морфологистер де мұның революцияға дейінгі әдебиет пен Абай тілінде актив пайдаланылғандығын тәжік (?), әзірбайжан,

¹⁸⁷ *Кенесбаев С.* Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. №9. - С. 130; *Сауранбаев Н.Т.* Роль Абая в развитии казахского литературного языка // Жизнь и творчество Абая. - Алма-Ата, 1954. - С. 184-185; *Аманжолов С.А.* О диалектной основе современного казахского языка // Известия АН КазССР, 1955. - №3-4. - С. 33.

өзбек әдебиетінің, яғни кітаби әдеби тілдің (шағатай тілінің) әсері деп түйеді¹⁸⁸.

Бұл тұжырым авторларының қай-қайсысы да, екі нәрсені елемеген: бірі **-мақ** жұрнақты тұлғаның Абайдың прозасы ғана емес, өлеңдерінде де өте мол, актив келтірілгендігі, екіншісі – бұл тұлға ауыз әдебиетінің мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестер тәрізді көнелерінде, әр алуан жырларда, әрідегі ғасырлардан бастап тарихта аты белгілі ақын-жыраулар шығармаларында қазіргі кезбен салыстырғанда әлдеқайда жиі және өнімді қолданылғандығы.

Осы күнгі қазақ әдеби тілінде **-мақ** аффиксі қазіргі әзірбайжан, түрік, өзбек, түркмен, қарақалпақ әдеби тілдеріндегідей тұйық етістік тұлғасын жасамайды. Қыпшақ тобындағы бірсыпыра түркі тілдеріндегідей қазақтың қазіргі әдеби тілінде тұйық рай¹⁸⁹ қызметінде **-у** жұрнақты тұлғаның қолданылуы норма болып кетті.

Етістік түбірінен **-у** жұрнағы арқылы жасалған тұлға шақты, жекеше-көпшелікті көрсетпей, іс-әрекеттің жалпы атауын (ұғымын) білдіреді. Бұл қызметте **-у** тұлғалы сөздің қалыптасуы ертеден келе жатқаны байқалады. Бірақ бұл әрқашан қазіргідей жеке-дара болмаған. Күні кешеге дейін қазақ тілінде, әсіресе әдеби нормасында **-у** жұрнақты тұлғамен қатар қимыл есімі қызметінде **-мақ** жұрнақты форма жұмсалған. Бұл құбылыс әсіресе Абай тілінде өте-мөте актив көрінеді.

Абайда **-мақ** жұрнақты сөз бірнеше қызмет атқарады: ең алдымен, ол атау септіктегі таза қимыл есімі ретінде, яғни осы күнгі **-у** жұрнақты тұлғаның орнына келеді: «Ағайынға іс *түспек* – Ол бір қиын қарғыс қой» (II, 123); «Жай *жатпағым*, Тыныш *таппағым* Күш болып» (I, 115); «*Ашылмағы* бар ма басынан Бағы қайтқан қауымның» (II, 89); «Көзің неге жетеді, *Қосылмақ* онда бар ма екен?» (I, 126). **-мақ** тұлғалы етістіктің атау тұлғада (тәуелдік жалғауымен не онсыз) сөйлемнің бастауышы болып келетін сәттері әсіресе Абайдың прозасында өте жиі кездеседі: «*Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл*

¹⁸⁸ Неталиева Х. Имена действия в современном казахском языке. Автореф. канд. дисс. - Алма-Ата, 1963. - С. 33.

¹⁸⁹ Мектеп грамматикалары мен «Қазіргі қазақ тілі» курсы (Алматы, 1954) «тұйық рай» деп атаған категорияны соңғы кездерде қазақ тілі білімі әдебиеттерінде «тұйық етістік», «етістік есім» және «қимыл есімі» деп атап жүр.

көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айла-лы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар» (II, 218). «...Адал еңбекпен мал *іздемек* – ол арлы адамның ісі» (II, 185); «Халық та оны *сынамақ*, бірден-бірде *жүгірмек* болмайды екен» (II, 211).

-мақ жұрнағы арқылы инфинитив (тұйық рай) жасалатын оғұз тілдерінде бұл тұлға тәуелдік, көптік және ілік септік жалғауын қабылдамайды¹⁹⁰. Ал Абай тілінде **-мақ** жұрнақты тұлға септелген, тәуелденген формаларда молынан кездеседі: «Әуелден өзін-өзі билеп, азаттықпен жүрген халық біротала біреуге *бағынбақты* ауыр көріпті» (II, 221); «Онан басқа нәрсеменен оздым ғой *демектің* бәрі де – ақымақшылық» (II, 174); «Ең болмаса білмеді сый *бермекті*» (I, 262); «О да білер өмірді *іздемекті*» (II, 114); «Мен» *өлмекке* тағдыр жоқ әуел бастан» (I, 211); «Қиянатшыл *болмақты* естен кеткіз» (I, 38); «Әншейін біреуді ыза *қылмақтықтың* несін дәулет біліп қуанады екен» (II, 180).

Бұл тұлғаның барыс септігінде қолданылуын өз алдына әңгіме ету керек болады. Өйткені ол бұл тұлға супиндік (мақсаттық) мағынаны да береді және оның басым (жиі) қызметі де осы мағынаны беру болып табылады. **-мақ** жұрнақты сөздің барыс септікте келіп, іс-әрекеттің мақсатын білдіруі ауыз әдебиетінде де, әдеби тілде де жиірек ұшырайды: «Назымды малсыз *алмаққа* Шалдар да жаман желіккен» («Қамбар», 1957. 39); «Ал Тайшыққа *жүрмекке* Алпамыс қыран ойлады. Ойлады елге *бармаққа*, Елінен хабар *алмаққа*» («Алпамыс». 1957, 15). Талдап отырған тұлғаны Абай барыс жалғауына қойып супиндік мағынада өте кең қолданған: «Мал жияды мақтанып *білдірмекке*, Көзге шұқып, малменен *күйдірмекке*» (I, 197); «Сұм-сұрқия, қу білгіш *атанбаққа* Құдай құмар қылыпты қалжыратып» (I, 32); «Азырақ жеміс тауып жеді дағы, *Көрмекке* жата кетті Хақ бұйрығын» (I, 280); «Ағатай сағындым Есен-сау *көрмекке*» (I, 171).

Бұл тұлғаның беретін мағынасында супиндік (мақсаттың) ұғымның барлығы барыс жалғауында келгенінде ғана емес,

¹⁹⁰ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. - М., 1956. - С.62.

сондай-ақ етістіктің шақтық категориясын білдіргенде де көрінеді. Қазақ тілінде **-мақ** жұрнақты тұлға мақсатты келер шақтың грамматикалық тәсілі екені мәлім.

Қазіргі нормамызда сөз етіп отырған тұлғаның мақсатты келер шақ жасауы – оның бірден-бір негізгі қызметі болса, өткенде, оның ішінде Абай тілінде бұл қызметте де кездеседі, бірақ ол өзге көп қызметтерінің бірі ғана болып табылады.

Абай тілінде **-мақ** жұрнақты сөз сөйлемнің баяндауышы болып келгенде үш түрлі қызметте қолданылады: біреуі – мақсатты келер шақ категориясында: «Мал менен ғылым кәсіп *кылмақңыз*» (II, 207); «Сол махаббат пен ғәділетке қарай *тартпақңыз*» (II, 219).

Екіншісі – қимыл есімі ретінде. Мысалы, төмендегі сөйлемде **-мақ** жұрнағымен келген сөздер баяндауыш болып тұрғанымен, шаққа, жаққа бейтарап (қатысы жоқ) қимыл атауы ретінде қолданылған, бұларда мақсаттық реңк болғанмен, етістіктің шақ категориясын білдірмейді. Мысалы: «Ол мал көбейсе, малшыларға *бақтырмақ*, жұмсалады етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап *отырмақ...*»; «Байлық, қызметімен біреудің қыстауын *сатып алмақ*, *ептеп алмақ*, *тартып алмақ*. Ол қыстауынан айрылған және біреуге *түйіспек* я болмаса орынсыздығынан елден *кетпек* – әр қазақтың ойы осы» (II, 159). Соңғы *ойы* деген жинақтауыш сөз алдындағы санамаланып келген **-мақ** жұрнақты тұлғалардың бәрін шаққа, жаққа бейтарап қимыл атауы етіп танытады: *бақтырмақ* ойы, *сатып алмақ* ойы.

Үшіншісі – бұл тұлға баяндауыш болып келгенде, әсіресе өлеңдерінде, **-ар**, **-а** + **ды** аффиксті тұлғалармен қызметтес болады, яғни әрдайым бола беретін, бір нәрсеге жалпы тән іс-әрекетті білдіру үшін жұмсалады. Мысалы: «Ақылды қара қылды кырыққа *бөлмек*, Әр нәрсеге өзіндей *бағабермек*» (I, 27) дегендегі әңгіме етіп отырған тұлғаларда ешқандай мақсаттық, шақтық ұғым жоқ, олардың қызметі *қырыққа бөлер* ~ *қырыққа бөледі*, *баға берер* ~ *баға береді* деген тұлғаларға өте жуық. Әрине, бұлар – сөзсіз тең түсетін грамматикалық дублеттер емес, әрқайсының мағыналық реңктері бар: **-ар** жұрнақты тұлғада істің жалпы орындалатындығына немесе

орындалуына сол болжалдық, шамалау реңкі (оттенок предположительной возможности) бар да **-мақ** жұрнақты тұлғада сөзсіз орындалатындық, ақиқаттық реңк (оттенок безусловной возможности) бар. Халық тіліндегі мақал, афоризм тәрізді тұжырымдар көбінесе (әрдайым дерлік) орындалу мүмкіндігі бар потенциалдық қимылды білдіретін **-ар** тұлғасымен жасалатыны мәлім: «Ат айналып қазығын *табар*. Қолы қимылдағанның аузы *қимылдар*» т.б. Сондықтан да Абай болжалдық, шамалау реңкі жоқ жағдайларда жалпыхалықтық нормадағыдай **-ар** жұрнақты тұлғаны алмай, **-мақ** аффиксті етістікті әдейі және жиі пайдаланған: «Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ, *Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ*»; «Бет-аузын сөз сөйлерде Жүз құбылтып, *Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ*» (I, 35); «Қартаң тартқан адамнан от *азаймақ*» (I, 247); «Жұрттың сөзі: тағдырға адам *көнбек*» (II, 146); «Тоты құс түсті көбелек Жаз сайларда *гүлемек*. Бәйшешек *солмақ, күйремек, Көбелек өлмек, сиремек*» (I, 243). **-мақ** аффиксті тұлғаны осы қызметте жиі пайдаланғандығы соншама, Абай кейде тұтас өлеңді бастан-аяқ **мақ ~ бақ ~ нақ** және **мек ~ бек ~ пек** ұйқастарына құрады:

*Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек... (I, 26).*

«Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ», «Тоты құс түсті көбелек», «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» деген өлеңдерінің жеке шумақтары да **-мақ ~-мек** ұйқасымен жазылған. Әрине, Абай мұндай дифференциацияны әрдайым қатаң, заңды түрде жүргізіп отырған деп үзілді-кесілді түюге болмайды. Сірә, қазақ тілінде әрдайым болатын немесе болуға тиіс іс-әрекетті білдірудегі **-ар** және **а+ды** тұлғалы етістіктердің қабілеті Абай тіліне күшті ықпал еткен.

Абай текстерінде **-мақ** жұрнақты тұлғаның *керек, тиіс* деген сөздермен келген тіркесі көңіл аударарды. **-мақ** жұрнақты

тұлғаның осы күнгі **-у** жұрнақты тұлғаға мағынасы мен қызметі жағынан синоним болып түсетін жері осы тіркесте айқын сөзіледі. Бұл тұлғалар *керек* (*қажет*), *тиіс* модаль сөздерімен тіркескенде, қимылдың мақсатын білдіріп, орыс тіліндегі инфинитив формасына жақындайды: «Әрнешік *білмек керек*, жоғарғы екі түрліден басқаиман жоқ (II, 170)»; «Егерде мал керек болса, қолөнер *үйренбек керек*» (II, 188). Бұлсөйлемдердегі *білмек керек*, *үйренбек керек* дегендерді *білу керек*, *үйрену керек* деген конструкциямен әбден алмастыруға болады. Бұл тепе-теңдік автордың өзін бір сөйлем ішінде екі тұлғаны да қатар қолдануға итермелеген: «Әуелі – иманның игтиқатын *махкамлемек керек*, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене *беру керек*» (II, 169).

Керек, *қажет*, *тиіс* сөздері табиғатында барыс септіктегі қимыл атауын меңгеруге тиі¹⁹¹ **-мақ** немесе **-у** жұрнақты тұйық етістіктердің индостропа тілдеріндегі инфинитив категориясына жақындайтын¹⁹² сәттері де – осы ситуацияда, яғни барыс септікте тұрып, *керек*, *тиіс* сөздерімен тіркесіп, супиндік (мақсаттық) мағына беретін жерлерінде. Қазақ тілі нормасында өткен ғасырдың өзінде-ақ бұл тұлғалар *керек* сөзімен тіркескенде, барыс септігі көрсеткішін жалғамайтын формаға көше бастаған: *бармақ керек*, *бару керек*. Абайда **-мақ**, **-у** тұлғалы сөздердің *керек* сөзімен барыс септікте тұрып меңгерілуі атауда тұрып тіркесуінен сирегірек кездеседі, бірақ, әйтеуір, бар құбылыс: «Әуел – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп... *іздемекке керек*» (II, 187); «Растың бір аты хак... мұны ұғып, ғаделетпен *тәптештеуге керек*» (II, 206).

-мақ, **-у** аффиксті тұлғалардың қазақ тілінде *керек* сөзімен тіркесінде бірте-бірте барыс септігін қабылдамай, нөл көрсет-

¹⁹¹ Башқұрт тіліндегі **-ырға** (**-ерге**, **-орға**, **-өрге**) жұрнақты түрінде қалыптасқан инфинитив деген тұлғаға көңіл аударыңыз. Башқұрт тілінде инфинитивтің бұл түрінің қолданылуы *керек* сөзіне тәуелді. *Дмитриев Н.К.* Грамматика башкирского языка. - М., 1948. - С. 172.

¹⁹² Қазақ тілі грамматикасы жайында өткен ғасырда жазылған кейбір материалдарда қазақ тілінің «инфинитиві» ретінде барыс септіктегі **-у** жұрнақты тұйық етістік көрсетілген: *оқуға* – читать, *жаттауға* –твердить, *тұруға* – стоят т.б. *Алтынсарин И.* Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. 1879; Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология, синтаксис. - 1898.

кішімен қалыптасуына, біздіңше, екі нәрсе себеп болған сияқты. Біріншіден, **-мақ** жұрнақты тұлғаның жалғыз Абайда емес, жалпы өткен ғасырлардағы қазақ тілінде қимыл атауы ретінде актив қолданылуы оның оғыз тілдеріндегідей супиндік (мақсаттық) мағынасын әлсіретіп жіберген (оғыз тілдерінде **-мақ** жұрнақты тұлғада супин мағынасы жоғалып кеткені мәлім). Екіншіден, тілдегі экономия заңы әсер еткен болу керек, яғни мәнді сөз шылаулармен, модальдік элементтермен тіркескенде, септік, тәуелдік жалғаулары түсіріліп, ықшамдала беруі себепкер болған. Бұл тенденция тек талдап отырған ситуацияда емес, өзге сәттерде де айқын көрінеді: *менің үшін >мен үшін; барғаннан соң>барған соң >барғасын, оның туралы>ол туралы* т.б.

* * *

Өткен ғасырдың II жартысында қазақ тілі грамматикасын баяндаған кітаптар мен екі тілдік (қазақша-орысша, орысша-қазақша) сөздіктерде олардың авторлары мен құрастырушылары қазақ тіліндегі тұйық етістіктің (осы күнгі **-у** жұрнақты тұлға) көрсеткіші **-мақ** жұрнағы деп есептеді. Ал **-у** жұрнағын, көбінесе етістіктен есім жасайтын аффикске жатқызды¹⁹³. Мұның, біздіңше, екі себебі бар. Ең алдымен, өткен ғасырда түркі тілдері тегіс қатарынан зерттеле бастағанда, оғыз тобындағы және ортаазиялық жазба әдеби тілдегі **-мақ** жұрнақты тұлғаның қимыл есімі (тұйық етістік) қызметінде қолданылуы өзге түркі тілдеріндегі де бұл категорияны осы тұлға білдіретін болу керек деген түсінікке әкелген тәрізді. Бұл, әрине, әрбір түркі тілінің табиғатын жеке-жеке жете зерттеп үлгермегендіктің салдары және әрбір түркі тілінің әдеби нормасы ретінде кітаби дәстүр формаларын ұсынушылық. Әйтпесе өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақтың жалпыхалықтық, сөйлеу нормасында тұйық етістік **-мақ**-тан гөрі **-у** жұрнағы арқылы актив берілгендігін сол кездегі зерттеушілер де мойындап, көрсетіп кеткен. Мысалы, М.Терентьев: «Неграмотные

¹⁹³ Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861. - С. 19-32; Терентьев М. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. - СПб., 1875. - С. 138; Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. - Оренбург, 1898. - С. 17-18, 67-66.

казахи не подозревают окончание глагола на **-мақ**, потому что в разговорном языке употребляется сокращенная форма неопределенного склонения: отбрасывается окончание **-мақ** и к оставшемуся корню прибавляется буква **у**», – деп жазады. Бұл жерде екі нәрсе сезіледі: зерттеушінің «разговорный» деп отырғанынан қазақ тілінің халықтық нормасы мен кітаби тіл нормасының алшақ, басқаша екендігін және халықтық тілде **-у** формасы басым (норма) екендігін аңғарамыз, екінші жағынан, автордың екі тұлғаның бірін екіншісінің ықшамдалған (сокращенная форма) түрі деп шатасқанын көреміз.

Өткен ғасыр зерттеушілерінің қазақ тілі грамматикасында **-мақ** жұрнағын көрсетіп кетуінің тағы бір себебі бар. Ол – осы кезде, яғни халықтың ауыз әдебиетінде, өткен ғасырдағы және одан да бұрынғы ақындар тілінде, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақша баспасөзде және басқаларда – қысқасы, қазақ әдеби тілінде **-мақ** жұрнақты тұлғаның қызметі мен семантикасы жағынан әр алуан құбылып келіп, қазіргі кезге қарағанда, әлдеқайда жиірек қолданылғандығы. Мысалы, **-мақ** жұрнағымен жасалған сөз, ең алдымен, қазақтың мақал-мәтелдерінің құрамында сақталған: «*Бас болмақ оңай, бастамақ қиын. Кел демек, бар, кет демек жоқ*»; «*Бірге тұмақ бар, бірге жүрмек жоқ*»; «*Қаушақ, құмақ – ерге сын, көшепек, қонбақ – жерге сын*»; «*Ажал жетпей өлмек жоқ; Алыспақ бар, атыспақ жоқ*»; «*Жол ақысы – жүрмек, кісі ақысы – бермек*» т.т. Тұрмыс-салт жырларынан бастап үлкен эпостық полотноларға дейін ауыз әдебиетінің өзге үлгілерінде де **-мақ** тұлғалы сөздерді ұшыратамыз: «*Жазды күні ақша қар жаумақ қайда, жар-жар-ау! Құлын-тайдай айқасқан оң жақ қайда, жар-жар-ау. Азар жақсы болса да, қайын атам, жар-жар-ау! Айналайын әкемдей болмақ қайда, жар-жар-ау!*» (С. Сейфуллин, VI, 99); «*Қаршығадан өзгеге Жібектен жауап алмағы Қиынқыстау іс еді*» («Қыз Жібек», 1957. 31); «*Кетпекке айла таппадық*» («Қамбар», 1957. 75); «*Көтібар енді еліне озбақ болды*» («Айман-Шолпан», 1963, 281). Ал Абайға дейінгі және онымен замандас қазақ ақындары да **-мақ** жұрнақты сөзді реті келген жерде еркін қолданғаны көрінеді. Мысалы, Бұқарда: «*Ханның жақсы болмағы – Қарашаның елдігі*» (46);

Дулатта: «Қабанбай елге жар салды *Аттанбақққа* қалмаққа» (82); Махамбетте: «Кешіп *өтпек* сайдан-ды, Шығынды *болмақ* байдан-ды, Батыр *болмақ* сойдан-ды. *Жүгірмегі* майдан-ды»¹⁹⁴ (106).

«Дала уалаяты газетінің» тілінде де **-мақ** аффиксті тұлға кимыл есімі ретінде де, етістіктен туған зат есім ретінде де жиі қолданылған. Бұл тұлға сирек болса да, Ыбырай тілінде де бар (Ыбырай тіліне негізінен **-у** жұрнақты варианты тән): «Құдай тағала адамға әртүрлі дене берді: қол берді жұмыс *қылмақ үшін*, көз берді *көрмек үшін*, аяқ берді *жүрмек үшін*, құлақ берді *есітуге*, ақыл берді ойланып жақсы-жаманды *аңғаруға*» (Алтынсарин, 1879). Бұл жалғыз мысалдың өзінен Ыбырайдың **-мақ** пен **-у (-ға)** тұлғаларын параллель қолданғанын байқаймыз.

Сөйтіп, әр алуан қызметте қазіргіге қарағанда жиірек қолданылған¹⁹⁵ **-мақ** жұрнақты тұлғаны, кейбір зерттеушілер көрсеткендей, тек қана Абайдың прозасының тіліне тән ерекшелік (шағатаизмдер)¹⁹⁶ деп есептеуге, біздіңше, тіпті де болмайды. Қазақтың өте ерте замандардан келе жатқан фольклорлық мұраларынан және Абайға дейінгі, онымен тұстас әдебиет үлгілерінен алынған материалдарға қарап, бұл тұлға қазақтың жалпыхалықтық тіліне жат болмағандығын дәлелдейміз. Бұған күні бүгінге дейін кейбір тіркестердің **-мақ** тұлғасымен қолданылуға бейім болып қалыптасқаны да дәлел бола алады. Мысалы, *түгіл* сөзі көбінесе **-у**-дан гөрі **-мақ** жұрнақты тұлғаны қалайды: *бармақ түгіл*, *көрмек түгіл* т.б. Бұрынырақ бұл тіркеспен қатар **-мақ** аффиксті тұлғаның шығыс септігінде келген түрі де қолданылғанын байқаймыз. Мысалы, ауыз әдебиеті үлгілерінде: «Алған жарым айтулы Омарханның қызы еді. *Сағынбақтан* сарғайсын, Салқын

¹⁹⁴ Махамбеттегі бұл жолдар мен Бұқардан келтірген мысалдар, сірә, солардың жұмсалады шығарған индивидуалдық тармақтардан гөрі афоризмдерге айналған штамптарға көбірек ұқсайды. Ал бұл штамптарда **-мақ** тұлғасының келуі – оның халық тіліне тәндігінің белгісі.

¹⁹⁵ Бұл жөнінде толығырақ мына мақалада айтылған. *Сыздықова Р.* Абайдың «Қара сөздеріндегі» **-мақ** аффиксті тұлға жайында // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - Филология және искусство зерттеу сериясы. - 1959. - № 1. - 82-83.

¹⁹⁶ *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959. - С. 320; *Сауранбаев Н.* Роль Абая в развитии казахского литературного языка // Жизнь и творчество Абая. - Алма-Ата, 1954.

түспей барман-ды» (Сейфуллин С., Батырлар жыры, 1934. 49. 18). Бұлардағы **-мақ** тұлғасын өзге ешбір тұлғамен алмастыруға болмайды.

Сөйтіп, ертеректе тіпті актив қолданылған **-мақ** жұрнақты тұлға өткен ғасырда, оның ішінде Абай тұсында қазіргіге қарағанда әлі де едәуір актив, жанды тәсіл болғандығы байқалады. Осы күнгімен салыстырғанда, өткен ғасырда **-мақ** жұрнақты тұлғаның қызмет өрісі біраз кең: ол ең алдымен қимыл есімін білдіреді, одан кейін супиндік (мақсаттық) мағынаны береді, үшіншіден, қазіргідей шақтық категорияның грамматикалық көрінісі болып қызмет етеді. Бертін келе, біздің дәуірімізде бұл тұлғаның қызмет сферасы едәуір тарылып, қолданылу жиілігі азайған: қазірде **-мақ** жұрнағы, негізінен, келер шақтың бір түрі – мақсатты келер шақ формасын ғана жасайды.

Абай **-мақ** суффиксті тұлғаның қызметі жағынан ертеректегі және өз тұсындағы кеңірек қабілетін сезіп, оны жалғыз прозасының тілінде емес, өлендерінде де, яғни тұтас тілінде молынан пайдаланған. Жоғарыда айттық, абайтану саласындағы зерттеушілердің кейбіреулері **-мақ** тұлғасының Абайдың «Қара сөздерінде» көзге түсетінін көрсетіп, оны кітаби (шағатай) тілдің элементіне жатқызады да, бұл форманың Абай өлендерінде де өте жиі қолданылғандығын мүлде байқамайды. Ал байқай қалған күнде, бұл зерттеушілердің қайқайсысы да **-мақ** жұрнақты сөзі бар Абай өлендерін шағатай тілінде жазылған дей алмаған болар еді немесе тіпті бұл өлендердің тұтас тілі шағатайша болмаса да, ішіндегі **-мақ** жұрнақты тұлғаларды кітаби элемент деп таба қоймаған болар еді. Өйткені тіпті Абай, Ақан сері, Дулат тәрізді мұсылманша оқыған, кітаби тілден хабардар жазушылардағы **-мақ** жұрнақты қолданыстарды шағатай тілінің әсері деп табуға мүмкін болғанмен, мақал-мәтелдердегі, ауыз әдебиетінің өзге үлгілеріндегі, сондай-ақ мұсылманша әдебиетті көп оқып көзі (тілі) жаттықпаған кейбір қаламгерлер тіліндегі **-мақ** аффиксті сөздерді жазба әдеби тілдің (шағатай) әсері, ықпалы деп табу мүмкін емес.

Қорыта келгенде, **-мақ** жұрнақты тұлға Абайда мына қызметтерде қолданылған:

1. Шаққа, жаққа бейтарап (қатыссыз) қимыл есімі ретінде. Бұл қызметте ол -у жұрнағымен жасалатын формада синоним болып келеді. Абайда соңғы тұлға да параллель қолданылған: «Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал *табуға* жігер қыла алмайсың» (II, 164); «Таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып *алуға* таба алмайды» (II, 162); «...Сол нәрсені естігенде я көргенде *гибратлану* керек» (II, 186) – салыстыр: «Әрбір *гибрат алмақтың* өзі» (II, 162). -мақ жұрнағының бұл қызметі мақал-мәтел, афоризмдерден бастап ауыз әдебиеті үлгілерінде кең орын алған. Бірақ XIX ғасырдағы қазақ тілінде, оның ішінде әдеби үлгілерде бұл категорияны білдіретін грамматикалық көрсеткіш ретінде -у жұрнағы басым бола бастаған. Оған Абайдан өзге қаламгерлерде -мақ-тан гөрі -у жұрнағымен берілген қимыл атауларының көбірек екендігі дәлел. Мысалы, Шортанбай, Дулат тәрізді ақындарда қимыл атауы әрдайым -у жұрнағы арқылы берілген: «Өлгеніңше *тою* жоқ, Түңілмей ырза *болу* жоқ» (Шортанбай, 150); «*Қамалауда* еліңнен, *Табалауда* еліңнен... *Өсіру* де еліңнен, *Көшіру* де еліңнен» (Дулат, 79). Салыстыр: «*Өлуі* болмай қалмайды Туғаннан соң пәнденің» (Шортанбай, 59), ал Абайда: «*Өлмек* үшін туғаның, ойла, шырақ» (I, 234).

2. Орындалу мүмкіндігі ақиқат потенциал қимылды білдіретін тұлға ретінде. Мұндайда ол Абай тілінде өнімді қолданылған -ар (-ады) жұрнақты тұлғаға дублет болып келеді: «*Жас қартаймақ, жоқ тумас, туған өлмек*». Бұл – ауыз әдебиетінде де, өзге ақындарда да онша көп көрінбейтін қызметі, Абайдың өзіне тән ерекшеліктерінің бірі.

3. Барыс септігінде келіп, іс-әрекеттің мақсатын білдіретін супиндік мәнді тұлға ретінде. Мұндайда ол қызметі жағынан үндіеуропа тілдеріндегі infinitive категориясына жақындайды. -мақ жұрнақты тұлға бұл қызметте қазақтың халықтық тілінде ең жиі қолданылған.

4. Шақтық, жақтың мәнге ие болып, қазіргідей, мақсатты келер шақ формасы ретінде. Бұлда халық тіліне тән қызметі.

-мақ жұрнақты тұлғаның жиі қолданылғандығынан басқа оның Абай тіліндегі екі-үш ерекшелігін көрсетуге тура келеді. Біреуі – Абайда бұл тұлғаның есім ретінде жиі қолданылып,

септік, тәуелдік, кейде көптік жалғауларын қабылдап келуі. Екіншісі – **-лық** жұрнағымен жасалатын туынды сөздерге негіз болуы: «Біреуі – білсем екен *демектік*» (II, 164); «Үшінші – әрбір нәрсеге *қызықпақтық*» (II, 172). Бұл құбылысты да кейбір зерттеушілер шағатаизмдер деп табады. Шынында, **-мақ** жұрнақты туынды түбірден **-лық** арқылы екінші түбір жасау тәсілі жалпыхалықтық сөйлеу тілінде өнімді емес, бірақ оған қарап Абайдағы немесе өткен ғасырдағы қазақша өзге жазу нұсқаларындағы (мысалы, бұл тәсілді, «Дала уалаяты» едәуір актив пайдаланған) **-мақ+тық** жұрнақты туынды сөздерді біз кітаби тіл элементіне тағы жатқызбаймыз. Өйткені Абайда **-лық** жұрнағы жалғыз **-мақ** жұрнағымен емес, өзге де жұрнақтармен қабаттасып, жаңа сөз жасау қабілетіне ие **-лық** жұрнағының активтене түсуі, біздіңше, жалғыз Абай емес, XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақтың жаңа қалыптаса бастаған жазба проза тіліне, оның ішінде публицистикалық стиліне тән деп табамыз.

Үшінші – **-мақ** жұрнақты сөздердің Абайдың прозалық шығармаларының тілінде көзге түсуі. Шынында да саны және жиілігі жағынан **-мақ** жұрнақты тұлғалар Абай шығармаларының ішінде «Қара сөздерінде» басымдау. Әсіресе бұл тұлғаның *керек, тиіс* сөздерімен тіркесі, **-лық** жұрнағымен келген түрі көбінесе проза текстерінде кездеседі. Бұл – қазақ әдеби тіл дүниесіне жаңа келген проза стиліне, оның ішінде қоғамдық-публицистикалық және ғылыми стильдеріне қажет кейбір грамматикалық категорияларды беру немесе кейбір жаңа лексикалық ұғымдарды білдіру процесіндегі ізденістердің бір көрінісі. Бірақ бұған қарап, **-мақ** аффиксті тұлға Абайдың тек прозалық шығармаларының грамматикалық ерекшелігі деген тұжырым айтуға мүлде болмайды. Бұл тұлға Абайдың бүкіл творчествосының тіліне тән.

-мақ аффиксті тұлғаның Абай тілінде көзге түсерліктей актив қолданылуында екі түрлі фактор себеп болған деп табамыз. Бірі – жалпыхалықтық тілде бар тәсілді Абайдың мейлінше жандандырып, құбылтып пайдалану тенденциясы (бұл принципті жалғыз жаққа қатысты емес, өзге тәсілдер тұсында да ұстанғанын өз кезінде баяндаймыз), екіншісі – бұл тұлға Абайдың көркемдеу талғамына сай, өзі ұнатып жұмсаған

тәсілдердің бірі екендігі. Әсіресе **-мақ** жұрнақты форманы өлеңдерінде **-ар** жұрнақты етістікпен үндес мағынада қолдануы тек өзінің ақындық шеберлігіне, жазушылық мәнеріне тән индивидуалдық ерекшелігі деп батыл көрсетеміз.

-ар жұрнақты тұлға

Бұл тұлғаны Абай тіліндегі көзге түсетін грамматикалық ерекшелік ретінде бөліп алып талдап отырғанымыздың себебі – оның қызметі мен мағынасына байланысты. Абайда бұл тұлға негізінен бес-алты түрлі қызмет атқарады да, ол қызметтерінің барлығы дерлік қазірде пассив тәсіл болып табылады. Олар:

1. әрқашан үздіксіз болып жататын іс-әрекетті білдіруі;
2. анықтауыш қызметін атқаруы;
3. барыс септігінде келіп қолданылуы;
4. *еді* көмекші етістігімен қолданылып, ауыспалы шақты білдіруі;

5. **-лық** жұрнағы жалғанатын негіз ретінде келуі;
6. субстантивтеніп, септік жалғауларын жиі қабылдауы.

Бұлардан басқа, **-ар** жұрнақты есімше Абай текстерінде қазіргі нормамыздағыдай болжалды келер шақтық мағынада қолданылады (мұны жол-жөнекей болмаса, талдамаймыз).

Өзге түркі тілдері тәрізді, қазақ тілінде де **-ар** суффиксімен жасалған есімше түрі келер шақтың мағынасымен қатар, белгілі бір шаққа қатысы жоқ, әрдайым, үздіксіз болып тұратын іс-әрекеттің, яғни «бастауыштың тұрақты, өзіне тән, әрқашан өзімен ғана өтіп жататын қимылының»¹⁹⁷ мағынасын да береді. Бірақ, бұл, біздіңше, **-ар** жұрнақты тұлғаның қазақ тілінде пассивтен бастаған қызметіне ұқсайды. Оған бір-неше дәлел келтіреміз. Ең алдымен, қазіргі нормативтік грамматикаларымыздың бірде-біреуі осы күнгі нормамызда бұл тұлғаның жоғарғы көрсетілген қызметте жұмсалатындығын атамайды. Әрдайым, үздіксіз болып тұратын қимылды, яғни сол субъектіге тән іс-әрекетті білдіретін грамматикалық тұлға деп көсемшенің **-а** жұрнақты түріне **-ды** қосымшасы жалғанған

¹⁹⁷ Кононов А. Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. - М., 1956. - С.220.

(-а + ды) формантты көрсетеді: *құс ұшады, су ағады, от жанады, адам қартайды, сиыр мәңірейді, түйе боздайды* т.б.¹⁹⁸ Екіншіден, субъектінің (бастауыштың) өзіне тән, тұрақты іс-әрекетін **-ар** жұрнақты есімшемен білдіру қазақ тілінде мақал-мәтелдерде, нақыл-өсиеттерде молынан кездеседі: «Ат айналып қазығын *табар*, Ер айналып елін *табар*, Алыс пенен жақынды жүрген *білер*, ащы менен тұшыны татқан *білер*. Ат аяғын тай *басар*» (мақалдар). Ертеректе айтылған өсиет, толғау, шешендік сөздерде де етістіктер көбінесе **-ар** жұрнақты есімше болып келеді, ол есімше барлық кезде де орындалу мүмкіндігі бар, потенциалды қимылды білдіреді: «Қошқар болар тоқтының мандай жері дөң *болар*, Адам болар жігіттің айтқан сөзі жөн *болар*»; «Қаса нардың белгісі – шашасын сазға *малдырмас*, қас жүйріктің белгісі – құйрығынан *алдырмас*, қас шешеннің белгісі – топтан торай *шалдырмас*»¹⁹⁹. С.Сейфуллин келтірген «Ұлы жүз Төле би айтты» деген сөз түгелімен **-ар (-мас)** жұрнақты тұлғаға құрылған:

Мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат
Жиып ерлік қылсаң,
Жаз болса – жарға *жығар*,
Қыс болса – қарға *жығар*.
Ондай ерлік аяғы
Батпақ сазға *жығар*.
Бастыққа ерген аңқау ер
Дұспанға оңай *алынар*.
Қара боп шықса ақ ісі,
Ақ көңіл басы қор болып,
Аңқаулығы сор болып,
Пасықтарға *жалынар*...
Оралдан қашқан ор түлкі
Аралап қашса – ит *жетпес*.
Тегеуріні төрт елі
Аспаннан түскен жас түлек

¹⁹⁸ Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954. - 312-б; Современный казахский язык. - Алма-Ата, 1962. - С. 338; *Қордабаев Т.* Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің шақ категориясы. - Алматы, 1953. - 71-75-б. және орта мектепке арналған қазақ тілі грамматикасы оқулықтарын қараңыз.

¹⁹⁹ Бұл мысалдар Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасының қолжазба қорынан алынды.

Жерге түссе тек *кетпес*.
(С. Сейфуллин, VI, 277).

-ар суффиксті етістік – шешендік сөздердің, өсиет-толғаулардың тілдік атрибуттарының бірі тәрізді. Сондықтан кейінгі тарихта аты белгілі ақын-жыраулардың дидактикалық мазмұнды толғаулары да көбінесе **-ар** жұрнақты есімшемен келеді. Мысалы, Бұқардың:

Ақсаңнан биік тау *болмас*,
Баурынан қашқан күзен *көрінбес*.
Ақшам батып түн *болмас*.
Ажал етпей жан *шықпас...*
Қарақойдың терісін
Сабындап жусаң *ағармас...*(36) –

дегендерінен бастап:

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң *болар*.
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар *болар...* (39), –

деп келетін толғауларының көбінде дәстүрлі **-ар** жұрнақты тұлға қолданылған. Мұны жалғыз XVIII ғасырдағы Бұқар емес, XIX ғасырдың өн бойындағы қазақ ақындарының барлығынан дерлік таба аламыз. Бірақ неғұрлым толғау, өсиет, нақыл сарыны азая түссе, соғұрлым **-ар** жұрнақты тұлғаның баяндауыш қызметінде келуі де кеми береді.

Үшіншіден, бұл тұлғаның нормадан шыға бастағанын оның өзге грамматикалық дублетімен (**-а+ды**) қатарласа қолданылғандығынан да тануға болады. Мысалы, жоғарғы мақалдардың кейбіреулері бірде **-ар**, бірде **-ады** тұлғаларымен айтыла да береді: «Ат айналып қазығын *табады*» (С. Сейфуллин, VI, 288); «Қоянды қамыс *өлтіреді*, ерді намыс *өлтіреді*».

Н.Ф.Катанов жинап бастырған кітапта бір мақалдың екі варианты да (**-ар** тұлғалы және **-ады** тұлғалы) қатар берілген фактілері бар: «Ханның ісі қарашаға да *түседі*». Басқа редакция: «Ханның ісі қарашаға да *түсер*» (Катанов, 15). Ал соңғы кезде жасалған немесе өзге тілдерден аударылған мақалдар көбінесе **-ады** тұлғасымен берілгенінен соңғы тұлғаның қазір де басым норма екенін айқын көреміз. Мысалы, 1957 жылы

шыққан «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» деген кітапта араб, ауған тілдерінен кейінгі кезде аударылған мақалдар мен замандас ақынымыз Қайып Айнабеков шығарған мақалдар берілген. Бұлардың барлығында да етістік **-а** жұрнақты көсемшенің жіктелген түрімен (**-ады**) жасалған: «Ақылды ісіне *сенеді*, ақымақ түсіне *сенеді*»; «Кеменің әуеніне қарай жел *еспейді*» (араб мақалдары – 224); «Тауық шақырғанға таң *атпайды*»; «Қылыш тәнді *жаралайды*, өсек жанды *жаралайды*» (ауған мақалдары – 225); «Істің жүйесін танымаған түйіннің шиесін *танымайды*»; «Ерінбегеннің еңбегі *жанады*, іркілмегеннің ерлігі *артады*» (Қ.Айнабековтің мақалдары, 226-229-б.).

Сөйтіп, XIX ғасырдың өзінде-ақ шаққа қатыссыз, дағдылы іс-әрекетті білдіруде екі тұлға қатар қолданылып, оның **-ады** варианты басым бола бастағаны сезіледі.

Абай **-ар** жұрнақты келер шақ есімше тұлғасының осы қызметін кеңінен пайдаланады. Ойшыл ақынның философиялық толғау болып келетін көптеген өлеңдерінде іс-әрекет үздіксіз қайталап тұратын, табиғатында сол нәрсеге тән, әрдайым болып жататын, яғни белгілі бір уақытпен шектелмейтін қимыл-құбылыс ретінде сөз болады. Ақын осындай шумақтарын **-ар** жұрнақты етістікпен құрады: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол біраққайтып келіп *ойнап-күлмес*» (I, 178); «Күнгірт көңлім *сырласар* Сұрғылт тартқан бейуаққа» (I, 237); «Кұлақтан кіріп, бойды *алар* Жақсы ән мен тәтті күй» (I, 219).

Бірақ мақал, нақыл сөздерде келген **-ар** тұлғасы мен жоғарғы Абайдың қолданысындағы бұл тұлғаның грамматикалық қызметтері бірдей болғанмен, контекстегі орындары тепе-тең емес: Абайдың **-ар** жұрнақты етістігі бар жолдары әрдайым *Өлсе өлер табиғат, адам өлмес* деген тәрізді афоризм емес, көбінесе өзінің көңіл күйінен емесе табиғат құбылысына тән іс-әрекет туралы болып келеді: «Қайғылы көңлім қайдағы Бұрынғымды *жаңғыртар*»; «Қайратты алып бойдағы, Басымды қайғы *қаңғыртар*» (I, 249) дегендегі өз басына тән, дағдылы іс-әрекет *Қоянды қамыс өлтірер* дегендегі жалпылыққа қарағанда әлдеқайда нақтылы. Немесе *Қараңғы түнде тау*

қалғып, Ұйқыға кетер балбырап (II, 93) дегенде ешқандай өсиет, нақыл жоқ, картина ғана бар. Ал, керісінше, нақыл, тұжырым ретінде айтылып, мақал типтес берілген сөйлемдерінде (проза-сында) Абай халық даналығы тіліне тән **-ар** тұлғасын қаламай, екінші вариантты – **-ады** формасын қолданады: «Адам баласы жылап *туады*, кейіп *өледі*» (II, 162); «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен *озады*» (II, 174); «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан *білінеді*» (II, 193); «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі *қашады*» (II, 193); «Адам баласын заман *өстіреді*» (II, 193); «Биік мансап – биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да *шығады*, екпіндеп ұшып қыран да *шығады*» (II, 193) т. б. Сірә, бұл таңдаудың себебі де жоқ емес сияқты. Біздіңше, Абай өзінің мақал типтес ой топшылауларында өз тұсындағы халық тілінде басым нормаға айналып бара жатқан **-ады** тұлғасын әдейі таңдауы да мүмкін немесе «ескі бише отырман бос мақалдап» деген программа-принцип ұстанған ақын өзінің жаңа мақалдарын «ескі билер» мақалдарынан, шешендіктерінен ажыратып, айырып таныту үшін де дәстүрлі **-ар** -ды алмай, **-ады** дублетін пайдаланған болуы да мүмкін. Қайткен күнде де Абай әрдайым болып тұратын, дағдылы іс-әрекетті білдіруде **-ар** жұрнақты тұлғаға жүгінсе, оларды тұжырым, өсиет, нақыл, мақал типтес тармақтарында емес, керісінше, көңіл күйі, табиғат құбылыстары туралы жазған жолдарында пайдаланады. Бірақ Абай мұндай тәртіпті әрдайым қатаң ұстамайды. Өлеңдерінде **-ар** мен **-ады** тұлғалары буын санының қажетіне қарай параллель келе береді. Буын саны артып бара жатса, **-ар** жұрнақты, жетпей жатса, **-ады** қосымшалы тұлғаны кезек қолданып, екеуін толық грамматикалық синонимдер етіп шығарады. Сондықтан Абайдың бұл өлеңінің өзінде мағынасы жағынан біртектес синтаксистік қатарлардың біреуінде **-ар**, екіншісінде **-ады** тұлғасының келуі жиі ұшырайды. Мысалы:

Жазғытұры *қалмайды* қыстың сызы,
Масатыдай *құлтырар* жердің жүзі (I, 122).
Қансонарда бүркітші *шығады* аңға,
Тастан түлкі *табылар* андығанға (I, 22).

Қайғы *шығар* ілімнен.
Ыза *шығар* білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар *шығады* тілімнен (I, 148).

Сөйтіп, Абай **-ар** жұрнақты есімше тұлғасын шақ категориясына қатысы жоқ, қимыл-әрекеттің статикалық күйін білдіретін **-а + ды** қосымшалы етістік тұлғасының дублеті ретінде актив пайдаланған. Бұл – осы тұлғаның Абайдағы бір ерекшелігі.

Екінші, **-ар** жұрнақты есімшені Абай атрибуттық қызметте жиі жұмсайды. Бұл құбылыс өлеңдерінде де, прозалық шығармаларында да молынан табылады: «Ішіп-жеу арасында сөйлер сөз көп» (II, 274); «*Сыналар*, ей жігіттер, келді *жерің*» (I, 144); «Ғылым сөзін *сөйлесер адам* жоқ» (II, 157); «Мына мен айтқан жол *мал аяр жол* емес» (II, 180); «*Және ұялмас нәрседен ұялады*» (II, 181).

Қазіргі әдеби нормамызда бұл тұлғаның атрибуттық қызмет атқарып, анықтауыш болып келуі өте өнімсіз, жоққа тән²⁰⁰. «Қазіргі қазақ тілі» ғылыми курсының баяндауы бойынша, бұл тұлғада қазірде «есімшеліктен гөрі ашық райдың келер шағының мағынасы басым, ол атрибут болудан гөрі көбінесе баяндауыш болады»²⁰¹.

Ал өткендегі қазақ әдеби тілі нормасында **-ар** жұрнақты тұлғаның анықтауыштық қызметте жұмсалуы кең орын алған. Ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап Абай тұсындағы (Абайды қоса) қаламгерлерге дейін сөз етіп отырған форманың атрибуттық мәнде еркін қолданылғанын көреміз: «*Өсер елдің* жігіті бірін бірі батыр дер. *Өшер елдің* жігіті бірін-бірі қатын дер»; «Қайта *кірер есікті* қатты серіппе» (Мақал); «Жабыдан айғыр салсаңыз, Жауға *мінер ат* тумас. Жаман қатын алсаңыз, *Топқа кірер ұл* тумас» (Бұқар, 40); «Айналайын Ақ Жайық, Ат салмай *өтер күн* қайда? Еңсесі биік Ақ орда, Еңкеймей *кірер күн* қайда? Орама мылтық тарс ұрып, Жауға *аттанар күн* қайда!» (Махамбет, 107).

²⁰⁰ Современный казахский язык. - Алма-Ата, 1962. - С. 323.

²⁰¹ Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954. - 327-б.

-ар жұрнақты тұлға заттың іс-әрекетке қатысты динамикалық сынын білдіріп, атрибуттыққызмет атқарғанда есімшенің **а + тын** қосымшалы екінші түріне семантикалас болып келеді. Жоғарғы мысалдардың барлығында да **-ар** жұрнақты сөздерді **-атын** жұрнақты тұлғамен алмастыруға болар еді. Бірақ, әрине, араларында мағыналық реңк жоқ емес екеуінде де шақтық мағына бар және **-атын** тұлғасында осышақтық, **-ар** тұлғасында **келер шақтық** реңк басым екені сезіледі. Сондықтан келешектегі іс-әрекетке автордың тілек, қалау мәндегі қатынасын білдіретін реттерде **-ар** тұлғасы қолданылған. Мысалы, жоғарғы Махамбеттен келтірілген мысалдарға назар аударыңыз. Ал ауыспалы шақты (не жалпы статикалық күйді) білдіретін реттерде Абай да, өзгелер де **-атын (-атұғын)** тұлғасын пайдаланады: «Өзгеге *қимайтұғын* не қылған артықша *орның* бар еді?» (II, 167); «Осы адам баласының *жалықпайтұғын нәрсесі* бар ма екен?» (II, 175); «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, *Өлмейтұғын* артына *сөз* қалдырған?» (I, 178).

Талдап отырған тұлғаның Абай тілінде үшінші көзге түсетін жері – оның барыс жалғауымен (**-ар+ -ға**) келген қызметі. Қазіргі қазақ тілінің нормативтік грамматикаларының бірдебіреуі осы күнде **-ар** жұрнағымен жасалған есімшенің барыс септігінде келіп, қимыл есімі мағынасында жұмсалатындығын көрсетпейді. Шынында да, қазіргі нормамызда келер шақ есімшенің барыс септігінде тұрып қолданылуы жоққа тән. Сөйтсе де бұл тұлға күні кешеге дейін қазақ тілінде, оның ішінде әдеби нормасында белгілі бір грамматикалық қызмет атқарған өнімді тәсіл болғаны байқалады. Ең алдымен, **-арға** тұлғасы Абай тілінде өте мол орын алған. Және оның қолданылуы не стильдің, не поэзия өлшемдерінің мүдделеріне қабыспайды, яғни ол Абайдың өлеңдерінде де, прозасында да өте жиі кездеседі. Өлеңдерінде: «*Мұңдасарға* кісі жоқ сөзді ұғарлық» (I, 26); «Бір бес күннің орны жоқ *аптығарға*. Қай қызығы татиды қу өмірдің Татуды араз, жақынды жат *қыларға*» (I, 222); «*Тілдерге* еш адам жолықпады» (I, 281); «*Сенісерге* жан таба алмай, Сенделеді ит жүрек» (I, 147); «Көрдi де мұны бiр қарға Желiктi бiр iс *бастарға*» (II, 128); «Анттасын алқайды Сен тен-

тек демеске» (I, 158); «Дүние даяр өтерге, Ажал даяр жетерге» (I, 20); «қара сөздерінде»: «Ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ» (II, 157); «Оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді» (II, 161); «...Ақылы дәлел – испат қыларға жараса, мұны якини иман десек керек» (II, 170); «Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?» (II, 188); «...Бәрін мұнда жазарға уақыт сыйғызбайды» (II, 216) т.т.

Бұл қолданыста **-ар** жұрнақты тұлға осы күнгі **-у** жұрнақты қимыл есімінің дублеті ретінде келген. Бұл сөйлемдерді қазіргі нормаға сайсақ, **-арға** қосымшалы сөздерді **-у+ға** қосымшалы варианттармен әбден алмастыруға болар еді. **-арға** тұлғасының *керек* сөзімен тіркесінде оның **-уға** тұлғасымен мағыналас түсетіндігі тіпті айқын сөзіледі.

Бұрын жарияланған бір мақаламызда Абай тіліндегі **-арға** аффиксті тұлғаны, бәлкім, сол тұстағы татар әдеби тілінің әсері болар деген болжалды пікір айтқан болатынбыз²⁰². Одан кейінгі бірнеше жылғы ізденулерімізге сүйеніп, қазір бұл пікірден мүлде бас тартамыз. Қазақ тіліндегі, оның ішінде Абай, Ыбырай тілдеріндегі **-арға** тұлғасының қолданылуы ешбір өзге түркі тілдерінің, оның ішінде кітаби тілдің ықпалы емес, қазақтың өз нормасының көрінісі деп табамыз. Оған ең негізгі дәлеліміз – бұл тұлғаның ауыз әдебиеті үлгілерінде, оның ішінде әлдеқайда конструкциясы мен лексика-грамматикалық структурасы тұрақты мақал-мәтелдер құрамында кездесетіндігі. Мысалы, «Кәрі қыз бала тапса, қоярға жер таппайды»; «Күресерге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайды»; «Киерге киім, ішерге ас қалмады»; «Сыйларға асық болмаса, сипарға тілің болсын» деген тәрізді тек мақал-мәтел, фразалар құрамында ғана емес, бұл тұлға эпостық жырларда да, тұрмыс-салт жырларында да жиі кездеседі: «Асыл туған Ақжүніс, Көкті бұлт қоршайды. Күнді байқап қарасам, Күн жауарға ұқсайды» («Ер Тарғын»). С.Сейфуллин жариялаған (VI томында) ауыз әдебиеті үлгілерінен: «Жарқылдата қылышты Сені көрерге келемін» (202); «Тастемірдей жаманға Қарындасын берерге ұсар ма?» («XV ғасырда жасаған Асанқайғы» сөзі дегеннен

²⁰² Сыздықова Р. Абай шығармаларында **-ар** жұрнақты тұлғаның қолданылуы// Қазақ тілі білімінің мәселелері. - Алматы, 1959. - 118-б.

– 267). «Орманбет би» (XVIII ғасыр) дегеннен: «Кедейліктен жаман жоқ, *Ұрысарға* амал жоқ. Екі сеңгір қосылып *селбесерге* заман жоқ» (281–282) т.т. В.Радлов, Я.Лютш, И.Березин т.б. жинап бастырған үлгілер текстерінен де талдап отырған тұлғаны молынан табамыз және ол тек өлендерде емес, қара сөзбен берілген материалдарда да бар: «Сонан соң бір күндерде Ұзын Сары Алып жамағаттарын жиып алып, оқ *атарға* серуенге шықты» (Радлов, III, 277); «Бұрынғы заманда бір қарт бар еді. Ол қарт бір күні базарға *шығарға* ойланды» (Я. Лютш, 31.).

-ар+ға тұлғасының бұлайша ауыз әдебиеті нұсқаларында орын алуын ертеден қалған қалдық, өлі тұлғалар деп тануға болар еді. Бірақ мұның өткен ғасырдың ішінде де тірі тәсіл болғанын сол тұстағы ақындардың қолданыстары көрсетеді.

Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес *кешерге*.
Қайырсыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде,
Саумал бермес *ішерге*...
Әрнешік күнің сол болар,
Еңкейіп орақ *орарға*,
Тонқайып масақ *терерге*, –

деп кеткен XVIII ғасырдағы Бұқардан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі қазақ ақындарының бәрінен **-арға** тұлғасын таба аламыз. Бұл әсіресе Махамбетте өте жиі қолданылған: «Өлең айтып толғадым, Көкірегімді *басарға*. Қаралай отын жармадым, Тас қазанды *асарға*... » (54); «Жетіп келді қамалға, Қамалды бұзып *аларға*» (28); «Қаумалаған қарындас қазақта бар да менде жоқ, Арызымды *айтарға*» (76). Өзге ақындарда: «Сонда менің *сөйлерге* есім кетті» (Шортанбай, 150); «Таяндың енді *өлерге*» (Сонда. 160); «Сонда білер жаманын Жан *шығарға* келген соң» (Дулат, 65); «Су түбіне кеткен жұрт Тал таба алмас *қармарға*» (Сонда. 69); «Бармайды ауыз шіркін *жамандарға*» (Шернияз, 127); «Жақсыға жаман теңелер *айдарына* келгенде» (Базар, 235); «Жаны жоқ кеудесінде адам *дерге*» (Біржан, 186); «*Берерге* ғылым жазып адам керек» (Ақан, 272).

-у+ға-ның орнына **-ар+ға** тұлғасын Ыбырай да прозасында жиі қолданған: «Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық *етерге*» (Алтынсарин, 1879, 1); «Бір төре осындай іспен гүнәлі болып, әлгі айтылған жазаны *берерге* тұрғанда, гүнәлі төренің жас қыз баласы әкем үшін жауап беремін деп мәлім болды»²⁰³ (Сонда, 10); «Соныңмен *ішерге*-жеуге, киюге де кемтар соғып, бір қалада жүрген уақытта...» (Сонда. 37).

Сөйтіп, Абай, Ыбырайларға шейін, олардың жұмсаладын қоса алған қазақ әдеби тілінде **-ар** жұрнақты есімшенің барыс септігінде **-у** жұрнақты қимыл есімінің орнына, соның дублеті ретінде қолданылу фактісі болып келгенін баяндаймыз. Әрине, бұдан **-уға** тұлғасы қолданылмады деген тұжырым әсте шықпайды. Бұл екі тұлға морфологиялық синонимдер ретінде қатар пайдаланылғанын ауыз әдебиеті үлгілері де, жеке қаламгерлер тілі де көрсетеді: «Жуас түйе *жүндеуге* жақсы»; «Қысқа жіп *күрмеуге* келмес»; «Жаман сайға су түссе, өткел бермес *кешуге*. Жаман кісіге мал бітсе, сусын бермес *ішуге*» (осыны жоғарғы Бұқардан келтірген **-арға**-мен келген жолдармен салыстырыңыз). Абайда **-уға** тұлғасы **-ар**-дан кем кездеспейді: «Артық ғылым кітапта Ерінбей оқып *көруге*. Военный қызмет іздеме, Оқалы киім *киюге*» (I, 52); «Түгел сөзді *тыңдауға* жоқ қой қазақ» (I, 70).

Абайда қолданылу жиілігі жағынан **-арға** тұлғасы едәуір болғанмен, өткен ғасырда бұлформа өз орнын **-уға** вариантына бере бастаған. Өйткені өзге нұсқаларда сан жағынан **-арға** дублеті **-уға** тұлғасынан кемдеу ұшырасады. Ал Абайдағы жиілік – бір жағынан, осы тәсілді, жоғарғы **-мақ** жұрнақты туындылар тәрізді, жазушының өзі қалап, таңдап қолдануына да байланысты. Тегі, Абай қазақтың халық тілінде бар тәсілдерді мейлінше актив пайдалану принципін ұстағанға ұқсайды.

-ар жұрнақты тұлғаның төңірегінде төртінші ерекшелік деп оның Абай тілінде жиі субстантивтеніп, септік жалғауларымен

²⁰³ Жазушының 1955 жылғы тандамалы шығармалар жинағында жоғарғы келтірілген екі мысалдың екеуі де **-уға** тұлғасымен алмастырылып «түзетілген» (73 және 81-бетте). Әрине, сөйлем мағынасы үшін бұл редакцияның айтарлықтай зияны болмаса да, тіл үшін қажетсіз екендігі түсінікті.

қолданылғандығын көрсетеміз. Сірә, Абай тіліне тән белгінің бірі – өзге сөз таптарын (сын, сан есімдер, есімше тұлғалар) жиі субстантивтендіргендігі. Бұл амал-әрекеттен **-ар** жұрнақты есімше де тыс қалмаған: «Қаны бұзық өзі ойлар Қу менен сұм болар-ды» (I, 51); «Қайдан ғана біледі Ауыр менен жеңілдің Арасымен өтер-ді» (I, 62); «Бала сүйер, жар сүйерден Түк неме жок, тұр денем» (II, 78).

Қазіргі әдеби нормамызда бұл тұлғаның септік жалғауларымен құбылып қолданылуы жоққа тән. Өткендегі қазақ тілі үшін де өнімді тәсіл емес.

Абай тілінде морфологиялық формалардың бірі – **-ар** жұрнақты есімшеге **-лық** жұрнағы үстелген тұлға. Бұл өлеңдерінде де, прозасында да етістіктен болған есім ретінде өте жиі қолданылған. Ол қимылдық семантикадан қол үзіп кетпейді, көп ретте, әсіресе етістіктермен тіркескенде есімшенің **-а+тын** тұлғасына ұқсас түседі: «...Оның үстінен тазалығын байқарлық (~ байқайтын) екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық (~ тұратын) қабақ беріп...» (II, 199); «Екінші, балаң мейірімді болып, асырарлық болып (~ асырайтын болып) туа ма, жоқ па?» (II, 167); «Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық» (I, 37); «Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар» (I, 38); «Еңбегінді білерлік еш адам жоқ» (I, 25); «Өлейін деп өлмейді өлерлік жан» (I, 234).

Бұл тәсіл де қазақтың жалпыхалықтық тілі нормасына жат емес, бірақ, әрине, дәл Абайдағыдай аса өнімді емес. Ал Абайдың мұнда **-а+тын** жұрнағымен жасалатын есімшеге қызметтес етіп актив қолдануы, біздіңше, жазушының шеберлік талғамына байланысты, өзі қалап қолданған грамматикалық тәсілдердің бірі болып табылады.

Сөйтіп, Абай тілінде **-ар** жұрнақты есімше актив тәсілдердің бірі болып келіп, әралуан қызмет атқарған. Ол қызметтердің барлығы дерлік қазақтың жалпыхалықтық тілінде ертеден келе жатқандар. **-ар** жұрнақты тұлғаның қолданудан қалып бара жатқан үздіксіз іс-әрекетті білдіру, қимыл есімі ретінде жұмсалып сияқты қызметтерін Абай жандандырып, өнімді амал етіп пайдаланған. Сондай-ақ бұл тұлғаның атрибуттық

қызметін де Абай халықтық нормадан алған. **-ар** жұрнақты сөзді субстантивтендіру және **-лық** жұрнағын жалғайтын негіз етіп алу тәрізділерді де ұлы қаламгер активтендіріп, өзінің жазушылық мәнеріне тән тәсілге айналдырған. Талдап отырған тұлғаның Абай тілінде өте жиі, актив кездескен мағыналары мен қызметтерінің көбі әрі қарай дамымай, ақынның индивидуалдық стилін сипаттайтын ерекшеліктер болып қалып қойған. Сондықтан бұл есімше тұлғасының Абайда кездесетін 3-4 қызметі – қазақтың қазіргі әдеби тілінде мүлде жоққа тән, пассив амалдар.

Шартты рай тұлғасының *керек* сөзімен тіркесі

Абай тіліндегі аса бір қызғылықты морфологиялық тәсілдердің бірі – **-са** жұрнақты шартты рай тұлғасының *керек* деген модальдық сөзбен тіркесі. Тіліміздегі бұл конструкцияның қызметі мен мағынасы немесе қазіргі тілімізде мұның баржоғы туралы ешбір оқулық, курстарда не жеке зерттеулерде ешқандай мағлұмат бермейді. Ал бұл тіркес бір кездерде белгілі бір категорияны білдіретін өнімді тәсілдердің бірі болған. Және «бір кез» деп отырғанымыз – көне немесе тіпті орта ғасыр дәуірлері емес, кешегі Абай тұстары, XIX ғасырдың жартысы, тіпті XX ғасырдың басы. Бұл конструкцияның тағы бір ерекшелігі – **-ар**, **-мақ** сияқты ертеден қазақтың поэзия тілінде жиі қолданылып келе жатқан амал емес, кейін активтенген амал-тәсіл екендігінде. Сірә, о баста, яғни XIX ғасырдың II жартысында проза жанры туа бастаған кезде жанданған бұл тәсілді Абай да қуаттап, тіпті поэзия тілінде де пайдаланғаны байқалады.

Шартты райдың *керек* сөзімен тіркесі өзге кейбір түркі тілдеріндегідей, бір нәрсенің болу-болмауы, іс әрекеттің орындалу-орындалмауын шамалау, тұспалдау мағынасын береді де²⁰⁴, осы күнгі **-у**, Абай тіліндегі **-у** және **-мақ** жұрнақты қимыл есімімен қызметтес болып келеді. Абай прозасында да, өлеңдерінде де бұл тіркесті жиі қолданған. Барлығында

²⁰⁴ Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. - М., 1948. - С.167; Баскаков А.Н. Каракалпакский язык. - М., 1952. - С. 452.

да топшылау, шамалау реңкі сақталып, **-у (-мақ)** жұрнақты тұлғалардың дублеті ретінде берілген: «Әрбір байқаған адам білсе керек» (II, 161) ~ *сірә, білуі керек*. «Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді» (II, 166) ~ *тегі, қостауым керек еді*. «Тәнді жанға бас ұрғызса керек еді, Жоқ, біз олай қылмадық» (II, 165) ~ *тегі, бас ұрғызу керек еді*. «Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек» (~ *келуің керек*). «Мен де бенде, амалсыз көнсем керек» (~ *көнуім керек*). «Қызығы зор қайран дос, қайран тату, Сендер өлдің, мен дағы өлсем керек» (~ *өлуім керек*) (II, 146). «Алла берген қауіпті осы сырым Көрге бірге өзіммен барса керек» (*-баруы керек*) (II, 108). «Оны да алды бұл өлім, Сабырлық қылсақ керек-ті» (~*қылуымыз керек*) (I, 179). Бұл келтірілген мысалдардың барлығында да іс-әрекет шақ категориясынан тыс ұғымда. Ал кейде Абайда бұл конструкцияның өткен шақтық ұғымда жұмсалғаны да байқалады, онда да шамалау, тұспалдау мәні сақталады. Мысалы: «Онан соң [қазақтар] Азияның тереңіне шейін еріп барса керек» (II, 223) ~ *сірә, еріп барған болу керек*. «Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек» (II, 222) ~ *тегі, ат қойған болуы керек*.

Керек сөзінің орнына Абайда кейде *бол, жарайды* сөздері алмасып келе береді: «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ Құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады» (II, 179) ~ *оқу керек*. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек *болса жарайды*» (II, 174) ~ *болуы керек*.

Керек сөзімен тіркескен шартты рай тұлғасын шақтық және бейтарап **-у** жұрнақты қимыл атауымен семантикалас етіп пайдалану жалғыз Абай тіліне емес, «Дала уалаяты» тіліне де, Алтынсарин прозасына да тән болды. Әсіресе тұңғыш баспасөз орыс тіліндегі материалдарды қазақшаға аударғанда, орысша инфинитивті шартты рай тұлғасы мен *керек* сөзінің тіркесі арқылы аударады: «Һәрбір берілміш генерал-губернатор хазіреттеріне, яки менің атыма жалғыз [арыз] берушінің аты-жөні жазылғаннан басқа жазушы мен сызушылардың да аты-жөндері мен тұрмыс жайлары да көрсетіліп жазылса керек» (~*жазылуы керек*). Бұл орысша мынадай сөйлемнің аудармасы: «На всех прошениях, подаваемых как на имя гене-

рал-губернатора, так и на мое имя, кроме подписи просителя *должны быть* подписи составителя и переписчика с обозначением местожительства» («Дала уалаяты газеті» 7/II. 1892). Мұндай фактілер газет тілінде өте мол. Бір қызығы – бұл тұлғаны В.Радлов, Я.Лютш, А.Алекторов жинап бастырған материалдардың проза бөліктерінен де кездестіреміз.

Қазіргі әдеби тілімізде шартты райдың *керек* сөзімен тіркесі келер шақтық мағына мен шақтан тыс мағынада (-у тұлғасының орнына) өте сирек қолданылады. Публицистика стилі мұны мүлде пайдаланбайды деуге болады (ал көркем әдебиетте ара-тұра кездесіп қалады). Сондықтан негізінен ғылыми-публицистикалық жанрға жататын Абай «Қара сөздерінің» қазірде норма емес бұл тәрізді тәсілді актив пайдалануын оны (Абай прозасын) кейбіреулерге әдеби тілде жазылмаған нұсқалар етіп көрсетуі мүмкін. Зерттей келсек, бұл – белгілі бір кезеңнің, яғни ғылыми-публицистикалық стиль мен көркем проза жаңа қалыптаса бастаған кезеңнің әдеби нормасы болып шыққанын мойындаймыз.

Ортақ етіс тұлғасының көптік категорияны білдіруі

Қазақ тілінің грамматикалық нормаларын өткен ғасырда суреттегендердің бірі – Н.И.Ильминский: «взаимная форма киргизского глагола на -с употребляется не только в значении взаимности и соревнования, но и общего исполнения действия, вместо множественного числа: *кетісті* – все ушли»²⁰⁵, – деп жазады.

Ортақ етіс формасы арқылы көптік мағынаны білдіру өткен ғасырдың өзінде қазақ тілінде өнімді норма болмаса да, соңғы кезге дейін қазақша жазу нұсқаларынан орын алып келгені байқалады.

Абай тілінде III жақтағы етістіктен болған баяндауышты көптік мағынадағы бастауышпен ортақ етіс тұлғасы арқылы киыстыру актив тәсіл емес, дегенмен орын алған: «Әйтеуір бірін бірі алдаудың амалын *іздеседі*» (II, 163); «...Ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып *жүріскен*» (II, 220).

²⁰⁵ *Ильминский И. И.* Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861. - С. 27.

Бұл тәсілді жалғыз Абай емес, оның тұсындағы өзге жазу нұсқалары әсіресе жас проза тілі, оның ішінде тұңғыш баспасөз тілі едәуір өнімді пайдаланған. Әсіресе Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінде етістіктің III жақта бастауышпен ортақ етіс тұлғасы арқылы көпшілікте қиысып келуі әлдеқайда жиірек кездеседі: «Мұнан соң мужикті патсаға алып *келісті*» (Алтынсарин, 1879); «Сейітқұлдың өзі де, жиылған халқы да малдары көбейіп, бай *болысты*»²⁰⁶ (Сонда. 38); «Үсен қоймай оятып алып, қасына ертіп *жолғашығысты*» (Сонда. 25). «Асан мен Үсен» әңгімесінде екі баланың қимылының бәрі ортақ етіс тұлғасымен баяндалған.

Бұл тәсілді Абай да, Ыбырай да өзге түркі тілдерінен алған жоқ, өздері де шығарған жоқ. Ол қазақ тілінде бір кезде қолданылған тәсілге ұқсайды. Өйткені оны сирек болса да, ауыз әдебиеті үлгілерінен де кездестіреміз.

Ортақ етіс тұлғасы арқылы көптік мағынаны білдіру – қазақ әдебиетінің қазіргі даму сатысында нормативтік тәсіл емес. Дегенмен мүлде қолданылмайды деп те тұжырымдауға болмайды. Бұл амал көркем әдебиет стилінде қазірде де ұшырасады. Әсіресе, жеке жазушылар тілінде айтарлықтай орын алады. Мысалы, бұл амалды Мұхтар Әуезов өнімді қолданады.

Сөйтіп, қазірде әдеби норма ретінде танылмайтын грамматикалық амалдардың бірі – етіс тұлғасы арқылы көптік категорияны білдіру – әдеби тіліміздің XIX ғасырдың II жартысындағы даму кезеңдерінде, оның ішінде Абай, Ыбырай тілдерінде белгілі бір дәрежеде қолданылған норма болған.

²⁰⁶ Біз мысалдарды әдейі Ыбырайдың 1879 жылғы өз қолымен шыққан баспасынан алдық, өйткені қазірде норма емес бұл тұлғалардың кейбіреулерін автордың соңғы (1955) баспаларында «түзетіп», осы күнгіше беріпті. Мысалы, дәл осы сөйлемде етістік *болды* түрінде берілген.

Кейбір морфологиялық тұлғалардың сыртқы формасы жағынан варианттылығы

Абай шығармаларының текстерінде кейбір тұлғалар сыртқы формасы жағынан толық және ықшам варианттарда кездеседі. Олар: **-тұғын** ~ **-тын**, **-дайын** ~ **-дай**, **-маспын** ~ **-ман** аффикстері, *менен* ~ *мен*, *дағы* - *да* шылаулары. Бұл қос варианттылық өлеңдеріне де, «Қара сөздерінің» тіліне де тән. Бірақ екеуіндегі қолданылу мотивтері екі басқа. Жоғарғы көрсетілген тұлғалардың толық, ықшам түрлерінің өлең текстерінде кезектесіп қолданылуы метрика талабына (буын өлшеміне) байланысты. Мысалы: артық буын керек жерде есімшенің ауыспалы шағы үшін **-тұғын**, бір буыны кем тармақ керек болса, **-тын** варианты еркін пайдаланыла береді:

Сонда сенің отынды *басатұғын*, (11 буын)

Осы өлең – *оқитұғын* дұғам менің (11 буын) (II, 111).

Арзан, жалған *күлмейтін*, шын күлерлік (11 буын)

Ер табылса жарайды қылса сұхбат (I, 38).

Айтатұғын сөзім бар (7 буын) (I, 117).

Сөзд (і) *ұғатын* қайсың бар (7 буын) (I, 248).

Менен ~ *мен*, *дағы* ~ *да* шылаулары да осы тәрізді: өлеңнің буын санына қарай бірде толық, бірде ықшам түрде келе береді:

Ақыл *менен* білімнен (7 буын)

Әбден үміт үзіппін,

Айла *менен* амалды (7 буын)

Меруерттей тізіппін (I, 250).

Айтып сәлем, қалам қас,

Саған құрбан мал *мен* бас (7 буын) (I, 103).

Сүйтсе *дағы* елімді (7 буынды)

Ұстай алмадым мығымдап (I, 79).

Тың тұяқ күнім сөйтсе *де*, (7 буын)

Қарбаңдадым өкімдеп (I, 79).

Сондай-ақ осы күнгі **-дай** жұрнағының өлең тілі үшін «кезекші» **-дайын** варианты «дайын» тұрады.

Бір тұлғаның екі вариантын пайдалану – қазақ поэзиясының тілінде Абайға дейін-ақ қалыптасқан тәсіл. Сірә, біздіңше, дыбыстық оформлениесі жағынан толық тұлғалардың бірте-

бірте ықшамдала түсуіне, бір жағынан, тілдегі экономия заңы себепкер болса, екінші жағынан, мысалы, қазақ тілінде поэзия тілінің шарттары әсер еткен тәрізді. Ауызекі сөйлеу тілінде жоғарғы көрсетілген тұлғалардың толық түрлері күні бүгінге дейін қолданылады. Ал қазіргі әдеби тілде бұлардың нормативтік варианттары деп ықшам дублеттері көрсетілсе, ол ықшам түрлері қазақ поэзиясында әлдеқайда бұрынырақ қалыптасып қолданылып кеткен. Сондықтан қазіргі қазақ поэзиясының тілінде де бұл тәртіп күшін сақтайды: метрика мүддесіне қарай толық та, ықшам да варианттары қолданыла береді.

Дегенмен Абай кезеңінде бұл тұлғалардың тілдегі, оның ішінде ауызекі сөйлеу тілі мен проза тіліндегі, нормасы негізінен толық түрлері болған. Тіпті поэзияның өзінде де буын санының асып кететініне қарамастан, кейде екі буынды толық варианттарымен берілетін тармақтары кездеседі:

Елім, күнім, кәрі боз (7 буын)

Сөйлесетұғын күнің жоқ (8 буын)

(«Ер Тарғын» // Радлов. Образцы... III, 135).

Екеуміз бірге жыласақ,

Жұбататұғын кім бар деп,

Шеге ақын сабыр қылады («Қыз Жібек», 1957. 53).

Прозаға келетін болсақ, өткенде бұл жанрда **-тұғын, менен, дағы** варианттары әлдеқайда басым болған. Орыс ғалым-ағартушылары жинап бастырған қара сөзбен берілген ертегі, аңыздарда, мақал-мәтелдерде көбінесе толық варианттары хатқа түскен.

Тұңғыш қазақ газеттері де **-тұғын**-ды жиі қолданған. Ауыз әдебиетінің қомақты полотнолары – эпос жырларындағы қара сөзбен айтылатын бөліктерде де бұл тұлғалар сөйлеу тілінің нормасымен берілген. Әсіресе бұл құбылыс эпостардың өткен ғасырда басылған нұсқаларында сақталған (осы күнгі басылуларының кейбіреулерінде қара сөз текстерінің «өңделмеген, шикі» тілін «түзетіп», қазіргі нормаға салып, ықшам түрлерімен берілгендері жиі кездеседі): «Шеше, ат *мінгестіретұғын* емес, үйіне баста, – деді» («Қисса Алпамыш», 1901); «Серкенің күніге бірін берігі *тұратұғын* бол-

ды»; «Байбөріге [Ұлтанның] тілі *тиетұғын* болды» (Сонда); «Ол ат артынан бір жау келе жатқанда *нысқыратұғын* еді» («Ер Тарғын» // Радлов. Образцы... III); «Сол заманда бір бай бар еді, оның бір баласы бар еді, ешкімменен *сөйлеспейтұғын* еді» (Лютш, 48).

Абай прозасының тілінде де көбінесе толық варианттары қолданылған. Мысалы, ауыспалы шақ есімше әрдайым дерлік²⁰⁷ **-тұғын** формантымен ғана берілген: «Жұрттың бәрі біледі *өлетұғынын* және өлім үнемі қартайтып *келмейтұғынын*, бір алғанды қайта *жібермейтұғынын*» (II, 189).

Сондай-ақ «Қара сөздерде» кездесетін *менен* варианты *мен* дегенінен әлдеқайда көп²⁰⁸: «Жоқ, мен үнемі *уайым-қайғы-менен* бол демеймін» (II, 162); «Бермесе *оныменен* жауласпақ екен» (II, 163); «Оның *өзгеменен* ісі жоқ» (II, 166).

Ал *дағы* мен *да* варианттары «Қара сөздерде» сан жағынан шамалас, ешбір мотивсіз бірде *дағы*, бірде *да* түрінде келе береді: «Ебін тап та жөнге сал» (II, 193); «Кім жақсылық, кім жамандық қылса *дағы*, Құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?» (II, 184). *Дағы* мен *да* формаларының жарысып отыруы жалғыз Абай емес, сол тұстағы өзге жазу нұсқаларында да (әңгіме проза туралы) орын алған: «Бұл қалай күл деп иіскеді *де* сандыққа салып қойды» (Березин И. «Турецкая хрестоматия», 1876. III, 17); «Ол жігіт атынан түсті *дағы* басты өртеді отқа» (Сонда. 17); «Сонда бала тұрды *дағы* мен бармын деп шыға келді» (Радлов. Образцы... III, 225). Баспасөз тілінде де осындай.

Осылардың барлығы XIX ғасырдың II жартысында қазақ тілінде *дағы* формасының әлі жарыса қолданылғанын көрсетеді.

Бұл тұлғаларды қолдануда Ыбырай прозасының тілі едәуір оқшау тұрады. Ыбырай әңгімелерінің тексінде көбінесе ықшам

²⁰⁷ Жоғарыда көрсетілгендей, Абай шығармаларында текстологиялық ағаттықтардың (әсіресе грамматикалық тұлғаларды беруде) салдарынан Мүрсейіт қолжазбаларында әрдайым **-тұғын** түрінде келетін тұлға Абайдың 1954, 1957 жылғы кітаптарында бірнеше жерде **-тын** вариантында жазылған.

²⁰⁸ Қазіргі баспадағы (1954, 1957) *мен* варианттарының көбі Мүрсейіт дәптерлерінде *менен* болып жазылған: «Бәріде *иттік бенен* (1957 жылғыда *иттікпен*) табады, *иттікбенен* (1957 – *пен*) айрылады»; «Құдай берген *болыстық бенен* (1957 жылғыда – *пен*) билік елде жоқ» т.т.

варианттары қолданылған: Ыбырайдың және А.В.Васильев²⁰⁹ берген материалдардың тілінде ықшам формалардың басым қолданылуының себебін дәл басып көрсетерлік материалдарымыз (фактілеріміз) әзірге жоқ. Сондықтан біз бұл жерде Ыбырай (және Васильев) ықшам тұлғаларды әдейі қолданды немесе оларға өздері тұрған ортаның тілдік нормалары әсер етті деген сияқты пікірлерді үзілді-кесілді айта алмаймыз. Біздің қолымызда әзірше Қазақстанның мынадай жерінде мынадай кезеңдерде мынадай тілдік нормалар болды деген тәрізді мәліметтер жоқ. Дегенмен Алтынсариннің өзінде де (сондай-ақ Васильев материалдарында) әрдайым **-тын, мен** болып келмей, **-тұғын, менен** формалары да ұшырасып отыратындығы соңғы варианттардың әлі де норматив тұлғалар екенін дәлелдейді. Мұны тек тілдік фактілер (текстер) емес, өткен ғасырда қазақ грамматикасын суреттеген еңбектер де көрсетеді. Н.Ильминский: «Причастие *тұрған*, занимая место вспомогательного после деепричастия на **а**, теряет **р**: вместо *бара тұрған* говорят *бара тұғын*, и еще сокращеннее *бара-тын* (в последнем случае оно сливается с деепричастием и следует его системе звуков)²¹⁰, – деп көрсетеді. М.Терентьев те қазақ тілінде есімше **-а** жұрнақты көсемшеге *тұғын* сөзі қосылуы арқылы жасалады деп, оған *жазатұғын, қараятұғын* (~ *қарайтұғын*) деген мысалдарды келтіреді²¹¹.

А. Старчевский бұл жөнінде М.Терентьевті қайталайды²¹². 1898 жылғы «Грамматика киргизского языка» дегеннің авторлары да: «причастие настоящее-будущее 2-ое образуется через прибавление *тұғын* (сокращенно **-тын, -тін** от *тұрған*) к причастию на **-а, -е, -й**: *қарайтұғын* –долженствующий *смотреть*»²¹³, – деп баяндайды.

²⁰⁹ А.В.Васильевтің Ы. Алтынсаринмен тіл жағынан ұштастығы, сірә, олардың қызметтес, пигылдас және территориялас болғандығынан болар. А. Васильев Ыбырай өлгеннен кейін оның орнына Торғай облысының мектептер инспекторы болып қызмет еткен.

²¹⁰ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861. - С. 10.

²¹¹ Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Сост. М. Терентьев. - Кн. 1. - СПб., 1875. - С. 143.

²¹² Спутник русского человека в Средней Азии. Сост. А. Старчевский. - СПб., 1878. - С. 82.

²¹³ Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. - Оренбург, 1898. - С. 71.

Осылардың барлығынан байқайтынымыз – бұл авторлар, ең алдымен, *тұрған* немесе **-тын** варианттарын атамай, **-тұғын**-ды көрсетеді, мысалдарды да **-туғун** формасымен береді. Ықшамдалған *-тын* вариантының да бар екенін жол-жөнекей, жақша ішінде ғана білдіріп өтеді. Тек П.М.Мелиоранский: «*Тұрған* мало-помалу сократилось в **-тұғун**. В современном разговорном языке сокращение идет еще дальше. Теперь в живой киргизской речи нередко слышится форма *алатын, түсетін*»²¹⁴, – деп сол кездегі (XIX ғасырдың аяқталар тұсындағы) норманы ашып айтады.

Сөйтіп, фонетикалық трансформация жолымен грамматикаланған *тұрған* сөзінің (*тұрған* > *тұғын* > **-тын** ~ **-тін**) XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілінде соңғы екі варианты (**-тұғын**, **-тын**) қатар қолданылғанын атаймыз. Оның өзінде фонетикалық редукцияланудың алғашқы сатысы **-тұғын** қолданылу жиілігі жағынан әлдеқайда басым болған. Әсіресе прозалық текстерде, оның ішінде енді-енді туа бастаған қоғамдық-публицистикалық, ғылыми стильдерге жататын материалдардың тілінде **-тын** аффиксінен гөрі *тұғын* жарты сөзі жиірек пайдаланылған. Абайдың прозасы да осыны танытады.

Қазіргі қазақ тілінің грамматикалары норма ретінде **-тын**, **-тін** жұрнағын атайды. Қазіргі публицистикалық, ғылыми стильдерде тек осы тұлға қолданылады. Ал бұл аффикстің түп негізі *тұрған* сөзі қазірде де, Абай тұсында да қазақ әдеби тілінде қолданылмаған (Абай текстерінде, онда да атақты 38-сөзінде Мүрсейіт бір жылғы дәптерінің екі жерінде *бола тұрған* деп жазса, өзге дәптерінде *болатұғын* деп беріпті). Сірә, *бола тұрған* тіркесі Абайда да, көшірушіде де аса тұрақты болмаған болу керек. Есімшенің толық сөз түріндегі көрсеткіші кітаби тілге тән болып келеді. Мысалы, *тұрған* вариантын «Дала уалаятының» бетінен, әсіресе ондағы ресми документтердің тілінен кездестіреміз.

Өзге тұлғалардың да (*менен* ~ *мен*, *дағы* ~ *да*) тайталаса қатар қолданылып келгенін өткенде хатқа түскен мақал-мәтел-

²¹⁴ Краткая грамматика казах-киргизского языка. - Фонетика и этимология. Сост. П.М.Мелиоранский. - СПб., 1894. - С.62.

дерден де байқаймыз. Мысалы, Я. Люти жариялаған варианттарда толық түрімен берілген: «Алыс *пенен* жуықты жүрген білер»; «Асықпаған арба *менен* қоянға жетер»; «Атты қамшы *менен* айдама, жем *менен* айда»; «Балықтың тірлігі су *менен*». Сонымен қатар бір мақалдың ішінде толық та, ықшам да түрлері қатар келтірілгендері де бар: «Сүт *пенен* кірген мінез сүйек *пен* бірге кетер».

Қазақ мақалдарының 1957 жылғы баспасында: «Атты *қамшымен* айдама, *жеммен* айда», 1912 жылғы мақалдар жинағында: «Есік алды төбе болса Ертіптеп қойған *атпен* бірдей».

* * *

-ар жұрнақты есімшенің болымсыз түрі (**-ма+с**) І жақ жекеше түрде жіктелгенде, *отырмаспын, тұрмаспын* деген толық тұлғалардың орнына *отырман, тұрман* тәрізді ықшам варианттарының қолданылуы – қазіргі көптеген түркі тілдерінде жоқ норма. Қазіргі қазақ тілі үшін де өнімсіз тұлға. Бұл тәсіл ауыз әдебиеті нұсқаларында (оның ішінде эпостық полотноларда) молырақ кездеседі. Сонымен қатар өткендегі кейбір қаламгерлер бұл грамматикалық тұлғаны едәуір актив қолданғаны байқалады. Мысалы, Махамбет ақында: «Боз ағаштан биік мен едім, Бұлтқа жетпей шарт *сынбан*» (109). Оның «Беркініп садақ асынған» деген шығармасы бастан-аяқ осы тұлғамен берілген. Бұл тұлғаның **-ар** жұрнақты есімшенің болымсыз түрі екендігін екеуінің қатар қолданылғандығы дәлелдейді. Мысалы, «Мен ақ сұңқар құстың сойы едім» деген өленінде: «Өтініп алып от *жақпан*, Дұшпанға қылыш *ұрармын*» (112) немесе: «Мен кеткенмен тек *кетген*, Сізден артық *табармын*» (112) деген тармақтарда бірыңғай мәндегі сөйлемдердің етістіктері болымды түрінде **-ар** жұрнақты, болымсызында **-ма + н** жұрнақты тұлғалармен берілген.

Кейбір зерттеушілер бұл көне ықшам тұлғаны стильдік мотивпен қолданылатын тәсіл ретінде қарайды. Бұл тұлға сөйлемге экспрессивтік мән беріп, қайсарлықпен үзілді-кесілді айтылған ойды білдіреді дейді²¹⁵. Сірә, бұл тұжырым

²¹⁵ Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. - Алматы, 1960. - 175-б.

жоғарыдағы Махамбет өлеңдері мен фольклорлық нұсқаларда кездесетін кейбір жолдарға қарап айтылған болу керек. Бұлардағы серт, ашу, қайсарлылық мән жалғыз сөз етіп отырған тұлғаға байланысты емес, бір жағынан, шығарманың жалпы сарынына, мазмұнына қатысты болса, екіншіден **-ар** жұрнақты есімшенің өзінде де осы реңк жоқ емес. Ал бірақ **-ар** жұрнақты болымды немесе **-ма+н** жұрнақты ықшам болымсыз тұлғаларда әрдайым серт беру, айбын көрсету тәрізді модальдік мән бола бермейді. Мысалы, Абайдың: «Қылығыңда жоқ ағат, Қарап *тойман* жүз қабат» (I, 104) деген жолдарында қандай серт, ашу мәні бар? Немесе: «Сонда жауап *бере алман* мен бишара» (I, 223) дегенінде тіпті дәрменсіздік реңкі бар сөйлемді көреміз.

Абай бұл тұлғаны да едәуір актив пайдаланған. Әсіресе *емес* көмекшісінің *емен* түрін өлеңдерінде еркін қолданады: «Разы *емен* осындай ат мінбесем» (I, 48). Бұл тұлғалардың, жоғарыда айтқандай, автордың өзіне өзі берген серті, талабы, шарты тәрізді реңк беретін сәттері де, мұндай реңк бермейтін сәттері де бар. Мысалы: «Ескі бише *отырман* бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін *тұрман* зарлап» (I, 67) дегенді ақынның өзіне қойған шарты, серті деп ұғынуға болатын болса, «Қылығына жете *алман*, Қаншалық тілмен айтқанмен» (I, 191) деген тәрізді сөйлемдерінде ешқандай модальдік реңк жоқ. Соңғыша сөз етіп отырған тұлға – *жете алмаспын* деген тәсілдің грамматикалық дублеті ғана.

Ықшам тұлғаның дублеттілік қызметте жұмсалғанын: «Бай *емен*, батыр *емен*, хан *емесің*» (I, 265) деген жолдары айқын дәлелдейді. Мұнда бірыңғай конструкциялардың алдыңғы екеуі ықшам болса, соңғысы толық. Бірақ ықшам тұлғаны қолданудың өзі мотивсіз емес. Біздіңше, бұл – өлең шарттарына, оның ішінде буын өлшеміне орай қолданылған тәсіл. Бұрын талданған **-тұғын** ~ **-тын**, *менен* ~ *мен*, **-дайын** ~ **-дай** тұлғалары тәрізді **-маспын** ~ **-ман** дублеттері де – буын санының қажетіне қарай жұмсалатын, бір-біріне кезекші тұлғалар. *Мен*, **-тын** тұлғалары Абай кезеңінде проза саласында да жарыса қолданылып келген болса, **-ман** тұлғасы Абайға дейін көп бұрын-ақ тек поэзия тілінде тұрақталып,

проза саласына ауыспай қалғанға ұқсайды. Ал Абай өзіне дейінгі қазақтың бай поэзия дәстүрі пайдаланған өлеңдік тәсілдерді мейлінше сарқа және икемді түрде жұмсау тенденциясын ұстағанын грамматикалық дублет тұлғаларды қолдану тәжірибесінен көреміз.

Сөйтіп, Абай, қазақ поэзия тіліне тән **-ман** ықшам тұлғасын модальдік мотивтен гөрі, өлең шартына (буын санына) байланысты туған қажеттікті өтеуге шебер пайдаланған.

* * *

Қазіргі қазақ әдеби тілінде **-ған** жұрнағымен жасалған есімшенің *соң* шылауымен тіркесінің кірігіп ықшамдалған түрі **-ғасын** тұлғасын қол көру тенденциясы бар²¹⁶. О баста *соң* шылауы шығыс септіктегі есімшені меңгерген: *барған + нан соң*. Грамматикалық тіркестің бұл стадиясы революциядан бұрынғы материалдарда, әсіресе орыс ғалымдары жариялаған нұсқаларда молырақ кездеседі: «Кемпір бұ қызды тысқары шығарады, *шығарғаннан соң* бұ қыз жарық дүниені көріп... есі ауып қалады» (Радлов. Образцы..., III, 64); «Қодар Қозы Көрпешті іздеді, іздеп жүріп келді, қарауылда жатқан әлгі адамды көрді, *көргеннен соң* келіп соның басын алмаспеннен кесіп алды» (Сонда. 246); «Манағы қарт базардан қайтып *келгеннен соң* осы жігіттен аманат қойған ақшасын сұрады» (Лютш, 31). Сонымен қатар өткен ғасырдың II жартысында шығыс септік жалғауын түсіріп қолданылатын нормасы да болған. Сірә, негізінен осы соңғы түрі басым болғанға ұқсайды. Абай прозасында шығыс жалғаусыз, бірақ әрі қарай трансформацияланбаған түрі (*-ған соң*) қолданылған: «Жылдан жылға төмендеп бара жатқанын *көрген соң*, менің ойыма келеді» (II, 160); «Мұңдасып шер тарқатысар кісі *болмаған соң...*» (II, 157).

Абаймен тұстас өзге нұсқаларда да көбінесе осы вариантын табамыз. Соған қарағанда **-ғасын** түрінде ықшамдалу фактісі – тіпті соңғы кезеңдердің – біздің заманымыздың – жемісі. Ал поэзия тілінде Абай тұсында да (Абайдың өзінде де), қазірде

²¹⁶ Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1954. - 352-б.

де, шығыс септікті варианты артық бір буын қажет жерде қолданыла береді:

Он сегіз, он тоғызға *келгеннен соң* (11 буын),

Алмасы өкпе болар қол батпаған (I, 24).

Сәлем борыш, сөз құлық *болғаннан соң* (I, 34).

Буын саны асып бара жатса, жалғаусыз дублеті «кезекші» болып дайын тұрады:

Ер *жеткен соң* түспеді уысыма (I, 25)

Көңлімнің рахаты сен *болған соң* (I, 98).

Шылау меңгерген септік жалғауларының түсіріліп қолданылуы жалғыз осы ситуацияда емес. Есімдік пен үшін шылауының тіркесінде ілік септігі қосылып та (*менің үшін, сенің үшін*), түсіріліп те қолданылуы тағы да қазақ поэзиясы тілінен басталған. Бұл – Абайдан бұрынғыларда да, тұтастарында да, өзінде де, тіпті қазірде де қолданылмалы тәсіл. Салыстырыңыз, Абайда: *Менің үшін* сен жауап бер, Менде сөз жоқ, бишара (II, 82). Көрісуге шыдамаспыз, Айрысалық *сол үшін* (II, 86).

Сілтеу, жіктеу есімдіктері де *мен (~менен)* шылауымен тіркескенде, Абай тұсында ілік септікте де, онсыз да қолданылған жайы бар. Мүрсейіт дәптерінің бір-екі жерінде *соныңменен* түрінде жазылған (соңғы басылуларда бұлар *сонымен* деп берілген). Әрине, бізге қазір автордың қай тұлғамен бергенін кесіп айту қиын, мүмкін, ол ілік септігін сақтаған болар, сондай-ақ сақтамай да жазуы әбден ықтимал. Ал Абаймен тұстас басқа қазақша жазу нұсқалары *менен (~мен)* тұлғасының ілік септіктегі есімдіктермен тіркескен фактілерін береді. Мысалы, Ыбырайда: «Сиыр айтты: адам егін ексе, *менің мен* егеді» (Алтынсарин, 1879. 15); «Бұл қол да *менің* жазықты болған атамның қолы, бірақ *мұның мен* балаларын асырауға шамасы келмейді» (Сонда.10)²¹⁷. Хан *оның менен* көрісіп, жөнін сұрап кімсің деді. *Мұның менен* қоймаймын екеуінді (Радлов. Образцы... III, 224). Бұл құбылыс ақындар тілінде де, ауыз әдебиетінде де бар: *Меніңменен* соғыссаң («Қыз Жібек», 119). *Біздіңмен* он үш деп едік (Шернияз, 134).

²¹⁷ Бұлардың барлығы да жазушының соңғы баспаларында *менімен, мұнымен* деп редакцияланған.

XIX ғасырдың II жартысындағы грамматикаларда септеу таблицасындағы көмектес септік үлгісін *меніңмен, сеніңмен, оныңмен* деп береді. Қазақ грамматикасы жайында бұдан ілгерірек шыққан (Ильминский, Терентьев, Старчевскийлерде) материалдарда көмектес септік (инструментальный падеж) деген атымен жоқ, тегі, бұл авторлар *менің менен, сенің менен* сияқты формаларды шылау мен сөздің тіркесі деп санаған. Шынында да, солай болу керек. Қазақ тілінде *мен* формантының аффикс категориясына жатқызылуы лингвистикада соңғы кездерде пайда болған. Жеке сөз (шылау) ретіндегі *менен (~мен)*-нің бұлайша грамматикалануы меңгеріліп тұрған есімдіктің бірте-бірте ықшамдала түсуіне (н-ның түсіп қалуына) әсер еткені сөзсіз.

Сөйтіп, Абай тұсында және мүмкін, Абай тілінде де, өзге дублетті тұлғалар тәрізді жіктеу, сілтеу есімдіктерінің *мен ~ менен* формантымен тіркесі толық (*менің мен, оның мен, соның мен*) және ықшам (*мені мен, оны мен, соны мен*) варианттарында жарыстырыла қолданылған да әрі қарайғы тенденциясы – ықшам түрінің қалыптасуы болған деп табамыз.

Жалпыхалықтық тілде сөздің грамматикалық құрылымының ықшамдалу құбылысы өзге категорияларда да бар. Мысалы, өткен шақ есімшенің жіктелген кезде соңғы **н** дыбысының түсіріліп айтылуы. Абай бір өлеңіндегі етістіктерді осы тәсілде құрады: «Талай сөз бұдан бұрын көп *айтқамын*, Түбін ойлап, уайым жеп *айтқамын*» (I, 173).

Өткен шақ есімшеге *соң* шылауы тіркескенде, **н**-ның түсіп қалуы тәрізді (*ғасын*), бұл жерде де тұлғаның ықшамдалуы жалпы тіл табиғатына, оның даму заңына қайшы келмейді. Сондықтан да Абай халықтық тілдегі бұл жанды процесі жатсынбай қабылдаған. Қазірде де ауызекі сөйлеу тілінде **н** дыбысы түсіріліп айтыла береді. Бірақ біз әлі де көптеген тұлғаның ауызекі формадағы фонетикалық күйін есепке алмай, олардың түбірін сақтап жазуды (мысалы, *бере алмады, айта алмады, барса игі еді* тәрізді тіркестерді) және солай айтуды норма деп ұсынып жүрміз (**-ғасын**-ның өзін кейбір грамматика оқулықтары әлі норматив тұлға ретінде көрсетпейді).

Кейбір етістіктердің сөздерді меңгеруіндегі ерекшеліктері

Етістіктердің белгілі бір септіктерді меңгеру дәстүрінің қалыптасуы – жетілген әдеби тілдің сипаты. Қазіргі әдеби нормамызда белгілі етістік сөздердің белгілі бір септіктегі есім сөздерді қалауы тұрақталып қалғанын білеміз. Мысалы, *сырласу* етістігі көмектес септікті (*кіммен, немен сырласу*), *қанағат ету* етістігі табыс септігін т.т. меңгеретін болып қалыптасқан.

Ал өткендегі қазақ әдеби тілінде (бұл құбылыс, ішінара қазірде де жоқ емес²¹⁸) кейбір етістіктердің меңгеру сипаты қазіргіден өзгеше болып келетін сәттері бар. Яғни меңгеру дәстүрі тұрақты емес. Мысалы, Бұқарда *Өтіңменен жарылма, Өкпеңменен қабынба* болып, қазірде шығыс септікті меңгеретін екі етістіктің екеуі де көмектесті қалап тұр. Сол сияқты «Қамбар» жырында: «Қалайша бізбен суысты» (қазірде *неден суысу, неден көңлі қалу*), «Қыз Жібекте»: Мен жайымды сөйлесем, *Ақылыңды танасың* (қазірде: *Ақылынан тану*) деген меңгерулерді табамыз. Мұндай ерекшеліктер ХІХ ғасырдың өз бойындағы қазақ әдебиеті авторларының қай-қайсынан да табылады: «Мінер ат, киер *киімнен Мұхтаж болған* жігіттің» (Базар, 244). Қазірде *мұхтаж болу* етістігі көбінесе барыс септігін қалайды: *неге мұхтаж болу?* «Себебімен өлеңнің *Сіздерменен кез келдім*» (Майлы, 203) – осы күнде *сіздерге кез келдім* болар еді. Біржанда: «Бір сұлу қыз Найманда *бар дегенмен* (*дегенге* болса керек еді), Бек *мұхтаж* көруге *болдым* саған». Мұнда *мұхтаж болу* осы күнгіше барыс септікті (*көруге*) меңгеріп тұрғанмен, алдыңғы жолдағы себепті білдіретін сөз (*бар дегенмен*) ол мәнге қатыссыз көмектес септікте тұр.

Септіктердің ауысып келуі Алтынсарин тіліне де тән. Мысалы, *қанағат ету* – қазірде табыс септікті меңгеретін салт

²¹⁸ Әңгіме етістік пен объектінің қатысына қарай түрліше септікті қажет ететін жағдайлар туралы емес. Мысалы, *жазу* етістігі *немен, нені, неге* (кімге) жазу деген тәрізді қатынастарды білдіріп, бірде көмектес, бірде табыс, бірде барыс т.б. септіктегі сөзді меңгеретіні түсінікті.

етістік. Ал Ыбырай мұны көмектес септікпен тіркестіреді: *азбен қанағат етіп* (бұл жерде Ыбырайға орыс тілінің конструкциясы әсер еткен болуы да мүмкін: *удовлетвориться чем – малым*, өйткені бұл етістіктің меңгеру дәстүрі күні бүгінге дейін тұрақталған емес; орыс тілінің әсерімен кейде көмектес септіктегі сөзбен қолданатындар бар).

Абай тілінде көптеген етістіктің септіктерді меңгеру сипаты қазіргі нормамызға сай түседі. Сонымен қатар осы күнгі норма бойынша қажет септіктің орнына өзгесі қолданылған алшақтық және бар. Мысалы, жоғарғы *сырласу* етістігі Абайда бірер жерде барыс септігін меңгереді: «Күңгірт көңлім *сырласар* Сұрғылт тартқан *бейуаққа*» (I, 237); «Жылқышылар кеп тұрса, Таң *ертеңмен* салпылдап» (I, 50) – *таңертеңнен*²¹⁹ келу. Сірә, бұл жерде *таңмен келу* тәрізді модель әсер еткен. *Шын көңілден тату болу, шын көңілден сую* дегендер де Абайда *көңілмен* болып келеді. Сірә, екеуі де – осы күнге дейін жарыса келе жатқан нормалар. Қазірде *сөзінде тұру* тіркесі жатыс септікте қалыптасқан, Абайда *сөзімен тұру* («Бір *сөзімен тұрса* екен жанса-күйсе» – I, 38). *Кекті болу* етістігі *кімге* деген сұрақты қойғызады, ал Абайда *кіммен* дегенге жауап береді. *Адаммен* содан бері *болды кекті* (II, 118). *Салысу* деген етістік бір сөйлемнің ішінде біресе көмектес, біресе барыс септігін меңгереді. *Жаманмен* салысып жақсы бола ма? *Жақсыға салысып* жақсы болады тағы (II, 178). Сондай-ақ: «Ұятың, арың, оянсын». Бұл *сөзімді ойлансын* (I, 90) деген жолдарды қазір бұл *сөзіме ойлансын* деп құрар едік.

Септіктердің ауысып қолданылуы Абайда кейде (әрине, өте сирек) өлең талабынан да туған тәрізді. Мысалы, бастанаяқ мағынасы жағынан да, грамматикалық оформлениесі жағынан да синтаксистік параллельдермен жазылған «Сегіз аяқ» сияқты шығармада *Жүректі тербеп* деудің орнына *Жүректен тербеп* болып берілуі алдыңғы *алыстан сермеп* деген жолға қатысты.

Дегенмен септіктердің меңгерілуіндегі мұндай тиянақсыздық Абайда болсын, өзгелерде болсын көзге түсерліктей,

²¹⁹ Мүрсейіт дәптерінде – *таңертеңнен*.

сөйлем мағынасын бұзарлықтай (қазіргі нормамен қарағанда) немесе өз алдына система етіп шығарарлықтай дәрежеде емес екенін білдіреміз. Грамматикалық тәсіл-тұлғалардың әдеби біртұтас нормаға тусу процесі ұзақ қолданылу дәстүрін қажет ететін құбылыс екендігін ескерсек, әлі күнге дейін қазақ тіліндегі бүкіл етістіктердің меңгеру жүйесі тұрақталып болмағанын және мойындаймыз.

Кітаби тілдік (шағатайша) морфологиялық тәсілдер

Абайдың, негізінен, прозасының тілінде оның өлеңдерінде қолданылмаған, тегі, сол кездегі қазақтың жалпыхалықтық тіліне тән емес, өзге түркі тілдеріне жататын бірнеше морфологиялық тұлға-тәсілдерді кездестіреміз. Олар: есімше тудыратын **-мыш** жұрнағы, кәмілдікті білдіретін **дүр** форманты, етістіктің III жақ көпше түріне **-лар** жалғауының қосылуы (*бардылар*) және III жақ бұйрық рай тұлғасының үшін шылауымен тіркесі (*барсын үшін*).

Оғыз тілдерінде өткен шақтың бір түрін жасайтын *verbum* ретіндегі **-мыш** аффиксті тұлға²²⁰ өткен ғасырдағы кейбір қазақша прозалық нұсқаларда (баспасөзде, Абайдың «Қара сөздерінде» және кітаби тілде жазылған үлгілерде) ара-тұра *infinitum* (есімше, етістіктен болған есім) ретінде жұмсалған. Онда да етістіктің тура түбір тұлғасына емес, тек **-ыл** жұрнақты ырықсыз етіс тұлғасына тіркелген түрінде ұшырасады (*айтылмыш, жазылмыш, көрсетілmiş* т.б.) да көбінесе айықтауыш болып келеді (оғыз тілдеріндегідей жіктелмейді). Бұл тұлға Абайда негізінен 38-сөзінде *айтылмыш, жазылмыш* түрлерінде бірнеше реттен ұшырайды: «Бұл *айтылмыш* үш хисләттің иелерінің алды – пайғамбарлар» (II, 202); «Бұл сөзіме ғақлия дәлелім – жоғарыдағы *жазылмыш* Алла тағаланың есімдері» (II, 199). Бұл тұлғаны қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінен де (тіпті олардың кара сөзбен берілген бөліктерінен де), Алтынсарин шығармаларынан да, орыс ғалымдары мен ағартушылары жинаған немесе өздері құрас-

²²⁰ Дмитриев Н. К. К вопросу о значении основной глагольной формы на «мыш». - ЭКВ - Т. 2. - Вып. 1. - 1926. - С. 91; Кононов А.Н. Турецкая глагольная форма на «мыш» // Ученые записки ЛГУ. - Серия филологическая. - 1939. - № 20. - С. 34.

тырған (Васильевтердің текстері) материалдардан да таба алмаймыз. Керісінше, «Дала уалаяты газеті» әсіресе өзінің «Ресми бөлімінде» кейбір ырықсыз етістерге **-мыш** жұрнағын жалғауға бейім тұрады: Жаңадан *шығарылмыш* газет шығып тұрады жұма сайын бір мәртебе... ұлықтар өздеріне *тапсырылмыш* уалаятының хал-ахуалын анық біліп... (1889. № 1). Сол *айтылмыш* жобалары төменде мағлұм етіледүр (1893. №15) т.б.

Өткен ғасырдағы қазақ баспасөзінің ресми бөлімінде және ішінара Абай прозасында қолданылған **-мыш** аффиксті тұлға кітаби тілден («шағатай» тілінен) ауысқан. Ал «шағатай» тілінде бұл форма көбінесе *verbum infinitum*(есімше) ретінде қолданылған²²¹.

Өзге де кітаби тіл элементтері сияқты, **-мыш** аффиксті тұлғаны да Абай өлеңдерінде және «Қара сөздерінің» көпшілігінде мүлде қолданбай, негізінен, бір-ақ шығармасында (38-сөзінде) стильдік мақсатпен пайдаланған.

Талдап өткен тұлғаға қарағанда, *дүр* формантының қазақ тіліндегі мән-жайы сәл өзгешелеу. Бұл тұлғаның көне замандарда қазақ тілінде де қолданылып, реликт ретінде кейбір ескі үлгілерде сақталып қалғанын зерттеушілер көрсеткен болатын. Біздіңше, бұл қалдық екі ситуацияда көрінеді: бірі – етістікке (оның **-а**, **-е**, **-й** жұрнақты көсемше тұлғасына) жалғанып, бастауыш пен баяндауышты қиыстыратын III жақ көрсеткіші ретінде. Мысалы: «Бұл Тарғын қамалға кірген соң, Ақшаханның әскерлері мұның Тарғын екенін білмесе де, *айтадүр* біздің ноғайымыздың бір батыры ғой деп» («Ер Тарғын», 1898). «Куәлікке *жүредүрміз*» (халық әдебиетінен).

Абайда *дүр* формантының етістікпен келгені Алла туралы өлеңдерінің бірінде, бір-ақ жерде:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр жүрек, *сезедүр*.

Мүтәкәллимін мәнтиқин

Бекер босқа *езедүр* (I, 214).

Екінші тобы – *дүр* формантының есімдермен келуі. Бұның халық тіліндегі қалдығы *куә дүрміз*, *куә дүрміз* дегендер мен

²²¹ Щербак А. М. К истории узбекского литературного языка древнего периода // Акад. Гордлевскому к его 75-летию. - М., 1953. - С.321.

Мен, мен дүрмін, мен дүрмін деген батырлар монологының айбынды жолдарындағы көрінісі. Есіммен келгенде *дүр* формантында шақтық көрсеткіш сипаты жоқ. Мұнда *дүр* өзі тіркескен сөзіне дәлдік, кәмілдік мағынасын береді де модальдық шылау ретінде жұмсалады. Бұл – қазақ тілінде сирек болса да қолданылып келген тәсіл²²². Мысалы, Бұқарда: «Айтар сөзім осы *дүр*» (47). Шортанбайда: «Бұл дүние арман емес *дүр*, Бір кезек дәурен сүргенге» (147). *Мағлұм дүр* Құдаға пенденің қылған күнәсі (142). Эпостарда: «Күдіретіне Алланың Бенденің жоқ *дүр* көнбесі» («Қыз Жібек», 1963. 85). Кім *бай дүр*, кім *жарлы дүр* Тәңірге аян («Айман-Шолпан», 1957. 11). Көбінесе бұл форманттың Құдай, Тәңір туралы жолдарда келетіндігі – сірә, Құдай тағала ісінің кәмілдігі жөніндегі халық сеніміне байланысты болу керек.

Бірақ қайткен күнде де бұл тәсіл Абай кезеңінен көп бұрын-ақ қазақтың жалпыхалықтық тілінде, оның ішінде әдеби тілінде өнімсіз амалға айналған немесе біздің бір жорамалымыз бойынша **-ды (-ты)** тұлғасына көшкен. Кәмілдікті, дәлдікті білдіретін модальдық сипат осы күнгі (және өткен нұсқалардағы) **-ды, -ты** формантында бар. Бұл формант көбінесе есімшенің өткен шақ тұлғасы мен (*болған-ды, барғанды*) керек, емес тәрізді бейтарап сөздерге тіркесіп келеді. Кейде есімдерге де тіркеседі. Революциядан бұрын жарияланған қазақ мақалдарының бір жинағында «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің *ісі-ді*, Жамандыққа жақсылық – ер кісінің *ісі-ді*» деген мәтел бар. Мұндағы **-ді**-лердің орнына *дүр* форманты сұранып тұрғандай. Сондай-ақ Абайдағы: «Сабырлық қылсақ *керек-ті*» деп аяқталатын жолдардағы **-ті** – көрсетілген қызметтегі модальдық формант. Ат бұл – қазірге дейін өнімді, тірі тәсіл.

Абайдағы *дүр* тұлғасы прозасында ылғи дерлік есімдермен келген: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақдық хәм *адамдық дүр*» (II, 195); «Бұлардың хәммасы Алла тағаланың затия сүбүтия уа фиғлия *сипаттары дүр*» (II, 197); «Бәлки ғадаләт барша езгуліктің *анасы дүр*» (II, 201); «Ол жанның жибили *қуаты дүр*» (II, 216) т.б.

²²² Біз кандидаттық диссертациямызда *дүр* формантының осы қызметінде жұмсалуды қазақ тіліне ертеде тән бола қойды ма екен деген күдік айтқан болатынбыз. Соңғы ізденулеріміз бұл күдігімізді жоққа шығаратын тәрізді.

Бұлардың көпшілігі – 38-сөзінің тексінде. Және *дұр* келген бұл сөйлемдердің көпшілігінің мазмұны дінге, Аллаға қатысты болып келеді. Мұның себебін біз тұспалдап екі нәрседен іздейміз. Жоғарыда айтқандай, адамдардың Құдай тағаланың құдіретті күшіне, күллі ісіне шек келтірмей кәміл сенушілік психологиясы халық тілінде соның грамматикалық көрінісі ретінде көне *дұр* формантымен білдіруді ғасырлар бойы дәстүрге айналдыруы мүмкін. Абай осы дәстүрді ұстанып, аузына Алланы алған жерде кәміл сендірушілік қызметін (значение категоричности) *дұр* модаль элементіне артуы мүмкін. Немесе екінші жорамалымыз – Абай *дұр*-ді кітаби тілге тән морфологиялық тұлға ретінде әдейі қолдануы да мүмкін. Өйткені 38-сөзінде және тақырыбы Алла болып келген 1-2 өлеңінде бұдан басқа да кітаби тілдік элементтер, халық тіліне енбеген араб-парсы сөздері стилистік мақсатпен әдейі қолданылғанын білеміз.

Қысқасы, *дұр* форманты Абай тұсында да өте мардымсыз қолданылған. Тіпті іс-әрекетке не ой-тұжырымға кәміл сенушілік, сөзсіз қуаттаушылық рсңкі қажет сөйлемдердің өзінде бұл тәсіл әрдайым пайдаланыла бермеген. Қазірде бұл – мүлде тіл тәжірибесінен шығып қалған тұлға-тәсіл.

Абайдың кейбір «Қара сөздерін» (мысалы, 38-сөзді) қазіргі оқушыға тілі жағынан жаттау етіп көрсететін тұлғалардың бірі – етістіктің III жағына жалғанған **-лар** аффиксі: «[Әулие-лер] бәлки хисапқа *алмадылар*» (II, 202). «Бұл жолдағылар... сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып *кетселер керек*» (II, 203).

Абайда бұл тәсіл – аса көп емес және барлығы да 38-сөзінде. Ал бірақ осы тәсіл XIX ғасырдағы Абайдан өзге жазба нұсқаларда (прозада) әлдеқайда көбірек орын алған. Мысалы, бұл амалды әсіресе ресми корреспонденцияларында «Дала уалаяты газеті» көбірек қолданған: «Солайша қылып, қырдың нені қылып, қалайша болса тәуір болатыны турасында білдіріп *тұрсалар*» (189.9, № 1); «...Есебі жатақтардың халін екі жақтан білмекке *жатырлар*» (1889, ? 51). Ресми емес материалдар тілінде де III жақтағы етістіктің көпше мағынасын **-лар**-ды жалғау арқылы білдіру тенденциясы бар. Мысалы, «Рас пен қисық» деген ертегі тексінен: «Күнлерде бір күн бұл

екеуі ауылдан алысырақ барып кеңес *құрыстылар*. Ақырында ойласып-ойласып өзге тарафқа барысып, бағын сынаспақдық *болыстылар*»²²³; «Һәр ауылдан ірімшік, құрт алып екеуі де ақырындап жолға *түстілер*» (1883, № 11).

Бұл тәсілді қазақ текстерін жариялаған орыс ғалымдары да ара-тұра хатқа түсіріп отырған: «Сондықтан қасындағы үш жолдасы ...[Тарғынды] алдарына өңгеріп, екі айда Ханзада ханға алып *келділер*» (Радлов. Образцы... III, 134); «Балалар айрылып екі бұрышқа *отырдылар*» (Алекторов. Киргизская хрестоматия, 34). Бұл – Я.Лютш текстерінде де бар. Тіпті ол ауыз әдебиеті нұсқаларының проза бөліктеріне де еніп кеткен: «Әлқисса, сонда Алпамыс батыр көп шаһарды, қалмақларны қырып, көңілдері тынып, қалмақдарның белі сынып, хүкіміне көніп *тұрдылар*» («Қисса Алпамыш», 1901).

Етістіктің III жағының көпше түрін морфологиялық көрсеткішпен беру – біз әңгіме етіп отырған кезеңде (және одан көп бұрын да) қазақтың жалпыхалықтық тіліне тән емес. Оған ауыз әдебиеті үлгілері мен жеке ақындар шығармаларының тілі куә. Дегенмен XIX ғасырдың II жартысында (тіпті XX ғасырдың басында) етістікке көпше **-лар** жалғануы едәуір етек алғанын байқаймыз. Оның себебін біз мына жайттардан іздейміз: біріншіден, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақтың жазба әдеби тілінде, әсіресе оның прозалық стильдерінде етістіктің III жақтағы көпше мағынасын белгілі бір морфологиялық формамен білдіру тенденциясы болған. Бірде бұған ортақ етіс тұлғасын ұсынса, бірде өзге түркі тілдеріндік тәсіл **-лар** аффиксін жалғауды қол көреді. Тіпті бұл тенденцияның күштілігі сондай, осы кезде шыққан грамматикаларда бұл норма ретінде ұсынылады. Мысалы, Ильминскийде бұйрық райдың жіктелу үлгісі: II жақта *жаз, жазыңыз, жазыңдар*, III жақта *жазсын, жазсыңдар*. Ашық райда етістіктің жіктелу үлгісі: *жазып отырмын, жазып отырсың, жазып отыр; жазып отырмыз, жазып отырсыз, жазып отырлар*²²⁴.

²²³ Бұл жерде көптік мағына екі көрсеткішпен қатар берілген: бірі – ортақ етіс жұрнағы, екіншісі – **-лар** жұрнағы.

²²⁴ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861. - С. 34.

М. Терентьевте:

Жазады – пишшет,

жазалар – пишут.

Отыр – сидит,

отырлар – сидят,

Жазды – написал,

жаздылар – написали,

Жазар – жазарлар,

жазса – жазсалар²²⁵.

1898 жылғы грамматикада да *алсындар, келсіндер*²²⁶ деген үлгілерді көреміз. Тек П.М.Мелиоранский ғана етістіктің жіктелу үлгілерін III жақта **-лар** жалғауынсыз береді²²⁷. Соңғы автордан өзгелерінің бұл мәселеде қателескені сөзсіз. Сірә, бұларға сол кезде грамматикалық құрылысы едәуір толық, жақсы баяндалып қалған өзге түркі тілдері (шағатай, түрік, татар т.б.) туралы жазылған материалдар әсер еткен болу керек. Онан соң Терентьев, Старчевский сияқты авторлар көп жайларда өздеріне дейінгі материалдарды ешбір түзеусіз қайталап пайдаланып отырған. Бұл фактінің де салқыны тигені байқалады. Сөйтіп, етістіктің III жағына **-лар** жалғануы – қазақ тілі үшін кірме құбылыс, ол, бір жағынан, кітаби тілдің әсерімен, екінші жағынан, грамматиканы суреттеген орыс ғалымдарының жаңылысуынан, үшінші жағынан, мүмкін, татар әдеби тілінің (әсіресе Орынбор, Қазандарда басылған кітаптарда) де ықпалынан пайда болған болу керек.

Сөйтіп, қазақтың жалпыхалықтық тіліне норма емес бұл грамматикалық тәсілді Абай 38-сөз тәрізді өзгеше стильде жазылған шығармасында болмаса, тұтас тілінде қолданбаған. Бұл Ыбырай текстерінде мүлде кездеспейді.

Абай прозасының текстерінде бұдан басқа өзге түркі тілдік тағы бір тәсіл кездеседі. Ол III жақтың бұйрық рай тұлғасының үшін шылауымен тіркесі: «...Ол көз нәзіктігінен керегіне қарай ашып, жауып *тұру үшін* қабақ беріпті» (II, 182); «...Бұларының бәрі жұрт *болсын, өссін, өнсін үшін*» (II, 182)... Бұл тәсіл бір ғана шығармасында, 27-сөзінде келеді.

III жақтың бұйрық рай тұлғасының үшін шылауымен тіркесі – қазіргі өзбек тілінде мақсат мағынасын білдіретін

²²⁵ Терентьев М. Грамматика турецкая... - СПб., 1875. - Кн. I. - С. 146-147.

²²⁶ Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. - Оренбург, 1898. - С.124.

²²⁷ Мелиоранский П. М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. - СПб., 1894. - Ч. I. - С. 51-52.

өнімді тәсіл²²⁸. Бұл тәсіл ішінара түрік тілінде де²²⁹, қарақалпақ тілінде де бар²³⁰. Қазақ тілі үшін мүлде жат бұл тіркес Абай тіліне шағатай әдебиетінің әсерінен енген болу керек. Сірә, 27-сөз шағатай әдебиетінен аударма болуы да мүмкін, туыстас тілдегі тексті аудару немесе қазақша баяндау үстінде оригиналдағы ұқсас тәсілдер еріксіз тілге оралып, қолданылып кетуі де ықтимал. Сөйтіп, Абай тіліне, қазақтың жаңа жазба әдеби тіліне ортаазиялық түркі әдеби тілінің (шағатай тілінің) грамматика саласындағы ықпал-әсеріне келсек, талдауларымызды былайша қорытындылауға болады:

Абай тілінде шағатай тілдік морфологиялық кейбір көрсеткіштердің бары хақ, бірақ олардың қолданылуында белгілі бір принципті мотив бар. Бұл жерде біз Абайдың 13-19 жастарында шағатайшылап жазған үш өлеңінде («Иузи – рәушан, көзі – гәуһар», «Фзули, Шәмси, Сәйхали», «Әлиф дек ай йүзіне ғибрат еттім») кездесетін шағатайша тұлғаларды талдамадық, өйткені бұлар – балаң ақынның нағыз шағатайша жазған (немесе жазбақ болған) шығармалары, демек, тіл жағынан бұл үш өлең Абайдың өзге шығармаларынан, тіпті 13, 38-сөз тәрізді прозалық дүниелерінен де окшау тұрады. Олардағы шағатайша жеке сөздер мен грамматикалық тұлға-тәсілдер қазақша жазған Абай тілінің сипаттамасына кіре алмайды. Сондықтан бұлардағы қазақша **-дай** орнына **-дек** жұрнағы жұмсалуын (*әліфдек ай йүзі – әліптей ай жүзі; лагилдек бет – лағылдай бет*), барыс септіктің **-ға** жалғауының орнына **-а** көрсеткішінің келуін (*ғузәлләра раһбар – ғузәлләрге раһбар – сұлуларға жолбасшы*), оғузша септелген есімдіктерді (*сәңә – саған*) т.б. Абайдың қазақша тіліндегі шағатай элементтері дегеннен гөрі, Абайдың шағатайша тіліндегі шағатай элементтері деп тану керек. Ал қазақша тіліндегі шағатай элементтерін Абайдың қалған тұтас творчествосынан, оның ішінде тіпті едәуір кітабиланған 13, 38-қара сөздерінен де іздестіруге тиіспіз. Олар морфология саласында: есімшенің

²²⁸ Кононов А.Н. Послелого в современном узбекском языке. - Ташкент, 1951. - С. 15; Хозирги заман узбек тили. - Тошкент, 1957. - 420, 496-6.

²²⁹ Кононов А. И. Грамматика современного турецкого литературного языка. - М., 1956. - С.317.

²³⁰ Баскаков Н. А. Қарақалпақский язык. - М., 1952. - С. 450.

-мыш жұрнақты түрі, *дүр* форманты, III жақтағы етістіктің көпше түріне -лар көрсеткішінің жалғануы, парсы изафеті және III жақтағы бұйрық рай тұлғасының үшін шылауымен тіркесі. Бұлар негізінен белгілі бір шығармаларында ғана шоғырланған. Өлеңдерінің тілінде мүлде қолданылмаған. Бұл кітаби тұлғалар прозалық шығармаларының басым көпшілігінде жоққа тән, негізінен, атақты 38-сөзінде қолданылған. Оның себебі, жоғарыда айттық, бұл шығарманың әдейі «кітабишыланып» жазылуында. Бірақ ішінде тек морфологиялық емес, лексикалық та шағатай элементтері толы бұл шығарманы жоғарғы үш өлең тобына, яғни Абайдың «шағатайша» мұрасына қосуға және болмайды, өйткені «кітабишылап» жазу таза шағатай тілінде жазу емес, 38-сөздің де негізі, сүйегі – қазақша. Сондықтан бұл да Абайдың «қазақы» тіліндік мұрасына жатады. Бірақ дін, мораль, этика, білім-ғылым, қысқасы, адам баласының рухани дүниесі туралы: шығыс философиясымен, теологиясымен хабардар оқырмандарға бағыштаған бұл шығармасында жазушы шағатай элементтерін әдейі пайдаланған. Демек, бұлар стильдік мотивпен қолданылған.

Абай прозасының синтаксистік құрылысы

Творчествосында поэзиялық та, прозалық та дүниелер бар қаламгер тілінің синтаксисін сөз еткенде, тұтас алып әңгімелеуге болмайтыны мәлім. Өйткені поэзия синтаксисі – проза синтаксисінен (әдеттегі синтаксистен) ерекшеленіп келетін өз алдына дүние. Өлеңдегі синтаксис ырғаққа байланысты құрылады²³¹. Өлеңмен берілген ойда өлеңнің тармақтарға бөлінуіне, ұйқасқа, әсіресе шумақтарға бөліну-бөлінбеуіне қарай, ондағы сөйлемдер іштей жымдаса байланысып, синтаксистік күрделі тұтастықтар құрайды да²³² ол тұтастықтар прозамен берілген аналогиялас категориялардан бөлекше болып келеді. Қара сөз синтаксисіне қарағанда, өлеңді сөзде сөйлемдердің бір-бірімен байланысу амалдары көзге түседі, яғни мұнда синтаксистік параллелизмдер мен синтаксистік

²³¹ Томашевский В. В. Стих и язык. - М., 1953.

²³² Поспелов Н. С. Синтаксический строй стихотворных произведений Пушкина. - М., 1960. - С. 5.

қайталаулар – жарыспалы сөйлем дегендер болады. Сондай-ақ өлеңді сөйлемдердегі сөздердің (сөйлем мүшелерінің) орналасу тәртібінде инверсия, өлеңдегі тасымал тәрізді поэзия синтаксисіне тән ерекшеліктер және болады. Ал бұл ерекшеліктер әрбір ақынның талғамына қарай, шығармасының жанрына қарай сол суреткердің стильдік индивидуалдық белгілерін (сипатын) де құрайды. Сондықтан поэзия синтаксисі туралы талдау – бір жағынан, стилистік тақырыптарды қозғайтын зерттеу де болмаққа тиіс. Яғни, В.Б.Жирмунскийдің терминімен айтсақ, «поэтикалық лингвистикаға» кетіп қалуға да тиіспіз, өйткені «стилистика (один из трех приемов словесного искусства – «теоретической поэтики») есть учение о поэтическом языке, своего рода «поэтическая лингвистика»²³³. Осы жайттардың күллісін ескеріп, біз Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысын өз алдына бөлек ұсынуды жөн көрдік. Сондықтан қазір Абайдың тек прозасының кейбір синтаксистік белгілерін талдап көрсетпекпіз.

Әдетте соңғы кезеңдердегі қаламгерлер шығармаларының грамматикасын зерттеуде, оны классикалық грамматика схемасына салып бұтарлаудың, яғни барша категорияларды түгендеп шығудың қажетсіз, мақсатсыз екендігін қоштаймыз. Мысалы, Абай тіліндегі зат есімдер, олардың септелуі, тәуелденуі...т.т. немесе Абайдағы бастауыш, баяндауыш мынадай деп түгел регистрацияға алу – қаншалықты қажет болмақ. Ал егер осы категориялардың ішінде жеке сол жазушының не индивидуалдық талғамын танытатын немесе сол кездегі әдеби тіл нормасын көрсететін (қазіргіден өзгеше түсетін) т.б. сол тәрізді белгілерді көрсететіндері болса, онда, сөз жоқ, оларды талдауға да, тіркеуге де болады. Сондықтан біз Абай тәрізді күні кешегі қаламгер тілінің грамматикалық құрылысын сөз еткенде, «ерекшелік принципін» ұстанамыз. Рас кейбір рецензенттер²³⁴ дұрыс атап көрсеткендей, бұл «ерекшеліктерді» тауып талдау, бір жағынан (және ең алдымен), жазушының индивидуалдық талғамын, яғни стилін талдап таныту болып шығады. Мұндай лингвистикалық талдауымыз жалпы

²³³ *Жирмунский В. Б.* Композиция лирических стихотворений. - С.4.

²³⁴ *Гельгардт Р. Р.* Некоторые вопросы теории и практики изучения языка и стиля писателей //Вопросы языкознания. - 1958. - № 3.

филологиялық, эстетикалық зерттеулермен ұштасып кететін жайлары болады. Ал бұл – өте қиын да, соны да нәрсе (соны дейтініміз – бізде, қазақ филологиясында, белгілі бір қаламгер тілін түгел, жан-жақты талдаған әлі бірде-бір жұмыс жоқ). Соған қарамастан, біз қайталап айтсақ, «ерекшелік» теориясын қол көреміз де, Абай прозасының кейбір синтаксистік ерекшеліктерін сөз етеміз. Ол ерекшеліктерді «ерекшелік» деп тануда екі критерийді алдық: бірі – Абайдың өз қаламына тәндіктен туған өзгеше синтаксистік құрылыстар. Бұлар – стильдік ерекшеліктерге жатады да, өз тұсындағы өзге проза үлгілерінен де, қазіргі үлгілерден де айрықша келеді. Екінші – Абайдың тек өзіне емес, тұсына (дәуіріне) тән кейбір синтаксистік нормалар. Бұлар – жалпы тіл дамуына байланысты ерекшеліктерге жатады да қазіргі нормалардан айрықшалаанады.

Көпке дейін Абайдың «Қара сөздер» деп аталатын прозалық мұрасын әдеби дүние қатарына қосуға күдіктене қарап келген жайларымыздың болғаны мәлім. Ол мүлдем себепсіз де емес еді. Бір-ақ себеп – Абай шығармаларының табиғатынан туған объективтік белгілер емес, әдеби тіл, әдеби норма туралы біздің жетіспей, ұғынбай жатқан пікірімізден туған субъективтік фактілер болды. Яғни біз көп ретте әдеби дүние деп тілі жағынан тек осы күнгі нормамызға сай келетіндерді ғана тануға бейім тұрдық та сөйлемдері «төңкеріліп» жүрген немесе тым шұбалаңқы немесе тым қарапайым т.б. тілде жазылған бұйымдарды (әңгіме проза туралы) «черновик» болар, «қойын дәптеріне тән жазбалар» болар деген ойға келіп қалып жүрдік. Абай «Қара сөздері» де осындай «репутациясы» күдікті бұйым болып келді. Өйткені мұнда да бастауыш – баяндауышы, басыңқы – бағыныңқысы орындарын алмастырып келген сөйлемдер де, 14-16 жай сөйлемнен құралған, түсінуге ауыр соғатын, жарты беттік конструкциялар да, ауызекі сөйлеу тіліне тән толымсыз сөйлемдер мен өзге нормалар да көзге түсерліктей айрықша белгілер болып келеді. Жалғыз бұлар, яғни синтаксистік ерекшеліктер емес, Абай «Қара сөздерінің» кейбіреулерінің лексикасында да араб-парсы сөздерінің молынан шоғырланып келуі немесе жоғарыда көрсетілгендей,

морфологиялық тұлға-тәсілдердің қазіргіден өзгеше не актив, не пассив, не басқа қызметте жұмсалуды, сондай-ақ өз тұсындағы кітаби тілдік элементтердің кездесуі – осылардың барлығы да бұл мұраға үрке қарауға, әдеби емес, қазақша емес деп күдік айтуға себепкер болды.

Жалпы Абай «Қара сөздерінің» әдеби құндылығы жөнінде күні бүгінге дейін әрқилы пікірлер айтылып келеді. Тіпті бір кездерде Абайдың «Қара сөздері» – ақын лабораториясында жатқан шикі заттар, оларды Абай жариялау үшін емес, тек өзі үшін жазған, сондықтан ешқандай әдеби өңдеуге ұшырамаған деген пікір батылырақ айтылып жүрді. Бірақ ұлы суреткер қалдырған бүкіл әдеби қазынаны түгел зерттеу үстінде соңғы кездерде «Қара сөздерге де» көп көңіл бөлініп, ақын мұрасының осы саласы туралы жоғарыдағыдай тұжырымдар бәсеңдей түскен тәрізді. Керісінше, абайтану саласындағы орны ерекше болған зерттеуші М.Әуезов те, Абай творчествосына көп үңілген Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, Х.Сүйіншәлиев сияқты ғалымдар да «Қара сөздерді» құндылығы зор, бас-аяғы бүтін әдеби үлгілер деп табады. Сірә, жазушы қалдырған мұраларды «әдеби» (яғни жариялауға дайындаған) және «әдеби емес» (яғни шикі, өзі үшін ғана жаза салған пікірлер, жоспарлар, черновиктер) деп ажыратқанда, бірнеше жағдайды еске алуымыз керек. Ең әуелі, сол черновиктің өңделіп, қырланып, қайта жазылған таза варианты бар ма (мысалы, А.С.Пушкиннің черновиктері мен жарық көрген шығармалары сияқты)? Екіншіден, таза варианты жоқ черновиктің көркемдік, яғни әдеби қырлану дәрежесі қандай? Үшіншіден, Абайдың «Қара сөздері» сияқты кейбіреулері бірнеше бетке созылатын «черновиктерді» жазуда белгілі бір мақсат болды ма екен? Осылардың әрқайсысына жауап ізделік.

Алдымен, бұл «черновиктер» (солай дей қалсақ) – жазушының архивінде сақталған автографтары емес, басқа адамдар неше дүркін көшіріп қалдырған әлденеше экземплярлар. Олардың бір-бірінен пәлендей ажыратылатындай, көркемдік жағынан айырмашылығы зор, яғни автордың ақырғы редакциясынан шыққан варианттары жоқ. Рас, М.С.Сильченко дұрыс көрсеткендей, «Қара сөздердің» бірқатары Абайдың

кейбір өлеңдерінің жоспары («Тут и эмбриональная стадия будущих образов стихотворений»²³⁵) тәрізді болып, мазмұндас түсіп жатады. Бірақ бұған қарап, бірі өлеңмен, бірі қара сөзбен берілген бір мазмұнның қайткен күнде де бірі – әдеби, екіншісі – черновигі деу тағы да дәлелсіз. Абай сияқты гуманист ойшыл суреткер өз заманы, өз замандастарының мінез-қылықтары, ондағы қайшылықтар туралы күңірене толғаған ойларын көркем сөздің бір ғана тәсілі – өлеңмен ғана білдіріп қоймай, оған қоса прозамен де қайталай түсуі немесе, керісінше, қара «сөзбен айтқан ойын екінші қайыра, жанына жақын поэзия тіліне аударуы әбден заңды нәрсе. Тегі, Абай бір тақырыпты бірнеше рет қайталап толғауды жиі қолданғанын өлеңдерінің мазмұнынан байқаймыз. Бұл бір. Екінші жағдайға келсек, мыналарға көңілболу керек. Бірқатар морфологиялық тұлғаларын талдаған бірер диссертациялық жұмыс²³⁶ пен нақты лингвистикалық немесе стилистикалық талдаусыз айтылған бірен-саран пікірлер²³⁷ болмаса, Абай «Қара сөздері» күні бүгінге дейін жан-жақты әдеби-лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге ұшыраған емес. Әсіресе әдеби мұраны бағалауда бірден-бір құрал болып табылатын оның көркемдік-стилистикалық белгілерін талдау жұмысына қалам тимей келеді. Егер «Қара сөздер» әдеби өңдеуге ұшырамаған шикі материал болса, оның шикілігі қай жерлерінде, ал әдеби үлгі қатарынан орын алар болса, бұл орынға жеткізер қандай сипаттары бар деген мәселені шешіп алмай жатып, бұл – «қойын дәптерінің ғана қазынасы» деп тұжырымдау қисынсыз тәрізді.

Абай «Қара сөздерінің» алды-артында қазақ тілінде прозалық қандай үлгілер болды, олардың синтаксистік құрылысы мен Абай прозасының синтаксистік құрылысының арақатынасы қандай, Абайдың прозалық мұраларының сөйлем құрылыстарының қазіргі синтаксистік нормаларымызға алыс-жақындығы қандай? Міне, осы жайлардың бірде-біреуін шешіп алмай жатып «Қара сөздердің» әдеби құндылығына баға беру және де қиын.

²³⁵ Сильченко М. С. Творческая биография Абая. - 1957. - С. 271.

²³⁶ Осы кітап авторының «Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер» атты кандидаттық диссертациясын қараңыз.

²³⁷ Сүйіниәлиев Х. Абайдың «Қара сөздері». - Алматы, 1956 және осы автордың «Заметки о прозе Абая» // Советский Казахстан. - 1954. - №6 деген мақаласы.

Үшінші жағдайға келсек, яғни Абай «Қара сөздерін» жазғанда, белгілі бір мақсат көздеп пе екен десек, осы шығармалардың жоғарыда талдап өткен лексикалық, морфологиялық сипатына қарап және тақырыбы мен мазмұнына қарап, бұл сұраққа қоштап жауап беретін пікірге келдік. Біріншіден, Абай «Қара сөздерінің» басым көпшілігі қарапайым қазақ оқушыларына, оның ішінде тіпті «сөзді ұғарлық» шәкірттерге әдейі жазғанын білдіретін материал екенін жоғарыда айттық. Ал бірқатары оқушылардың белгілі бір топтарына ғана бағышталады. Мысалы, 12-нші және 13-інші сөздер иманды уағыздайтын, бірақ оны теріс түсінетін молдаларға, діни адамдарға арналған; 43-сөз деп берілген философиялық этюдті автор қалың оқушыға емес, «жибили, кәсиби нәрселердің» сырын білмек болғандарға, яғни философиядан хабары барларға бағыштайтын тәрізді. Ал 38-сөзіне келсек, бұл шығарманың басқа «Сөздерден» мазмұны да, тілі де, адресаты да оқшау екенін Абайды зерттеушілердің көбі мойындайды. Бұл «сөзінде» Абай «адам ұғлының мінездері туралы» айтады. Жазушы мұнда адам баласының ғылым-білімге талаптануы сияқты мінездері жайында «хақим атына дұспан» надан молдалармен, «сөйлегені жалған, дәлелдері тасбиғы менен шалмалары» болып отырған «хүкім шарифатты таза білмейтін ишандармен» де айтысып кетеді.

Абай 12, 13, 32, 38, 43-сөздерін әлеуметтік белгілі бір топтарға арнап жазған деген пікірімізді ол шығармалардың тек мазмұны ғана емес, тілі де дәлелдейді. Бұл «сөздерде» ислам діні оқуына, философияға қатысты араб, парсы сөздерін жиі пайдаланған. Бұл шығармаларда автор қазақша текст ішіне арабша тұтас сөз тіркестері мен сөйлемдерді де қыстыра жазады. *Ләкин, уә ләкин, бірлән, уа, һәм* деген кітаби тілдік шылаулар да осы «сөздерде» жиі қолданылған. 38-сөзден қазақ тілінің сол тұстағы нормаларына жат *дүр* форманттары мен *алмадылар* деген тұлғаларды да кездестіреміз. Қысқасы, осының бәрі Абай прозалық мұрасын өзі үшін емес, басқалар үшін, оның өзінде де оқушылардың белгілі бір топтары үшін белгілі бір мақсат көздеп жазғанын дәлелдейді.

Міне, осы үш жағдай бізге Абайдың «Қара сөздерін» әдеби мұра деп тануға мүмкіндік берді де оны әрі қарай тілі жағынан

зерттей түсуге, оның синтаксистік құрылысын талдауға мәжбүр етті.

Прозалық шығарманың синтаксистік құрылысын әдеби тілдің даму тарихына байланыстыра зерттеу үшін ол шығарманың әдебиеттің қай жанрына жататынын айқындап алудың мәні зор. Өйткені әр жанрдың өзіне тән ұлылы-кішілі грамматикалық нормалары болады. Оның үстіне әрі жанр әдеби тілдің даму дәуірлерінің әрқайсысында әртүрлі дәрежеде болуы мүмкін. Абайдың «Қара сөздерінің» қай жанрға жататыны жайында қилы- қилы пікірлер айтылды. Солардың бірқатары Абай қара сөздерінде бір жанрдың емес, бірнеше жанрдың элементтері бар деген пікірге аялдайды²³⁸. Қара сөздердің мазмұнын, көркемдеу элементтерін және өзіміз сөз еткелі отырған синтаксистік сипаттарын жан-жақты зерттей келіп, біз ұлы жазушының прозалық шығармаларын әдебиеттің екі негізгі жанрының тарапынан қарастырдық. Олар – саяси-әлеуметтік, ғылыми- публицистикалық әдебиет жанрлары. Бірақ бұл жерде мынадай жайға қатты көңіл аудару қажет сияқты. Абайдың өзі осындай жанрда жазамын деп белгілі бір стильдік тәсілдерді дәстүр бойынша қолданбағаны даусыз. Егерде Абай прозасында белгілі бір стильге тән, өзгеден айрықша белгілерін таба қалар болсақ, олар ұлы жазушының интуитивті түрде жасаған шеберлігі болмақшы. Әйтпесе Абайдың алдында да, тіпті одан көп кейінге дейін де, оның тұсында да, қазақ әдеби тілінің проза саласында жеке-жеке жанрларға сараланған стильдік нормалары жоқ болатын. Сондықтан біз Абай прозасындағы мынадай стильге тән белгілер деп ажыратып талдамай, осы көрсетілген стильдердің барлығына да тән кейбір ерекшеліктерді тұтас алып қарастырамыз.

Сөйтіп, Абайдың прозалық мұраларының синтаксистік құрылысын талдағанда, олардағы кейбір сөйлем түрлеріндегі, сөйлем мүшелерінің орын тәртібіндегі, төл сөз конструкциясындағы ерекшеліктерді сөз етеміз. Абай «Қара сөзде-

²³⁸ *Кенесбаев С.* Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - №9. - С.128; *Кенжебаев Б.* Қазақ реалистік әдебиетінің негізін салушы // Абайдың өмірі мен творчествосы. - Алматы, 1954; *Сильченко М. С.* Творческая биография Абая. - Алма-Ата, 1957. - С. 273.

ріндегі» құрмалас сөйлемдердің берілуі және Абай текстеріндегі шылаулардың қолданынуы мен тұрақталуы деген мәселелерді бұрынырақ талдап жариялағандығымыздан оларды бұл кітапта қайталамадық.

Жоғарыда айттық, біз бұл жерде Абай прозасындағы сөйлем түрлері, олардың жасалу жолдары дегенді талдамаймыз. Себебі Абайдағы құрмалас сөйлемдердің берілуі дегенді бұдан бұрын әңгімелеп, жариялаған болатынбыз²³⁹. Онда құрмалас сөйлемнің түрлерін, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болып келетін есімше, көсемше, шартты рай тұлғаларының қызметін, шылаулар мен есімдердің қатысуын жан-жақты сөз еткенбіз. Сонымен қатар Т.Қордабаевтың XIX ғасырдағы қазақ тіліндегі жазу нұсқаларының синтаксисін классикалық грамматика схемасымен талдаған еңбегінде де Абай шығармаларындағы синтаксистік категориялардың берілуі, түрлері баяндалған²⁴⁰. Сондықтан қазір ерекше түсетін конструкцияларға ғана тоқталамыз.

Абай прозасында ұзын-ұзақ күрделі сөйлемдер көзге түседі. Олар құрамы мен құрылысы жағынан біркелкі емес. Ең алдымен бірнеше жай сөйлемнен құралған құрмалас сөйлемдер кездеседі. Бұлар бірыңғай бағыныңқылы да, әрыңғай көп бағыныңқылы да, аралас құрмалас та болып келеді. Мысалы, мына конструкция – 17 жай сөйлемнен тұратын әрыңғай көп бағыныңқылы құрмалас: (1) Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, (2) бір болымсыз нәрсені берген болып, (3) артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, (4) тамырым, досым десе, (5) мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, (6) және жасынан іс істеп үйден шықпағандық қылып, (7) жоқ-барға тырысып, (8) алдағанды білмей, (9) дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, (10) тіпті жетпесе, (11) өзінен қосып, (12) қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, (13) күні өтіп, (14) еңбек қылар уақытынан айрылып, (15) «жоғары шық»-қа қарық болып, (16) тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, (17) енді олар қысқан күні біреудің

²³⁹ Сыздықова Р. Абай прозалық шығармаларындағы күрделі ойдың берілуі // Қазақ тілі тарихынан зерттеулер. - Алматы, 1965.

²⁴⁰ Қордабаев Т.Г. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. - Алматы, 1966.

малын бұлдап қарызға алады (II, 189). Мына сөйлемде де бірнеше жай сөйлем шоғырланған: (1) Ол болыс болғандар өзі кулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, (2) момынды қадірлемейді, (3) өзіндей арам, қуларды қадірлейді, (4) өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, (5) егер қас болса, (6) бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп (II, 160).

Абайдағы аса күрделі ұзақ сөйлемдердің едәуір тобы бірыңғай бағыныңқылы болып келеді. Және ол ыңғайлас бағыныңқылар оформлениесі (баяндауышының тұлғасы және басқалары) жағынан бірдей түсіп, синтаксистік параллелизм іспеттес болып келеді. Мысалы: (1) Біздің қазақтың *қосқан* аты алдында *келсе*, (2) *түсірген* балуаны *жықса*, (3) *салған* құсы *алса*, (4) *қосқан* иті өзгеден озып барып *ұстаса*, (5) есі шығып бір қуанады (II, 180). Мұнда жалғыз шартты рай тұлғасында келген баяндауыштар емес, бастауыш пен оның есімше тұлғалы анықтауыштары да (*қосқан*, *түсірген*, *салған*) – бірдей оформлениеде. Ал мына сөйлемде *біреу* сөзі және есім компоненті *болса* сөзі сөйлем сайын келіп, бірдей мөлшерлі параллельдер жасаған: (1) Біреу бай болса, (2) біреу кедей болса, (3) біреу ауру [болса], (4) біреу сау болса, (5) біреу есті болса, (6) біреу есер болса... (II, 184). Бұл тәсіл – Абайдың индивидуалдық белгілерінің бірі. Мұнда Абайдың өлендеріне тән параллелизмдер конструкциясының әсері байқалады.

Ұзын-ұзақ сөйлемдердің екінші тобы – бірыңғай мүшелердің есесінен жасалған. Өлендері тәрізді, прозасында да бірыңғай мүшелерді жиі қолдану – Абай стиліне тән тәсілдердің бірі. Және бірыңғай мүшелер сан жағынан екі-үш емес (олар да бар), одан да көп болып, шоғырланып келуі жиі. Бұлар жалаң да, шылаулы да, жайылма да болып беріледі. Мысалы, «Оның діні, Құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны – бәрі мал» (II, 166) деген сөйлемде 8 бірыңғай жалаң бастауыш болса, мына сөйлемде 11 анықтауыш бар: «*Ішек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық* – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар» (II, 218). «*Әр-берден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық*» (II, 159). Мұнда баяндауыштар бірыңғай.

Бірыңғай мүшелердің қайталап шылаумен келуі Абайда жүйелі нормаға айналған деуге болады. Қазақ прозасының ішінде тұңғыш рет шылауларды әрбір бірыңғай мүшемен немесе бірыңғай жай сөйлеммен қолдану жиілігі (активтенуі) жағынан да, белгілі бір тәртібі (мысалы, тұлғасы немесе орналасуы жағына біркелкілігі) жағынан да Абай «Қара сөздері» көзге түседі де, Абай осы салада нормализатор болып шығады: «Біреуі сондай ұят, шариғатқа теріс, я ақылға, я абұйырлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, катеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады» (II, 192); «Кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, не арлылығы жоқ» (II, 215).

Әрбір бірыңғай компонент пен қайталама элементтерді қолдануда Абай жалғыз шылауларды ғана емес, өзге де жай сөздерді, кейде модаль сөздерді жиі пайдаланады. Мысалы: «Өздерінің ырбаңы *бар ма*, пыш-пышы *бар ма*, гуілдегі *бар ма*, дүрілдегі *бар ма* – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды» (II, 211) деген сөйлемде *бар ма* сөздеріне аталған қызметті артады. Мына мысалдар да осы тәріздес: «... Бай *десін*, батыр *десін*, қу *десін*, пысық *десін*, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесін»-ді ұмытып кетеді» (II, 176); «Қазақ ойлайды: бірлік ат *ортақ*, ас *ортақ*, киім *ортақ*, дәулет *ортақ* болса екен дейді» (II, 163). Бұл қайталама элементтер экспрессивтік реңк үшін қолданылған: қайталап келген сөздер өзі тіркескен әр бірыңғай мүшені саралап көрсетеді де оған назар аудартады. Бұл мақсатпен бір тұлғаны немесе сезді қайталап беру Абайда тек бірыңғай мүшелердің арасында емес, тіпті жеке сөйлемдерде де, яғни тұтас периодқа немесе тіпті тұтас бір баяндауға қолданылады. Мысалы, 22-сөзінде *қадірлейін десең, құрметтейін десең* деген екі тіркес 6 абзацта қайталап келеді: *Байды қадірлейін десең... Мырзаларды қадірлейін десең... Болыс пен биді құрметтейін десең...* (II, 176 177). Екінші мысал. Абайдың 40-сөз деп аталатын шығармасының 17 абзацы *қалай* есімдігінің қайталап айтылуымен кұралған да 3 абзацы (әр абзац бірнеше сөйлемнен тұрады) *несі* деген сұрау есімдігінің қайталауымен жасалған:

«Осы, біздің қазақтың өлген кісісінде жаманы жоқ, тірі кісісінің жамандаудан аманы жоқ болатұғыны қалай?»

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?... Бұларда жалғыз сұрау есімдіктері емес, **-тұғын-**мен жасалған етістік тұлғасының да әр сөйлемде қайталап қатысып отырғандығы жоғарғы айтылған бірыңғайлықты туғызады. Мына сөйлемдерде де Абайда *үнемі* деген үстеу мен сұраулық шылаулы етістіктердің әрқайсысында қайталап келуі арқылы параллельдік жасалған: «*Үнемі қайғыға жан шыдай ма екен? Үнемі күлмей жүре аламыз ба? Үнемікүлмей жүруге жан шыдай ма екен?*» (II, 162).

Мұндай бірыңғай параллельдерді жиі қолдану дәстүрі Абайды көп реттерде сөйлемін ұзартып, тіпті кейде түсінігін ауырлатып жіберуге әкеп соққан. Өйткені ол бірыңғай мүшелер әрдайым жалаң немесе бірер ғана қатысты сөзі бар болып келе бермейді, көбінесе олардың әрқайсысы аса жайылма, көп сөзді болып келеді және бірыңғай мүшелердің егер біреуі жайылма болып келсе, Абайдың жоғарғы параллелизм тенденциясы бойынша өзгелері де жайылма болып келуі шарт. Мысалы: «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебіне» (II 159) дегендегі 5 анықтауыштың бесеуі де – жайылма көп сөзді. Мына сөйлемде де амал пысықтауыштардың әрқайсысы ең кемінде 4-5 сөзден құралған жайылма болғандықтан, сөйлемнің өзі ұзын-ұзақ болып шыққан: *Жансыздарды еті ауырмайтұғын қылып, жан иесі хайуандарды ақылды адам баласы асырайтұғынқылып, ғам олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың ғаммасынан пайда аларлықақыл иесі қылып жаратқан* (II, 199).

Күрделі ұзақ сөйлемдердің жасалу моделіндегі кейбір тәсілдер (мысалы, бірыңғай элементтерді актив қолдану) Абай тіліне тән болғанмен, жалпы күрделі ұзын сөйлемдердің бар болу принципі – Абай жаңалығы емес. Мұның арғы түбі халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі сыйыстырмалы сөйлемдерден басталатын сияқты. Бір субъектіге қазықталған іс-әрекетті білдіретін бірнеше конструкцияны **-ып/-іп** жұрнақты көсемше тұл-

ғасы арқылы бір сөйлемге сыйыстыру әдісі тілде қолданылғандығын хатқа түсірілген прозалық фольклор үлгілері көрсетеді. Мысалы: «Бір сарт базарға *келіп*, көзілдірік сатып аламын *деп*, бір дүкенге *еніп*, Қолына көзілдірік *алып*, көзіне *салып*, кітапқа қарайды» (М.Терентьев. Хрестоматия турецкая... 1876); «Қатын өлтіруге қызын кимайды, [оны] бір алтынды әбдіреге *салып*, ішіне азық *салып*, азын *жауып*, кілтін сыртына *байлап*, ағып жатқан дарияға салып қоя береді» (Радлов. Образцы,.. III, 64).

Бірақ ауыз әдебиетінің проза үлгілерінде бірыңғай бағын-ыңқылы немесе күрделі аралас құрмаластар, сондай-ақ Абайдағы тәрізді жайылма бірыңғай мүшелі ұзын сөйлемдер жоққа тән. Бұлар – жазба әдебиеттің жемісі. Қазақ жазба әдеби тілінің проза стилінің қалыптаса бастаған кезеңінде – XIX ғасырдың II жартысында – күрделі ойды шұбалаңқы сөйлеммен беру – сол кезеңге тән белгілердің бірі. Тіпті, бұны жазба әдеби тіліміздің даму этаптарындағы нормалардың бірі деп қарауға болады. Ұзын-ұзақ құрылған көлемді сөйлемдерді әсіресе тұңғыш баспасөз тілінен жиі кездестіреміз; Ыбырайдың «Шариғат-ул-исламының» тілінен де мол табамыз (ал әңгімелерінде сөйлемдері көбінесе ықшам, кейде тіпті жай сөйлемдер болып келеді – ол бұл әңгімелердің оқу-педагогикалық мақсатпен жазылғандығына байланысты деп түйеміз). Сондай-ақ азаматтық тақырыпқа жазылған әр алуан кітапша-инструкциялар тексінен де көлемі үлкен, тіпті түсінігі ауыр шұбалаңқы сөйлемдерді оқимыз. Осыларға қарағанда, жазба әдеби тілдің жалпы прозасында емес, оның қоғамдық-публицистикалық және ішінара ғылыми стильдерінде күрделі ойды жоғарыда көрсетілгендей ұзақ конструкциямен беру тәсілі пайда болған деп ойлаймыз. Бірақ бұл күрделіліктің өзі біркелкі емес. Мысалы, газет тілінде кездесетін ұзақ сөйлемдер құрылысы жағынан тым бейберекет, логикалық ой желісі түзу емес. Мысалы: (1) Бірақ жалғыз жау қашырмайды деген мақал бар, (2) сол себепті газет шығаратындар әркімге білдіреді, (3) кімде-кім қазақ халқының үйдегі хәм халық арасындағы мінез рәсімдерін біліп түзеуге ойласа, (4) соны баспаханаға білдіріп, болыстық қылуға хат менен жіберіп («Дала уалаяты

газеті», 1889. № 1). (1) Бұрынғы заманнан бері қарай Тарбағатай тауының етегінде көшіп-қонып жүрген қазақтардың қайсысына мағлұм белгілі емес айтылмыш таудың бір биік шоқысы турасынан айтылатұғын ертегісі, (2) тұқым-тұқымдарын қуалап, біріне-бірі айтып, ауыздарынан тастаспай жан сақтайтын дұғадай-ақ болып келе жатыр (Сонда. 1891. № 14). Бұл мысалды Абайдан келтірілген ұзақ сөйлемдермен қатар қоюға болмайды: Абайда сөйлем ұзақ, мұнда шұбалаңқы, Абайда ұзақ сөйлемді құрап тұрған компоненттер белгілі бір тәртіппен тізіліп, өз орындарында келген болса, мұнда орындары ауысып, бейберекет келген.

Бұлбейберекет құрылған конструкциялар да – қазақ әдеби тілінің жаңа стильдер үшін ізденістерінің бірі. Әсіресе орыс тілі прозасынан аударма ісі басталған кезде, ұзақ-сонар сөйлемдердің пайда болуы – аударма принциптеріне, яғни дәл аудару тенденциясына байланысты болған тәрізді. Мысалы, «Дала уалаяты газетінің» 1891 жылғы 19-санында орысша «Археологическая находка» деген корреспонденция аударылған. Сондағы орыс тіліндегі ұзақ сөйлем қазақша да шұбалаңқы түрде берілген. Орысшасы: «В них находят любители древних достопримечательностей массу интересных вещей грубого, но весьма оригинального по своей форме изделия из золота, серебра и других металлов». Қазақшасы: «Солардан ізденушілер тауып алады өткен заманның жат, таңсық бұйымдарын²⁴¹, жақсы істелген болмаса да; ескі өрнек пенен нақыштары келісімді болып істелген алтын, күміс нәрселер басқа ұқсайтын нәрселер менен».

Сөйтіп, ұзақ, көп сөзді болып құрылған сөйлемдердің Абайдағы үлгілерінің өзгелерге (әсіресе баспасөз тіліне) қарағанда принципіалды айырмашылығы бар: Абайда сөйлем қанша ұзын болса да, ондағы сөйлем конструкциясы дұрыс құрылып, ой желісі немесе бірыңғай элементтер тәртібі қатаң сақталған (жоғарғы мысалдарды қараңыз). Бұл – сөз жоқ, проза стилін қалыптастырудағы Абайдың табысы да, үлесі де, өзіне тән стилі де.

²⁴¹ Мағынасына қарап сөйлемдердің жігін ажыратқан да, тыныс белгілерін қойған да – өзіміз, әйтпесе арабша жазылған тексте не сөйлем араларына, не сөйлем ішіне бірде-бір тыныс белгісі қойылмағаны мәлім.

Синтаксис саласында Абай прозасының текстерінде екінші көзге түсетін ерекшелік – сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібін ауыстырып келуі. Бұларды жалпы екі-үш топқа бөлуге болады: бір тобы – *деп* дәнекерімен келген сөйлемдер, екіншісі – компоненттерінің орны ауысып жүрген сабақтас және кейбір салалас құрмаластар, үшінші тобы – мүшелерінің орны ауысып келген жай сөйлемдер.

Өзге зерттеушілер де әлдеқашан байқап, сан рет көрсеткендеріндей, өткен ғасырда хатқа түскен қазақша жазба нұсқаларда, оның ішінде Абай, Ыбырай прозасында, көбінесе *деп* дәнекері сөйлемнің ең соңында келеді. *Деп* дәнекерімен келетін конструкциялардың өзі екі түрлі: ол төл сөзді сөйлемде және төл сөзсіз құрмалас сөйлемде компоненттерді жалғастырушы қызметін атқарады. Қай қызметте болса да, Абайда *деп* сөзі көбінесе²⁴² сөйлемді аяқтап тұрады: «Сонда, мен ойлаушы едім: «Ей Құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған екен, ең тәуір халық біз екенбіз», – *деп*» (II, 158); «Көзді, мұрынды [Құдай тағала] ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, ісін біліп, ішіп-жесін *деп*» (II, 182); «Ойлайды жалынтып бердім *деп*» (II, 176).

Сөйлемнің *деп* дәнекеріне аяқталуы Абай тұсындағы күллі қазақ прозасы тіліне тән: бұл тәсіл көркем әдебиет стиліне жататын Ыбырай әңгімелерінде де, қоғамдық-публицистикаға жататын баспасөз тілінде де, қазақша қара сөзбен жазылған өзге үлгілерде де (тіпті христиан дінін уағыздаған миссионерлік әдебиетте де) – барлығында қолданылған: «Асан жылай бастады, енді қайсысына түсеміз *деп*» (Алтынсарин, 1879, 21). «Тауық айтты: «Мен таңертең тұрып, шақырып хабар айтамын таң атты», – *деп*» (Сонда, 15). Ыбырайда да біренсаран жерде болмаса көбінесе *деп* дәнекері сөйлем соңына келтірілген. Баспасөз бұл тәсілді тіпті актив пайдаланған: «Торғай облысының газеті айтады 1896 жылдың аяғында Бестөбе болысында сол елдің болысы Ысмайыл Досұғлы бір

²⁴² *Деп* дәнекерінің қазіргі нормадағыша екі компоненттің аралығында келетін тәртібі Абайда мүлде жоқ емес, сирек болса да, бұл норманы да ұшырата аламыз: «Ұялмас бетке талмас жақ береді» *деп*, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі дағы» (II, 186).

школ ашты» деп» (Дала уалаяты газеті, 1897, № 14); «Алғаш орып алған ұшынды азырақ кептіріңкірейді ашуы қайтсын деп» (Сонда. 1889. № 21).

Көркем прозадан тұңғыш (1903 жылы) аударылғандардың бірі А.С.Пушкиннің «Капитан қызының» қазақша тексі де бұл тәсілден құралақан емес: «Мен өзім бегіректе қуандым Петерборға барып, босандықта қызық көремін деп».

Қысқасы, бұлардың барлығында да бұл тәсілдің өте жиі қолданылуы оны белгілі бір кезеңдердің грамматикалық нормасы етіп танытады (кейбір зерттеушілер мұны әдеби норма емес, яғни ауызекі сөйлеу тілінің әсері деп қарауы мүмкін, ал біз әдеби норма деп ашық айтып отырмыз).

Рас, өзге де көптеген грамматикалық тұлға-тәсілдер тәрізді, бұл тәсілдің де түп-төркіні ауызекі сөйлеу нормасынан шығады. Сондықтан да ауыз әдебиетінің прозамен берілгендерінде сөйлемнің деп-ке аяқталуы – система. Әсіресе бұл – өткен ғасырда хатқа түскен фольклорлық үлгілерде дұрыс сақталған, оның ішінде де орыс ғалымдары мен ағартушылары жиып бастырған нұсқаларда жырды немесе ертегіні айтушы қалай айтып берсе, осы күнгідей «редакцияламай», солай хатқа түсіргендіктен, проза бөліктерінде талдап отырған тәсілді жиі кездестіреміз: «Баласы он жасқа келгенде, шешесінен сұрайды әкем қайда деп» (Радлов, Образцы... III, 253); «Сонан соң ханға хабар берді: «Солай, Тарғын батыр жоқ», – деп» (Сонда. 128); «Қан тұрып сұрайды: «Әрқайсыңның не өнерлерің бар, айтыңыздар», – деп» (Васильев, 1).

Деп дәнекерінің сөйлем соңында келуі сөйлеу тілінің нормасы дегенді бізден бұрынғы зерттеушілер алдымен атап көрсеткен болатын²⁴³. Екінші бір зерттеушілер бұл норманың себебін де іздестіріп, деп-пен келген бағыныңқының басыңқыдан соң тұруы, біріншіден, оның бағыныңқы сипатын таныту үшін, екіншіден, негізгі ой айтылған басыңқыға екпін түсіру үшін деген тұжырымға келеді²⁴⁴. Шынында да, бұл норманың

²⁴³ Кенесбаев С. Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. - 1955. - № 9. - С. 128.

²⁴⁴ Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер және олардың даму жолдары // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. - Лингвистика сериясы. - 1945. - № 1.

ғасырлар бойы²⁴⁵ қатаң сақталып келгеніне қарағанда, оның тіл мен ойлаудың (мышление) қатынасынан туған үлкен бір заңдылыққа сүйенгені байқалады. Ол – проф. Н.Сауранбаев көрсеткендей, ой екпіні түскен компоненттің бұрын айтылуы тәрізді тәртіпке немесе одан да басқа бір мотивтерге байланысты екендігі даусыз. Мүмкін, Н.К.Дмитриев айтқандай²⁴⁶, *деп, денті, деді* дәнекерлері сол сөйлем ішіндегі *айтты, ойлады* деген сияқты мәнді етістіктердің мағынасын қайталап, сөйлем аяғында тағы бір рет келуі екі ортадағы конструкцияның төл сөз екенін таныстыратын белгі ретінде де қызмет атқаруы мүмкін. Бұл тәсіл о баста ауызекі сөйлеу тілінде пайда болып, түркі тілдерінде (мысалы, қазақ тілінде) көпке дейін жазба үлгілерден орын алып келуі ешбір тыныс белгісі жоқ араб жазуына да байланысты болуы әбден ықтимал. Ал қазіргі әдеби тілімізде *деп* дәнекерінің дәнекерленуші компоненттердің ортасында, яғни сөйлем ортасында келетін тәртібі әбден қалыптасқан норма екені аян. Бұл норманың соңғы 40-50 жылда тез орын теуіп кетуіне, біріншіден, әдеби тіліміздің сан алуан прозалық стильдерінің шапшаң және мол көлемде жазба түрде дамуы себепкер болса, екіншіден, нормалаушы грамматика құралдарының да рөлі жоқ емес, үшіншіден, барлық тыныс белгілерді пайдалануға мүмкіндік алған кезеңнің де (жазуда тыныс белгілерін пайдалану тенденциясы үстіміздегі ғасырда араб грамматикасы тұсында-ақ басталып, латын мен орыс жазуына көшкенде әбден сіңіскені аян) әсер ықпалы жоқ емес тәрізді. Өйткені енді төл сөзді екі жағынан біреуін *айтады (ойлайды)*, біреуін *дейді* тәрізді *verba-dicendilerdi*-лерді (сөйлеу етістіктерін) қабат келтіріп танытудың орнына, екі жағынан тырнақшаға алып, сұрау, леп белгілері мен сызықша тәрізді белгілерді және қойып, ол бөліктің төл сөз

²⁴⁵ Бұл тәртіп беретіндігі (XVIII-XIX ғасырлардағы) жалғыз қазақ тілі емес, ертеректен бастап өзге түркі тілдеріне де, оның ішінде, айталық, көне өзбек тіліне де тән екенін көреміз: Дархал Іабра іл кәіп азтгі ја муса асаңны дариға ургіл *дән*. Бұл мысал А.М.Щербактың «Грамматика староузбекского языка» (М.-Л., 1962. - С. 220) деген кітабынан алынды. Осы типтес сөйлемдерді XIII ғасыр ескерткіші – «Тефсирдің» тілінен де мольнан табамыз (қара: *Боровков А.Н.* Из материалов для истории узбекского языка //Тюркологический сборник. - 1951. - Т. 1. - С. 75): Коічі анліір Қаащі сізлар кімлар сізлар, кдйғару барур сізлар *теб*.

²⁴⁶ *Дмитриев Н.К.* Грамматика кумыкского языка. - М.-Л., 1910. - С.194.

екенін көрмеге (зрительно, графически) әбден бадырайтып көрсетіп қоямыз. Әрине, жоғарыда да айттық, *деп*-пен келген конструкциялардың осы күнгі тәртібі де бастамасын өткен кездерден алады. Некен-саяқ болса да, бұл тәртіп Абай, Ыбырай текстерінде де, өзгелерде де кездеседі. Әсіресе Абайда бағыныңқы сөйлемдерді басыңқылармен жалғастырып тұрған *деп* элементі екеуінің ортасында, «өз орнында», жиірек кездеседі: «Бұл ісімді ол ісімнен асырайын *деп*, ...түзден өнер іздемейді» (II, 189); «Оларды мұсылман *деп*, қалайша иманы бар ғой дейміз» (II, 190); «Осындай қастарға сөзім өтімді болсын... *деп*, қызметке, болыстық билікке таластық» (II, 159).

Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында келетін, демек, сөйлемнің аяғында емес, ортасында келетін *деп-ті* осы сөздің қимыл-сын пысықтауышын жасап, сөйлем ішінде келгенімен шатастырмау керек. Абайда соңғы категория әрдайым дерлік осы күнгідей дұрыс құрылған. Мысалы: «Жә, олай болса, біз Құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ *деп* иман келтіріп едік» (II, 184); «Қазаққа күзетші болайын *деп*, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік *деп* ниеттеніп үйрену керек» (II, 179).

Сөйлем ішіндегі сөздердің орны ауысып жүрген ерекшеліктердің екінші тобы *деп* дәнекерінсіз жасалған өзге құрмалас сөйлем компоненттерінің өз орындарында тұрмауына, яғни басыңқы мен бағыныңқының, сондай-ақ кейбір салалас құрмалас компоненттерінің орындары алмасып құрылуына байланысты. Мысалы, Абай текстерінде басыңқысы бағыныңқыдан бұрын келген құрмаластар бар: «Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін» (II, 160); «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» (II, 193); «Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі ізденгендей болғанша» (II, 195).

Осы жерде бір жайтты баса білдіру қажет: Абай прозасында құрмалас сөйлем компоненттерінің орны алмасып келуі өте сирек, жоғарғы 2-3 мысалдың үстіне үңіле іздесек, тағы бір-екі факт қосылар, бірақ бар болғаны – осы. Демек, Абай

тілінде (прозасында) құрмалас сөйлемдер компоненттерінің орналасуы жағынан дұрыс құрылған деген тұжырымды баса айтамыз. Бұл – Абайдың өз тұсындағы өзге нұсқалар тілінен ажыратылатын үлкен бір ерекшелігі. Бұл ерекшелігі – Абайдың қазақ әдеби тілін нормалаудағы еңбегі. Өйткені Абайға қарағанда, тіпті тілі (прозада) өте жатық, конструкциялары түзу Ыбырайдың өзінде де, баспасөз тілін былай қойғанда, бағыныңқы мен басыңқысы «төңкеріліп» жүрген сөйлемдер едәуір жиі ұшырасады. Бұл – тағы да ауызекі сөйлеу тілінің нормасы, содан ұзап кете алмаушылықтың нәтижесі. Әрине, бұл – ауызекі сөйлеу тілінің де негізгі тәсілі емес. «Төңкерілген» құрмаластар, жоғарыда *деп*-пен келген конструкцияға байланысты айтқанымыздай, ауызекі сөйлеуде белгілі бір компонентке ой екпінін түсіру үшін қолданылатын болу керек. Әйтпесе қазақтың сөйлеу тілі тәртібінде детәуелді (анықтаушы) компоненттің басым (анықталушы) компоненттен бұрын орналасуы – анықтауыш пен анықталушы, пысықтауыш пен пысықталушы, объект (толықтауыш) пен баяндауыш мүшелердің, бағыныңқы мен басыңқы сөйлемдердің позициясында өте ертеден қалыптасқан жалпы тілдік система екені белгілі. Бұл тәртіпті бұзу экспрессивтік мағына беру, ой екпінін түсіру, өлеңдерде ұйқас, өлшем жасау т.т. сияқты тілден тыс мотивтерге негізделеді де кейде әдеби тіл нормасы дамып, қалыптасқан кезінде де қолданылады. Бірақ ауызекі сөйлеу тілінде мотивтері әлсіз болса да, кейде тіпті ешбір мотивсіз де сөйлем компоненттері өз орындарын сақтамай келе беруі де әбден мүмкін. Ал жазба әдебиет, әсіресе құрмалас сөйлем екі емес, одан да көп компоненттен тұрғанда, тіл табиғатын, тәртібін сақтауға тырысады, бірақ бұл да қаламгерлердің сөйлем құру тәсіліне, жалпы дәстүрге байланысты болады. Абайдың прозалық тілінде бірден-ақ бұл жөнінде жазба стильге тән дұрыс тәртіп ұсталғанын көреміз.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібінде Абайда өз қаламына ғана тән ерекше бір конструкция бар, ол – толықтауыш бағыныңқының орнындағы сөйлемнің баяндауышы табыс септігінде тұрмай, ашық райда келуі немесе жай сөйлемдердің *деп* дәнекері арқылы байланыспауы. Мысалы: «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған:

әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз *тартады*» (II, 155) деген сөйлемнің бір варианты: «Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз *тартатынын... байқаған* болар еді». Шынында, мұнда екінші компонент алғашқы сөйлемдегі ойдың объектісін білдіреді: нені данышпандар байқаған? Келесі мысалдар да осы іспеттес: «Ақыры *ойладым*: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза *берейін*» (II, 152) – Ақыры осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза *берейін деп* (немесе – *жаза беруді*) ойладым. «Әрнәшік білмек керек: жоғарғы жазылмыш екі түрліден *басқаиман жоқ*» (II, 173) – *...иман жоқ екенін...* білмек керек.

Бұл конструкцияны қарапайым инверсиямен шатастыруға болмайды. Сөйлем мүшелерінің (немесе жай сөйлемдердің) жай ғана орындары алмасып келгенде, олар өз тұлғаларын сақтап тұрады, ал мына құрылыста толықтауыш бағыныңқы басыңқыдан кейін орналасу правосына өз баяндауышын тиянақты тұлғаға (ашық райға) келтіру арқылы ие болады. Әдетте мұндай сөйлемдерді сыртқы грамматикалық оформлениесіне қарап, салалас құрмалас деп тануға тиістіміз, ал мағынасына келсек, бұл – сабақтастардың айрықша бір түрі тәрізді. Бұрынырақ жарияланған бір мақаламызда бұл типтес сөйлемдерді орыс синтаксисінен әсерінен пайда болған грамматикалық калька болар деген жорамал айтқанбыз²⁴⁷. Оған себебіміз мұндай сөйлемдердің Абайға дейінгі немесе тұстас нұсқаларда кездеспейтіндігі болатын. Бірақ, екінші жағынан, логикалық ой екпіні түскен компоненті бірінші позицияда келтіретін халықтың ауызекі сөйлеу тілі нормасынан пайда болған, Абай активтендірген тәсіл болар деп те тұспалдауға болады. Қайткенде де бұл – Абайда белгілі бір система түрінде келетін синтаксистік амал.

Құрмалас сөйлемдердің құрылысына қарағанда, Абай текстерінде сөйлем мүшелерінің позициялық құрылысында әдеттегі нормадан ауытқушылық біраз жиірек кездеседі. Бұлар әртүрлі, бірақ көбінесе тұрлаусыз мүшелердің өздеріне қатысты мүшеден (көбінесе баяндауыштан) кейін орналасуы ұшырасады. Мысалы: «Әрбір байқаған адам *білсе кереккүлкүізі*

²⁴⁷ Сыздықова Р. Абайдың прозалықшығармаларындағы күрделі ойдың берілуі // Қазақтілі тарихы бойынша зерттеу. - Алматы, 1965. - 51-б..

бір мастық екенін, әрбір маскісіден ғафил көп *өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын*» (II, 161); «Ешбір қазақ көрмедім малды иттікпен тапса да, адамшылықпен *жұмсаған*» (II, 168); «Не қылса да сөзді *ұқтырса болады оларға*» (II, 179); «Екі етек жайылып, екі көзің аспанда маскара болып *кеткенің өлгеніңше*» (II, 218).

Бірақ бұларды да салыстырмалы шекпен алғанда көбірек деп отырмыз, әйтпесе мүшелерінің дұрыс орындарында келген сөйлемдердің жалпы санынан шығып қарағанда, бұлар да өте аз. Жоғарғы келтірілген 3-4 мысалдың үстіне ең көп болғанда тағы 3-4-еуі ғана қосылар. Ал бұл 7-8 факт алты баспа табақтай Абай прозасына шаққанда мүлде мардымсыз құбылыс болып шығады. Және сөйлем мүшелерінің орны ауысып жасалған жағдайларды Абайдан өзге текстермен салыстырып қарасақ та, соңғыларда Абайға қарағанда әлдеқайда көбірек екенін байқаймыз. Ыбырай да оқта-текте: *келді әуелі шабақ* (1955 жылғы басылуда *әуелі шабақтар келді* деп «түзетілген») тәрізді конструкция кездесіп қалады. «Дала уалаяты газеті» тәрізді баспасөз тілінде де мұндай фактілер аз кездеспейді, оны зерттеушілер сөйлемнің орыс тілінен дұрыс аударылмауына байланысты қарайды²⁴⁸.

Азаматтық тақырыптарға жазылып, көпшілікке арналған кітапшалар тілінде де, фольклорлық үлгілердің қара сөзбен берілген бөліктерінде де, қысқасы, XIX ғасырдағы қазақ прозасында сөйлем мүшелерінің (көбінесе толықтауыш, пысықтауыш пен баяндауыштың, кейде бастауыш пен баяндауыштың) нормативтік орындары ауысып келуі әлдеқайда жиі сипатты белгі болған. Бұл құбылыс Абай мен Ыбырай прозаларында ғана едәуір тежеліп, осы күнгідей сөйлем мүшелері өз позициясын сақтап, қатал нормаға түскен деп батыл тұжырымдай аламыз.

* * *

Абай прозасының синтаксистік құрылысында ауызекі сөйлеу тілінің ізі жоқ емес. Ғасырлар бойы әдеби жазба тілдің де нормасы болып кеткен, *деп*-пен аяқталатын сөйлемдерді

²⁴⁸ *Абилкасимов Б.* Язык газеты «Дала уалаяты». Автореф. канд. дисс. - Алма-Ата, 1961. - С.21.

былай қойғанда, интонацияға құрылып, ауызекі әңгімелеу стилінде берілген сойлемдерді табамыз. Мысалы, бұған бірекі сөзді толымсыз сөйлемдердің жиі кездесуі жатады: «Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады. *Білмейді*» (II, 163). Соңғы баспаларда екінші сөйлемді алғашқыдан сызықша арқылы жазып жүрміз, бірақ одан сөйлем табиғаты өзгермейді. *Білмейді* деген толымсыз сойлемнің мағынасы ауызекі сөйлеуде алдындағы сөйлемдерден интонациямен айқындалып түсінікті болып шығады. Мына мысалдар да осы тәрізді: «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? *Екі нәрсе*» (II, 168); «Тағдырдың жарлығын білесіздер – *өзгерілмейді*» (II, 175); «Ойлайды: жалынтып бердім деп. *Ақымақтығынан ойлайды*» (II, 176).

1-сөзіндегі *Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу? Балаларды бағу?* деген толымсыз сөйлемдердің сұраулық мағынасы тек интонация арқылы танылады, әйтпесе мұнда бұл категорияны жасап тұрған ешбір грамматикалық белгі жоқ. Бұл да – ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисіне жататын тәсіл.

Құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында мағынасы жағынан тұруға тиісті *бірақ, сондықтан, себебі, ал* тәрізді жалғаулықтар қолданылмай құрылған конструкциялар да, біздіңше, ауызекі сөйлеу нормасына жуық тұрады, өйткені бұлардың қызметін интонация атқарады. Абайда бұл типтес сөйлемдер системалы түрде едәуір мол кездеседі: «Бағар едім, [бірақ] қалайша бағудың мәнісін де білмеймін» (II, 157); «Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ, [сондықтан] білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың» (II, 157); «Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, [сондықтан] орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпенен азайт» (II, 162). Абайда әсіресе *сондықтан* жалғаулығы түсірілген (дұрысырағы, пайданылмаған) сөйлемдер жиі кездеседі.

Сондай-ақ *ал, және* жалғаулықтары да сұранып тұратын құрылымдар бар: «Бірақ жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, [ал] бұлар тозақтан да қорықпайды екен» (II, 163); «Сонда өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, [және] қай көп үйреніпті» (II, 180).

Бірақ бұл сөйлемдердің барлық жағынан дұрыс құрылғандығы соншама, жалғаулықтардың орнын ғана ашық қалдырып, қоя салуға дайын етіп қойғандай сезіледі. Бұлар – қазіргі жалғаулықты салаластардың белгілі бір сатыдағы прототипі тәрізді, өйткені қазақ әдеби тілінде жалғаулықты салаластардың жүйелі нормаға айналуы – тіпті соңғы кездердің жемісі екені аян.

* * *

Абай прозасының синтаксисіне байланысты ең соңғы әңгіме – оның Абай қаламына ғана тән стильдік бір ерекшелігі. Ол әңгіме – Абай «Қара сөздерінің» тіліне поэзия тілінің әсері, атап айтқанда ұйқасқа, өлшемге құрылған синтаксистік параллелизмдердің қолданылуы туралы. Бірыңғай мүшелерге байланысты жоғарыда да айттық, Абай прозасында ұйқасып немесе бірдей тұлғаға қойылып, не болмаса сөз саны бірдейлестіріліп келтірілген параллель бірыңғай мүшелер, тіркестер, жеке сөйлемдер жиі кездеседі. Мысалы: «Ол мал көбейсе... *сұлуды жайлап, жүйрікті байлап* отырмақ» (II, 159); «Қыстауы тарлық қынса, *арызы жеткендік, сыйы өткендік*» (II, 159); «Енді мұндай иман сақтауға *қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын* керек екен» (II, 173). Бұл – тіркестерден болған параллелизмдер. Сондай-ақ Абайдың жеке сөйлемдері де кейде өлең тәрізді біркелкілікті сақтайды: «*Ашулансам – ызалана алмаймын, күлсем – қуана алмаймын*» (II, 166); «*Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ*» (II, 165); «*Жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен*» (II, 163); «*Биік мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады*» (II, 193).

Синтаксистік параллелизмдер – Абай өлеңдерінің ең көрнекті стильдік белгілерінің бірі. «Сегіз аяқ» сияқты әрбір шумағы бірнеше параллельден тұратын тұтас шығармасын былай қойғанда, Абайдың көптеген өлеңінен бұл тәрізді қатарларды жиі кездестіреміз: «*Қадірлі басым, Қайратты жасым* Айғаймен кетті, амал жоқ» (I, 91); «*Бойы бұлғаң*» деп басталатын бір ғана шығармасында: «*Бойы бұлғаң, Сөзі*

жылмаң; Бас құрасып, мал сұрасып; Сөз қыдыртқан, Жұрт құтыртқан; Ел қағынды, Мал сабылды; Түзде мырзаң, Үйде сырдаң; Айтты – көндім, алды – бердім» тәрізді тармақтар параллель қатарлар түзеді. Ол үшін Абай морфологиялық оформлениенің біркелкілігін де (*қыдыртқан – құтыртқан; бұлғаң – жылмаң*), антонимдік қатарларды да (*үйде – түзде*) пайдаланады. Бұлар әрқайсысы – бір-бір тармақ болып келген параллельдер. Ал бір тармақтың өз ішінде параллель түзеп тұратын тіркестер аз емес: «*Сыртқа пысық келеді, көзге сынық»* (I, 39); «*Кей құрбы бүгін тату, ертең бату»* (I, 39).

Сөйтіп, поэзиясының синтаксисінде өзі қалап, индивидуалдық стильдік белгі ретінде қолданған параллелизм тәсілін Абай едәуір мөлшерде прозасының тілінде де пайдаланған.

Абай прозасында төл сөздің қолданылуы

Басқа біреудің сөзін келтіріп сөйлем құрау – синтаксистік көне тәсілдердің бірі. Бірақ оның оформлениесінің әр кезеңде әртүрлі болғанын көреміз. Төл сөздің осы күнгі қазақ әдеби тіліндегі берілу нормасы – ауызекі тілден де, ауыз әдебиеті тіліндегіден де, тіпті XX ғасырдың 15-20-жылдарына дейінгі жазу үлгілеріндегіден де ерекшеленіп, белгілі бір тәртіпке түскен. Қазір төл сөз бен автор сөзін дәнекерлеуші элементтердің (*verba disendi* – сөйлеу етістіктері – *де, айт, сөйле* т.т.) де белгілі бір орында тұруы және белгілі бір тұлғада тұруы соңғы кездерде қалыптасып тұрақталған. Ауызекі сөйлеу нормасында төл сөз автор сөзінің көбінесе ортасында келеді, яғни әуелі сол сөзді кімнің және неге байланысты айтқандығын автор өз сөзімен білдіреді де содан кейін төл сөзді келтіреді, одан соң тағы да *айтты, деді, деп, дейді* деген өз сөзін қайталайды. Ауызекі тілдің бұл тәртібі ауыз әдебиеті үлгілерінің кара сөз бөліктерінде бұлжытпай берілген: «Төлеген *айтты*: «Жазғытұры барамын», – *деді*» («Қыз Жібек», 1957. 37); «Тарғын *айтты*: «Нахақтан өзжұртымды жылатуға шарифат қоспады», – *деді*» («Ер Тарғын», 1898); «Қамбар *ойлайды*: «Мені жарлы деп шақырмады, мен сол қолға барып, құлан, киік атып қайтайыншы», – *дейді*» («Қамбар», 1957. 12).

Төл сөздің бұл тәртіппен берілуінде қайталап келетін сөйлеу етістігінің бірі *айт, сөйле, ойла* сияқты етістік болса, екіншісі – *де* дәнекері. Олардың екеуі де ашық райда тұрады.

Осы күнгі дұрыс әдеби нормада да төл сөзді автор сөзімен байланыстыруда сөйлеу етістігінің екеуі де қолданылғанда, *де* дәнекері көсемше тұлғасында (*деп*) келіп, екінші сөйлеу етістігімен қатар орналасады (*деп айтты, деп ойлады* т.т.) және бұлар көбінесе төл сөзден кейін тұрады: «Абай Асыл-байдан: – Далада не хабар бар? – *деп сұрады*» (М. Әуезов, «Абай»). Немесе қазіргі норма бойынша *де* дәнекері ашық райда қолданылады да сөйлеу етістігі айтылмайды²⁴⁹.

– Асан үйінде екен, – *деді* біреу жүгіріп кеп (С.Мұқанов, «Ботакөз»). Осы конструкцияны мынадай түрде құрсақ: «Біреу жүгіріп келіп *айтты*:– Асан үйінде екен, – *деді*», бұл тәртіп ауызекі сөйлеу тілінің немесе ауыз әдебиетінің үлгісі болып сезілер еді.

Ауызекі тілде *айту, ойлау, сөйлеу* тәрізді сөздерді төл сөзден бұрын констатациялау (Төлеген *айтты*:...) сөйлеушінің айтайын дегенін айқынырақ жеткізу мақсатынан туған, яғни ол енді төл сөз келтіретіндігіне тыңдаушының назарын аударып алады. Ал төл сөзден кейін тағы да қайталап *деді*-ні келтіруі түркі тілдерінің синтаксистік нормасына бағыну болады. Мұнда сөйлем баяндау етістігімен аяқталуы шарт.

Төл сөзді конструкцияның екінші түрі – *деп айтты, деп ойлады, деп сұрады* тәрізді екі сөйлеу етістігінің бірі (*де*) көсемше тұлғасына қойылып, дәнекер ретінде айтылуы. Бірақ мұның өзін де екі түрлі етіп пайдалану тәртібі бар: бірі – екі етістікті екі жаққа бөліп, негізгісін төл сөзден бұрын беру, сөйтіп, жалпы конструкцияны *деп-ке* аяқтау. Бұл – жоғарыда талдаған компоненттері «төңкеріліп» жүрген сөйлемдер. Бұл тәсіл ауызекі сөйлеу тілінің, одан бері бізге дейінгі жазба әдеби тілдің, оның ішінде Абай тілінің де нормасы болғанын ілгеріде айтып өттік. Екіншісі – екеуін қатар (*деп сұрады, деп ойлады*) сөйлем соңында қолдану. Бұл – қазіргі әдеби тіліміздің нормасы.

²⁴⁹ Әрине, қазіргі төл сөзді берудің тәртібі осы екі-ақ түрлі емес екендігі белгілі. Осы күнгі әдеби норма ретінде қалыптасқан, оның ішінде орыс синтаксисінің әсерінен пайда болған немесе белгілі бір жанға байланысты орныққан басқа да түрлі тәсілдерді бұл жерде сөз етудің қажеті жоқ.

Абай прозасында осы айтылған үш конструкцияның үшеуі де бар. *Деп*-ке аяқталатын түрлерін көрсеттік. Ал екі сөйлеу етістігінің екеуін де ашық райда төл сөздің екі жағынан келтіру тәсілін де Абай пайдаланған: «Аристодим *айтты*: – Ол менің қамымды жейтұғынын мен қайдан білем, – *деді*» (II, 183).; «Ол *айтты*: – Тахқиқ бұл айтқанының бәрі рас... – *деді*» (II, 183).

Біздің назарымызды аударатын – бұрыннан қолданылып келе жатқан бұл тәсілдердің болуы емес, Абайда жаңа тәсілдің, қазіргі нормамыздың бастамасының болуы. Ол – екі сөйлеу етістігінің біреуінің ғана ашық райда келуі. Мысалы, Сократ пен Аристодимнің диалогы (27-сөзінде) негізінен осы тәсідде құрылған:

– Ай, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты? – *деді*.

Ол айтты:

– Толып жатыр, хазірет.

– Бірінің атын аташы, – *дейді* (II, 181).

Әрі қарай осылайша кете береді.

Бұдан да қызығырағы – Абайда төл сөздің ішіне автор сөзін қыстырып, екіге бөліп жіберу фактісі де бар, бірақ әзірге бұл С.Мұқанов тіліндегідей система емес және төл сөз ортасына түсетін автор сөзі Абайда тек *деді* деген бір-ақ элементтен тұрады: – Ей, Аристодим! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсың? – *деді*. – Адамның денесі өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе?... (II, 182).

Бұл соңғы тәсілдерді Абай, мүмкін, нормаға айналдырып жиірек те қолданған болар еді, бірақ оған шығармаларының жанрлық сипаты мүмкіндік бермеген: Абайдағы диалогты шығарма бір-екеу-ақ: (27, 17-сөздер). Ал қалғандарында мазмұнына қарай диалогтар мүлде жоқ және жалпы төл сөзді конструкциялар өте сараң кездеседі.

* * *

Абай шығармалары тілінің грамматикалық құрылысы туралы талдауымызды қорытындыласақ, мынадай моменттерді атауға болады. Абай пайдаланған грамматикалық тұлға-

тәсілдер өз кезеңіндегі қазақтың жалпыхалықтық тіліндегі нормаларға негізделген. Оның ішінде ертеден келе жатқан кейбір морфологиялық тұлғаларды Абай активтендіріп өз қаламына тән, стильдік ерекшелігі ретінде қолданған. Сол кездегі кітаби тілдік кейбір тұлғаларды Абай өлеңдерінде (бірді-екілі діни тақырыптысында болмаса) мүлде пайдаланбай, прозалық шығармаларының да кейбіреулерінде арнаулы мақсатпен әдейі қолданған.

Сөйтіп, бір жағынан, XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тіліне тән, оның ішінде проза жанрына тән, екінші жағынан, Абайдың өз стиліне тән кейбір грамматикалық тұлғатәсілдер қазіргі нормадан біраз ерекшеленіп, өзгеше келеді. Олардың басты-бастылары мыналар.

Морфология саласында:

1. **-мақ** жұрнақты тұлға Абайдың поэзиясында да, прозасында да өте актив және өнімді. Оның қызметі де қазіргіден кең: бұл тұлға қимыл есімі, абстракт зат есім, етістіктің мақсатты келер шағы, супин категорияларын білдіреді. Бұл – қазақ тілінің өз тәсілі, Абайдан өзге үлгілерде де бар, бірақ Абайдағыдай өнімді емес.

2. Келер шақтық есімшенің барыс жалғаулы тұлғасы (*барарға, жазарға*) осы күнгі **-у** жұрнақты тұйық етістіктің барыс жалғаулы түрінің орнына едәуір жиі қолданылған және ол Абайдың бүкіл тіліне тән. Бұл да – өзге түркі тілдік емес, қазақ тілінің ертеден келе жатқан өз тәсілі. Абайдан өзге нұсқаларда да бар, бірақ сиректеу.

3. Ортақ етіс тұлғасының көптік категорияны беру қызметі бар, бірақ бірте-бірте әлсіреп бара жатқан сипатта.

4. Ауыспалы шақтық болымсыз тұлғаның ықшамдалған варианты (*отырман, тұрман*) жиі қолданылған. Бұл да – қазақ тілінің көне өз тәсілі. поэзия тіліне тән. Абайда активтенген.

5. Есімшенің **-тын**, сын есімнің **-дай** жұрнақтарының, *мен, да* шылауларының **-тұғын, -дайын, менен, дағы** тәрізді толық варианттары параллель қолданылған. Бұлар поэзия шартына байланысты Абай өлеңдерінде кезек қолданылса, прозасында көбінесе толық түрлері пайдаланынған. Бұл құбылыс – Абай кезеңіндегі ауызекі сөйлеу тілінің де, сол тұстағы жаңа туған прозалық стильдердің де нормасы.

6. Септіктердің бірінің орнына бірі ауысып қолданылуы бар.

7. Кітаби тілдік **-дүр, -мыш** аффикстері, негізінен, Абайдың прозасының тілінде өте сирек ұшырасады. Стильдік мотивпен қолданылған.

Синтаксис саласында (прозалық шығармалары тілінде):

1. Күрделі ұзын-ұзақ конструкциялар бар. Олар: құрмалас сөйлемдер мен бірыңғай жайылма мүшелері бар сөйлемдер. Бұл – Абай тұсындағы қазақ прозасына тән тәсіл, бірақ Абайда бұлардың өзгелерден принципті айырмашылығы бар.

2. Синтаксистік параллелизмдер көзге түседі. Бұл – Абай прозасына оның поэзиясы тілінің тікелей еткен әсері. Синтаксистік параллелизмдер – Абайдың ең сипатты индивидуалдық белгілерінің бірі.

3. Сөйлем мүшелерінің, құрмалас сөйлем компоненттерінің орын алмасып келген сәттері бар. Бұл – ауызекі сөйлеу нормасының ықпалы. Абайда өте аз, өзге нұсқаларда едәуір.

4. Ауызекі сөйлеу стилінде құрылған сөйлемдер бар. Олар – толымсыз сөйлемдер мен дәнекер шылаулары түсіріліп берілген конструкциялар.

Төл сөзді конструкцияның берілуінде ертеден келе жатқан, сол кездегі әдеби тілге тән тәсілі де (сөйлемнің *деп*-ке аяқталуы, *айтты*, *деді*, *сөйледі*, *сұрады* тәрізді сөйлеу етістіктерінің екі реттен қайталап келуі), жаңа тәсілдері де (осы күнгі нормативтік тәсілдер) бар. Абай мен Ыбырай – бұл салада алғашқы жол көрсетушілер.

Міне, қазіргі нормамен салыстырғанда, сай келмейтін, «ерекшелік» принципімен алынған грамматикалық тұлға-тәсілдердің Абай тіліндегі басты топтары – осылар.

СОҢҒЫ СӨЗ

Жазушының тілі бар да, мәнері²⁵⁰ немесе стилі бар. Мәнер (слог) немесе стиль – жазушының өзіне тән баяндау сипаты²⁵¹, ол – жазушы творчествосының мазмұнына лайық таңдап алған тәсілдері, яғни жазушы мәнері – жазушының тұтас тұлғасы, өзі, өз басы. Жазушының тілі²⁵² дегенге келсек, ол – қаламгердің жалпыға ортақ тіл қазынасынан алып, көпшілікше қолданған, көптеген жазушыға тән сөздік байлық пен грамматикалық тұлға-тәсілдер, орысша айтқанда первоэлемент, яғни жазушы тілінің сүйегі.

Біздің бұл кітапта қарағанымыз – Абайдың мәнері емес, тілі, дәлденкіреп айтсақ, біз бұл талдауларымызда ұлы ақынның поэзия тіліндегі көркемдеу шеберлігін, өзі сүйіп жиі қолданған, яғни «абайлығы» көрініп тұрған элемент-тәсілдерді объект еткен жоқпыз. Тегі, жеке жазушының тілін талдауда көбіне-көп мәнерін объект ету жиі кездеседі. Ол заңды да. Өйткені кез келген қаламгер тілін жоғарыдағы терминімізге сай «тіл» ретінде қарастыруға мүмкін де бола бермейді. Ал Абайдың мұндай правоға «қолы жетуінің» себебі бар. Ең әуелі, Абай тілін «тілдік» тұрғыдан, яғни лексикология мен грамматика схемасына сай түрде талдау – қазіргі жазба әдеби тіліміздің белгілі бір кезеңін танып білуге көмектеседі. Өйткені Абай – сол кезеңнің бастаушысы. Абайдың правосы да – осы жерде. Абай тілінің лексикалық, грамматикалық сипатын танымайынша, Абай тұсындағы әдеби тіліміздің «лингвистикалық регистрациясын» жасай алмаймыз. Және, керісінше, Абай тілінің «тілдік» жағын тану үшін Абайға дейінгі, әсіресе Абай тұсындағы әдеби тілді зерттеп тану – қазір аксиомаға айналған

²⁵⁰ Бұл терминді біз орыс лингвистикасында В.Г.Белинскийден бастап, Я.К.Грот, А.И.Ефимов т.б. дейін қолданған *слог писателя* дегеннің баламасы ретінде алып отырмыз. Өйткені *стиль* деген сөздің жалпы тілге қатысты мағынасын (мысалы, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі т.т. дегендегі тәрізді) өзіне қалдырып, жазушының өзіне тән, өзі қалап, таңдап қолданған тәсілдері, сөз саптау мәнері деген мағынаны өзге сөзбен атау қажеттігі қазақ филологиясында да күшті сезіледі. Сондықтан *жазушының стилі* дегеннен гөрі *мәнері* деп ажыратып атағанды жөн көреміз.

²⁵¹ Грот Я.К. Филологические разыскания. - СПб., 1899. - С. 74.

²⁵² Қазақ филологиясында, әдетте, *жазушының тілі* деген терминге екі ұғымды (тілі және мәнері) қосақтап сыйғызып жүрміз. Тіпті, көбінесе, *пәлен жазушының тілі* дегенде оның стилін, дәлірек айтсақ, ерекшеліктерін ұғынатын жайымыз бар.

принцип-тәсіл. «Лингвистическое изучение литературных произведений немислимо вне контекста языка его времени. Индивидуальные новообразования и своеобразие как морфологического и синтаксического, так и лексико-фразеологического характера будут анализироваться, осмысляться с точки зрения литературноязыковой нормы данного времени»²⁵³. Сөйтiп, Абай тiлiн лексика-грамматикалық жағынан сипаттай отырып, ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ жазба әдеби тiлiнiң күй-жайынан бiраз мағлұмат беруiмiз қажет, немесе, керiсiнше, өткен ғасырдың соңғы жарымындағы әдеби тiлiмiздiң тарихын баяндай қалсақ, Абай тәрiздi алып қаламгер тiлiн қоса, оны бас объект етiп талдауға мәжбүр боламыз. Ал бiз Абай тiлiн алдық та оны тiлдiк аспектiден талдай отырып, хал-хадарымызша қазiргi әдеби тiлiмiздiң басталар тұсындағы лексика-грамматикалық сипатын көрсетуге күш салдық. Әрине, Абай тiлi мен ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдеби тiлi тепе-тең, бiрiн бiлдiрсек, екiншiсi өзiнен-өзi танылады деген тұрпайы ұғымнан әсте аулақ болуды ескертпесек те болар. Сондықтан оқушы жұртшылық бiздiң бұл еңбегiмiзде қазақ тiл мәдениетiнiң жарты ғасырлық тарихы мен жай-күйi толық, түгел, жан-жақты қамтылмапты, айтылмапты, көп мәселесi шешiлмептi деп кiнә қоймас деймiз.

Сiрә, қазiргi жазба әдеби тiлiмiздiң iргетасы қаланар тұсындағы лексикалық қабатын зерттегенде, ең алдымен көрiнетiн басты сипат – ол қазақтың жалпыхалықтық тiлiнiң сөздiк байлығы – қазақтың жаңа жазба әдеби тiлiнiң негiзi екендiгi. Яғни сан жағынан да, даму тенденциясы жағынан да, әдеби айналымға түсуi жағынан да қазақтың жалпыхалықтық (ұлттық) төл (өз) сөздерi бiрiншi, басты қабат болып танылады. Абай тiлi де осыны дәлелдейдi. Ал қазақтың төл сөздерiн Абай қалайша шебер пайдаланып, көркемдеу элементiне айналдырды деген мәселе – өз алдына бөлек әңгiме.

Абай мен оның тұсындағы қазақ әдеби тiлi лексикасының өзге қабаттарынан (генетикалық жағынан) араб-парсы сөздерiмен орыс сөздерi назар аударады. Әдетте бiзде «Араб-парсы тiлдерiнен қазақ тiлiне сөз ауысу Октябрь революциясына дейiн-ақ тоқталған болатын» деген тұжырым орын алып

²⁵³ *Виноградов В. В.* О задачах истории русского литературного языка, преимущественно XVII–XIX вв. // Известия АН СССР. - ОЛЯ. - 1946. - Т. V. - Вып. 3. - С. 231.

келеді²⁵⁴. Сонымен қатар «XVIII-XIX ғасырларда реакциялық бағыттағы панисламизм қозғалысымен байланысты қазақ тіліне араб-иран тілдерінен сөз ауысу процесі күшейе бастады»²⁵⁵, – дегенді және оқимыз. Сонда шығыс тілдерінен қазақ тіліне сөз ену процесі қай кезде тоқталғаны: XX ғасырдың басында ғана ма? Ал Абай тұсы мен Абайдың өзінде ше? Біздің талдауларымызша, Абай бағытын сілтеген жаңа жазба әдеби тілде араб-парсы сөздерінің едәуір сезінерліктей қабаты болған. Рас, Абай араб-парсы тілдерін қазақ сөздігін толықтырудың бірден-бір негізгі көзі деп таппаған. Сондықтан да кейбір абстрактік ұғым атауларын беруде Абай дайын арабша терминдерді қолданбай, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін пайдаланған. Бұл ретте әсіресе **-лық, -шылық** жұрнақтарын активтендіру (мысалы, *үлкендік, беріктік, барлық* – «бар екендік», *бірлік* – «біреу екендік», *жылылық, танымақтық* т.т.), қарапайым сөзді терминдік атау дәрежесіне көтеру (*мақтан, құмарлық, жалығу* т.т.) әрекеті айрықша сезіледі. Ал арабша философиялық, теологиялық терминдер болса (*мағрифат, исбат, иқрар, мұлахаза, сидық* т.т.) оларды тек белгілі бір жанрға сай, кітаби тілдік үлгіде жазған бірді-екілі шығармаларында ғана пайдаланады. Дегенмен Абай шығыс сөздерін пайдаланудан үзілді-кесілді бас тартпай, ол тілдерге үлкен тактімен қараған.

Араб-парсы тілдері Абай үшін, панисламистерше, бірден-бір жеке-дара сүйеніш-құрал да емес, сонымен қатар христиан діні миссионерлерінше, үркіп, тулар құбыжық та емес. Әлденеше ғасырлық мол мәдениеті бар шығыс елдерінің қазақ тіліне, қазақ мәдениетіне тигізген ықпал-әсерін Абай мүлде жат көрмейді. Сондықтан шығармаларының тілінде бірқатар араб-парсы элементтерін активтендіріп, олардың қолданылу жиілігін күшейтеді. Бұрыннан халық тіліне сіңген бірқатар араб-парсы сөздерінің мағынасын кеңейту немесе тарылту, поэтикалық элементке айналдыру тенденциясы Абайда айтарлықтай сезіледі. Мысалы, *өнер, қызмет, ғылым, харекет, сипат* тәрізді шығыс сөздеріне Абай полисемантикалық мән берсе, керісінше, *насихат, хат, кедей* тәрізді сөздерді

²⁵⁴ Кеңесбаев І., Мұсабаев Г. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. - Алматы, 1962. - 99-б.

²⁵⁵ Сонда. 98-99-б.

бір мағынада қалыптастыруға бет алған. Сондай-ақ Абай тұсындағы кітаби тілде, тіпті эпос-жырларда тура мағынасында қолданылатын *перзент, перизат, дүлдүл* тәрізді шығыс сөздерінің поэтикалық лексемаларға айналуына жол сілтеген – Абай тәрізді. Бұл сөздер осы күнгі әдеби тілімізде де қолданылады, бірақ олардың стильдік паспорты айқындалған, яғни бір алуан шығыс сөздері қазірде, көбінесе, поэзия тілінде ауыспалы мағынада немесе белгілі бір мағыналық отенокпен қолданылатын элементтер.

Абайдың араб-парсы сөздерін пайдалануында кітаби тіл дәстүрінің ықпал-әсері де жоқ емес. Мысалы, бірқыдыру жиі қолданылып, өлең текстеріне де енген *хикмет, гибрат, сұхбат, ғылым, баһра, тағлым, һәмшише* тәрізді сөздерді Абай кітаби тілдік әдебиеттен алуы ықтимал немесе 38, 13-сөздерінде халық тіліне енбеген араб сөздерін, кейде тіпті тұтас фразалар мен сөйлемдерін молынан келтіруі де кітаби тіл нормасына сай келеді. Бірақ, әрине, Абайдағы араб-парсы сөздерінің күллісі тек кітаби тілдің әсерімен қолданылған деуге мүлде болмайды. Тегі, Абай тұсында және Абайдың өзінде араб-парсы сөздік қабаты қазақ әдеби тілі үшін әлі де едәуір динамикалық күйдегі актив сөздердің бірі болғанын баса айтамыз. Бұған ортаазиялық түркі халықтарындағы бірнеше ғасырлық жазба әдебиет дәстүрі де, қазақ жерінде Абай тұсында жанданған «кітаби тіл» аталған жазба әдебиет тілі де, жеке қалам қайраткерлерінің араб-парсы тілдерінен хабары болулары да себеп болса керек. Сондықтан да бұл кезде кейбір араб-парсы элементтері жалпыхалықтық сөйлеу тіліне енбегенмен, жазба әдебиеттің әр жанрында қолданылып отырған.

Абайда орыс сөздері сан жағынан араб-парсы қабатынан әлдеқайда кем, бірақ әрі қарайғы орын тебу тенденциясы жағынан басым. Ол тенденцияға себепкер, ең алдымен, қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық тағдыры болса, екіншіден, қазақ жазба әдеби тілінің демократтық сипатта дамуы деп табамыз. Соған орай Абай мен Ыбырай орыс тілінен сөз алу процесінде жалпыхалықтық тіл практикасынан өзге тәсілді де пайдаланған. Ол – орыс тілі элементтерін әдеби тілге тек ауызекі сөйлеу нормасы арқылы ғана емес, тікелей орыс әдеби нұсқалары арқылы алу тәсілі. Мұнда аударма ісі де, жеке қаламгердің орыс тілін меңгеруі де ерекше рөл атқарады. Бұл

кезендегі жалпыхалықтық тілге ауысқан русизмдер мен жаңа жазба әдеби тілдегі русизмдердің арасында тағы бір ерекшелік бар. Ауызекі сөйлеу тәжірибесі арқылы қазақ тіліне алғашқы енген орыс сөздері – түгелімен дерлік нақтылы зат атаулары және басым көпшілігі орыстың өз сөздері болса, жазба әдеби тілде, әсіресе Абайда *партия, визит, такт, трагедия, элемент* тәрізді абстракт есімдер де ене бастаған. Оның үстіне жазба әдеби тілде орыс тілі арқылы интернационалдық сөздер де кіре бастағанын көреміз. Әрине, Абай тұсында және Абайдың өзінде осы күнгідей соншама мол ғылыми интернационалдық терминдер әлі жоқ, тіпті өткен ғасырдың екінші ширегінен бастап орыс әдеби тілінде саяси-публицистикалық стиль күшті дамығандықтан²⁵⁶, *демократия, прогресс, гуманизм, патриот* тәрізді сөздер әбден орын теуіп, актив қорға енген болатын. Бірақ өткен ғасырдың тіпті соңғы ширегіндегі қазақ жазба әдеби тіліне бұл тәрізді халықаралық ғылыми термин дер енген.

Орыс қоғамының 60-жылдардағы демократ революционерлері – Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбовтарды олардың өз шығармаларынан оқып таныған Абай, сөз жоқ, бұлардың тіліндегі бір алуан абстрактік ұғымдағы ғылыми терминдерді біле тұрса да, өз тіліне, оның ішінде сол прогресс, демократия, гуманизм тәрізді категорияларды әңгімелейтін «Қара сөздеріне» енгізбеген. Бұл – жалғыз Абай емес, қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің басталар тұсына тән құбылыс. Өйткені бұл кезде қазақ әдеби тілінде ғылыми-публицистикалық стильдің өзі жеке бөлініп, дамымаған, сондықтан қоғамдық-саяси, философиялық-ғылыми, эстетикалық-әдеби сөздікте не қазақ тілінің өз ресурстарымен, не өзге тілдік, әсіресе халықаралық фонд элементтерімен толықтуға әлі кіріспеген кез. Егер Абай ғылыми-публицистикалық стильдің тұңғыш үлгілерін берсе, ол, әрине, бұл стильдің қазіргідей сипатында емес. Сөз жоқ, Абайда абстракт ұғым атауларын беру, яғни кейбір ғылыми-публицистикалық стиль элементтерін жасау тенденциясы айқын сезіледі. Бұл процесте оның негізгі таңдаған тәсілі – тілде бар сөздерден жұрнақ арқылы жаңадан сөз жасау мен кейбір сөздерге жаңа мағына үстеу. Сондықтан өзі түсінетін не орысша, не араб-парсыша, не интернационалдық

²⁵⁶ Бельчиков Ю.А. Общественно-политическая лексика Белинского. - М., 1962. - С. 4.

ғылыми терминдерді (38-сөзден басқасында) көп енгізбеуді көздеген.

Дегенмен бұл ретте орыс тілі арқылы интернационалдық сөздерді ішінара қабылдау принципінің алғашқы нышандары Абайдан басталады деп әбден көрсетуге болады. Мысалы, *такт, трагедия, элемент, визит, химия, номер* тәрізді атаулармен қатар, сол кездегі жалпы әдеби тілде де орын ала бастаған *партия, кандидат, адвокат, майор, губернатор, генерал, доктор, фабрик, электр, машина, миллион, солдатсияқты* халықаралық қор элементтерін Абай батыл қолданған. Халықаралық сөздердің ішінде ең алдымен қазақ тіліне енгендері нақтылы зат (адам, құбылыс, нәрсе т.б.) атаулары (*майор, губернатор, фабрика, машина* т.б.) болса, Абайда *элемент, такт, трагедия* тәрізді абстракт ұғым атаулары да сынамаланып ене бастағаны байқалады.

XIX ғасырдағы қазақтың әдеби тіліне, оның ішінде Абай, Ыбырай тілдеріне орыс сөздерін батыл енгізуге себепкер болған факторлардың бірі – өмірдің әр алуан саласына қатысты ұғым атауларын шатастырмай дәл білдіру принципі болған. Мысалы, Абай *закон, адвокат, доктор, образование, назначение, дознание, посредник, штык, картель, начальник, прошение, интернат, монастырь, ладан* сөздерін қолданғанда, бұлар арқылы білінетін зат, құбылыстарды осыларға ұқсас өзге зат, құбылыстармен шатастырмауды көздейді: *закон* – тек орыс империясының правосын білдіреді, қалған өзге екі праводан (қазақтың әдет-ғұрып заңы мен шарифаттан) бөліп, дәл атау үшін Абайға қайткенде де осы русизмді алу қажеттігі сезіледі. Сондай-ақ *интернат* – медресе емес, мұсылманның мектебі де емес. Қазіргі әдеби нормаға енбеген *образование, дознание, назначение* сөздері де Абайға дәлдік үшін керек болған.

Қазақ жазба әдеби тілінің орыс сөздерін және орыс тілі арқылы халықаралық сөздерді қабылдауы Абайға дейін-ақ халықтың ауызекі сөйлеу тәжірибесінде, әдеби тілінде де орын алған бағыт болса, Абай оны қостап, берік принципке айналдырған да оның мотивтері мен каналдарын кеңейткен.

Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық өміріне орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді. Кейбір атаулар ескіріп, актив қордан шыға бастаса, Абай да оларды енді тура мағынасынан

гөрі, ауыспалы мағынада жиірек жұмсайды. Бұл ретте кейбір әлеуметтік ұғым атауларының мағынасы айқындалып, нақтылы бір ұғымды білдіруде тұрақталуы, яғни ішінара терминделу процесі Абайда айрықша сезіледі. Мысалы, *жарлы* мен *кедей* сөздерінің Абай біріншісін сын есімдік қызметте жиірек қолданады да сол кездегі әлеуметтік топ (тап) атауына *кедей* сөзін әлдеқайда жиі телиді. Сондай-ақ *байғұс* сөзінің ертеректегі «қоңсы»мағынасы (*Бай «байғұсым» десін деп*) Абайда (және сол тұстағы жалпы әдеби тілде) әлдеқайда солғындап, бұл сөз көбінесе «бейшара, мүсәпір» мағынасын беретін сын есім ретінде нормалана бастаған. Жалдама еңбекке қатысты жаңа атаулардың, ел билеудің жаңа системасына байланысты сан алуан сөздердің мағыналары айқындалып, нормалануы қазақ көркем әдебиетінің, оның ішінде Абай қаламының үлесіне тиеді.

Бұған біз жоғарыда тематикалық серияларға бөліп талдаған біраз сөздер мысал болады.

Сонымен қатар көптеген сөздің өткен ғасырдағы, Абайдағы мағынасы қазіргі нормадағыдан өзгешелеу болып келгенін және көреміз. Мысалы, *саудагер* сөзінің осы күнгі мағынасы саудамен пайда табушы жағымсыз топтың атауын білдірсе (спекулянт), Абай тұсында ол ең алдымен саудамен шұғылданушы адам (торговец) және бұл кәсіптің өзі сол кездегі қазақ қоғамы үшін жағымсыз да емес, керісінше, «сауда қылмақ» қазақ баласына керекті «харекет» (терминдер Абайдікі). Дегенмен бұл сөздің осы күнгідей пайдақор, еңбек жеуші отте-ногы да Абай тұсында, Абайдың өзінде пайда бола бастаған.

Бір ұғымды синонимдік дублеттер арқылы жарыстыра білдіру – жазба әдеби тілдің алғашқы сатыларына тән белгі. Лексикалық нормализация – едәуір ұзақ тәжірибенің жемісі. Сондықтан да Абайда осы күнгі «кәсіп» мағынасы *кәсіп*, *өнер*, *харекет* сөздері, «еңбек» мағынасы *еңбек*, *қызмет*, *бейнет* сөздері арқылы берілген. Керісінше, бір сөздің бірнеше мағынаны білдіруі, бірақ солардың ішінде бір мағынасының активтене, тұрақтала түсуі де – әдеби тіліміздің өткен ғасырдың екінші жартысындағы басты сипаттарының бірі. Бұл әсіресе Абайда күшті сезіледі. Мысалы, *қызмет* сөзі бұрынғы біреуге кішілікпен «құлдық ұрып» қызмет ету тәрізді мағынасымен қатар, енді үкімет мекемесінде жұмыс істеу және әскери

жұмыста болу деген қосымша мағынаны және білдірді. *Ғылым* сөзі Абайда осы күнгідей тек «наука» емес, «білім, оқу» ұғымын да береді. *Өнер* сөзі де бірнеше ұғымда жұмсалған: орысша «искусство», «профессия», «занятия», «поступки» деген мағыналарды білдірген. *Арыз* – бұрынғыдай тек ауызша шағыммен білдірілген тілек емес, үкімет, сот органдарына жазбаша түрде берілетін шағым, документ.

Бірсыпыра қарапайым сөздердің белгілі бір бағалау реңкі бар атауларға айналуы да әрі бір сөзді көп мағыналы етуге әрі синонимия қатарын көбейтуге жәрдемдескен. Мысалы, *пысық, қу, тентек, ұры* сөздері белгілі бір әлеуметтік топты атайтын сөздер ретінде Абайда өте жиі қолданылған (*тентек* – 17 рет, *ұры* – 21 рет, *пысық* – 20 рет, *қу* – 37 рет).

Жеке сөздердің мағыналары тарылып, бір ұғымда тұрақталуы немесе мағынасы кеңейіп, полисемиялық сипат алуы, я болмаса терминдік мәнге ие бола бастауы тәрізді процесте сөздің жиі қолданылуы да белгілі бір рөл атқарады. Бұл тәрізді лексикалық нормалануда Абайдың қызметі зор болғанын мынадан көреміз. Мысалы, Абай өз творчествосының идеялық мазмұнына, қозғаған тақырыптарына орай кейбір сөздерді мейлінше жиі актив қолданған. Айталық, *оқу* сөзі Абайда 50 реттен астам кездеседі, бұл сөздің мұндай жиілігін Абайдан бұрынғы не соңғы ешбір қаламгерден таба алмаймыз. Сол сияқты *ой* (жүзден астам), *ғылым* (жүзден астам), *еңбек* (елуге тарта) сөздері де өте жиі кездеседі. Ар-ұят, адамгершілік тақырыбы творчествосының лейтмотиві болған Абай осы ұғымдарды білдіретін сөздерді ғылыми терминдік мәнге көтеріп, әрқайсысын әлденеше реттен қолданады: *ар* (қырықтан астам), *адамдық, адамишылық* (екі вариантын қосқанда, қырыққа жуық), *ұят* (қырыққа жуық). Бұлар – өзі армандаған, өзі шақырған ізгі қылық пен жақсы істердің (ұғымдардың) атаулары болса, бұларға қарама-қарсы ұғымдар да осыншама дәрежеде сөз болып, оларға қатысты атаулар да Абай тілінде актив қордан орын алған. Мысалы, жоғарыда көрсетілген *ұры, пысық, тентек, қу* сөздерінен басқа, *ұрлық* сөзін ақын жиырма шақты рет, *құлық* сөзін отыздан артық рет келтіреді. Бір ғана *сату* етістігі *құлық сату, сақалын сату, арын сату, күлкі сату* т.т. фразалық тіркестерді жасауға қатынасып, алпыс шақты рет қолданылған; заманындағы қанаушы, зорлықшы,

масыл (пысықтар) топтардың істеген hareketтері *өсек, өтірік, надандық, мақтан қуу* болса, бұл сөздердің Абайда өте жиі қолданылуы – таңырқарлық жайт емес. Мысалы, бұрын жеке көп қолданыла бермейтін *мақтан* сөзін Абай бірде фразалық тіркес жасауға қатыстырып (*мақтан қуу, мақтан күйлеу*), бірде қарапайым сөз ретінде, бірде тіпті ғылыми ұғым атауы ретінде (21-сөзінде) пайдаланып, алпыс ретке жуық келтіреді. Мұндай фактіні де Абайдан өзге тұтастарынан немесе алды-артындағылардан кездестірмейміз. *Надан ~ надандық ~ наданшылық* сөздерін Абай 70-тен астам рет пайдаланғанда, бұл сөздердің мағыналары айқындалып, әдеби тілде нормалануы, шығарманың мазмұны мен түрі (тілі) үндесуі тәрізді құбылыстар орын алады. Біз Абай сөздігінің жеке элементтерінің қолданыну жиілігін жол-жөнекей реті келіп қалған соң тиіпқашты сөз етіп отырмыз. Тегінде, «Абай тілінің жиілік сөздігі» тәрізді еңбектер жарияланып, ұлы қаламгер тілі статистік тұрғыдан зерттеле бастағаннан кейін, бұл тақырыпты өз алдына арнайы әңгімелеу – өте қажет міндеттердің бірі болмақ. Абай сөздігінің қолданылу жиілігін зерттеу – көптеген жайттардың сырын ашатын мәселе болмақ.

Сөз соңында көңіл аударар соңғы мәселе – варианттылық жайы. Абайдағы варианттылық құбылыстары біркелкі емес. Олар лексикалық та, орфограммалық та, фонетикалық та, грамматикалық та болып келеді. Олардың бірқатары, әсіресе грамматикалық дублеттер – Абайдың өзіне, сол кезеңдегі нормаға қатысты болса, енді бірсыпырасы – біздіңше, авторға қатыссыз, одан тыс болған фактілер. Ең алдымен, кейбір сөздер Абайдың осы күнгі кітаптарында екі-үш вариант-та жазылғандығы көзге түседі. Мысалы: *дұшпан ~ дұспан, ләкин ~ лакин, бәле ~ пәле, старшина ~ старшын, хақим ~ хақім, шапқат ~ шафғат, шафағат ~ шапағат, қадір ~ кәдір* т.т. Тегі, бұл жердегі варианттылық Абайдың өзінікі емес. Жер-жердегі фонетикалық ерекшеліктерге қарай **ш - с, б - п** тәрізді дыбыс алмасушылық күні бүгінге дейін едәуір сөздерді екі-үш вариантты етіп келеді (*балуан ~ палуан, бұл ~ пұл, патса ~ патша*), соның салқыны Абай мұрасын кітап етіп бастыру ісінде де орын алғанын байқаймыз, бұған *дұшпан ~ дұспан, бұл ~ пұл, бәле ~ пәле, бейіс ~ бейіш, бенде ~ пенде* сөздері жатады. Сірә, Абайға **б, с** дыбысты вари-

анттары тән болса керек. Оған екі түрлі дәлел бар: Мүрсейіт дәптерінде дәйім дерлік *бәле, байымдау, бешена, бенде, бейіл, бейіс, патса* варианттары жазылған, екіншіден, Абай өлкесіне тән жергілікті фонетикалық заңдылық та осы варианттарды көрсетеді. Ал Абайдың осы күнгі кітаптарындағы *абұйыр ~ абырой, мақсұт ~ мақсат, хақим ~ хақім, ләкин ~ ләкін* тәрізді дублеттердің Абайға тек бірінші түрлері тән болу керек, бұған дәлел – Мүрсейіт қолжазбалары мен Абай тұсындағы қазақ орфографиясының нормасы. Бұл норма бойынша *харекет, хақим, ләкин, хажсы, хазірет, хор, нәфсі* сияқты араб сөздері көбінесе түпнұсқадағы түрінше жазылған. Сондықтан бұл типтес варианттарды туғызған Абайдан гөрі өзіміз болармыз дейміз. Осы күнге дейін екі, кейде үш вариантта қолданынып жүрген сөздердің Абайда бір-ақ варианты кездеседі: *ажым (әжім емес), ажсуа (әжсуа емес), кәрі (қары емес), қадір (кәдір емес), бешене (пешене емес, бұл сөз осы күнгі басылуларында пышана деп жазылыпты, бұл – тіпті дұрыс емес), айгай (айқай емес), айдаһар (аждаһа немесе аждаһар емес), одан арман (әрмен емес), әншейін (әшейін емес)* т.т.

Ал *уану – жұбану, ұқсау – ұсау, нәсте – нәрсе, жарты – жармы* (–жарым) тәрізді түбір сөздердің Абай екеуін де қолданады, бірақ арасалмақтары тең емес, мысалы, *уану, ұсау* сөздері бір-бір реттен ғана қолданылған. Сондай-ақ Абайда кездесетін дублеттердің бір тобы араб-парсы сөздері: *әділет – гадалат, әлем – галам, бәлки – бәлкім, береке – берекет, айып – гайып, гақыл – ақыл, залал – зарар* т.т. Бұлар Мүрсейіт дәптерлерінде осындай екі түрлі таңбаланып келеді. Мұның, біздіңше, екі себебі бар, бірі – бұлар Абай тұсында (тіпті қазірге дейін) қазақ тілінде әлі бір вариантта тұрақталып, нормаға түспеген, екінші – бұлардың бірқатарының оригиналға жуық вариантын (*гақыл, гайып*) Абай стильдік мақсатта, яғни «кітабиланған» кейбір «қара сөздерінде» ғана келтіреді.

Дублеттердің қазіргі кітаптардағы келесі тобы – өзіміз жасап алғандар. Абай мұрасының соңғы басылуларында кездесетін *баһра – бәһра, гапыл – гапіл, гарып – гаріп, гибрат – гибрат, ділда – ділдә* типтес орфографиялық дублеттер арабша тексті латынша не орысша графикаға көшірген кезде жіберген біздің қателеріміз, өйткені араб жазуында осы сөздердегі **а – ә, ы – і** әріптері ажыратылып берілмеген, оны **а** деп те, **ә** деп те

оқуымызға және жазуымызға болады, сондықтан әуелден бірақ вариантта жазу керек еді.

Алғашық~асық, айла~қайла, есеп~қысап, мейір~меър, зая~зайығ, қазір~әзір, Құда~Құдай, замана-заман тәрізді варианттар, сөз жоқ, Абайдың өзінікі және бұлар нормалану процесіндегі мотивсіз бола беретін варианттылықтан гөрі, белгілі бір мотивке қатысты әдейі қолданылған дублеттер деп табамыз. Мысалы, *ғашық~асық, Құда~Құдай, замана~заман* дегендер өлең ұйқасы, буын саны тәрізді қажеттіктерді өтеу үшін түрлендірілген болса, *мейір~меър, сипат~сифат, перзент~фарзанд, бенде~фәндә* сияқты варианттарға автор стильдік сипат берген. Яғни біріншілерін көпшілікке арналған қазақ әдеби тіліндегі үлгілерінде, екіншілерін теология ғылымынан хабары барларға арнап кітаби тілше жазған шығармаларында қолданған.

Варианттылықты жеке бөліп алып, айрықша сөз етуіміздің себебі бар. Тегі, фонетикалық, әсіресе грамматикалық, тіпті лексикалық варианттар тілдің нормаланып бітпеген картинасын көрсетеді. Абай тілінде осыншама варианттылық барын көрген оқушыда «Бұл қалай, демек, Абай тілі әлі де тұрақталып, нормалары стандартталып бітпегені ме?» деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Бірақ Абайдағы варианттылықтарды жоғарыда көрсеткеніміздей әр тобын саралап жете танысаң, олардың барлығы бірдей нормасыздықтан туған варианттар емес екенін байқаймыз. Әсіресе орфограммалық варианттарға жауап беретін – өзіміз. Егер бірқыдыру лексикалық дублеттерді табатын болсақ, олардың біразы араб-парсы сөздері екенін көреміз, ал бұл қабаттағы сөздер күні бүгінге дейін түп-түгел бір вариантта қалыптасып, нормаға түсіп үлгерді деуге болмайды. Абай тұсында және Абайдың өзінде бір алуан шығыс сөздері фонетика-орфография жағынан екі, кейде үш түрлі болып қолданылса, ол – әрі заңды, әрі түсінікті құбылыс. Бірақ бұл шағын топқа қарап, Абай тілінде, Абай тұсындағы қазақтың жазба әдеби тілінде бейнормалық құбылыстар көп деп тұжырымдауға болмайды.

Міне, Абай лексикасы мен грамматикасына, орфограммасына қатысты кітап соңында әңгіме етер бірқатар мәселелеріміз осындай.

ҚЫСҚАРТЫЛЫП КӨРСЕТІЛГЕН ӘДЕБИЕТ:

Алекторов – А. С. Алекторов. Киргизская хрестоматия. - Ч.1. - Оренбург, 1898.

Алтынсарин, 1879 – И. Алтынсарин. Киргизская хрестоматия. - Оренбург, 1879.

«Батырлар жыры» – Батырлар жыры. - Алматы, 1961. - I том. - Алматы, 1961. - II том.

Будагов, I-II – Л. З. Будагов Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. - СПб., 1869-1871.

И. Букин, 1883 – И. Букин. Русско-киргизский и киргизско-русский словарь. - Ташкент, 1883.

Васильев – А.В.Васильев Образцы киргизской народной словесности. - Оренбург, 1898.

Ильминский – Н. И. Ильминский Материалы к изучению киргизского наречия. - Казань, 1861.

Катанов – Сборник киргизских пословиц. Собр. Н.Ф.Катанов. - Оренбург, 1899.

Кирг.-русс. сл. – Киргизско-русский словарь. Сост. проф. К.К.Юдахин. - М., 1965.

Кирг.-русс. сл., 1897 – Киргизско-русский словарь. - Оренбург, 1897.

Кр. русск.-кир. сл., 1893 – Краткий русско-киргизский словарь. - Оренбург, 1893.

ҚТТС, I-II – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 1959. - I т. - Алматы, 1961. - II т.

Лаптев – Материалы по казак-киргизскому языку, собранные И.Лаптевым. - М., 1900.

Лермонтов, I-IV – М.Ю.Лермонтов Полное собрание сочинений. - М.-Л., 1948. Т. I-IV.

Малов. Пам. др. тюрк. письм. – С.Е.Малов. Памятники древнетюркской письменности. - М., 1951.

Лютш – Я. Лютш Киргизская хрестоматия. - 1883.

Пушкин, I-X – А. С. Пушкин Полное собрание сочинений. - М.-Л., 1949. Т. I-X.

Радлов. Образцы... III – В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. - Ч. III. - Киргизское наречие. - СПб., 1870.

Сейфуллин, VI – С. Сейфуллин Шығармалар. - Алматы, 1964. - VI т.

Спутник... 1878 – Спутник русского человека в Средней Азии. Сост. А.Старчевский. - СПб., 1878.

**«АБАЙ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНДА
ЖАРИЯЛАНҒАН ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ
МАҚАЛАЛАР**



Абай тілінің зерттелуі

Аса көрнекті ақын-жазушылар шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – қаламгердің қолданған тілінің даму барысында оның алған орны мен сіңірген еңбегін анықтау, екіншісі – оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау. Абай тілін де осы екі тұрғыдан қарастыру керек, өйткені ол – әдеби тілде дайын тұрған қалып-нормаларды дұрыс, көркем пайдалана білген қатардағы қаламгер емес, сол тілдің даму тарихындағы жаңа кезеңді баптаушы, сапалық жаңа түрінің іргетасын қалаушы суреткер.

Қай тұрғыдан болса да, Абай тілін өз алдына сөз ету оның туындыларын талдаумен қатар жүріп келді. Әрине, бір мезгілде, бірдей қарқында емес. Ең алдымен, ақын шығармашылығының идеясын, мазмұнын танып, білуге күш салынды, сол мазмұнның сыртқы көрінісі – тіліне үңілу содан кейін басталды. Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды. Әрине, бұл әңгіме ұлы ақынның тілін нақты түрде талдау емес, жалпы тұжырым айту, қазақтың поэтикалық дүниесінің тіліне жаңа лептің келгенін атау түрінде болды.

1901 жылы қазақ даласынан жиналып, орыс географиялық қоғамына жіберілген өлең үлгілерінің ішінде Абайдың жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері: «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деп басталатын туындылары болды. Осы материалдарды редакциялап, баспаға дайындауды қолға алған орыс түркологы П.М.Мелиоранский, авторы кім екенін білмесе де, бұл өлеңдердің өзге шығармалардан бөлекше тұрғанын, олардың жазба әдебиет үлгілеріне жататынын айтты. Абай поэзиясы және оның тілі жөнінде қазақтардан тұңғыш рет арнайы пікір айтқан – Ә.Бөкейханов. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің» 1913 жылғы 39-41-сандарында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жариялап, ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның поэтикасын сөз етті. Ал С.Торайғыров «Айқап» журналының 1913 жылғы 22-23-сандарында «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деген мақаласында сол

тұстағы қазақ поэзиясының мазмұн-мәнімен қатар, тілін де азын-аулақ сөз етеді, тіл жағынан Абай өлеңдерін өте жоғары қояды.

Ақынның 1922-1923 жылдардағы шығармаларының тіліне қатысты аз-кем пікірлер мен кейбір араб, парсы, орыс сөздерінің түсініктемесін Абайдың 1922 ж. Ташкентте шыққан өлеңдер жинағына редакция атынан берілген ескерту сөзден және татар ғалымы А.Сағдидың «Ақжол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санында басылған мақаласынан табамыз.

Абайдың қазақ әдебиетінде алатын орны мен ұстаған бағыт-бағдары жайында 20-жылдардың ішінде, тіпті 30-жылдардың екінші жартысына дейін баспасөз бетінде болып келген пікірталастар кезінде ақынның тілі туралы да айтылып өтті. Бұлардың ішінде, әсіресе, Ы.Мұстанбаевтың батыл да ашық айтқан пікірлері Абай тілі жөніндегі қазіргі бағаларымызбен ұштасып жатыр. 1930 жылдардың орта шенінен бастап Абай шығармаларының тілі жөніндегі пікірлер көбірек және айқынырақ айтыла бастады. Әсіресе, бұған 1934 жылы Абайдың қайтыс болғанына 30 жыл толуын атап өту шаралары үлкен себепкер болды. М.Әуезов, Қ.Жұбанов, І.Жансүгіров, Е.Ысмайылов, З.Шашкин ұлы ақынның тілге деген көзқарасы мен еңбегін, сөз қолдану шеберлігі мен өлең құрылысын арнайы сөз етеді. М.Әуезов ақынның өмір кешкен ортасы мен қалдырған мұрасына үңілген еңбектерінде Абайдың тілі жөнінде де дұрыс әрі түбегейлі пікір айтып отырды. 1934 жылы «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласындағы ойын 1951 жылы жазған «Абай мұрасы жайында» деген еңбегінде де, содан кейінгі «Абай Құнанбаев» деген монографиясында да өрбітіп, анықтап айтады. Бұларда Әуезов Абайдың қазақ әдеби тілінің даму жолындағы орнын көрсете келіп, екі ерекшелігін атайды: 1) қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі; 2) «қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы».

Абай шығармаларының тілі жайында арнайы пікір айтқан ғалым – Қ.Жұмалиев. Өзінің мектеп оқушыларына арналған оқулықтарынан бастап, XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

тарихы туралы жазған ғылыми зерттеулерінде, әдебиет теориясына арналған еңбектерінде Қ.Жұмалиев Абайдың шығармашылығымен қатар, оның тілін талдап: 1) Абайға дейін де қазақтың поэтикалық тілі дамып келді... оның өзінше даралық байырғылық сипаты болды. Абай осындай әдебиеттің о заманнан қалыптасып қалған поэтикалық тілін жоғары мәдениеттілік сатыға көтерді; 2) Абай заманында едәуір етек жайған тілдегі шағатайшылау, татаршылауға қарсы күрес ашты, қазақ тілін аса қадірлеп, таза сақтауға күш салды, оның сөздік қорының бір бұтағы орыс тілі болды; 3) Абай қазақтың мол сөз байлығын қолданумен қатар, өзі де жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізді; 4) өлең құрылысына қыруар жаңалықтар қосып, көркемдеудің жаңа тәсілдерін ұсынған деген тұжырым жасады.

Ақын шығармаларының тілі жайында жеке монография-жазбаса да, ол жөнінде белгілі жазушылар мен ғалымдар Ғ.Мүсірепов, М.С.Сильченко, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Т.Нұртазин, Т.Әлімқұлов, Х.Сүйіншәлиев пікір айтты. Қазақ тілі мамандарының ішінде Абай тілі жайында алғаш терең әрі дәлелді пікір айтып, талдау жасаған Құдайберген Жұбанов болды. 1934 жылы жазған «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» деген еңбегінде екі үлкен принципті пікір білдіреді: «Бірі – бүтін Орта Азия ескі күншығыс ислам мәдениетінің кірлі көрпесін қалың жамылып жатқан кезде», түркі тілдес көрші халықтардың ең ірі қалам қайраткерлері... шағатай тілінің шырмауынан шыға алмай, шығармашылығына өз ана тілдерін қару ете алмай отырған кезде, Абайдың жеке-дара үздік шығып, таза қазақ тілінде жоғары поэзия тудыруы. Екіншісі – ғасырлар бойы келе жатқан туған тілінің ең бір нәрлісін кәдеге жарата біліп, әлсізінен безуі».

Абай тілін танып-білу шын мәнінде 30-жылдардың ортасынан басталды да 50-60-жылдар ішінде мәселеге С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, А.Ысқақов тәрізді тіл мамандарының қатысуына байланысты едәуір жандана түсті. 60-жылдардан бастап өзге тіл мамандары да: Ш.Ш.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Т.Қордабаев, Қ.Өмірәлиев Абай тілінің нақты фактілерін: сөз қолданысын, сөздің қазынасын, грамматикалық тұлға-тәсілдерін талдады, Р.Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» (1968) және «Абай өлеңдерінің

синтаксистік құрылысы» (1971) атты монографиялары жарық көрді. Аталған монографиялардың алғашқысында Абайдың әдеби мұрасы қазақ тілі тарихының материалы ретінде зерттелді. Мұнда ұлттық жазба әдеби тіліміздің іргетасын қалап, әрі қарайғы даму бағыттары мен принциптерін белгілеудегі Абайдың ерекше рөлі мен теңдесі жоқ қызметі көрсетілді. Ақын өлеңдерінің синтаксистік құрылысына арналған екінші монографияда қазақ өлеңдерінің, оның ішінде Абай туындыларының синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы және олармен синтаксистік құрылымының өзара байланысы нақты талданды. Күрделілігі, сыйымдылығы, көркемдік әсері жағынан Абай өлеңдерінің синтаксисі жазба поэзия талаптарына сай түсетін, өзіне дейінгі қазақ поэтикасы дәстүрінен жоғары көтерілген, кейінгі қазақ поэзия тіліне бағыт-үлгі болатын сипатта екендігі дәлелденді. Бұл 2 еңбекте негізінен Абай шығармалары тілінің лексикасы мен грамматикасы жүйелі түрде зерттелді, дегенмен Абайдың шеберлік тәсілдері, даралық ерекшеліктері, қысқасы, көркемдік дүниесі арнайы талдау дәрежесіне көтеріле алмаса да, мұнда ұлы ақын поэтикасына қатысты мәселелер кеңінен қозғалды.

«Ғылым» баспасынан 1968 ж. «Абай тілі сөздігі» жарық көрді. Бұл – ұлы ақын шығармаларының тілін танып-білу саласындағы аса қажетті, қомақты жұмыстардың бірі. Ол Абайдың тілін, әсіресе, лексикасын зерттеймін немесе білемін деушілерге өте қолайлы, реттелген материал, белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің қай мағынада қанша рет қолданылғанын, бір мағынадағы кейбір сөздерді Абай қалайша қатар жұмсағанын, оның ішінде қайсысын жиі, қайсысын сирек қолданғанын көре алады. Мысалы, Абайда *тіршілік*, *тірлік*, *өмір*, *мағишат* деген төрт сөз бір ұғымды білдіреді, бірақ бұлардың қолданылу жиілігі, поэтикалық жүгі бірдей емес: *тіршілік* – 6 рет, *тірлік* – 11, *өмір* – 113, *мағишат* 1 рет қолданылған.

Абай тілін танып-зерттеуге тікелей қатысты харекеттің бірі – текстологиялық ізденістер мен түзетулер. Ақын мұрасының текстологиясына үңілу кейінірек басталды. Ақын мұрасының әр кездердегі басылымдарында кеткен текстологиялық ағаттықтар мерзімді баспасөз беттерінде де, жеке жинақтар мен кітаптарда да көрсетілген, оларды арнайы зерттеуге назар аударылып отыр. Газет беттерінде жарияланған қыруар құнды

мақалаларды былай қойғанда, журнал беттерінде жарық көрген З.Ахметов пен Ы.Дүйсембаевтың, Б.Жақыпбаевтың, М.Сәрсекеевтің, Қ. Өмірәлиевтің, М.Бөжеевтің мақалалары мен Қ.Мұқаметхановтың арнайы жазылған «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (1959) атты кітабы – Абай шығармаларының тілін танып-білуге үлкен септігін тигізген еңбектер. Абайтану саласының бір тармағы ретіндегі Абай тілін зерттеудің 70-80 жылдық тарихы бар.

Әдеб.: Ә у е з о в М. Абай мұрасы жайында // Қазақ ССР ҒА Хабаршысы. - 1957. - №3. - 21 б.; Сыздықова Р. Абай шығармалары мен 19 ғасырдағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 1959. - № 2; Сыздықова Р. Абай тілінің зерттелуі // Абай тағылымы. - Алматы, 1986.

Ауызша әдеби тіл

Абайдың алдында қазақтың ұзақ дәстүрлі, күшті дамыған, ауызша таралып, ауызша сақталған авторлы, профессионал әдебиеті болды. Ол негізінен поэзия түрінде, ішінара шешендік сөз деп аталған ұйқасты, ырғақты проза мен шежірелер түрінде өмір сүрді. Бұл әдебиеттің өкілдері XV-XIX ғасырларда өмір сүрген жыраулар мен ақындар және тарихта аты белгілі билер, шежірешілер еді. Бұл ауызша әдебиет үлгілері халықтың ауыз әдебиеті (фольклор) мұрасынан бөлек дүние болып саналады. Олар: XV-XVI ғасырларда өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз (Шалгез), Доспамбет, Шобан, Марғасқа, Жиёмбет жыраулар. XV-XVI ғасырлар – қазақ ру-тайпаларының өз алдына халық болып құрала бастаған кезеңі. Бұған дейін ноғайлылар мен қазақ ру-тайпалары Алтын Орда құрамында аралас-құралас өмір сүргені мәлім. Осы кезде, тіпті XV-XVI ғасырлардың өзінде бірсыпыра ру-тайпалар ноғайлы мен қазақ одақтарының біресе біреуіне қосылып, біресе ажырап, ауытқып жүрді. Біртектес кыпшақ тобында сөйлейтін ру-тайпалардың бұл араластығы олардың әдебиеті мен тілінде үлкен із қалдырды. Асанқайғы, Шалкиіз, Қазтуған, Шобан сияқты сөз зергерлері ноғайлы, қазақ болып бөлінгенде, әрқайсысы бұлардың мұраларын өзімдікі деп ала кеткенге ұқсайды. Ауызша түрде иемденгендіктен, әрине, ноғайлылар ноғай тілінің, қазақ ру-тайпалары қазақ тілінің азды-көпті айырмашылықтарына икемдеп, өз тілдерінің үлгілері етіп сақтаған.

Аталған ақын-жыраулардың туындылары дидактикалық толғаулар, ақыл-насихат, арнаулар болып келетін мекенжайы, ел қорғау сарыны бар өлең-жырлар, портреттер болып келетін өзі, өзгелер, «хан иесі», ел-жұрты жайлы толғаныстар құрайды. Бұл әдеби дәстүрді XVII-XIX ғасырларда Бұқар жырау, Шал ақын, Махамбет, Шернияз, Сүйінбай, Шөже, Нұрым т.б. ақын-жыраулар жалғастырды. Алдыңғы дәуірлерден келе жатқан поэтикалық үлгі Жамбыл, Нұрпейістер бастаған ақындар легімен біздің заманымызға келіп, ұласып отыр. Сөйтіп, қазақтың ауызша авторлы әдебиеті ұрпақтан ұрпаққа, дәуірден дәуірге жалғасып, қалыптасқан, тұрақты, дәстүрлі поэтикалық мектеп болды және оның қырланған, нормаланған өз әдеби тілі болды. Оны біз «қазақтың ауызша әдеби тілі» деп атадық. Бұл – қандай тіл? Әдетте, ауызша әдеби тілі деп ауыз әдебиеті (фольклор) тілін түсінеді. Фольклор тілінде де, сөз жоқ, әдеби тілдің бірқатар белгілері бар. Ал қазақ тіліне келгенде, «қазақтың ауызша әдеби тілі» және «ауыз әдебиеті тілі» деп бөліп, екі түрлі тіл жайында әңгіме қозғауға тура келеді. Өйткені екеуі де – ауызша таралатын, ауызша сақталатын сипаттағы тіл дәстүрі болғанымен, екі бөлек дүние. Алдымен, әдеби тіл деп нені түсіну керек, соны анықтап алған жөн. «Әдеби тіл» деген ұғым – тарихи өзгеріп отыратын түсінік. Қазіргі қазақ тілі үшін оның жазба түрінің болуы, сан салалы стильдерге тарамдалуы, қоғам өмірінің барша саласына тұтас қызмет етуі – заңды шарттар, өйткені қазіргі қазақ тілі – ұлттық мемлекеттік тіл, даму барысының ең жоғары сатысына көтерілген тіл. Ал мұндай шарттарға қазақ әдеби тілі әрдайым, барлық кезеңдерде бірдей жауап бере алмаған. Әдеби тілді тану сол халықтың мәдени-рухани дүниесінің тарихын танып-білумен тығыз байланысты. Көптеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының тарихында оның әдеби тілінің қалыптасып, дамуы көркем әдебиетінің, әсіресе поэзияның бағыты мен барысына тікелей қатысты болып келеді. Демек, белгілі бір кезеңдердегі көркем әдебиетті қалай танимыз, соған орай оның тілін де анықтауға тиіспіз. Ең алдымен, қазақ әдеби мұрасына келгенде, оның бірнеше ғасырлық ақын-жыраулар поэзиясын әдебиет деп және фольклор тілі үлгілерінен басқаша авторлы сындарлы әдебиет деп тану керек. Бұлайша бөліп тануға негіз болатын мынадай белгілер бар: халық ауыз

әдебиеті (фольклор) – авторсыз дүние, ал ақын-жыраулар туындылары – иелері бар мұралар және ең маңыздысы – әр автордың шығармасы өзінің композициясы, тақырыбы, идеясы, көркемдеу тәсілдері жағынан бір-бірінен азды-көпті ажыратылып тұрады. Екіншіден, халық ауыз әдебиеті тіліне, әсіресе, оның эпос сияқты кесек шығармаларына көптеген дәстүрлі образдар, дайын клишелер, біраз жеке сөздер мен тұрақты тіркестер ортақ болып келеді, бір-біріне ауысып жүреді. Ал ақын-жыраулар тілінде де мұндай ортақ белгілер болғанымен, фольклорға қарағанда, солғындау болады. Үшіншіден, ақын-жыраулар поэзиясында уақыт пен мекенге қарай нақтылық, адамның ішкі дүниесін суреттеу, лиризм сарыны дегендер, фольклорға қарағанда, күшейе түседі. Бұлар – ауыз әдебиеті тіліндегі тілдік дәстүрден бірте-бірте қол үздіре бастайтын, суреттеудің жаңа амалдарын тудыратын сәттер, лексика мен грамматика саласында поэзия тілінің жалпы мүмкіншіліктерін байыта түсетін тәсілдер. Ақын-жыраулар тілінің осы белгісі халық ауыз әдебиеті тіліндегі біршама консервативтікті, поэтикалық шектелушілікті бұзып, дәстүрлі құрсаудан босата түседі. Төртіншіден, әрбір ақынның немесе жыраудың талант-қабілетіне қарай өлең-жыр шығармашылық ерекшелігі мен техникасына бірте-бірте жаңалықтар қосылады, даралықтар туады, яғни авторлы поэзия ұйқас таңдау, өлең композициясын тұрғызу, ырғақтық топтарды жасау сияқты салаларда ауыз әдебиеті шеңберінен шығып кетеді. Бұл көрсетілгендер осы екі әдеби үлгінің бір-бірінен ажыратылуға тиіс айырым белгілері болса, сонымен қатар олардың бір-біріне ұқсас ортақ тұстары да бар. Ең басты ортақ белгі – екеуінің де ауызша таралып, ауызша сақталуында. Осының салдарынан заман озған сайын олардың текстері біртіндеп жаңғыртылып отыру фактісі бар. Сондықтан бұларда ескі тұлға-тәсілдермен қатар, жаңа тілдік элементтер орын алған. Қазақ ақын-жыраулары тілінің қайнар көзі мен сөз мүсінін жасайтын қалыбы – ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті тілі болғандықтан, кейбір суреттеу құралдары жағынан бұлар ұқсас келеді. Оның үстіне ауыз әдебиетінің эпос сияқты ірі дүниелерін тудырушылар немесе сақтап, таратушылар, бір жағынан, жыраулар болғандықтан, халықтың сөз өнерінің барша көркемдік қоймасы әрдайым олардың жадында сақталып, тілдеріне оралып тұратындығы да ақын-жыраулар мен фоль-

клор тілдерін жақындастыратын себептердің бірінен табылады. Айтыстар мен кейбір тұрмыс-салт жырлары мен толғауларда орын алатын суырып салушылық тәсілі ақын-жыраулар тілін халық поэзиясы дәстүрімен берік байланыстырады, өйткені суырып салу табиғаты табан аузында табыла қоятын дайын үлгілерді қол көреді. Бұл да, сөз жоқ, кейбір авторлы айтыстарды, толғауларды, бата-тілектерді фольклор дүниесіне ұқсаттырып жібереді. Сөйтіп, Абай кезеңіне дейін қазақтың халық әдебиетінен өзге, бірақ оған едәуір белгілерімен ұқсас келетін авторлы, сындарлы әдебиет те өмір сүріп келді және оның тілі әдеби тіл санатына кіреді деген тұжырым жасауға болады. Ол тіл қазақтың төл жазба әдеби тілінің негізі болды. Төл ауызша әдеби тіл мен жазба әдеби тілдің де өзара жақын келетін тұстары мен ерекшеленетін белгілері және болды. Олар – біріншіден, ауызша әдеби тілдің арнасы мен үлгілері жазба тілге қарағанда әлдеқайда тар болғандығында. Ақын-жыраулар өз халқының ауыз әдебиеті мен ішінара түркі халықтарына ортақ жазба үлгілерден басқа әдебиеттерге көп иек артпады, бұл, сөз жоқ, олардың тіліне салқынын тигізді. Жазба әдебиет болса, араб-парсы әдебиетіне де, өзге түркі әдебиеттеріне де, орыс әдебиетіне де көз салды, олардан үлгі-өнеге алып дамыды, мұның тілге де жағымды әсері тиді. Екіншіден, ауызша әдеби тілдің стильдік тарамдарға бөлінуін жазба тілмен байланыстыруға мүлде келмейді: алдыңғысы негізінен көркем поэзия мен ішінара шешендік сөздер жанрына қызмет етті, оның көркем проза, публицистика, ресми іс қағаздары және ғылыми стильдері болмады. Ал қазақтың төл жазба тілі өзінің пайда болған кезеңінен бастап, аталған стильдердің іргетастарын қалап алды. Үшіншіден, ең үлкен айырмашылық бұлардың таралу, сақталу әдісінде болды. Жазба алдындағы әдебиет ауызша таралып, сақталды. Ал әдеби тілдің жазумен танылып, жазба түрде таралғаны аян. Кішкене айырмашылық әдеби дүниені тудыру тәсілдерінде болды. Жазба әдебиет өкілдері өз туындыларын сан рет түзетіп, қырнап, өңдеп отыратын мүмкіндікке ие. Ал ақын-жыраулар шығармасында бұл құбылыс солғын. Дегенмен ауызша туған өлең-жырлар да – ойланып, толғанудың жемісі, іштей сан рет сөз саралап, ой түйудің нәтижесі. Демек, «іштей редакция» мұнда да болып

келетінін танымыз. Қазақтың нағыз ақын-жыраулары – ауыздарына арнайы түскен сөзді ұйқастыра берушілер емес, белгілі дәстүрді ұстай отыра, сөзді таңдап жұмсаушылар, айтпақ ойын тыңдаушыларына әсерлі етіп жеткізушілер.

Қазақтың жазба әдеби тілі тұтқиылдан, тақыр жерден пайда болған құбылыс емес, оның негізі, діндегі қазақ халқы тарих төріне жеке этникалық құрам – халық болып келгеннен бастап өмір сүре бастаған, сол халықтың рухани талабына жауап бере білген, эстетикалық талғамы үдесінен шыққан, ауызша таралып, ауызша сақталған бай, көркем әдеби тілі болды. Бұл әдеби тілді Абай жақсы білді, барын алып, жоғын толықтырды, жаңа кезеңге көтерді, дамуының жаңа бағытын бастады, оны қазақ халқының жаңа жазба әдеби тіліне ұластырды. Бұл тіл – қазіргі ұлттық мемлекеттік әдеби тіліміздің бастамасы, арқауы, іргетасы болды. М.Әуезовтің жазғандарына қарағанда, Абай қазақтың бай ауыз әдебиетін, өзіне дейінгі және өзімен тұстас Арқа, Атырау, Жетісу ақындарын жақсы білген, тілдеріне зер салған. «Сөздері бірі – жамау, бірі – құрау», – деп сол әдебиеттің үш ірі өкілі – Бұқар, Шортанбай, Дулатты атап сынағанымен, олардан көп үйренген. Бұл сынында Абай олардың ақындық шеберлігін, сөз қиыстыру амалдарын олқысынбаған, бірақ суреткерлік идеяларына, ой кедейлігіне көңілі толмаған. Қазақтың ауызша әдеби тілін өз шығармаларына негіз етіп, жаңа сатыға көтергенде, Абай оның дәстүрлі нормалары мен даму барысындағы принцип-бағыттарын мансұқ еткен жоқ, керісінше, ең өміршең әрі қисынды белгілерін сақтап, оларды әрі қарай дамытты. Ауызша әдеби тіл қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілін негіз етіп ұстанған болса, Абай да өз тілінің сөздік байлығы мен грамматикалық құрылысын жалпыхалықтық тіл нормасына бағындырды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан көркемдік-бейнелеуші тәсілдерін барынша пайдаланды. Бірақ Абайдың жаңашылдығы – бұл дәстүрді (нормаларды) бұлжытпай, сол күйінде пайдалану емес, оны әрі қарай шығармашылық түрде шыңдап, оған сапалық жаңа сипат беру.

Әдеб.: Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі. - Алматы, 1949; Әуезов М. Қазақтың әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство. - 1981. - №4; Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. - Алматы, 1968.

Ауыстыру

Ауыстыру (инверсия) – сөйлем ішіндегі бір-біріне қатысты сөздердің, сөйлем мүшелерінің, күрделі сөз орамдарының, әдеттегі орын тәртібінің бұзылып берілуі. Бұл бұзылу – тіл нормасынан жөнсіз ауытқу емес. Ауыстыру әр алуан мақсатпен орындалады, әсіресе, поэзияда өлеңнің ырғақ, ұйқас сияқты шарттарын өтеу үшін ақындар ауыстыруға жиі барады және бұл – өлең тіліне тән табиғи заңдылық. Осы заңдылықтан Абай өлеңдері шет қалмайды. Ақын ауыстыруды тек ырғақ пен ұйқас талабынан ғана емес, сөзге логикалық екпін түсіру, негізгі идеяны алдыңғы тармақта немесе тармақ басында беру сияқты стильдік мақсатта пайдаланады. Мысалы, есімдіктен болған бастауышты баяндауыштан соң қойып, тармақ соңында келтіргенде, көбінесе, оған ой екпіні түсетіні аңғарылады:

Сүйер ұлың болса, сен, сүй,

Сүйінерге жарар ол!...

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен.

Жыл жиылып, қартайып, қылғаны – бұл...

Сол сияқты мына тармақтарда да ауыстыруға ұшыраған пысықтауыштар ырғақ пен ұйқас талабынан гөрі ой екпінін түсіру үдесінен шығып тұр:

Ескі бише отырман бос мақалдап,

Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап....

Мұнда автордың негізгі көңіл аударайын дегені – ескі би, ескі ақынның өздерін атау емес, олардың поэзияға деген көзқарасын айқындау. Әдетте, бастауыш пен баяндауыштың, толықтауыш немесе пысықтауыш пен баяндауыштың орын алмастыруы – қазақ поэзия тілі үшін кәнігі құбылыс және ол көбінесе ырғақ пен ұйқас талабынан туады. Ал Абайда бұдан басқа анықтауыш пен анықталушы мүшенің, көмекші етістіктермен келген тіркестер мен тұрақты тіркес компоненттерінің өзара орын алмасуы жиірек ұшырасады. Мұнда да ақын ауыстыруға ұшыраған сөздерді екпін жағынан оқшаулап, оларға назар аудартады. «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан» дегенде күзгі бұлттың түсі суықтығы баса айтылуы үшін *түсі суық* анықтауышын анықталатын *бұлт* сөзінен кейін келтіріп, орындарын алмастырған. Анықтауыш пен анықталғыш сөздердің арасына өзге сөйлем мүшелерін

енгізу Абайда жүйелі түрде кездеседі: «Сөзді ұғарлық кем кісі», «Көкірегі сезімді, тілі орамды», «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін», «Алмасы өкпе болар қол батпаған». Соңғы мысалдағы қол батпаған анықтауышы өкпеге қатысты емес, алма сөзіне қатысты. Негізгі сөз бен көмекші етістіктің араларына сөз салу немесе орындарын алмастыруларды Абай еркін қолданады: «Кімге достық көп еттім», «Сағаттың шықылдағы емес ер-мек» т.б. Жүйелі түрде келетін, жиі пайдаланған ауыстырудың тағы бір түрі – бір жолға орналастырылған бірыңғай параллель мүшелердің арасына өзге мүшелерді келтіру «Қаны қара бір жанмын, жаны жара», «Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі», «Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың» т.б. Бұндай алмастыруды туғызған – тек ырғақ мотиві емес, сондай-ақ ақын бірыңғай мүшелерді бір бунақ етіп бастап (қаны қара...), оған назар аудартып алып әрі қарай араларына өзге мүше қатыстырып (бір жанмын) параллель анықтауыштарға ой екпінін түсіретін тәрізді: «қаны қара, жаны жара бір жанмын» дегенде, ақынның айтпағы – әйтеуір бір жан екендігі емес, қаны қара, жаны жара жан екендігі. Ауыстыру тек бір тармақ бойында емес, тармақаралық та болып келеді. 2, кейде 3-4 тармақта берілген бір сөйлемнің мүшелері немесе компоненттері әдеттегі орындарынан ауыстырылып беріледі. Бұл да – қазақ поэзиясы түзілісіне тән тәсіл. Абай ауыстырудың бұл түрін жүйелі, өнімді түрде қолданған:

*Антпенен тарқайды,
Жиылса кеңеске,
Ор қазып байқайды,
Туажсау емеске...*

Тармақаралық ауыстыруды жасаудың бір тәсілі – алдыңғы тармақта негізгі ойды айту. Әсіресе, Абайдың динамикалық іс-әрекет емес, статикалық күй-жай суреттелген өлеңдерінде ой екпіні бірінші жолға түсіріледі. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде табиғат жарық айдың сәулесі суда дірілдеген тыныш қалпында өлеңде айтылған ғашық жастар бір-біріне аулақта жолығысып, «иегі тамаққа кіріп» құшақтасып тұрған статикалық күйінде суреттеледі, соған орай осы күй-қалыпты білдіретін негізгі ой бастан-аяқ әр екі тармақтың алғашқысында берілген:

*Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп...,
Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуға аулаққа...*

Идея негізін алдыңғы тармақта айтып алу Абайдың өз замандастарының портретін жасаған өлеңдері мен лирик туындыларында да кеңінен қолданылған, өйткені бұлардағы ақынның бірінші мақсаты – қауырт іс-әрекетті суреттеу, ол іс-әрекеттің қалай орындалғанын білдіру емес, сол іс-әрекеттің адамға ғана тән екендігін көрсету. Мысалы:

*Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға... –*

деген тармақтар алмастырылмай «арқаға ұлық қаққанға, болысың мәз болады» деген қалыпты түрде берілсе, логикалық ой болыстың өзі емес, қалайша орындалған іс-әрекетіне түсер еді. Ал ақынның айтпағы – арқаға ұлықтың қағуы емес, сол ұлық арқасына қағып болыс қойған адамның өзі туралы.

Абай әдейі қолданған стильдік ауыстырудың және бір түрі – өлең шумағында айтылмақ ойдың ұйытқысы ретінде логикалық екпінге ие болған сөйлемді не сөйлем бөлігін шумақтың ең басына қойып, әрі қарай соны анықтайтын, айқындайтын құрылымдарды орналастыру. Мысалы:

*Дос алады, бермесең, бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп.*

Бұл шумақтағы айтпақ ойдың қазығы – достың да «алармандардың» бірі екендігі, әрі қарай неліктен, қайтіп, қашан аларман болатындығы баяндалады. Абай өлеңдеріндегі ауыстыру әдеттегідей өлеңнің ырғақ және ұйқас талабын өтеумен қатар, көп сәтте стильдік жүк арқалаған. Бұл – биік сатыға көтерілген поэзияның бір қыры.

Әдеб.: Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. - Алматы, 1971; Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. - Алматы, 1973.

Дулат Бабатайұлы

Дулат Бабатайұлы (1802-1874) – көрнекті ақын. Өлеңдері ел ішінде көп тараған. Дулат шығармалары негізінен дидактикалық негізде жазылған. 1880 жылы Қазанда жарық көрген «Өсиетнама» деген жинағына ақынның замана туралы толғаулары енген. Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «Ал, қарағай сұлу сындарлы», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жок» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айырылған ел жағдайын сөз етсе, «Сүлейменге», «Кеңесбайға», «Баракқа», «Ел аралаған ишанға», «Еспембет» өлеңдерін жеке кісілерге арнайды.

Ақын XIX ғасырдың 40-50 жылдарында өндіре жазған. Бұл – Ресей патшалығының қазақ жерін отарлау саясатының барлық салада бел алған кезі. Дулат осыны жыр өзегі етсе, кертартпа феодалдық-хандық дәуірді жоқтағаны емес, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсағаны еді.

*Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, шап болды...
Заманға сай адамы –
Қу заманға сұм басшы
Сорымызға тап болды... –*

десе, тіпті өткен ғасырдың орта тұсы емес, одан 100-150 жыл кейінгі біздің заманымыздағы қазақ халқының, оның қоғамының күй-қалпын суреттеп отырғандай. Дулат ақын айтқандай:

*Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан дағы қылықты...
Майырдың алса бұйрығын
Борбайға қысып құйрығын
Ел пысығы жортады-ай, –*

сияқты шындық жергілікті басшыларға бұдан бір, бір жарым ғасыр бұрын ғана емес, «одақтасып» тұрған кезіміздегі біздің де ұлықтарымызға тән еді. Дулат ақынның бұл жердегі байқағыштығын кейін ұлы Абайдан да көрмейміз бе? Отаршылдық қамытын мықтап киген қазақ қоғамының ащы шындығын жырлауға келгенде, Дулат пен Абай көп сәтте бір-

біріне үндес келіп жатады. Дулат суреттеген өз елін, қазақты қорқытатын «ел пысығы», айталық, болыс «майырдың бұйрығын алғанда, борбайына құйрығын қысып, алдына түсіп томпаңдаса», Абай бейнелеген болыс та:

*Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап... –*

деп өзі мойындайды. Абай да:

*Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға... –*

деп, Дулат айтқан «шен-шекпенге сатылған, батпаққа елін батырған» ұлықтар портретіне ұқсас етіп беріп тұр. Әрине, бұл жерде Абай образды Дулаттан «ұрлап тұрған» жоқ: екеуін де осылайша сөйлетіп қойған – өмір шындығы, олардың сол шындыққа барған суреткерлік талғамдары. Абайдың қазақ халқының тағдырын толғаған көп сөзі жүз жыл кейінгі біздің заманымызға арналғандай көрінсе, Дулаттың да:

*Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң майырға,
Сібірге кеттің айдалып.
Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарыңа айна алып... –*

дегені де бейне бізге айтып тұрғандай. Ар жағын былай қойғанда, соңғы 70-80 жыл бойы Дулат айтқандай:

*Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай.
Ақбөкендей алданып,
Жылқыдай делбе сандалып... –*

империялық торға, коммунистік әміршілдік құрығына түскен жоқпыз ба? Жалғыз ел билеу, заң-сот істеріне қатысты ғана емес, өзге сәттерде де екі алыптың үндес, идеялас тұрғанын көреміз. Мысалы, ақынға, ақындыққа екеуі де қатаң талап қояды. Дулат:

*Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса.
Сөз – жібек жіп, жыр – кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баттаса... – десе, Абай:
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы... –*

деген талап қояды. Бірақ «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиген» сөз патшасын қалың жұртшылық түгел қабылдап жатыр ма? Абайдың:

*Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы... –*

деп зар илегені және белгілі.

*Кім жалғыз бұл жалғанда, есті жалғыз,
Мұңдасар болмаған соң бір сыңары.
Жалтаңдап жалғыз Абай өткен жоқ па?
Қазақтың табылды ма соның пары?
Өлеңімен жұбатты өзін өзі,
Еңбегі – еш, іші – беріш, жүзі – сары.
Сөзін ұғып, ақылын алмаған соң,
Патша қойса не керек қазақ шары?! –*

деп Шәкәрім айтқандай, ұлы Абай «сөзімді айналама жеткізе алмадым, ұғып тыңдар адам аз» деп күңіренсе, осы ойды Дулаттан да көреміз. Ол бірде:

*Бәрі тегін жер тезек
Қайсысын таңдап алайын,
Асыл сөзден бұл кетті... –*

дей келіп, сол асыл сөзді айтатын да, тыңдайтын да кісі жоқ, ылғи «қылжың, қылжақ туысқан, қырт пен мылжың ағайын» десе, тағы бірде:

*Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді...
Бәрін айт та, бірін айт,
Ұғынар мұны ел қайда?.. –*

деп, заман жайын толғап, ел билеген ұлықтар мен қадірі асқан жақсыларды сынап, «қармайтұғын талы қалмай, тереңге сүңгіген елі» туралы «түнде ұйқы бермеген көзінен төккен

арманын» айтады. Бұл – Дулат пен Абайдың ортақ зары, заманы, ортасы тудырған шындық үні. Дулат – Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішінде жазба поэзияға біртабан жақын келген, Еуропа мен орыс мәдениетінде классикалық поэзия деп аталатын өлең сөздің біраз белгілерінің қазақтағы бастауын танытқан ақын. Қазақ поэзиясы Абайға дейін ауызша жаралып, ауызша таралған, бірақ тілі ауыз әдебиеті тілінен өзгеше түсетін, авторлы поэзия болды, қазіргі жоғары үлгідегі жазба поэзияны бастаушы – ұлы Абай десек, Абайдың тақыр жерден өнер таппағанын және білуіміз керек.

Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгілерін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады. Сөзіміз құрғақ болмас үшін «көзбен көрсетіп, қолмен ұстататын» мысалдармен делелделік.

Дулат – жыраулық мектептен шығып, ақындық мектепті күшейткен суреткер. Бұл – жыраулықтың төмендігінен, әлсіздігінен емес, заман талабынан туған бетбұрыс. ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы үшін енді өлең арқылы ақыл-насихат дидактикалық сипат пен заман, қоғам, адам туралы жалпы философиялық толғаныстар аздық етеді. Ендігі жердегі поэзиядан нақтылыққа көшіп, заманға ілесіп отыру, жалпы насихаттан гөрі сынау, күйіну, сүйіну сияқты нақты суреттерге бару талап етіледі. Дулатты кейде, тіпті, жырау деп атағанымен және сырт қарағанда өлең-жырлары 7-8 буынды жыр өлшемімен келгенімен, ол – жырау емес, ақын. Өйткені құрылымдық және тақырыптық бітімі жағынан Дулаттың өлеңдері – бұрынғы жырауларды былай қойғанда, тіпті кешегі Бұқар толғауларынан, одан қалды, өзімен тұстас ақындардың туындыларынан мүлде өзгеше құрылған дүниелер. Жазба поэзияның өлең әдісі ауызша дамыған өлең-жырлардан ерекшеленетін болса, сол өзгешеліктің бірі – шығарманың белгілі мақсатпен ажыратылатын ірі бөліктерге, ғылым тілімен айтқанда, шоғыр (тирада) дегендерге бөлінуі. Әр бөлік бір шағын идеяны (тақырыпты) білдіруі шарт, сонымен қатар әр бөлікті шоғыр етіп тұратын құрылымдық белгілері болуы қажет. Шоғырлардың тармақ сандары біркелкі болмайды және әр шоғырдың соңғы жолындағы ұйқас өзге шоғырлардың ең соңғы жолындағы ұйқаспен бірдей

түсіп, сол өлеңді тұтас дүние етіп құрастырып тұруы керек. Демек, өлеңдегі шумақ пен шоғырды шатастыруға болмайды: шумақ – қазақ поэзиясы құрылымында бұрыннан бар тәсіл, оның тармақ сандары біркелкі болады. Өлеңді шоғырларға бөліп құрастыру тәсілі қазақтың ауызша дамыған өлең-жырларында жоқ. Ол – жазба әдебиетке тән өлең құрылымы. Бұл құрылым қазақ поэзиясында Дулаттан басталады. Ақынның «Тегімді менің сұрасаң» деп басталатын өлеңі 6 шоғырдан тұрады.

1-шоғыр:

*Тегімді менің сұрасаң,
Қалың найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам.
Сорғалаған нәсердей
Жырын тыңда Дулаттың...*

Мұндағы тақырып – ақынды таныстыру, алдыңғы 8 тармақ екі-екіден бөлініп, өзара ұйқасқан (*нуынан, буынан, суынан*), ең соңғы 10 тармақ жоғарғы ұйқастан тыс *Дулаттың* деген сөзбен аяқталады. Келесі 6 жол – бір шоғыр, мұндағы тақырып – жырын тыңдауға шақырған ақынның қандай екендігін таныстыру, бұл шоғырдың өз ішінде ағызып, *тамызып, тойында, ойында* деген ұйқастары бар, ең соңғы жолы *Дулаттың* деген сөзбен аяқталады да алдыңғы шоғырдың соңғы тармағымен ұйқасады. Алты жолдық 3-шоғыр да ақындық қуатты танытуға арналған. 4-шоғыр осы ақындық қуатты неге, кімге жұмсайтынын білдіреді, соңғы тармағы *улаттым* деген сөзді ұйқасқа шығарады. 5, 6-шоғырлар да осылайша әрқайсысы бір-бір шағын идеяны сөз етіп, ең соңғы тармақтары арқылы өзара ұйқасады. Сөйтіп, алты шоғыр бір ұйқасқа құрылып, өлең тұтастығын құрайды. Бұл – нағыз жазба поэзия үрдесінен шыққан композиция. Дулаттың едәуір шығармасы осындай құрылыммен ұсынылған. Бұл тәсілдің алғашқы көрінісі Дулаттан басталса, оны жүйеге айналдырып, әрі қарай бекіткен Абай екенін білеміз.

Жоғары дамыған поэзияның басты белгілерінің бірі –

поэтикалық образдар жүйесінің әр сипатты, алуан түрлі болып келетіндігі. Поэтикалық образ жасаудың тілдік механизмі, яғни образдың тіл арқылы берілуі де Дулатта дағдыдан тыс, жаңа түрлерімен көрінеді. Мысалы, мағыналары жағынан бір-бірімен тіркеспейтін сөздер болады. Айталық, дерексіз (абстракт) ұғым атауы мен деректі (нақты) заттардың немесе адам мен жан-жануарлаға тән сын-сипат пен іс-қимыл атаулары бір-біріне жуыспауы керек. Ал көркем әдебиетте, оның ішінде поэзия тілінде образ жасау үстінде мұндай мағыналық кереғар сөздерді тіркестіру – ұтымды көркемдеуші амалдардың бірі болып саналады. Мысалы Абай *жүрегім менің қырық жамау қиянатшыл дүниеден* дегенінде ауылдары алшақ сөздерден *қырық жамау жүрек, қиянатшыл дүние* деген соны тіркестер жасаған. Бұл тіркестерді құрап тұрған сөздер – тіркесімдік қасиеттері бір-біріне жуыспайтын элементтер: қырық жамау не киім, не төсек-орын болса керек, ал бұл жердегі *жүрек* сөзі «көңіл, сана-сезім» мағынасында тұр, демек, дерексіз ұғым атауы. Соған қарамастан, бұлар тіркесіп, «көп жапа шеккен, зар илеген көңілім, ішкі дүнием» дегеннің соны образын жасауға жұмсалған. *Қиянатшыл дүние* де осы іспеттес. Қиянатшыл адам болса керек еді, бірақ Абайдың дүниесі қиянатшыл сипатқа ие болып тұр. Міне, осы тәсілді көпке дейін Абайға орыс әдеби тілінің әсерінен пайда болған тың амал деп келдік, өйткені, бұл XIX ғасырдағы орыс поэзиясында кеңінен өріс алған ұтымды тәсілдердің бірі болғаны аян. А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтарды оқып, игеріп, оларды аударуға барған Абайдың назарына, әрине, орыс тілінің көркемдеу амалдары ілігуі мүмкін. Бірақ дәл осы тұста Абайға орыс көркем сөзі емес, қазақтың төл поэзиясының тілі үлгі болған. Ілгерірек уақыттардағы ақын-жыраулар тілінде бұл амал ара-тұра кездесетін болса, XIX ғасыр ақындарында едәуір жандана бастайды. Әсіресе Дулат өлеңдерінен *әділетке шөлдеу, жырмен жуыну (Кеудеме қайғы толған соң, Тұнық жырмен жуынам), арманды төгу (Күндіз күлкі бермеген. Түнде ұйқы бермеген. Көзінен төкті арманды), жетімдіктің белі, көңілдің құтысы* сияқты тіркестердің, сонылығы осылар қатысқан өлең жолдарының экспрессиясын (әсерін) күшейтіп, бұрын айтылмаған тың образдар жасап тұр. Мысалы, *Әкеңнің айтқан аз сөзін құтысына көңіліңнің төгіп алма, дәлдеп құй* деген

жолдарында ақын *көңілдің құтысы, ақылды құтыға құю* деген тіркестерді «қиыннан қиыстырады», өйткені бұлардағы сөздер «түтіні бөлек» дүниелер: құты – нақты зат, сауыт, ал көңіл – қолмен ұстап, көзбен көріп, құтыға салуға болатын нақты зат емес, сондай-ақ оны суша, сүтше құюға да болмайды. Бірақ поэтика, яғни өлең тілі бұлайша «норма бұзуға» бара алады. Көркемдеу тәсілдерін іздеу, оларды құбылтып отыру – асқан зор талант иесінің, қас шебердің, үлкен ақынның арқалайтын жүктерінің бірі.

Жалпы өлең сөздің, оның ішінде жазба поэзияның да көркемдік сипатын танытатын тәсілдердің және біреуі – белгілі бір затты, құбылысты, іс-әрекетті бейнелей суреттеп, өзгеше атау болса (оны ғылымда перифраз деп атайды), мұнда да ақынның тапқырлық, әр нәрсенің қыр-сырын танушылық қабілеті күшті болмаққа керек. Бұл орайда да Дулат ақынның сөз күдірегін танушылық қасиетіне тәнтіміз. Мысалы, өткен ғасырдың орта тұсындағы қазақ қауымының мәдени-әлеуметтік күй-жағдайын бейнелейді: *Толқынды теңіз заманнан, Сенімді кеме болмаса, Жел қайықпен өтер ме?* деп, қалтылдаған қайыққа теңейді.

Теңеу, салыстыру дегендер де – қазақ поэзиясы үшін кәнігі, көркемдеу амалдары. Дулат пен Абай сияқты ақындардағы қазақ құлағы үшін тосын теңеулер мен метафоралар да ақындық таланттың күшін танытады. Мысалы, Дулаттың:

*Күнәм жойқын, тәубем аз,
Тіршіліктен не таптым!
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып, әркіммен
Не қапқыздым, не қаптым... –*

деген өлең жолдарындағы теңеулер мүлде тың. Бұрын жалған дүние, алдамшы дүние, қайран дүние деп сипаттап келгенмен, дүниені жемтікке балау – қазақтың наным-сеніміне жат түсінік, ал ақынды сол жемтікті аңдыған төбетке теңеу тіпті шендестіруді «бастан асырып жіберу» болып көрінеді. Ойшыл ақын, парасат иесі – төбет бірде өзгелерге өзін қапқызады, бірде өзгелерді өзі қабады. Бұл – өмір шындығы, бірақ сол шындықты суреттеу сипаты соны. Ол – ең алдымен, өзіне дейін сан ғасыр бойы қазақ қауымының көркемдік-эстетикалық қажетін

өтеп келген ақын-жыраулар поэзиясының, бай ауыз әдебиетінің барша байлығын шебер, еркін пайдаланған ақын. Мысалы, оның өлеңдеріндегі *тұғырдан түсу, олжаны ортаға салу, жағасы сөгілу* сияқты етістікті тіркестер де, *айбарлы ақ орда, шанишулы найза, алтын қарғылы арлан, кең қоныс, еркін өріс* сияқты эпитетті тіркестер де – кәнігі, баршаға ортақ дүниелер. Ақын күдіреті – осыларды орнымен, шебер жарата білгендігінде. Дулат – Абайдың алдында өткен қазақ сөз зергерлерінің ішіндегі ең мықтысы. Дулатты ауызша тарап келген ақын-жыраулар тілі мен Абай бастаған жазба әдеби тілді жалғастырған көпір деп тану қажет.

Жаңа сөздер (неологизмдер)

Абай қазақ тілінің төл сөздері мен тұрақты тіркестерін еркін және өнімді пайдаланумен қатар лексикалық қорды көптеген жаңа сөздермен және фразеологизмдермен толықтырды. Бұған ақынның шығармашылық қырларының кең тақырыптылығы, проза жанрына, оның ішінде публицистика мен ғылыми жанрларға баруы, орыс әдебиетінен аударма жасауы және поэтика қажетін өтейтін тың элементтерді іздеу әрекеттері себеп болды. Абай тіліндегі жаңа қолданыстарды тілдік немесе лексикалық және стильдік жаңа сөздер деп айырып қарастыру қажет. Абай – өз заманын жан-жағынан алып сөз еткен қаламгер. Сондықтан ол, бір жағынан, өз дәуіріндегі қазақ қоғамының рухани және заттық дүниесіне енген жаңалықтарды, соған орай лексикалық қазынасына енген жаңа сөздерді өз тұсындағы тіл тәжірибесінен алып қолданса, екінші жағынан, сол қазынаға біраз жаңа қорды өзі жасап қосты. Әсіресе, Абай қаламынан туған жаңа сөздердің дені болып келетін дерексіз ұғым атаулары – оның теология, философия, этика, мораль тақырыптарын сөз етуінің жемісі. «Қара сөздер» деп аталатын прозалық туындысында қоғам өмірі, қоғамның заң-законы, адамның мінез-құлқы сияқты тақырыптарды сөз ету үстінде бұрынғы кейбір атауларды жаңаша ұсынуға, жоқтарын жасауға, барларының мағынасын айқындап бір ұғымда тұрақтандыруға мәжбүр болды. Жаңа сөздер жасауда Абай бірінші кезекте жұрнақ, жалғау, содан соң мағына жаңғырту, сөз тіркестіру амал-

дарын пайдаланды. Олардың бірқатарын тұрақтандырып, терминдік дәрежеге көтерді. Мысалы **-лық** жұрнағы арқылы *тоқтаулылық, байлаулылық, тиянақсыздық, қорғалауықтық, күлкішілдік, ершілік* т.б., **-мақ** жұрнағы арқылы *сезбек, сүймек* т.б. тәрізді туынды тұлғалар жасап, оларды нақты дерексіз ұғым атаулары етеді. Мыс.: «әрбір нәрсеге қызықпақтық», «Арылмас әдет болды күлкішілдік», «Өршілдікпен лағынетке болған душар», «Адамзатқа не керек: сүймек, сезбек, кейімек». «Ішпек, жемек, кейімек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мәнсап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар». Абай қаламынан туған жаңа элементтердің бір тобы – лексикаланған тіркестер, яғни, көбінесе екі сөздің тіркесіне **-лық** жұрнағы жалғасып, бір дерексіз ұғымды білдіретін күрделі атаулар. Мысалы: *қызба бастық, әсем салдық, күлкі тоқтық, өнер жоқтық, есі барлық, зор болғандық, адам жаулағандық* сияқты тіркестер – қазақ әдеби тілінде Абайға дейін кездеспеген тұлғалар. Абай мұндай жаңа тіркестерді өлеңдерінде де, прозасында да жүйелі түрде қолданып, лексика қазынасына қосқан. Абай тіліндегі жаңа сөздер тек дерексіз зат есімдер емес, етістіктер тобында да бар. Мысалы, *қайраттысу, әсемсу, сәнсу, қалжыңшылсу, жарамсақсу, серкесу, жер тәңірсу, қалжың бассу, еңбегі жоқ еркесу* сияқты қимыл атаулары – тек Абай текстерінен табылатын жаңа қолданыстар. Грамматикалық зерттеушілер түркі тілдеріндегі **-сы (-сі)** жұрнағы есім тұлғаларынан сөйлеуші өзін не өзге біреуді біреуге немесе бірдеңеге балап көрсететін я болмаса бір нәрсені істеген істемеген етіп танытатын етістіктер жасайды деп анықтайды. Мысалы, *мырзасу, батырсу, білгенсу, жазғансу* дегендерде сөйлеуші өзін не басқа біреуді мырзаның, батырдың қылығын, сипатын иеленген жанға немесе бір нәрсені білген, жазған адамға балау мағынасы бар. Сонымен қатар бұл жұрнақ жалғанған сөздің мағынасында семантикалық қосымша реңкі және болады, ол сөйлеушінің өзін не өзгені біреуге не бірдеңеге жай балай салу емес, ұқсауға тырысу немесе көлгірсу реңкін қоса береді. Абай **-сы** жұрнақты туынды сөздердің осы реңкін жақсы пайдаланған. Мысалы, «Ұққыш жансып шабынар», «Жер тәңірісіп кермағыз» дегендерінде ұққыш жанға, жер тәңіріне жай ғана ұқсау емес,

ұққыш жан жер тәңірі емес екенін, тіпті оларға ұқсамаса да ұқсап баққан, көлгірсіген реңк бар. Туынды етістік жасайтын **-сы** жұрнағын пайдалануда Абайдың жалпыхалықтық тіл нормасынан сәл ауытқитын ерекшелігі бар. Абай *бәлсіну, сәнсіну, керексіну* деп, жалпы тіл нормасында қалыптасқан тұлғаларды емес, *бәлсу, сәнсу, керексу* деп жұрнақты түбір сөзге тікелей жалғайды, сол арқылы бұл туынды тұлғалардың мағыналық бояуын қалыңдатады. Мысалы, «Ел керексу» дегені елді керексіну деудің орнына келіп тұр. Бір қарағанда, мұндай тұлғалар тосын, нормадан ауытқу сияқты болып көрінгенмен, бірде экспрессивтік мән алып, бірде ұйқас, өлшем құрауға жәрдемдесіп, жиі қолданылғандықтан және өлеңнің идеясын ашуда кедергі, яғни түсініксіздік тудырмайтындықтан, Абай тілінің бір ерекшелігі ретінде орын алады. Абай шығармалары тілінде көптеген төл сөздердің мағыналары жаңғыру (ауысу, тарылу не кенею) арқылы айқындалып, біразы терминдік дәрежеге көтерілді. Бұл ретте әсіресе қоғамның әлеуметтік топтары мен экономика, сауда-саттық, заң, әкімшілік салаларына қатысты ұғым, зат атауларын білдіретін төл немесе кірме сөздер көзге түседі. Олардың ішінде кейбіреулері (мысалы, *болыс, жатақ, шаруа, закон, законшік, арыз, іс, қызмет, шығыс, өсім, өсімкер, алыпсатар, атқамінер, пайда, кеспе* т.б. нақтылы ұғым атауы ретінде терминге айналды. Әрине, бұлар – тек Абай тудырған жаңа сөздер емес, сол тұстағы жалпыхалықтық тілдегі жаңа ұғым атаулары. Бұлардың көбі мағына жаңғырту арқылы пайда болған, олар – жұрнақ арқылы жасалғандармен салыстырғанда аса көп те емес, дегенмен Абай мен оның тұсындағы ауызша, жазбаша тілде кеңінен орын ала бастаған лексикалық құрам бөлігі. Жаңа сөз жасаудың өзге тәсілдері Абай тілінде өріс алмаған.

Екі түбірді біріктіру арқылы жаңа сөз жасау қазақ тілінде бар тәсіл болғанымен, бұл жолмен Абай жаңа сөз жасамаған. Оның шығармаларында кездесетін *елубасы, атишабар* тәрізді сөздер (олардың өзі арабша жазылған) қолжазбалар мен кітаптарда бір-бірінен бөлек таңбаланған. Абай туындылары емес, сол кезеңдегі жалпы қолданыстағы жаңа сөздер, жаңа құрылымдардың ең үлкен түрін Абай фразеология саласында жасаған. Соны фразеологизмдер жасауда перифраза жиі

қолданылған. Тек перифразалау үшін емес, жалпы жаңа образдар жасау үшін Абай семантикасы жағынан қатыспайтын сөздердің тіркестерінен жаңа фразеологизм жасайды. Мысалы, *тентек жиын, саңырау қайғы, жабырқаңқы сөз* дегендерде алдыңғы сын есімдер – адамға қатысты айтылатын сөздер, ал мұнда адам емес, *жиын, қайғы, сөз* сияқты дерексіз ұғымдардың сипаттамасы ретінде берілген. Бұл – Абайда жүйеге айналған, кеңінен қолданылған тәсіл және ол кейбір зерттеушілер танығандай, орыс әдеби тілінің ғана әсері емес, бұрыннан қазақ әдеби дүниесінде сирек болса да кездесетін, үлгі-моделі бар амал (мысалы, Дулатта ойдың *мөңіреп жұртқа қайтуы*, ақылды көңілдің *құтысына құю*, Шәңгерейде *ақ ниеттің тотығуы* т.б.). Фразеологизмдер саласында жүйелі түрде Абай жүргізген тағы бір жаңалық – бұрынғы фразеологизмдердің компоненттерін өзгертіп қолдану, сол арқылы тың ассоциация туғызу. Мысалы, Абайдың *уайым жеуі* тіркесін *қайғы жеуі, өсекке таңу* дегенді *өсекке салу, ауызға сөз түспеу* дегенді *тілге сөз түспеу* деп беруі – кәнігі тіл нормасын бұзу емес, стильдік өң беру, өлең өлшемі, ұйқасы талабын өтеу т.б. сияқты әр алуан мотивпен жасалған құбылтулар. Сөйтіп, Абайдағы лексикалық жаңа сөздер бірнеше түрлі мақсат көздеп жасалынған: бірі – шығармаларының әр қырлы тақырыбына қарай өзі қолданған жаңа ұғымдарды қазақтық атау, бұл салада әсіресе дерексіз ұғым атаулары көзге түседі, екіншісі – образ жасау үшін стильдік жаңа сөздер қолдану, бұған **-сы** жұрнағымен келген етістік сөздері дәлел болады. Абай тілінде сол кезеңдегі жалпы қазақ тілі үшін жаңа сөздер болып табылатын бірсыпыра атаулар еркін және молынан қолданылған. Бұған әсіресе әлеуметтік саяси-экономикалық мәдениет, оқу-білім салаларына қатысты мағына жаңғырту арқылы және өзге тілдерден сөз қабылдау арқылы жасалған жаңа тұлғалар жатады. Бұл реттегі Абай тілінің ерекшелігі кейбіреулерінің мағыналары айқындалып, бір ғана ұғымда тұрақталып, терминдік дәрежеге көтеріледі (*шаруа, жатақ, арыз, іс, қызмет, өсім, болыс, партия, кандидат* т.б.).

Әдеб.: Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. - Алматы, 1968; Сыздықова Р. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихы. - Алматы, 1984.

Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыру

XIX ғасырдың II жартысы, әсіресе соңғы ширегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінде елеулі тарихи оқиғалар, өзгеріс-жаңалықтар мен шиеленіскен тартыстар дәуірі болды. Тілдің белгілі бір кезеңдегі деңгейі мен даму барысына қоғам өмірінің елеулі әсер ететіні белгілі. Бұл кезеңде Қазақстанда кітап бастырудың етек ала бастауы, мерзімді баспасөздің, көпшілікке арналған жартылай ғылыми әдебиеттің пайда болуы, азаматтық оқу-білімнің қолға алынуы әдеби тілдің жазба түрін жандандырып, оның нақтылы стильдерге тарамдалу көріністерін туғызды. Діни оқудың қазақ қауымында осы тұста едәуір жандануы араб-парсы, шағатай тілдерінің одан әрі таныс бола түсуіне, бұл тілдердің қазақ тіліне әсер етіп, ауыс-түйістің жақсаруына септігін тигізді. Сондықтан тіл саясатын, оның жай-күйін жақсы танып, тілдің арта түскен әлеуметтік қызметін дұрыс түсінген қалам қайраткерлерінің атқаратын жұмыстары ұлғайды. Бұлардың ішінде, әсіресе Абайдың қызметі мен орны ерекше. Абай өмір сүрген кезеңде және оған дейін де қазақ қоғамы тіршілігінде ауызша сақталып, тарап, дамып келген байырғы әдеби тіл қызмет етті. Сонымен қатар көптеген түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба дәстүрдің негізінде қалыптасқан жазба әдеби тіл де қазақ мәдениетінен елеулі орын алады. Келешекте қазақ халқының рухани-мәдени қажетін өтейтін бірегей жазба әдеби тілді қалыптастыру үшін осы II түрлі тіл тәжірибесінің біреуін ғана негізге алу қажеттігі туды. Абай санғасырлық түркі жазба тілі дәстүрімен өзі ақындық дүниесінің есігін қағар шағында таңдауынан гөрі тамашалауы басым 14-19 жасында танысты. Оның шығармаларынан бізге осы дәстүрде жазған 3 өлеңі келіп жеткені мәлім. Кейін саналы, мақсатты шебер шығармашылыққа бет алғанда, ол шағатай тілі, шағатай әдебиеті дәстүрінен бас тартты. Бірақ көптеген түркі тілдерінің мұқтажын өтеп келген, санғасырлық тұрақты дәстүрі бар шағатай тілін Абайдың қаламауы бұл тілдің «жамандығынан» емес-ті. Ең алдымен, оған тілдің бұқаралық бағыты, жергілікті халықтың сөйлеу тіліне бет бұру бағыты басты себеп болды. Осы ағыстан қазақ тілі де қағыс қалған жоқ. Қоғамның өсіп келе жатқан мәдени, руха-

ни және эстетикалық мұқтажын өтеуде сол қауымның қалың бұқарасына ортақ, жалпыға түсінікті сөйлеу тілін таңдау қажеттігін Абай жақсы түсінді. Халықтың ұлт ретінде топтасуына ұйытқы болатын негіздердің бірі – жазба әдебиет тілінің болуы десек, Абай қазақ ұлтының қалыптасуы үшін мұндай қасиетті шағатай тілінен көре алмады. Ол мұны қазақ халқының сөйлеу тіліне негізделген ұлттық ауызша әдеби тілден тапты. Сөйтіп, XIX ғасырдың II жартысында қазақтың байырғы ауызша әдеби тілінің жаңа кезеңі басталды. Бұл кезең ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалады. Қазақтың ұлттық жазба тілі мен Ыбырай, Абайдың мол әдеби, педагогикалық, публицистикалық, текстологиялық шығармаларында, қазақтың алғашқы баспасөздерінің беттерінде, енді-енді көріне бастаған азаматтық тақырыптардағы кітапшалардың материалдарында, әр алуан бағыттағы ақындар өлеңдерінде, әлі де туындап жатқан ауыз әдебиеті үлгілерінде қолданылып, бел ала бастады.

Жаңа жазба әдеби тіл өзінің әлеуметтік қызметі, стильдерге тарамдалуы жағынан ауызша дамыған байырғы әдеби тілден де, кітаби тілден де өзгешеленіп тұрды. Байырғы ауызша әдеби тілден жаңа кезеңдегі қазақ әдеби тілінің ерекшелігі – оның жазба сипат алуында; қызмет ету өрісінің кеңеюінде; лексика-грамматикалық өлшемдерінің айқындалып, тұрақталуында: жаңа стильдік салаларға бөлінуінде; көркемдеуші тәсілдерінің түрленіп, молығып, жаңаруында еді. Байырғы ауызша әдеби тіл негізінен көркем әдебиетке, оның ішінде көбінесе поэзияға қызмет етіп келсе, жаңа жазба әдеби тіл әдебиеттің өзге салаларында: қоғамдық-публицистикалық, тіпті діни әдебиет үлгілеріне де қызмет етуге бағыт алды.

Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің дәстүрлі түркілік жазба тілге негізделген кітаби тілден өзгешелігінің бірі – қызмет ететін салаларды, яғни төл жазба әдеби тіл әдебиет түрлерінің басым көпшілігіне, әсіресе көркем әдебиеттің прозалық жанрларына қызмет етуді таңдауында болса, кітаби тіл ресми қағаздар (әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары т.б.) мен мұсылман дініне қатысты әдебиетті және ішінара көркем әдебиетті («қисса» деп аталған жанрды) қалады. Ұлттық әдеби тіл қазақ халқының сөйлеу тілінен алшақтамай, оны негіз етсе, кітаби тіл сөйлеу тілі өлшемдерінен алыстап, көпшілік бұқараға

бейтаныс түркілік және араб-парсылық белгілерді мол пайдаланды. Дегенмен бұл екі жазба тіл бір-біріне ықпалдарын да тигізді. Ұлттық жазба тіл бұрыннан жазба дәстүрде келе жатқан кейбір сөздер мен тұлғаларды өз тәжірибесінде еркін қолданды. Бұл тұстағы қазақ әдеби тілінің публицистикалық және жартылай ғылыми стильдерінде кітаби тілдің белгілері едәуір орын алды. Мысалы, «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газетінің» беттерінде араб-парсы сөздері көбірек көрінді, кейбір **-мыш** жұрнақты есімше сияқты «түркілік» тұлғалар да жиі жұмсалды. Орфографиялық өлшемдер көп сәттерде жазба тілдің екі түріне де ортақ болып келді. Осы күнгі *ең, әр, пайда, Құдай* деп жазылатын сөздер сол кездегі сөйлеу тілінде де осы тұлғаларда айтылғанымен, жазуда *неч, һәр, файда, Хұдай* деп қолданылды, дерексіз ұғымдағы араб-парсы сөздері көбінесе түпнұсқадағы таңбалануын сақтады.

Қолданылу өрісіне келгенде елеулі айырмашылықтар болды. Ақын-жыраулардың ауызша әдеби тілді танытатын өлең-толғауларында қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа өзге халықтардың әдеби дәстүрлеріне, тілдеріне иек арту көп көріне қойған жоқ, ал жазба әдеби тіл араб, парсы, шағатай, орыс әдебиеттерінің үлгісімен дамыды. Ауызша әдеби тілдің стильдік тармақтарға бөлінуі жазба тілге мүлде тең келмейді. Алғашқысы негізінен көркем поэзия мен шешендік сөздер (билер сөздері, әдет-ғұрып заңдары т.б.) стилінде ғана өмір сүріп келсе, ұлттық жазба тілдің көркем поэзиядан басқа көркем проза, публицистика, ресми іс қағаздары стильдеріндегі алғашқы үлгілері пайда болды. Жартылай ғылыми стильдің де нышаны байқалды. Ұлттық жазба әдеби тілдің осындай белгілерінің пайда болуына Абайдың қосқан үлесі, атқарған еңбегі айрықша. Абай, біріншіден, әдеби тілдің әлеуметтік қызметін қазақ қоғамының сол заман талабына сай ұштастырып, дұрыс тани білсе, екіншіден, нақты шығармашылық қызметінде: а) әдебиеттің идеялық-тақырыптық мазмұны мен тілінің үндесуін негізге алып, сөздік құрамға жаңа лексикалық топтар қосты, әсіресе социология, философия, право, эстетика тақырыбына қатысты сөздердің жоқтарын жасап, барларын тұрақтандырды; ә) сөздік байланысты қалыптастыруға тілдерді, әсіресе орыс тілін қатыстыруға жүйелі сипат берді, орыс сөздерін бұрынғыдан тек ауызекі сөйлеу тілі арқылы емес,

орыс жазба әдебиетінен тікелей алды, бұрынғыдай нақтылы зат атаулары ғана емес дерексіз ұғым атауларын да қабылдады, сондай-ақ орыс сөздерін қазақ тілінде жоқ ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, стильдік мақсаттарға пайдаланды; б) әдеби тілдің лексикалық өлшемдерін күшейтті, жеке сөздердің семантикасын тарылтып не кеңейтіп, айқындау арқылы белгілі бір мағынада тұрақталуын қамтамасыз етті, кейбір атауларды терминдік дәрежеге көтерді, сөздердің тіркесу аяларын кеңейтті, белгілі бір нақты ұғымды өзгелерімен шатастырмай, бір-біріне ұқсас зат, құбылыс, ұғым атауларын бөлек-бөлек беруді ұсынды. Қазақтың заңдарына байланысты әңгіме болса – *би*, Россия империясының заң қызметіне қатысты жерде – *судья*, шариғатқа қатысты тұста *қазы* сөздерін қолданып, мұсылманша, ескіше оқуды әңгімелесе, жалпы азаматтық білім алуды сөз етсе – *оқу-білім*, *ғылым-білім*, *ғылым оқу*, *ғылым табу* деген сөздерді жиірек пайдаланды, ал орысша ағарту ісін айта қалса, орыстың ғылымы, кейде тіпті *образование* деп те жіберді.

Қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасып, даму барысында ұлттық поэзияның орны ерекше. Абай ертеден қалыптасып, ауызша тараған аса бай әрі күшті қазақ поэзиясының жалпы заңдылықтарын сақтай отырып, көптеген жаңалықтар енгізіп, өзгерістер жасады. Бұл жаңалықтар жеке суреткердің қолтаңбасын көрсету, өлеңдегі сөз қолданыс тәсілдері, өлеңді айқын, ықшам және әуезді етіп ұсыну сияқты салаларды қамтиды. Абай қазақ поэзиясында ақынның өзіндік қолтаңбасы деген жаңа дәстүрді бастады. Абай шығармаларының тілі өзіне дейінгі, өзімен тұстас қазақ көркем сөзі тілінен ерекшеленіп тұрады. Заттың не құбылыстың сыр-сипатын әр қырынан айқындай түсетін жаңа теңеулерді мол енгізу (*асау жүрек*, *мұз жүрек*, *үрпиген жүрек*, *қырық жасау жүрек*), көркем бейне жасау үшін бояуы қалың сөздерді шоғырлап жұмсау, кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдерге стильдік жүк артып, оларды жиі қолдану, бұрын қазақ поэзиясы білмеген фразеологизмдердің жаңа түрлерін енгізу т.б. өлеңнің Абай қаламынан шыққандығын дәл танытады. Ол айтпақ ойын басы артық, қосалқы бейнелерсіз жеткізу арқылы өлең тілінің аз сөзді үлгісін жасады. Поэзия тілін жинақы, ықшам етіп, өлеңнің жеке тармақтары мен шумақтарының сыйымдылығын арттыр-

ды. Абай тілдің синтаксисіне де түбегейлі өзгеріс-жаңалықтар енгізді. Бұл тұжырым оның поэзиясына да, прозасына да қатысты. Прозасының синтаксисінде құрмалас сөйлемдерді, төл сөзді құрылымдарды жасауда және сөйлем мүшелерін орналастыруда Абай осы күнгі ережелерге ұласатын өлшемдерді ұсынды. Абайдың қазақ өлеңі құрылымына енгізген жаңа ырғақ, өлшемдері оның синтаксистік құрылысының да өзгеше болуын талап етті. Абай тіл қызметінің аумағын кеңейтті. Ол өзінің ғаклия сөздері арқылы әдеби тілді тек поэзияда ғана емес, сонымен қатар публицистикада, жартылай ғылыми мақалалардада қолдануға болатынын дәлелдеді.

Абай заманында қазақ тілі құрылысына әлеуметтік күштер саналы түрде араласа алмады, яғни әдеби өлшемдерді белгілеп, оларды тұрақтандыруға күш салатын ғылыми орталықтар, тілдің өлшемді-өлшемсіз сәттерін ретке келтіретін грамматикалық құралдар мен сөздіктер болған жоқ. Бұл жағдай жаңа кезеңдегі қазақ әдеби тілінің даму барысын, оған белсене атсалысқан Ыбырай, Абай сияқты қалам кайраткерлерінің қызметін ауырлата түсті.

Әдеб.: Әуезов М. Қазақтың, әдеби тілі туралы // Әдебиет және искусство. - 1951. - №4; Кенжебаев Б. Абай – қазақ халқының жаңа әдебиетінің негізін салушы // Ученые записки КазГУ им. С.М. Кирова. - Язык и литература. - 1955. - Т.19; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - Алматы, 1960.

Қарсы мәнделс сөздер (антонимдер)

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін сөздерді Абай көркемдеу, образ жасау құралы ретінде ұтымды пайдаланған. Ақын дүниеге көзқарасын ізгілік пен жамандық, өмір мен өлім, қастық пен достық, білімділік пен надандық сияқты кереғар іс-әрекет, құбылыстарды көрсету арқылы білдірсе, бұлардың тілдегі көрінісі – қарсы мәнделс сөздерді пайдалануы заңды. Абай қарсы мәнделс сөздердің баршасын дерлік образды күшейту үшін қолданған. Мысалы, «Ішім өлген – сыртым сау, Бүгінгі дос – ертең жау» деген жолдардағы барлық сөздер қос-қос қарсы мәнделс сөздер болып келеді: *іші – сырт, өлген – сау,*

бүгінгі – ертеңгі, дос – жау. Кейбір сөздердің нақты мағынасын қатарындағы қарсы мәндес сөздерге қарап тануға болады. Мысалы: «*Оқыған* білер әр сөзді, *Надандай* болмас ақ көзді» дегенде *оқыған* сөзінің семантикасы – жалпы бір нәрсені оқыған адам емес, *сауатты, көзі ашық адам.* Мұны бұл жердегі *надан* қарсы мәндес сөздерді білдіреді.

Кейбір сирек қолданылатын, жеке тұрғанда мән-мағынасын екінің бірі тап басып біле бермейтін сөздердің де Абай қолданысындағы семантикасын қарсы мәндес сөздерге қарап, оңай ұғуға болады. Мысалы, *шәргез* сөзінің «жөнсіз, қыңыр, шәлкес» мағынасы «Надан жөндіге жөн келмей, Білер қайдағы» деген тармақтарынан танылады. Сол сияқты: «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар» деген сөйлеміндегі *тасыр* сөзі жалпы түсініктегі «есер, алаңғасар, тасырлаған (адам)» ғана емес, «еш нәрсеге ынтасы, талпынысы жоқ, еш нәрсені білмекке құмарлығы жоқ адам» деген семантикалық реңкі бар сөз екенін оның осы сөйлемдегі *талапты* қарсы мәндес сөзі көрсетеді. Тіпті қарсы мәндес сөздер ұғымдарды «Алла мықты жаратқан сегіз батыр» деп жұмбақтап, оның шешуін: «Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп, жақсылық пен жамандық болды сегіз» деп өзі береді. Өмір жайында философиялық ой қозғаған ақын сол өмірдің өзі тудырған қарама-қарсы құбылыстарды тілдегі қарсы мәндес сөздер арқылы поэтикалық құрал етіп алған.

Лексика

Абай тілінің негізі қазақтың жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның лексика-фразеологиялық қазынасы тегі жағынан, ең алдымен, қазақтың төл сөздерінен, одан соң шағын мөлшерде араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады. Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық күй-жағдайына орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді. Мысалы, кейбір атаулар ескіріп, қолданыстан шыға бастаса, Абай ондай сөздерді көбінесе көнені суреттеу үшін немесе образ үшін пайдаланады. *Хан, уәзір, аламан, абыз, жылыс, тотыс, наурыздама* сөздері көбінесе *Қара сөздерінде* тарихты баяндайтын тұстарда қолданылады. Ал өмірге кел-

ген жаңа атауларды жатсынбай қабылдап, өзі де бұларға қоса жаңаларын жасайды.

Абай шығармаларының тақырыбына орай төл лексиканың ішінен этнографизмдерді де (*шілдехана, үш тоғыз, қынаменде, ақиомшы, ықтырма, күзеу* т.б.), көне киім-кешек, сауыт-сайман, құрал-жабдық атауларын да (*дәндәжу, жарғақ шалбар, пыстан, шақпақ, шөншік, дулыға, шарайна* т.б.) пайдаланады. Сондай-ақ сыртқы тұлғасы жағынан көнерген сөздерді (мысалы, *ұлы* дегеннің орнына *ұлық, кіші* сөзінің орнына *кішік, тураның* орнына *тұғры* тұлғалары) ұйқас құрау, мағыналық реңк үстеу сияқты белгілі бір мақсатпен қолданады. Дегенмен Абай тұсында бірқатар сөздердің көнеру дәрежесі қазіргі кездегіден әлдеқайда солғындау болғаны байқалады. Мысалы, «ағайын, туысқан» мағынасындағы *қарындас* сөзі, «ел, жақын» және «жат, алыс» семантикалы *алаш*, «әскери» мағынасындағы *қол* сөздерінің әлі де осы ұғымдарда еркін және жиі қолданылғандығын сол кезеңдегі қазақ әдеби тілі де, Абай тілі де көрсетеді. Қоғам өмірімен етене қабысқан тіл, әсіресе, оның лексикасы сол қоғамның әр кезеңдегі тыныс-тіршілігіне орай өзгеріп отырады, яғни бірқатар сөздердің мағыналары ауысады, бірсыпырасы терминдік дәрежеге көтеріледі, енді бір алуанының қолданылу жиілігі артады. Бұл процеске қалам қайраткерлері белсене қатысады. Осы ретте Абайдың еңбегі көзге түседі.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ қоғамы өміріндегі елеулі тарихи оқиғалардың бірі – ел билеу, әкімшілік, әлеуметтік құрылыс салаларындағы өзгерістер, жаңалықтар болса, Абай лексикасы осы өзгеріс-жаңалықтарды атайтын сөздерді молынан танытады. Олар қазақтың төл сөздері де, кірме сөздер де болып келеді. Мысалы, елбилеу, әкімшілік құрылысына қатысты *болыс, старшын, жандарал, ояз, кандидат, сайлау, шар, тас, шабарман, атшабар, атқамінер, ұлық* сияқты сөздер; заң, сот саласына қатысты *заң, закүн, сот, содия, шарият, куә, би, билік, жан беру, ант ішу, антқа салу, анттасу, айып, тоғыз, барымта, дүре, салауат, дау, даугер, теңдік, бітім, төре беру, жаза, шағым, арыз, арызшы, іс, қағаз, тергеу, кәтелөшке, түрме, дознание, прошение* сияқты сөздер термин дәрежесіне көтеріліп, әдеби тіл нормасына айналады. Бұл ретте кейбір әлеуметтік ұғым атауларының мағынасы айқындалып, ішінара

терминделу процесі Абай тілінде ерекше байқалады. Мысалы, *жарлы* мен *кедей* сөздерінің ақын біріншісін сын есім ретінде жиірек қолданады да, сол кездегі әлеуметтік топ атауына *кедей* сөзін әлдеқайда жиі телиді. Сол сияқты *байғұс* сөзінің ертеректегі «қоңсы, жалшы» мағынасы солғындап, бұл сөз көбінесе «*бейшара, мүсәпір*» деген мағынадағы сын есім ретінде нормалана бастайды. Әрине, Абайда бір ұғымды бір ғана атаумен білдіру барлық жерде бұлжымай жүзеге асырылған жоқ, өйткені сөздердің барлық айналуы – едәуір ұзақ тәжірибенің жемісі және жеке қаламгердің еңбегін емес, көптің еңбегін, әсіресе баспасөз сияқты көпшілікке ортақ жазба дүниелердің қызметін қажет ететін құбылыс. Осы себептен Абайда да *кәсіп* мағынасында *кәсіп, өнер, харекет* сөздері, *еңбек* мағынасында *еңбек, бейнет, қызмет* сөздері жарыса қолданылған және керісінше, бір сөз арқылы бірнеше мағынаны білдіру де орын алады. Мысалы, Абай тілінде *ғылыми* сөзі осы күнгі мағынасымен қатар, «білім, оқу» семантикасын да қамти қолданылған. Өз тұсындағы қазақ қоғамының экономикалық күй-қалпына, сауда-саттыққа қатысты лексика тобын өзінің кең тақырыпты шығармаларында молынан пайдаланып, мұнда да өмір суретін беретін сөздік қазынасын жасайды. Жалпы әдеби тілде, оның ішінде Абай тілінде *базар, сауда, мәліш сауда, саудагер, бұл (нұл), өсім, өсімқор, табыс, пайда табу, зиян шегу, несие, қарыз, борыш* сөздерінің көпшілігі қазақ даласына келген жаңа ұғымдардың атаулары ретінде тұрақтала бастайды.

Абай шығармалары тақырыптарының бірі оқу-ағарту, білім-ғылым, мораль жайы болғандықтан, осы салаға қатысты лексика тобы ақын тілінде молынан кездеседі. Бұл реттегі Абай тілінің ерекшелігі, біріншіден, ол бірқатар сөздерді өте жиі қолданып, олардан туынды тұлғалар жасап, белсенді қорға айналдырған. Мысалы, *білім* сөзін 30-дан аса рет қолданып, одан *білімді, білімсіз, білімділік, білімсіздік* деген туынды сөздер мен *білім-ғылым, ғылым-білім* деген қос сөз тұлғаларын жасаған. Ал *ғылым* сөзін Абай 100-ден аса рет пайдаланып, оны осы күнгі орысша «наука» деген ұғымнан гөрі *білім, оқу* сөздерінің баламасы ретінде алған. Мысалы, «Хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы дін танырлық қылып үйретсе» дегендегі *мұсылман* –

мұсылманша оқу, «Балаңа орыстың ғылымын үйрет» дегендегі Абайдың айтпағы – орысша оқыту. Сондықтан Абай тілінде ғана қолданылған *ғылым табу*, *ғылым оқу*, *ғылым іздеу* тіркестері *білім алу* деген мағынада келеді. Сөйтіп, Абай лексикасы XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілінің тақырыптық серияларға қатысты саласының байлығы мен барын, өзгерісі мен жаңалығын танытатын айнасы іспетті болды. Абай шығармашылығының дені поэзия болғанымен, оның жырлаған тақырыптарына орай және ақын жаңашылдығы мен шеберлігіне қарай өлеңдер тілінің өзінде де әлеуметтік терминология мен экономика, саясат, оқу-ағарту, мәдениет салаларына қатысты сөздер кең орындалған. Лексиканың бұл топтарын мол қамтуына Абайдың проза жанрына баруы да септігін тигізген.

Абай тілі лексикасының келесі қабаттары – араб және парсы сөздері. Бұрыннан қазақтың жалпыхалықтық тілінде қалыптасқан шығыс сөздерін Абай жатсынбай, еркін қолданады. Олар дінге, оқу-ағартуға, өнер-білімге, әкімшілікке, сауда-саттыққа қатысты болып келеді. Араб-парсы сөздерінің басым көпшілігін, жалпыхалықтық тілдегі сияқты, Абайда да дерексіз ұғым атаулары құрайды (*ар*, *абырой*, *мейір*, *нала*, *парыз*, *қаһар*, *қиял*, *құдірет*, *дәурен* т.б.). Абай тілі лексикасының бір ерекшелігі – мұнда қазақ тіліне енбеген араб-парсы сөздерінің де қолданылғандығы. Олар, негізінен, Абайдың қара сөздерінде, онда да барлығында емес, тақырыбына қарай белгілі біреулерінде ғана шоғырланған. Ол шығармалар – «Жүрегінің қуаты перзенттеріне» арналған атақты 38-сөзі мен қазақ оқырмандарына иман деген – Алла табарақа уатағаланың... жарлығына... мойын сұнып, инанмақ» екенін баяндаған 13-сөзі. Бұларда философия мен моральға қатысты ой-пікірін айтуда автор осы салалардағы ұғымдардың араб тілінде қалыптасқан атауларын қазақшаламай, сол күйінде пайдаланды. Мысалы, *саниг* (өндіруші, жасаушы), *салахият* (жарамдылық), *сәмиг* (тыңдаушы), *тахмин* (болжау, бағалау), *хасил* (нәтиже) т.б. Тіпті кейде арабша тұтас тіркестерді қолданады (*иман тақлиди*, *жәлиб мәнфағат*, *уафқи музаррат* т.б.). Бұл қолданыстар стильдік мақсатты көздеген. Шығыс сөздерін пайдалануда Абай ұстаған бір бағыт – сол кезде айтылуы мен жазылуы жағынан қалыптасып болмаған сөздер қатарының

әрқайсысына дербес мағына телу әдісі. Мысалы, Абай *ғашық* - *асық*, *ғаділет* - *әділет*, *харекет* - *әрекет*, *хакім* - *әкім*, *қайла* - *айла* сияқты жарыспалы варианттардың әрбір сыңарын жеке-жеке мағынада жұмсайды.

Олар өлең техникасының талабын да (мысалы, «Сорлы асық сағынса да, сарғайса да» деген жолда *ғашық* сыңарын қолданса, өлеңнің буын саны тура келмес еді), мағына саралау мақсатын да («Ғаділетті жүректің әділетін бұзыппын»; «Қылып жүрген өнері әрекеті – харекет»), стильдік мақсаттарды да (мысалы, 38-сөзінде араб сөздерін түпнұсқада жазу: *ғадалат*, *сифат*, *раст*, *хисап*, *хариф* т.б.) өтейді.

Сөйтіп, Абай шығыс сөздерін қазақ лексикасын байытатын бірден-бір жалғыз және ең басты көз деп есептемесе де, қазақ әдеби тілінің лексикалық нормасында бұрыннан еніп, қалыптасқан араб-парсы сөздерінің мол қорының болуын құптаған, олардың қолданысын құбылтып, поэтикалық тіл айналымын қатыстыру, мағыналарын не тарылтып, терминге айналдыру (мысалы, *насихат*, *хат*, *кедей* сөздері) не кеңітіп, полисемияға – көп мағыналы сөзге айналдыру (мысалы, *өнер*, *қызмет*, *ғылым*, *харекет*, *сипат* сөздері), олардан синонимдік қатар түзіп, семантикалық үстеме ренктер беру (*харекет* - *әрекет*, *ғашық* - *асық*, *ғаділет* - *әділет*, *заман* - *замана*), стильдік мақсатта қолдану принциптерін ұстаған. Абайдың араб-парсы сөздерін пайдалануында түркілік жазба әдеби дәстүрдің әсері де жоқ емес. Мысалы, бірқыдыру жиі қолданылып, өлең текстеріне де енген *хикмет*, *ғибрат*, *сұхбат*, *һәмише* сияқты сөздерді немесе 38-, 13-сөздерінде халық тіліне енбеген араб сөздерін, кейде тіпті тұтас тіркестерді молынан келтіруі түркілік (шағатайлық) нормаға үндеседі. Бұл – Абайдың кітаби тіл дәстүріне құбыжық ретінде емес, белгілі бір стильдік құрал ретінде қарағанын танытады.

Абай лексикасының келесі қабаты – орыс сөздері. Олар сан жағынан араб-парсы қабатынан әлдеқайда кем болғанымен, әрі қарайғы орын тебу бағыты жағынан басым түседі. Бұл бағытқа себепкер, ең алдымен, қазақ қоғамының сол кезеңдегі және әрі қарай әлеуметтік, саяси, экономикалық күй-қалпы болса, екіншіден, қазақтың ұлттық жазба тілінің демократтық сипатта дамуы еді. Абай мен Ыбырай орыс тілі элементтерін тек жалпыхалықтық сөйлеу тәжірибесінен емес, тікелей орыс

әдеби тілінен алды. Абайдың жалпыхалықтық қолданыстан алып пайдаланған сөздерінің көпшілігі әкімшілік, заң, шаруашылық салаларына қатысты. Олар: *болыс, кандидат, ояз, сияз, старшын, майыр, шен, партия, сот, шар, закун, закуншік, кателешке, бодан, расход, кір, лапке, барқыт, самаурын, пәтер, сома, бақалшік, мәліш (сауда), аршенке, барабан, зауыт, машине*. Абайда өзіне дейінгі және өз тұсындағы қазақ әдеби үлгілерінде кездеспейтін бір топ орыс сөздері бар. Олар: *адвокат, доктор, губернатор, начальник, визит, монастырь, ладан, штык, картель, такт, номер, химия, трагедия, единица, ноль, образование, назначение, посредник, жеребе, прошение, дознание, прямота, икра, фабрик, электр, румке, стакан, счет* деген зат есімдер мен *уездный, военный, здравомыслящий, уголовный, самородный* (сары алтын), *виноват* деген сын есімдер және *гуляйттау, пошел, занимайся* деген етістіктер. Бұлар қолданылу мақсаты, текте кездесу жиілігі жағынан біркелкі емес: басым тобы (*адвокат, визит, монастырь, ладан, картель, химия, трагедия, фабрик, электр* т.б.) – қазақша сөздермен беру мүмкіншілігі жоқ болғандықтан пайдаланылғандар, енді бір шағын тобы (*образование, назначение, дознание, посредник, прошение*) – қазақша баламасы бола тұрса да, осы ұғымдардың орысша «иісін» сақтау үшін стильдік мақсатпен әдейі қолданылғандар. Ал *здравомыслящий, коренной, оязной, счет* деген орысша тұлғадағы сын есімдер мен *занимайся прямою* тәрізді тіркесінің қолданысы да стильдік мақсат көздейді. Бұл сөздер Абайдың орысша оқып жүрген шәкірттерге арналған өлеңінде жұмсалған. *Пошел, гуляйттау, билетке* сияқты сатиралық бояуы бар осы сөздерін Абай образ үшін қолданған. Орыс тілі элементтерінің тағы бір өте шағын тобы – штамп қыстырмалар. Арабша тұтас сөйлем тіркестерді қолданғаны сияқты, Абай прозасының тілінде бірді-екілі орысша күрделі атауды сол күйінде келтіреді. Олар: *подвижный элемент, сила притягательного, однородного, впечатлительность сердца*. Бұл ақын шығармаларын жазу үстінде орыс тіліндегі әдебиетті пайдаланғандығын танытады және бұларды аудармай алуының себептері: біріншіден, қазақша философиялық ғылыми терминдердің оларды жасау тәжірибесінің ол кезде жоқтығы, екіншіден, осы ұғымдарды бұрмаламай, шатастырмай атау ниетінің болуы ұғымның ата-

уын орыс тілінде ала отырып, әрі қарай осы ұғымның мәнісін қазақшалап түсіндіреді. Бұл – қазақ әдеби тілінде бұрын-соңды болмаған соны тәсіл, Абай қолтаңбасы. Орыс тілі арқылы интернационалдық сөздерді ішінара қабылдау принципінің алғашқы нышандары Абайдан басталған. Мысалы, *такт, трагедия, элемент, визит, химия* тәрізді атаулармен қатар сол тұстағы қазақтың әдеби тілінде орын ала бастаған *партия, кандидат, губернатор, генерал, доктор, фабрика, электр, миллион* сияқты халықаралық қор элементтерін қолдануды Абай батыл қостаған. Бұларды пайдаланудың мотивтері мен орындарын кеңейткен. Сөйтіп, Абай лексикасындағы орыс сөздерінің қолданысы – қазақтың жаңа жазба тілінің даму барысында орын тепкен бағыттардың бірі. Бұл бағытты ұстап, әрі қарай жылжытуда Абайдың көздеген мақсаттары мен ұстаған принциптері мынадай: 1) орыс сөздерін өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне енген жаңа құбылыстарды, заттарды, ұғымдарды айырып атау мақсатымен қабылдау; 2) әзірге қазақ қауымына бейтаныс болса да, аударуға болмайтын ұғым, зат, құбылыс атауларын орыс тіліндегі түрінде беру; 3) орыс сөздерін образ жасау, әңгіме барысын белгілі бір оқырманға бағыштау сияқты стильдік мақсатта пайдалану. Бұл мотив, принциптер де – жаңа жазба әдеби тіл дамуында Абай қаламына ғана тән жатсынбай қабылданған соны құбылыстар.

Әдеб.: Жанпейісов Е. А. Құнанбаев пен М. Әуезов тіліндегі стильдік кейбір ортақ өрнектер // ҚазССР ҒА Хабаршысы. - 1962. - № 1; Өмірәлиев Қ. Абай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктер // Ученые записки Гурьевского пединститута. - Серия историко-филологическая. - Уральск, 1962. - Вып. 2.

Поэзия тілі, поэтика

Абай қазақтың өзіне дейінгі және өзімен тұстас өлең сөзіне қатаң талап қойып, кей сәттерін сынай отыра, қазақ поэзия тілінің жасалу және даму заңдылықтары мен шарттарына мойынсұнбай кетпеді, өйткені бұл – көркем сөз дамуының объективті заңдарының бірі. Абай буын саны жағынан өлеңнің өзіне дейін болмаған жаңа түрін жасағанымен, олардың барлығы да силлабикалық құрылыс заңдылығына бағынады,

өйткені қазақ өлеңінің жасалу табиғатының өзі силлабикалық буын өлшеміне құрылған. Абай өлеңнің тармақ санымен ұйқасуына қарай небір алуан жаңа түрлерін ұсынғанымен, олар өлеңді ұйқасқа құру шартына бағынады, өйткені соңғы дәуірлердегі қазақ өлеңінің негізгі белгісі – аллитерация емес, ұйқас. Абай қазақ өлеңі бұрын білмеген теңеудің, эпитеттің, метафораның жаңа түрлерін ұсынды, ал олардың қолданылу принциптері мен жасалу техникасы Абайға дейінгі қазақ өлеңіне де тән болатын. Бұл шарттан да Абайдың аттап өтуі мүмкін емес еді. Бірақ осылардың барлығын жетілдіру, түрлендіру, жаңа сапалық белгілер қосу тұрғысынан поэзия тілін дамытуда Абайдың еңбегі орасан зор болды. Абай, Пушкин сияқты, өлеңнің іші поэтикалық ойға толы болуына күш салады. Ойға құрылған өлең сол ойды дәл, әсерлі етіп беретін амал-тәсілдерді іздестіреді. Сондықтан да Абайда өлеңнің мазмұнын, айтпақ идеясын білдіретін элементтердің айқындала түсуі басым.

Абай қазақ тілінің сөздік құрамына өзгеріс енгізді. Өзіне дейінгі ақын-жыраулар тілінде көп қолданылмайтын тұрмыс-салттық лексиканың, қарапайым сөздерді, терминдік мәнге ие болған ескі, жаңа атауларды өлең тіліне қосып, оларды поэзия тілінің құралына айналдырды. Абай шығармашылығы тақырыбының бірі және бастысы – адам, оның моральдық бет-бейнесі, сыртқы портреті, ішкі дүниесі, іс-әрекеті. Және бұл тақырыптарды Абай бұрынғыдай жалпы түрде, өсиет-ақыл айту түрінде емес, нақтылы түрде, әр қимыл-әрекетті, әр мінез-құлықты дәл көрсету сипатында жырлайды. Сондықтан адамның белгілі бір сәттегі психологиялық күй-қалпын дәл беру үшін бұрыннан тілде қолданылатын *жүрегі лүпілдеу, бұны босау, сағыну, ләззат алу* тәрізді дағдылы сөздермен қатар қазақ өлең-жырлары тілінде көп кездеспейтін *суыну, ысыну, елең қағу, бос шошу, қызару, сұрлану* деген сияқты жай-күй атауларын пайдаланады. Абайда жалпы адамды әр алуан жақтан бейнелейтін етістіктердің көптігін және олардың образ жасауға қатысатынын айту керек. Сырт қарағанда, «поэтикалық пәспортты» жоқ *бұртақтау, тыртыңдау, арсаңдау, босқа талтаңдау, ит көрген ешкі көздену, тізесін созғылау* деген сияқты сөздердің өзіне де стильдік жүк артып, поэзия тілінің құралына айналдырған.

Абай өлеңдеріне көзге елестетіп берілетін образдар тән. Мысалы, аңға салған құс пен одан қашқан түлкінің суретін көзге елестетіп беру үшін ақын *қайқаң қағу, салаң ету, аузын ашып қоқақтау, қанат-құйрық суылдау* сияқты сөздерді ұтымды пайдалана білген.

Мағына ауыстыру, теңеу сияқты «прозалық» сөздерді пайдалануды жүйеге айналдырған. Мысалы, *бақсының моласындай жалғыз қалу, безгек ауру сықылды жүдететін гашықтық, піскен алма секілді тәтті қыз, өмір жолы – иген жақ* т.б. Лексикалық топтардың ішінде тек күнделікті тұрмысқа қатысты немесе поэтикалық сөз болу қасиеті (мағынасы мен бояуында) бейтарап сөздерді ғана емес, қоғамның саяси-экономикалық құрылысына, оқу-білімге, философия мен дінге қатысты сөздердің поэзия тіліне молынан қатыстырылуы және көбінің образ жасауға қатысып, көркемдік құралына айналуы – Абай өлеңдері тілінің бір ерекшелігі. Абай поэтикасында көзге түсетін тағы бір құбылыс образдардың ауызша әдеби тілдегідей, көбінесе, қазақ халқының санғасырлық күнкөріс тіршілігінің негізі – малға немесе өз кезіндегі қазақ тіршілігіне таныс құбылыстарға байланысты болып келетіндігінде ғана емес, сол образдардың тыңдығында, бұрын айтылмаған теңеу, бейнелеулерде. Мысалы, мұнда күлкіні – *мәліш саудаға*, алыс-берісті – *асықұтысқа*, бозбаланы *оңғақ бұлға* теңеу немесе ұрлықпенен қулыққа байлағанда – *кестің бау* деуі осыны көрсетеді. Абай *талаптың аты, талаптың тұлпары, асау жүрек, жүйрік уақыт, үміттің аты, қу тілмен қулық сауу* деген соны фразеологизмдерді поэзия жасауда да малға қатысты бейнелі сөздерді алады. Абай негізін қалап, әрі қарай жүйеге айналдырған поэтикалық тәсілдің бірі – текст түзу саласына қатысты. Текст түзу дегеніміз – шығарманың бір бөлігінде немесе шағын бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңктері біртектес сөздерді шоғырлап беру болса, Абай сөздің белгілі бір поэтикалық мақсатты өтеуі үшін сол текстегі өзге сөздерге иек артады, яғни сөздердің бір-біріне «қызмет көрсетулері» керек екенін жақсы сөз еді. Мысалы, «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» деген шағын өлеңінде ақын өз заманындағы қоғамның аса жағымсыз топтарын суреттейді. Сондықтан мұнда *сұм-сұрқия, қу, білгіш* деген зат есімдерден бастап, *Құдай ату, бұтып-шату, есіру,*

ісін-кебу (ауыспалы мағынада), *қабару* (бұл да), *ит ырыл-дату*, *сілесі қату*, *Құдай қалжыратып құмар қылу* деген етістіктерді қолданады. Бұлардың әрқайсысы – экспрессивид, яғни әрқайсысында жағымсыз қылық, іс-әрекетті білдіретін мағынамен қатар сол мағынаны әсерлі етіп көрсететін бояу бар: жоқтан барды жай айту емес – бұтып-шату, құр мақтану емес – есіру, жай шығынды болу емес – шығынға белшесінен бату, жай құмар қылу емес – Құдай қалжыратып құмар қылу т.б. Бұл сөздердің әрбіреуі осындай экспрессияға ие болса, олар бір жерге, бір өлеңге шоғырланып берілгенде әсері мен бояуы одан сайын күшейіп, өлеңді «жұп-жұмыр, тұтас» дүниеге айналдырады.

Текст түзудің тағы бір жақсы үлгісіне «Сегізаяқ» өлеңін келтіруге болады. Бұл өлең – Абайдың ақындық, азаматтық ар-ожданының толғанысы, дүниеге, болмысқа деген көзқарасы, философиясы, сондықтан ақын мұнда абстракт ұғымдарды сөз етеді, ол үшін сол ұғымдардың атауын таңдайды. Бұл өлеңде *қызыл тіл* (бұл атау *толғаныс*, *философия*, *поэзия*, *сөз* деген ұғымдарды білдіреді), *ой*, *әдет*, *қайрат*, *сөз* (толғаныс, өлең, пікір), *мінез*, *насихат*, *өсек*, *ынсап*, *ұят*, *дәулет*, *нәсіп*, *еңбек*, *ар*, *өтірік*, *ұрлық*, *зорлық*, *тамағы тоқтық*, *жұмысы жоқтық*, *құлық*, *сұмдық*, *қорлық*, *мақсұт*, *абұйыр*, *талап*, *ғылым*, *дерт*, *жалғыздық* деген сияқты 40-қа жуық абстракт ұғым атауларын қолданады. Бұлардың шоғырланып келуінде стильдік мән бар: осы сөздерді талғап, таңдап келтірудің арқасында өлеңге философиялық сипат беріліп тұр.

Сол сияқты өз замандастары – болыс пен пысықтардың, «әсемсіп, сәнсіген кербез, керімдерді», «бойы бұлғаң, сөзі жылмандарды» – осылардың баршасының образын дәл, әсерлі етіп беретін сезімдік әсері күшті поэтикалық құралдарды іздеп, ол үшін бейнелі, көркем бояуы қалың, яғни семантикасында жағымсыз реңкі бар етістік сөздерді шоғырымен келтіреді. Бір ғана «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңінде болыс, шабарман, пысықтардың портретін жасауда ақын *далтылдап*, *барқылдап*, *бартылдап*, *тарқылдап*, *қарқылдап*, *шартылдап*, *лепілдеп*, *күпілдеп* деген сияқты образды сөздерді топтап келтіреді. Бұл өлеңді құрайтын өзге сөздер де модальдық реңкі жағынан осылармен «үндес» келеді: Мұнда бейтарап мағыналы *беру* етістігі емес – *тығындау* сөзі бейнелі немесе *мықтап ұстау*, *қатты*

ұстау деген сөздер әлдеқайда әлсіз, бояусыз, бейтарап іс-әрекет атаулары болар еді, сондықтан бұлардың орнына *мығымдап ұстау* сөзі қатысқан, «сияз бар» десе, болыстың жүрегі жай *лүпілдемейді – суылдайды* т.б. Образ жасауға қатысқан бұл етістіктердің баршасы өткен шақ көсемше тұлғасында (*барқылдап, қарқылдап...*) қолданылған. Тегі, бұл тұлғаны белгілі бір стильдік жүкті көтеретін құрал есебінде жұмсау қазақ поэзиясында, оның ішінде Абайда әбден қалыптасқан амал деп санау керек. Абай өлеңнің «іші – алтын, сырты – күміс» болуын қалағанда, құлаққа әсерлі боп естілетін әсіреқызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Сондықтан ол дәстүрлі эпитеттерді қолданудан гөрі соныларын іздейді. Мысалы, Абай бұрынғы әдеби мұраларда жиі қолданылған *ару* («сұлу, таза, пәк» мағынасындағы), *берен, берік, байтақ* (хандық, ел, жұрт), *ауыр, көп, күшті* сияқты эпитеттерді мүлде қолданбаған. Қанша әдемі болса да, дағдылы образдар (*ару қыз, берен қылыш, ауыр жұрт, байтақ жұрт* т.б.) кез келген идеяға сай келе бермей, құр әсем жылтырақ тіркес болып шығуы мүмкін. Мұны Абайдың өзі де бірнеше рет ескертіп өтеді: бірде «сөзімнен әсіреқызыл емес деп жиренбеңіз» десе, енді бірде «өлең деген – әр сөздің орайлы жарасымы» дейді. Қысқасы, өз өлеңі тілінің бұрынғыдан өзгеше, жаңа екенін ескертеді. Ол жаңалық – поэтикалық элементтердің кәнігі түрлерін қолдана бермейтіндігі. Сол сияқты халықтық символдарды немесе байырғы қазақ поэзиясы тіліндегі дәстүрлі сөз-образдарды да талғаммен кемде-кем алады. Мысалы, еркіндіктің образы *тарлан, тарпаң* сөздері Абайда жоқ, ал алғырлықтың дәстүрлі символы – *қыран құс, бұркіт*, биіктіктің символы – *бәйтерек*, тойымсыздықтың, қаскөйліктің образы – *аш бөрі*, ержүректіліктің символы – *арыстан* сөздерін Абай сөз-образ етіп емес, өздерінің тура номинативтік мағынасында жұмсаған, ал *бұлан, бөкен* сияқты сөз-образдар Абайда тек мақал-мәтел, тіркес құрамында келген. Дәстүрлі символдардан Абайда кездесетіні *қызыл гүл – жастықты, сұлулықты, жолбарыс – қайраттылықты* білдіретін образдар ғана. Поэтикалық үйреншікті қалыптардан қашуы – көне мұрадан мүлде бас тартуы емес немесе қайткенде де жаңалыққа құмарлығы да емес, поэзияның жаңа талабын орындау мақсаты. Абай, әрине, қазақ поэзиясы тілінің бұрынғы амал-тәсілдерінің бәрінен мүлде

бас тартқан жоқ. Ауыз әдебиетіндегі «қатуланды, қаттанды.., буырқанды, қылаң етіп, қылт етіп...» деген сияқты штамптарды олардың «жамандығынан» емес, шығармашылығының жанрлық сипатына сай келмегендіктен қолданбаған, өйткені бұлар – батырлық жырларға тән, өзге орында, әсіресе, лирикаға мүлде жанаспайтын образдар. Ал реті келген жерде, мысалы, жоқтау топтамасындағы өлеңдерінде бұрынғы ауызша әдеби тілден келе жатқан образдарды – тұрақты тіркестерді кездестіруге болады: *Қолдан ұшқан ақ сұңқар Қайтып келіп қонбайды, Артына қарай аһ ұрып*. Тіпті өзге өлеңдерінде де Абай иіні келсе, бұрынғы стереотип образдардан қашпайды. Мысалы, *Көріп алсаң көріктіні, Таңдап алсаң тектіні, Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды*. Бірақ бұлар сан жағынан көп емес.

Ақын өзіне дейінгі ауызша әдеби тіл поэтизмдерінің көбін орынды пайдаланады. Мысалы, оның тіліндегі *алаш* (қауым), *айдыну* (жасқану), *азырқану* (қомсыну, азсыну), *ағын* (екпін, қарқын), *арай* (кызыл арай – таң), *арзу* (тілек, арман), *әз* (құрметті), *дидар* (жүз), *алқау* (қолдау) сияқты сөздер – семантикасында көтеріңкі реңк бар дәстүрлі поэтизмдер. Жалпы поэтикалық образдар жасауда бұрынғы дәстүрдің кейбір үлгілерін пайдалана отырып, ол образдардың беретін әсерін күшейте түсті. Ақын да образдардың көбін қазақ халқының санғасырлық күнкөріс тіршілігінің негізі – малға байланыстырып жасайды. Адал еңбексіз күнкөрісті жөн көретін замандастарының жағымсыз портретін: «Үш күн қолың босаса, Бола қалдың бас асау» немесе «Ұрлық пенен қулыққа Байлағанда кестің бау» деп жылқыға байланысты береді. Болыстың «Күштілерім сөз айтса, Бас изеймін шыбындап» деуі, «Тың тұяқ көзім сүйтсе де» дегені, «Алқыны күшті асау нөктаға басы керілді» деуі – мал өсіру тіршілігінен алынған, көпшілігі тіпті қазақ әдеби тіліне тән дәстүрлі образдар. «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ» деген образдар қазақтан өзге, айталық, Еуропа халықтарына жат болар. Абай поэтикалық экспрессияның құралы ретінде фразеологизмдерді, оның ішінде өз қаламынан туған жаңаларын жұмсауды күшейтті. Ақын жас адамның (Әбдірахманның) өнер-білімге ұмтылғанын құр *талаптан-ды, ұмтылды* деп білдірсе, бұл сөздердің поэтикалық бояуы

«талаптың мініп тұлпарын» дегенмен мүлде шендесе алмас еді. Алғашқы вариантта тек баяндау бар, образ жоқ, екіншіде поэтикалық образ бар. Сол сияқты *қуатты, қажырлы, күшті* деген сөздер мен «қуаты оттай бұрқырап» деген тіркестің бейнелілік күші, бояуы бірдей емес.

Поэтикалық жүк арқалауда кез келген тіркес образ жасау міндетін көтере бермейді. Мысалы, *өмір сүру, өмір кешу* дегендер де – қалыпты тіркестер, бірақ осылар Абайдың *өмір тонын кию, өмірдің өріне шығу* деген тіркестерінің эмоциялық әсеріне, образдылығына теңесе алмайды. Сондықтан Абайдың фразеологизмдердің образдылығын дамытқанда, бұрынғы дайындарын өлең тіліне енгізе салу емес, жаңаларын жасау, бұрынғыларының мағынасын құбылту сияқты қызмет істеді.

Қазақ әдеби тілі образды фразеологияға бұрыннан да өте бай болатын. Ғасырлар бойы белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, бірден-бір мықты құралы болып келді. Мұны Абай да берік ұстайды. *Аузымен орақ ору, құлын-тайдай тебісу, алтыбақан ала ауыз болу, малына шылбыр беру, басқа шауып, төске өрлеу, қарағайды талға жалғау, су теккісіз жорға* тәрізді өте образды фразеологизмдерді Абай да еркін пайдаланады. Мұндай дағдылы тіркестерді өзге сөздермен және қосақтап, олардың экспрессивтік бояуын тіпті қалыңдатып жібереді. Мысалы, іспен емес, құрғақ сөзбен көрінетін мылжың, берекесіздің образын беруде *аузымен орақ орган* деген фразаның өзі өте әсерлі, күшті, осыны Абай *аузымен орақ орган өңкей қыртың* деп үстемелеп, экспрессивтік өңін одан әрі аша түседі. Абай мұндай күллі фразаны өзгертіп, сөз қосып, сөз алып күшейте бермейді, басым көпшілігін өзгертпей, өз мағынасында қолданады. Жаңа перифраздық тіркестер жасап, оларды тың образдарға пайдалануды Абай жүйеге айналдырды. Тың образды тіркестер ұсыну – Абай поэтикасының аса көрнекті, ерекше тұсы. Әсіресе семантикасы жағынан бір-бірімен жанаспайтын сөздерді тіркестіріп, оларды поэтизмге айналдыруда Абай қазақ көркем тіліне үлкен жол ашты. Мысалы, *Күйлі, күйсіз бәйгеге Қажыды көңілім көп шауып* деген жолдарда көңілдің бәйгеге шабуы дегеннің өзі – мүлде тың образ, оны тың етіп тұрған – *көңіл* деген дерексіз ұғымның *бәйгеге шабу* деген нақты қимыл атауымен тіркесуі,

ал сол көңілдің бәйгеге бірде күйлі, бірде күйсіз түсуі – тағы да образды метафора.

Жаңа образ жасайтын немесе айтпақ идеяны күшейтетін тіркестер құрастыру үшін бір сөзді қазық етіп алу тәсілін Абай ұсынды. Бұл – Абайға дейінгі бірде-бір ақын-жырау тілінде ұшыраспаған құбылыс. Мысалы, Абай *сату* етістігін қазық етіп, бұрыннан бар *сақалын сату*, *арын сату* дегендердің үстіне *құлық сату*, *еңбек сату*, *күлкі сату*, *кұлағын сату*, *жүзін сату*, *өз басын сату*, *жүрегін ұстап сату*, *сөз сату* деген жаңаларын қосады. Бұлардың көпшілігі – әсерлі, әсіресе, жағымсыз образ жасайтын тіркестер. Сол сияқты *күйлеу* (*мақтан күйлеу*, *әуейлік күйлеу*, *күлкі күйлеу*, *ойнас күйлеу*), *сауу* (*құлық сауу*, *адам сауу*, *еңбек сауу*), *бағу* (*күлкі бағу*, *ғылым бағу*, *ел бағу*), *табу* (*ақыл табу*, *ақылды болу* деген жаңа мағынада, *өнер табу*, *ғылым табу*) сөздерін қазық етіп жасаған жаңа фразеологизмдер тек сонылығымен ғана емес, тың образдылығымен құнды. Абай мұндай жаңа тіркестердің семантикалық ұйтқысы етіп сөздерді де алады. Мысалы, жеке алғанда сирек кездесетін *мақтан* сөзін 56 рет қолданып *мақтанға салыну*, *мақтанға орналастыру*, *мақтан күйлеу*, *мақтан іздеу*, *мақтан қуу* сияқты тіркестердің мағыналық тірегі етіп алады.

Абай поэтикасында елеулі орын алатын құбылыстың бірі – динамизм көрінісі, яғни белгілі бір стильдік мақсатпен образды етістіктерді жеке де, шоғырлап та жиі қолдану. Бұл динамизм көбінесе, көсемшенің **-ып/-іп** жұрнақты түрімен және етістіктің **-мақ/-мек** жұрнақты тұлғасымен беріледі. Оның үстіне бір өлеңнің тұтас бойына немесе оның үлкен бір бөлігінде етістік сөздер ұйқас құрап, шоғырымен қатысады. Мысалы, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» деп басталатын өлеңінің 12 шумағының 10-ы **-мақ/-мек** жұрнақты етістік ұйқастармен берілген. Көптеген өлеңдерінде **-ып/-іп** жұрнақты көсемше тұлғасы тұтас ұйқас құрап, бірде қимылдың сынын, бірде іс-әрекеттің өзін білдіріп, өлеңдерді нағыз «қимылға» толтырған. Айталық, «Жаздықүн шілде болғанда» деген өлеңінде жаз суретін осы кезеңдегі табиғаттың, жан-жануарлардың, адамдардың іс-әрекеттерін, қимыл-қозғалыстарын бейнелеу арқылы береді. Ақын поэтикалық құрал ретінде кейбір морфологиялық тұлғаларды да қолдануға жол ашқан. Бұған жағымсыз образ жасауға **-сы/-сі** жұрнағымен

келген сөздерді (*жер тәңірісу, қалжыңбасу*) қолдануы, **-мақ/-мек** жұрнақты етістіктерді өлең тіліне жиі қатыстыруы дәлел бола алады. Алдыңғы тұлға көбінесе көлгірсу реңкі бар модальдық құрал ретінде жұмсалса, соңғы **-мақ/-мек** жұрнақты сөздер өлеңге динамикалық сипат беру мақсатымен немесе дерексіз ұғым атауларын молынан сөз ететін өлеңдерінің философиялық мазмұнын таныту мақсатымен жұмсалған. Сұраулық шылауымен келген сөйлемдерді қолдануда Абайда жай сұрай салу мақсатында емес, белгілі бір стильдік мақсатта поэтикалық жүк арқалай қолданылған. Мысалы, «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? Баяғы күш, баяғы түсің бар ма? Алды – үміт, арты – өкініш, алдамшы өмір Желігін жерге тықпас кісің бар ма?», «Балалық өлді, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе?» сияқты жолдардағы сұраулық шылауымен келген сөздер алдыңғы айтылған идеяны (*сұм дүние тонап жатыр... балалық өлді*) күшейте түсіп, өзіне назар аудартады, яғни бұлар – шындықтың баяндалуы ғана емес, сол шындық арқылы өмірі баянсыз, мақсатсыз, күйбеңмен өткен адамбысың, әлде керісінше ме деген идеяны білдіреді. Абай поэзиясында кейбір нақтылы ұғыматауларын поэтизмге айналдыру көзге түседі. Мысалы, ақын өлеңдерінде бейтарап мағыналы *жүрек, сөз* деген сөздер әрі өте жиі қолданылып (*жүрек – 156 рет, сөз – 376 рет*) әрі өздерінің тура мағынасынан гөрі ауыспалы мағынада (*жүрек – «адамның өзі, ішкі дүниесі, қасиеті», сөз – «поэзия, ой-пікір»*) келген. Абайда объектіні әр тұрғыдан сипаттау басым, сондықтан ол теңеудің дәстүрлісін де, өзі қолданған жаңаларын да пайдаланды. Абай поэзиясы теңеулердің молдығымен ғана әсерлі емес, соны түрлерімен де құнды. Ақын теңеулері оның дүниетанымының, философиялық тұжырымдарының айнасы, сол айнаны тіл құралымен көрсетуде теңеулерді пайдаланған және бұл қолданыстың бір ерекшелігі – теңеудің әдеттегі тілдік амалы **-дай/-дей** жұрнақты тұлғаны немесе *секілді* (*сияқты, тәрізді*) сөздерін көп қолданбауы, ол теңеуді көбінесе тұжырым, констатация арқылы беретіндігі. Мысалы, «Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым», *Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас*, «Өткір тіл – бір ұялшақ қыз болмай ма?» т.б.

Абай өзіне дейінгі сан ғасыр «эстетикалық таңбалардың» шоғырын жинап келген қазақ поэзиясы мектебінің барша

көркемдеуіш-бейнелеуіш құрал-тәсілдерін дұрыс танып, жақсы қабылдап қана қоймай, оның көп тетігін қайта бұрап, көп кетігін жаңадан қалады, яғни поэтикалық құралдарды пайдалану принциптеріне, әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізді, кейбіреулерін жүйеге айналдырды, жаңаларын қосты, барларының аясын кеңейтті. Абай поэтикасы қазақ өлеңінің бұрынғы көркемдік дүниесінің синтезі ғана емес, жаңа кезеңінің, классикалық жазба түрінің бастамасы, кейінге жол салған үлгісі болды.

Ұйқас

Өлең тармақтарындағы аяққы сөздердің дыбыстас естілуі, үндестігі. Жалпы ұйқас ырғақты күшейтеді, тармақ жіктерін ажыратады. Ұйқас өлең жолдарын бір-біріне көгендейді, өлеңнің шумақ, тирада сияқты бөліктерінің әрқайсысын бір бүтін етіп тұтастырады, сондықтан әр шумақтың немесе әр тираданың ұйқасы, суреті өз алдына бөлек-бөлек болып келеді. Қазақ өлеңі, оның ішінде Абай өлеңдері де аяққы ұйқасқа құрылған. Абай өлеңдерінде ұйқастың қазақ әдебиеті теориясында айтылатын түрлерінің (қара өлең ұйқасы, шұбыртпалы, ерікті, кезекті, шалыс, егіз, аралас ұйқастар) бәрі бар. Абайдың өрен ақындық шеберлігі мен жаңашылдығының көрінісі – өлеңнің шумақты-шумақсыз құрылымына, сондай-ақ шумақты өлеңдерінің неше тармақтан тұратындығына қарай ұйқас суретін құбылту. Ақынның 4 тармақты, 7-8 аралас буынды өлеңдерінің көпшілігі *-а, -б, -а, -б* суретті шалыс ұйқасқа құрылған. Мысалы:

Желсіз түнде *жарық ай*, - *а*

Сәулесі суда *дірілдеп*. - *б*

Ауылдың жаны терең сай, - *а*

Тасыған өзен күрілдеп. - *б*

Абайдың 4 тармақты бірөңкей 7 буынды немесе бірөңкей 8 буынды өлеңдері *-а, -б, -а, -б* және *-а, -а, -б, -а* суретті ұйқаспен жазылған. 6 тармақты, шумақты кейбір ұйқас өлеңдері *-а, -б, -а, -б, -в, -в* түрінде келеді, бұл да Абай шығармаларынан басталатын ұйқастың түрі:

Ғашықтық іздеп *тантыма* - *а*

Аз күн әуре несі іс - *б*

Өзіңнің қара *артыңа*, - а
 Өткен өмір бейне түс. - б
 Өлгенше болар *бар ма дос*, - в
 Қуаныш, қайғы – *бәрі бос*. - в

6 тармақты, шумақты өлеңдерінің кебі -а, -а, -б, -в, -в, -б ұйқасымен келеді:

Бойы бұлғаң, - а
 Сөзі *жылмаң*, - а
 Кімді көрсем, мен сонан, - б
 Бетті бастым, - в
 Қатты састым, - в
 Тұра қаштым *жалма-жан*. - б

6 тармақты 11 буынды, шумақты «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңі әдеттегі қара өлең ұйқасымен (-а, -а, -б, -а) басталады да, қалған 2 тармағы -в, -а болып жалғасады. Мұндай өлеңдердің буын өлшемдері де, ұйқас суреті де, тіпті, шумаққа топталуы да – Абай енгізген жаңалықтар, Абайдың дара қолтаңбасы болып табылады. Ақынның өлең құрылымы буын саны, ұйқас жағынан бір өзіне тән қолтумасы 14 тармақты, шумақты өлеңдері болса, олардың ұйқасы – мүлде басқаша, бұрынғы қазақ өлеңдерінде (тіпті, Абайдан кейін де) кездеспеген сурет. 14 тармақтан тұратын «Сен мені не етесің?..» өлеңінің 1-шумағы синтаксистік құрылымы жағынан өз ішінен 2-ге бөлінеді де -а, -б, -б, -в, -з, -з, -а, -а, -д, -д, -з, -з, -а ұйқасымен келеді:

Сен мені *не етесің?* - а
 Мені *тастап*, - б
 Өнер *бастап* - б
 Жайыңа - в
 Және *алдап*, - з
 Арбап - з
 Өз бетіңмен кетесің - а
 Неге әуре етесің? - а
 Қарсылыспай, - д
 Басылыспай, - д
 М.Байыңа, - в
 Жәнежаттан - з
 Бай тап - з
 Өмір бойы қор *етесің*. - а

Синтаксистік құрылымы мен композициялық құрылысы, ырғағы мен ұйқас суреті жағынан қазақ поэзиясына Абай әкелген соны дүниелер – оның сегізаяқтары, яғни, 8 тармақты, шумақты 3 өлеңі. Бұлардың ұйқас суреті – *-а, -а, -б, -в, -в, -б, -г, -г*. Мұндағы *-а, -а, -в, -в, -г, -г* ұйқасымен берілген тармақтар өзара бір-бірімен синтаксистік әрі мағыналық жұптар түзеді. Абай поэзиясындағы ұйқасқа қатыстырылған сөздер өлеңнің мазмұнына, ойына, стиліне тікелей қатысты болып келеді. Оның сатиралық өлеңдерінде адамның мінез-құлқын жағымсыз жақтан көрсететін сөздердің бір тобы – еліктеуіш, бейнелеуіш сөздер. Сондықтан ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңін бастан-аяқ *қыртың, мұртың, тырқың, жырқың* сияқты жағымсыз бейнелі сөздердің ұйқасына құрады, *жұртым, ұртың, құлқың* деген мәнді, «бояусыз» сөздерді соларға ұйқастырады: *далпылдап, жалпылдап, бартылдап, барқылдап, шаңқылдап, тарқылдап*. «Болыс болдым, мінеки» деген өлеңінде, *бос салақтап, бұтып-шатып, Құдай атып* деген сияқты бейнелі сөздер жағымсыз бейне жасау үшін ұйқасқа алынады. Тек жағымсыз бейнелерді жасауға ұйқасатын сөздерді таңдап алу – Абай шеберлігінің бір қыры. Мысалы ; «Единица – жақсысы, Ерген елі – бейне нөл., Единица кеткенде, Не болады өңкей нөл» деген ойды бір өлеңнің өзегі еткен Абай орыстың «ноль» сөзін бейне етіп қазақ поэзиясына енгізеді де оған ой екінін түсіру үшін өлеңді бастан-аяқ осы сөздің ұйқасына құрады. Абай портрет жасауда да, пейзаж беруде де ұйқасты шебер пайдаланады. **-ып/-іп** жұрнақты өткен шақ көсемше тұлғасымен келген етістік ұйқастардың барлығы дерлік – бейнелі қолданыстар, олар жазды күнгі ауыл суретін беруге (Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып *ыңқылдап*, Суда тұрып *шыбындап...*), көбінесе, адамдардың қимыл-әрекеті арқылы олардың портретін жасауға қолданылады. Абайдың жалпы етістік тұлғаларын өлең ұйқасына алып, бейне жасауға қатыстыруы – бұрыннан келе жатқан поэтикалық амалды нығайтып, одан әрі дамытуы болса, екінші жағынан, оның өзіне тән қолтаңбасы. Өйткені Абай пайдаланған етістік ұйқастар – байырғы қазақ поэзиясындағы ашық райдағы тиянақты баяндауыштар емес (*барады, алады, қалады* сияқты), **-ып/-іп** жұрнақты тиянақты да, тиянақсыз да болып қызмет атқаратын

көсемшелер, да шылауымен келген шартты рай тұлғасы (*Жарқ етпес кара көңлім не қылса да, Аспанда ай менен күн шағылса да...*), барыс септіктегі **-ыу/-іу** жұрнақты тұлғасы («*Интернатта оқып жүр*» деп басталатын өлеңінің ұйқастарын қараңыз), **-мақ/-мек** жұрнақты тұлғасы («*Тоты құс түсті көбелек*», «*Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек*» сияқты өлендерінің ұйқасына назар аударыңыз) болып келеді.

Өлеңнің көптеген шумақтары мен жеке бөліктерінің бір ұйқасты (монорифмалық) немесе әртүрлі ұйқасты болып келуінің оның композициясы мен ойдың берілу сипатына тікелей қатысы бар. Бір ұйқас тәсілі қазақ поэзиясында бұрын да қолданылып келген, бірақ ол көбінесе, 7-8 буынды шумақсыз жыр өлшемінде қолданылған, ал Абай бұл тәсілді 11 буынды 4 тармақты өлендеріне де енгізген және етістік бір ұйқаспен қатар, өзге сөз тұлғаларын да пайдаланған. Бір ұйқасты Абай әдейі қалайды, өйткені ол ең алдымен ой тұтастығын жасауға көмектеседі.

Өлеңді шумақтарға топтастыруда ұйқас сурет – ең негізгі белгі. Абай өлендерінде тек 4 тармақты емес, 6 тармақты (алтыаяқ), 8 тармақты (сегізаяқ), 14 тармақты, кейде аралас тармақты болып құрылған өлендерінде ұйқас негізгі рөл атқарады. Сонымен қатар Абайда ұйқас-тирада деп аталатын өлең құрылымын жасауға қатысады. Тирада – бір өлеңнің тармақ саны әркелкі болып келген бөліктері. Бұндай бөліктердің аражігін айыратын ұйқас болады. Мысалы, ұйқасқан сөздеріне қарай «Қайғы шығар ілімнен» деп басталатын өлеңі 7 бөліктен тұрады:

1-бөлік 8 тармақты ұйқасатын сөздер: *ілімнен, білімнен... мінімнен,*

2-бөлік 4 тармақты: *қайда жоқ, пайда жоқ,*

3-бөлік 10 тармақты: *дәулетке, келбетке... әлбетте,*

4-бөлік 12 тармақты: *ұлықтап, қызықтап... құрықтап,*

5-бөлік те 12 тармақты: *қансаңыз, салсаңыз... ол – қарыз,*

6-бөлік 10 тармақты: *бурыл шаш, топтан қаш... өлсең де аш,*

соңғы 7-бөлік 4 тармақты: *қайда жоқ, пайда жоқ* тирадалар.

Бұл өлеңнің әр бөлігінде тармақ сандары ғана әркелкі емес, ұйқас суреттері де әртүрлі: 8, 10, 12 тармақты бөліктер *-а, -а, -б, -а, -в, -а, -г, -а, -д, -а* болып ұйқасса, 4 тармақты 2 бөлік *-а, -б, -в, -б* ұйқасымен келеді. Соңғы ұйқас суреті өте сирек, ол өз алдына жеке шумақ не тирада құрастырудан гөрі, тұтастың сынығы іспетті. Абайдың бірқатар өлеңі тирада құрылымымен келген. Ұйқасына қарай топтасқанда «Ғылым таппай мақтанба» деп басталатын өлеңі 2-ақ бөліктен тұрады: біріншісі – 43 тармақты бір тирада болса, 2-бөлігі – 34 тармақтан құрылған бір тирада. Сол сияқты Абайдың «Бөтен елде бар болса...» деп басталатын өлеңі 17 бөлікке бөлінген, 17 тирадағы құрылған шығарма деп тануға болады. Мұндағы әр бөліктің жігін айырып тұрған – ұйқастырылған сөздер. Әр бөлік тирада болғандықтан, тармақ сандары әртүрлі: бірінде көп, бірінде өте аз. Тирадаға құрылған өлеңдердің қатарына «Сап, сап, көңлім, сап, көңлім», «Болыс болдым, мінекей» т.б. өлеңдері жатады.

Үндестік бастама, дыбыстық қайталаулар (аллитерация мен ассонанс)

Абай өлең құрылысында эвфонияға, яғни дыбыс әуезділігіне, үн үйлесіміне қатты назар аударған. Оның (өлеңдерінде бір тармақ бойындағы сөздердің біркелкі дыбысталудан басталып отыруы жиі кездеседі. Мысалы, «Өз үйінде өзендей», «Кісі алдыңда кірбендеп», «Бола қалдың бас асау», «Жайрандасып жас күлер құрбысымен», «Жазға жақсы киінер қыз-келіншек». «Әсетке» деген өлеңінің кейбір шумақтарының барлық тармағында аллитерация құбылысы бар: «Біреуден біреу артылса», «Өнер өлшеніп тартылса», «Бұлықсып, бұл да изеп, босқа» т.б.

Үндестік бастама көбінесе өлеңнің құлаққа жағымды әуезді болуын қамтамасыз етеді. Оның образды айшықталуы, бір объектіге (сөзге) көңіл аударту үшін қолданылуы кемде-кем.

Сонымен қатар тармақ ішіндегі аллитерация өлеңді оқуды (немесе тыңдауды, айтуды, жаттауды) жеңілдетеді, сөздердің бір-бірімен жымдасуына жәрдемдеседі, сол арқылы өлеңнің ырғақтық құрылымын түзуге әсер етеді. Өлеңнің өн бойына әр тармағының біркелкі дыбыстан басталатын сөздерден тұруы

Абайда өте аз, тек бір ғана «Оспанға» деген өлеңі бастан-аяқ бірінші сөзі **ж** дыбысынан басталатын тұлғалармен келгендігі мәлім. Ал екі-үш (кейде төрт) тармақты басқы сөздеріндегі үндестік бастама баршылық. Мысалы, «Сап, сап, көңлім, сап көңлім», «Патша Құдай, сыйындым» деп басталатын өлеңдерінің екінші шумағының алғашқы алты тармағы **с** дыбысымен келетін сөздерден басталады. Бірақ Абай бұл тәсілге көп бармаған. Мысалы, *шенді-шекпен* сөзіне үндесу үшін акын өзге мәндес етістіктерді емес, *шелтірейтін* сөзін таңдайды, бұл сөздің екінші бір ұтымдылығы – онда мысқылдау реңкі бар. Сол сияқты *елді алып*, *Есілді алып* дегеннен кейін, ассонанс үшін өзге синонимдерін емес, *өсіреді* сөзін іздеп табады.

Сөйтіп, Абайда ассонансқа қарағанда аллитерация жиі кездеседі және оның бір тармақ ішінде қолданылуы жүйелі түрде келеді. Бұл құбылыс өлең жасауға қатыстырылатын сөздердің алуан түрлерін іздеуге ұйытқы болған, сол арқылы поэзия тілін құбылтып байытуға апарған.

Фразеология

Абай тіліндегі фразеологизмді жалпыхалықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақтанған тіркестерді пайдалану – жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т.б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Белгілі бір тілдегі фразеология байлығы қай автордың тілінде де негізгі тілдік және поэтикалық құрал ретінде кәдеге асырылған. Абай да, әсіресе, өлеңдерінде халық қазынасына жататын тұрақты тіркестерді еркін қолданған. Мысалы, оның өлеңдеріндегі *қас сағыну*, *қас сағынбау*, *із жоғалту*, *көзге ұру*, *қырымға қарау*, *титығы құру*, *табанынан тозу*, *намысқа шашу*, *тілін безеу*, *басқа шауып*, *төске өрлеу*, *араны тоймау*, *малма сапсу*, *шылбыр беру*, *шаужайынан қағу*, *табанынан таусылу*, *қырқын мінсе қыр артылмау* сияқты қимыл, іс-әрекетке қатысты өте образды тұрақты тіркестер – қазақтың жалпыхалықтық тілінің ертеден келе

жатқан мүлкі. Сондай-ақ *жас өспірім, ақ көңіл, ақ пейіл, өркөкірек, жасу жүрек* тәрізді сындық мәнді фразеологизмдерді де Абай халықтық қордан алып жұмсаған. Абай заманында бірқатар фразеологизмдер әлеуметтік жаңа қарым-қатынас, жаңа құбылыстарға байланысты туған қолданыстар болатын. Мысалы, *шенді шекпен кию, басына іс түсу, ат мініп, ақша ұстау, жер аудару, жалға жүру, закон сұрау* деген тіркестер – қазақ даласына келген жаңа әлеуметтік немесе экономикалық қарым-қатынастарға қатысты пайда болған, XIX ғасырдың II жартысының туындылары. Заманға қарай өмірге келген жаңа сөздерді жиі қолданғаны сияқты, ақын мұндай тың тіркестерді де жатсынбай қабылдайды. Оның үстіне Абай тілінен *орында сайлану, түсіп қалу* (әкімшілік орыннан айырылу), *байға кірісу, міндетті болу* (халыққа не ұлыққа) тәрізді заманалық жаңа сөз орамдары табылады.

Фразеологизмдерді қолдануда ақын қазақ көркем сөзі тіліне үлкен үлес қосты, ол үлес перифрастикалық тіркестерді мол қолданудан, жаңа тіркестер жасаудан және кәнігі фразеологизмдерді тұлғалық-құрылымдық түрін өзгертіп жұмсаудан көрінеді. Фразеология саласында Абай әкелген өзгеріс, жаңалықтардың келесі түрі – оның өз қаламынан жаңа тіркестер туғызуында. Фразеологиялық тіркестер – семантикалық шоғырлар, яғни жеке сөздер білдіретін мағыналардың бір-бірімен түйісуінен туған жаңа семантикалық единица. Абай образ жасауда, айтпақ ойына экспрессивтік сипат беруде жеке сөздерді бір-бірімен тіркестірудің сарқылмас бұлақ сияқты екенін жақсы түсінген. Сондықтан қызметі мен құрылымы жағынан әр алуан жаңа фразеологизмдерді ұсынады. Олардың үлкен бір тобына семантикасы жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді тіркестіріп жасағандары жатады. Мысалы, *көңілдің жайлауы* деген жаңа фразеологизмде *көңіл* деген дерексіз ұғым *жайлау* деген нақты зат атауымен қабыспауға тиісті еді, бірақ ақын *көңіл* сияқты абстракцияны *жайлау* тәрізді әрі шалқыған кең, әрі жадыраған «дүние» деп таныту үшін бұл кереғар екі ұғымды бір-біріне жанастырып, жаңа ассоциация туғызады. *Көңілге ажым салу* деген жаңа фразеологизм де – соны образ әрі оның экспрессивтік бояуы бұрынғы *көңілі қалу, көңілі жабырқау* дегендерге қарағанда әлдеқайда қою. *Олжалау, пайдала-*

ну (біреудің еңбегін, күшін, ойын т.б.) деген сөздер тұрғанда *адам аулау, адам сауу* деген фразеологизмдерді ұсынғанда да Абай мағыналары жуыспайтын ұғым атауларын (ауланатын аң, құс, сауылатын мал) тіркестіріп, жаңа образ жасайды, соңғы тіркестердің әсері алдыңғы етістік сөздерден әлдеқайда күшті екенін Абай жақсы білген. Оның тіліндегі *бойды ұрлау* (ұрланатын қолға ұстайтын зат болу керек қой), *жүрегін ұстап сату* (сатылатын зат, бұйымдар болуы керек), *иман жүзін тоздыру* (тозатын киім, бұйымдар болуы керек еді) деген фразеологизмдер де осы қатардан табылады. Бұлар – бір жағынан, метафоралық тіркестер, яғни мағына ауыстырып айту құралы ретінде көрінеді. Бұл типтес фразеологизмдер сан жағынан да, сонылығы жағынан да көзге бірден түсіп, Абайдың қазақ фразеологиясына қосқан үлкен үлесі болып танылады. Абай қазақ тілінің фразеологиялық қазынасына орыс тілінен тікелей аудару (калька жолымен) арқылы жасалған жаңа тіркестер кесті. Әрине, бұлар сан жағынан көп емес, бірақ сол аз фактінің өзі қазақ поэзия тілінде Абайдан басталғанын көрсетеді. Мысалы, *Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең, Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең* (I, 200), *мүйіз шығу* тіркесінің дағдылы мағынасы *мерейі үстем болу*, ал Абайдағы мағынасы – «әйелі көзіне шөп салған еркектің халі», орысша «быть рогатым» дегеннің калька жолымен туған қазақшасы. Осы қатарға «Кептерше сүйініскен демалыс бар», «Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі, Саған салқын тартқандай, сен – бір кәрі» дегендердегі кептерше сүйінісу – ворковать как голубки, салқын тарту – постывать (Лермонтовтың «Пускай теперь прекрасный свет Тебе постыл – ты слеп, ты сед» деген жолдарының аудармасынан) тәрізді фразеологизмдері де жатады. Сондай-ақ *тактісіне билеу, бір сағаттан бір сағат* сияқты тіркестер де негізі өзге тілдік (плясать в такт, от часу на час) деп тұрған сияқты. Аударма немесе калька тіркестердің бірқатары Абайдың төл шығармаларында қолданылған, сондықтан бұл әдіс тек аударма үстінде, шарасыздықтан қолданылған емес, орыс тілінің көркемдік дүниесін игеру, жарату сияқты талаптан туған деуге болады.

Абай бұрынғы фразеологизмдерді өзгертіп қолданғанда, екі түрлі әдіске жүгінеді: бірі – тұрақты тіркестің құрамындағы

сөздердің бір-екеуін өзге сөздермен (көбінесе, синонимдерімен) ауыстырып қолдану. Мысалы, *ант бұзу* дегенді *ант шайқау*, *ақылы кірді-ні – ақылға ену*, *ар-ұяттан безу-ді – ардан кету*, *ауызға сөз түспеді-ні – тілге сөз түспеді* деп құбылту немесе *өтірікті жүндей сабау-ды – өтірікті судай ағызу-дың* орнына өзгертіп құру – Абай тіліне тән. Бұл тәсіл Абайда жүйеге айналған. Байырғы фразеологизмдерді өзгертуде екінші қолданған әдісі – тілде қалыптасқан тұрақты тіркестің идеясын алып, яғни мағынасын қуалап, соның ізімен жаңасын жасау. Мысалы, Абай заманына дейін де қазақ тұрмысында *көліктің майын*, *аттың майын пайдалану (сұрау, беру)* деген тіркестер болған. Осылардың идеясын (мағынасын) алып, ақын *көздің майы*, *сөздің майын аямау* деген тіркестер құрады. *Көліктің* немесе *аттың майы* дегенде, «аттың күші» деген ұғым беретін болса, *көздің майы*, *сөздің майы* дегендерде де Абай осы идеяны пайдаланады: *көздің майын ағызу* – көздің күші жасында болса, соны төгіп, «қалқаға сөз айту», *сөздің майын аямау* – сөз беретін күш-құдіретті аямай, барын айту. Пысық адамды әдетте *еті тірі кісі* дейді, осы мағынаны пайдаланып, Абай *көңілі тірі* деген тіркес жасайды. *Жақын тарту*, *іш тарту* деген кәнігі фразеологизмдерді *тарту* сөзінің мағынасына иек артып, *қайратсыз тарту*, *ыстық тарту*, *салбыраңқытарту* деген жаңа тіркестер ұсынады. *Пайдасы тию*, *зияны тию* дегендердің үлгісімен *панасы тию*, *еңбегін жалдау*, *күшін жалдау* дегендердің үлгісімен *жан жалдау* сияқты соны тіркестерді дүниеге келтіреді. Абай тілінде осылар сияқты ондаған жаңа фразеологизм, бір жағынан, тың образдар жасап, поэтикалық құралдарға айналып жатса, екінші жағынан, қазақ әдеби тілінің, оның ішінде өлең тілінің фразеологиялық құрамын байытып, жаңа түрлерін қосты.

Әдеб.: Жұмалиев Қ. Қазақтың өлең құрылысы, тілі жөніндегі Абайдың жаңалықтары // Майдан. - 1944. - № 1; Машабаева З. Абай шығармаларындағы фразеологиялық ерскшеліктер // ҚазССР ҒА Хабарлары. - Тіл-әдебиет сериясы. - 1974. - №2; Сыздықова Р. Абай және поэзия тілі // Қаз ССР ҒА Хабарлары. - 1985. - № 4.

МАЗМҰНЫ

Абай шығармаларының тілі	3
Алғы сөз	4

I ТАРАУ

Абай – қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы

Абай өмір сүрген дәуір мен орта (<i>кіріспе ретінде</i>)	11
Абай және қазақ әдеби тілі	22
Абай және «кітаби тіл»	30
Абай – жаңа жазба әдеби тілдің негізін салушы	47

II ТАРАУ

Абай шығармалары тілінің лексикасы

Зерттеу объектіміз туралы (<i>кішкене кіріспе</i>)	69
Абай шығармалары сөздігінің тілдік қабаттары	72
Араб-парсы сөздері	73
Орыс сөздері (<i>русизмдер</i>)	108
Қазақтың төл сөздері	128
Абай шығармалары тіліндегі көне сөздер (<i>архаизмдер мен историзмдер</i>)	129
Абай шығармалары тіліндегі жаңа сөздер (<i>неологизмдер</i>)	146
Абай лексикасындағы сөздердің тематикалық сериялары	169
Қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік системасына қатысты сөздер	170
Сот-заң істеріне қатысты сөздер	191
Экономикалық қарым-қатынасқа қатысты сөздер	208
Сауда-саттыққа қатысты сөздер	211

III ТАРАУ

Абай шығармалары тілінің грамматикалық сипаты

Сөз жасау тәсілдері	230
Кейбір морфологиялық тұлғалардың қызметі	244
Шартты рай тұлғасының керек сөзімен тіркесі	267

Ортақ етіс тұлғасының көптік категорияны білдіруі	269
Кейбір морфологиялық тұлғалардың сыртқы формасы жағынан варианттылығы	271
Кейбір етістіктердің сөздерді меңгеруіндегі ерекшеліктері	281
Кітаби тілдік (шағатайша) морфологиялық тәсілдер	283
Абай прозасының синтаксистік құрылысы	290
Абай прозасында төл сөздің қолданылуы	312
Соңғы сөз	317
Қысқартылып көрсетілген әдебиет	328
«Абай» энциклопедиясында жарияланған ғылыми-теориялық мақалалар	329
Абай тілінің зерттелуі	330
Ауызша әдеби тіл	334
Ауыстыру	339
Дулат Бабатайұлы	342
Жаңа сөздер (<i>неологизмдер</i>)	349
Қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастыру	353
Қарсы мәндес сөздер (<i>антонимдер</i>)	357
Лексика	358
Поэзия тілі, поэтика	364
Ұйқас	373
Үндестік бастама, дыбыстық қайталаулар (<i>аллитерация мен ассонанс</i>)	377
Фразеология	378

Рәбиға СЫЗДЫҚОВА

Көптомдық шығармалар жинағы

Бірінші том

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ
Лексикасы мен грамматикасы

**«АБАЙ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР**

Редакторы: *Сәрсен Құлманов*
Техникалық редакторы: *Ниязбай Оразымбет*
Корректоры: *Арайлым Шормақова*
Компьютерде беттеген: *Жәмила Айдос*

ИБ № 157

Теруге 22.10.2014 ж. берілді. Басуға 10.11.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі «Times New Roman».

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 20.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

ISBN 978-601-7317-89-8



«Ел-шежіре» қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры.

050009. Алматы қаласы.

Абай даңғ. 143, 413 бөлме

«Полиграфкомбинат» ЖШС

Алматы қ., Мақатаев көшесі, 41